



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілі – қазақ руханиятының айнасы. Оның қасиетті қазынасында қазақ халқының сонау алыс тарихынан ақпараттар беретін көптеген элементтер сақталған. Тілдік қордың мазмұнында сақталған сол ақпараттарға лингвистикалық тұрғыдан зер салар болсақ, халқымыздың алғашқы сөз қолданыстарынан бастап, бүгінге дейін қалыптасып, дамып жетілген тілдік білімі, дүниетанымы, өркениет әлеміндегі орны көрініс береді. Тіл табиғатындағы ғажайып сырларды терең түсіну бүгінгі ұрпақтың қолы жеткен үлкен мүмкіндіктердің бірі. Тілтану әлеміндегі мұндай біліктілікке, әрине, біз алдыңғы аға буын ғалымдарымыздың тынымсыз жүргізген зерттеулері мен ізденістерінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Тілдің сырларын тану, уақыт талаптарына қызмет ету мүмкіндіктерін зерделеу тек тарихи тұрғыдан қарастырумен шектелмейді, яғни этимологиялық зерттеулерге ғана тәуелді емес, бүгінгі қоғамдық қатынастарды қамтамасыз ету жағдайында да тілдің даму үдерістерін үнемі бақылап, оған тиісті бағасын беріп отыруды міндеттейді. Бұл орайда да алдыңғы толқын ағалардың қалыптастырып кеткен әдістемелік тәсілдеріне жүгінеміз. Олардың әр сөзіндегі астарлы мағына мен қолданыс орайына, ой иірімдеріне назар аударамыз.

Сабақтастық, яғни алдыңғының негізінде жаңа құндылықтарға иек арту – өмір заңдылығы. Әсіресе руханият әлемінде тарихи негізден қол үзу немесе алшақтап қалу – қауіпті, сондықтан жаңа заманға сай жаңару дегенде мүлде тың жерден бастау емес, жаңғыруға күш салу – негізгі міндет болып табылады. Бүгінге дейінгі қазақ тіл білімі осы сабақтастықтың сақталуына зор күш жұмсады, нәтижесінде қоғам өмірі дамудың күрделі сатыларын басынан кешіріп жатса да рухани өзегіміздің тамыры бүлкілінен жаңылған жоқ және осылай деп айтуға толық құқығымыз бар. Бұл орайда да тіл біліміне еңбек сіңірген алдыңғы толқын өкілдерінің ұшан-теңіз еңбегіне соқпай өте алмаймыз. Бұл қатарда М.Серғалиевтің де өзіндік үлесі зор. Артында қалған зерттеу еңбектеріне талдаулар жасағанда осыған көз жеткіземіз. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов секілді сөз зергерлері бастаған алыптардың көркем шығармаларының стильдік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, қазақы сөз саптаудың қарапайымдылығы мен ұлылығын қатар қойып зерделеді. Бірінен екіншісі туындап жататын, өзара сабақтас немесе бірінің екіншісі баламасы болып табылатын тіл табиғатындағы осы бір философиялық түйіннің филологиялық сипаттамасын жасап, түсінігін жасады. Ұлылардың сөз қолданысындағы ерекшеліктерге назар аударды, кешегі ұлттық стильдің қырсырына үнілді және оны бүгінгі тілтанушылар мен көсемсөзшілерге үлгі ретінде ұсынды. М.Серғалиевтің еңбектеріне зер салғанда оның өзіндік ерекшелігімен қатар, осы тілдік өзек, тарихи сабақтастық мәселелеріне тілдік-стильдік тұрғыдан жасаған қадамын өзіндік идея ретінде бағалаған абзал.

М.Серғалиевтің ұстаз ұлағаты, олардан алған тәлім жөніндегі ойларын да дәстүр сабақтастығына жатқызуға болады. М.Әуезовтің адамдық келбеті, адамгершілік қасиеттері, қаламгерлік шеберлігі, ұстаздық қабілеті туралы

толғаныстары бүгінгі ұрпақ тәрбиесі мен тәлімі үшін аса маңызды. Әуезовтің ғалымдығын әр қырынан қарастырады, көркем шығарма жазу барысында да оқиганың өмір шындығымен сәйкестігін сақтап отыруына ғылыми ойлау мүмкіндігінің көп септігі тиді дегенге меңзейді. Сонымен қатар қазақ руханиятында өзіндік орны айқын М.Ғабдуллин, Т.Тәжібаев, Ө.Сұлтанғазин, З.Ахметов, С.Қожамқұлов, Н.Тілендиев т.б. тұлғаларға аға буын өкілі ретінде құрметпен қарады. Олардың қазақ руханиятына сіңірген еңбектеріне орынды бағасын береді. Жақсының бағасын білу, еңбектерін руханият қажетіне ұсыну М.Серғалиевтің ғалымдығы мен парасат биігін айғақтайды. Өмірден көргені мен түйгенін жинақтап, өмірінің соңғы жылдары «Өнеге» атты тамаша кітапты жазып, жариялады. Өмір тәжірбесінен жиған-тергенін өз атынан емес, қазақ зиялылары өмірінің жарқын беттерінен естеліктер айту арқылы жеткізді, олардың даналығы мен даралығын айғақтайтын өнегелі сәттер мен шақтарға саяхат жасай отырып, тамаша үлгісін тауып ұсынды. Бұндай шеберлік оқырманға М.Серғалиевтің ішкі мәдениетінен, ой айта алу қабілетінен хабар берсе керек.

М.Серғалиевтің өмірінде қадір тұтқан адамдарының бірі – ұстазы М.Балақаев еді. Үнемі оның ғылымдағы орны мен өмірдегі түрлі қасиеттері туралы айтып отыратын. Оның адамгершілігі мен қамқорлығын көп көргеніне жиі тоқталатын, сонысымен оның алдында өзінің қарыздар екенін сездіретін. Академиктің өз ұстазына деген құметі мен қарыздар сезімі шәкірттеріне деген көзқарастарынан да көрінетін, өзі де шәкірттеріне қамқорлықпен қарады. Айналасына еліміздің әр аймағынан шәкірттер жинады, сол өңірлердің жас мамандармен қамтамасыз етілуіне айтарлықтай үлес қосты. Оның ішінде әсіресе қазақ тілі күрделі жағдайда қалып отырған солтүстік өңірлерге баса назар аударды. Қолынан келгенше жұмыстарын жеңілдетуге, қолдау көрсетуге тырысты. Нәтижесінде Серғалиевтің ғылыми мектебі қалыптасты. «Ұлтқа қызмет студия» жарқын үлгісі ретінде бағалауға болатын бұл еңбегі өзінің өміршендігімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда тіл білімінің түрлі салаларында еңбектеніп жүрген шәкірттері ғалымның аманатын арқалап бара жатқандай. Серғалиев мектебі өкілдерінің ғылымдағы ізденістері тереңдеген сайын ғалымның ғылыми кеңістігінің көкжиегі де кеңейе бермек.

*Бекжан Әбдуәлиұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының докторы.*

1-секция ҒАЛЫМ ТҰЛҒАСЫ

АКАДЕМИК МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*ЖАҚЫПОВ Ж.А.,
филология ғылымдарының докторы.,
профессор.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.
Қазақстан, Астана қ.*

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі тілтанушы, әдебиеттанушы, сыншы, публицист, ҚР Жазушылар одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (академик болғанда да, тілтанудан орталық, солтүстік Қазақстан, Арқадағы жалғыз академик), Қазақстан ғылымы мен техникасына аса көрнекті үлес қосқаны үшін берілетін мемлекеттік стипендияның иегері, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының құрметті азаматы, еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының құрметті профессоры Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтің еңбегін тәптіштеп түсіндіру оңай жұмыс емес. Қаламы мен ойы жүйрік санаткердің 50 жылдай жазған үлкенді-кішілі 600-ден астам еңбегі, оның ішінде 10 монографиясы, 6 оқулығы көтерген жүктің салмағы ауыр. Серғалиевтің өзі бір мектеп, бір институт болды.

Мырзатай Серғалиұлы 1938 жылғы наурыздың 17-сінде Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы, «Жаңажол» елді мекенінде дүниеге келді. Үш жасында әкесі қан майданға аттанып (1941), анасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. Ол 1945 жылы туған ауыл мектебінің 1-сыныбына барып, 1955 жылы Қараоба орта мектебін тәмамдады.

Мұнан кейінгі ғұмыры, яғни ХХ ғасырдың соңғы жартысы, ҚазМУ-мен байланысты болды. Сол университеттің филология факультетін үздік бітірген жас маман ұстаздық жолын әуелді философия кафедрасында логика, эстетика, этика пәндерінен сабақ беруден бастады. Бұл тәжірибе ізсіз қалған жоқ, әдебиет сыны, тіл білімінің стилистика, тіл мәдениеті, көркем әдебиет тілі, синтаксис салаларында соны да сүбелі беруге, тілдің эстетикалық, этикалық қызметтерін парықтауға, тіл мен ойлауды сабақтастыруға ықпалын тигізді.

Тілдің стилистикасы пәнін ғалым түбегейлей зерттеді. Көптеген мақала жариялады, ұзақ жыл дәріс оқыды, бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Осындай бай тәжірибенің нәтижесінде 1966 жылдан бері өзгеріссіз келген жалғыз оқулыққа (М. Балақаев, т.б. Қазақ тілінің стилистикасы) балама ретінде жаңа жосықтағы байыпты оқулық ұсынды (Стилистика негіздері, Астана, 2006) [1]. Оқулықта стилистиканың теориялық негіздері, айырымдары, тілдің бейнелеуіштік қызметі бекітілді. Сөз жоқ, бұл оқулық ендігі жерде қазақ тілін оқытындар, оқытатындар үшін аса қажет кітапқа айналады.

М. Серғалиұлының зерттеуші ретіндегі бір ерекшелігі – тілтану мен әдебиеттануға телдігі. Осы сонылығы үшін оны көркем сөз өкілдері де бағалайды. Кезінде көркем әдебиеттің Т. Әлімқұлов, С. Әшімбаев секілді дара дарындары оның пікірлерімен санасып отырғанын баспасөзден көруге болады. Ғалымның әдебиет үдерісіне белсене қатысқанын байқауға болады. Теледидардан әдебиет бойынша авторлық бағдарлама жүргізгенін де білеміз. Әдебиеттануда көркем шығармадағы кейіпкер тілі дейтін мәселеде М. Серғалиев есімін айналып өте алмайды.

Совет кезеңінде сыншы Серғалиевтің пікірлерінде совет сыншыларының лектік пікірінен өзгеше бір үрдіс болды: ол – көркем шығарманы идеология құралы деп емес, А. Байтұрсынұлы жолымен сөз өнері деп тану. Сынға қатысты 4 кітабынан («Кең өріс», «Сөз сарасы», «Ой өрнегі», «Көркем әдебиет тілі») тілдің рухани-эстетикалық қызметі жөнінде тамаша айғақтар табылады [2].

М. Серғалиев қазақ лингвистикасында тұңғыш рет М.Әуезовтің әңгімелері мен повестерін жан-жақты ғылыми-стилистикалық талдауға алған («Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі», 1998). Сондай-ақ Ғ.Мүсреповтің шешендік өнері де алғаш рет әңгіме арқауы болады («Ғ.Мүсрепов және тіл мәдениеті», 2003). [3]

«Уақыт және қаламгер» (1975, 1978, 1982), «Сөзстан» (1980, 1982) ұжымдық жинақтарда қазіргі әдеби процестің елеулі мәселелеріне қатысты ой түйеді, белгілі қаламгерлердің шығармашылық портреттері, тақырып, кейіпкерлерді бейнелеу жайлы түйсік-түсініктерін білдіреді.

Әдебиетке сөз өнері тұрғысынан қарау Мырзағанның көркем шығармашылығының да арқауы болды. Прозаның шағын жанрларында жазған туындыларында сөзді ұтымды жұмсауынан, детальді ойнатуынан да осы тұрғыны көреміз. Шығармашыл адам қашан да өзгенің өнегесін өз бойына сіңіріп, дамытып өз өнегесін ұсынады. Асылы, ұлағат дегеннің өзі осы болар. М. Серғалиұлының біртуар азаматтардың бейнесін бірер деталь арқылы ғана бейнелеп беретін, көркем тілмен жазылған «Өнеге» атты эсселер жинағын оқыған адам осындай ойға тоқтайтыны сөзсіз.

Көркем шығармашылықтың және қос тілдің иесі ретінде ол – аудармаға да қалам қарымын жұмсай білді (орыс тілінде жазған, сөйлеген сөздерін бөлек тақырып етуге болады). В. Лацис, В. Кожевников, Я. Камал т.б. көрнекті жазушылардың шығармаларын қазақша сөйлетті. Тіпті, «Біржан-Сара», «Рихард Зорге» операларының орыс тіліндегі либреттосын қазақ тіліне аударғанын біреу білсе, білмейді.

Ұлттық тіл, ұлттық тәрбие, ұлттық идеология, ұлттық мәдениет пен руханият сияқты мәселелер ол кісіні әрқашан толғантып отырды. Қазаққа қатысты қай мәселе шетін болса, соған ісімен, сөзімен де, жазуымен де үлесін қосып, орынды ойлар, ұтымды ұсыныстар, ілкімді істер жасап отырғанын көрдік. Осыған орай еңбектерін түгендемей, білгенімізді жай ғана санамалап көрейікші:

- ширек ғасырдан бері екі ұлттық университеттің кафедрасын басқарды;
- ҚазМУ-да 10 жылдай факультет басқарды;
- екі ұлттық университеттерде құрылған диссертациялық кеңестерді 20 жылдай басқарды;
- «Қазақстан мектебі» журналының, «Ана тілі» газетінің т.б. басылымдардың алқа мүшесі болды;
- «Қазақ тілі» қоғамына ат салысты;
- ҚР Лингвистикалық комиссиясының мүшесі ретінде ҚР Президенттігіне үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтады (1998, 2005 жылдары);
- ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының, Астанадағы ономастикалық комиссияның мүшесі болды;
- әдеби-мәдени үдерістерге қатысты: жиындарда баяндама жасады, пікірлер айтты;
- энциклопедияларды түзуге белсенді араласты;
- Академиялық грамматика (2002) және басқадай ірі ғылыми еңбектердің авторларының қатарында болды, сарагерлік көмек көрсетті.
- көсемсөзінің өзі қомақты екі томға жүк болатын сияқты.

Тізе берсек, әлі көп сияқты.

ЖОО оқытушысының алдында, әлбетте, өзіндігі қалыптасып қалған жастар болады. Соған орай жоғары мектептерде оқытушыны, негізінен, сабақ беруші деп қарайтынымыз, тәрбие

ісіне сабақтан қалған уақытты ғана бөлетініміз рас. Академик Серғалиевтің эсселеріндегі пайымдаулардан, студенттермен қарым-қатынасынан тәрбие, ұлағат, өнеге сияқты ұстындарға айрықша маңыз беріп өткенін байқаймыз. Оның еңбектерінің библиографиясынан 80-нен астам еңбекті осы мәселеге арнағанын көруге болады. Демек, ұрпақ тәрбиесі дейтін парызын толымды өтеп кетті дей аламыз.

Ғалым туған тілге деген құрмет сол тілдің мәдениетін сақтаудан көрінетінін жанды да нақты айғақтармен дәлелдеп отырды. Күнделікті сөйлеуде, мерзімді баспасөзде, теледидар мен радиохабарларда ана тілімізге салақ қараудан болатын қараулықтарға тілтанушы жайбарақат қарап отыра алмады. Өзіне тән мәдениеттілікпен дабыл көтеріп жүрді. Ғұмырының соңына дейін ортологиямен үздіксіз айналысты.

Ұстаз ғалым көп жыл бойы тіл мәдениетінен дәріс оқыды, сол саладан көптеген ғылыми мамандар даярлады, тіл мәдениетінің санаттарын саралап зерттеді. Ұстаз алдындағы парызды бәрінен биік қойғандықтан ол М. Балақаевқа қосалқы автор ретінде оның кітабын толықтырып, өзгертіп «Қазақ тілінің мәдениеті» (1995) оқулығын ұсынды. Мұнда тіл мәдениетін ғалым сөзді дұрыс қолдану ғана емес, адами, рухани мәдениеттің тірегі, қоғамдық қарым-қатынастың сапасы ретінде көрсете білді.

Халыққа қажетті игілікті істердің бірі – сөздік түзу. Білген адамға сөздік деген сөздердің тізбесі емес, ұлттық қазына. Осы қазынаға М. Серғалиевтің қосқаны қомақты. Оның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (1996), «Орысша-қазақша сөздігі» (1993, 1995, 2001), «Орысша-қазақша, қазақша-орысша» сөздіктерінің (2004) тіларалық түйткілдерді тарқатуға жәрдемі тиері сөзсіз.

Қазақ тілі синтаксисінің ХХ ғасырдың соңғы ширегінен осы күнге дейінгі зерттелу жайын Мырзатай Серғалиев есімінсіз елестету қиын. Ғалым етістікті сөз тіркесінің мәндестігі мәселесінен 1967 жылы кандидаттық диссертация, синтаксистік синонимдер мәселесінен докторлық диссертация қорғаған. Осының негізінде 1981 жылы «Синтаксистік синонимдер» атты монографиясы жарық көрді. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде грамматикалық синонимия теориясының негізі қаланған еді. Мамандар грамматиканың функционалдық-семантикалық заңдылықтарын зерттеуді осы ғасырдың еншісіндегі жаңа үрдіске жатқызып жүр. Ал, М. Серғалиев енді ғана қағидаға айналып келе жатқан бұл үрдісті ширек ғасыр бұрын бастап, креативті ойдың үлгісін нұсқап, алғашқы соқпақты салып үлгерген еді. (*ФСӨ туралы түсіндіре кету*) Синтаксистік синонимдердің түзілістерін саралай келе зерттеуші сөз тіркестерінің әр түрінің, сөйлемдердің әр түрінің бір-бірімен мән-мағыналас бола алатынын тілдік мол айғақтармен дәлелдеп берді [4].

Енді М.С. Серғалиев еңбектерінен талдауға тілдік айғақтар ұсынамыз.

ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ СИНОНИМИЯСЫ

1. Сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері:

Мен әжемді ең бақытты адамдардың бірі санаймын. Мен өзімді бұл жолдаспен ... сырын түйген адамдардың біріне санаймын. Патшалық Россияның шет аймақтарынан саналып келген Орал қаласы ...

2. Құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері:

Мейрам әлдекімге ... телефон арқылы әмір етті. ... маған телефонмен хабарламақ болды. Сол жылдары ... әндерін радиодан ... беруші еді.

3. Бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері:

Абай ағамнан айырылысу... Абай ағаммен айырылысу

4. Бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері:

Үй ішімен амандасу Үй ішіне амандасу

5. Қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері:

Жүрегіне оқ боп тиген... Жүрегінен тиген оқтай

6. Тура нысанды білдіретін сөз тіркестері:

Жаттың атына мінген – жаяу қалады. *Атты күнде мінсең* – тулақ, аптада мінсең – қунақ.

Кеңістіктік, амалдық, себеп-салдарлық, мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерін де осылайша дәлелдейді.

ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Дәстүрлі синтаксисте есімді сөз тіркестерін анықтауыштық қатынас деп тұтастай қарайды. М.С. Серғалиев мұны функционалдық мағыналарға жіктейді.

Арнау мағынасы: *ет үй, етке тіккен үй, жыршыларға бөлінген үй*

Меншік мағынасы мен арнау мағынасының астасуы: *автобус аялдамасы, керосин шам, электр шам*

Заттың белгісін, қасиетін білдіретін тіркестер: *бойы сорайған адам, ұзын бойлы жігіт*

Кеңістік қатынаста: *қырдағы ел, қыр елі*

Мезгілдік қатынаста: *жазғы ауыл, күзгі дауыл*

СӨЙЛЕМДЕР СИНОНИМИЯСЫ

1. Шарт мәнділік құрмаласта ғана екен. Сабақтастың өз ішінде және салалас пен сабақтас арасында

2. Қарсы мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында: *Танығанмен амандаспадым. Ол танығанмен, мен амандаспадым*

3. Ыңғайлас мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында *Ол келді де, мен кеттім. Жұмажанды шақырып алдым да танкіні құртуға бұйрық бердім.*

4. Мезгіл мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында *Ол келгенше, біз ұйықтамадық. Ұйқым келгенше отырдым.*

5. Түсіндірме мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында:

Жақсы ойланған қулық көзге көрінбейтін жылан секілді: жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығады, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жатады.

Жақсы ойланған қулық жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығатын, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жататын жылан секілді.

6. Себеп-салдар мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында:

Шынында, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезінде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды.

Шынында, енді ойлап қарады. Інісінің айтқаны рас. Көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды.

7. Салыстырмалы мәнділік құрмаластар ішінде болады

8. Мақсат мәнділік құрмаластар ішінде болады. Дәстүрлі синтаксисте бұл сабақтас құрмаласта ғана қаралады.

Сабақтас: *Күні бойы жортқан аттар аз ғана тыныс алсын деп, жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті.*

Салалас: *Күні бойы жортқан аттар аз ғана тыныс алғаны дұрыс, сол үшін жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті* [5].

Ғалым қазақ синтаксисінің басқа да деңгейлерін жүйелі зерттеді. Синтаксистік байланыс заңдылықтары, сөз тіркесі, сөйлем бойындағы құбылыстар төңірегіндегі көкейтесті сауалдарға жауап іздеп тапты. Ғалымның қазіргі қазақ тіліндегі салаласа байланысқан сөз тіркестері, сөйлемнің күрделі мүшелері, үйірлі мүшелер, еркін сөз тіркесі мен сөйлемнің арақатынасы, сондай-ақ еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркесінің арақатынасы мәселелеріне байланысты өзіндік пікірлері де авторлар ұжымының «Қазақ грамматикасы» (2002) және өз авторлығымен

жарық көрген кітаптары «Синтаксистік зерттеулер» (2004); «Синтаксистік зерттеулер» (Павлодар, 2006); «Синтаксис мәселелері» (2006) т.б. беделді басылымдардан орын алған [6].

М. Серғалиевтің тыңға түрен салып синтаксис санатына кіргізген тағы бір бірлігі – құрмалас сөйлемнен де үлкен бірлік, күрделі синтаксистік тұтастық. Ол бұған арнап алғашқы болып оқу құралын (КСТ, 1989) шығарды, кейін 2002 жылғы АГ-дағы осы тараудың авторы М. Серғалиев болды.

Академик М. Серғалиевтің санаткер ғалымдығымен қатар сарабал әдіскерлігі де ел ұстаздарына, оқушыларына белгілі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті бір саласы оқулық түзуге оның қосқан үлесі аз емес. ЖОО-ға аранлаған атаулы алты оқулығын айтпағанда, оқуға түсетін талапкерлерге арналған «Қазақ тілісі» үш рет қайта басылды (1979, 1992, 1994), ол әлі де мектеп түлектерінің қажетін өтеп келеді. Кезінде қазақ тілі пәнінен жарияланған сапалы деген оқулықтардың көбі Серғалиев сүзгісінен өткен.

Алып жүрек 2011 жылдың 23 шілдесінде тоқтады, ақылман аға 73 жасында дүниеден озды. Қазақ тілі мәңгілік елдің мәңгілік тілі болатынына сенсек, Мырзатай Серғалиев есімі де ұмытылмайтынына сенемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері. – Астана, 2006.
2. Серғалиев М.С. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995.
3. Серғалиев М.С. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998; Ғ. Мүсірепов және тіл мәдениеті. Астана. «Күлтегін», 2003.
4. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
6. Серғалиев М.С. Синтаксистік зерттеулер. – Астана, 2004.

АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ СТИЛІНДЕГІ ДАРАЛЫҚ

*ӘЛІСЖАН С.Қ,
Назарбаев Университеті, филология
ғылымдарының докторы,
Қазақстан, Астана қ.*

Академик М.Серғалиевтің ғылыми шығармашылығының ауқымы өте кең болғандығы бәрімізге белгілі [1]. Ғалым негізгі айналысатын таза тілдік зерттеулердің аясынан шығып, әдебиеттану саласында, әсіресе сыни еңбектерін дүркін-дүркін жариялап отырды. Эссе үлгісінде жазылған шағын әңгімелері, естеліктері өзінше бір төбе [2].

Тіл білімінің түрлі саласы, әдебиеттану мәселелері, көсемсөз қырлары, тіл мәдениеті т.т. көптеген саладағы еңбектері ғалымның ғылыми ізденісін құрайды. Осындай мол мұраның ден ортасында – көркем әдебиет тілі тұрды. Көркем әдебиет тілі М.Серғалиевтің ең бір ұзақ, әрі тынымсыз зерттеген саласы, классиктерден бастап қазіргі жазушылардың шығармаларына дейін зерттеуші назарынан тыс қалмады. Атап айтқанда, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Т.Әлімқұлов, С.Шаймерденов т.б. сөз майталмандарының еңбектері дәстүрлі әдіспен тілдік тұрғыдан сараланды [3]. Кейіннен бұл игілікті іс академиктің ғылымдағы шәкірттері тарапынан жалғасын тапты [1, 57-58 бб].

Осы орайда шығарма тілі туралы осыншама мол мұра қалдырған академиктің өз еңбектерінің тілі қалай өрбіді деген заңды сауал туындайды. Әртүрлі мазмұндағы мәтіндердің тілін зерттеген ғалымның мәтін түзудегі өзіндік ой-көзқарасы болғандығы анық. Көп жыл бірге

істеген әріптес ретінде аға ғалымның сөз таңдау жайындағы талай сұхбаттарына куә болғанбыз. Академик еңбектеріне қазіргі кезде де үңіле отырып, авторға тән өзіндік сөз саптауларды, тілдік ерекшеліктерді байқау қиын емес.

Міне, осындай ерекшеліктер қаншалықты ғылыми талдаудың назарына ілікті? Соңғы уақытта кең өріс алып отырған мәтін түзу ілімі тұрғысынан автор еңбектері несімен құнды? М.Серғалиев стиліндегі даралық қандай? Ұзақ жылғы автор тәжірибесінен қандай үлгі, сабақ алуға болады?

Әрине, бұл сұрақтарға жауап беру арнайы ізденісті қажет ететіндігі сөзсіз. Біз бұл мақалада акад. М.Серғалиұлының сөз жұмсау, сөз саптау ерекшелігіндегі кейбір байқауымызды баяндаймыз.

Қазіргі тіл білімінде тілдік тұлға мәселесі жиі көтеріледі. Әсіресе сөз зергерлерінің тілдік тұлғасына деген ғылыми қызығушылық тіл білімінде әр деңгейде қарастырылады. Академик М.Серғалиевтің тілдік тұлғасы болашақ тілтанушылар үшін тың сала екендігі сөзсіз.

М.Серғалиевтің тұлғалық болмысы оның ғылыми публицистикасының ең бастау алар тұсы деп бағалауға болады. Ғалымның шығармашылық өмір жолы, жеке басының қасиеттері жазғандарына да ықпал етті.

Терең мәдениет иесі екендігі, езу тартқызар әзілді жақсы көретін жайдарылығы ғалымның жазған мәтіндерінде де айқын көрінеді. Мәтіннің түзілуіне, оның мағыналық бөліктеріндегі байланысына, логикалық ұйымдасуына, оқырманды қызықтырып отыруына осындай жайттар ықпал етіп отырады.

Тілдік тұлға ұғымын тіл ғылымына енгізіп, қалыптастырған зерттеушілер оны айқындайтын өлшемдерге негізінен мыналарды жатқызады: тілдік тұлғаның күші – сөз, ойы – қоғамдық ісі, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүю сезімі [4].

Бізге академик М.Серғалиевтің осы талаптарға толық сай екендігін ғылыми өмір жолынан жақсы белгілі.

М.Серғалиевтің ғылыми публицистикалық мәтіндері аталған өлшемдерді құраушы құрамдас бөліктің бірі ғана. Ендеше академиктің әлі талай тілдік-әдеби зерттеулерге жүк боларлық толағай шығармашылығы өз зерттеушілерін күтіп тұрғандығы сөзсіз.

Біздің бүгінгі әңгімеміз академик М.Серғалиевтің әр жылдары жазылған ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, автор мәтініндегі түрлі мазмұндағы ерекшеліктерді талдау және сол арқылы автордың мәтін құрудағы өзіндік болмысын анықтау төңірегінде болмақ.

М.Серғалиев еңбектеріне шолу жасағанда ең алдымен көзге түсетіні ғылыми публицистиканың басымдық танытатыны.

Әдетте көп жылдар, әсіресе, бұрынғы кеңестік тұста ғылым тілі мен публицистика бір-біріне кереғар ұғымдарға жатқызылып келді. Ғылым тілі дегенде қатаң, белгілі бір логикалық қалыпқа енген, нақты, тіпті «сүреңсіз», «кұрғақ» болып келетін тілді түсінсек, публицистика еркін, белгілі бір дәрежеде көркемдік тән тіл ретінде қабылданды.

М.Серғалиев еңбектері осындай шек қоюдың іргесін бұзған, ғылымды бұқараландыру дәстүрін жалғастырған мәтіндер болды. Сөйтіп, ғылыми публицистика ұғымының функционалдық стилистикаға дендеп енуіне мүмкіндік берді.

Стилистикада ғылыми және публицистикалық стильдер дербес стиль ретінде өмір сүретіндігі белгілі. Ғылыми публицистика осы екеуінің ара жігінің түйісуінен пайда болады. Бұлардың тоғысуы мына қажеттіліктен туындайды. Ғылым мен баспасөздің бір-бірімен үнемі байланыста дамуы, ғылымның дамуын, ғылыми қызметті, танымды неғұрлым түсінікті жеткізу, ғылымды насихаттаудың публицистикалық формаларын күшейту т.б.

Ғылыми-көпшілік стиль мазмұнына қарай ғылыми публицистикаға жақын, алайда екеуін бір деп қарауға тағы болмайды. Ғылыми-көпшілік әдебиет жалпы бұқараға арналса, ғылыми

публицистика элементтері маман+маман қатынасында да қызмет ете береді. Сонымен бірге аталған ұғымдарды нақтылау міндеті алдымызда тұр, бұл алдағы уақыттың еншісінде.

Ғылыми публицистикалық мәтіндердің пайда болуы қазақ тілі үшін таңсық емес. Қазақ тіліндегі алғаш жазылған оқулықтардан, оқу құралдарынан ғылыми публицистика бастау алады. Алаш кезеңінде, одан бертінгі кеңестік тұста да әсіресе, қоғамдық ғылым салаларында жарық көрген ғылыми еңбектер жалпы негізгі мазмұнды сақтай отырып, тілдік баяндауда өзге тілдік элементтерге жол береді.

Ғылыми мәтіндердегі өзге тілдік кірігулерді кемшілік деп түсінетін пікірлер де жоқ емес, бұл да рас. Біз бұл жерде қазақ тіл мәдениетіндегі уәжді және уәжсіз ауытқулар барын (Н.Уәлиұлы) еске аламыз.

Белгілі бір нормадан ауытқудың бәрі бірдей теріс әрекет бола бермейді. Белгілі бір коммуникативтік мақсатқа, діттемеге байланысты жөн біле отырып ауытқу прагматикалық мақсатқа тән уәжді ауытқуға жатады да, коммуникативтік әсер-ықпалы ерекше болады [5, 24-б.].

Біздің жағдайымызда ғылыми мазмұндағы мәтіндерге бөгде қолданыстарды артықшылық ретінде қарастырамыз, себебі ол стилистикалық шеберлікпен кірістіріле отырып, тұтас мәтіннің жымдасып коммуникативтік мақсатқа сай түзілуіне еш нұқсан келтірмейді. Керісінше авторлық шеберлік мәтіннің логикалық мазмұнын арттыра түсуіне себін тигізеді.

Академик М.Серғалиевтің еңбектерінде ғылыми публицистика көрінісі қалай сипатталады, енді осыны нақты мысалдарға негіздей отырып баяндасақ.

Ғылыми публицистика элементтері автор мәтіндерінде мынадай сипатта орын алған: лирикалық шегініс арқылы, мақал-мәтелдерді қолдану, модалдылық, жалпы ғылыми стильге тән емес тілдік бірліктерді пайдалану арқылы.

М.Серғалиевтің өзінің қадірлі ұстазы М.Балақаевтың ғылыми өмір жолына, ғылыми шығармашылығына арналған екі бөлімнен тұратын мақаласы бар. Жалпы мазмұны мен құрылымы жағынан ғылыми бола тұра, бұл мақала тілі публицистикалық мәтінге неғұрлым жақындаған. Оның негізгі себебі – ғалым еңбектерін насихаттауға орай туындайды.

Автор М.Балақаевтың ғылыми еңбектерін сөз ете отырып, мәтінде лирикалық шегініс жасау арқылы ғылыми мәтіннің публицистикалық бояуын қалыңдата түседі. Лирикалық шегініс екі ыңғайда көрініс табады:

1) бірден естелікке көшу арқылы. Мысалы: «Әдеттегідей 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетін бітірушілерді қызметке бөлу жөніндегі комиссия жұмысқа кірісіп кеткен... Өз фамилиясының тізімдегі орны кейінірек екенін білетін қоңқақ мұрынды, көзілдірік киген жас жігіт сыртқа бет алды...»¹ (М.Балақаев – шәкірті көп ғалым (1 мақала) //Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2013. – 244 бет, 103-б.);

2) Естелікті алдын ала ескертіп алатын сөйлемді енгізу арқылы: «Мынадай бір жай еске түседі...» (М.Балақаев – шәкірті көп ғалым (1 мақала) //Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2013. – 244 бет, 107-б.);

Мұндай лирикалық шегіністер мәнмәтіннің негізгі мазмұнын ашуға біте қайнасып, мәтіннің баяндалуына көркемдік нәр беріп тұрады. Оқырманның мәтінді оқуға қызығушылығын тудырады, әрі қарай жетелеп отырады.

Келтірілген мысалда автордың өзін көрсету жолдары да ғылыми публицистикаға нақты дерек бола алады. Күрделі сын есімдер, анықтауышты оралымдар бұл үшін пайдаланылады: *қоңқақ мұрынды, көзілдірік киген жас жігіт, әлгі момын шәкірт* т.б. Автор өзін көрсету емес, ұстазын әспеттеу мақсатында. Осы орайда М.Серғалиев еңбектерінің тіліне қатысты айтылған

¹ Бұдан әрі мысалдар алынған еңбектің атауы жақша ішінде жазылады.

академик Р.Нұрғалидың «Автордың өзі көлеңкеде тұрады, өзгені мадақтау, құрметтеу басым» [5, 19-б.] деген сөзі еске түседі.

Қазақ мәдениетіне, менталитетіне тән қолданыстардың мәтін ішіндегі қолданысы ғылыми публицистикаға айналдырады.

Бұл сөздіктің өзімен «ағайындас» өзге сөздіктерден айырмашылығы – кітап соңында фразеологизм теориясына байланысты теориялық тұжырымның берілгендігі ... (Кеңесбаевтың кең өрісі (2 мақала) //Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2013. – 244 бет, 99-б.);

...Бұл жағынан алғанда да, Мәкеңнің басына «бақ дарыған» (М.Балақаев – шәкірті көп ғалым (1 мақала) //Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2013. – 244 бет, 118-б.);

...бірден синтаксистік синонимдер мәселелерін сөз ету мықтағанда тәуекелдің ісі ғана болар еді ... (Синтаксистік синонимдер).

Грамматика саласында да Ғайнекеңнің қарыштап қадам тартқаны белгілі (Мұсабаев мұрасы //Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2013. – 244 бет, 122-б.).

Академик М.Серғалиев – терең мәдениеттің иесі. Көп жыл бірге істегенде ағамыздың біреуге зекіріп сөйлегенін, дәрекілік танытқандығын көрген емеспіз. Осы мәдениеттілік ғалымның жазған-сызғандарында да толық көрініс тапқан. Ойлау мен жазу мәдениеттілігі М.Серғалиевтің ғылыми публицистикасының ең бір шоқтығы десе болады, өзіндік қолтаңбасы ретінде айқын көрінетін ерекшелік. Әлдебір пікірге қарсылығын білдіру немесе теріске шығару барысында, өз ұстанымын нақтылауда, ұсыныстар айтқанда мәдениетті жеткізу академиктің мақалаларына тән. Мысалы: *...көңіл қаламайтын сияқты* (кейбір жаңа баламаларға қатысы); *...сол күйінде сақталғаны жөн көрінеді; ...қажет тәрізді; ...ойлану керек болар; ...сәл ойлануға тура келеді;* және т.б.

Өз пікірін, көзқарасын жеткізудің дәстүрлі орамдарын пайдаланбай *Ал бізге салсаңыз немесе Бізге салар болса* деген қыстырма сөйлемдерді пайдалану арқылы да ерекшелік танытып тұр.

Кейде езу тартқызар юмор да қатысады. Айталық, «аяғы ауыр» сөзіне қатысты қате «ауыраяқ» (Алматы ақшамы, 12.02.1997) қолданысының тіл мәдениетіне жат екендігін дәлелдеу барысында «ақызейнет», «жайжаға», «шамбағдар» сөздерін келтіруі оқырманға сөзсіз қате қолданыстан аулақ болуға шақырады әрі күлкі туғызады. Өзінің оқырмандарына осылай күлкі сыйлай отырып, пікірлері мен көзқарастарын бекіте түседі. Автордың айтпақ ойы анық, түсінуге жеңіл.

Тақырып қою барысында да авторлық даралық байқалады. Тақырып атаулары ғылыми публицистика тұрғысынан қойылған: «Жаңа сөздің қисыны» (тілдегі жаңа сөздердің пайда болу, қалыптасуы жайынан); «БАҚ-тың тілін бақыласақ» (БАҚ тілі туралы); «Сөз нақтылығы – ой айқындығы» (жаңа сөздер туралы); «Үн үйлесіміне үңілгенде» (радиохабарлар туралы) т.б.

«Үн үйлесіміне үңілгенде» мақаласына қысқаша тоқтала кетсек. Мақала радиохабарға арналған, мазмұны мен құрылымы жағынан ғылыми, өйткені мақалада радиохабардың мақсаты, түрі, жеткізілу ерекшеліктері, тілі т.т. көптеген мәселелері қарастырылған. Мәтінді ғылыми публицистикаға жақындататын басты белгі мақала тілінде ғана емес, ақпараттың осы түрінің ерекшеліктерін қоғамдық тәжірибемен тұтастай байланысты қарастыруы. Радиохабардың ғылыми мәселелерінің кең аяда осылай сөз болуы ғылыми публицистиканың жарқын мысалы бола алады. Әрине, сонымен бірге мақала тіліндегі (тақырып атауынан бастап мәтін ішіндегі ерекшеліктеріне дейін) авторлық сөз саптаулар осыған айғақ бола алады.

Мақала абзацтарындағы мазмұн ойдың сатылай кеңеюіне қызмет етеді. Назар аударыңыз: *радиохабарлардың қоғамдық қажеттілігі – радио (радиохабар) тарихы – радиохабарлардың*

стиль алуандығы – шағын ақпараттар радиохабарлардың жанры екендігі – шағын радиохабарлардың жеткізілу ерекшеліктері, міне, мақаладағы ой осылай біртіндеп кеңей береді, оқырманның мақала тақырыбы жайында толық ақпарат алуына мүмкіндік берілген. Әр типтегі сөйлемдер кезектесе отырып, өзіндік бір ырғаққа құрылған. Қыстырма құрылымдардың қатысуы, ойды санамалап беру үлгісі, мысалдарға жүгіне отырып пікірін жазу, т.т. жайттар мәтін мазмұнының публицистикалық иінде баяндалуына негіз болып тұр.

Қорыта келгенде, академик М.Серғалиевтің еңбектерінен өзіндік стильді, мәнерді арнайы қарастыруға болады. Ғылыми публицистика ғалым еңбектеріне тән өзіндік қолтаңбаны айқындайтын, өзгелерден ерекшелендіретін тілдік құбылыс. Ғалымның тұлғалық болмысы еңбектерінің тілдік-мазмұндық тұрғыдан түзілуіне, жекелік сөз саптауына негіз бола отырып, ғылыми шығармашылығының арқауына айналған.

Әдебиеттер тізімі

1. Серғалиев Мырзатай Серғалиұлы: Библиографиялық көрсеткіш // Құрастырғандар: С.Әлісжанов, А.Найманбай. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2002. – 62 бет.
2. Сөз сарасы: Сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.; Өнеге: Естеліктер мен эсселер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 208 б.; және т.б.
3. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. – 172 б.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд.4-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004.
5. Нұргелді У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. ДДА., – Алматы, 2007.
6. Нұрғали Р.Н. Мектебі бар ғалым // Лебіз: ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиев туралы мақалалар жинағы. – Астана: Нұра-Астана, 2008.

МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВТІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б.,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Қазақстан, Астана қ.

Тіл мәдениеті – сол тілді дүниеге әкелген халықтың мәдениеті. Дүниені тану, оған деген қарым-қатынас пен сол халық өкілдерінің өзара қатынасы тілі арқылы жүзеге асады әрі таңбалаанады. Сондықтан, тіл сапасы неғұрлым бай, неғұрлым икемді болған сайын, оны тұтынушы халықтың мәдениеті де соғұрлым жоғары болып есептеледі. Алайда сол мәдениетті тілді халық шығармашылығының жемісі деп танығанымызбен, ақпараттық мүмкіндігін арттырып, көркемдік бояуын қанықтырып, үздіксіз дем беріп отыратын жекелеген көсемдер мен шешендер екені жасырын емес.

Тіл мәдениеті дамуының екі жағы бар: бірі – практикалық жағы, яғни қолданыстағы мәдени деңгейі, екіншісі – тіл мәдениеті деп аталатын теориялық ізденістер барысы. Тілдің табиғи болмысы мен сипатын сыни көзбен бағамдау, алдағы даму бағыттарын айқындап отыру соңғысының еншісіндегі іс. Екінші сөзбен айтсақ, басты мақсат – мін түзеу. Мін түзеу үшін сын түзеу керек, екеуі түзелсе, тіл де түзеледі.

Тілге деген сұраныс барда, тіл сапасының дамуына қатысты осы талаптар қай заманда да бола береді. Әуеліне көз жібесек, бұрынғылар «Аяғымнан сүріндірсең, сүріндір, жағымнан сүріндірме!» – деп тіл өнерін Жалғыз жаратушыдан сұрайтын асыл тілектерінің қатарына

қосады екен. Бізге жеткен ойлы сөз орамдары, айтылмақ ойға шап-шақ қалыпқа құйылған фразеологизмдер мен мақал мәтелдер халық лабораториясында сынақтан өтіп, мінелген, күзелген, түзелген болатын. Абай өз заманында «сөз түзеу» ісіне баса мән берсе, одан кейінгі кезде Шәкәрім бастаған сол мектептің өкілдері оны ғылыми дәрежеге көтерді, қазір сыни ойлардың теориялық негізі қаланып, тіл ғылымның бір саласына айналып отыр. Бүгінгі ғылымда тіл мәдениетін зерттеп, зерделеген ғалымдардың қатарында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы және публицист Мырзатай Серғалиұлының есімі өзіндік орнымен ерекшеленеді. Ол тіл мәдениетінің қыры мен сырын саралап, артына қомақты еңбектер қалдырған тіл білімі өкілдерінің бірі әрі бірегейі болатын.

Тамаша ғалым еді. Өзі зерттеп отырған саланың ат байлар қазығы мен аяқ жетер өрісіне биіктен көз сала білді, неден басталып, қайда барып тұрақтайтынын да көрегендікпен болжай алды. Ғылыми ойларын тіл мәдениетінің «Көркем әдебиет тілі», «Стилистика негіздері», «Синтаксис мәселелері» дейтін негізгі үш тұғырына қондырып, осы аядан өрбітті. Көркем әдебиет тілі – халық тілінің өзі, яғни зерттеу нысаны. Көркем әдебиет материалын зерттеу арқылы ғылым туады, сондықтан бұл алдыға қойылған айқын мақсаттың алғашқысы. Жазушы тілін зерттегенде, туған тілдің шын мәніндегі мәртебесін көрсете алатын М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин, С.Шаймерденов, Т.Әлімқұлов, Қ.Найманбаев т.б. секілді қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларына тоқталды. М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, З.Шашкин секілді жазушылардың шығарма тілі, тіл мәдениеті туралы пікірлерін зерделеді, өйткені жазушылық тек табиғи дарынмен ғана өлшенбейді, қаламгерден асқан білімділікті де талап ететін еді. Осыған орай сыни талдаулардың тілдік ерекшеліктерін баса көрсетіп, сөз өнеріне қызығушыларға үлгі ретінде ұсынады.

Сын еңбектердің өзін оқу бар да, оны талдап, айтылмақ ойды қосымша таратып түсіндіру бар. М.Серғалиев жазушылардың тіл мәдениеті туралы еңбектеріне тоқталғанда осыны мақсат еткен секілді. Екіншіден, шығармашылық ізденіс барысында болатын жеке адамның басындағы жағдайлар да ғалымның ойында тұрған секілді. Мысалы, көркем шығарманы өмірге әкелетін адам шығарма жазғанда, түрлі толғаныстар мен ой қорытулардың күрделі сәттерін басынан кешіреді, сондықтан «күйзеліп тапқан көкіректегі көрікті ойды» қалыбын бұзбай оқырманға ұсынудың тиімді жолдары жазушыға көбірек белгілі. Тынбай жазып жүрген сөз шебері ғана сөз құраудың қыр-сырын біледі, сондықтан оның пікірі шындыққа біртабан жақын әрі әрбір деталі ескерілген, кең көлемді ойдан туады. Сыни тұрғыдан ойлай алатын жазушы өзіне де сын көзімен қарап, жазғандарын талғам сүзгісінен өткізіп отырады. Әсіресе М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, З.Шашкиннің шығармашылығына талдау жасағанда осы жағдайлар ескерілген деген болжам жасаймыз. Ғалым сөз зергерлерінің сыни ойларын талдап түсіндіреді де, артынан шығармаларына талдаулар жасайды. Осы орайда М.Серғалиев Ғ.Мұстафиннің тіл туралы еңбектеріндегі мынандай жолдарға назар аударады: «Оқушыны қызықтыруға жазушылар қилы-қилы тәсіл қолданады. Тәсілдерді орындай білгенге шығарманың шырайын енгізетін шарттар көп. Солардың ішінде менің таңдағаным – ой мен тіл», – деп жазушы пікіріне тоқталады. М.Серғалиев ой мен тіл арасындағы күрделі байланыстың сырларына үңілгенде жазушының тіл туралы толғаныстарына кездейсоқ тоқталып отырған жоқ. Сапалы шығарманың дүниеге келуі үшін бұл жұптың болуы міндетті шарт. Әсіресе жеті рет өлшеп пішілетін ой дәлдігі болғанда ғана көркем шығарма оқырман көкейінен шыға алмақ. Жазушы сыны мен жазушы тілін қатар қойып ұсынғанда ғалым нәзік элементтер мен терең иірімдерден тұратын қарапайым көзге байқала бермейтін, тек сезіну арқылы ғана білуге болатын сиқырлы құбылыстарды ескергенін шамалаймыз. Ілгеріде атап өткеніміздей бұл құбылысты өзгелерден гөрі жазушы терең аңғара алса керек.

М.Серғалиев өз зерттеулерінде тіл тазалығы, тіл дәлдігі, сөз таңдау мәселелеріне баса назар аударды. Бұл үшеуі тіл мәдениетінің негізгі шарттары. Тіл тазалығы – сөз арасын бөтен сөзбен былғамау. М.Әуезовтың тіл туралы еңбектеріне, соның ішінде Абай дәуіріндегі жаргондардың белең алуына, кірме сөздердің орынды-орынсыз қолданысына байланысты ойларына тоқталады. Бұл ыңғайда ғалымның зерттеулерінде Абайдың сөз өнеріне көзқарасын, тіл тазалығына қоятын талабын негізге ала отырып, оны «Жалпы халықтық тілге жақындығы, қуаты, сұлулығы және стильдік өңделуі жағынан Абайдың поэзиялық творчествосының тілі өткен ғасырдағы қазақ әдеби тілінің шыңы болып табылады», – дейтін Н.Сауранбеуың пікірімен бекіте түседі. М.Әуезовтың Абай шығармаларының тілі туралы ойларының аясында жергілікті тіл ерекшеліктері туралы жалпы қазақ тіл біліміндегі даулы мәселеге өз пікірін қоса ұсынады. Қазақ тілінде диалекті жоқ дейтін М.Әуезовтың пікірін ескере отырып, Абай тілінде ондай кемшіліктердің жоқтығына назар аударады және тілдің заңдылықтары мен өзіндік жүйесіне сәйкес келмейтін кірме элементтерден тазарту туралы ойларын қуаттайды. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» дейтін өлең жолдарындағы Абайдың ақындық ұстанымы мен М.Әуезовтың оған деген көзқарасын қатар бере отырып, туған тілдің тазалығына Абайдың талғамымен, Мұхтардың білімімен қарауды ұсынады.

Стилистика – тіл мәдениетінің негізгі саласы. Көпке танымал жазушының өзіндік стилі болады. Тілдің дамуы, жаңа сапаға көтерілуі осындай үздік үлгілерді қалыптастырушы қаламгерлердің ізашар, жолбасшы болуы арқылы жүзеге асады. Ілгеріде аталған жазушылардың тілін зерттеумен қатар М.Серғалиев стилистика бойынша монографиялық еңбек жазып, қазақ тіл біліміне қомақты олжа салды. Көркем әдебиет тілі тіл өндірісінің өзі болса, оған рух беріп, көркемдейтін де, айбарландыратын да стильдік ерекшеліктері. Осы монографиясында стилистиканың «жалпы теориялық мәселелеріне», «функционалдық стилистикаға», «тіл ярустарының стилистикасына» және «тілдің бейнелеу-мәнерлеу құралдарына» тоқталды. Стилистиканың негізгі бағыттарын жүйелей отырып, оларды өз ішінде лингвистикалық стилистика, әдебиеттану стилистикасы бойынша саралады. Стильдің түрлері бойынша зерттеулері терең ізденістердің жемісі. Өйткені ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі секілді өзара сабақтас салалардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқындау туған тілдің табиғатын терең тану мен зерделілікті талап етеді. Стилистикалық талдауларында барлық материалдар жазушылар тілінен алынды. Қолданыстағы ерекшеліктері бойынша лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық бірліктерді талдаулар арқылы тіл жүйесіндегі әрбір элементтің стилдік қызметін айқындап берді.

Тілдің құрылымы, сөз құрау үлгілері синтаксистік жүйесі арқылы көрінеді. Екі сөздің тіркесуінен бастап, күрделі синтаксистік тұтастыққа дейінгі аралықтағы тілдік құбылыстардың байланысу тәртібі мен өзіндік нормалары тілдің дамуымен бірге үздіксіз жетіліп отыратын құбылыс. Оны М.Серғалиевтің «Әдеби шығармалардың тілі поэтикалық лексика, поэтикалық синтаксис болғандықтан, мұндай жағдайда дәстүрлі, нормативтік грамматикадағы ережелерді қайталай беру немесе көпшілікке таныс ережелерді алға тарта беру нысанаға дөп тие бермейтіні рас», – деген сөзінен де байқаймыз. Сондықтан оның жүйесін тауып, синтаксистік қағидаларын белгілеу де өзіндік қиындық тудыратын мәселе. Синтаксис жүйесіндегі күрделі құбылыстардың түйінін жазып, қазақ тіл білімінің ілгерілеуіне өзіндік үлес қосқан ғалымның бұл саладағы еңбектерін арнайы зерттеу нысанына айналдыру, яғни қазақ ғылымтану ілімінің негізін қалыптастыру кейінгі буын өкілдерінің алдында тұрған келелі міндет болып табылады.

Тілдің құрылымы мен салалары, яғни мәдени дәрежесі қаншылықты шырқау биігіне көтерілгенмен, жазушы тілі халықтық түпнұсқалығымен көрікті. Айтылмақ ойдың оқырманына көркем сипатта, өзімдік болып жетуі үшін халықтың өзі қалыптастырған үлгіден алыстап кетпеуі тиіс. М.Серғалиев еңбектерінде ескерілген жайттардың бірі осы еді. Алайда мәселеге екі жағынан қарай білді: «..кей жазушыларымыз тілді қарапайым, түсінікті етіп жазамыз деген

ниетпен қансыз, сөлсіз қарабайыр сөздерді тоғытып жіберетін кездері бар» екенін айтып сынады да, екінші жағынан: «Қарапайым жазу – ең бірінші, алдыңғы мақсаты және парызы, бұл – жазу үшін ең қиын жол. Өйткені тіл кестесі қаншалық қарапайым болса, соншалық табиғи болуы шарт», - дейтін М.Әуезовтың пікірін ұсынды. Қарапайым мен қарабайырлықтың айырмасын аңғара білуді жазушыға қойылатын талаптың негізі ретінде қарастырады. Өзі осы қағиданы өмірлік принципіне айналдырды.

Сөз соңында мына жайттарға да тоқтала кеткенді дұрыс көрдік. Саналы ғұмырын тіл мәдениетінің гүлденуіне арнады, өзі де осы мәдениет қайнарларын бойына сіңірді. Теориялық ізденістері ғылыми еңбектерінде ғана қалып қоймай, барша адами болмысына да дарығанын айта кеткенді жөн көріп отырмыз, себебі ол ғалымдығына қоса адамгершілігі зор, әрі қарапайым, әрі биік парасат иесі болатын. Университеттің табалдырығын аттай бере шешілетін бас киіміннен бастап, алдынан жолыққан әріптестердің әрқайсысының көңілінен шығатын әзіл немесе хал, жөн сұрасуына дейін білім мен біліктілік көрініп тұратын...

Біртуар ғалымдығына қоса ол тамаша ұстаз еді. Сонау 1990 жылдың қыркүйек айынан 2011 жылдың тамызына дейінгі өмірі негізінен көз алдымызда өтті. Сол жылдарда көңілге түйгеніміз – ғылым дейтін кез келгеннің уысына түспейтін қасиетті құндылық тынымсыз ізденіспен қатар биік парасат бар жерге ғана тұрақтайды екен. Әріптес іні бола жүріп көз алдымызда қалған бейнесі мен көңілге ұялаған ұлағатты істеріне қайта бір көз жібергенде адами болмысының бейнесі ғалым, ұстаз, әдіскер деп аталатын үш ұғымның аясында топтасады екен. Ғылыми ойларын қарапайымнан күрделіге қарай дамыта отырып, оқырманына тамаш үлгіде бере білді. Көркем әдебиет тілі, стилистика, синтаксис мәселелерін тіл мәдениетінің аясына топтастырып, біртұтас жүйе ретінде ұсынды. Бұл тұрғыдан оның әдіскерлік қабілетін көреміз. Зерттеп отырған саласын оқытудың маңызы мен міндеттерін айта отырып, әдістемелік негіздерін де назардан тыс қалдырмады. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарындағы тіл мәдениеті пәні бойынша М.Серғалиевтің еңбектері кеңінен пайдаланылады.

Ғылым әлеміне қадам басып, әуелгі бағытын айқындарда М.Әуезовтен дәріс тыңдап, М.Балақаев сынды ұлы ұстаздарға арқа сүйеген, кейін ғалым М.Серғалиев болып қалыптасып, өзіне ғана тән дара ғұмыр кешті. Артында қазақ тіл біліміне қосқан қомақты үлесі, ғылыми мектебі, шәкірттері қалды. Осы үштіктің Серғалиевтану ісіне негізі болатыны анық. Ұстаз туралы естеліктер көз алымызға келгенде біз ғылым мен өмірде екі түрлі емес, қарапайым әрі терең бір ғана Серғалиевті көреміз. Өмірі өнегеге толы еді. Шәкірт болып қасына ерген жылдар ішінде сол өнегелі өмірінен алған тағылымымыз мол болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –273б.
2. Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. 76-171 бб.
3. М.Балақаев., М.Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық. – Алматы: «Зият Пресс», 2006 ж. – 140 б.
4. Серғалиев М. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. Алматы, 1998. – 106 б.
5. Серғалиев М.Көркем әдебиет тілі. Астана, 2006. – 369 бет.

АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҢЫЗЫН ЖОЙМАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

МАЛИКОВ Қ.Т.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент*

ОРАЗ А.Н.,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант
Астана, Қазақстан*

Түйіндеме. Мақалада ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиевтің қазақ тілін оқытудағы орысша-қазақша сөздік туралы тұжырымдары мен лексикалық нормаға қатысты зерттеулері және электронды сөздік мәселесі қамтылады.

Резюме. Статья содержит выводы академика НАН РК М.С.Серғалиева о русском-казахском словаре в преподавании казахского языка, исследования по лексической норме и вопросы электронного словаря.

Abstract. . Article contains the conclusions on Russian-Kazakh dictionary in teaching the Kazakh language, research on lexical norm and issues of electronic dictionary of Sergaliev M.S., who is an academician from National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Ұлт тұтастығы мен бірлігінің кепілі – тіл өміршеңдігінде жатыр. Өйткені ұлттың өзге этностардан өзгешілігі мен ерекшелігін аңғартатын негізгі белгісі – оның тілі. Тіл қарым-қатынас құралына айналған сайын оның сан-салалы қызметінің ашыла түсетіні белгілі. Қазақ тілін оқыту мәселесі ХІХ ғасырдан бастап жан-жақты зерттеліп келе жатыр. Одан кейін ХХ ғасырда да бірқатар ғалымдар тіл мәселесін тереңінен зерделеп, тілді меңгертуді басты нысандарына алды. Бұл ғылым саласы бойынша көптеген тілші-ғалымдар өнімді еңбектер жазып, қазақ тіліне жанашырлық танытып келеді. Қазақ тілінің өрісін кеңейту мақсатында ауқымды еңбектер жазған ғалым Мырзатай Серғалиұлы тіл білімінің барлық саласына да елеулі үлес қосты. Саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның еңбектері, мақалалары мен баяндамалары, монографиялары, оқулықтары мен әдістемелік құралдары қазақ тіл білімі үшін теңдесіз мұра. Тіл білімінің негізгі салалары лексикология мен лексикографияны қамтыған «Сөз сарасы»(1977), «Синтаксис синонимі» (1981), «Сөз шырайын ойласақ»(1982), «Сөздің күңгейі көп көлеңкесі» (1987) «Сөз сарасы» (1989), «Етістікті сөз тіркесінің синонимиясы» (1991), Ой мен сөздің жарасымы»(1994), «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдық және экспрессивтік лексика» (1995), «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996) , «Сөз нақтылығы мен ой айқындығы»(1998), «Ой өрнегі»(1995), «Сөз салмағы»(2002), ғалым М.Балақаевпен бірлесе жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (2004), сондай-ақ бірқатар әдістемелік еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Ғалым сөз мәдениеті мен лексикография саласында да толассыз тер төкті. Қазақ тілінің жай-күйіне немқұрайлы қарамаған М.Серғалиевтің қазақ тілін үйрету, сондай-ақ қазақ тілі сөздігін жасау мәселесіндегі бірқатар пікірлері күні бүгінге дейін өзектілігін жоймай тұр. Ғалым Ж.Қ. Өмірбекова қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай мәні мен міндетін М.Серғалиевтің ғылыми мұрасы мен тұжырымдарын зерделей отырып былайша топтастырады[1, 85 б.]:

– қазақ тілінің мемлекеттік тіл қызметіндегі ұлтты ұйыстырушылық мәнін күшейтудің тілтанымдық негізін айқындау;

– мемлекеттік тіл мәртебесіндегі ұлттық тілдің ұлтты рухани тұтастырушылық қызметінің әлеуетін қазіргі заманның әлеуметтік мүдделеріне сәйкес жаңа аялық қолданыстар мен мүмкіншіліктері арқылы толықтыру;

–қазіргі қоғамның әртүрлі саласындағы (ғылым мен мәдениеттегі, терминдік жүйедегі, ақпарат құралдарындағы, білім беру мен тәрбие саласындағы, қызмет көрсету аясындағы т.б. мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің арқауын ұлттық идеяға құрудың тетігі ретінде тілдік тұғырды ұсыну;

–әртүрлі тарихи кезеңге сәйкес көркем мәтіндерде «астарланған», «тасаланған» ұлттық мазмұнды талдау.

Осы орайда мақаламыздың мақсаты – мемлекеттік тіл әлеуетін көтеруде ғаламтордағы ақпараттық құралдар мазмұнының олқылықтары мен осы мәселедегі ғалым көзқарасының актуалдылығын ашу. М.Серғалиев мемлекеттік тілдің жай-күйіне қатысты бірқатар мақалалар мен еңбектер жазды. Мысалы, «Мемлекеттік тілді меңгеру ілтипатқа байланысты» тақырыбындағы зерттеуінде қазақ тілін үйрету мәселесінде ілгерілеу бар болғанымен талап деңгейінен төмен болып жатқандығының себептерін нақтылаған[2,76 б.]. Соның ішінде ғалым өзі жазған 1993, 1995 жылдары жарық көрген «Орысша-қазақша сөздігін» тілге тиек етіп, тілді үйретуге қажетті оқу құралдарының жеткілікті екендігін, соны пайдаға асыратын оқырманның тапшылығын айтады[3]. Бүгінгі күнде де тіл үйрететін оқулық жазу емес, тіл үйренетін оқырман санын арттыру алдыңғы шептегі мәселе. Бұл мәселеге ғалым мемлекеттік тілді көпшіліктің жақсы игеруі үшін талапты балабақшадан бастауды ұсынып, орта мектептердегі қазақ тілі пәніне бөлінетін сағат санын көбейтіп, оқытылу сапасын қатаң бақылауға алуды ұсынады. Сонымен қатар қаламгер «Қазақ тілінің тұңғыш методикалық оқулығы» атты мақаласында қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналып жазылған алғашқы оқулықты талдап, лексиканы, сөз тіркестерін, салалас құрмалас сөйлемдерді оқытуды қазақ тілінің ең негізгі мәселелері деп бағамдайды. Сондай-ақ ғалым тілді оқыту мәселесінде мектепте тілді оқытудың ең тиімді деген жаңа әдістерін молырақ пайдалануға шақырады[4,190 б.].

Ғалым пікірін ескерсек, тіл үйретуде лексиканы меңгерту мен лексикографияның дұрыс құралуы ең маңызды мәселелердің бірі. Тілдік құралдар жүйесіндегі лексика сөйлеу әрекетінің әр түрінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады: ауызша – тыңдау, сөйлеу, жазбаша – оқу және жазу. Лексика – бұл біздің сөйлеуіміздің негізгі құрылыс материалы, оның мазмұндық жағы. Лексиканы меңгеру сөйлеу дағдыларын дамытудың маңызды шарты болып табылады. А.А.Леонтьевтің тұжырымы бойынша [5], лексика-бұл жүйелер жүйесі. Лексиканың жүйелілігі барлық сөздер оқшау өмір сүре алмайтындығында, олар белгілі бір сөздік топтар түрінде тығыз байланысты (семантикалық өрістер, синонимдік тізбектер, лексикалық-семантикалық және тақырыптық топтар, антонимдік қарама-қайшылықтар және т.б.). Осы тұста лексиканы меңгертуде оқытушының міндеті – білім алушының сөздік қорын барынша қалыптастыруға және кеңейтуге қол жеткізу. Өзге ұлт өкілдері мен тіл білмейтін қазақ ұлты өкілдеріне қазақ тілін үйретуде тіл дамыту жұмыстарының маңыздылығы зор. Тілді оқыту үдерісінде тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаттарының бірі – лексиканы меңгерту. Сондай-ақ тіл үйренушінің сөздік қорының сандық жағынан өсуі, игерілген сөздерді сапалық тұрғысынан жетілдіру нәтижелі тіл үйрету мақсатының маңызды бөлшегі. Осы орайда әдіскер-ғалым Мырзатай Серғалиевтің қазақ тілін үйретуге арналған сөздік төңірегінде айтқан пікірлерін назарға алайық. Ғалым-тілшінің 1982 жылы жазылған «Орысша-қазақша сөздікке ұсынақтылық қажет» мақаласында күні бүгінге дейін сөздіктерде түзетілмеген ескертпелер бар. Бұл еңбекте автор жарық көрген сөздіктердегі олқылықтарға тоқталып, орыс тілінен қазақша баламаның сәйкессіздігін айтып, қазақ тіліндегі терминдердің не қосымшасы тұрғысынан, не лексикалық бірлік тұрғысынан бірдей берілмегенін тілге тиек етеді. Сөздік турасында ғалым мынадай пікір айтады: «запись жазба делінген /27,42/. Дұрыс делік, бірақ запись голоса тіркесі неге дауысты

жазу /27,42/ делінеді? Яғни, жазбамыз жазу болып кетті. Сондай-ақ звукозаписьті дыбыс жазу деп аударған /27,43/. Мұнда табыс септігі жалғауының түсіп қалуы түсініксіз»[2, 322 б.]. Ғалымың бірнеше жылдар бұрын жасалған сын-ескертпесінің бүгінгі жайын білу мақсатында сөздіктен аталмыш сөздердің қазақша баламаларын іздедік. Техникалық мүмкіндіктердің кеңейе бастағанына байланысты қоғам қажеттілігі де арта бастады. Осының негізінде лексикография саласы жаңа деңгейге көтеріліп, қазақ тілін үйрену мүмкіндігі де жеңілдей түсті. Ғалымдар егер қандай да бір тіл сөздігі ғаламторға еңбеген болса, онда ол тілді толыққанды өмір сүріп жатыр деудің қиын екендігін айтып жүр. Демек, ғаламтор кеңістігінде белгілі бір тілдің сөздігінің орын алуы сол тілдің өміршеңдігі мен қоғамға қажеттілігін көрсетеді. Осы тұжырымдарды алға тартып ғаламтор желісіндегі аудару мүмкіндігі жоғары, ең танымал – Яндекс аудармашы платформасына автордың сынына ұшыраған сөздерді теріп көрдік. Біраз нәтиже көз қуантарлық болғанымен, мұнда кейбір көзге оғаш сөздер мен сөз тіркестері жеткілікті дәрежеде екен. Мысалы жоғарыда М.Серғалиев атап өткен запись-жазу, звукозапись- дыбыс жазу ал запись голоса- дауысты жазу деп аударылды. Автор атаған қателіктер бұл жүйеде өзгеріссіз қалған. Сондай-ақ ғалымның ескертпесіне ұшыраған воображение сөзін елестеу бірде көрегендік дегеннен қиял деп аударуға лайық сияқты деп еді. Расымен де ол сөз платформа базасында қиял деп аударылып тұр. Добыча сөзін де олжа деп аударуды қош көрмеген ғалым пікіріне сай өндіру деп қалдырыпты. Сонымен қатар ғалым «семья» сөзін отбасы деп аудару ресми тілде тұрақталғанын айтып, бірақ обзавести семьей тіркесі сөздіктерде шаңырақ көтеру тіркесімен баламаланып, көркем шығармада қолданылатын эмоционалдық сипаты басым сөзді сөздікке кіргізу дұрыс еместігін ескерткен. Бұл сөз Яндекс-аудармашыда семья-отбасы деп аударылса, обзавести семьей -отбасын құру болып ғалым пікіріне сай аударылды. Несправедливость сөзін әділетсіздік деп аударғанына оң көзқарас білдіріп, алайда неантагонический дегенді антагонистік емес деп аудару тосын екендігін ескертіп, осындай анықтауыш сөздің емеске аяқталған бірқатарын тізіп шыққан еді: жаман емес бала, үлкен емес кісі т.с.с. Ғалым атаған олқылықтың орны біз нысанға алып отырған жүйеде қалай аударылғанын білу мақсатында жазып көрдік. Өкініштісі, неантагонический-антагонистік емес деп, не плохой ребенок сөзі жаман емес бала, не большой человек-үлкен емес кісі деп аударылды. Анықтауыш сөздердің емеске аяқталып, құлаққа түрпідей тиетін тіркестердің жасалуы онлайн сөздікте қате күйінше тұр екен. Сонымен мұнда ғалымның ұсынғаны неантагонический дегенді антагонистік емес орнына антагонистіксіз дегеннің дұрыс екендігін тұжырымдаған. Арада 41 жыл өтсе де тіл білімінің лексикография саласы үшін ғалымның жазған еңбектері, мақалалары әлі де өзектілігін жоғалтпай тұрғандығының бір дәлелі жоғарыда келтірген мысалдарымыз болса керек. Сондай-ақ ғалым «Аударма сөздікке арнайы талап» мақаласында сөздіктің қай тілдің болмасын лексикалық байлығын, сөздік құрамын танытатынын, сонымен қатар сол тілдердегі сөздердің өзара қарым-қатынастағы көп мағыналылығынан айқын мәлімет беретіндігін айтады[2, 331 б.]. Расында да қай тілді болмасын үйрену барысында сөздіктің орны бөлек, сондықтан да оған қойылар талап пен оның жасалуы үлкен жауапкершілікті қажет ететіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақ тілін үйренушілер санының тұрақты өсуі тілді дамытудың негізгі факторларының бірі деп қарастырсақ болады. Осы тұста тіл беделі мен абыройы астарында ұлт тағдыры жатқанын есте сақтауымыз қажет. Ғалым Н.Уәли тіл үйренудегі талаптың сөз мәдениетіне тікелей қатысты екендігін айтады. «Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады» деген пікір айтып «сөз мәдениеті пәнінің негізгі тірек таянышы - әдеби тіл нормасы» деп бағамдайды [1, 24 б.]. Кез келген тілдің байлығы сөз байлығынан көрінеді. Тіл қаншалықты бай болғанымен сөздің байлығын жұмсаудың аясы әр түрлі. Осы тіліміздегі сөздік қор мен сөз байлығына, лексикалық нормаға М.Серғалиев ерекше назар аударып, тұшымды пікір айтқан ғалым. Мысалы ғалым әлі айтылу тұрғысынан орныға

алмай жүрген бірнеше сөздерге тоқталады: айқай-айғай, жиналыс-жиылыс, сұрақ-сұрау, палуан-балуан, ғашық-ашық, адым-қадам. Аталған сөздер ауыз екі сөйлеуді былай қойғанда әдеби шығармаларда да екі нұсқада да кездесіп жүргендігін алға тартады. Мысалы бір кезде өйткені-үйткені, хат-қат, және-жана, қазір-кәзір деген сияқты сөздердің алдыңғы нұсқаларын қабылдауға келісіп, нәтижелі шешім шыққанын айтады автор[6, 25 б.]. Сол сияқты жоғарыдағы сөздердің бір нұсқасын әдеби норма етіп қолдану қажет дейді. Алайда бұл сөздер әлі де нақтыланып, тек бір нұсқасы ғана әдеби норма болып бекітіле қоймаған. Осы орайда біз тағы да ең жылдам, ең қолайлы деп саналатын танымал баспалардың электронды нұсқасында жоғарыдағы сөздердің қалай қолданылып жүргендігіне талдау жүргіздік. Мысалы Республикалық басылым Егемен Қазақстан газетінің электронды порталынан 2018 жылдың мамыр айында жарық көрген мынадай мақаланы кездестірдік «Жамбылда балуандар бақ сынады»[7]. Дәл осы басылымда 2019 жылдың 27 наурызында жарияланған ««Қазақ күресі» спартакиадасында палуандар белдесті» тақырыбында мақала бар екен[8]. Байқағанымыздай бір басылымда балуан да, палуан да деп қолданылып тұр. Сондай-ақ, айқай мен айғай сөздерінің де екі нұсқасы қазір жарыса жазылып жүр. Сөзімізге дәлел ағымдағы жылдың 13 қаңтарында Республикалық газет Егемен Қазақстан порталындағы мақала мәтінінен мысал келтірейік: «Айғайға сүрен қосып, адам өлтіріп, мекемелерді өртеп, дүкен тонағандармен бетпе-бет келді»[9]. Ал Алаш айнасы порталында 2017 жылғы мақала тақырыбында айқай болып қолданылып тұр: «Қызылорда әкім есебінің соңы айқайға ұласты»[10]. Байқағанымыздай бұл сөздердің бірі таңдалынып алынбаған, әлі де екі нұсқа қатар қолданыста. Демек аталған сөздердің қолданысында бір мәмілеге келіп, лексикалық норманың бұзылуына жол бермеу әлі де актуалдылығын сақтап тұр.

Тілші-ғалым М.Серғалиевтің қазақ тіл біліміне қосқан үлесі орасан зор. Уақыт жылжыған сайын тіл білімі ғылымының қоры да толығып жатқаны айтпаса да түсінікті жайт. Дегенмен М.Серғалиевтің қыруар еңбегінің бір парасын ғана ақтарып, әлі де шешімін таппаған мәселелерге кезігіп жатырмыз. Осы ретте айтарымыз, М.Серғалиев еңбектерін зерттеп, зерделеу – қазақ тіл біліміндегі басы ашылмаған біраз сұрақтың жауабын табуға бағдар болар еді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2018 жылдың 16 наурызы, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 бет.
2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар/М.С.Серғалиев– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 344 б.
3. М.Серғалиев. Русско-казахский словарь. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы: «Зият Пресс», 2004 ж. – 112 с.
4. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар/М.С.Серғалиев/ – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 244 б.
5. Леонтьев А. А. Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии. – изд-во Моск. психол.-соц. ин-та; 2004.
6. М.Балақаев., М.Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық. – Алматы: «Зият Пресс», 2006 ж. – 140 б.
7. <https://egemen.kz/article/168224-zhambylda-baluandar-baq-synady>
8. <https://egemen.kz/article/186340-qazaq-kuresi-spartakiadasynda-paluandar-beldesti>
9. <https://egemen.kz/article/332528-antqa-adal-shekarashylar>
10. <https://alashainasy.kz/aim/kyizyilordada-akm-esebnn-sonyi-aykayga-ulastyi-92107/amp/>

М. СЕРҒАЛИЕВ: БОЛЫМСЫЗДЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ЭКСПРЕССИВТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ РЕҢКІ

ҚИЯҚОВА Р.Ж.,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
университеті, филология ғылымдарының
кандидаты, профессор.
Қазақстан, Көкшетау қ.

Болымсыздық мағына күрделі тілдік құбылыс болғандықтан, оның кейбір ерекшеліктері ертеден-ақ ғалымдар назарын аударған. Болымсыздық мағына, оның жасалу, берілу жолдары жайлы деректер Н.А.Баскаков, А.М.Шербак, Т.Рүстемов, С.Гуджиков тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Бұл пікірімізге Т.Рүстемовтің «Категория отрицания в современном узбекском языке», Д.Джафаровтың «Способы выражения отрицания в современном азербайджанском языке» атты еңбектері дәлел бола алады. Жоғарыдағы аталған еңбектерге көңіл бөлсек, болымсыздық мағынасының бір емес бірнеше тілдерде зерттелгенін байқаймыз. Қазақ тіл білімінде болымсыздық мағынаға қатысты алғашқы мәліметтер А.Байтұрсынов еңбектерінде кездеседі. Ғалым: «...Етістік болған, болмаған екі істі білдіретіндіктен екіге бөлінеді: бірі – болымды, екіншісі – болымсыз», – дейді [1, 231].

Кейін Ә.Төлеуов, Н.Оралбаева, С.Исаев, А.Хасенова, М.Жукенова, Т.Әбдіғалиева сияқты ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапқан болатын.

Жалпы, болымсыздық етістікке тән категория екені белгілі. М.Ә.Қараев: «Іс пен әрекеттің, амал мен қимылдың жүзеге аспауын білдіретін форма етістіктің болымсыздық түрі деп атаған» [2,112]. Ал Ж.Мусин: «Қазақ тіліндегі болымсыздық категориясы *-сыз, -сіз, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* аффикстері және *емес, жоқ* сөздері арқылы беріледі. Бұл аффикстермен *жоқ, емес* сөздері біріншіден, фактіні жоққа шығарады (тау-тау емес, кісі-кісі емес), екіншіден, заттың, құбылыстың сапасын жоққа шығарады (ақылсыз, сусыз), үшіншіден, іске, қимылға тыйым салады (келме, кетпе)», – дейді [3, 17]. Ғалымның бұл пікірінен болымсыздық мағынаның етістікке ғана емес басқа сөз таптарына да тән екенін байқаймыз. Мысалы: 1. -Жә, Бәке, ел қырылып жатқанда *ешкімді* табалаудың *жәні жоқ*, одан да қол ұшын берер өз қамымызды қарастырарлық деп Әжімбай ренжіп қалды. 2. Сонау бір қызыл жел ескен қара боранның астында қалғаннан бері, *ешқашан* осы Жастілек оңалған *емес*. 3. Алып отырған ақпарларға қарағанда, қазаны төңкеріліп, түндігі жабылған шаңырақ, іргесі іріп, *шаңырағы шайқалмаған ауыл жоқ тәрізді* (Т.Қажыбай).

Осы мысалдардағы «*ешкімді*», «*жәні жоқ*», «*ешқашан*», «*оңалған емес*», «*шаңырағы шайқалмаған ауыл жоқ тәрізді*» деген тұлғалар іс-әрекеттің жүзеге аспағандығын хабарлап тұр. Әрі болымсыздық мағынаның берілу амалдары да өзгеше. Көркем шығармаларында болымсыз мағынаны беретін көрсеткіштердің бір сөйлемде екі рет қолданылуы жиі кездеседі.

Ғылымда тілдерді *полинегативті* және *мононегативті* деп бөлу бар. Олай болса, қазақ тілін полинегативті тілге жатқызамыз ба әлде мононегативті тілге жатқызамыз ба деген сұрақ туындайды. Алғашқы кезде бұл мәселеге қатысты тіл білімінде талас болғаны белгілі. Дәл осы мәселені ғалым Т.Әбдіғалиева өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздық категория» атты еңбегінде былайша дәлелдеген: «П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты еңбегінде «Он никогда никому ничего не давал» деген сөйлемді «Қашан да кісіге бірдеме бермеді» деп аударған [4,27]. П.М.Мелиоранскийдің пікірінше, қазақ тілінде болымсыздық көрсеткіш бір рет қана қолданылады деп санап, оны мононегативті тілдер қатарына жатқызған. Сондықтан ол бірнеше болымсыздық көрсеткішпен аударылатын сөйлемді (Ол ешқашан ешкімге ештеңе бермеді) бір болымсыздық көрсеткішпен аударған. Ғалым кезінде

қазақ тілінде болымсыздық көрсеткіш сөйлемде бір рет қана қолданылғандықтан, ол осындай пікірде болған деуге ешбір дәлел жоқ.

Қазақ тілі полинегативті тілдердің қатарына жатады. Оның дәлелі төмендегі мысалдар: Еснейдің өзі де *ешбір* қолбасшылық істей алған жоқ. Еснейдің беті бұрылар ма? *Жоқ, бұрылмайды*. Қақпан *құрмай, қалтарыссыз- қалтықсыз* сөйлеседі. Мұндай сөйлемдер қазақ тілінің полинегативті тілдердің қатарына жатады деген ойымызды одан әрі ұштай түседі.

Болымсыздық мағынадағы тұлғалардың сөйлемде қолданылуына қарай, сөйлемдегі санына қарай тіл білімінде болымсыздықты *бір болымсыздық, қосарланған болымсыздық және шексіз болымсыздық* деп бөлу бар. Бұл пікірімізге дәлел ретінде: «Болымсыздық көрсеткіштердің сөйлемде қолданылуына қарай *бір және көп болымсыздықты* сөйлемдер болып бөлінеді. Ал көп болымсыздық екі немесе одан да көп артық көрсеткіштерден жасалса, *қосарланған болымсыздық, шексіз болымсыздық* болып танылады» деген

Т.Әбдіғалиеваның тұжырымын көрсетіп кетуімізге болады. Сөйлемде екі болымсыздық мағынадағы грамматикалық тұлға жұмсалатын болса, олар қосарланған болымсыздық мағынаны құрайды. Ал бір сөйлем ішінде екіден көп, яғни бірнеше болымсыздық мағынадағы сөздердің тізбектеліп келуі шексіз болымсыздықты жасайды. Мысалмен дәлелдесек, тап осы арадан шұбырып өтіп жатқан босқындардың тіске басар ештеңе таппай, ісіп -кеуіп өліп жатуына сенгің де иланғың да келмейді (Т.Қажыбай). Басқа *ешкім ештеңе деген жоқ па?* Мені *ешкім сатпайды* да, мал да *алмайды!* (Ғ.Мүсірепов). Бұл мысалдардан болымсыздық мағынадағы сөздердің бір сөйлемнің бойында бірнеше грамматикалық формалар арқылы жұмсалғанын байқауға болады. Бір сөйлемнің бойындағы болымсыз мағынадағы тұлғалар бірін- бірі дамытып отырады. Тіпті мына сияқты болымсыздық есімдіктер сөйлем ішінде бірін- бірі қажет етіп, айтылмақ ойды нақтылап, сөйлемге қатысуын талап етіп тұрады. Мысалы: *Басқа ешкім ештеңе деген жоқ па?* деген сөйлемдегі «*ештеңе*» сөзін алып тастай алмаймыз. Сөйлемнің өзі дәл осы есімдіктерді керек етіп тұр.

Болымсыздық мағыналы сөйлемдердің стильдік қызметі ерекше. Белгілі бір ақпаратты немесе белгілі бір көркем шығарманы оқырман қауымға шебер жеткізудің бір амалы – болымсыз мағыналы сөйлемдерді, оның ішінде шексіз болымсыздықты білдіретін сөйлемдерді қолдану. Бұндай сөйлемдердің бойында экспрессивті-эмоционалды реңк басым болады. Болымсыз мағыналы тұлғалар қатысқан немесе шексіз болымсыз мағыналы сөйлемдер көркем шығармада жиі қолданылады. Мысалы: 1. *Ешкім ешқашан ешқайсымызға сыр ашпаймыз*. 2. Қазақтан түскен балалардың жағдайынан *ешкім ештеңе білмейді*. Бұл кездейсоқтықтан құрылған сөйлемдер емес. Келтірілген әр сөйлемнің бойында бір емес бірнеше болымсыз мағыналы тұлғалар бар. Бірінші сөйлемде синтаксистік қарым-қатынас түрлерін қамтамасыз ететін төрт тұлға да болымсыз мағынада қолданылған. Автор сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды бояуын тереңдету үшін, болымсыз мағынаны күшейту үшін осы сөйлемдерді қолданған болуы керек. Ойымыздың дәлелі боларлықтай мынадай сөйлемдерді салыстырып көрейік.

1. *Ешкім ешқашан ешкімге ештеңе айтпайды* (І.Есенберлин).

2. *Бір де бір адам еш уақытта бір де бір адамға ешнәрсе айтпайды* («Бұқпа» газеті).

Екінші сөйлемге көңіл аударсақ, ондағы қысқа ойдың шұбалаңқы қарапайым сөздерден құралғанын байқаймыз. Әрі экспрессивті-эмоционалды реңкі жоққа тән. Онымен қоса сөйлемде «бір де бір» деген тұлғалар екі рет қайталанған. М.Балақаев, М.Серғалиевтердің пікірінше, «сөйлемде бір сөздің жөн-жосықсыз қайталануы өрескел стильдік қате».

Екінші сөйлемге қарағанда бірінші сөйлемде экспрессивті-эмоционалды реңкі басым, ой жинақы. Кейде болымсыз мағыналы сөздерді сөйлем ішінде қайталап қолдану арқылы да сөйлемге эмоциялық реңк беруге болады. «Сөйлемдегі бір сөзді, кейде сөз тіркесін сол сөйлемде немесе көрші сөйлемде қайталаудың ерекше стильдік қызмет атқаратын да орны бар» деген кері

пікір текке айтылмаған [5,176]. Мұның бәрі автордың мәнмәтінде қызметіне қарай сөзді ойнату, жұмсау шеберлігіне кеп саяды.

Қайталаудың бір түрі – эпифора арқылы жасалған болымсыз мағыналы сөйлемдерде стильдік сапа жоғары, экспрессивтік-эмоциялы бояуы басым болады.

Философиялық заңдылық теріске шығаруды теріске шығара отырып, көркем сөз шеберлері затты, ия болмаса, құбылысты сипаттауда аталған заңдылықты ұтымды пайдалана білген.

С.Мұқановтың қолданысы ...Айта берсең, ол тас та емес, тас емес те емес. Тас дейін десең , діңгектің үстіне өскен бұйра тобылғы. Тас емес дейін десең , желді күні айналаны ұрып жатқан толқындар діңгектің бетін бір шаймайды [6,188-189].

Г.Мүсіреповтің қолданысы... Емес те емес. Беретін мағынасы – ол да емес, бұл да емес.

Құл да емес, емес те емес. Байқадамның айналасы осынша кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен.\\ Толық мәтіннен үзінді ... «Құл да емес, емес те емес, тәуелді де емес, тәуелсіз де емес. Сұрану да емес, сұрау да емес» [7,91].

Экспрессивтік-эмоциялы бояуы ерекше теріске шығаруды теріске шығаратын бұл амал болымсыздық мағына тудырудың көп кездесе бермейтін түрі.Сөйлемде мақсатсыз қолданылған басы артық сөз жоқ. Бұл – жеке авторлық қолданыстағы сөйлемдер. Ал «*емес*» сөзі белгілі қасиеттердің жоқтығын нақтылау үшін, ерекше көрсету үшін қолданылған. Сөйлемдердің экспрессивті-эмоционалды бояуы айдан анық. Сондай-ақ болымсыз мағыналы сөздер сөйлемде белгілі бір затқа, құбылысқа назар аудару мақсатында да қолданылады. Мысалы: *Өзі де, қызы да ұшып тұрған, ерінбейтін, екі айтқызбайтын* жандар. *Ұлпанда мырзалық та жоқ, сарандық та жоқ, атаққұмарлық та жоқ.*

Енді бірде көркем шығармалардан *бей-, би-, на-* префикстері арқылы жасалған *бейшара, бейғам, бимағлұм, бейдауа, наразы* сияқты лексемаларды жиі кездестіреміз. Аталмыш лексемалардың қыр-сырын анықтау үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздігін қарастырсақ.

1. Бейғам – иран, араб тілдерінен енген сөз. Қамсыз, алаңсыз жайбарақат. Мысалы, Еркебұлан қағазды оқыған сияқты еді, бірақ әлі бейғам отыр (Ғ.Мүсірепов) [8,219].

2. Бейшара – иран сөзі, байғұс, шарасыз. Мысалы, Шыдап тұра алмай, бейшара ана қалтырап шапшаң басып кетті. (С.Сейфуллин) [8,231].

3.Бимағлұм – иран сөзі, белгісіз, анық емес. Мысалы, Қазақтың мемлекеттік палатасына соңғы кезде Қазан қаласынан бұрын бимағлұм болып келген бірнеше ескі кітап түсті. (Қазақ әдебиеті) [8, 307].

4. Наразы –[ир. ар.] сын. Бір нәрсеге қарсы, разы емес. Әбілқайырға наразы біраз рулар Монголстан жеріне қашып бара жатқан (І.Есенберлин, Алмас) [9, 234].

Келтірілген мысалдардың қазақ тілінде *-сыз , -сіз,- на* формалары арқылы жасалған *қамсыз, алаңсыз, шарасыз, белгісіз, разы емес* деген варианттарының бар екенін байқаймыз. Десе де, арагідік сөз зергерлері *бей-, би-, -на* префикстері арқылы жасалған, сындық белгінің жоқтығын білдіретін болымсыздық мағынадағы тұлғаларды белгілі бір стильдік мақсатта ұтымды қолдана білген.

Толассыз ақпаратты жеткізуде көпшілік санасында әбден жатталып қалған қарапайым, қатаң тілдік заңдылыққа сүйенген номинативті сөйлемдердің орнына экспрессивті-эмоционалды реңкі басым, синтаксистік -құрылымы өзгеше сөйлемдерді пайдаланған жөн. Осыған байланысты болымсыз мағыналы грамматикалық тұлғалар арқылы кейде болымды мағынаның жасалатынын айтқымыз келеді. Мысалға: Мен осы жұмысты соңына дейін жеткіземін. – Мен осы жұмысты соңына дейін *жеткізбей қоймаймын*. Негізгі және көмекші етістікке қатар жалғанған –*ма, –ме* тұлғалары іс -әрекеттің жүзеге аспағанын емес, керісінше оның орындалғанын білдіреді.

«Білмейді емессің, білесің, оны жұрттың бәрі мойындайды, көп оқисың, көп ізденесің (Т.Нұрт). Осындағы түбір етістіктің соң келетін -ме қосымшасы мен емес-тің қатар келуі болымды мағына тудырып тұр. Оның үстіне «білесің» деген болымды мағынадағы сөзді автордың әдейі келтіруі оларды бір-бірімен синоним етіп тұр» [6,188].

Р.Әмір, Ж.Әмірованың да болымсыз сөйлемдер туралы төмендегідей пікірлерін келтіруімізге болады. «Болымсыз пікір формасы жағынан болымды сөйлемдер арқылы да көрініс табады. Осындай болымсыз мағынаны білдіретін форманың бірі риторикалық сұрақ ретіндегі сөйлемдер» [10,84]. Мысалы, Осы үйдің еркекотай, тілазар кенжесі ақылға көне ме, шығып кетті (Бұқпа). «...ақылға көне ме...» деген болымды сөйлем контексте болымсыз мағынаны білдіріп тұр.

«Қазақ тіл білімінің антологиясы» деген еңбектен проф. М.Серғалиевтің болымдылық сияқты болымсыздық мағынаны білдіруде де морфологиялық тұлғаларды емін-еркін синоним ретінде жұмсауға болатындығын аңғаруға болады. Дегенмен «Мағыналық жағынан алып қарағанда, –ма арқылы болымсыздықты білдіруден гөрі, «жок» деген грамматикалық тұлға арқылы айтсақ, қимыл -әрекеттің ұшты-күйлі іске аспағандығы, демек, болымсыздықты барынша айқын таныту қасиеті білініп тұрады», –деп ғалым морфологиялық синонимдердің де мағыналық реңкіне ерекше назар аударған [11,47].

Мына сөйлемдерді дәлелді дерек деп қарастыруға болады. Мысалы: Етегі жер соққан аппақ манардай көйлек, жиегін зермен көмкерген қималы қамзол киген, бірақ басына ақ бөртпе шәліні салмапты. Атқан оғын зая жібермейтін қолмергендігі де жоқ емес. Алып отырған ақпарларға қарағанда қазаны төңкеріліп, түндігі жабылған шаңырақ, іргесі іріп, шаңырағы шайқалмаған ауыл жоқ тәрізді (Т.Қажыбай).

Еңбекте бұдан басқа да етістіктің шақ категориясына байланысты морфологиялық синоним құруға бейімділігі туралы да ұтымды пікірлер бар.

Тілімізде болымсыз мағынаның синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны белгілі. Бұл тәсілдерге жоғарыдағы тілдік деректер дәлел бола алады. Болымсыздық мағына – өте күрделі құбылыс. Ойды біршама жинақы, тиянақты, әсерлі жеткізуде, сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды реңкін арттыруда болымсыздық мағынадағы тұлғалар коммуникативті мақсатқа сай айтулы қызмет атқарады. Ал болымсыз көрсеткіштердің бір сөйлемде ретіне қарай бірнеше рет қолданылуы автордың амал-тәсілдерді шеберлікпен түрлендіре жұмсай алуының айғағы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 448 б.
2. Қараев М. Қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі. 1993. – 216 б.
3. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп.1984. –175б. 4. Әбдіғалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздық категория. Автореферат – Алматы: 1998. – 45 б.
5. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп. 1974. – 192 б.
6. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –273б.
7. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007. –800б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2- том. – Алматы: Ғылым. 1976. – 695 бет.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он томдық. 11-том. –Алматы: 2011. – 752б.
10. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. –Алматы: Санат, 1998.–192б.
11. Серғалиев М. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Синтаксистік зерттеулер. Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік ун-ті, 2010. –560 б.

АКАДЕМИК М СЕРҒАЛИЕВТЫҢ ЖҰБАНОВТАНУДАҒЫ РӨЛІ

МИРОВ М. О.,

Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қазақстан, Ақтөбе қ.

Аңдатпа Мақалада ғалым М.С.Серғалиевтің жұбановтану ғылымындағы орны, оның ғылыми еңбектеріндегі профессор Қ.Жұбановқа қатысты зерттеулері сарапталған. Академик М.С.Серғалиевтің қазақ тіл білімінің теориялық жағынан қалыптасуына үлес қосқан алғашқы ғалымдардың бірі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің синтаксисі мен терминологиясы жөніндегі еңбектерін зерттеп, ғалымның синтаксис пен терминологияның өзекті мәселелеріне қатысты айтқан ғылыми ойларын бүгінгі ғылым жетістіктерімен байланыста терең талдағаны туралы баяндалады

Кілт сөздер: Жұбановтану, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика терминология тіл білімі, синтаксис, сөйлем мүшелері, сөз тіркесі, сөйлем, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі.

Аннотация. В статье излагаются исследования ученого М.С. Сергалиева научных трудах профессора К. Жубанова. Академик М.С. Сергалиев изучил труды К. Жубанова, одного из первых ученых, внесших вклад в теоретическое становление казахского языкознания, по синтаксису и терминологии казахского языка, и в связи с достижениями современной науки он смог глубоко проанализировать научные мысли, высказанные учеными по актуальным вопросам синтаксической терминологии. Роль академика М. Сергалиева в становлении Жубановедение

Ключевые слова: Жубановедение , социолингвистика, психолингвистика казахское языкознание, синтаксис, члены предложения, словосочетания, предложения, порядка слов в предложении, терминология

Abstract. The article summarises the research of the scientist M.S. Sergaliyev in the scientific works of Professor K. Zhubanov. The scientist M.S. Sergaliyev studied the works of K. Zhubanov, one of the first scientists, who contributed to the theoretical formation of Kazakh linguistics, on the syntax and terminology of the Kazakh language, as well as in connection with the achievements of modern science, and he was able to deeply analyze the scientific thoughts expressed by scientists on topical issues of syntactic of the pen terminology.

Keywords: Zhubanov studies, sociolinguistics, psycholinguistics

Knowledge of the Kazakh language, syntax, parts of a sentence, phrase, sentence, order of words in a sentence, terminology

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қуғын-сүргін қазақ тілтану ілімі ғалымдарын да айналып өтпегені мәлім. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ағарту саласының ғалымдары ақтала бастаған тұста ол адамдардың ел алдындағы елеулі істері, ғылым-білім саласындағы еңбектері зерделене бастады. Ана тілімізді ғылым тіліне айналдырып, оның ғылыми -теориялық негізін қалыптастыруда ерен еңбек еткен профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов сталиндік репрессияның құрығына ілініп, 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Міне осындай жазықсыз жаланың құрбаны болған ғалым 1957 жылы 3 қазанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының шешімімен ақталды. Қ Жұбанов ақталысымен оның ғылымдағы орны, кісілік келбеті жайында алғашқылардың бірі болып 1957 жылдары жарық көрген кейбір мақалаларды санамалап

өтсек, Әуезов М., Кеңесбаев І. *Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы* // Қазақстан мұғалімі, 5 желтоқсан, № 50. Әуезов М., Кеңесбаев І. *Ірі оқымысты* // Қазақ әдебиеті, 5 желтоқсан, № 49. Мұсабаев F. *Қадірлі ұстаз* // Қазақстан мұғалімі, 5 желтоқсан, Жұбанов А. *Өнегелі өмір* // Қазақ әдебиеті, 5 желтоқсан.

Бұдан біз жұбановтану ғылымының бастау бұлағын аңғарғандай болдық. 1966 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздық Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеп, «*Ғалым-азамат*» атты еңбек жазса, М. Серғалиев «*Жұбановтың терминологиялық еңбектері*» деген мақаласын 1968 жылы «*Қазақстан мектебі*» журналының 6 санында жариялады. Профессор Бақытжан Хасанұлы Құдайберген Қуанұлының ғылыми еңбектерін жаңа қырынан қарастырып, *Қ. Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін.* сынды зерттеу жазды /Ақтөбе, 2000. –119 бет/

Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінің көш басында болып, ғылыми терең мәнді еңбектер қалдырғанын айта отырып, осы ойын ғылыми деректермен ұштастыра баяндаған ғалым М.Серғалиев: «Қай ғылымның да балаң шағында болатындай, сол ғылымның бастаушыларының бірі ретінде Құдайберген Жұбановтың ұлттық тіл білімінің көптеген, тіпті барлық тараулары бойынша ат салысып, пікір айтуына тура келді», - деген еді [1.257]. Тілтанушы ғұлама Қ.Жұбанов «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан» атты зерттеу еңбегінде синтаксис мәселелерін тарихи тұрғыдан нысанаға алып, синтаксистік категориялар жайындағы қалыптасқан бүгінгі таңдағы көзқарастар мен тілдің тарихи даму кезеңдерінен сақталған айырмашылықтарды салғастыра көрсетіп, сөздердің байланысуының тарихи ерекшеліктеріне ден қоя ізерлеген. Қ.Жұбановтың аталған еңбегінің ғылыми маңыздылығын жан-жақты талдай келе, академик Мырзатай Серғалиев өзінің «Профессор Қ.Жұбановтың синтаксистік зерттеулері» деген еңбегінде әр оқыған сайын жаңа, тың ой туындап отыратыныны атап көрсетеді.

... Ғалым қазақ тіліндегі сөйлем құрайтын сөздердің орын тәртібіне егжей-тегжейлі тоқталады. Соның өзінде қазіргі тіл материалында емес, «архаистік сөз тіркестеріне» талдау жасайды. Одан да дәлірек айту керек болса, тіпті ғалымның жазып отырған осы ғасырымыздың 20-30- жылдарындағы емес, дәл бүгінгі таңда кез келген қазақтың айтып жүрген, әдеби тілімізден берік орын алған кісі есімдерін (кейде хайуанат аттарын да келтіреді) құрайтын сөздердің бір- бірімен байланысы туралы ғылыми талғамын алға тартады», – деп, еңбектің ғылыми мәнін ашып, парасатты пайым жасаған [3, 24-25].

Қазіргі қазақ терминология ғылымының дамып, бірізге түсуіне Қ. Қ. Жұбановтың да орасан еңбек еткеніне соңына қалдырған ғылыми мұралары куә екені рас. Бұл жайында ғалымның «Термин сөздердің спецификасы жөнінде», «Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы», «Қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптері» деген мақалаларынан нақты деректер алуға болады [3, 23]. Қ.Жұбановтың терминологияға байланысты ғылыми мұрасына қатысты өз ойын профессор М. Серғалиев мына тұрғыда дәйектейді: «Проф. Қ.Жұбановтың тікелей белсене қатысуымен жасалған қазақ әдеби тілі терминологиясының негізгі принциптері бүгінгі таңда өз маңызын жойған жоқ, бұдан былайғы бұл саладағы зерттеулерде әбден ескерілуге лайық еңбек деп батыл айтуға болады» [1, 253].

Тіл білімінің аса білгірі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист Мырзатай Серғалиев өзіне дейінгі аға буын ғалымдарға ерекше ілтипатпен қарағанын оның публицистикалық туындыларынан білеміз. Тіл білімінің теориялық негізін қалаушы, кең тынысты түрколог, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ғылыми мұраларын зерттеп қана қоймай, оны терең насихаттап, «Жұбанов тағылымы» халықаралық конференциясының жоғары

деңгейде өтуіне ықпал етті. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне сан мәрте келіп студенттерге, профессор – оқытушылар қауымына дәріс оқыды, болашақ ғалымдар дайындауға айтарлықтай үлес қосты. Сол арқылы оқу орнының ғылыми әлеуетінің жоғарылауына және жұбановтану ғылымының жаңа белеске көтерілуіне игі ықпалын тигізгенін білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Серғалиев М.С. Профессор Қ.Жұбановтың синтаксистік зерттеулері // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 1998. – 24-28 б
2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар, баяндамалар. – Алматы: Сардар, 2013.– 392 б.
3. Жұбанов Қ . Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті», 2019.– 584 б.
4. Рабиға Сыздық *Ғалым-азамат* Алматы 2010 ж 90 б
5. Хасанұлы Қ. *Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін.* ,Ақтөбе, 2000. –119 бет
6. Әуезов М., Кеңесбаев І. Ірі оқымысты // Қазақ әдебиеті, 5 желтоқсан, № 49.
7. Қ Жұбанов және қазақ совет тіл білімі Алматы Ғылым. 1990-368 б
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты 2010- 608 б

АКАДЕМИК М. СЕРҒАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨСЕМСӨЗ СТИЛІ

ЖУМАГУЛОВА Б.Б.,

*Н.Г.Чернышевский атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, магистр,
Семей, Қазақстан*

Профессор М.Серғалиевтің зерттеулерінің үлкен бір тобы тіл мәдениетіне арналған. Ұстазы, көрнекті ғалым М.Балақаевпен бірлескен авторлықпен шығарған «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығының (1995, 2004, 2006) «Тіл мәдениетінің негізгі сапалары» тарауын жазды. Авторлар ұжымының «Тіл саясаты: тағлым мен тәжірибе» (2006) деген кітабында М.Серғалиевтің БАҚ пен электрондық баспасөз бетіндегі тілдік құралдардың қолданылу мәдениетін тілге тиек ететін мақалалар топтамасы көлемді орын алады.

Ғалымның пікірінше, публицистикалық стильге БАҚ-тың тілі жатады. Ол қай кезеңде де қазақ әдеби тілінің толық орнығуына тікелей ықпал етуде. Егемендік кезеңде публицистикалық стильдің қызметі жаңаша қырынан көрінді. Қазақ тіл ғылымының барлық салаларына қатысты оның көкейкесті мәселелерінің негізгі түйін қорытындыларын осы публицистикалық стильде жазылған шығармалар беріп отырады.

Жаңа сөздердің енуі, сөз мағынасының кеңеюі, кейбір сөздердің мағынасы тарылуы, тіпті қолданыстан шығып қалуы, терминдердің енуі, жаңаша, мәндес тіркестердің пайда болуы — бәрі осы публицистикалық стиль арқылы танылды.

М.Серғалиев публицистикалық стильдің орасан зор ақпарат таратушы қызметінен, оның жеке өз алдына зерттеу бағыттар-нысандары, қазақ әдеби тілін дамытудағы рөлі, жазылу мақсаты мен міндеттерін жете саралап қарайтын уақыт жеткенін баса айтады.

Публицистика (латынша: publicus – көпшілік, әлеумет) – қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, жуанлдардағы мақалалар, памфлет, очерк т.б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын функциональдық стильдердің бірі. Публицистикалық стиль тындармандар мен оқырмандардың арасына кең таралымымен, бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадағы мәнерлілігімен сипатталады. Тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильдің ерекшеліктері болады.

М.Серғалиев «Стилистика негіздері» атты еңбегінде функциональдық стиль түрлеріне сипаттама бере келіп, басқа стильдер сияқты, көсемсөз стилінің де экстралингвистикалық және лингвистикалық ерекшеліктері болатынын айтады. Мұндай ерекшеліктері қатарына мыналарды жатқызады:

Экстралингвистикалық белгілері:

-хабардың толыққанды болуы;

-баяндаудың;

а) нақтылығы;

ә) фактографиялылығы;

б) логикалылығы;

в) ықшамдылығы;

г) экспрессивтілігі мен эмоционалдығы;

ғ) қимыл-әрекетке итермелеуі.

Лингвистикалық белгілері:

-сөздердің үнемдеп қолданылуы;

-қалың оқырманға түсінікті болу мақсатында сөздердің ұтымды пайдаланылуы;

-қоғамдық-саяси лексика мен фразеологияның публицистикалық ыңғайда кірістірілуі;

-қажетті жерінде басқа стильдердің тілдік құралдарының жұмсалуды [1, 39].

М.Серғалиев публицистикалық стильдің фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне тоқталады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының берілу формасына қарай телевизия, радио және мерзімді баспасөз деп үш түрге бөлінетіні белгілі. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі туралы айтқанда, мұндағы мәтіннің ерекшелігіне тоқталу қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіннің негізгі ерекшеліктері бұқаралық ақпарат құралдарының медиалық қасиеттеріне байланысты. БАҚ арқылы берілетін хабарламаларды кейінгі жылдары медиа-мәтін деп атау қалыптасып келеді.

«БАҚ арқылы таралатын аудиалды (есту арқылы) және визуалды (көру арқылы) түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп, вербалды және медиалдық белгілердің жиынтығы ретінде медиа-мәтін ұғымын құрайды» [1,45]

Журнал, радио, телевизия, кино және т.б. бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде газет тіліне ерекше назар аударылады. Себебі, біріншіден, газет мәтнінде БАҚ тіліне тән негізгі стилистикалық тәсілдер мен құралдар алғаш пайда болып, қалыптасқан, екіншіден,

лингвистикалық зерттеу үшін радио-теле материалдардан гөрі газет мәтіні ыңғайлы, үшіншіден көлемді, ауқымды болып келеді.

М.Серғалиев публицистикалық мәтінге тән ерекшеліктер ретінде оның бейнелілігін, мәнерлілігін, мәтіндегі баяндаудың шешендігін атайды. Публицистикалық мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері қоғамдық-саяси терминдер мен терминдік сөздердің, эмоциялық баға беруші сөздердің, экспрессивтік бояуы бар сөздердің, перифраздардың жиі қолданылуымен сипатталады.

Кейінгі жылдары қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың өріс алуына байланысты БАҚ мәтіндерін когнитивтік лингвистика, психолінгвистика, прагмалингвистика тұрғысынан қарастыру да орын алуда. Қ.Есенова «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» атты зерттеуінде қазіргі қазақ ресми баспасөзіндегі медиа-мәтіннің прагматикалық әлеуеті, ақпараттық, әлеуметтік –реттеуіштік, әсер ету қызметтері және саяси дискурс мәселелері қарастырылады. [2,266]

Қазіргі баспасөз тілінің жанрлық-стильдік ерекшеліктерін қарастырған А.Алдашева қазіргі газет мәтінінің стильдік ерекшеліктері туралы: «...қазіргі газет жанрларында экспрессивті-эмотивті лексика, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен қанатты сөздер, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тіліне тән тілдік тұлғалар мен қарапайым лексика үлгілері көбірек жұмсалады. ... газет тілінде басқа стильдердің тілдік элементтері басымырақ көрінеді. Бір стильдік элементтердің екінші стильге ауысуын ғылымда стильаралық диффузия деп атайтыны белгілі. Қазақ баспасөзінде осындай стильаралық диффузия құбылысы байқалып отыр» [3,364]-дейді.

Д.Әлкебаеваның пікірінше, публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын функциональдық стильдердің бірі. Публицистикалық стиль тыңдармандар мен оқырмандардың арасына кең таралымымен, бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадағы мәнерлілігімен сипатталады [4,43].

М.Серғалиев пікірінше, газети-публицистикалық стиль қоғамдық саяси салаға қызмет етеді және әр түрлі газет жанрларында, мерзімді баспасөз мақалаларында қолданылады. Публицистикалық мәтіндер ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Публицистикалық мәтіндерге тән белгілердің бірі екі түрлі тенденцияның араласып келуі: экспрессивтікке ұмтылу мен стандартқа ұмтылу тенденциясы. Бұл белгілер публицистикалық мәтіндердің төмендегідей қызметі арқылы жүзеге асады: ақпараттық мазмұндық функция, оқырманды сендіру функциясы, эмоционалдық функция. Публицистикалық мәтіндердегі ақпарат ғылыми мәтіндердегідей белгілі бір сала мамандарына ғана емес, бүкіл халыққа, қоғамның барлық мүшелеріне арналады. Сонымен қатар публицистикалық мәтіндердегі ақпараттың маңыздылығы ғылыми мәтіндердегідей емес, уақытқа тәуелді болады, яғни оның оқырмандар үшін белгілі бір уақыт аралығында ғана маңызды болуы мүмкін, сондықтан сол уақыт ішінде ақпарат оқырманға жеткізілуі тиіс [1,108].

Газет-публицистикалық мәтіндерде оқырманын сендіру эмоционалдық ықпал арқылы жүзеге асады. Автор хабарланған оқиғаға өзінің қарым-қатынасын ғана сездіріп қоймайды, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, партияның немесе ұйымның т.б. көзқарастарын білдіреді. Публицистикалық мәтіннің оқырманға ықпал ету қызметі оның эмоционалдық-экспрессивтік сипатымен тығыз байланысты.

Кез келген публицистикалық мәтін автор мен реципиент арасындағы өзара әрекеттестікке қатысты қабылданады. Ол – ой әрекеті мен тіл әрекетінен тұратын күрделі процесс. Автор ойын оқырманның дұрыс түсінуі мәтінде көтерілген мәселенің айқын немесе астарлы мәнде берілуіне тікелей байланысты болады. Бір ғана тақырыпқа құрылған, автор мақсаты ашық баяндалған шағын хабарламаларды қабылдау оқырман үшін қиындық туғызбайды. Ал автордың түпкі ойы әр түрлі лексикалық бірліктердің айшықтала қолданылуы

арқылы, түрлі синтаксистік композицияларда безендірілген, бірнеше тақырыпты қамтитын күрделі мәтіннің қабылдануы оқырман тарапынан тілдік біліктілікті, саяси сауаттылықты, проблемадан хабардарлықты, бір сөзбен айтқанда энциклопедиялық білім қорының болуын қажет етеді [1, 17].

Қоғамдық маңызы бар ақпараттың таралу жылдамдығы публицистикалық стильдегі стандартпен байланысты. Стандартқа ұмтылыс публицистикалық мәтіндерді қатаңдық пен ақпараттылық сипаты бар ресми мәтіндерге жақындатады.

Публицистикалық стильді шағын стильдерге (подстиль) бөлу жөнінде бірізділік жоқ. А. Н. Васильеваның жіктеуінде публицистикалық стиль мынадай шағын стильдерден тұрады: 1) ресми-ақпараттық публицистикалық стиль; 2) ақпараттық-іс публицистикалық стилі; 3) ақпараттық-аналитикалық публицистикалық стиль; 4) ақпараттық-экспрессивтік публицистикалық стиль; 5) бейресми-ақпараттық публицистикалық стиль; 6) жалпы публицистикалық стиль директивалық публицистикалық стиль; 7) салтанатты-декларативтік публицистикалық стиль; 8) таза публицистикалық стиль; 9) экспрессивтік публицистикалық стиль; 10) репортаж публицистикалық стилі; 11) фельетон публицистикалық стилі [5,128].

М.Серғалиев газет мәтіндерінде көбінесе қоғамдық-саяси ұғымдарды білдіретін терминдер мен терминдік ұғымдағы сөздер жиі қолданыс табатындығына баса назар аударады.

Публицистикалық мәтіндерде терминдердің қолданылуы оны ғылыми мәтіндерге жақындатады. Алайда газет мәтіндеріндегі терминдер қолданысы ғылыми мәтіндердегі терминдер қолданысымен бірдей емес. Бұл жөнінде Қ.Есенова былай дейді: «Газеттің мақсаты қалың оқырманға ғылыми ақпарат беру емес, көпшілікке қажетті жалпы ақпаратты негізді етіп жеткізу үшін салалық терминдерді тар шеңберде пайдалану. Сондықтан да баспасөзде терминдердің қандай ғылыми әдебиеттен алынып отырғаны, оны қандай ғалым енгізгені, ол білдіретін ұғым жайында қандай даулы, өзекті мәселелер бар екендігі жайында мағлұмат берілмейді. Автор өзі көтеріп отырған проблеманың мән-мазмұнын ашып нақтылай түсу үшін термин сөздердің аса бір тиімді деген мәнін ғана пайдаланады. Оқырман үшін де мәтіндегі терминдердің ғылыми анықтамасы, сипаттамасы т.б. маңызды емес» [2, 265].

Академик М.Серғалиев публицистикалық мәтіндерде ғылыми, көркем және ресми мәтіндерге тән белгілердің аралас келуі де кездесетіндігін айтады. Сонымен қатар ғалым газет мақалаларында ғылыми терминдер, кейде көркем мәтіндерге тән бейнелі, образды сөз қолданыстар, ресми стильге тән стандартты үлгідегі қолданыстар да аралас жұмсалуды мүмкін екендігін ескертеді [1,114].

М.Серғалиев пікірінше, газеті-публицистикалық мәтіндерге консервативтілік пен жылжымалылық тән. Бір жағынан публицистикалық мәтіндерде бірқатар қоғамдық-саяси және т.б. терминдер жиі қолданылады. Екіншіден, оқырманды сендіру, оқырманға ықпал ету жаңа тілдік құралдарды қажет етеді. Осы мақсатқа орай публицистикалық мәтінде көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу стиліне тән сөз байлығы таңдап қолданылады. Газеті-публицистикалық мәтіндер лексикасы экспрессивті-эмоционалды сөздерді де қамтиды. Публицистикалық мәтіндерде экспрессивтік-бағалауыштық реңкке ие ауызекі сөйлеу стиліне тән қолданыстар, қарапайым сөздер, тіпті жаргондық элементтер де қолданылады. Публицистикалық мәтіндерде ауыспалы мағынадағы сөз қолданыстары жиі кездеседі[1,115].

Публицистикалық мәтіндерге тән тағы бір ерекшелік – мұнда тарихи қоғам қайраткерлері, белгілі көпшілікке танымал, көркем әдебиет кейіпкерлері есімдерінің оқырманға ықпал ету, мәтіннің экспрессивтілігін арттыру мақсатында жұмсалуды кездеседі.

Газеті-публицистикалық мәтіндер синтаксисі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Публицистикалық мәтіндерде одағайлар, инверсия құбылысы т.б. экспрессивтілікті арттыру үшін қолданылады[1,115]

Публицистикалық стильде қыстырма сөздердің қолданысы да назар аударарлық. Қыстырма сөздер публицистикалық стильде ең алдымен ой пікірлерді санамалап беруге, оқиға, құбылыстардың ретін білдіруге қызмет етеді.

М.Серғалиев пікірінше, публицистикалық стильде көркем мәтіндерге тән синтаксистік қайталаулар мен риторикалық сұраулы сөйлемдер де стильдік жүк арқалай жұмсалады. Синтаксистік қайталаулар мәтін құрылымында көркемдік қызметпен қатар мәтінтүзушілік қызмет атқарады. Мәтін құрылымындағы сөйлемдердің өзара ұйқаса келіп, ырғаққа құрылуы, сол арқылы өзара мағыналық және құрылымдық жағынан байланысып, микромәтін түзуіне синтаксистік қайталаулардың септігі зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. Астана 2006.
2. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол.ғыл.докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 266 б.
3. Алдашева А. Қазіргі баспасөз тілі: жанрлық-стильдік ерекшеліктер // Мемлекеттік тіл: терминология, ісқағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999.- Б. 364-370
4. Әлкебаева Д. Стилистика және оның проблемасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2004. №4. –Б.41-43
5. Васильева А.Н. Художественная речь. Курс лекции по стилистике для филологов. – Москва, 1983. С 128.

М.С.СЕРҒАЛИЕВ – ЛИНГВИСТ ҒАЛЫМ

*КУШЕРХАНОВА Ж.Н.,
Н.Г.Чернышевский атындағы №1
жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Семей, Қазақстан*

Бүгінгі таңда тіл тағдырына бей-жай қарамайтын тіл жанашырларының арта түсуі қуантарлық жағдай. Сондай жүрегі қазақ деп соққан азаматтардың бірі – лингвист-ғалым М.Серғалиев болды. Тіл білімі саласын зерттеуде үлкен үлес қосқан М.Серғалиевтің еңбегі асқан құрметке лайық.

Көрнекті тіл маманы, публицист, әдебиет сыншысы Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев 1938 жылы 17-наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданында дүниеге келген. Әкесі Серғали Махметұлы мен шешесі Нұрилә Сыздыққызы Махметова «Жаңажол» шаруашылық ұжымының мүшелері болған. 1941 жылы әкесі соғысқа аттанып, төрт бала шешесінің тәрбиесінде қалады. Олардың ең кішісі М.Серғалиұлы еді.

М.Серғалиев 1945 жылы туған ауылындағы мектептің бірінші сынып табалдырығын аттады. 1947-1950 жылдары көрші ұжымшардағы Ленин орта мектебінде, 1955 жылы Қостанай облысы, Урицкий (қазіргі Сарыкөл) ауданындағы Қараоба орта мектебін бітірген.

Сол жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. 1960 жылы қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары білімді маманы болып шыққан студент осы университеттің қазақ тілі кафедрасына ассистент болып жұмысқа тұрады. 1966-1968 жылдары кафедрада қызмет атқара жүріп, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл

білімі институтының екі тілді сөздік және терминология бөлімінде кіші ғылыми қызметкері қызметін ала жүрген. Ұстазы М.Балақаев шәкіртінің ғылыми дәрежесінің болмағандығына қарамастан қосымша оқытушылық жүктеме беріп отырды. 1968 жылдан осы университеттің философия кафедрасында аға оқытушы ретінде жұмыс атқарып жүрген оны 1971 жылы ұстазы өз кафедрасына шақырды. 1989-1999 жылдары Әл-Фараби атындағы Қаз МҰУ жанындағы қазақ тілі мен орыс тілі мамандықтары бойынша кандидаттық, кейіннен докторлық диссертация қорғайтын мамандандырылған кеңестің төрағасы болды. Осы уақыттың ішінде 8 докторлық, 90-нан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды. 1999 жылға дейін профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы дәрежесіне дейін жеткен.

1999 жылы ректордың шақырумен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне келген ол содан қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруға кірісті. Кафедрада аспирантура мен магистратура бөлімдерінің ашылуына Мырзатай Серғалиұлының ұсынысы арқау болды. 2000 жылдан диссертациялық кеңес жұмысын бастады. Оның міндеті – қазақ тілі мен орыс тілінен кандидаттық диссертациялар қорғау еді. Бұл бағытта жеті жыл жұмыс істеген. Осы уақыт аралығында 60-тан аса адам диссертация қорғады. 2008 жылдан бастап кеңестің жұмыс бағытына өзгеріс енгізілді, бұдан былай ол қазақ тілі, түркі тілдері, орыс тілі, салыстырмалы тарихи, типологиялық, салғастырмалы тіл білімінен докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғайтын диссертациялық кеңес болып қайта бекітілді.

Ұстаздық қызметімен қатар, М.Серғалиұлы жылдар бойы ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданып келді. Көрнекті тіл маманы ретінде танылған ғалымның негізгі ізденістері қазіргі қазақ тілінің синтаксисі, лингвистикалық стилистика, тіл мәдениеті, шешендік өнер, көркем әдебиет тілі, лексикография мәселелері болып кете береді.

М.Серғалиев - қазіргі оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген «Қазіргі қазақ әдеби тілі» (1991, 2006) оқу құралының «Сөз тіркесі», «Құрмалас сөйлем» және «Күрделі синтаксистік тұтастық» тарауларының авторы. Жоғары оқу орындарының талапкерлеріне ұсынылған «Қазақ тілі» (екі автордың бірі, 1979, 1994) оқу құралының синтаксис тарауларын және сөз таптарына байланысты біраз материалды М.Серғалиев жазды.

Профессор М.Серғалиевтің зерттеулерінің үлкен бір тобы тіл мәдениетіне арналған. Ұстазы, көрнекті ғалым М.Балақаевпен бірлескен авторлықпен шығарған «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығының (1995, 2004, 2006) «Тіл мәдениетінің негізгі сапалары» тарауын жазды. Авторлар ұжымының «Тіл саясаты: тағлым мен тәжірибе» (2006) деген кітабында М.Серғалиевтің БАҚ пен электрондық баспасөз бетіндегі тілдік құралдардың қолданылу мәдениетін тілге тиек ететін мақалалар топтамасы көлемді орын алады.

«Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996) сөйлеу тілінің сұлулығы мен тазалығын сақтауға жәрдемін тигізсе, «Орысша-қазақша сөздіктен» (1993, 1995, 2001, 2003) мемлекеттік тілді оқып-үйренушілердің тіліміздің байлығы туралы алатын пайдасы аз болмаса керек. «Орысша-қазақша сөздік» пен «Қазақша-орысша сөздікті» (2004) оқырман қауым зор ықыласпен пайдаланып келеді.

Академик С.Қасқабасов: «Ғалымның тілтанушы ретінде сіңірген еңбегі өлшеусіз: басқасын былай қойғанда, оннан астам монография мен оқулығы және төрт сөздігі тілге қатысы бар жұртшылықтың жиі жүгінетін еңбектері екенін айтсам да жетер. Оның, тіпті, тілтанушылық еңбектерінің өзі, А.Байтұрсынұлының айтсақ, көркем әдебиеттің тірнегіндей болатын. Әдебиет мамандарының, ақын-жазушылардың арасында ол өз адамындай еркін сезінді. Оның мыңға тарта еңбегінің тең жартысындайы әдебиет әлеміне бағышталған, бірнеше көркем аудармалары, эсселері – қазақ сөз өнерінде ескерусіз қалмайтын еңбектер. «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде көзі қарақты жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Оның білім мен ғылымға,

қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі аса қомақты» - деп, М.Серғалиевтің зерттеулеріне өз бағасын берген болатын[1, 65].

Тіл білімінің майталманы ретінде М.Серғалиұлы өзінің тіл мәселесіне қатысты пікірін, ойын бұқаралық ақпараттарда білдіріп отырған. Ол материалдар М.Балақаевпен бірігіп жазған «Тілім менің – тінім менің» еңбегінде жарияланған. Еңбектегі материалдар мынадай тақырыптарға сәкес топтастырылған: 1. Мемлекеттік тіл мәселелері. 2. Тіл мәдениеті және терминология. 3. Қазақ тілін зерттеушілер. 4. Шағын пікірлер.

Алғашқы үш бөлімде М.Серғалиевтің ҚР Президенттігіне үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтайтын ҚР Лингвистикалық комиссиясының мүшесі ретінде (1998, 2005 жылдары); ҚР үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі ретінде және әдеби-мәдени үдерістерге қатысты жиындарда баяндамашы ретінде айтқан пікірлерін осы еңбектерден көруге болады.

Профессор М.Серғалиұлының филологияның әр түрлі салаларын зерттегендігі бізге мәлім. Солардың ішінде ғалымның үлкен улес қосқан салаларының бірі ретінде синтаксис саласын атауға болады. Қазақ тілі синтаксисінің XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бірінші жартысындағы зерттелуін М.Серғалиұлының есімінсіз елестету қиын. Ол кісі синтаксистің мәселелері жайлы мақалалар жазып, монография мен оқулықтар жариялады, студенттерге жылдар бойы дәріс оқыды. 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» еңбегіндегі синтаксис бөлімі тарауларының авторы, осы бөлімнің бас сарапшысы М.Серғалиұлы еді [2,230]. Академик сөз тіркестері, жай сөйлем, құрмалас сөйлемдерге ғана тоқталмай, мәтіндерді де қарастырып, зерттеген. Бұл еңбектердің қазақ тілі синтаксисін қазіргі кездегі зерттеу мен оқуға әсерін түсіну үшін синтаксистік деңгейлердің әрқайсындағы мәселелерді айқындап алу қажет.

Зерттеуші сөз тіркестерінен жасалған синонимдердің бір мағыналық топқа ортақтаса топтасатынын белгілейді және етістікті сөз тіркестерін мағыналық топтарына қарай мынадай түрлерге жіктеп көрсетеді: 1. нысандық қатынастағы сөз тіркестері; 2. әңгіме, сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері; 3. құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері; 4. бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері; 5. бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері; 6. қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері; 7. пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері [3,76-171]. Осы жіктеудегі соңғы 7-шісінен басқасын тек сөз тіркесінің өз ішінде ғана анықталатын құбылыстар қатарына жатқызуға болады. Соңғы «пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін» ғалым жалпылай алғанмен, нақты мағыналық рендерді баяндау барысында бөлектей қарайды. Осы тұсты синтездей түсу – болашақтың ісі. Ал етістікті сөз тіркесін оқытуда бұл түрлер пайдаланылуы қажет деп ойлаймыз.

Есімді сөз тіркестерін ғалым мынадай мағыналық топтарға жіктейді: 1. арнау, меншіктік қатынастағы сөз тіркестері; 2. заттың қасиетін, белгісін білдіретін сөз тіркестері; 3. заттың неден жасалғанын білдіретін сөз тіркестері; 4. мекендік қатынастағы сөз тіркестері; 5. мезгілдік қатынастағы сөз тіркестері; 6. мақсаттық қатынастағы сөз тіркестері; 7. себеп-салдарлық қатынастағы сөз тіркестері; 8. салыстырмалық қатынастағы сөз тіркестері [3,171-200]. Қазақ тілі синтаксисінд бұларды анықтауыштық немесе пысықтауыштық қатынасқа жатқызады, ал нақты мағыналары әр түрлі жағдайға байланысты көрсетіледі десе де болады. Анықтауыш, пысықтауыш дегендерді сөйлемге тән құбылыс деп санайтын болсақ, сөз тіркесіндегі мағыналық құбылыстарды қазіргі жоғары мектеп лингводидактикасында М.Серғалиевтің көрсеткеніндей топтап көрсету керек тәрізді.

М. Серғалиевтің синтаксисті зерттеудегі бір ерекшелігі – салалас сөз тіркестері. Бұл ерекшелік әлі оқыту жоспарына енгізілген жоқ. Бұл мәселе әлі талдануы тиіс, белгілі бір мәреге жетуі тиіс мәселе болып табылады. Мырзатай Серғалиұлының синтаксисті зерттеудегі тағы бір үлесі жай сөйлемдерге қатысты. Жай сөйлемнің негізгі мәселелері бір тоқтамға келді деуге

болады. Бірақ күрделі сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдау барысында тығырыққа тірелетін уақыттар болып тұрады. Бұл тығырық сөйлем мүшесіне берілетін анықтама мен нақты бір сөйлемдерде кездесетін тіркестердің жайының екі басқа болуымен байланысты. Нақтырақ айтатын болсақ, сөйлем мүшесі болу үшін толық мағынаға ие болып, дербес бір сұраққа жауап беру керек, ал сөйлем құрамындағы кейбір тіркестердің әр сыңары осындай талапқа сай келеді, бірақ, логикалық жағынан алатын болсақ, тіркес тұтас бір сұраққа ғана жауап беріп тұрады. Бұған бір баламалы шешімді М. Серғалиев синтаксисінен табамыз: «Логикалық категория тұрғысынан келіп сөйлем мүшелерінің қай-қайсын да анықтау керек болғанда, ұғымның мазмұны мен көлемі есте болғаны жөн. Сөйлем мүшелерінің қатынастарында ұғымдардың мазмұндарының сәйкес келуіне қоса, міндетті түрде сол мазмұндардың көлемдері тең болулары керек, олай болмағанда сөйлем мүшесінің табиғаты толық ашылмайды» [1, 359].

Тағы бір қарастырылатын мәселе үйірлі мүше туралы. Оқулықтарда, әдебиеттерде үйірлі мүшенің екі түрлі анықтамасы кездеседі Бірінші анықтамада күрделі мүше өз ішінде мүшелік жіктерге бөлінеді делінсе, екіншісі анықтамада предикативтік ыңғайда құрылатыны туралы айтылады. Бірінші анықтама тұрлаулы мүшелердің бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратыны туралы қағидаға сәйкес болып шығады да, қайшылық тудырады. Бірақ бұл анықтама теріске шығарылмай келеді. Үйірлі бола алатын мүшелер бастауыш, анықтауыш және толықтауыш мүшелер ғана дейтін де пікірлер болған. Сонымен қатар құранды баяндауыштар мен сабақтас құрмаластың кей түрінің бағыныңқы сыңарын үйірлі мүше қатарына жатқызу да бар. Ал академик М. Серғалиұлы осы сияқты пікірлерді саралай келе, «... үйірлілік үшін бастауыш-баяндауыштық қатынастың (шартты түрде алғанда) болуы міндетті; сөйлем мүшелерінің барлығы да үйірлі болуға бейім» деп табады [1,369]. 67 Құрмалас сөйлемдерді зерттеу мен оқытуда басын ашып алар жайт – пішіннен мағынаға қарай бағыттталып зерттеу мен солайша түсіндіру. Бұл, ең алдымен, құрмаластардағы функционалдық мәселесін айқындайды, ал оқытуда уақыт үнемдеуге, ойды ықшамдап жеткізуге ықпал етеді. Осы орайда М. Серғалиұлының жіктемесін қолдануға әбден болады.

Ал синонимияны талдау барысында академик салалас және сабақтас сөйлемдерді мағынасына байланысты мынадай он топқа бөліп көрсетеді: 1. шарт мәнді сөйлемдер; 2. қарсы мәнді сөйлемдер; 3. ыңғайлас мәнді сөйлемдер; 4. мезгіл мәнді сөйлемдер; 5. түсіндірме мәнді сөйлемдер; 6. себеп-салдар мәнді сөйлемдер; 7. салыстырма мәнді сөйлемдер; 8. амал мәнді сөйлемдер; 9. мақсат мәнді сөйлемдер; 10. нысанды білдіретін сөйлемдер [4, 212].

Жай және құрмалас сөйлемдердің синтаксистік бірліктері ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында зерттелле келе ХХІ ғасырдың басында оқытыла бастады. Зерттеу Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, Б. Шалабаев еңбектерінен бастау алғанмен, аталған мәселеге арналған оқу құралының авторлары Б. Мүсірепова мен М. Серғалиұлы болып табылады[1, 32].

М.Серғалиевтің синтаксистік зерттеулері, көзқарастары кеңес уақыты кезінің өзінде республикамыздан тыс жерлерге де белгілі болған болатын. Кейін монография түрінде жарық көрген (1991) «Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» тақырыбына қорғалған кандидаттық (1967) және «Синтаксистік синонимдер» монографиясының (1981) негізінде қорғалған докторлық (1988) диссертацияларында ғалым синонимдік құбылыстардың лексика мен фразеологияда ғана емес, сонымен бірге, еркін сөз тіркестері мен сөйлемдерде де болатынын нақтылы деректермен дәлелдеді; оларға ұқсас категориялар мен ұғымдардың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін де атап көрсетті. Сөйтіп М.Серғалиұлы тіл біліміндегі синтаксистік синоним теориясының негізін салушы ретінде танылды.

Авторлар ұжымымен бірлесіп жазған «Қазіргі қазақ әдеби тілі» (1991, 2006) оқу құралының «Сөз тіркесі», «Құрмалас сөйлем» және «Күрделі синтаксистік тұтастық» тарауларының авторы – М.Серғалиев. Жоғары оқу орнына арналған бұл құралда синтаксистік тұтастық теориясы тұңғыш рет беріліп отыр. «Синтаксис және стилистика» монографиясында

(1997) қазақ синтаксисінің мәселелері соңғы жылдардағы жетістік деңгейінен сөз болады. ЖОО-ның талапкерлеріне ұсынылған «Қазақ тілі» (екі автордың бірі, 1979; 1994) оқу құралының синтаксис тарауларын және сөз таптарына байланысты біраз материалды М.Серғалиев жазды. Жоғарғы оқу орындарының талапкерлеріне арналған М.Серғалиевтің жеке авторлығымен ұсынылған «Қазақ тілі» (1992) оқу құралы да кең қолданысқа ие.

Ғалымның қазіргі қазақ тіліндегі еңбектерімен пікірлері авторлар ұжымының «Қазақ грамматикасы» (2002), «Синтаксистік зерттеулер» (2004), «Синтаксистік зерттеулер» (Павлодар, 2006), «Синтаксис мәселелері» (2006) т.б. беделді басылымдарға шыққан. «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996) сөйлеу тілінің сұлулығы мен тазалығын сақтауға септігін тигізсе, «Орысша-қазақша сөздіктен» (1993, 1995, 2001, 2003) мемлекеттік тілді оқып-үйренушілердің тіліміздің байлығы туралы алатын пайдасы аз болмаса керек. Ал Алматыда бір мұқабамен басылым көрген «Орысша-қазақша сөздік пен «Қазақша-орысша сөздікті» (2004) оқырман қауым зор ықыласпен пайдалануда.

Ғалым қазақ тілі синтаксисі мен стилистикасын зерттеудің өзіндік бір негізін қалаған ғалым тілтанудың ғылыми мектебін қалыптастырды. Ол кісі тіл мен әдебиетті қос қанатындай көріп, ұлт руханиятының алдында жүрген. Тілтанушы ретінде өлшеусіз еңбек сіңірген ғалымның халық жиі жүгінетін оннан астам монографиясы мен төрт сөздігі бүгінгі күні таптырмас мұра. Профессордың мыңға тарта еңбегінің тең жартысындайы әдебиет әлеміне бағытталған және эссе, көркем аудармалары ескерусіз қалмайтыны сөзсіз. «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Талантты шәкірт, саналы ұрпақ тәрбиелеуде жан аямай ат салысқан ұстаздың есімі ел есінде мәңгі қалмақ.

Тіл көркемдігін, тіліміздің құдіретін тілге тиек ете отырып, қаламгерлердің мұрасын терең барлап, жазушылық пен ұстаздықты қатар алып жүре білген профессордың еңбегі ерен. Талантты лингвист, ойының ұшқырлығымен, санасының жүйріктігімен ерекшелене білген әдебиетші, саналы шәкірт тәрбиелеген ұстаз артынан өшпес із қалдырды.

Жалпы, ғалымның жазған еңбектеріне, берген сұхбаттарына қарап ол кісінің халқымыздың маңдайына біткен, бағына қарай туған өнегелі тұлға екендігіне көз жеткіземіз. Мырзатай Серғалиұлының еңбектерінің қайсысын оқысаң да ұлтқа деген патриотизм, тілге деген құрмет байқалады. Сондықтан, ол кісінің есімі ел есінде мәңгі қалатыны анық.

Қорыта келетін болсақ, халқы үшін, ұлты үшін аянбай еңбек еткен, тіліміздің мәртебесі мен мерейін көтеруде ат салысқан ғалымымыз М.Серғалиевтің жазған еңбектері, ғылыми пікірлері өміршеңдігін жоймай, бұдан былай да заманауи зерттеулерге негіз болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары 2018 жылдың 16 наурызы. Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2018 © Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018.

2. Сыздық Р.Тіл мәдениеті және оның проблемалары// Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда, 2001.- 230 б.

3. Серғалиев М.С. Тілім менің – тiнiм менiң. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. 76-171 бб.

4. Серғалиев М. Сөйлемдердің синонимдігі. // Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006.

КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*ЖАКИНА А.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
магистранты.
Қазақстан, Астана қ.*

Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыбына қатысты зерттеулер Т.Қордабаевтың еңбектерінен басталады. Ғалымның: «Синтаксистік күрделі единицалар туралы қазақ тілі білімінде күні бүгінге дейін айтылған бір ауыз да пікір жоқ. Қазақ лингвистикасы құрмалас сөйлемнен үлкен синтаксистік единицаны әзірше білмейді. Неге олай? Қазақ тілінің синтаксистік құрылысында бірнеше дербес сөйлемдердің, соның ішінде құрмалас сөйлемдердің де бірігуі арқылы берілетін пікір күрделілігі жоқ па? Жоқ, олай емес. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында ондай синтаксистік күрделі шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да жиі кездеседі. Бірақ олар осы уақытқа дейін зерттелген жоқ» [1, 191] деген пікірінен бастап Р.Сыздық, Б.Шалабай, М.Серғалиев сынды зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, қазақ тіл біліміндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметінің зерттелу жайын ретроспективті түрде саралау көркем шығарма тілі мен жазушы стилін талдау тұрғысынан да, қазақ тілінің дамыған ұлт тілі ретінде функционалды мүмкіндігін таныту тұрғысынан да аса маңызды.

Т. Қордабаев қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық ұғымына ең бірінші анықтама беріп қана қоймай, күрделі синтаксистік тұтастықтың белгілерін, құрмалас сөйлемнен айырмашылықтарын, жасалу тәсілдерін жіктеп көрсетеді. Ғалым қазақ тілінде күрделі синтаксистік тұтастық келесідей тәсілдер арқылы жасалатындығын жазады:

1) Алдыңғы сөйлемде айтылған бір сөздің кейінгі сөйлемдерде есімдік түрінде қайталанып келуі;

2) Сөйлемдердің элепис арқылы, яғни айтылуға тиісті сөздің я сөздердің кейінгі сөйлемдерде айтылмай түсіріліп қалуы;

3) Сөйлемдердің жалғаулықтар немесе жалғаулық мәніндегі сөздер арқылы байланысуы;

4) Мағыналары бір-біріне жақын, біртектес оқиғаны, көріністі баяндайтын сөйлемдер оқиға, көрініс бірліктеріне қараай байланысады;

5) Сөйлемдерді, тармақтарды бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа келтіруге септігін тигізетін тәсіл – синтаксистік параллелизм;

6) Қайталау тәсілі [1, 197-200].

Бұдан бөлек Р.Сыздық «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» еңбегінде Абай өлеңдеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдай отырып, күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін:

- күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір субъектімен қазықталуы;

- модальдық реңктің біркелкі болуы;

- ұйқастың морфологиялық тұлғасы бірдей етістіктерден немесе бірдей шақтық тұлғада жасалуы;

- тәуелдік жалғауы арқылы жасалуы;

- өлеңдегі негізгі ойдың күрделі синтаксистік тұтастықтардың алғашқы тармағында, қалған тармақтарының сол ойға қатысты бірыңғай конструкциялар түрінде берілуі сияқты тәсілдермен толықтырады [2, 43-47].

Ал Б.Шалабай күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдеріне үстеу арқылы байланысу, сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы сияқты тәсілдерді қосады [3, 392]. Рәбиға Сыздық күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің байланысу тәсілдерінің біріне модальдық реңктің біркелкі болуын жатқызса, Б. Шалабай бұл тәсілдің тек автор сөзін ғана қамтитын күрделі синтаксистік тұтастықта болатынын, ал егер күрделі синтаксистік тұтастықта автор сөзінен бөлек ортақ төл сөз, кейіпкер сөзі қатысса бұндай күрделі синтаксистік тұтастық бірдей модальдық реңк арқылы жасала алмайтындығын жазады [3, 393].

Күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметіне қатысты тағы бір мәселе – күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымы. Ғалым М.Серғалиев «Синтаксисті зерттеулер» еңбегінде күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық-семантикалық бірлік ретінде бірнеше бөліктерден: алғашқы, ортаңғы және қорытушы сөйлемдерден тұратындығын жазды. Әрбір бөліктің атқаратын қызметі мен өзіне тән ерекшеліктері бар. Барлық бөліктердің күрделі синтаксистік тұтастықта болуы немесе болмауы жазушы стиліне байланысты [4, 242].

Ғалым Б. Шалабай Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романына жасаған талдауында күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын әр бөліктің қандай мақсатта жұмсалғанын көрсетеді. Автордың күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық ерекшеліктерін қаншалықты шебер қолдана білгенін жазады: «Жазушы күрделі синтаксистік тұтастықтардың бірінші бөлігінде қысқа, тұжырымды түйін жасайды, оның өзі суреттеліп отырған жайға автор қатынасын білдірудің де жолы. Ал кейінгі бөліктерде оның мәнін саралай түседі» [3, 32]. Ғалым жазушының күрделі синтаксистік тұтастықтағы қорытушы бөлікті психологиялық портрет жасауда ұтымды пайдаланғанын, кіріспе немесе қорытушы бөліктерде астарлы сөздерді қолданғану арқылы мәтіннің мысқылдық мәнін күшейте түскендігін, сондай-ақ авторлық көзқарастың өзін қорытушы конструкциядан байқауға болатындығын жазады. Б. Шалабай Ғ. Мүсірепов стилінің ерешелігі – әрбір оқиғаға, кейіпкердің іс-әрекетіне қорытынды жасап отыру болса, бұндай түйіндеулер жазушының күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық ерекшеліктерін шебер пайдалана білуінің арқасында жүзеге асқындығын тұжырымдайды [3, 33-34].

М.Серғалиев абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың айырмашылықтары туралы сөз қозғай отырып соңғысын стилистикалық-композициялық бірлікке жатқызған [4, 261]. Яғни абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтардың сәйкес келуі немесе бір абзацтың бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықтардан құралуы, бір абзацта бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықтардың болуы да шығарманың стиліне байланысты. Ғалым осы байланысты Т. Ахтанов, М.Әуезов, Оралхан Бөкей шығармаларын талдау арқылы көрсетеді.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметі күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу ерекшеліктері арқылы да жүзеге асады. Ғалым Б.Шалабай күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдер бір-бірімен іліктестік қатынаста және өзара тең дәрежеде немесе параллельді түрде байланысатындығын жазады. Бұл байланыс түрлерінің атқаратын қызметтері әртүрлі болады: іліктестік қатынас бірінен-бірі туындайтын оқиғаларды сипаттау үшін жұмсалса, параллель сөйлемдер бірінің орынын бірін басып жатқан оқиғаларды сипаттау үшін қолданылады. Байланысудың аталған түрлерін атқаратын қызметіне сәйкес шығармада қолдануға болады [3, 32].

Айталық, сөйлемдердің іліктестік қатынаста байланысуы арқылы көбінесе ғылыми стильдегі мәтіндер жазылса, публицистикалық стильде анафоралық қайталау қолданылады. Яғни күрделі синтаксистің құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілін дұрыс таңдау автордың стилистикалық сауаттылығының көрсеткіші бола алады. Ғалым екі байланыс түрінің бір синтаксистік тұтастық құрамында бірдей қолданыла алатынын, бұндай қолданысты М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушылардан кездестіруге болатынын жазады [3, 395].

Жалпы қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін індете зерттеген ғалымдар ретінде Б.Шалабай мен Р.Сыздықты атауға болады. Б.Шалабай «Күрделі синтаксистік тұтастық – шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшелігіне тікелей қатысты сөйлеу бөлшегі» [3, 29] деген анықтама бере отырып, күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін келесідей жіктейді:

- күрделі синтаксистік тұтастық арқылы сөйлемнен тыс жердегі байланыстардың сыры ашылады;
- күрделі құрылым ішіндегі синтаксистік қозғалыс суреткердің творчестволық ойының қалыптасу процесін көрсетеді;
- күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының көркем ойларын, идеялық бағытын шындыққа жақын ашуға болады;
- күрделі синтаксистік тұтастық көркем шығармада бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір баяндау планынан басқасына өтуді ұйымдастырып отырады;
- шығарманың сюжеттік өрбуін жүзеге асырады;
- баяндаудың әртүрлі рең құбылыстарын бір-бірімен ауыстырып отырады;
- күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының немесе кейіпкердің психологиялық көңіл-күйі ашылады;
- күрделі синтаксистік тұтастық арқылы белгілі бір оқиға тарамдай баяндалады;
- күрделі синтаксистік тұтастық арқылы кейіпкердің портреті жасалады;
- күрделі синтаксистік тұтастық оқиғаның, автор ойының жалпы ағының білдіріп қана қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын, модальдық қырларын және сол арқылы туатын ассоциацияларын қоса білдіреді[3, 395-396] .

Ғалым Р.Сыздық «Сөз құдыреті» еңбегінде Ш.Мұртаза мен О. Бөкей шығармаларындағы күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдау арқылы мәтіннің тілдік-стильдік табиғатын танудың үлгілерін көрсетеді.

Ғалым Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының талдай отырып, жазушының авторлық ремаркаларсыз бірнеше кейіпкерлерді қатарластыра, жарыстыра сөйлету арқылы күрделі синтаксистік тұтастық немесе ғалымның өз сөзімен айтқанда, «мағыналық-синтаксистік монолит» жасағандығын жазады. Р.Сыздық жазушының авторлық ремаркаларды қоспауының себебін романның тілдік сипатының ықшамдық, икемділік принциптеріне құралғандығымен байланыстырады [5, 74] .

Р.Сыздық кейіпкер ойын беруде күрделі синтаксистік тұтастықтарды қаншалықты ұтымды пайдалануға болатындығын О.Бөкейдің «Қар қызы» повесіне жасаған талдауында көрсетеді. Ғалым шығармадағы синтаксистік тұтастықтардың баяндауыштары бірдей морфологиялық тұлғада жасалғандығына назар аударады, ырғақ пен ұйқастың жоқтығына қарамастан күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы морфологиялық тұлғасы бірдей баяндауыштар арқылы шығармадағы ой-монологтар өлеңдегіше біртұтас сипат алатынын жазады.

Ғалым О. Бөкейдің айтылған ойдың экспрессиялық бояуын қалыңдату үшін төл сөздерде, авторлық баяндау сөздеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды жасауда қайталама тәсілін қолданғанына назар аударады. Осылайша қайталама тәсілін қолдану О.Бөкей стиліне тән екендігін анықтайды[5, 154-155] .

Рәбиға Сыздық Абай өлеңдеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдағанда 11 буында 4 тармақты шумақты , 6 буынды 4 тармақты, 7-8 буынды 4 тармақты, 11 буынды 6 тармақты өлеңдерін, сегізаяқ өлеңдерін, шумақсыз өлеңдерін, шумақ элементі бар өлең типтерін жеке-жеке талдап, әр өлең түріне тән күрделі синтаксистік тұтастық жасау тәсілдерін көрсетеді. Талдау нәтижесінде күрделі синтаксистік тұтастық пен өлеңнің сыртқы пішіні, ұйқастың түрі, буын мен тармақ санының арасындағы тәуелділіктерді анықтайды.

Ғалым өлеңде қолданылатын белгілі бір синтаксистік құрылымның, айталық, 11 жол 4 тармақты өлеңдердің алғашқы екі сөйлемінің параллель жай сөйлем түрінде келіп, соңғы екі сөйлемі құрмалас сөйлеммен берілуінде қандай тілдік мүмкіндік немесе артықшылықтар бар екендігі туралы жазады. Осындай құрылым арқылы буын санының көп болуына байланысты қысқа сөйлемді немесе жайылма фразаны сыйғызуға болады. Мүмкіндігімен қатар шектеулерді де көрсетеді. Мысалы, 11 буынды өлеңде тармақтарға бір ойдың сыйғанымен, эпитет секілдік көркемдеуші құралдар сыя бермейді. Соның әсерінен шығарманың көркемдік құндылығы төмендейді. Алайда бір шумақтың алғашқы екі тармағына бір ортақ субъект алып, екі тармақ бір жайылма сөйлемге айналғанда көркемдеуші құралдарды қолдануға болады. Бұл ұтымды тәсіл күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жүзеге асатынын көрсетеді[2, 74] .

Рәбиға Сыздық күрделі синтаксистік тұтастықтың жасалу тәсілдерінің ішінен параллельділік арқылы фактілерді констатациялау, өлең динамикасын, ақынның айтпақ ойын берудегі стилін өзгешелеу, логикалық ой қазығының біреулігі тәсілі арқылы портрет және суреттеулерлер жасау ұтымды екенін көрсетеді[2, 69-71] .

Сонымен қатар Р.Сыздық Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын талдау арқылы өлеңнің композициялық-тематикалық құрылымын анықтауға болатындығын жазады. Мысалы, ғалымның тұжырымдауынша, күрделі синтаксистік тұтастық шумақсыз өлеңдерде композициялық қажеттілікті өтейді, яғни өлеңді композициялық-тематикалық бөліктерге ажырататын амал ретінде қолданылады[2, 97].

Осылайша Р.Сыздық Абайға ғана тән немесе Абай жиі қолданған күрделі синтаксистік тұтастық жасау тәсілдері мен ерекшеліктерін талдай отырып, Абайдың шумақты «шашып-бөлмей» синтаксистік тұтас дүние етіп құрау принципін берік ұстанғандығын көрсетеді.

Сонымен қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыбы енді сөз бола бастағаннан осы күнге дейінгі уақыт аралығындағы зерттеулерге жасалған шолу барысында күрделі синтаксистік тұтастықтың жасалу тәсілдерінің толыққанын байқай аламыз. Сондай-ақ күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық бөліктері мен стильдік қызметінің кең көлемде зерттелгендігін айтуға болады.

Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай сынды ғалымдарымыздың ақын-жазушыларымыздың шығармаларына жасаған талдаулары күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін дұрыс танып, қолдана білудің психологиялық портрет жасауда, белгілі бір модальдық реңкті күшейтуде, шығарманың композициялық құрылымын сауатты ұйымдастыруда, автор сөзін, кейіпкер сөзін беруде, ойдың экспрессиялық бояуын қалыңдатуда, өлеңге қажетті буын саны мен ұйқас түрін таңдауда маңызды екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Т.Р Қордабаев. Тарихи синтаксис мәселелері(XV – XVIII ғасырлар материалдары бойынша). – Алматы: «Ғылым», 1964 – бет .
2. Сыздықова Рабиға. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Академии наук Казахской ССР, 1971. – 179 бет.
3. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелелері. – Алматы: «Арда», 2016. – 488 бет.
4. Серғалиев Мырзатай. Синтаксистік зерттеулер. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 392 бет.
5. Сыздықова Рәбиға. Сөз құдыреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова./ – Алматы: «Ел-шежіре», 2014 – 296 бет.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

*БӘКІР Ә.Қ.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті, Мұстафа Шоқай ғылыми
орталығының ғылыми жетекшісі,
саяси ғылымдар докторы, профессор,
Қазақстан, Астана қ.*

Құрметті конференцияға қатысушылар! Сіздерді осыдан он екі жыл бұрын дүниеден өткен, қазақ тілі мен әдебиеті үшін бар қажыр-қайратын жұмсаған, айтарын айтып, жазарынан жаңылмаған Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтың 85 жылдығына орай өткізіліп отырған осы мәртебелі жиынның табысты өтуіне тілектестігімді білдіремін.

Мен тікелей қазақ тілі мен әдебиеті жөніндегі мәселелерді мамандардың еншісіне қалдырып, көзін көрген, сөзін естіген замандасымның асыл арманы болған мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясының кеңейе түсуі, оның бүгінгі ахуалы турасында ой бөлісіп, өзіндік пікір, жеке ұстанымды танытсам деп едім. Бұл шегініс жасауды, өткен тарихымызға ой жүгіртуді қажет етіп отыр.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы дала мен Түркістан аймағы түгелдей патшалық Ресейдің отарына айналды да, жергілікті халық бұрын-сонды болмаған қиыншылықтарға ұшырай бастады. Өздері «бұратана» атаған халықты орыстандыруды негізгі нысана еткен отаршылар шұрайлы жерлерді иемденумен шектелмей, оның рухани дүниесіне, тіліне, дініне, діліне тиісті. Қазақ мектептері ашылмады, іс қағаздары орыс тілінде жүрді дегендей.

Тарихтан өзінің мәдениеті мен өркениеті деңгейіне байланысты үстем мемлекеттің отарлау саясаты әртүрлі деңгейде болатыны белгілі. Кезінде Индия да отар ел болды. Бірақ Англия олардың тіліне, дініне тиіспеді, қайта мектептер мен жоғары оқу орындарын ашты. Ал патшалық Ресейдің отарлық саясатынан туындаған озбыр тірліктерді бізден басқа ешбір ел көре қоймаған шығар. Бұл, әрине, негізінен мемлекеттің саяси сипатына, басқару жүйесіне байланысты болды. Кеше Одақта «кемелденген социализм» орнады, енді «Коммунизм не горами» деп даусы қарлыққан Кеңес басшысы Н. С. Хрущев еліміздің бай өлкелері – солтүстік бес облысымызды аламын деп аласұрғанын тек осымен түсіндіруге болады. Ал бүгін еліміздің тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асса да, Ресей жақтан Қазақстанда жерлеріміз бар дейтін дауыстар да жайдан-жай естіліп жатқан жоқ.

Патшалық Ресейдің отарлық саясатын біздің алғашқы ағартушы ардақтыларымыз білмеді емес, жақсы білді. Ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің «Сот реформасы туралы жазба» атты еңбегінде «...қандай даму сатында тұрса да, халықтың қалыпты өсуі үшін қажет нәрселер: өзіндігінен даму, өздігінен қорғану, өзін-өзі басқару және тергеусіз сот» болуы керек деп жазды [1, 103б.]. Бұл, ойланып қарасақ, тәуелсіздіктің тамаша формуласы.

Тұңғыш кәсіби педагог Ыбырай Алтынсарин 1880 жылы жазған бір хатында «Оренбург листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттар туралы мақала жазғанын айта келіп, былай деген еді: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі

дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, - келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, - тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың» [2, 179б.].

Ұлы Абай «Жиырма бесінші сөзінде» ежелден көрші Ресейді өнеге тұтып: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. ... Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады» дей отырып, «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деп ескерткен болатын [3, 44б.].

Рас, кеше кеңестік кезең жоғарыда айтылғандарға мойын бұрғызбады. Алайда бұл өмірлік ұлы өсиеттерді бүгінгі тәуелсіз жағдайымызда да мектеп оқулықтарынан таба бермейміз. Шынына келгенде, осыларға қатысты қазіргі өміріміздің барлық дерлік саласынан толып жатқан мысалдар келтіруге болады. Ең қиыны - мемлекеттік мәртебеге ие болғанына 30 жылдан асса да, туған тілімізге түгел ие бола алмай отырмыз.

Кезінде исламды да өз жағдайымызды ескере отырып қабылдадық. Алаш жетекшілері өзгенің мәдениетін, үлгісін қабылдағанымызда өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескерейік деп өсиеттеген болатын. Мұны берік ұстаным етіп, «орыс тілінің пайдалы жағын» қатаң ескере отырып қабылдағанымызда жағдай басқаша болатын еді. Мұның үстіне кеңестік жүйе ұлттық саясатты жергілікті жағдайды ескергісі келмей, үстемдікпен жүзеге асырды.

Осы сәтте Мұстафа Шоқайға жүгіне кетсем артық көрмеңіздер. 1932 жылы жазылған «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» деген мақаласында ол былай деп жазып еді: «Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамуымызды тежеп келген болса, большевиктер басқаруы халқымызды ұлттық сезіммен жүрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен біржола сылып тастауға тырысып отыр» [4, 226б.]. Осы сөздерде қаншалықты терең ойлар жатыр еді. Мұның үстіне өзіміздің де өзгеден кенже келе жатқанымыз біраз мәселені тиісті шеше де алмауыма алып келді.

Патшалық Ресейдің, кейін пролетарлық Ресейдің ұлттық саясатын дәл Мұстафа Шоқайдай өткір де қатаң сынап алған ешкім болған жоқ. Бұған ұлы тұлғаның эмиграцияда, оның ішінде Франция сияқты демократиялық, заңды мұрат еткен елде болғаны қолайлы жағдай туғызды. Алаш басшылары жағдайды білмеді емес, жақсы білді. Бірақ кеңестік жүйе олардың аузын аштырмады, мақалаларын бастырмады. Осыларды айта отырып, бір қағидатты мәселені ескерте кетейін: Мұстафа Шоқай Ресейді сынағанда оны ежелден көрші болып келе жатқан орыс халқының отаны ретінде емес, оның әуелі патшалық Ресейдің, кейін шеткері ұлттық аймақтар үшін озбыр ұлттық саясат жүргізген Кеңес үкіметінің орталығы ретінде сынады. Және жеріне жеткізе айта да білді, жаза да алды.

Кешегі кеңестік заманда елімізді «Қазақстан Советтік Социалистік Республика» деп ауыз толтыра атағанымызбен, ол автономия дәрежесінен көтеріле алған жоқ. Республикамыздың бірде-бір Конституциясында жергілікті халықтың тілі туралы еш құқықтық норма болмады. Орыс тілі автоматты түрде мемлекеттік тілдің рөлін атқарды. Мұның үстіне 1938 жылғы 13 наурызда СССР Халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) Орталық комитеті «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады. Әділет үшін қаулыда ұлттық республикалар мен облыстар мектептеріндегі оқытудың негізгі тілі ана тілі екені атап көрсетілгенін айта кеткен жөн. Алайда, бұл өз елінде азшылық болған, рухани дамуда кенже келе жатқан республикамызда орыс тілін қолдануға байланысты түрлі ауытқулар болып, зор қиыншылықтарға жол ашты.

Осындай саяси-әлеуметтік себептермен ана тілімізге қатысты қордаланған мәселелерді жою үшін кешегі Тәуелсіздіктің отыз жылында Алаш ұлт-азаттық қозғалысының «тілдің бостандығы - халықтың азаттығының кілті» деген идеясын ұстаным еткен еліміздің ұлтшыл

зиялы қауымы Мәскеудің «қайта құруына» сын көзімен қарап, егемендіктің елең –алаңында ең бірінші туған тіліміз үшін күресті.

1989 жыл еске түсіп отыр. Мен ол кезде облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқаратынымын. Алматыдан Қалтай Мұхамеджанов, Ә.Қайдари, Ө. Айтбаев т.б. республикаға белгілі жазушы, тіл мамандары келіп, Қызылордадағы Н.Бекежанов атындағы театрдың ғимаратында үлкен жиналыс өтті. Облыста «Қазақ тілі» қоғамы құрылады дегеннен соң халық көп жиналды. Ойлар да мол болды, түрлі пікірлер айтылды. Үлкен үзіліске дейін де, онан кейін де Қалекен, Қалтай Мұхамеджанов ағамыз шабыттана сөйледі. Сондай-ақ осы кездері Қалекеннің орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру керек деген ақсақал академімізбен де белбеуді тартыңқырап жіберіп, күреске шыққаны жадымызда.

Осылай әуелгі кезде билік тарапынан бірсыпыра тиісті қолдау көріп, еліміздің барлық елді мекендерде қазақ тілі қоғамдарының филиалдары, мекемелерде бастауыш ұйымдары құрылып, олар белсенділік танытты. Қызу тартыс, көсем сөздерден кейін 1989 жылдың 22 қыркүйегінде өткен он бірінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он төртінші сессиясында «Қазақ ССР-інің тіл туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі аса зор қиыншылықпен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Шындығында бұл еліміз үшін аса бір сындарлы кезеңде, яғни 1989 жылы республикада барлық 16,5 миллиондай халықтың 6 534 616-сы қазақ, 6 227 549-сы орыстар болып отырған жағдайда ана тіліміз үшін үлкен жетістік болатын. Оның қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған бүкілхалықтық іс басталды. 1990 жылдың наурызында ұйымдастырылған «Ана тілі» газеті бүгінгі күні ұлттық тіліміздің туын берік ұстап келе жатқан жоқ па? Әр санында түрлі тақырыптармен, түрлі ұсыныстармен мақалалар жарияланып келеді. Бірақ халықтың пікірін тыңдайтын, одан тиісті қорытынды шығаратын мемлекеттік шенеуніктер бар деп айта алмаймын.

Сөйтіп жоғарыдағыдай рухани өрісті, шынайы ұлтшылдық үдерісті тиімді пайдалана алмадық. Халықтың саяси белсенділігі сол кездегі биліктің өзіндік жүйесіне ұнамады. Себебі саяси саналы халықпен жұмыс істеу де, оны басқару да қиын, күрделі болатыны белгілі. Содан тілімізді төрге шығару жолында қалың қазақты оятуға бағытталған, көптеген батыл қадамдар жасаған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бірте-бірте әлсірей бастап, жұмысын тоқтатты. Кейін аты бар да, заты жоқ ұйымға айналды.

Рас, 1993, 1995 жылдары қабылданған екі Конституцияда да «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген аса құнды әрі биік шешім жасалды. 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң қабылданды. Тілдерді қолдану мен дамытудың бірнеше мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Алайда осындай күрделі өзгерістермен қатар қайшылықты жайлар да аз болмады. Мысалы 1993 жылғы Конституцияның сегізінші бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі» деп жазылғанына қарамай, «Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады» және «Мемлекет ұлтаралық қарым-қатынас тілі мен басқа да тілдердің қолданылу аясын сақтауға кепілдік береді, олардың еркін дамуына қамқорлық жасайды» деп жазылды. Өздеріңіз көріп отырғандай, бір баптың өзінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі дереу «басқа тілдердің» қатарына ығыстырылды. Ал 1995 жылғы Конституцияның 7-бабы: «1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» деп бұрынғы ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі конституциялық тұрғыдан тағы да негізделді де, осы баптың екінші тармағында: «2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне қайшы, қостілділікті қуаттауға бағытталған норма қабылдадық. Тағы айта кететін бір маңызды мәселе – Ата заңымыздың 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті

ұйымдастырушылық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген қағида көп ұзамай ұмыт болды.

Ал 1997 жылғы Парламент қабылдаған «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңның 27 бабының он бесі орыс тілінің қамын қарастырып, қазақ тілі жөнінде табан тірейтін бірде бір қағидатты мәселе болмады. Заң орыс тілінде «О языках в Республике Казахстан» деп аталғаннан соң, яғни Қазақстанды мекен еткен халықтардың тілдері туралы болғандықтан қоғамда мемлекеттік тілдік орта жасай алмады. Оның үстіне ана тіліміздің тағдырын «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» арқылы шешеміз деген теріс тұжырымнан орыс тілі кешегі кеңестік кезеңдегідей қоғамның негізгі қатынас тіліне айналды. «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарды жүргізу тілі болып табылады» деп жазылған сөздер көбіне қағаз жүзінде қалды. Ал Тіл туралы Заңның 4-бабын «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жаздық да, міндетті дей алмадық.

«Парыз» деген араб сөзі өз ішінде «айн» және «кифая» болып екіге бөлінеді: «Айн парыз» - әрбір мұсылманға тікелей жүктеліп, өтеуге борышты парыздар. Мұсылман бұл парыздарды жеке өзі орындауға тиіс. «Кифая парыз» - жалпы мұсылманға парыз бола тұрса да, кейбір мұсылмандардың іске асыруы арқылы барша мұсылманның мойнынан түсетін парыз. Сондықтан биліктегі кейбір лауазымды қызметкердің мемлекеттік тілді білу керек дегендерді «*үңгірдегі ұлтшылдар*» деп атауы орынды-ақ.

Тәуелсіздік жылдары «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек», «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ» деген жалаң сөздерден басқа тілге байланысты саясатта баяндылық, жүйелі жұмыс болмады. «Триединство языков» (дұрысы «үш тілдің бірлігі») «Үш тұғырлы тіл» деп біраз шабуылдадық. Бұл еліміздегі ресми басылымдарда, тіпті «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларға» енді. «Қазақстандағы үш тұғырлы тіл мәселесі: жетістіктері мен болашағы» атты тақырыпта өткен дөңгелек үстелдің куәсіміз. Онда «Сбалансированность языковой политики и культурный проект «Триединство языков» және «Триединство языков в Казахстане как главный приоритет государственной языковой политики» деген тақырыптарға баяндамалар тыңдадық. Қазақ мектептерінде, әсіресе облыс орталықтары мен ірі қалаларда оқитын қазақ балаларының өзі шала қазақ болып шығып жатқанда бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыттық. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілімен қоса, орыс және ағылшын тілдерін бала бақшадан бастап үйретуге кірісіп, арнайы ағылшын тілінен оқытушылар ұстадық.

Осылай біресе олай, біресе бұлай толқудың нәтижесінде қазақ тілінің қолданыс алаңы тарылды. Сол себепті бүгін республикадағы қазақ тілінде оқытатын мектептер барлық мектептердің 54 пайызын құраса, ал орыс және аралас тілдегі мектептерде оқушылардың басым көпшілігінде ұлтымыздың ұл-қыздары болып отыр. Ал министрліктердегілер баланың оқыту тілін таңдау ата-аналардың құзыреті деп қанағаттанғандық танытады. Мен мұны олардың өзіме жазған жауабынан алып отырмын. Бұлардың айтуына қарағанда, бізде мемлекеттік тілде оқу және оны білу хақында мемлекеттік саясат жоқ көрінеді.

Жинақтай айтқанда, ғасырларға созылған отарлық езгі, кеңестік қыспақ біздегі ұлттық намыс, ұлттық рух әлсіреп, ана тілімізге деген ұлттық қажеттілікті толыққанды сезінуден алшақтатты. Ұлы тұлға Мұстафа Шоқай өзінің «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» деген мақаласында жазылған: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген болатын [5, 163б.].

Осындай жайлардан қазақ тілінде еркін сөйлей алмай отырған Парламентіміз бен Үкіметіміз, көбіне иығын орыс тіліне тығып, қазақ тілінен қорғаныс іздейтіндердің халық алдында біресе қазақша, біресе орысша сөйлеуі нормаға айналды. Өз бала-шағасымен ана тілінде сөйлесе алмай жүрген аталар мен әжелер, әкелер мен аналар, болмаса өз тілдерін менсінбей, орыс тілін білгендеріне, азын-аулақ ағылшын, қытай тілдерінде сөйлегендеріне мәз болып, өздерін бақытты сезініп жүрген жастарымыз, республикадағы мектептердің бестен бірін құраған аралас мектептердегі қазақ тіліне еркін қолы жеткізе алмай отырған ұл-қыздарымыз, тіпті астанамыздың балалар ойнайтын алаңдарында қазақша сөйлемейтін жас өспірімдер - бүгінгі өміріміздің шындығы

Мұндай кемшіліктердің мәнді бір себебін «Тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымды терең түсінбеуден, мемлекетіміздің ұлттық сипатын жетілдіре түспеуден, шынайы ұлттық мемлекетті құра алмай отырғанымыздан іздеу қажет. Ресми құжаттарда «ұлттық мемлекет» деген сөздер айтылмайды. Қоғамымыздағы көптеген рухани дүниеміздегі кемшіліктер мен қайшылықты жайлар, халқымыздың өз тілінің де, жерінің де шынайы қожасы бола алмауы мемлекетіміздің осы сипатының әлсіздігімен байланысты болып отыр.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымында қабылданған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда Қазақ КСР-нің маңызды міндеттерінің бірі - ұлттық мемлекеттілікті қорғау және нығайту, төл мәдениетті, дәстүрлерді, тілді жаңғырту мен дамыту және қазақ ұлтының, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту сияқты идеялар көп ұзамай ұмытылды. Бұл идеялар былтыр еліміздің Тәуелсіздік алған күні аталғанда ғана тұңғыш рет басылым беттерінде еске алынды.

Тәуелсіздіктің өткен отыз жылында «қазақ тілін саясаттандырмайық» деп келіп едік, енді «қазақ тілін саяси ойындар үшін қолдануға жол берілмейді, ел билігі салмақты тіл саясатын жүргізуі тиіс» дейтін болдық. Сонда ана тіліміздің айдарынан жел есетіндей заман қашан болар екен деп қиялдауға шықтық. Өйткені бұл бағытта жүйелі жұмыстың аулы алыстау болып тұрған сияқты.

Жинақтай келе айтарым - Конституциялық өзгерістерсіз, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдамай, ана тіліміздің айдарынан жел есе қоймайды деп ойлаймын. Бұл - менің жеке ойым. Бірақ бұған қоғамымыз әзір дайын емес. Сондықтан, біріншіден, осы жердің, елдің иесі өз тілімізге өзіміз ие болуымыз керек. Екіншіден, осы мақсатта кешегі егемендіктің елең-алаңында ұлттық рухымызды көтеріп, белсенді қызмет атқарған, кейін билік тарапынан қолдаусыз қалған, көп жерлерде аты бар да заты жоқ «Қазақ тілі» қоғамдарын ұзақ ұйқыдан оятып, оның ісін бүгінгі өміріміздің талаптарына сәйкес қайта құру керек. Үшіншіден, тіл туралы мекемені министрліктен алып, «тіл саясатын салмақты жүргізетін», өз алдына белгілі құқықтары мен мүмкіндіктері жеткілікті мемлекеттік агенттік құрылғаны дұрыс. Осының өзі халықты жаңа ойларға жетелер еді. Төртіншіден, бұл орган халқымыздың өз тіліне өзінің ие болуының бар амал-тәсілдерін жан-жақты ойластырып, жүйелі ұйымдастырушылық жұмыс жүргізсе, тиімді болар еді. Мұның барлығы ұлттық рухымызды көтеріп, еліміздің алдына қойылып отырған ана тіліміздің ұлтаралық қатынас тілі болуына тиімді ықпал етері даусыз.

Сөзімді дәрістерін тыңдаған Мәулен Балақаев пен бүгінгі әңгімеіміздің негізгі тақырыбы болып отырған Мырзатай Серғалиев ағаларымыздың 1995 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің мәдениеті» деген кітабынан алынған: «Буыны бекімеген икемсіз саусақтарын ананың жылы төсіне жүгіртіп, ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрестенің құлағына алдымен ана сөзі естіледі. Ана сүті баланың қанына тарап, ана сөзі баланың сезімін оятады. Бара-бара баланың тілі шығып, ата-ананың, отбасының, бүкіл халықтың дәстүрімен емін-еркін сөйлесетін болады. Сүтпен еніп, миға сіңген сол тіл есейген адамның саналы өмірінің аса көрнекті рухани байлығы,

адамның адамдық белгілерінің бірі болып табылады» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр [5,76.]. Ана тіліміздің осы нәзік құдіретін әркім терең түсініп, ұғына білсе, жақсы болар еді.

Ықыластарыңызға рахмет!

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: «Толағай группа». 2010.- 496 б.

2. Ыбырай Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар. Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. Алматы: «Жалын», 1991. - 240 бет.

3. Абай. Қарасөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 124 бет.

4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. -2007. -352 б.

5. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Ықшамдалып, өңделген үшінші басылымы. Алматы: «Мектеп», 1995. – 124бет.

ИНСТАГРАМ ЖЕЛІСІНДЕГІ РЕСМИ ХАБАРЛАРДЫҢ ТІЛІ

МҰРАТОВА Ж. Н.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

магистранты.

Қазақстан, Астана қ.

Заман өзгереді. Ғылым дамиды. Күні кеше ғылым жаңалығы болған дүниелер өткен ғасырдың ескі ұғымына айналады. Ежелгі хат алмасулардың орнын бүгінде, әлеуметтік желілер алмастырды. Кезінде қоғамдық ортаны қалыптастырған бұқаралық ақпарат құралдары мен сайттарының қазіргі сұранысы көз қуантарлықтай емес. Көпшіліктің құмырсқадай жиналған ортасы әлеуметтік желілер қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы болып табылады. Соның ішінде сұранысқа ие, танымалдығы жоғары желі – Инстаграм. Бастапқыда бұл желі фотосуреттермен бөлісу арқылы ақпарат беріп, ойын-сауық қызметін атқарды. Кейіннен ізбасарлар санының өсуі біртіндеп желі функцияларының кеңеюіне әкелді: қазір Инстаграм коммерциялық және саяси мақсаттарда қолданылып, «жеке имиджді» құрудың тиімді және қолжетімді құралы болып отыр.

Тіл мен стиль — әлеуметтік желідегі аудиторияға әсер ететін негізгі фактор. Инстаграмды тұтынушылардың бірқатарының өзіндік мақсаты бар. Мақсаттарына сәйкес инстаграм қолданушылары өз аудиториясына белгілі бір стильмен жол тартады. Мысалы блогерлердің жалпыға ұғынықты, тілге жатық, әлеуметке түсінікті тілі болады. Белгілі бір ғылым терминологиясымен танымал, өз аудиториясының білім көкжиегін кеңітіп отырған парақшалар да аз емес. Ал сан түрлі топқа жататын жұртқа арналған ақпарат ресми тілде жазылатыны хақ. Бұған мемлекет басшысының, облыс, қала әкімдіктерінің парақшасы немесе белгілі бір салада қызмет ететін мекемелердің, әлеуметтік саяси маңызы бар тұлғалардың парақшаларын жатқызамыз. Ал ресми тілдің талаптарына сүйенетін болсақ мұндай жазбаларда, хабарламаларда, инфографикаларда ауызекі сөйлеу элементтері, эмоционалды боялған лексика қолданылмайды.

Ресми стильдің ауызша және жазбаша түрлері болады. Ауызша түрлеріне әр алуан құрылтайларда, конференцияларда, семинарлар жасалатын баяндамалар мен жарыссөздер жатады, бірақ ресми стиль түгелдей дерлік жазбаша түрде көрініс береді. Ауызша сөйленген түрлерінің өзі алдын ала неше түрлі редакциялаудан, өңдеуден өтеді. Демек, таза мағынадағы ауызекі сөйлеу стилінен мүлдем басқаша сипат алады. Ресми стиль екі түрлі тіл қызметін

атқарады: бірі - информативтік (ақпарат беру), екіншісі - волонтерлік (іске итермелеу) қызмет. Кейде оның екі қызметі жарыса жүреді. [1]

Әлеуметтік желідегі ресми хабарламалар да осы екі функцияны қатар алып жүр деуге болады. Тіпті өз функцияларының қатарын анализ жасау, талқылау, пікір алмасу т.б қызметтермен толықтырған. Бұл материалды, хабарламаны оқырмандар үшін қызықты етеді. Яғни мұндай хабарламалардың стилі ресми стильдің айналасында ғана болмайды. Инстаграм желісіндегі ресми хабарламалар бірнеше стильді қамтиды: публицистикалық, ресми, көркем әдебиеттің де белгілері байқалады.

Мысалы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың қарияларды өрттен құтқарған 14–15 жасар балаларға оқу_ағарту_ministrлігі парақшасында жолдаған алғыс хаты: «Сендерге адам өмірін құтқаруға қадам басқан ержүрек батырлықтарың үшін зор алғысымды білдіремін. Жасаған қадамдарың рухы берік, нағыз батырдың әрекеті деп білемін. Сендер болашақта ата-бабамыздан мирас болып қалған еліміздің кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғайтын, халықтың мақтанышына айналатын нағыз патриот азамат болып шығатындарыңа сенімім мол. Болашақтарың жарқын болсын!» (25 қаңтар 2023 жыл) [2]

Алғыс хаттың тікелей ресми стильге жататыны белгілі. Алайда ерекшелігі осында, жастарға білдірген алғыс сөзде эмоционалдық бояу, рух, патриоттық сөздер қолданылған. «Кең дала, асқар тау, сарқырап аққан көк өзен, ата-бабамыздан мирас болып қалған» сөздерінен көркем әдебиеттің иесі аңқып тұр. Ал ресми стильде адамның психологиялық жай-күйі, өзін-өзі ұстауы, эмоциясының тұрақтылығы, салқынқандылығы, материалды толық меңгеруі, мәдениетті сөйлеу техникасын игеруі стильдік фонға ие болады әрі сенімділік пен тұрақты мақсатқа арналады. [1] Яғни, инстаграм желісіндегі ресми хабарламалардың ерекшелігі бірнеше стилдің тоғысуы.

Ресми стильде көбінесе заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, Республика парламентінің жарлықтары, халықаралық шарттар, келісімдер, үкімет хабарлары жазылады. Мұндай мемлекеттік құжаттарда саяси-публицистикалық лексиканың, әкімшілік терминдерінің қолданылуы басым келеді. Мемлекет басшысының *tokayev_online* парақшасында жарияланған мына сөздерге назар аударайық: «Жалпы, еліміз бойынша да, осы облыста да жылу құбырлары апатты жағдайда тұр. Жағдай өте ауыр. Үкіметке бүгіннен бастап, әсіресе көктем және жаз айларында қысқы жылыту маусымына мұқият дайындалуды тапсырамын. Бұл – атқаратын басты міндет, себебі мұны созбалаңға салуға болмайды» (21 қаңтар 2023 жыл) [3]. Осы мысалдың сөйлем құрылысы жағынан да, жалпы жазба тіл нормасынан да ешқандай ауытқушылықтар жоқ. Ал стилистикалық өзгешелігі бірден көзге түседі. Мемлекет басшысының өз атынан халыққа және үкіметке баяндаған әрі хабарландыру, әрі бұйрық жазбасы. Жазбада өз ойын жанашырлықпен ауызекі тілде жеткізе алған. Бірақ мәтін ауызекі тілге құрылмаған. Себебі мұнда саяси өмірге тән арнаулы сөздер мен сөз тіркестері қолданылған. Мемлекет басшысының парақшасының ерекшелігі осында. Ауызекі тіл мен ресми тілді ұтымды қолдануында. Жаңа жыл күнгі жазбасынан тағы бір мысал келтірейік. «Жаңа жыл түнінде азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, сондай-ақ маңызды нысандардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін еңбек еткен медицина қызметкерлеріне, құтқарушыларға, өрт сөндірушілерге, полицейлерге, әскери қызметшілерге, коммуналдық және басқа да сапарлардағы азаматтарға алғыс айтамын. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін» (1 қаңтар 2023 жыл) [3].

Жалпылама көпшілікке, белгілі бір сала қызметкерлеріне алғыс айту мақсатында жарияланған бұл жазба «публицистикалық» стильде баяндалған, эмоционалды-экспрессивті

өрнектелген. Көпшілікке арналған жазбаның соңғы сөйлемдері тілекке ұласып, ресми алғыс сөзі бірнеше стильді біріктірген. Осылайша, ел президенті tokayev_online парақшасы аудиторияға оның сөйлеу портретін салуға, яғни оның жеке басы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ішкі дүниетанымы оның тілдік бейнесі тікелей өз атынан баяндалған, бірақ «ресми» субардинация жоғары деңгейде сақталған.

Мәдениет және спорт министрлігінің мына жазбасында алдағы уақытта орындалатын іс-әрекеттер үшін ресми хабарлама жасайды. Бірақ мәтіннің тұла бойы публицистикалық стильде баяндалған. Ресми хабарламаның публицистикалық стильде баяндалуы: «Ақмола облысы мен Шығыс Қазақстан облысының екі кәсіпкеріне туристік автобустар сатып алғаны үшін 11 млн теңге өтеледі. Сондай-ақ, биыл еліміз бойынша 576 санитарлық-гигиеналық торапты ұстауға арналған шығындарды өтеу көзделген» (28 ақпан 2023 жыл) [4].

2-наурыз күні жарияланған мына жазбадағы ҚР мәдениет және спорт вице-министрі Нұрқиса Дәуішовтың ресми жиында сөйлеген сөзіне мән берсек, таза ресми стильдегі ресми хабарлама екенін аңғарамыз: «2023 жылдың қаңтарынан барлық санаттағы қызметкерлердің айлығы өскенін атап өту керек. Бұл басшылар мен жетекшілер, негізгі персоналмен қатар, еден жуушы, күзетші, бахтер секілді жұмыскерлердің де еңбекақысы көтерілді» (2 наурыз 2023 жыл) [4] Осы парақшалар мен инстаграм желісінде жарияланған жазбалар бүгінгі зерттеу жұмысымыздың жаңа бір бағытта екендігін аңғартады. Қазіргі коммуникативті кеңістік сөйлеу жанрларының теориясы тұрғысынан сипатталуы мүмкін қарым - қатынастың жаңа түрлерін ұсынады. Сөйлеуді зерттеу – белсенді дамып келе жатқан бағыт [5]. Мақаладағы мысалдар ресми сөйленген сөздердің инстаграм желісінде жазба арқылы жарияланғандары. Виртуалды коммуникацияның бұл жанры виртуалды әлеуметтенудің кең мүмкіндіктерін ашады және интернет лингвистикасы үшін зерттеудің жаңа өзекті саласы болып табылады[6].

Қорытындылай келе, Инстаграм желісінде жарияланған ресми хабарлардың тілі – бірнеше стильдерді қамтитынына көзіміз жетті. Әрі көпшілікке жеткізілген жаңалық, әрі жалпы халыққа жолданған ресми жазбалар. Сонымен қатар, эмоцияналды-экспрессивті қызметі ресми хабарлардан көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу стилін де байқатты. Сан алуан стильдерді бір жазбада жинақтаған инстаграм желісіндегі ресми хабарлар лингвистиканың жаңаша бір сипаты десек те болады.

Әдебиеттер тізімі

1. М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы : оқулық / Алматы: Дәуір, 2005. – 254 б.
 2. <https://www.instagram.com/p/Cn1SEctITnT/?igshid=MDM4ZDc5MmU=>
 3. https://instagram.com/tokayev_online?igshid=MDM4ZDc5MmU=
 4. https://instagram.com/madeniet_sport_ministr_ligi?igshid=MDM4ZDc5MmU=
- ≡
5. Седова К.Ф. Антология речевых жанров: повседнивная коммуникация/М.: Лабиринт,2007. – 320 с.
 6. Карпоян С.М. Instagram как особый жанр виртуальной коммуникации/Филологические науки: Грамота,2015. – 84-88 С.

ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

ИСКАКОВА Г. Ж.,

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, докторант

Б. ШАЛАБАЙ,

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті филология ғылымдарының докторы, профессор,

Қазақстан, Көкшетау қ.

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Қазақ тіл білімінде тілдік қатысымның субъектісіне баса назар аударылып, тілдің нақты қарым-қатынас жағдайындағы жұмсалымын, әрі сол ақпаратты жеткізетін автор мен оның дүниетанымын негізге ала отырып қарастыру қолға алынғаны байқалады.

Мәтін – сөзді жүйеге түсіріп, қатынас жасауды жүзеге асырушы құрал. Мәтінді "әрекеттегі тіл" ретінде динамикалық сипатта түсіну оны қатысымдық-функционалдық жақтан талдау қажеттігін туғызды. Егер мәтінді тілдік қарым-қатынастың құралы және оның туындысы деп қарап, ол нақтылы тілдік қарым-қатынаста ғана қызмет етеді десек, онда мәтіннің ұйымдасу заңдылығын, қолданылу жағдайларын, түсінікті болуын шынайы қарым-қатынастың шарттарынан тысқары алып қарауға болмайды. Демек, мәтінді зерттеу – тілдің қатынас үдерісімен байланысты болып келетін қатысымдық-прагматикалық жағдайды зерттеу деген сөз [1, 3 б.]. Прагматиканың аясы кең, ауқымы үлкен. Ол тілдік бірліктердің қолданысы мен қызметін, тілді қолданушы мен тілдік бірліктердің арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, солармен бірге, ол қолданысқа түскен тілдік бірліктердің өзара қарым-қатынастарына да көңіл аударады. Сондай-ақ, тіл қарым-қатынас құралы ретінде қолданылғанда, ол тек бір нәрсені айту, хабарлау, ақпарат беру үшін ғана емес, қарсы жаққа әсер етіп, сөз болып отырған тақырыпқа оның ынтасын, қызығушылығын туғызу үшін, өзінің айтқандарына оны иландыру, сендіру үшін де қолданылады.

Осы жерде прагматикаға қатысты негізгі ұғымдарды анықтай кетелік. Олар: адам (тілді қолданушы – адресант, оны қабылдаушы – адресат), тіл (тілдік бірліктер – сөз, сөйлем, мәтін т.б.) және осылардың (адам мен тілдің, адам мен адамның, тілдік бірліктер мен тілдік бірліктердің) қарым-қатынасы. Тіл адамға (тіл – адам үшін), адам тілге (адам – тіл үшін) қызмет етуге тиісті.

Адам өз сөзін тілді қабылдаушыға (айталық, тыңдаушыға, оқырманға) әсер ететіндей етіп жеткізу үшін, белгілі бір тілдік бірліктерді өз мақсатына, қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметіне орай әртүрлі формада, әртүрлі мағынада (тура, ауыс, астарлы, бейнелі) қолданады. Ал қабылдаушы болса, адресант тілдік бірліктерді қалай қолданса, ол оны солай қабылдайды. Яғни, тілді қолданушы (адресант) тілді жақсы білсе, тілдік бірліктерді дұрыс, өз орнына қолданса, оның әсері де ойдағыдай болады. Тілді қабылдаушы (адресат) тілді қолданушының айтпақ болған ойын дәл және жақсы түсінеді. Сөйтіп, екі адам арасында тілдік қарым-қатынас орнайды, түсіністік қалыптасады [2, 216 б.].

Мәтіннің прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұны, авторлық интенция, мәтін құрудың мотиві, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен қабылдаушыға әсер ету, оның жауап-қайтарымын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. Өйткені мәтіннің

тақырыбын, мазмұнын, фабуласын, композициясын, архитектурасын, құрылымын, онда қолданған тілдік құралдарды автор тыңдап белгілейді.

Кез келген мәтіннің негізгі мақсаты – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан дүниесіне әсер етіп, оны "ояту", реакциясын туғызу [1, 478-479 б.]. Көркем мәтінде белгілі бір диалог барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын таныту үшін автордың қолданған сөздерінен оның кім екенін, қай әлеуметтік топқа жататынын, тілдік дағдыларын ажырата аламыз. Яғни адам арқылы тілін, тілі арқылы адамын тануға болады. Ойымызды басқаша түрде жеткізсек, егер біз оны тілдік тұлға ретінде қарастырсақ, олардың сөйлеген сөздерінен не айтқысы келіп тұрғандығын, ойын, интенциясын (яғни, сөйлеушінің не айтқанын емес, нені білдіргісі келіп, нені тұспалдап тұрғандығын) ғана емес, олардың жеке бастарының жоғарыда аталған ерекшеліктерін де біле аламыз. Ондай ерекшеліктер деп мыналарды айтуға болады: 1) жан-дүниесі (ойы, ниеті, ішкі сезімі) 2) мінезі (әдепті-әдепсіз, мәдениетті-мәдениетсіз, тәрбиелі-тәрбиесіз, менмен т.б.), 3) ой-өрісі (ақылы, санасы, ұғым-түсінігі, дүниетанымы, аялық білімі т.б.), 4) әлеуметтік жағдайы (жасының үлкен-кішілігі, бастық-бағынышты, бай-кедей, тәуелді-тәуелсіз екендігі т.б.), 5) мәртебесі (атағы, данқы, дәрежесі, лауазымы т.б.), 6) көңіл-күйі (көңілді-көңілсіз, қуанышты, ашулы, ренішті, өкпелі т.б.), 7) тілді білу деңгейі, яғни тілдік құзіреті (тілдік дағдылары) және т.б. [2, 210 б.].

Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілінің табиғатын терең таныған, ондағы әрбір сөз бен сөз тіркестерінің (фразеологизмдердің) тура, ауыспалы және астарлы мағыналарын дәл түсінетін, тілдік емес мәнбірлерді тілдік мәнбірлермен ұштастыра алатын адам [3, 152 б.]. Тілдік тұлға – мәтінді өзі жасауға және түсінуге, түсіндіруге қабілетті адам [4, 245 б.]. Ол үшін адам ұлттық құндылықтарды, этномәдени мәнділіктерді, ұлт тілін, ұлт мәдениетін, ұлттың салт-дәстүрін жақсы білуі, жете меңгеруі тиіс. Дүниетанымы, білім қоры мол болуы да міндетті.

Прагматикалық қарым-қатынастың болуы субъектілердің (тілді қолданушы мен қабылдаушының) тілді жақсы білуі, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануымен ғана шектелмейді. Осылармен бірге тілді қолданушы мен қабылдаушының дүниетанымына, "тілдік тұлға" деп аталатын ұғымға қатыстылығына, сондай-ақ, олардың аялық білімі мен тәжірибесіне, эстетикалық талғамына, бір сөзбен айтқанда, тілдік емес (экстралингвистикалық) мәнбірлердің әсеріне де байланысты.

Мәтін лингвистикасы шеңберінде, әсіресе дискурс талқыланған кезде "аялық білімді" зерттеу мәселелерінің өзектілігі ғалымдар тарапынан қаралып жүр. Аялық білім дегеніміз – бір тілде сөйлейтіндерге (сөйлеуші мен тыңдаушы) бір-бірін түсінуге мүмкіндік беретін, тілдік қарым-қатынастың негізі болып табылатын жалпы қор [5, 498 б.].

Аялық білімді жіктеудің бірнеше тәсілдері бар. Г. Д. Томахин [2] аялық білімді қолданылу аясына қарай төмендегідей жіктейді:

- 1) жалпыадамзаттық білім (ғарыш, Жер);
- 2) аймақтық ақпарат (мысалы, тропиктердің тұрғындарының көбі қардың не екенін білмейді);
- 3) белгілі бір этникалық немесе тілдік қауымдастықтың (ұлттың) мүшелері ғана түсінетін ақпарат;
- 4) белгілі бір жергілікті жердің тұрғындары немесе әлеуметтік тұйық топ мүшелері ғана ие болатын білім. Бұл аумақтық және әлеуметтік диалектілерге сәйкес келеді (жергілікті географиялық ерекшеліктердің атаулары);
- 5) тек шағын ұжым мүшелері (отбасы, оқу тобы) иеленетін мәліметтер [6, 26 б.].

О.Н. Иванищева аялық білімді екі тараптан қарастыру керектігін дәлелдейді. Фактілі тұрғыдан – бұл фактілер, тақырып туралы ақпарат (түрі, қасиеттері, қызметі, рөлі, мақсаты). Ал эмоционалды бағалау тұрғысынан – сол ақпаратты қабылдаудың стереотиптері (эмоциялар, бағалау, белгілі бір ұлт мәдениетінің символдық көрінісі, ассоциациялар) [7, 153 б.].

Осы тұрғыда, аялық білімге нақты нені жатқызу керек деген мәселе туындайды. Аялық білімді іріктеудегі басты шарт – ана тілінде сөйлейтіндер арасында аялық білімнің жалпыға бірдей белгілі болуы. Десек те, тіпті ана тілінде сөйлейтіндердің өздері де аялық білімнің барлық көлемін әрдайым біле бермейтіні мәлім.

Белгілі бір қоғам мен мәдениеттің айрықша сипаттамаларын талдауға мүмкіндік беретін аспектілерді қарастырсақ:

1. Күнделікті өмір (тамақ пен сусын, тамақтану уақыты, дастархандағы мінез-құлық, демалыс, жұмыс кестесі, бос уақыт).

2. Өмір сүру жағдайлары (өмір сүру деңгейі, тұрғын үй жағдайлары, әлеуметтік кепілдіктер).

3. Тұлғааралық қатынастар (әлеуметтік қабаттар, ерлер мен әйелдер арасындағы, ұрпақтар арасындағы қатынастар, отбасылық қатынастар, еңбекке, жұмысқа деген көзқарас, полиция, шенеуніктер, саяси және діни топтар арасындағы қатынастар).

4. Құндылықтар, нанымдар, мінез-құлық (әлеуметтік-кәсіби топтар, ақша, аймақтық мәдениеттер, қауіпсіздік, дәстүр мен ондағы өзгерістер, тарих, этникалық немесе діни топтар, саясат, шет мемлекеттер, халықтар, өнер, дін, әзіл).

5. Мінез-құлық ережелері (мысалы, қонақта: ұқыптылық, сыйлықтар, киім, тамақ, сусындар, қарым-қатынастағы тыйымдар, қонақта отыру уақыты, ұзақтығы және т.б.).

6. Әдет-ғұрыптық әрекет (діни мерекелер, туылу, өлім, үйлену тойы, іс-шаралар, фестивальдар және т.б.).

Дәл осы қоғам өмірінің аспектілерін аялық білімді таңдау критерийі ретінде алуға болады.

Ғалым Н. Уәли диалогтың сәтті немесе сәтсіз шығуына коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктері, коммуниканттардың аялық білімі, коммуниканттардың құзыретіндегі жақындық, я болмаса алшақтық, коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру-ескермеуі әсер етеді деп есептейді [3, 46 б.].

Әрбір адамның санасында айналасындағы болып жатқан құбылыстар мен жайттарға байланысты білім қоры болады, тілімізде жылдар бойы жинақталған білімді тұспалдап жеткізу үдерістері де бар. Оны жеткізу автордың аялық біліміне байланысты. Сол білімді қабылдаушы тыңдарманның да аялық білімі соған сай болмаса да, жуық болғаны дұрыс. Тілдік коммуникациядағы аялық білімнің жүйесін зерттеген Х. Ордабекова көрсеткендей, тілдік қарым-қатынас барысындағы «аялық білім жүйесі – индивидтің материалдық және рухани құндылықтарды меңгеру нәтижесі» деп тұжырымдайды [8, 75 б.]. Ал автордың рухани әлемін, оның ішінде өзіндік танымын, ішкі болмысын, дүниеге деген көзқарасын, бір сөзбен айтқанда, аялық білімін тану үшін ең алдымен, көркем мәтіндегі автор бейнесін, автор модалділігін тану қажет.

Ұлттың өткен тарихы, мәдениеті, дүниетанымы туралы білім қорын танудың бірден-бір жолы сөз екені белгілі. Ендеше, көркем шығармадағы автордың, яғни жазушының қолданған сөздік қорын, белгілі бір тарихи оқиғалар мен жағдаяттарды баяндаудағы қолданған білімін, жеткізу тәсілін талдау арқылы жазушының аялық білімін аңғаруға болады. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың "Үркер" романындағы автордың қазақтың үш биін сипаттауда қолданған тілдік қоры, ол туралы білімі автордың аялық білімінен хабар берсе, жазушы арқылы көркем шығармада дискурсқа түскен үш бидің халыққа айтқан уағыздарынан олардың аялық білімі туралы сөз қозғауға болады. Мысалы:

Осы жолы да, аз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, сұны Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт "Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді", – деп тырп етпей тұрып алған-ды.

– Сонда үш биден не сұрайсыздар? – деген-ді хан Тәуке.

– Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын! – дескен жұрт.

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды.

– О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? – деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазыбек көтіріліп, сонау мұнарытқан көкжиекке қарап тұрып:

– Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! – деп топқа қайта қосылғанды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

– Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді.

Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды (Ә.Кекілбаев "Үркер" романы).

Аялық білім сөйлеуші мен тыңдаушының шындық болмыс жайында екеуіне де ортақ түсінігі, білімі екенін ескерсек, үш бидің айтқан сөздерінен сол кездегі жағдайды, қоғамдағы ахуалды, халықтың абыржулы көңіл күйін, болашаққа деген уайымын көруге болады.

Дискурсқа түскен үш би бір бірінің өзін түсініп, әрі қарай сұрақтың жауабын табуы және сол арқылы халыққа әсер еткенін аңғарамыз. Аялық білім – бұл қарым-қатынас кезінде толық көріне бермейтін, ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен байланысты экстралингвистикалық ақпараттар жиынтығы екенін ескерсек, билердің ақпаратты нақты жылқы арқылы жеткізуінің де мәні бар.

Жылқыны қазақ халқы ерекше есті мал санаған. Жылқы қауіп-қатер төнген кезде оскырып, кісінеп, жерді тарпу арқылы бір-бірін шақырып, біріне-бірі хабар беріп, жақын тартады екен. Яғни жылқы малының кісінеуі белгілі бір қауіптің (бұл мысалда, бір жағынан ойраттар, бір жағынан қалың шүршіттің қыспағы) төніп тұрғанын көрсетеді. Билердің сұраққа жауап беруде бір сөзді негіз етіп қайталауы, олардың осы ақпаратты берудегі уәжін, себебін анықтап, сол бір сөзге назар аудартып, екпін (акцент) түсіреді.

Төле би

жылқы біткен көп **кісінесіп** кеткен жоқ па?

Қазыбек би

Жылқы біткен көп **кісінесе**,

дүбір жетейін деп жүргені

Әйтеке би

Ел шетіне **дүбір** жетсе, атыңның жалы панаң болар,

Ғалым Ж.А. Жақыпов мәтінді прагматикалық талдау функционалдық талдаудан келіп шығып, функционалдық талдауды логикалық түрде жалғастыратынын айтады. Ғалым мәтінге прагматикалық талдаудың төмендегідей үлгісін көрсетеді:

"Лингвистикалық прагматикаға адресант (мәтін авторы) пен адресат (мәтін қабылдаушы) инсандар және, ең бастысы, олардың қатысым ісіндегі ықпалдастықтары туралы мәселелер енеді. Инсандар, яғни адресант пен адресат та бір тілдің субъектісі, екеуіне де тілдің дыбыстық, лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерінің мән-мағыналары мен қызметі, нормасы ортақ.

Адресант мынадай жайларды белгілейді:

1. хабардың мақсаты мен міндеттері (мысалы, хабарлау, ақпар беру, ниетін білдіру, нұсқау беру, ақыл айту т.с.);

2. сөйлеу қылығының типі;

3. хабарға, оны бағалауға (бағалаудың болмауына) деген қарым-қатынас;

4. хабар мәтінін түзу кезінде зейін қоятын тұстар.

Адресат мынадай жайттарды атқарады:

1) мәтінді, оның ішінде жанама және көмес мәністерді де тәпсірлейді (парықтайды);

2) мәтін әсерін бастан кешеді. Ондай әсерлер танымдық, эмоциялық, эстетикалық болуы мүмкін" [9, 452 б.].

Ж.А.Жақыпов ұсынған мәтінге прагматикалық талдау үлгісі бойынша талдайтын болсақ,

Адресант (билер)

1. Билердің хабарды жеткізудегі мақсаты мен міндеті – халыққа ақпар беру, ақыл айту (жаугершілік заманның келе жатқанын хабарлау);

2. сөйлеу қылығының типі – дискурса түсу;

3. Болып жатқан жағдаятқа баға беруі. Мысалы, *әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын!*

4. Хабар мәтінін түзуде белгілі бір сөздерді (кісінеу, дүбір) қайталау арқылы назар аударуды ниет еткен.

Адресат (халық)

1. Халық айтылған пікірдің дұрыстығына шүбәсіз сеніп тұр.

2. Сенгендігін танытуда халық кинесикалық амалдардың бірі "бас шұлғу" кинемасын қолданған.

Үш биді суреттерде автор *"... Халық не десе осы десін, бірақ ол үш жорғаның жұрт алдында бір-бірімен кермар келгенін ешкім көрген емес. Бірі бастап берген әңгімені екіншісі қостай жөнелгенде тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Қандай қиын түйінді де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді. Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау!"*

Автор үш бидің бір-біріне деген ізеттілігін, бірінің сөзін бірі іліп алып, қостай жөнелетінін сипаттағанда "тотықұстың қауырсынындай құлпырып" деген теңеуді қолданған. Тотықұстың ең көп таралған жері Австралия континенті болғанмен, жалпы адамзат тотықұсты адам сөзін қайталауға қабілеті бар ерекше құс екенін біледі. Ал оның жер бетінде б.з.д. V ғасырдан бері мекен ететінін, әрі оның ұзақ бойы өзінің әдемі қауырсындары үшін жойыла жаздағанын бірі білсе, бірі біле бермейді.

Сондай-ақ, автор үш арыс сөйлеген кезде, оларды тыңдаған халықтың күйін ерекше былай суреттейді: *"қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау"*. Таудың қайсар ұлағатты халқы ғана қыстың суығында арқардың сорпасының дәмін біледі. Көріп отырғанымыздай, автор қолданысындағы тілдік бірліктер, яғни автордың тілдік құзыреттілігі арқылы автор сомдап отырған образдың жан-дүниесін, мінезін, ой-өрісін, әлеуметтік жағдайын, мәртебесін тани аламыз.

Тілдік коммуникация үдерісінің басты ерекшелігі – сөйлеуші мен тыңдаушының өзара бір-бірін түсінісуі. Ақпаратты дұрыс қабылдау, оны бағалау және өзара түсінісу болмаса, коммуникация өз мәнін, мағынасын жоғалтады. Адами тілдік коммуникация өте күрделі құбылыс, оның дұрыс ұйымдасуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Тілдік коммуникация жоғарыда көрсетілген (билердің сөздері) мысалдағыдай әрдайым сәтті бола бермейді. Ақпаратты жеткізу және оны екінші бір тұлғаның қабылдауында әртүрлі қиындықтар туып, тілдік қарым-қатынас сәтсіздікке де ұшырап жатады.

Коммуникативтегі сәтсіздіктердің себептерін (түсінбеушіліктер) анықтау мәселесін көптеген ғылым өкілдері, соның ішінде лингвистер де (Tzanne 2000; Чайка 2011; Verdonik 2010) зерттеді [10-12], сондай-ақ коммуникативтік сәтсіздіктердің пайда болу факторлары мен

жолдарын зерттеп, жіктеуде орыс және шетелдік ғалымдардың еңбектері (Linell 1995; Falkner 1997; Бацевич 2004) маңызды [13-15].

Айтылған ақпаратты түсініп, қабылдауда әңгімелесушілердің білімдері айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Бұл құбылыс лингвистикада әртүрлі терминдермен беріліп жүр: "ақыл-ой картасы" (mental map), "мәдени сауаттылық" немесе "мәдени құзыреттілік", "сценарийлер" / "фреймдер" / "стереотиптер". Антропоэзектілік парадигма тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектерде "әлемнің тілдік бейнесі", "халықтың ұжымдық жады", "(жалпы) когнитивті негіз", "(ұжымдық) когнитивті кеңістік", "прецеденттік мәтіндер / құбылыстар", "концептосфера", "апперцепциялық база", "аялық білім", "санадағы таңбалар".

Бұл терминдердің барлығы аталған құбылысты әртүрлі жағынан сипаттайды, бірақ тұтастай алғанда біз бір нәрсе туралы айтып отырмыз, нақтыласақ, сөйлеушілер әлемді қалай бейнелеп, қабылдайды, бұл өз кезегінде олардың сөйлеуінде және басқа тұлғалардың берген ақпаратын қабылдауында көрініс табады. Аталған жұмыста біз бұл құбылысты аялық білім термині арқылы береміз. Бұл термин тек мәдени ерекшелік тұстарын ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің тілдік құзыреттілігін, әңгімелесушіге деген көзқарасын және қарым-қатынастағы физиологиялық және психикалық жағдайын қамтиды.

Аялық білім тілдік коммуникация үдерісінде өте маңызды болып табылады. Егер әңгімелесушілердің аялық білімі, әрі әлемді қабылдаудағы танымдары әртүрлі болса, оларда тілдік коммуникация сәтсіздікке ұшырайды. Өйткені, бірін-бірі түсіну үдерісі жүзеге аспайды немесе белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Осы тұста, көркем шығармадан мысал келтіріп, ойымызды дәлелдей түссек:

– Ал сонда сен Құдайға ұрлықты жолмен барғанда неменеге қолың жетіп жүр?

– Е, сенікінен аз емес. Мен адамдарға кәйіп арқылы бақытты болуға, Құдайды тануға көмектесемін. Сендер, адамдарға уағызбен де, дұғамен де бере алмайтын нәрсені мен бере аламын. Мен өз адамдарымды біреулерден гәрі әлдеқайда шапшаңырақ жақындата аламын.

– Ақшаға сатып алған Құдайға жақындатасың ба? Нашаның, кәйіптің көмегімен бе? Сен осыны да Құдай тану бақыты деп атайсың ба?

– Несі бар? Сен менің мұнымды құдайды қорлау, күнәға бату деп ойлайсың зой, сірә? Әлбетте! Сенің құлағыңа түрпідей тиеді екен зой. Мен сенің бақталасың болдым-ау, осы! Иә, сайтан алғыр, иә, ақша, иә, наша! Ал егер білгің келсе – дүниенің кілті ақшада. Сенің ойыңша, ақшаның ерекше құдайы бар ма? Ал шіркеуде, яки басқа мекемелерде, сендер немене, ақшасыз-ақ амалдай бересіңдер ме?

– Ой, ол мүлде басқа мәселе зой!

– Тек! Оттама! Бұл дүниеде бәрі де сатылады, бәрін де тіпті сенің Құдайыңды да сатып алуға болады. Бұл дүниеде шын рақатты, көңіл хошын, еркіндікті тек кәйіптен ғана табасың. Мейлі, сол рақат бір сәттік қана болсын, мейлі, сандырақ сияқты-ақ болсын, бірақ, әйтеуір, бақытты шақ қой. Ондай сәтті тек ақыл-ойды кәйіп-тұман басқанда ғана көруге болады.

– Бір ғана нәрсең дұрыс – осының бәрі жалған рақат, адамның өзін-өзі алдауы (Ш.Айтматов "Жан пиди" романы, 183 б.)

Ш.Айтматовтың "Жан пиди" романындағы нашақорлықты дәріптеп, таратып жүрген Гришан мен соны доғартудың амалын қарастырған Авдий арасындағы тілдік қарым-қатынас сәтсіздікке ұшырады. Өйткені олардың өмірлік ұстанымдары, құндылықтар бағдары екі түрлі. Тілдік коммуникацияға түскенмен, аялық білімі екі түрлі тұлға бірін-бірі түсінесе алмады. Өрқайсысы өз пікірінде қалды. Бұл дискурстан Гришанның өмірлік ұстанымы мен аялық білімін танытатын келесідей тірек сөздер мен тіркестерді теріп алуға болады: *ақша, наша, кәйіп,*

бәрі сатылады, рақат, сандырақ, бақытты шақ, кәйіп-тұман. Осы тілдік тұлғалар арқылы автор кейіпкердің дүниетанымын, басқаларға деген көзқарасын, қатынасын, ой-өрісін көрсетеді.


Берілген мысалда Гришан мен Авдий тілдік қарым-қатынасқа түскенде белгілі бір нәтижеге жетпесе де, автор тарапынан мәтінге қойылған автордың прагматикасы жүзеге асып отыр. Автор өз тыңдаушысына, яғни оқырманға өмірде де осындай екі тарапты ұстанатын адамдар кездеседі, әрқайсысы өз әрекетінің дұрыстығын дәлелдейді, ал сенің мақсатың дұрыс жолды, дұрыс бағытты таңдау деген идеясын жеткізеді.

Көріп отырғанымыздай, әңгімелесушілердің аялық білімі, ментальдік әлемі қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөл атақарады. Ғалымдардың пікірінше толық берілмеген, дұрыс жеткізілмеген ақпарат та тілдік қарым-қатынасты сәтсіздікке әкеледі.

Дегенмен, әңгімелесушілердің аялық білімі барлық қарым-қатынас жағдайларына, соның ішінде бір мәдениеттің өкілдері қатысатын тілдік жағдаяттар да көрініс табады.

Тілдік коммуникацияның өзара байланысы екі негізгі элементтен тұрады:

- 1) сөйлеуді туғызу және қабылдау процесін көрсететін ішкі цикл;
- 2) сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі.



3-сурет. Көркем мәтіндегі тілдік қарым-қатынас моделі

Мұнда сөйлеудің үш құрамдас бөлігін ажырату қажет: ақпараттың шындыққа қатысын, формасын және мағынасын. Мұндағы сөйлеушіні S деп, тыңдаушыны Q белгілесек, ақпаратты қабылдауына байланысты "S формасы" = "Q формасы", ал "S мағынасы" ≠ "Q мағынасы". Бұл жағдаяттан түсінетініміз, тыңдаушы форманы сөйлеуші жеткізгендей қабылдайды, ал мағынасын әртүрлі интерпретациялауы мүмкін.

Бастапқы нүкте – сөйлеушінің айтқысы келген ойы. Айтылатын ой/ақпараттың белгілі бір деңгейде шындыққа қатысы болады. Шындықты кең мағынада түсінуіміз қажет. Берілетін ақпараттан бөлек біз өз сезімдерімізді (ішкі әлем), өзіміздің жоспарларымыз мен армандарымызды немесе қиялымызда туындаған (виртуалды әлем) объектілеріміз жайлы айтамыз. Ойымыздағы ақпаратты толық сөзбен жеткізу оңай процесс емес. Кей жағдаяттарда ойлаған ақпаратымызды сөзбен толық жеткізе алмай жатамыз, соған сәйкес ойымыздың

көпшілігі ауызша жүзеге аспайды. Адамда ауызша айтқан сөзінен ойдағы айтқысы келген ақпараты көбірек болады. Сол себепті ауызша айтылған ақпарат біздің ойымыздағы ақпараттың белгілі бір мөлшерін ғана жеткізуі мүмкін [16, 1742 б.].

Біз не айтқымыз келетінін білсек те, кейде ойдағы ақпаратты жеткізудің барабар әдісін табу қиын болуы мүмкін. Ондай жағдайда келесідей айтып жатамыз: Маған оны сөзбен жеткізу қиынға соғады; мен ойымдағыны толық айта алмаймын.

Мәтінді прагматикалық тұрғыда зерттеу оны біртұтас күрделі сөйлеу актісі деп танумен байланысты. Автор ниетіне, мақсатына сай түзілетін сөйлеу актісінде ол адресатқа әсер ететін әр алуан тілдік құралдарды қолданады, сол арқылы қаламгер түзген болмыс туралы коммуниканттар арасында пікір алмасу, ой бөлісу үдерісі жүреді, алайда оқырман ол мәтінді өзінше интерпретациялайды [17, 13 б.].

Сонымен, құрылымдық-семантикалық тәсілді ескерсек, мәтін дегеніміз – аяқталған біртұтас сөйлеу шығармашылығы немесе автордың шығармашылық әрекетінің нәтижесі болса, ал психолингвистикалық тәсіл бойынша мәтін автор мен оқырманның өзара байланысы мен қарым- қатынасы барысындағы мақсаты мен бағыты айқындалған, оқырманға әсер етудің түрлі тәсілдері, әрі тілдік құралдар жүйелі пайдаланылатын динамикалық процестерден құралатын сөйлеу актісі деуге болады. Мәтінді зерттеудегі прагматикалық бағыт осылай қалыптаса бастады [3, 131 б.].

Мәтіннің мотиві, мақсат-мүддесі, прагматикалық талабы, коммуниканттардың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі болады. Мәтінді қабылдауда сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі аса маңызды. Аялық білім дегеніміз – сөйлеуші мен тыңдаушының шындық болмыс жайында екеуіне де ортақ түсінігі, білімі. Ол қарым-қатынас кезінде толық көріне бермейтін, ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен байланысты экстралингвистикалық ақпараттар жиынтығы.

Әдебиеттер тізімі

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 197 б.
2. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін (Мақалалар жинағы) / Байынқол Қалиұлы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
3. Уәли Н. Тұрмыстық дискурстың формалды коммуникативтік ерекшеліктері // Дискурс теориясының ерекшеліктері (Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы). – Ақтөбе, 2011. 1-том. – 146-158 б.
4. Садырова К.К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2004. – 320 б.
5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Москва: УРСС, 2004. – 571 с.
6. Томахин Г.Д. Америка через американизмы. Москва: Высш. школа, 1982. – 256 с.
7. Иванищева О.Н. Актуализация фоновых знаний носителя языка в художественном тексте // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. 2008. № 1. URL: www.elibrary.ru
8. Ордабекова Х.А. Аялық білім жүйесінің тілдік коммуникациядағы көрінісі // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 74-79. – №2. – 2017.
9. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар: (монография-оқулық). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
10. Tzanne V. Talking at cross-purposes: The dynamics of miscommunication. Amsterdam: John Benjamins, 2000. – 277 p.
11. Чайка Л. В. Вербальные конфликты: вариант классификации // Актуальні проблеми лінгвістики, 2011. – № 1. – С. 170-174.

12. Verdonik D. Between understanding and misunderstanding // Journal of Pragmatics. 2010. Vol. 42 (5). P. 1364-1379.
13. Linell P. Troubles with mutualities: towards a dialogical theory of misunderstanding and miscommunication // Marková I., Graumann C., Foppa K. Mutualities in dialogue. Cambridge: Cambridge University Press, 1995. P. 176-213.
14. Falkner W. Verstehen, Missverstehen und Missverständnisse: Untersuchungen an einem Korpus englischer und deutscher Beispiele. Tübingen: Niemayer, 1997. 275 s. <https://doi.org/10.1515/9783110929638>
15. Бацевич Ф. С. Основы коммуникативной лингвистики: Пособие. - К.: Видавничий центр «Академія», 2004. – 344 с.
16. Jucker A. H., Smith S. W., Ludge T. Interactive aspects of vagueness in conversation // Journal of Pragmatics. 2003. Vol. 35 (12). P. 1737-1769.
17. Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.

М.С.СЕРГАЛИЕВТИҢ GOOGLE SCHOLAR ПРОФИЛІ: СІЛТЕМЕ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

СӘРСЕКЕ Г.Ә.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Астана, Қазақстан*

Абстракт. В статье представлены результаты исследования влияния академика Сергалиева Мырзатай Сергалиулы и его научных публикаций на ученых и исследователей и научных исследований в области лингвистики. Целью данного исследования является определение индекса цитирования на научные работы ученого. Был создан профиль М.Сергалиева в системе Google Scholar. Исследование проводилось в системе Google Scholar методом анализа цитирования. Анализ цитирования показывает популярность научных работ ученого в области языкознания. Количество ссылок на 13 работ ученого – 59, в том числе количество ссылок за последние 5 лет – 26. Индекс Хирша (h-index) – 5. В результате исследования методом анализа цитирования были выявлены работы ученого с наибольшей и наименьшей цитируемостью. Результаты исследования показывают, что труды Мырзатай Сергалиулы, изданные во второй половине прошлого века, до сих пор пользуются популярностью в научной среде. Исследования, проводимые ученым на основе данных казахского языка, имеют влияние не только в отечественном, но и в научном пространстве ближнего зарубежья. Труды М.Сергалиева используются и цитируются учеными и исследователями татарского, башкирского, кыргызского, каракалпакского, хакасского и азербайджанского языков.

Ключевые слова: анализ цитирования, импакт, импакт фактор, цитирование, М. Сергалиев, Google Scholar

Abstract. The article presents the results of a study of the influence of Professor Sergaliev Myrzatai Sergaliuly and his scientific publications on scholars and researchers and research in the field of linguistics. The purpose of this study is to determine the citation index for the scientific work of M. Sergaliev. A Google Scholar profile for M. Sergaliev was created. The study was conducted on Google Scholar using the citation analysis method. The citation analysis has shown the popularity of his

scientific works in the field of linguistics. The number of citations to 13 works of the scholar is 59, including 26 citations for the last 5 years, and h-index - 5. The works of the scholar with the highest and lowest citations were revealed. The results of the study show that the works of Myrzatai Sergaliuly, published in the second half of the last century, are still popular in the scientific community. The research conducted by the scholar on the basis of the data of the Kazakh language has an impact not only on the domestic, but also on the foreign scientific community. The works of M. Sergaliyev are used and cited by scholars and researchers of the Tatar, Bashkir, Kyrgyz, Karakalpak, Khakass and Azerbaijani languages.

Keywords: citation analysis, impact, impact factor, citation, M. Sergaliyev, Google Scholar

Кіріспе

Ғылым мен ақпараттық технологияның дамуымен ғылымдағы көрсеткіштерді өлшеу мен бағалау маңыздылыққа ие бола бастады. Кеңестік ғылымда ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне сілтемелер жасалып, дәйексөздер берілгенімен, оның санын есептеу мен бағалау жүйесі өзекті болмады. Қазірде Web of Science, Google Scholar сияқты түрлі деректерді біріктірген халықаралық платформалар ғылыми еңбектерге сілтемелер деректерімен қамтамасыз етеді, бағалау әдістемелерін ұсынады. Белгілі бір ғалымның зерттеу(лер)іне сілтемелер берілсе, ол еңбек(тердің)тің ғылыми әлеуеті мен ықпалын анықтайды. Сілтемелер санының артуы ғылыми еңбектің ықпалының арта түскенін көрсетеді. Ғалымдардың өздері ғылыми жарияланымдарының зерттеу саласындағы ықпалымен және сапасымен бағаланады. Академиялық институттар жекелеген тұлғалардың пікірлерімен қатар, ғалымдардың жарияланымдар саны мен ықпалына қарап шешім шығарса, түрлі комитеттер жұмысқа қабылдау, мансапта жоғарылату шешімдерінде объективті баға беріп, қорытындылар жасау үшін сілтеме талдауына сүйенеді. Осы бағытта мен де ғылымдағы ұстазым академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Серғалиев Мырзатай Серғалиұлының еңбектерінің ғылыми ортадағы ықпалын анықтауды мақсат еттім. Зерттеуімнің мақсаты - ғалым еңбектеріне сілтеме беру көрсеткіші қандай деген сұрақты ашу. Зерттеу сұрағына орай, алдымен, сілтеме талдау әдістемесі туралы түсінік беріледі, екіншіден, ғалымның Google Scholar-да жасалған профилі таныстырылады, үшіншіден, ғалымның еңбектеріне берілген сілтемелердің талдауы мен нәтижелері ұсынылады. Соңында зерттеудің нәтижелері қорытындыланады.

Сілтеме талдау әдістемесі

Зерттеуімнің әдісін баяндамастан бұрын зерттеудің бағытын оқырман дұрыс түсіну үшін тақырыпқа қатысты басты терминнің мәнісін ашып алуды жөн көрдім. Ағылшынның *citation* сөзі қазақ тіліне орыс тілінің *цитата* сөзінен *дәйексөз* болып аударылған [1]. Дегенмен *дәйексөз* ағылшын тіліндегі *citation* сөзінің мәні мен қолданысын толық ашпайды. Қазақ тілді танымда *дәйексөз* «басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей беріледі» [2], немесе «жазылған не айтылған мәтіндегі автордың ойын нақтылау, дәлелдеу, құптау үшін белгілі бір ғалымның не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді; цитата» [3] деп анықталады. Ағылшын тіліндегі *citation* сөзінің мағынасы бұл мағынадан кең: бұл сөздің мәнісі сіздің зерттеуіңізде пайдаланылған ақпарат көзіне сілтеме болып табылады. *Сілтеме* сіз өзіңіздің жұмысыңызда басқа біреудің идеясының маңызды элементтерін тікелей дәйексөз келтіріп, парафраздап немесе қорытындылап пайдалануды білдіреді. Сілтеме мәтін ішінде және мәтін соңында беріледі. Сәйкесінше сілтемені орналасу ретіне қарай екі түрге бөледі: мәтін ішіндегі сілтеме және мәтін (не еңбек) соңындағы сілтеме. Мәтін ішіндегі сілтеме - бұл оқырманға ақпарат көзіне нұсқайтын жұмыстың мәтініндегі сілтеменің қысқа түрі. Мәтін соңындағы сілтеме - ақпарат көзі туралы барлық қажетті мәліметтерді көрсететін сілтеменің толық түрі. Сонда дәйексөз сілтемені берудің бір жолы ғана. *Дәйексөз* ағылшын тіліндегі *quotation* сөзінің аудармасы болуы керек. *Quotation* - *citation*-нің бір түрі. Біреудің еңбегінен

тікелей дәйексөз алу парафраздап немесе қорытып бергеннен гөрі сіз пайдаланғаныңыз келетін идея дереккөздің өзінде жақсы көрсетілген кезде пайдаланылады және тырнақшалармен қоршалған болуы керек. *Citation* зат есімінен бөлек ағылшын тілінде *to cite* етістігі бар. Мұны біреудің еңбегіне *сілтеме беру, сілтеме жасау* сөз тіркесімдерімен аударуға болады және осы жұмыста солай қолданылды.

Ғылымда ғылыми еңбектің маңыздылығын бағалауда сол еңбекке жасалған сілтемелерді талдау әдістемесі қалыптасты. Менің зерттеуімнің әдісіне осы сілтеме талдау әдісі негіз болды. Осы әдістеме қашан басталды және кім қалыптастырды деген тарихына көз салсақ, алғаш 1927 жылы жарияланған П.Л.К. Гросс пен Э.М. Гросстың мақаласынан басталған [4]. Қазір бұл санау әдістемесін сілтеме талдау әдісі деп те атайды. Сілтеме талдау дегеніміз не? Бұл - автордың немесе мақаланың басқа жұмыстарда сол авторға немесе мақалаға қанша рет сілтеме жасалғанын санау арқылы оның ықпалын өлшеу тәсілі. Сілтеме талдау жекелеген ғалымдарды бағалаумен қатар, кітаптар мен журналдарды, ұлттық ғылыми саясаттардың және пәннің дамуын, зерттеу лабораторияларын бағалауда да жүргізіледі. Ғалымдарды бағалауда сілтеме талдау әдістемесі ғалымдардың зерттеулерінің ғылыми қауымдастыққа ықпалын өлшеумен байланысты, ол ғалымның сапасы жоғары еңбегі сапасы төмен еңбектерге қарағанда ғылыми әріптестерінен көбірек сілтемелер туындататынын көрсетеді.

Сілтеме талдау әдістемесін түрлі ғылыми деректерді жинақтаған ірі дерекқорлар институттары ұсынады. Сілтеме деректері белгілі бір дерекқорларда индекстелген болуы шарт, сонда ғана олар есепке алынады. Сондықтан бірнеше дерекқорларда индекстелген басылымдарда мақалалар жариялау ғалымның танымалдығын, өз зерттеу саласындағы ықпалын (импакт) арттырады. Бірнеше дерекқорлардағы сілтеме ақпаратын пайдалану және нәтижелерді салыстыру саладағы ықпалдың көрінісін жақсырақ ұсына алады. Сілтемені талдау дерекқорларының ішінде үш компанияның дерекқорлары ғылыми ортада кеңінен танымал. Олар: Clarivate Analytics компаниясының Web of Science (WoS), Elsevier компаниясының Scopus және Google компаниясының Google Scholar (GS) дерекқорлары. Web of Science - тандаулы беделді журналдар мен басқа да ғылыми басылымдардың сілтеме деректер қоры болса, Scopus - рецензияланған әдебиеттердің, атап айтқанда ғылыми журналдар, кітаптар және конференция материалдарының абстракты және сілтемелер қоры. Google Scholar - индекстелген ғылыми жарияланымдарды, соның ішінде журнал мақалалары, конференция баяндамалары, техникалық есептер, тезистер, препринттер, постпринттерді және Интернеттегі басқа да жарияланымдарды жинақтаған веб іздеу жүйесі. Бұл аталған дерекқорлардың әрқайсысының сілтеме талдау әдістемесінің өз ерекшеліктері бар, сонымен қатар артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Осылардың ішінде мен зерттеуімде Google Scholar іздеу жүйесін пайдаландым.


Google Scholar – әр түрлі баспа пішімдері мен пәндері бойынша ғылыми әдебиеттердің толық мәтінін немесе метадеректерін индекстейтін еркін қолжетімді веб іздеу жүйесі. Зерттеуімді осы іздеу жүйесіне құруымның басты себебі, оның қолжетімділігінде. Интернет байланысы болса жеткілікті, оны тегін пайдалануға болады. Google Scholar интернет байланысы бар кез-келген адамға тегін қолжетімді болуымен және жақсы жылдамдығымен мақталады. Бұл оның маңызды практикалық артықшылықтары болып есептеледі [5, 5]. Салыстырмалы түрде Web of Science дерекқорының ғылыми институттар мен университеттер жазылым құнын төлеген жағдайда ғана ғалымдарға қолжетімді екенін ескерсек, бұл, шынында да, Google Scholar-дың артықшылығы болып есептеле алады. Сонымен қатар Қазақстан секілді дамушы елдердің кеңістігін қамти алатын географиялық ауқымының кең болуын және ағылшын тілінен басқа қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулерді белгілі бір мөлшерде ұсынуын бұл жүйенің артықшылықтарына қосар едім.

Ғалымның Google Scholar профилі

Зерттеудің деректері Google Scholar іздеу жүйесінен алынды. Google Scholar іздеу жүйесін пайдалануымның бір себебі, оның, жоғарыда атап өткенімдей, қолжетімділігінде болды. Екінші себебі, зерттеу нысаны қазақ тілін зерттеуші ғалым, сәйкесінше қазақ тілді лингвистикалық зерттеулер болғандықтан, жоғарыда аталған екі дереккормен салыстырғанда Google Scholar-да индекстелген қазақ тілді зерттеулер қамтылған. Басқа дереккормен салыстырғанда Google Scholar-дың осындай бірқатар артықшылықтары оны зерттеуімде пайдалануға қолайлы етті.

Зерттеу мақсатына сәйкес, алдымен, Google Scholar іздеу жүйесінде академик Мырзатай Серғалиұлының аты-жөнін бірнеше нұсқалармен іздедім. Келесі сатыда ғалымның сілтеме берілген еңбектерін толық қамту мақсатында жекелеген еңбектерінің атауымен іздеу салдым. Ғалым зерттеулерінің жылына шектеу қоймадым. Google Scholar-дың автоматты іздеуі арқылы ғалымның бірқатар еңбектері табылды. Қалған еңбектерін қолмен қостым. Соның нәтижесінде ғалымның профилі жасалды. (Сурет 1).

Сурет 1. М.Серғалиевтің Google Scholar профилі



Ғалымның профилін жасау процесінде қажетті түзетулер қолмен енгізілді. Айталық, «Қазақ тілінің мәдениеті» кітабының екі басылымы жүйенің автоматты іздеуімен қосылды. Сілтемелерді зерттеп қарағанда екі басылымында да сілтемелер әр түрлі екенін байқадым. Google Scholar профилінде ыңғайлы көрінуі үшін екеуін қолмен біріктірдім, соның нәтижесінде сілтемелер саны да автоматты түрде қосылды (Сурет 1: *белгісі қойылған). Сондай-ақ «Сөз сарасы» кітабы автоматты іздеуден екі атаумен табылды: бірі «Сөз сарасы», енді бірі «Сөз сарасы (сын мақалалар)». Екі атаумен табылған бір кітапқа сілтемелер берген авторлар әр түрлі. Ыңғайлы көрінуі үшін екеуі біріктірілді және сілтемелер бірге саналды (Сурет 1: *белгісі қойылған). «Стилистика негіздері» еңбегі де солай реттелді (Сурет 1: *белгісі қойылған).


Google Scholar іздеу жүйесінде Мырзатай Серғалиев не Мырзатай Серғалиев деп іздеу салсаңыз, ғалымның профилі шығады. Әркім осы профилмен таныса алады және пайдалана алады. Болашақта ғалымның профилі басқа да зерттеулерімен толықтырыла түсетінін айтқым келеді.

Ғалым зерттеулеріне сілтеме талдауы және нәтижелері

Google Scholar профиліне (Сурет 1) академик М.Серғалиұлының 1971 жылдан 2013 жыл аралығында жарыққа шыққан 21 зерттеуі қосылды. Сілтеме талдауы 2008 жылдан 2022 жылдар аралығын қамтыды. Сілтеме санын жыл бойынша шаққанда, сілтемелердің ең көп саны ($n = 14$)

2015 жылға тиесілі де, сілтемелердің ең аз саны ($n = 1$) 2009 және 2010 жылдарға сәйкес келді. (Сурет 2)

Сурет 2. Сілтемелер жыл бойынша




Сілтеме талдау нәтижелері мынаны көрсетті. Ең көп сілтеме жинаған еңбек – «Қазақ тілінің мәдениеті» кітабы. Ұстазы М.Балақаевпен бірлесе жазып, 1971 жылы жарық көрген бұл еңбекке 16 сілтеме ($n = 16$) берілген. Екінші орынды 7 сілтемемен ($n = 7$) «Стилистика негіздері» оқулығы алды. Бұл оқулықтың басылымдары үш түрлі атаумен шықты: «Стилистика негіздері» (2004) ($n = 3$), «Стилистика негіздері (Оқулық)» (2006) ($n = 2$) және «Стилистика негіздері» (2006) ($n = 2$). Келесі орында Ш.Бектұровпен бірлесе жазып, 2006 жылы жарыққа шығарған «Қазақ тілі» оқулығы мен ғалымның жеке авторлығымен 1995 жылы жарияланған «Көркем әдебиет тілі» зерттеуі 6 сілтемемен ($n = 6$) орналасты. 1989 жылы баспадан шыққан «Сөз сарасы» зерттеуіне жалпы саны 5 сілтеме ($n = 5$) берілген, соның ішінде бір басылымы Google Scholar жүйесінде екі түрлі атаумен тіркеліп, әрқайсысы әр түрлі сілтеме санын көрсетті: «Сөз сарасы» ($n = 3$) және «Сөз сарасы (сын мақалалар)» ($n = 2$). Онан кейін сілтеме саны бойынша 4 сілтемемен ($n = 4$) «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке» тақырыбындағы 1987 жылғы докторлық диссертациясы және «Синтаксистик синонимдер» атауымен 1981 жылы жарық көрген еңбегі орналасты. Келесі қатарда 3 сілтемемен 2006 жылы жарияланған «Синтаксис мәселелері» монографиясы орын алды. Ғалымның 1981 жылы жарық көрген кандидаттық диссертациясының «Синтаксическая синонимия в современном казахском литературном языке» атты авторефераты, 1991 жылы жарияланған «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» кітабы және 1996 жылы шыққан «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» әрқайсысы 2 сілтемеден ($n = 2$) жинаған. Ғалымның 2006 жылы бірлескен авторлықпен орыс тілінде жарық көрген «Культура казахского языка» еңбегі мен 2010 жылы баспадан шыққан «Синтаксистік зерттеулер» кітабы әрқайсысы 1 сілтемемен сілтемелер тізімін аяқтады. Сонда Мырзатай Серғалиұлының тізімдегі ғылыми еңбектерінің 13-іне сілтемелер берілген. Бұл – ғалым профиліне енгізілген барлық еңбектердің 61,9%-ы. Жалпы сілтемелер саны - 59, соның ішінде соңғы 5 жылдағы сілтемелер саны – 26. Хирша индексі (h -index) – 5, соның ішінде соңғы 5 жылдағы индексі – 3. $i10$ индексі ($i10$ -Index) - 1, бұл сан кемінде 10 сілтемесі бар жарияланымдар санын көрсетеді. (Сурет 1)

Сілтемелер саны бойынша ең көп сілтеме берілген еңбек – 1971 жылы жарық көрген ұстазы М.Балақаевпен бірлесе жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (Алматы: Қазақстан) кітабы. Еңбекке 2003-2021 жылдар аралығында 16 сілтеме берілген. Оқулыққа 2003-2017 жылдар


аралығында 1 сілтеме берілсе, 2019 және 2021 жылдар аралығында сілтемелер беру саны артқан. (Сурет 3)

Сурет 3. «Қазақ тілінің мәдениеті» еңбегіне сілтемелер көрсеткіші



«Стилистика негіздері» оқулығына сілтемелер 2013 жылдан 2022 жылдар аралығында 7 рет берілген. Кітаптың 2004 және 2006 жылдары шыққан екі басылымына 2013, 2015, 2018, 2021 және 2022 жылдары бір сілтеме, 2020 жылы екі сілтеме берілген. (Сурет 4)

Сурет 4. «Стилистика негіздері» еңбегіне сілтемелер көрсеткіші



Еще один пласт таких словосочетаний составляют поэтические выражения, то есть яркие метафоры о возрасте человека: *балалық шағында (в детстве), ес жиып (набравшись ума), етек жапқанда (став девушкой), бір мүшелге толғанда (достигнув первый мушел, 12-13 лет. Смотрите 12 летний цикл), мектеп қабырғасында жүргенде (возраст, когда учатся в школе), кәмелетке толғанда (достигнуть совершеннолетия), оң мен солын танығанда (возраст, когда уже отличают хорошее от плохого), ат жалын тартып мінген шақта (возраст, когда уже обуздал коня), орда бұзар жасында (возраст, когда готов к службе в армии), қырықтың қырқасында (когда за сорок), ердің жасында (возраст мужчины), самайын ақ шалғанда (возраст, когда в висках появилась седина), алпыстың асқарында (с высоты шестидесятилетнего возраста), сексеннің сеңгірінде (в вершине семидесятилетнего возраста).* В данных примерах различные ступени человеческого возраста основаны на знаках паралельных явлений и таким образом приобрели переносный смысл. Как мы уже упоминали, выражать метанимией человеческий возраст – часто применяемый прием в художественной литературе. Таких перифразических примеров великое множество: *сары ауыз шағында (возраст, когда еще был желторотиком, то есть как цыпленок; возраст, когда еще не прошло ребячество), жер ортасына келгенде (букв. дошел до середины земли, то есть достиг среднего возраста 50-55 лет), базары тарқағанда (букв. ярмарка жизни завершилась, то есть старчество), и.др.*

А также один из примеров, выражающих преклонный возраст человека это «**Зауал шақ**» – фразеологизм восходит к выражению, входящему в группу народной метонимии, где определяет промежуток времени – сумерки, период, когда солнце заходит за горизонт и

постепенно наступает темнота. Фразеологизм построен на основе сравнения вечернего времени суток с периодом жизни человека, его преклонным возрастом». [6,160] Академик А. Кайдар здесь раскрывает перифразическую основу фразеологизмов, которые появились в результате сравнения параллельных явлений. Особенно периоды, связанные с жизнью человека, наступлением зрелости, и когда он совершает определенные поступки – в языковом отражении получили более образные описания.

Следующую группу примеров составляют устойчивые словосочетания со значением времени, сформированные в связи с возникшей социально-исторической ситуацией определенной эпохи. Например, *наубет жылдары* (годы бедствия), *актабан шұбырындыда* (букв. бегство актабан, а ист. период откочевок основной массы казахского народа из родных мест из-за набегов калмыков), *ашаршылық жылдары* (в годы голода), *зобалаң тұста* (тягостное время), *қуғын-сүргін жылдары* (время гонения, преследования), *Алаш қозғалысы кезінде* (во время движения алаш), *ұлы төңкерісте* (во время великого переворота), *сталиндік қырғында* (во время сталинского истребления), *тоқырау жылдарында* (в годы застоя), *қайта құру тұсында* (во время перестройки), *«құрғақ заң» тұсында* (во времена «сухого закона»), *тың игеру жылдары* (в годы целины), *тәуелсіздік алғанда* (после получения независимости), *астана ауысқанда* (во время переезда столицы) и т.д. Время определяется в процессе поочередного перехода и смены явлений с изменениями, движений с действиями и т.д. В языке время выражается различными способами. Слова и словосочетания, означающие время, и есть отражение этих объективных явлений. Устойчивые словосочетания с значением времени имеют безграничные возможности передачи мыслей в прямом и в переносном смысле, образно и красочно, а также впечатляюще и художественно.

Означающие понятия времени устойчивые словосочетания могут передавать срок выполнения действия точно, приблизительно, в определенный промежуток, в разных моментах. «Некоторые устойчивые словосочетания означают не конкретное время и срок, а только условно придают семантическую точность основному содержанию предложения» [9,148].

5. Заключение

У всех людей есть время, но тем не менее его всем не хватает. Время для человека – самое ценное понятие. Потому что человек рождается в определенное время и живет временно. Не время зависит от нас, а мы зависим от времени. Для людей, любящих друг друга и ожидающих долгожданной встречи, время кажется длится вечно. Так же и для осужденного, находящегося в заключении человека, который считает дни до своего освобождения, время движется мучительно медленно.

Время для каждого протекает по-разному. Одни жалуются, что времени недостаточно, оно стремительно ускользает, а некоторые коротают время. К тем, кому время дороже золота, мы можем причислить деловых людей, рабочих, изобретателей и предпринимателей. В казахском языке очень много изречений, сравнений и заключений о быстротечности времени: *время – обманчиво, время – надежда, время – лекарь, время – золото, жестокое время, время, как падающие звезды, время – расточитель.*

Значение времени для человека определяется его жизнью. Для него прошедшее превращается в *сожаление*, настоящее в *утешение* и будущее в *неизвестность*. Чем больше настоящее время мчится вперед, тем больше отдалится прошедшее время, а будущее становится все короче. Однако человек никогда не теряет надежду на лучшее. У него время становится надеждой и управляет верой и направлением в будущее. **Время – надежда**, то есть сколько людей от времени жизни ждут надежду. Это значит возлагать надежду на то, что какие-то события или дела завершатся очень хорошо и этим человек продолжает жить. Время особенно проявляется в связи с жизнью человека, развитием и выполнением определенных действий.

Список литературы

1. Иванова Т.С. Функциональная грамматика. Выражение временных отношений в русском языке (на фоне болгарского языка). – Шумен, 1998
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік қауымға арналған. Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 3 http://forum-eurasica.ru/index.php?/topic/2706-древне_кыргызский_язык
4. Ешмағанбетов Б. Қазақстан тарихы. Новосібір: Білім, 2012. – 328 б.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Автореф.дисс. ... филол.ғ.д. – Алматы, 2004. – 50б.
- 6.Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. Астана: Білге, 2003
7. Нұрпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Үшінші кітап: Күйреу. – Алматы: Жазушы, 1981. – 350 б.
8. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. – 464 б.
9. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.б.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА КОНЦЕПЦИЯСЫ

*ТУЛЕБАЕВА К.Т.,
филология ғылымдарының кандидаты
АБЫЛКАСИМОВА Г.,
Әлихан Бөкейхан университетінің
докторанты. Семей, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада сан қырлы тұлға Олжас Сүлейменовтің шығармашылық ғұмырбаянына назар аударылып, поэтикалық еңбектері қарастырылады. Ол қазақ поэзиясын ұлттық сана контексінде әлемдік кеңістікке алып шыққан бірегей ақын. Мақалада ақын поэзиясының тақырыптық кеңдігі, формалық ерекшелігі және мазмұнының идеялық тереңдігі жайлы сөз қозғалады. «Ұлттық сана» концепциясы туралы анықтамалар беріліп, оның Олжас Сүлейменов поэзиясында көрініс табуы баяндалады. Ұлттық бояулармен жазылған ақынның тақырыптық және образды өлеңдеріне сезімдік, түйсіктік және теориялық көзқараспен қарай отырып зерделейді.

Мақалада аталмыш концепцияның ақын өлеңдерінің мәнмәтіні мен аудармаларындағы жеткізілу сәйкестігіне де талдау берілген. Тұжырым жасауда О.Сүлейменовтің әр жылдары жарық көрген кітаптары нысанға алынған. Баспасөз беттеріне берген сұхбаттары және естеліктеріндегі пікірлері де ескерілген. Ақын шығармашылығын зерттеген ғалымдар еңбектеріне шолу жасалынып, нәтижелеріне назар аударылған. Отандық қана емес, шет елдік ғалымдардың зерттеулері мен пікірлері де маңызды орын алған.

Автор О.Сүлейменов өлеңдерінің өміршеңдігі мен қуаттылығының құпиясын ұлттық құндылықтармен тығыз байланыстырады. Ол ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, тарихын таразылай алатын, болашағына болжаммен қарай білген адам ғана «арғымақтай» қуатты жырларды дүниеге әкеле алатынын баса айтады. Ақынның «Ұлттық сана» концепциясы негізіндегі өлеңдерін екі топқа бөліп қарастыра отырып, бұл классификациялауды дәлелді қорытындылайды.

Түйін сөздер: поэзия, ұлттық сана, ұлттық құндылықтар, концепция, арғымақ, көшпенділік, айналайын, образ.

Аннотация. В статье сделан акцент на творческую биографию и поэтические произведения великого поэта Олжаса Сулейменова. Он является одним из немногих поэтов, принесших казахскую поэзию на мировую арену в контексте национального сознания. В статье также рассматривается концепция национального сознания, которая отражена в поэзии Олжаса Сулейменова. Раскрывается тематическая широта, формальные особенности и идейная глубина в содержании стихов поэта. Автор с эмоциональной, интуитивно-теоретической точки зрения подходит к тематическим и образным стихотворениям, которые написаны в национальных красках.

Также был проведен научный анализ актуальности данной концепции в контексте и переводе стихотворений поэта. Изучались сборники и интервью О. Сулейменова, изданные в разные годы. В статье рассматриваются работы казахских и мировых ученых, исследовавших творчество поэта, и дан обзор по результатам их изысканий.

Секрет жизненности и силы стихов О. Сулейменова автор связывает с национальными ценностями. Он подчеркивает, что сильная поэзия, как «аргамак», рождается у тех людей, которые глубоко «напитываются» национальными ценностями. Автор статьи со своей точки зрения подразделяет стихи поэта на две группы, основанные именно на концепции национального сознания, и доказывает обоснованность этой классификации в заключении.

Кіріспе

Қазақ поэзиясының тарихында есімдері елімізде ғана емес, шет жұртқа да танымал халқымыздың мақтан тұтар ақындары аз емес. Олар алты құрлыққа Алаш жұртының ой параметрлерінің кеңдігін көрсетіп қана қоймай, әлемдік әдебиетте кең масштабты орынға ие болды. Солардың бірегейі, сан қырлы тұлға: ақын, түркітанушы, славист, шумеролог, тарихшы, әдебиеттанушы, этнограф, философ, драматург, публицист, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов. Оның поэзиялық, публицистикалық шығармаларындағы және ғылыми прозалық зерттеулеріндегі терең философиялық ойлары мен күрделі көзқарастары, пайымды парадокстары мен пастулаттары зерттеуші ғалымдардың назарын тұрақты аударып келеді.

Ақын поэзиясының астарына терең үңілсек, оның қуаттылығын және нәзіктігін, дәлелді философиялық ойлар мен астарлы меңзеуді және қай қоғамдық кезеңде оқылса да еш маңызын жоғалтпайтын өміршендігін байқауға болады. Осы сәтте ақынның поэтикалық мұраларының өміршендігінің және қуаттылығының сыры неде деген заңды сұрақ туындайды. Сұраққа тереңдей үңілу – бүгінгі біздің қарастырғалы отырған негізгі мәселемізге негіз болмақ.

Халқының ары мен ожданын, жігері мен намысын арқалаған Олжас – шығармаларын орыс тілінде жазды. Жазған ақын болғанымен, жаздырған – заманы! Әлемді шеңгелімен бүріп, талай шағын ұлттардың тілін, ділін, дінін алған тоталитарлық жүйе қанша тізесін батырғанымен, қазақтың рухын жыға алмады. Олжастың орыс тіліндегі жырлары – сол бүгілмеген, үгілмеген ұлт рухының көрінісі. [2.13.] Ақын өлеңдері жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлтаралық мәдениет, елжандылық және тағы басқа көптеген кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Ол өз өлеңдерінде жырлағандай анасын да, даласын да алдамады. Ақын шығармаларының мәні өнегелік ұстанымдардың ең бастылары: адамгершілік, адалдық, борыш ұғымдарынан тұратын моральдық үштағанның (триаданың) мәнін бейнелейді. [13.5] Ол еліне, жеріне деген перзенттік және ақындық борышын адал

атқарды. Әр жырынан аңқып тұратын ұлттық ерекшелікті бүкіл әлемге паш етті. Өлеңдері оқырман қауымға терең ой салды, сарқылмас күш сыйлады. Олай болса ақын жырларының қуаттылық, мәнділік және өміршеңдік құпиясының сырына үңіліп көрелік.

«Материал және әдістер» бөлімі

О.Сүлейменовтің поэтикалық мұраларының өміршеңдігі мен қуаттылығының құпиясы халқымыздың ұлттық құндылықтарымен тығыз байланысып жатыр. Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, тарихын таразылай алатын, болашағына болжаммен қарай білген адам ғана «арғымақтай» қуатты жырларды дүниеге әкеле алса керек. Бұл гипотезаға дәлел ретінде ақынның «Ұлттық сана» концепциясы негізіндегі өлеңдерін екі топқа бөліп классификациялай отырып, қарастырған жөн. Бірінші топқа ақынның «Ұлттық сана» концепциясын сипаттайтын ұғымдардың өлеңдерінде жиі кездесуін және жеке тақырыпқа арқау болғандығын айтуға болады. Екінші топқа ақын өлеңдерінің өн бойынан кездесетін «ұлттық» бояу нақыштарын атаймыз. Демек ақын идеясын танытуда ұлтына деген махабат, жанашырлық және ұлттық мінездің өлеңдерде көрініс табуын жатқызуға болады.

Зерттеу нысаны болып отырған қырлы тұлға Олжас Сүлейменовтің поэтикалық еңбектеріндегі «Ұлттық рух» концепциясын тануда бірнеше зерттеу кезеңдерін атауға болады.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде зерттеудің өзектілігі танылып, теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Олжас Сүлейменовтің шығармаларының түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармалары толықтай оқылды. Ақынның түрлі бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары жинақталынды. Бұл ақынның шығармашылық көзқарасы мен қоғамдық көзқарасының сәйкестігін анықтауда аса қажет дүние. Ақын шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалымдардың пікірі мен тұжырымдамалары, мақалалары мен еңбектері басты назарға алынды.

Екінші кезеңде Олжас Сүлейменовтің өлеңдері «Ұлттық рухтың» қайнар көзі екендігі ғылыми-тұжырымдамалық тұрғыдан талданды. Зерттеудің үшінші кезеңінде ақынның поэтикалық шығармаларына жүргізілген зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Нәтижесінде, О.Сүлейменов өлеңдерінің өміршеңдігі мен қуаттылығының құпиясын ұлттық құндылықтармен тығыз байланыстыра аламыз. Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, тарихын таразылай алатын, болашағына болжаммен қарай білген адам ғана «арғымақтай» қуатты жырларды дүниеге әкеле алады деген тұжырымға келеміз. Бұл гипотезаны зерттеуде эксперименттік зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдістің бір ерекшелігі – олар гипотезаны алдын-ала жасауды басшылыққа алады. Яғни мақұлдануы немесе жоққа шығарылуы керек мәлімдемеден басталады. Біздің тұжырым бойынша Олжас Сүлейменов – қазақ поэзиясын ұлттық сана контекстінде әлемдік кеңістікке алып шыққан бірегей ақын. Бұған ақынның «Ұлттық сана» түсінігіндегі ұғымдарды кеңінен пайдалануы және ұлттық құндылықтармен тамырланған ақындық болмысын паш етіп тұратын өлеңдеріндері дәлел бола алады.

«Әдебиетке шолу»

Олжас Сүлейменовтің поэтикалық мұраларын зерттеуде ғалымдардың назар аударған басым бағыттары – шығармашылық ғұмырбаян және шығармашылық портрет, поэзияның түркітану, әлемтану, мәдениеттану салаларымен трансформациясы, өлеңдердің ішкі және сыртқы формасы, шығармашылығының тілдік құрылымы мен дыбыстық ерекшелігі, тақырыптың сан алуандығы, тақырыптық идея мәселесі, поэзияның жанрлық ерекшелігі, өлеңдердегі образдылық, шетелдік ақын шығармаларымен гармониялық байланысы және т.б. мәселелер болып келеді.

Бұл тұрғыда ақын мұраларын зерттеген отандық: З. Ахметов, М. Қаратаев, Х. Махмудов, М. Ауэзов, Б. Канапьянов, С. Құттықадам, К. Бұзаубағарова, Р. Утепова, А.

Мусаев, Э. Какильбаева, Н. Какишева, У. Калижанов, Т. Алиева, Б. Амалбекова, Н. Джусупов, С. Абдулло, т.б. және шетелдік: Л. Мартынов, А. Вознесенский, С. Марков, Б. Слудский, Л. Аннинский, Р. Казакова, Р. Рождественский, Б. Машкова, У. Бактикереева, Н. Вербовский т.б. сынды ғалымдардың нәтижелі зерттеу еңбектерін ұсынып келе жатқандығын айта кеткен жөн.

Ақын өлеңдерін қазақ тілді оқырмандарына етене жақын еткен Ә. Кекілбай, Қадыр Мырза Әлі, Ұ. Есдәулет, А. Тасқара, Е.Жүніс аудармаларының мәні зор. Ақын шығармашылығы Кеңес мемлекеттері арасында ғана емес, Еуропа елдері, Кіші Азия, Қытай, Америка елдері тілдеріне де аударылған.

Ұлт тарихына көз жіберсек, «Ұлттық рух» пен «Ұлттық сана» әр қазақ баласының санасы мен жүрегінде оянып, түрліше көрініс тауып жатқанымен, оған өткен ғасырдағы ғалымдарымыз термин ретінде анықтама беріп, ғылыми талдау жасай алмады. Ауыздан шыққан әр сөзді тоталитарлық жүйе тұншықтыра ұстады, цензура зерттеуге мүмкіндік бермеді. «Ұлттық сана» концепциясы жайлы сөз қозғау бақыты еліміздің Тәуелсіздік алған кезеңіндегі ғалымдардың еншісіне бұйырды. Бұл тұрғыда С.Құлбарактың «Ұлттық рух және поэзия» атты зерттеулер мен ой-толғамдар жинағын, «Ұлттық рухтың ұлы тіні» (Жауапты редакторы Е.Жанпейісов), Ұ.Сыдықовтың «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» және т.б. ғалымдар еңбегін атап өткен жөн. Ғалым Ұ.Сыдықов «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» атты ғылыми еңбегінде «Ұлттық сана» мен «Ұлттық рух» ұғымдарының ортақ мазмұны болғанымен, бір текті ұғым ретінде атауға болмайтынын айта келіп, «Сана» ұғымының қалыптасу, өсіп-өркендеу, даму, қоғамдық ықпалына байланысты бірнеше деңгейге бөліп қарастырған. Пендешілік сана – пенденің өмір сүруі үшін тіршілік үшін күресімен сипатталатын ең төменгі деңгей ретінде сипатталады. Масылдық сана – кеңестік дәуірдегі «үкімет өлтірмейді» деген немқұрайлылық пен жалқаулыққа бастаған кері түсінікті тудырған сана деңгейі дей келіп, еліміз Тәуелсіздік алған кезеңде масылдық сананың еліміздің даму көшіне ілесуіне үлкен кедергі келтірді деген пікір білдіреді. Таптық санада – адам бойындағы құмарлық, қанағатсыздық, ысырапшылдықтың басым түсуі көрініс табатынын айта келіп, бұл саналық деңгейлердің қай-қайсысында да «Ұлттық рух» мәселесі жайлы сөз қозғауға болмайтынын айтады. [15.7] «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, О.Сүлейменов поэзиясынан ақынға ұлы халқы дарытқан ұлттық рух лебін сезіне аламыз.

«Нәтижелер мен талқылау» бөлімі

Ақынды поэзия әлемінде танымал еткен «Адамға табын, жер, енді!» (Земля, поклонись человеку!) атты поэмасы. Тақырыбының өзі-ақ пайымды парадокспен бүкіл әлемге қарата айтылып тұр. Адам санасының дамуы мен рухының еркіндігі, күш жігерінің құдіреті поэманың негізгі арқауы болып табылады. Поэма туралы ақын: «...12 сәуірде менің өлеңдерім жазылған қызғылт парақшалар қалалардан, бақытты адамдарға толы көшелер үстінен төгіліп жатты. Маған екі мәрте: 1945 жылдың мамырында және 1961 жылдың сәуірінде туған қаламның шынайы бақытты күйін көруді жазыпты...» деп шаттанды. [13.30.] Бұл сөздерден ақынның туған еліне деген аса зор махаббаты мен шынайы патриоттық сезімін анық байқай аламыз. О.Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазатын нағыз қазақ ақыны! Көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуез ақынның «Арғымақ», «Мен көрдім», «Көкбөрілер» сынды өлеңдерінің өткір жолдарынан «тоталитарлық жүйедегі зорлық-зомбылыққа наразылық» сарыны байқалатынын атап көрсетті.

«Өлеңнің әсем әуезділігін толық сақтай отырып, оған жазып шығарылған сөйлеп оқытылатын өлеңге тән ерекшелік, сипат дарыту, өлеңнің ырғақ-интонациясын, сөйлемнің синтаксистік құрылысын сөзді жайша сөйлеп айтқандағы қалпына сәйкестендіріп, құбылта білу – үлкен шығармашылық міндет. Бұл үшін өлең тілінің ырғақ-интонациялық байлығын

жан-жақты аша түсіп, өлең өлшемдерінің алуан түрлерін орнымен, шебер пайдалана білу қажет» дейді белгілі зерттеуші З.Ахметов. [8.264.] Назар аударайық:

... Кружись, айналайын. Земля моя!

Как никто

Я сегодня тебя понимаю.

Все болезни твои

На себя принимаю.

Я кочую, кружусь, по дорогам твоим...»

Бүкіл әлем әдебиетіндегі поэзия әр халықтың тілдік ерекшелігіне сәйкес әр түрлі жүйеде жазылатыны белгілі. Қазақ өлеңінің жүйесі көбіне силлабикалық жүйе болып келеді. Ал бұл жолдарда идея, мазмұн қазақы болғанымен, жүйесі – тоникалық. Шумақтар еркін, автордың қалауынша, баспалдақты кестеге салынған. Бірақ мәселе мұнда емес. Мәселе тоникалық сипаттың байырғы қазақтың халықтық тұрмыс-салт жырларында да жиі кездесетіндігінде болып тұр. О.Сүлейменов өзі пір тұтатын Махамбет ақынның жырлары да ұйқас, буын, ырғақтың еркін түріне құрылғандығын айта кеткен жөн. Біз мұны ақ өлең, ерікті ұйқас деп атаймыз. Айтайық деген ойымыз, ақын өлеңдерінің сыртқы формасы қазақы өлең жүйесіне жат еместігінде. Ал ішкі идеясы, сөзсіз нағыз қазақы елжандылық болмысты танытып тұр. Ұлттық бітімі: дархан мінез, кеңпейіл көңіл, адал махаббат – ақындық эмпатиямен ұштаса келіп, халықтық ақ өлең бейнесінде көрініс тапқан. Біз ақынның тек қана шығармашылықпен ғана емес, өз мемлекетінің ірі қоғамдық, саяси, экологиялық мәселелермен де айналысқанын білеміз. О.Сүлейменов поэзиясының лейтмотиві – ол өзінің туған халқының ұлттық ерекшелігі. Ақын әлемнің кез-келген бұрышында тұрса да, көз алдына өзінің сахара даласын елестетті, мысалы, Небраска штаты – туған даласын көз алдына алып келді. Ақынның әлемдік категория болып саналатын көшпенді архетипі және жетекші поэтикалық образдары да дәл осы көшпелі халық әлемінің әсерінен туындаған. «...*Рухтанып, көтерілу кезеңі басталды. Біз өзімізді Өзіміз арқылы еске аламыз. Көтерілу үшін өз томарымызды жасап, өз төмпешігімізді қалаймыз ба, әлде алақанымызды жырым-жырым етіп, ауыр да, тікенді томарды сүйрелеген күйі қаламыз ба, бұл Дала, сенің өзіңнің рухани шарықтау шегіңе байланысты...*» ақынның бұл ұстанымы оның поэзияларында ерекше айқындала түсті. Бұл ойымызды зерттеуші С.В. Ананьеваның: «...Олжас Сүлейменов еңбектеріндегі: ұлттық менталитет пен ұлттық образдар, көшпенділер әлемі мен жаңашылдық, тілдер мен мәдениеттерді сақтаудағы өркениеттер диалогі және түрлі лингвистикалық ашулар – оның шығармашылығына деген әлемнің тұрақты қызығушылығын туырады...» деген пікірі нақтылай түседі. Ақын поэзиясының сарқылмас қуаттылығының сыры – бабаларымыздың генетикалық коды, халықтық рухымызды сыйпаттайтын: *көшпенділік, дала, арғымақ, көкбөрі, батыр, әнші, шебер* т.б. ұғымдармен қатаң байланысып жататындығында және автордың өнернамалық кеңістігінің кеңдігі мен әмбебаптығында. Ұлы даланың дүбірлі байтақ тарихы, құман-қыпшақтың арнамыс қағидаты, ғұндар мен түркілердің жыраулық жорық сарыны, көне түркі және славян мәдениетінің ұшқыны, өткеннің інжу-маржан дәстүрін бойына жинақтауы, қазақ халқының ерлік шежіресі – бірегей поэтикалық шығармаларды дүниеге әкелуіне басты себеп болды.

Олжас Сүлейменовтің «Ұлттық сана» концепциясын ассоциациялайтын шығармаларын екі топқа бөліп қарастырған жөн. Бірінші топқа халықтық ұғымдардың ақын өлеңдерінде тақырып болып немесе сөз, сөз тіркесі болып кездесуін жатқызуға болады. Мысалы: жоғарыда атап кеткен халықтық ұғымдармен қатар, ақын шығармашылығында «*көшпенділер*» бейнесі маңызды рөлге ие. Қазақтың зиялы ақыны О. Сүлейменов Хемингуэй сияқты қоғамның гуманистік сипатына әрқашан сенді және өзінің күш-жігерін сыртқы әлемге қазақтың ішкі көшпелі мәдениеті туралы инсайдерлік білім

беруге бағыттады. [6.16] Бұған ақынның «*Арғымақтар*», «*Бетпақ Дала*», «*Ақсақ құлан*», «*Қыс алдындағы көшпенділер*», «*Құман әні*», «*Көшпенділер*», «*Біз – көшпенділерміз*» т.б. сынды өлеңдері мысал бола алады. О. Сүлейменовтің «*Солнечные ночи*» өлеңдер кітабының негізгі тақырыбы да осы – «*дала*». Мұндағы өлеңдерде ақын даламен көп сырласады, негізгі идея да далаға қаратыла айтылады. Мысалы, жинақтағы «*Ақсақ құлан*» өлеңінде *дала мектебі туралы: жылқылар үйірі, дала заңдылықтары, үйірге төнген қауіптен қалай құтылуды білетін кәрі үйір басшысы* туралы кеңінен бейнеленеді. Ақынның даланың тағы бір бөлшегін шабыттана суреттейтін бірегей туындысы – «*Бөрілер*» (*Волчата*) өлеңі. «*Бөрілер*» – көне түркі және халықтық ұғымның рухтық сыйпатын айқындайды. Түркі халықтары өздерін көкбөрінің ұрпағымыз деп санап, қанына біткен батырлық пен тәкаппарлықты бөрілік тәрбиімен байланыстырады. Бұл өлеңде ақын: «...*Голодные волчата позабыли, / как властно пахнет в зарослях укроп, / они, прижавшись к ранам, / жадно пили/ густую, холодеющую кровь...*» деп тәкаппарлықпен қоса қатігездікті де қатар суреттейді. «*Волчата*» өлеңімен қатар «*Ұлттық сана*», «*Ұлттық рух*», «*Ұлттық бояуды*» танытатын өлеңдері қатарына: «*Арғмак*», «*Догони*», «*Бетпак-Дала*», «*О, Конь*», «*Расставанье*», «*Домбра*», «*Айналайын*», «*Над пустыней*», «*Вы меня любите, горы?*» және т.б. өлеңдерін жатқызуға болады. Өлең мәтіндеріндегі: «*шұбат*», «*ат*», «*арқан*», «*әруақ*», «*арық*», «*айран*», «*шапан*», «*бүркіт*» т.б. сөздердің аудармасыз берілуі, ақын өлеңдерін ұлттық реңкпен ажарландыра түседі.

О. Сүлейменов әлем әдебиетіне қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таныта білді. Бұл топқа ақынның халықтық образды бейнелейтін өлеңін де жатқызуға болады. Мысалы, «*Олжас Сүлейменов өзінің алғашқы шығармашылығында Махамбет Өтемісұлының поэзиясын өзінің поэзиялық стихиясына жақын жүрекпен қабылдағанын атап өту керек*» дейді ақын Бақытжан Қанапиянов. Ақын, батыр, қолбасшы, көсем, тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлының ақындық поэтикасын, өмір жолын О. Сүлейменов терең зерттеп, насихаттады, батыр бейнесін қайта тірілті. Махамбет өлеңдерін аударып, тұңғыш рет орыс тілді оқырман қауымды Махамбетке ынтық етті. Андрей Вознесенский сынды орыс ақындарның қазақ батыры жайлы циклды туынды дүниеге әкелуіне себепкер болды.

«... Зачитываясь Махамбетом

Заслышу Азию во мне.

Антенной вздрогнет в кабинете

Стрела, торчащая в стене...»

А. Вознесенскийдің «*Зачитываюсь Махамбетом*» деп келетін бұл өлеңі төрт циклдан құралған. Өлеңнің әр циклы әлемнің төрт түстігіне бағытталған төрт поэтикалық жебеден тұрады: бірінші жебе – «*Қара түйелер*», екіншісі – «*Артта қалған аққу*», үшінші жебе – «*Дұға*» немесе «*Ақын толғауы*» деп аталса, төртінші жебе – «*Бостандық*». Бұл цикл поэзия тарихындағы бір ақынның аудармасын емес, ақындық дүниесіндегі ұлттық рух пен ой тереңдігін дәп жеткізе білген бірегей туынды. Олжас Сүлейменов өзінің «*Махамбету*», «*Последние мысли Махамбета, умирающего на берегу Урала от раны*», «*Молитва батыра Махамбета перед казнью*» сынды өлеңдерінде батыр тұлғасының сан қырлы образын терең аша суреттейді. Бұл жырлардан болмысы дала рухына тартқан дана ұлдардың азаматтық тұлғасын танып, терең сезінуге болады. Ақын, батыр, қолбасшы Махамбет образын үлкен махаббатпен жырлап, оны пір тұту себебін – ақынның өз халқына деген шексіз махаббатының, оның батыр, дана ұлдарына деген зор құрметінің жемісі деп білеміз.

Екінші топқа мазмұны мен идеясының негізгі түйіні «*Ұлттық сана*» концепциясы болып табылатын өлеңдерін жатқызамыз. Бірінші топтан айырмашылығы мұнда өлеңнің тақырыбы ұлттық бояулы сөздермен аталмайды. Бірақ біз оны мұқият оқығанда ғана, идеясы мен мазмұнынан ұлттық нақыш мен мұнда лап тұратынын байқай аламыз. Мысалы:

ақын «Помнишь» атты өлеңінде анасының ертегі оқытуды ең алғаш мәжбүрлеп бастағанын баяндайды. Өлеңнің идеясына үңілсек, оқуға қыры жоқ баланы тәрбиелеген *анасы және ертегі*. Екеуі де халықтық тәрбиеде маңызды орын алатын ұғымдар. Демек, халықтық тәрбиеден басталған талап нәтижелі болғанын көре аламыз. «Жара» атты өлеңге назар аударсақ, ақын аптап ыстықта алма ағашының астында тыныстап жатқан аруды бейнелейді. Өлеңнің түйінді идеясы – сұлулықты әспеттеу болса, ақын сұлулықты жерге сүйретілген бұрыммен шендестіре суреттейді. Бұдан аңғарарымыз ақын талғамындағы эстетикалық параметр – ұлттық ұғымымыздағы «бұрым» арқылы өлшеніп тұрғанындығы. Демек, ақынға зор талғам қалыптастырған да ұлттық ұғымдар болса керек. «Счастье» өлеңінде ақын кеңестік кезеңде совхозға су бұрқағын орнату туралы сюжетті баяндай келіп: «... Но всякий раз, когда меня берет / не за душу – за горло чья-то воля, / я вспоминаю плачущее поле / и тот великодушный мой народ...» деп қорытады. Осы жолдардан ақынның өз ұлтына деген шексіз махаббаты мен құрметін аңғарамыз. Мұнда ақын өз халқының ұлттық мінезін зор мақтанышпен атап, өлеңінің арқауы етіп жырлап тұр. «Возвращение» атты өлеңін оқи отырып, бір уыс топырақтың қадірін жете түсінген нәзік лириканың куәсі боламыз. Мұнда ақынның төрткүл дүниенің қай бұрышында жүріп: «Земля везде, по-моему священна» деген түйінге келуіне, өз топырағының құдіреті басты себеп болғанын аңғару қиын емес. Ойымызды «Ночные сравнения» өлеңіндегі келесі дәлелдей түседі: «...Так в горах любили и в степях, / так любили – и смеясь и плача. / Разве можно полюбить иначе!.. / Я люблю тебя, как я – тебя...» Бұл өлеңнен-ақ ақынның айналасына деген асқақ махаббатын қалыптастырудағы «ұлттық сананың» рөлін өзіңіз таразылай беріңіз...

Ақынның «Арғымақтар» атты өлеңіне назар аударайық. Халықтық рухтың қайнар көзіндей болған «арғымақ» ұғымының қазақ халқы үшін орны ерекше. «Арғымақ» сөзі: халықтық санада: *киелілік, елдік, батырлық, жылдамдық, кеңдік, тазалық, асқақтық, сұлулық* сынды ассоциациялық ұғымдармен байланысты қолданылады. Бұл түсінік Олжас Сүлейменовтің «Арғымақтар» өлеңінде ерекше жеткізілген, түпнұсқаға назар аударайық: «... Эй, половецкий край, / Ты табунами славен, / Вон вороные бродят / В ливнях сухой травы. / Дай молодого коня, / Жилы во мне играют, / Я проскачу до края, / Город и степь / Накреня. / Ветер раздует / Пламя / В жаркой крови аргамака, / Травы сгорят под нами, / Пыль / И копытный цок / Твой аргамак узнает, / Что такое атака, / Бросим робким тропам / Грохот копыт в лицо!..» [12.1]) Бұл өлеңнің өн бойындағы қазақы рухты бұзбай, қазақ тілінде дәл жеткізу сияқты күрделі әрі жауапкершілігі мол іске көптеген ақындар өзіндік үлес қосты. Мысалы, Әбіш Кекілбаев ақынның айтар ойын дәлме-дәл аударма арқылы жеткізуге тырысқан. Түпнұсқадағы он тоғыз жол, аудармада он тоғыз тармақпен берілген. Олжас Сүлейменовтің өлеңдерінің басым көпшілігін аударып, қазақ тілді оқырмандарына етене жақындастыра білген Қадыр Мырза Әли «Арғымақтарды» он алты жолмен аударып, өлеңнің бар кереметін аз сөзбен жеткізген. Екі ақын да аудармада сұлу сөз тіркестерін қолданып, троп түрлерін барынша құбылта қолданады. Ақын Ұлықбек Есдәулет аудармасы түпнұсқаға барынша жақын келетіндей. Бұл аударманың басты ерекшелігі ақынның айтар идеясы толық сақталып, қазақ өлеңіне тән жүйемен аударылғандығы. Қазақтың кара өлең ұйқасына құрылған бұл өлең жаңаша формаға еніп, оқырмандарына барынша жақындай түседі. Қай аударманы алып қарасақ та – оларды байланыстыратын бір ғана ұлы ұғым бар. Ол – Ұлттық рух! Бір өлеңді қай тілде жарласа да, қай ақын жырласа да, қалай жырласа да – айқын көрінетін бір-ақ түсінік бар. Ол – Ұлттық ерекшелік!

Қорытынды

Олжас Сүлейменов – өз шығармаларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны. Ақын бір сұхбатында өзі айтып өткендей, дамушы мемлекеттердің қай-қайсысы үшін тілдің қостілділігі мен үштұғырлылығы қауіпті емес. Керісінше біртүлділік – ұлттың біртұтас

ерекшелігін өз ішінде ғана танытып, өзге ұлтқа тек аударма арқылы жеткізілуіне тәуелді болып қалмақ. Калифорния университетінің зерттеушісі Наоми Бет Кафе өзінің славян тілдері және әдебиеті бағытындағы диссертациялық еңбегінде: «... көпұлттылық, азұлттылық және қостілділік сынды терминдер кейбір авторларды сыйпаттайды. Өйткені, олар арқылы сол халықты сыйпаттауға мүмкіндік туындайды...» дей келіп, Олжас Сүлейменов шығармашылығын өз зерттеуіне арқау етеді. (5.17) О. Сүлейменовті қазақ есімі мен өнерін әлемдік аренаға алып шыққан бірегей ақын деуіміздің бір себебі де осы. Мысалы: Ыбырай, Шоқан, Абай, Шәкәрім сынды қазақ данышпандарының еңбектері өзге елге аударма арқылы жетсе, О. Сүлейменовтің шығармашылығы бірден шет мемлекеттерге таралып, бүкіл әлемнің назарын бірден аударды. Ақынның орыс тілділігіне қарап, оны өзге ұлтқа телу үлкен әбестік. Жазылу тілі орыс тілінде болғанымен, өлеңнің өн бойынан ұлттық сананың, ұлттық мінез бен махаббаттың және қазақы рухтың иісі аңқып тұр. Ақын бойындағы бар кереметтілік ең бірінші оған өз ұлтынан дарыған. Тектілігі, туған топырағының тарихын терең тануы, ұлттық тәрбиесі, танымы, түсінігі, санасы, рухы, бар болмысы, бәрі-бәрі бірлесе келіп, оның өлеңдерін ұлттық бояумен әшекейлеп тұр. Демек, ақын бойына өр мінез, тума талант дарытқан оның айналасындағы ұлттық құндылықтар болса керек. Ұлттық құндылықтар «Ұлттық сана» қалыптастырып, «Ұлттық сана» өз халқын әлемге танытар ұлы шығармалар әкелуіне себепкер болып тұр деуге толық негіз бар. Адамгершілік, адалдық, борыш деп аталатын моральдық ұштағаннан құралған ақынның рухты шығармалары бүгінде әлемдік әдебиетте кең масштабты орынға ие болды.

Бабалар қалдырған ұлы тарих пен ұлан ғайыр даланың туын жықпау – бүгінгі Егемен елдің перзенттеріне мәңгілік парыз. Тәуелсіздік таңына кеңестік кезеңнің қатаң сынынан сүрінбей жеткен О.Сүлейменовтің шығармашылық мұрасын заманауи көзқарастар мен жаңа әдіс-тәсілдер арқылы зерттеп, зерделеудің қажеттілігі мен маңыздылығы қашан да арта бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. «Творчество Олжаса Сулейменова и вопросы национального самосознания» Материалы международной научной конференции, посвященной 80-летию выдающегося казахского поэта и общественного деятеля О.Сулейменова. 05-06 мая, 2016 год.
2. Ayez M. (2021) [Qazaq adebieti, Mangilik demi – Tanirdin lebi], – № 20, 14 th of May, 13 p. (in Kazakh).
3. Harsha Ram. (2001) [Imagining Eurasia: The Poetics and Ideology of Olzhas Suleimenov's AZiIA] – Cambridge University Press, – p. 311. (in English)
4. Jung K.G. (1952) Psychology and Literature. The Greative Process, ediked by Brewster Ghiselin. Berckley and Los Angeles. (in English)
5. Naomi Beth Chaffee. (2013) [A dissertation submitted in partial satisfaction of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Slavic Languages and Literatures] – Los Angeles: University of California, p. 209. (in English)
6. Rearding Olzhas Suleimenov artworks (2013) Idea author and project manager: Dusen Kasseinov. – Turksoy, – p. 264
7. Sternberg, R. J. (1997) [The concept of intelligence and its role in lifelong learning and success] (in English)
8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Семей-Новосибирск, Талер-Пресс, 2006, – 398 б
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

10. Құлбарақ С. Ұлттық рух және поэзия: Зерттеу, ой-толғам. – Алматы: Таймас, 2016. – 112 б.
11. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: Интелвак, 2001. – 1600 стр.
12. Сулейменов О. От января до апреля: Стихотворения. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – 272 с.
13. Сулейменов О. Собрание сочинений в 7 томах. Стихотворения. – Алматы: Атамұра, 2004. – 480 с.
14. Сулейменов О. Указатель литературы. – Алма-ата: Жазушы, 1986. – 136 с.
15. Сыдықов Ұ. Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік: Мақалалар. – Алматы: Дәстүр, 2015, – 288 б.
16. Ұлттық рухтың тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. Жауапты редакторы: Жанпейісов Е. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИАМӘТІНДЕРДІҢ ТІЛДІК-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*АҚАБАЕВА М.О.,
Әлихан Бөкейхан университетінің
докторанты,
Қазақстан, Семей қ.*

Бүгінгі күндегі бұқаралық ақпарат құралдары биліктің басты төртінші тармағы деп аталатын атауға шын мәнісінде лайықты әрі қоғамдағы бұқаралық коммуникацияны барынша орындайтын маңызды құрал болып табылғандықтан, қоғамнан орын алатын бұқаралық коммуникацияны да жүзеге асыра алатын маңызды құрал болып қалыптасқан. Оның барлық қызметі мен нәтижелерін көрсете алатын ауқымды ұғымға медиа-мәтін деген толықтай атау беріледі. Осыған байланысты балаларға арналған бағдарламалардың медиамәтіндерінде ақиқат болмыстың қандай да бір үзігін құрастыратын күрделі модель ретінде қарауға болады. Сондай-ақ, медиа-мәтін таза ақпараттық қызметті атқаратын қатынастың құралы ретінде ғана қарауға болмайды. Сондай-ақ, бағдарламаның медиамәтінін жазатын автордың, кейде басылымның, саяси-идеологиялық ұстанымын да барынша жүзеге асыруға стратегиялық мағынасы бар құрылымның қатарына жатқызуға болады.

Жас ұрпаққа ұлттық тілді жетік меңгертіп, олардың тіл байлығын арттыруда медиамәтіндердің маңызы ерекше. Ұлттық тілдің шұрайлы нәрін бала санасына сіңіру, олардың сөз мағынасын түсініп, оны орынды қолдана білуіне күнделікті көріп жүрген телебағдарламалардың әсері ерекше. Сондықтан медиамәтіндерді жас ұрпақ тілінің дамуына ықпал ететін басты құрал ретінде қарап, ол бағдарламалардың тілдік сапасына, тілінің тазалығы мен сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына ғана емес, ондағы тілдік мәліметтердің ұлттық танымдық маңызына мән беруіміз қажет. Себебі тіл тек қарым қатынас құралы емес, ол адамның сана сезімінің өсуіне, дүниеге көзқарасының, ұлттық дүниетанымының қалыптасуына ықпал ететін маңызды фактор.

Жалпы, медиамәтінді бұқаралық ақпарат құралдарының арналары арқылы таратылатын ақпараттардың тізбегі ретінде қарастыру қажет. Яки кітап, баспасөз, театр, кино, теледидар, радио тіпті ғаламтордан да таратылатын ақпараттың барлығы медиамәтіннің қатарына енеді.

Біз бұл зерттеуімізге медиамәтіндердің бір түрі - телебағдарлама мәтіндерін нысан етіп алдық.

Зерттеулердің нәтижесінде, қазір көп жағдайларда қазақ басылымдарынан жинақталған тілдік материалдардың негізінде қазақтың баспасөзінде тақырыптық, коммуникативтік, шығармашылық, прагматикалық еркіндіктің белең алып жатқандығы да толықтай байқалады.

Мәтіннің авторына тек редакция тапсырмаларын орындаушы ретінде қарауға болмайды. Оларға кәсіби әрі энциклопедиялық білім қоры қалыптасқан, өзіндік азаматтық позициясы мен прагматикалық ұстанымын оқырман қауымға сауатты түрде жеткізе алатын тұлға ретінде қарау керек екенін білу керек. Осыған байланысты қазақтың журналистері арасында тілдік тұлғаның деңгейіне жете білген қаламгерлердің еңбектерін де арнайы түрде зерттеу нысанасына айналдыру мүмкіндігі туындап отырғаны анық [1, б.17].

«Бала тәрбиесіндегі ең үлкені – оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады», - дейді жазушы Әзілхан Нұршайықов [2, б.8]. Ал балаға жақсы тәрбие беру отбасынан бөлек, қоғаммен және ондағы болып жатқан дүниелермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының кез келгенінде де қолданылатын әмбебап құрал ретінде медиа-мәтін әлеуметтік-реттеушінің қызметін атқарады. Қазақ тіл білімінде ғалым ретінде ерекше ойып алар орны бар Рабиға Сыздық қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің де даму барысында көркем әдебиет стилінің жетекші орын алатынын айта келіп, былай деген: «Сөз жоқ, бұл күнде тіл тәжірибесінде публицистиканың, көпшілік информация құралдары – баспасөздің, радио мен телевидениенің де рөлі күшейе түскенін мойындау керек».

«Балапан» арнасындағы «Кім тапқыр» бағдарламасы балалардың зейінін ашуға бағытталып, ойларының ұшқырлығын да әр түрлі ойындар ойнату арқылы дамытуға негізделген. 6-12 жас аралығындағы балаларға пайдалы ақпараттарды игертуге ат салысып, логикалық сұрақтар арқылы да білімдерін шыңдауға көмектесетін бағдарлама әр көрерменмен кері байланыс орнатады. Сондай-ақ, бағдарламаның тұрақты бес түрлі айдары бар екен-ді. Және ол жаңа маусым сайын түрленіп те отырады. Ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық интерактивті бағдарламаның медиамәтінінің де өзіндік ерекшеліктері бар [3, б.41].

Арнайы бағдарламаны жүргізуші көрермендермен амандасу арқылы өз жұмысын бастайды. Сөздерінің барлығы дерлік ауызекі сөйлеу стилінде дайындалған. Бағдарламадағы медиамәтін тілдің негізгі бір қызметі арқылы қарым-қатынас жасауға байланысты болып тұрғанын көруге болады. Ауызекі сөйлеу стилі де көп таралған функционалды стилдің қатарына енетіні белгілі. Бейресми қатынастарда адамдардың да еркін қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді.

«Кім тапқыр» бағдарламасының медиамәтінінде ауызекі сөйлеу стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын ерекше белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін де қолданудың өзгешелігі болады. Аталмыш ерекшелік алдымен ондағы лексика-фразеологиямен тығыз байланысты. Мәселен, жүргізуші «Ит өлген жерде», «Қыздың жиған жүгіндей», «Төбесі көкке жетті», «Төбе шашы тік тұрды» т.б. тұрақты сөз тіркестерін бағдарламаны жүргізу барысында қолданады.

Сондай-ақ, бағдарламаның ауызекі сөйлеу стилінде құрылғанын диалог дәлелдейді. Қатысушы екі адам. Бірі – жүргізуші болса, екіншісі келген қонақ болып табылады. Бұл тұста интонацияның да ерекше қызмет атқаратынын көруге болады. Жүргізушінің ішкі күйі мен қызықты ақпарат айтқан кездегі эмоциясын көрсете алуының өзі дұрыс жинақталып құрылған медиамәтіннің нәтижесі деп тану қажет.

«Кім тапқыр» бағдарламасының медиамәтінінде әдебиеттегі әр түрлі кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктері мен мінездерін таныту мақсатында оның өмір сүрген ортасындағы жергілікті диалект сөздерді де барынша стильдік тұрғыда жүзеге асыруға болатынын көрсеткен. Аталмыш бағдарламаны жүргізуші қаратпа, қыстырма әрі одағай сөздерді де жиі қолданғанын көруге болады. «Сәлем, досым», «Достар, қайырлы күн», «Сондай-ақ, осы тәсілдерді пайдаланғанда...» деген сияқты мысалдар өте көп.

Бағдарламаның медиамәтінінде көркемдегіш бейнелеуіш тәсілдер де ұтымды пайдаланылған. Олардың ішінде теңеу, эпитет пен гипербола, синекдоха, ассонанс пен аллитерация да көптеп кездеседі. «Арыстандай жігіттердің...», «Үйдің іші», «Атасының тұяғы» сынды сөздерді де бағдарлама барысында келістіріп қолданған. Арнайы жобаға дайындалған медиамәтіннің стилі ауызекі сөйлеу тілінде болғандықтан автоматты түрде де дайындықсыз айтыла беретін тұстары да кездеседі.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Балапан» арнасында «Есімдер» деп аталатын танымдық бағдарлама бар екенін көрдік. Бұл бағдарлама білім алушыларға, жас көрермендерге әр түрлі салада еңбек етіп жүрген, жаңалық ашқан, өзіндік орны бар адамдар туралы ақпарат береді. Мысалы, арнаның бұл көрсетілімінде тақырыптар әр алуан болып келеді. «Математик Асқар Жұмаділдаевты танысың ба?», «Қант диабетінің емін тапқан қазақстандық ғалым туралы бірге білейік», «Ақылды үйлер сәулетшісі Норман Фостер», «20 жасында мультимиллионер атанған Илон Маск», «Танымал кинорежиссер Ақан Сатаевтың шығармашылығы», «Өнер елшісі Майра Мұхамедқызы» және өзге де атақты адамдармен байланыстырылған тақырыптар жетіп артылады [4, б.11].

Бар-жоғы 2-3 минуттық бейнеге созылатын көрсетілімде танымалдардың өмірі мен еңбек жолы туралы ақпарат береді. Яки ресми деректерге сүйене отырып, туған жылы, отбасы, оқу орны және қосымша мәліметтермен толықтырылып, мазмұнды да мәнді ақпараттар айтылады. Мысалы, атақты математик туралы шығарылған бағдарламада Асқар Жұмаділдаевтың математика саласына еңбегіне басты назар аударылған. Берілген бағдарламаның медиамәтінінде ешқандай екі адамның сұхбат құруы қарастырылмаған. Тек бас кейіпкер туралы мәліметтер таратылып қана беріледі.

Медиамәтіннің тілдік-стилистикалық ерекшеліктері бойынша ғылыми стильдің негізінен хабар алуға болады. Себебі, математикалық терминдер, түрлі теоремалар мен аксиомалардың өзіне сай қасиеттері туралы анықтап айтып береді. Яки, ғылыми стильдің өзі де зат пен құбылыстың атауы ғылыми негізде сипатталып, қандай да бір дәлелдеулерді қажет ететін стильдің бір түріне негіз болады. Осы берілген медиамәтіннен орын алатын ғылыми стиль пікір дұрыстығын да дәлелдеу мақсатында ғылыми стильге нақтылық пен логикалық мазмұнның дәлелдігі қажет екенін көрсетуге болады. Сондай-ақ, берілген медиамәтіннің ішінде көбінесе жалқы есімдер жиі қолданылған. Асқар Жұмаділдаевтың білім алған елдері мен қалалары, өзге де жер-су аттары кеңінен қарастырылған.

Жалпы бағдарлама барысында медиамәтіннің мазмұны көбінесе ғылыми стиль жағынан жазылғандықтан, сөйлемдегі сөздердің қалыпты түрдегі орны, тілдік нормасы да қатаң түрде сақталған. Яки ғылыми стильде сөздердің көп мағыналы болып келмейтіні анық. Тек қана медиамәтінде берілген сөздің арнайы анықтамасы арқылы қолдануға рұқсат бар. «Есімдер» бағдарламасының математик туралы шығарылымында тек қана нақты ғылыми атаулар, белгілі бір ережелердің жалпылама атаулары т.б. туралы ақпараттар берілген. Бұл бағдарламаның медиамәтінінде берілген сөздердің мағынасын ашу үшін де арнайы ғылыми стиль қолданылған. Өзімізге мәлім, қазіргі таңда ғылым саласы күн санап дамып, өсіп, өркендеп келе жатыр. Дәл сол себепті де күннен-күнге жаңадан ғылыми сөздер пайда болып, неологизмдердің қатарын толықтыруда. Адам баласы осы бір сөздерді ғылыми стильді барынша қолдана отырып мағынасын ашуда жұмыс жасап, еңбектеніп жүр. Сол арқылы да пайда болған жаңадан енген сөздер жалпы халықтық лексикаға айналып жатады.

Тура осындай ғылыми стильде жазылған «Есімдер» бағдарламасының тағы бір медиамәтіні қант диабетінің емін тапқан адам туралы болған. Аталмыш мәтіннің ішінде ғылыми терминдер, медицина саласына байланысты әр түрлі пікірлер қалыптастырылған. Сондай-ақ, ғылым саласына еңбегін сіңірген ғалым туралы айтылған кезде жалқы зат есімдер көптеп пайдаланылған. Неологизмдер мен кәсіби сөздердің де медиамәтінде алатын орны ерекше.

Мына қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың да, ғылым мен техниканың дамуына орай, қазақ тіліне енген жаңа сөздердің барлығы, сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдардың қатары неологизмге енеді.

Бағдарламаның медиамәтінінде неологизм лексикалық әрі семантикалық болып екі топқа бөлінеді. Көп жағдайда лексикалық неологизмге ұғымдардың пайда болуымен байланысты болып жатса, ал семантикалық неологизмге сөзбе-сөз аудару арқылы да жатқызуға болады. Медиамәтінде неологизмдердің болуы тілдің лексикалық құрамына жазбаша әрі ауызша түрде енеді. Ауызша енген сөздердің көбі тұрмыстың қажетіне және мәдениетке қатысты атаулар болатын болса, жазбаша енген неологизмдер ғылым мен техниканың жетістіктерімен байланысты болып табылады. Негізінде осындай медиамәтіндерде берілген жаңа сөздер адамның өміріне сіңісіп, үйреншікті атауларға да уақыт өте келе айналады. Осындай этаптардан өткеннен кейін ғана барып тілімізде тұрақты сөз ретінде жұмсалады [5,б.47].

«Балапан» арнасынан жақсы көрсетілім беріп тұрған «Есімдер» бағдарламасының әр санында қызықты мәліметтер беріледі. Осының барлығын жинақтай келіп, медиамәтінінде де әр түрлі стильде жазылып, тілдік ерекшеліктердің де сан алуан түрі қолданылатыны туралы көруге болады.

Балалардың асыға күтіп көретін шығарылымдардың бірі – «Анаммен бірге» деп аталады. Бұл бағдарламада кішкентай ғана бүлдіршіндер аналарымен бірге дәмді тамақ дайындайды, сурет салады, қолдарынан шыққан туындылармен таныстырады. Аталмыш бағдарламаның медиамәтінінде көбінесе ауызекі стиль орын алады. Бірақ, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері де жиі орын алып тұрады. Мысалы, «Қызы бардың назы бар», «Шеше көрген тон пішер», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» т.б тақырыпқа сай халық даналықтарын жиі қолданып отырады. Медиамәтіннің ішінде «Елді аман қыл, ел ішінде қалқайтып мені аман қыл», - деп аталатын ерекше сөзге назарымыз ауған еді. Тілдік ерекшеліктері жағынан сөз тіркесін біркелкі қарастырып, қайталатын айтуға үйрететін бағдарламаның тәрбиелік мәнінің түбінде зор мән жатқанын көруге болады.

Сондай-ақ, «Балапан» телеарнасының көрсетілімінде бүлдіршіндерге арналған «Әжем айтқан ертегі» айдары қызмет жасайтынын зерттеу жұмысы барысында хабардар болғанбыз. Сан алуан кейіпкерлердің қатысуымен өтетін ертегілер әр шығарылымда бір-бірін қайталамай, бүлдіршіннің тәлім-тәрбиесіне ерекше назар аударатынын көруге болады. Оқылатын ертегілер бірде жан-жануарлар арқылы баланы өтірік айтпай, адал болуға үйретсе, енді бірде қиял-ғажайыпқа толы кейіпкерлермен жақсы, игі істер жасаудың да маңызын біліп, игеруге көмектесетіні анық.

Ертегілердің тақырыптары әр түрлі болғанымен, соңғы айтары яки түйіні бір болғандықтан ерекше тоқталмай, керісінше шығарылымның атына мән беруді жөн санап отырмын. Ерте кезден бүлдіршіндер ертегіні әжелерінің аузынан еститін болғандықтан, басқа емес дәл осы ақ жаулықтылардың айтары көңілге ерекше бір жылулық бергендіктен тақырыптың «Әжем айтқан ертегі» деп аталуының өзінде терең мән жатқандығы белгілі-ақ. Тек жаһанданған заманда заманауи бағдарламаларды көрсетіп қана қоймай, көненің көзіндей көріп, ескіні ұмыт қалдырмай, дәріптейтін аталмыш бағдарламалардың болғандығы көңілге қуаныш сыйлары хақ.

Жалпы өнердің барлық түріне қатысты айтыла беретін тарихи түрде қалыптасып қалған іштей жіктелімнің жүйесі ретінде ғылымда таныс атау – жанрдың аталмыш телеарнада әдебиетке де, журналистика мен музыка өнеріне жақындары да, театр мен киноөнерге де қатысы барлардың барлығы дерлік кездеседі. Сондықтан да әр көрсетілетін балаларға арналған бағдарламалардың жанрлық ерекшеліктері өзінше сан түрлі болып келетінін айтуға негіз бар. Жоғарыда атап өткен «Әжем айтқан ертегі» теле-жобасы әдеби жанрға қатысты, ал тілдік

таңбалардың қызметін зерттейтін сала ретінде белгілі прагматиканың да бұл жерде атқаратын рөлінің ерекшелігі де мәлім.

«Балапан» арнасындағы көрермендерге жол тартатын арнайы бағдарламалармен таныса келе көзіміз «Дара бала» деп аталатын ерекше көрсетілімді шалды. Кең-байтақ қазақ елінде жүрген талантты балалардың өнерлерін халыққа көрсетуді мақсат еткен бағдарлама бүлдіршіндердің дарынын шыңдап, әрбір жеке баланың даралығын көрсетуге бағытталады. Бағдарламаға келген балаларға қарап, шынымен де еліміздің ертеңі болатын талай мықтылар өсіп келе жатқанына қуанып, бір марқайып қалатының да жалған емес-ті.

Олардың ішінде ерекше дауыс иелері, жап-жас өнертапқыштар, қолынан қыл қаламы түспеген суретшілер, бірнеше тілді меңгерген полиглоттар, қазірден бастап көк туды желбіретуге ниеттенген спортшылар, тіпті айына миллион табатын кіп-кішкентай кәсіпкерлер де кездеседі. Әр бағдарламада үш қатысушыдан болатынын да ескерте кеткенді жөн санап отырмын. Бағдарламада дайындалған медиамәтінде көбінесе ауызекі сөйлеу стилінде орындалып, өзара қарым-қатынас жасалады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі түрінде медиамәтіннің өзіндік ерекшеліктері болатыны анық. Оның әмбебаптық сипаты негізінен өзгеріссіз де қалатыны белгілі. Зерттеу нәтижесінде, балалар бағдарламаларындағы медиамәтіннің адресанттың мақсатты түрде жүзеге барынша асырылған әрекеттің жемісі әрі нәтижесі деп тануымыз керек. Медиамәтін белгілі бір қарым-қатынастың өзге де түрлерін жүзеге асыру үшін қолданылатын сөзжасамдық әрекеттің формасы. Сондай-ақ, балаларға арналған бағдарламадағы медиамәтіннің коммуникациясының аяқталған әрі тиянақты, тұтас бірлігі ретінде жүзеге асады.

Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерінде «Балапан» арнасындағы ерекше бағдарламалардың бірі – «Білім бәйгесі» деп аталады. Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі медиамәтінде аллитерация мен ассонанс көптеп кездеседі. Дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы жасалып, әдеби тілді ажарлап, белгілі бір сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл ретінде жүзеге асады. Мысалы, осы «Білім бәйгесі» тақырыбының өзі «б» әрпінің қайталанып тұрғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жүргізуші сөйлеу кезінде аллитерациялық құбылыстары бар сөз тіркестерін жиі қайталап отырады.

Аллитерация сондай-ақ қазақтың мақал-мәтелдерінде де ұтымды пайдаланылады. Бағдарламаның медиамәтінде сол мақал-мәтелдер ұтымды қолданылады. Мақалдардың құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбыс не бір сөзді бірнеше рет қайталау, сөз ұйқасымы да айрықша рөл атқарады. «Білім бәйгесі» сайысында жүргізуші «Бейнет, бейнет түбі - зейнет» сияқты бірнеше қайталаулар мен сөздердің ұйқасымы бірнеше рөл атқарады. Тіпті бағдарлама барысында аллитерациялық тәсілмен берілген қазақ жұмбақтары да жиі кездеседі. Мәселен, «Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті» деген сияқты жұмбақтардың қойылуы балаларға ерекше әсер береді. Халық даналығынан өзге де мәнді де мағыналы дүниелерді көрсетіп, балаға жан-жақты болып қалыптасуына үйрететін бағдарламалардың медиамәтіндері дұрыс жазылуы тиіс.

Зерттеу барысында теле-жобалар негізінде орын алатын балаларға арналған медиа-бағдарламалардың тек бір ғана арна негізінде жұмыс жасайтынын көрдік. Құрылғанына да көп уақыт өте қоймаған арнаның жұмыстары балаға жөні түзу тәрбие беріп жатқандығы қуантқанмен, әлі де болса талай бағдарламалардың көрерменге жол тартуы қажет-ақ. Себебі, зұлымдық пен жауыздықты ашық түрде көре алуға жол ашып қойған қатал қоғамда балаға ата-ананың сыйлар жылуы, махаббатымен қатар, берері мол бағдарламалар көптеп жұмыс жасаса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, бүгінгі тәрбиеленіп жатқан ұрпақ – ертеңгі күннің азаматы. Ал ел ертеңінің жарқын болуы үшін жасайтын қадамымызды бүгіннен бастағанымыз дұрысырақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007.
2. Нұршайықов Ә. Өшсе де, өшпестей із қалдырған. Қазақ әдебиеті, 2011.- №4 (2405).
3. <https://www.youtube.com/watch?v=UXay2HrDHBQ> желісінің ақпаратынан алынды.

4. <https://www.youtube.com/watch?v=KZcwD3AGRAk&t=84s> желісінен алынған ақпараттар тізбегі.

5. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. – Алматы: Қазақстан, 2014 ж, 107 бет

ТУРИЗМ ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАНРЛАРЫ

СӘРСЕКЕ Г.Ә.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

ЖҰМАҒАЛИ Д.Ө.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты. Астана, Қазақстан

Аннотация. Статья посвящена определению дискурса туризма и его анализу. Рассматривается мнение ученых о типологическом статусе и жанрах туристического дискурса.

Annotation. The article is devoted to the definition of tourism discourse and its analysis. The views of scholars on the typological status and genres of tourism discourse are considered.

Қазіргі таңда туризм индустриясы әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан саласы болып табылады. Әлемді шарлағысы келетін туристер саны жылдан-жылға артып келеді. Соған сәйкес туристік қызметтерді ұсынатын туристік агенттіктердің де санының өсуі байқалады.

Бүгінгі таңда іскерлік, оқу, сауда, спорттық, экстремалды, тарихи, қажылық, әдеби, гастрономиялық және басқа да кәсіби қызығушылықтарға, хоббиге, сәнге бағытталған туризм түрлері өзекті болып табылады [1, 88]. Саяхатқа шыққанда туристер тек демалып қана қоймай, өзге елдің мәдениетімен, дәстүрімен, тарихымен танысуға тырысады. Туристердің осындай жаңа дүниеге деген қызығушылығы туризм саласының танымалдылығын арттырады. Туризм индустриясының мұндай ауқымы туризм дискурсын зерттеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің туындауына серпін болды.

Туризм дискурсы Н.В. Филатова, Ф.Л. Косицкая, Н.А. Тюленова, Ю.С. Максимова, М.М. Мамаева, С.А. Погодаева, Э.Ю. Новикова сынды лингвистер мен филологтардың жұмыстарында ерекше қарастырылады.

Туризм дискурсын анықтауға қатысты ғалымдардың пікірі екіге бөлінеді. Бір топ ғалымдар туризм дискурсын дискурстың дербес түрі деп қараса, келесі бір топ ғалымдар туризм дискурсын жарнамалық дискурстың кіші түрі деп есептейді. Алайда ғалымдардың көп бөлігі туризм дискурсын дискурстың дербес түрі деген көзқарасты қолдайды. Мысалы, Н.В. Филатова туризм дискурсын жеке институционалдық дискурстың түріне жатқызады [2, 82]. Ф.Л. Косицкая да дәл осындай пікірде. Ол: «Туризм дискурсы саяси, экономикалық, әскери, педагогикалық, діни, іскери, медициналық, жарнамалық, спорттық, ғылыми, бұқаралық-ақпараттық дискурстар секілді институционалдық дискурстың бір түрі болып табылады», - дейді [3, 192]. Н.А. Тюленова туризм дискурсын туризм жарнамасының әртүрлі түрлерін біріктіретін жарнама дискурсының ерекше кіші түрі деп көрсетеді [4, 6]. Ю.С. Максимованың пікірінше, «Туризм дискурсының жарнамаға қатыстылығы ол туралы түсінікті тарылтады, өйткені туризм экономика, спорт, денсаулық, мәдениет, дін сияқты адам өмірінің салаларын қозғайтындықтан, оның тілі жарнама шекарасынан әлдеқайда асып түседі. Туризм дискурсы кең мағынасында

ортақ тақырыптарға (туризм, саяхат, әсер) біріктірілген және біртұтас тұжырымдамалық негізге ие (саяхат) мәтіндер жиынтығы болып табылатын институционалдық дискурстың түрі» [5, 213].

М.М. Мамаева өзінің «Адресант в испанском туристическом интернет дискурсе» атты мақаласында туризм дискурсын жарнамалық дискурстан үш белгісі арқылы бөледі. Атап айтсақ, бірінші, олардың атқаратын қызметі, екінші, объект сипаттамасы, үшінші, ақпаратты беру сипаты. Осылайша туризм дискурсын туризм саласында қолданылатын дискурстың ерекше түрі деп көрсетеді. Сонымен қатар ол көпшілік оқырманды ақпараттандыруға бағытталғандықтан, оны бұқаралық-ақпараттық институционалды дискурс ретінде анықтайды [6, 1]. Туризм дискурсын дербес дискурс деп қарастыратындардың қатарында зерттеуші С.А. Погодаева да бар. Ғалым туризм дискурсын бұқаралық-ақпараттық және мәртебеге бағытталған институционалдық дискурс ретінде қарайды [7, 6].

Туризм дискурсының типологиялық мәртебесі туралы қалыптасқан бірыңғай пікір жоқ. Алайда біз туристік дискурсты дискурстың дербес түрі деп қарайтын ғалымдардың көзқарасын ұстанамыз.

Туризм дискурсы туралы әңгіме қозғағанда оның түрлері мен жанрларын да атап өткен маңызды. Ақпараттың берілу сипатына қарай туризм дискурсының ауызша және жазбаша түрін ажыратуға болады. Н. В. Филатова «Жанровое пространство туристического дискурса» атты мақаласында туризм дискурсының жанрларын саралай келіп, оның ауызша және жазбаша түрлерін ажыратып көрсетеді. Туризм дискурсының жазбаша түріне *баспа мәтіндерін* және *компьютер арқылы жүзеге асатын жазба мәтіндерді* жатқызады. Баспа мәтіндеріне жолнұсқа, туристік бағдарлама, каталог, мақалалар, брошюра, парақшаны жатқызса, компьютер арқылы жүзеге асатын жазба мәтіндерге виртуалды экскурсия, туристік бюроның веб-парағы, клиенттің туристік бюроға жазған электрондық хаты, туристік сала қызметкерлерінің электрондық хат алмасуларын жатқызған. Туризм дискурсының ауызша түрін *тікелей* және *жанама* деп екіге бөліп қарастырады.

1. *Тікелей қарым-қатынастың ауызша түріне:*

- экскурсия (экскурсия жетекшісі мен экскурсант арасындағы тілдесімді қоса алғанда);
- қызмет сатушысымен диалог (кеңседе немесе кеңседен тыс туристік фирма өкілі мен клиент арасындағы диалог);
- қабылдаушы тарап өкілімен диалог (қонақ үй қызметкері, алып жүруші топ, экскурсиялық автобус жүргізушісі мен клиент арасындағы);
- контрагент пен туроператор арасындағы диалог (әуе билетін, қонақ үйлерді және т.б. брондау);
- ерекше жағдайлардағы сөйлеу әрекеті (консулдықпен келіссөздер).

2. *Жанама қарым-қатынастың ауызша түріне:* бейнежолнұсқа – географиялық-шолу деректі фильмі; аудио нұсқаулық (аудиогид) [2, 78-79].

Бұл жіктеу адамдардың өзара әлеуметтік әрекеттесуіне негізделген. Жіктеуде туристердің пікірі, сахат күнделігі, саяхатшының блогы сияқты жанрлар қарастырылмаған.

Ф.Л. Косицкая «Жанровая палитра французского туристического дискурса» атты мақаласында туризм дискурсын сөйлеу жанры ретінде қарастырады да, туризм дискурсының жанрларын үлкен топтарға бөлуді ұсынады. Бірінші топқа келісімшарт, қонақ үйді брондауға өтінім, билеттерді брондауға өтінім, тапсырыс, іскерлік хат алмасу, сауда-коммерциялық келісім, шағым, қаулы және т.б. жататын жеке туризм дискурсының сөйлеу жанрлары кіреді. Екінші топқа каталог, туристік кітапша, нұсқаулық, бағдарлама, буклет, жарнама парағы, ақпараттық парақ, кәсіпорын презентациясы, пошта арқылы жазылған жарнама хат, мәдени бағдарлама, кесте, анимациялық бағдарлама афишасы, веб-сайт, маршрут сипаттамасы, жарнамалық мақала жататын жарнамалық-туризм дискурсының сөйлеу жанрлары кіреді. Үшінші топқа монография,

диссертация, ғылыми баяндама жататын туризм саласындағы ғылыми дискурстың сөйлеу жанрлары кіреді. Төртінші топқа туризм бойынша оқулық, жаттығулар жинағы, оқу құралы, дәрістер курсы жататын білім беру (дидактикалық) туристік дискурсының сөйлеу жанрлары кіреді. Бесінші топқа туризм кодексі, жарлық, бұйрық, қаулы жататын заңнамалық дискурстың сөйлеу жанрлары кіреді [3, 194].

Бұл жіктеуден байқайтынымыз, ғалым туризм дискурсын институционалдық дискурстың өзге түрлерімен өзара әрекеттестікте қарастырған. Мақалада тек француз туризм дискурсының баспа мәтіндері ғана көрсетілген. Компьютер арқылы жүзеге асатын жазба мәтіндері мен туризм дискурсының ауызша түрлері ұсынылмаған.

В.А. Митягина туризм дискурсының жанрларын оның коммуникативті мақсаттарымен байланыста қарастырады. Коммуникативті мақсаттардың үш түрін көрсетеді: экзистенциалды, виртуалды және иррационалды. Аталған мақсаттарға сәйкес туризм дискурсының келесі жанрларын ажыратады: «1) ақпараттық басылымдар, туристік агенттіктердің ақпараттық-жарнамалық материалдары; 2) белгілі бір елдер, қалалар, көрікті жерлер туралы кітаптар мен энциклопедиялық мақалалар, жолнұсқалар, мерзімді басылымдардағы және туристік агенттіктердің сайттарындағы мақалалар; 3) саяхат күнделіктері, интернет-форумдарда көрсетілген туристердің жеке әсерлері, танымал тұлғалардың саяхат туралы жалған әсерлері» [1, 89]. В.А. Митягина туризм дискурсының жанрларын дискурсқа қатысушылардың коммуникативті әрекеттерімен байланыста қарастырған. Мақалада туристердің жеке әсерлеріне көп көңіл бөлген.

Э.Ю. Новикова туризмді коммуникативті кеңістік ретінде қарастырып, лингвистикалық тұрғыдан үш категорияға бөледі. Олар: институционалдық байланыс саласы, іскерлік байланыс саласы, білім беру және мәдени білім алмасу саласы. Осы коммуникативті салаларға сүйене отырып, сондай-ақ ауызша және жазбаша байланыс түрлерін ажырата отырып, ғалым туризм дискурсының жанрларын былайша жіктейді:

1. Институционалдық байланыстың жазбаша түріне шарттарды, қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар мен туристік жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, қонақ карточкаларын, қонақ үйде орналасу ережелерін, өрт қауіпсіздігі туралы жадынаманы жатқызады. Ауызша түріне офисте немесе офистен тыс туристік фирма өкілі мен клиент арасындағы диалогты, қонақ үй қызметкері, экскурсиялық автобус жүргізушісі, емдеу мекемелеріндегі персонал мен клиент арасындағы диалогты, туроператор мен контрагент арасындағы қарым-қатынасты (қонақ үйлерді, әуе билеттерін т.б. брондау), ерекше институционалды жағдайлардағы сөйлесу әрекетін жатқызады.

2. Іскерлік байланыстың жазбаша түріне туроператорлармен, туристік агенттіктермен, экскурсия жетекшілерімен, қонақ үйлермен және т.б. іскерлік хат-хабарларды, туризм экономикасы саласындағы анықтамалық, статистикалық, рейтингтік сипаттағы мамандандырылған мәтіндерді, қонақ үйлер мен мейрамханалардың, туристік агенттіктердің және клиникалардың таныстырылымдарын, БАҚ-тағы презентациялық, имидждік, брендингтік жарияланымдарды жатқызады. Ауызша түріне келіссөздерді және туристік өнімдердің/туристік кластерлердің/туристік стратегиялардың таныстырылымдарын жатқызады.

3. Мәдени-маңызды байланыстың ауызша және жазбаша түрін келесідей топтайды:

1) *жазбаша түрі* –

- тур бағдарламалары;
- туристік каталогтар, анықтамалар, парақшалар;
- интернет-порталдар; жолкөрсеткіштер;
- туристердің пікірі;
- мәзір;
- мұражайлардағы және көрме залдарындағы бағдарламалар.

2) *ауызша түрі* –

- аудиогидтер;
- бейне экскурсиялар;
- қала, мұражай және т.б. бойынша экскурсиялар;

көшелердегі/дүкендердегі/мейрамханалардағы қарым-қатынас [8, 238-239].

Э.Ю. Новикова мен Н.В. Филатованың туризм дискурсы жанрларын жіктеуі ұқсас болып келеді. Екеуі де дискурстың ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетеді. Э.Ю. Новикованың жіктеуінің өзге жіктеулерден ерекшелігі жіктеу түрі туристік өзара әрекеттесу түріне негізделген және коммуникацияның барлық түрлерін қамтыған.

«Туризм дискурсы» ұғымын талдай келіп, мынадай қорытындыға келеміз:

1. Туризм дискурсы – саяхат туралы мәтіндер жиынтығы.

2. Туризм дискурсының басқа дискурс түрлерінен ажыратуға мүмкіндік беретін өзіне тән ерекше сипаттамалары бар. Олар: туризм дискурсының мақсаты, ол – туристік қызмет алу, туристік дискурстың негізгі қатысушылары, олар – турист, экскурсия жетекшісі, негізгі тұжырымдамасы, ол – саяхат туралы, орны, олар – туристік агенттіктер, қаланың көрікті жерлері, елдер болады және туристік дискурстың түрлері мен жанрлары.

3. Туризм дискурсының жанрлары ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа байланысты жіктеледі.

4. Туризм дискурсының жарнама дискурсынан айырмашылығы туризм дискурсы ақпараттық сипатқа ие. Яғни туристік қызметті сатумен қатар клиентті хабардар етуді мақсат етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Митягина В. А. Коммуникативные действия в туристическом дискурсе. Иностранные языки в высшей школе. – 2009. – № 4 (11). – С. 88-97.

2. Филатова Н.В. Жанровое пространство туристического дискурса. Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова. – 2012. – № 2. – С. 76–82

3. Косицкая Ф.И. Жанровая палитра французского туристического дискурса. Вестник Томского государственного педагогического университета. Вып. 3 (131). – 2013. – С. 192-194.

4. Тюленева Н.А. Лингвокогнитивные стратегии позиционирования и продвижения туристических услуг в российской и англо-американской рекламе: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2008. – 19 с.

5. Максимова Ю.С. Функционирование туристической лексики в дискурсивном пространстве. Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина, 2015. Т. 1. № 4. – С. 212-220.

6. Мамаева М.М. Адресант в испанском туристическом интернет дискурсе. Вестник ИГЛУ. – 2012. – № 2 (19). – С. 1-7

7. Погодаева С.А. Языковые средства аргументации во французском туристическом дискурсе: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Иркутск, 2008. – 20 с.

8. Новикова Э.Ю. К вопросу о типологизации жанров в туристическом дискурсе. В сборнике: Коммуникативное пространство культуры. Материалы Международной научной конференции в Орловском государственном институте культуры. Ответственные редакторы А.В. Овсянников, А.Г. Пастухов, 2017. – С. 234-240.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «СӨЗ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

МЕЛІС А.М.

«Aipius» республикалық білім беру орталығы, қазақ тілі бөлімінің жетекшісі, магистр.

Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай шығармаларындағы «сөз» лексемасының семантикалық сипаты айқындалып, танымдық сипаты ашыла түседі. Сөздің қадірін, сөздің күдіретін халқымыз ертеден білген. Қазақ сөзге тоқтаған халық. Дау-дамайдың барлығын талқыға салып, бір ауыз сөзбен тұтас елдің тағыдырына қатысты мәселелерді шешіп отырған. Сөздің майын тамыза сөйлеген шешендеріміз, турасын айтқан тура билеріміз де тарихтан белгілі. Мұның барлығы қазақ танымындағы сөз күдіретінің әуелден терең екенін аңғартады. Мақалада соның тек бір ғана бөлігі ретінде ұлы Абайдың мұрасы: өлеңдері, қара сөздері алынып отыр. Абай – тілдің қоғамдық қызметін жете пайдаланған, сөздің қоғамдық рөлін жете түсінген ақын. Сол Абай шығармалары контекстінде зерттеудің нысаны болып отырған сөз лексемасының ғылыми түрде, концептологиялық тұрғыда мәнін ашуға тырыстық.

Түйін сөздер: когнитивті лингвистика, концепт, Абайтану, сөз, парадигма, антропоцентризм, поэзия, өлең т.б.

Тіл білімінің антропоцентристік парадигма нәтижесінде пайда болған когнитивтік саласы шындық дүниенің санамыздағы бейнесін қолға алғаннан бастап-ақ, көркем шығамаға танымдық тұрғыда, концептілік талдау жұмыстары жүргізіліп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулер бой көтере бастады. Осы орайда тұтас бір ұлт бойына сіңіруде өлшеусіз қызмет атқарған тұлғалар ретінде Абай шығармаларын тілдік таным тұрғысынан танытудың маңызы зор.

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген жеке тұлғалық, ұлттық санадағы ақпараттардың ортақ нысаны тұрғысынан танымдық лингвистиканың басты зерттеу объектісі болып саналады. Ол зерттеу жұмыстарының бағыттарына қарай психололингвистика, когнитивті лингвистикада, лингвомәдениеттану және т.б. тіл білімінің жаңа салалары болып қарастырылуда.

Ақынның когнитивтік санасында орын тепкен бірліктер оның көркемдік әлемін концептуалды дүние бейнесімен бірлікте қарауға негіз береді. Концептілер ұлттық мазмұны терең, көп құрамды, мағыналық өрісі кең құрылым дәрежесінде әлеуметтік-психологиялық, лингво-философиялық категория дәрежесіне көтеріле алады.

«Абай тілінің сөздігінде» сөз лексемасы Абай шығармаларында 376 рет қолданылған деп берілген. Бір ғана «сөз» лексемасы танымдық тұрғыда бірнеше мағынада жұмсалған. Олар: поэзия, сөйлеу, ақыл-нақыл сөз, ой-пікір мағыналары. Өлеңдеріне, қара сөздеріне талдау жасау арқылы, сол мағыналарының мәні ашылып, танымдық сипатын айқындауға мүмкіндік береді.

Бұл мақаланы жазудағы негізгі мақсат – Абай шығармаларындағы «сөз» лексемасының семантикалық мәнін аша отырып, концептілік аясын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- Когнитивтік лингвистикадағы «концепт» ұғымының зерттелуіне тоқталу;
- Абай шығармаларының тілін зерттеген ғалымдардың еңбегіне шолу жасау;
- Абай шығармаларындағы «сөз» лексемасы кездестіріні жолдарды тілдік бірлік ретінде жинақтау;
- Абай өлеңдеріндегі сөз сөзінің лексикалық сипатын айқындау, семантикалық талдау жұмысын жүргізу;

- Абай өлеңдеріндегі «сөз» сөзінің когнитивтік мәнін саралау;
- Абай өлеңдеріндегі «сөз» сөзінің қолданылу жиілігін анықтау;
- «Сөз» концептісіне тірек концептілер жүйесін анықтау.

Мақаланы жазу барысында Абай шығармаларынан тілдік бірліктер теріп, жинақтау әдісі жүзеге асты, сондай-ақ салыстыру, қорыту, сипаттау әдістері қолданылды. Тілдік құбылыстарды бақылау және синхронды тұрғыдан сипаттау зерттеу жұмысының негізгі әдісі ретінде жұмсалды. Тілдік стилистикалық және концептуалды талдау әдістері, қарама-қарсылықта алып талдау, лексика-семантикалық талдау, контекстік талдау әдістері де қолданылды.

Когнитивтік лингвистика заманауи антропоцентризмдік парадигма шеңберіндегі когнитивизм саласында қалыптасқан. Танымдық лингвистика структуралық тіл білімімен «сөз жарыстыра» түзілсе де, құрылымдық тіл білімінің принциптерімен қайшылыққа түспейді, қайта оны мейлінше өз мақсатында қолданды» [1, 10]. Таным мен оны жарыққа шығарушы тілдің проблемасы бұл когнитивтік тіл білімінің басты мәселелерінің бірі. Когнитивтік тіл білімінің өзгеше тұсы адамның танымдық санасы мен тілді қатар қарастыруы. Танымдық тіл білімінде аты айтып тұрғандай тіл және танымға қатысты ақпараттар жиынтығы қарастырылады. Тіл бірліктерін тұлғаның танымдық аппаратымен ұдайы қатар қарау, сонымен қатар ғылым құрылымы факторын сөйлеудің мағыналық мәнін ашуда негізгі себеп тұрғысында баса мән беру когнитивтік тіл білімінің ең бір айтулы тұсы. Тарихи-салыстырмалы, жүйелі құрылымдық және антропоцентристік сынды үш ғылыми парадигма – тіл білімі дамуындағы ірі белестер болып табылатыны белгілі.

Танымдық тіл білімінің басты элементтеріне кіретін концепт сөзінің бірнеше қосымша анықтамалары да белгілі. Латын тілінен аударғанда өн бойында бірнеше мағына, мәннің жиынтығы бар деген мағынаны білдіреді. Оның басты принципі – әлемнің сөздік суретінен түзілген ойлардың ортақтандырылған іздену процесінің бір элементі [2, 56].

Абай тілдік тұлғасындағы концептілердің танымдық ерекшелігін, семантикалық өрісін танымдық тілтану шеңберінде қарастыра отырып, Адам мәніне бойлай аламыз. Ұлттық санадағы шынайы, рас заттың құндылықтарын таңбалайтын кейбір концептілерге анализ жасау негізінде ұлттық концептуалды жүйенің даму бағытын бағдарлаймыз.

Абай шығармалары тілінің зерттелуіне шолу жасап өтер болсақ. Абай тілін тану, оны білу 1930-жылдардың бел ортасынан бастау алып, 1950-1960-жылдарда мәселеге А. Ысқақов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, І. Кеңесбаев сынды тіл мамандарының араласуына байланысты едәуір ілгерілей түсті. Сол жылдардан бастап басқа да тіл мамандары: Т. Қордабаев, Ш. Ш. Сарыбаев, Р. Сыздықова, Қ. Өмірәлиев, Е. Жанпейісов Абай тілінің тура айғақтарын: сөз саптауын, грамматикалық форма тәсілдерін сөз шырайын талдады, Рабиға. Сыздықтың «Абай туындыларының тілі» сондай-ақ, 1971 шыққан «Абай шығармаларының синтаксистік құрылымы» атты еңбектері жарық шықты. Аталған зерттеулердің алғашқысында ұлы ақынның шығармашылық мұрасы ана тіліміздің тарихының дереккөзі ретінде талданды. Бұл еңбекте төл әдеби жазба тіліміздің негізін қалап, одан кейінгі даму арнасы мен ұстанымдарын белгілеудегі Абайдың қосқан айрықша үлесі мен теңдесіз қызметі көрсетілді. Абай шығармаларының синтаксистік құрылысын талдайтын 2-зерттеу жұмысында да қазақ өлеңдерінің, соның ішінде ұлы ақын өлеңдерінің синтаксистік амалдары мен тәсілдері, композициясы, өлшемі, ұйқасы және аталған бірліктермен синтаксистік құрылымының өзара тығыз байланысы анық талданады. Көркемдік әсері сыйымдылығы, күрделілігі жағынан Абай шығармаларының поэзияның жазба синтаксистік үлгілерінің талаптарына орайлас түсетін, оған дейінгі дәстүрлі қазақ поэтикасынан жоғары көтерілген, өзінен кейінгі аяқ басқан қазақ поэзия тіліне үлгі-бағыт болатын сипатта екендігі айғақталды. Аталған еңбектерде Абай шығармалары тілінің грамматикасы мен лексикасы жүйелі зерттелінді деп айтуға болады, дегенмен, Абай

шығармаларының даралық ерекшеліктері, оның шеберлік тәсілі, басқаша айтсақ, көркемдік дүниесі арнайы зерттеу нысанына алынбады. 1968 жылы Р. Сыздықтың құрастыруымен «Ғылым» баспасынан «Абай тілі сөздігі» жарыққа шықты. Бұл еңбек – Абай шығармаларының тілін біліп-тану саласындағы аса қомақты әрі қажетті жұмыстардың бірі болды. Ол ақынның тілін, оның ішінде, сөздік қорын зерттеймін немесе білемін дейтіндерге өте ыңғайлы, реттелген дерек, қандай да бір сөздің әлде сөз тіркесінің жұмсалған мағынасы мен сол мағынаны жасаушы тұлғаның қанша рет пайдаланғандығын, мағынасы бір кей сөздерді Абайдың бір жолда ұтқыр қолдануын, сол сөздердің қайсысын сирек, қайсысын жиі қолданғанын байқай алады.

Бұл аталғандар тек бастау көздері ғана. Одан кейін де Абай тілін зерттеген көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Соның бірі – Абай шығармаларының тілін тұңғыш рет лингвокогнитивтік тұрғыда зерттеген ғалым Г.Мұратованың еңбегі болды [3]. Біздің де зерттеу нысанымыз осы бағыта болғандықтан, осы ғылыми еңбекті басшылыққа ала отырып зерттеу жүргіздік.

Әуелі бізді толғандыратын дүние сөз лексемасы өз алдына бөлек концепті бола ала ма? Әрине, бола алады. Концепт – бұл ұлттық болмысымызды негізге алған ұжымдық, жеке тұлғалық санадағы ақпараттардың бірлігі болып саналады. Ал біздің санамызда сөзге қатысты қаншама менталдық ұғымдар тоғысып жатыр. Қазақ сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған халық.. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер ұлттың болмысының, танымының көрінісі десек, тілімізде сөз атауына қатысты қаншама мақал-мәтелдер тұрақты-тіркестер бар. Мысалы, І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» сөзге қатысты 100-ге тарта фразеологизмдер берілген.

Жалпы «сөз» сөзі Абайда қандай мағыналарды білдіреді? Сөз деген сөзді ақын 400-ге жуық рет рет қолданған. Нақтылай айтсақ «Абай тілінің сөздігінде» 376 рет деп көрсетілген. Ол негізінен үш түрлі мағынада жұмсалған: бірі – «поэзия, өлең». Абайдың: Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, Сендерге де келейін енді аяңдап («Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген шығармасында) деген шумағында сөз деп тұрғаны – поэзия, өлеңдер. Ал осы мысал алынып отырған өлеңнің ең бастапқы жолындағы: Өлең – сөздің патшасы дегеніндегі сөз – «бүкіл поэтикалық дүние, көркем сөз дүниесі». Екіншісі – адамның «ой-пікірі, көзқарасы, идеясы».

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез...

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,

Өлсең де, өлмегенмен боласың тең – дегендеріндегі әңгіме тек поэзия жайында емес, жалпы «ой-пікір, идея» туралы, өйткені арттағыға сөз қалдыратындар немесе сөз айтатын білімділер тек ақындар болмайды ғой. Үшіншісі – «сөйлеу, әңгімелеу процесінің нәтижесі». Сөз сөзінің бұл семантикасы көбінесе оның өзге сөздермен тіркесте келгенінде байқалады. Мысалы, бос сөз, басалқа сөз, жел сөз, жылы сөз, сөз бағу, сөз қозғау, сөз қыдырту, сөз табу дегендеріндегі сөз – «сөйлеу нәтижесі, әңгіме» ұғымында [4, 25-26].

Талдау жұмысын Абайдың «Қалың елім, қазағым...» кітабындағы алғашқы өлең «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» туындысынан бастасақ:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»:

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,

Қазаққа қара сөзге дес бермедім,

Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,

Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім [5, 10].

Бұл өлең тексінде келесі бір талдауды қажет ететін сөз – қара сөз тіркесі. Қара сөз тіркесіне келсек, сірә, мұнда ақын 1-ші және 2-мағынадағы жалпы сөз, яғни поэзия да, ой-пікір, идея да қамтылған ұғымадағы сөз, оның ішінде де үлкен, мәнді сөзді айтып отырған тәрізді. Түркі тілдерінде қара сөзінің бір мағынасы «үлкен, көп, зор» екенін зерттеушілер айтып келеді.

Мысалы, Қаратау дегендегі қара таудың түсін білдіруге байланысты емес, «үлкен» немес «көне, ежелгі» дегенге қарай берілген ат, Қара Қыпшақ дегендегі қара да қыпшақтардың түр-түсін таныту үшін емес, «қалың қыпшақ, көп ру» дегенді білдіру үшін қойылған жалқы есім деген пікірлер бар. Сонда қара сөз – «үлкен сөз». Қазаққа қара сөзге дес бермедім дегені – творчествасымен де, демократтық, озат ой-пікірімен де өзінің өзгелерден («сөз иелерінен») биік тұрғанын, «басқа шауып, төске өрлегенін айтқаны. Бірақ оны білерлік «еш адам жоқ» дегенді қоса айтады, ал білмейтін себебі – айналасының, халқының, қалың көпшіліктің «ғылым», яғни оқу-білім жоқтығынан дегенді аңғартады. Жалпы осы өлеңнің негізгі идеясы – халықтың оқу-ағартуға шақыру. Сондықтан шығарма текстіндегі барша тілдік құрал осы идеяны беруге сай етіп таңдалған. Яғни қара сөз – шешендік, тапқырлық.

Абайдың сөз құдіретін, өлең құдіретін паш еткен өлеңдерінің бірі – «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңі.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

...Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бишарасы [5,49]

Жалпы бұл өлеңде сөз өнері, ақындық әңгіме болады. Сондықтан бұл шығармада сөз сөзі 15 рет қолданылады, барлығында да сөз – лингвистикалық категория ұғымында емес, яғни әңгіме жеке сөздер туралы емес, «поэзия, сол поэзия арқылы айтылмақ ой» деген мағында жұмсалған. Осыған орай бұл тексте «өлең сөз» тақырыбының төңірегіне үйрілетін бірнеше етістік ұсынылған, олар: қиыстыру, сөз тану, өлең айту, мақалдау, сарнау, тілін безеу, мақтау, тыңдау, жамандау. Мұндайда жеке сөздермен қатар сөз тіркестері де кеңінен қолданылады. Бұл өлеңде тек етістіктер емес, есімдер де «өлең сөз» тақырыбын төңіректейді, олар: өлең, тіл, ақын, айтушы, тыңдаушы, аят, хадис, бәйітсымал, құтпа, мінәжат, би, қобыз, домбыра, әңгіме. Тіпті мұндағы терең ой, терең ғылым, өтірік, өсек деген сөздер де тақырыптары (мағынасы) жағынан сөз (өлең сөз) сөзіне қатысты, өйткені ой да, ғылым да сөз (сөйлеу – өлеңмен сөйлеу) арқылы жүзеге асатын актілер, өтірік пен өсекті де жүзеге асыратын құрал – сөз, сондықтан соңғы көрсетілген төрт сөз де сөз сөзімен тақырыптас. Абай осы өлеңде бұларды шоғырлап келтіріп, түрлерін көбейтеді, ол үшін өзге тілдік сөздерді де (аят, хадис, бәйітсымал, құтпа, мінәжат) архаизмдерді де (сарнау), жаңа тіркестерді де (терең ғылым) пайдаланады. Тегі, ақынның тапқырлығы, образға сондай шеберлігі осындай тұстарда көрінеді. Өйткені тақырыптас сөздер тек бір ұғым төңірегінде қазықталуы болып қана қоймай, айтпақ идеяға көмектесетін, оқырманның сезім-күйіне әсер ететін, көбінесе поэтизмдер немесе поэтизм болуға дәмелі сөздер болулары керек.

Абай поэзияның негізгі шарттараның бірі ол тілінің жеңілдігі деп санаған, яғни түсініктілік, адамның сезіміне әсер ете алу, мағынасының дұрыс құрылуы. Осы шарттарды жинай келе, ақынның өзі жазып кеткен үлгісіне салсақ, ішкі жағы алтындай, сыртқы жағы күмістей жақсы сөз – бұл нағыз көркем сөз, өлеңнің тілі. Осы формула өлең тілінің жоғарыда атап өткен барлық шарттарын толығымен қамтиды десек те болады.

Абай «өнер тек өнер үшін жаратылған» деген ойдан аулақ болған. Жоғары поэзия поэзиясы ақынның әдемілігіне сілтеме жасай отырып, «мақтанды мақтауға» жол бермеу үшін поэманың қасиеттерін еске алмайды. Абай да бұл пікірге қарсы. Абай әрқашан бірінші кезекте поэзияның қоғамдық өмірімен тығыз байланыста болу керек деп тұжырымдады. Және олардың біреуіне қажет. Ақын «өнерге арналған өнер» теориясына қарсы болып, жұртшылықтың еркі үшін поэзия жазудың басты нысаны болып табылады. Ақын осы пікірін «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде тереңірек түрде баяндап:

...Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

...Шу дегенде құлағың тосаңсиды
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
...Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
...Әсіреқызыл емес деп жиіркенбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.
...Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге [5, 76].

Шығарманың тақырыбына, идеясына орай ақын образдар іздейді, сол образдар беретін тілдік құралдарды, сөздерді, фразаларды, тұлғаларды таңдайды. Көрсетілген өлеңде Абайдың алған тақырыбы – поэзия, идеясы – сол поэзияны тани білу. Осы тақырыбы мен өлең идеясын жүзеге асыру үшін ақын екі түрлі образды алады, бірі – поэзияны оқитын адам, бірі – поэзияны өлең сөзді беретін, екіншісі – сол өлеңді оқитын адамның (оқырманың, тыңдарманның) образы.

Поэзияны Абай өлең, сөз, қызыл тіл, өнер деген сөздермен атайды. Қазақ тілінде бұрында да, қазір де өлең деген сөз жалпы «поэзия» деген ұғымды да, «ән» деген ұғымды да білдіреді. Абай да бұл сөзді бүкіл шығармаларында осындай екі түрлі семантикамен қолданған. Ал қазақ тілінде сөз сөзінің көп мағынасының бірі «поэзия» екенін жоғарыда айттық. Ақын бұл шығармасында өлең мен сөз тұлғаларын синоним етіп қолданады.

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»
Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
...Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
...Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін [5, 149].

Осы өлеңді Хәкім 1895 жылы жазған екен. Өзінің өмір бойына жазған өлеңдері, айтқан өсиеттері жайлы есеп бере жазған өлеңі төрт тармақтан, 3 шумақтан құралған. Жоғары да тек сөз сөзі кездесетін тармақтары ғана теріп алынды. Бұлы өлеңнің идеясы жалпы осы артта қалдырған өсиет сөз жайлы болғандықтан, толық өлең мазмұнын талдап өтсек. 1890-жылдары хәкім Абайдың ақын ретінде қуаты әбден толықсып, өлең жолдарында халық жағдайын ойлаған, қамын ойлаған азаматтық лирикасы артқан кез болатын. Бұрындары ақынның өлеңінде табиғат, махаббат туралы, өмірде орын алған кей келеңсіз жағдайларды жырлау негізгі тақырып болса, ендігі кезекте елдің басына түскен негізгі проблемаларды қозғау сипатында бола бастайды. Елін сүйген, халқын сүйген және оның бойында кездесетін бар кемшілікті көрген ақын, олармен күрес жүргізе білді. Хәкім Абайдың жоғарыдағы жыр жолдарында халқының қамын ойлаған азаматтың үні шығатындай. Өлеңдегі басты идея – ештеңеде жұмысы жоқ, ертеңіне қамсыз жүрген қалың жұрттың келешегін ойлай отырып, дұрыс жолмен жүруге үндейді. Ал ол үшін еңбек етіп, ғылым қуу керек екенін айтады, ал қазіргі шақта тым құрығанда алдындағы малынды дұрыс баға алмай жүрген халқына налиды. Абай қазақтың басқа ұлттардан қарағанда сөзі ұзын келеді, халқының нағыз бір кемшін тұсын тура айтып, қатты мінейді. Өлеңдегі «сөзі ұзын» деген тіркесті ақын ерекше өрнек таба отырып, айтатын идеяның бейнелілік, әсерлілік испатын арттыра түседі. тіркесі өзгеше өрнек тауып, айтар ойдың әсерлілігін, бейнелілігін арттырып тұр. Ақын бұған дейін елдің қамын ойлаған «сөздерді көп айтқанмын» және ары қарай да айта түспекпін деп ескертеді. Бұл жердегі сөз лексемасы лингвистикалық бірлік мағынасында емес, ақыл, өлең, өсите мағынасында жұмсалғаны анық. Адамның ішкі мұзын жүрек қанжылауымен, көз жаспен жібіте алмайтынын білсе де, халықан

шалқақатай бермей сөзімді түсін деп үлкен парасатқа шақырады. Жәй әңгіме үшін шыққан сөз емес екенін де ескертіп, осы сөздегі жеткізкісі келген ойға, пайымға құлақ салып тыңдап, түйсінуге үндейді. Алаңменен адасып, бір жерде бір малдың қамын күйттеп қамалып отырмай, өнері тасқан өзгелер сынды ғылым іздеп, өнер іздеп, жанталасып еңбектенсе ғана оң жолға түсетінін өлеңнің бар мазмұнында қайталай айтып, қадай түседі. Жыр шумағы ең құрығанда алдына салған малды баға алмадың-ау деген күйініште аяқталады. Өлеңде халқым деп еңіреп, жүрегі елі үшін екіге айрылған ұлтшыл, дана Абай атамыздың жан дауысы сезілетіндей.

Келесі талдау нысанына алған өлеңіміз «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»:

...Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? [5, 154] – дегеніндегі әңгіме тек поэзия жайында емес, жалпы «ой-пікір, идея» туралы, өйткені арттағыға сөз қалдыратындар тек ақындар ғана болмасы анық. Әркім өз кәсібінің маманы. Әр салада үлгі көрсетіп, сөз қалдырған өз майталмандары бар. Солар дүниеден озса да, олардың жасап кеткен ісі мәңгілік ұрпақ жүрегінде қалмақ.

...Түсімде мені жұбатып
Жылы сөзбен сөйлесіп,
Кетуші едің қуантып
...Соққы жедім сұм заманнан,
Бір жылы сөз ем емес [5, 218].

Жылы сөз – жанға жайлы, жағымды сөз. Бұл жердегі сөз лексемасының мағынасы ауызекі сөзге қатысты. Жанын емдеу үшін қанша жылы сөздер арнаса да оның дертін дауасы бол қоймайтындығын сезеді. Өйткен, оның дерті, қалың жұртының дерті. Өмір бойына жұртының кемшілігін түзеуге тырысып, оған өлең, сөз атты қаруымен қарсы шыққан ақын, сонында дәрменсіздігіне көзі жете түскендей күй байқалады.

Сонымен қорыта айтқанда, жалпы талданған Абай өлеңдерінде 202 рет сөз лексемасы кездесті. Бұл мақалада соның бірнешеуі ғана берілді. Жалпы өлеңдерде сөз сөзімен синтагмалық қатынасқа түскен тіркестердің біразы өлеңдерде бірнеше рет кездескенін аңғардық. Солардың қолданылу жиілігін 1-кестеде көрсеттік (1-кесте).

1-кесте

Сөз лексемасымен тіркескен сөз тіркестерінің саны

сөз ұғу	Рас										
Сөз бір											
сөз қайран сөз	тура сөз	шын сөз		сөз таба алмау			сөз		бағу		
жақсы сөз	сөз таныр	сөз айту									
16	4	6	2	2	3	3	2	4	2	6	

Осы жоғарыда көрсетілген талдау жұмыстарына, ғылыми деректерге, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Абай өлеңдерінде сөз лексемасы «сөз» концептілік аясын түзе алады деп айтуға толықтай негіз бар.

Сөз – тұлғаның болмысын, жан дүниесін танытатын жасаған иеміздің адамзат баласына берген бір құдіреті. Кез келген адам баласы сөзімен ішкі ойлаған дүниесін жеткізеді. Бұл оның негізгі функциясы десек те болады. Екіншіден, тыңдаушыға ой салып, одан жауап беруге итермелейтін мотив тудырады. Бұл оның коммуникативтік қызметі. Осы сынды сөздің, тілдің қызметтері баршылық. Соның бірі және бірегейі сөзде сол тұтынушы халықтың ұлттық танымы, болмысы бой көрсетеді. Сөзбен адам айнала қоршаған дүниедегі реалды құбылыстарды сипаттайды. Сол сипаттау барысында архетиптік санадағы сақталған тұлғаның ұлт ретіндегі жан дүниелік болмысы көрініс береді.

Абай ұғымында сөз қасиетті де, қастерлі ұғым. Сөз ол білімді адамнан шығып, талапты жас ұрпаққа санасына сіңсе, сонда ғана қызметін толықтай өтеді деген сөз. Абай түсінігінде ол бір құттың, берекенің символындай.

Абай шығармаларындағы «сөз» концептісі танымдық сипатта туған менталдық атау. Оған дәлел ақынның өлеңдерінде, қара сөздерінде сол бір лексеманың сан түрлі сипатта құбылта қолдануы. Бұл әрине, ұлттық болмыстың бойында жатқан, таным таразысына түскен шешім болды. Ол адам бойын туған бетте пайда болып, өмір тәжірибесінде өскен ортасында қалыптасып, жеке шығармашылық процес кезінде жетіле түседі. Сондай ерекше танымдық талдауды керек ететін атаудың бірі – ол сөз лексемасы. Жоғарыдағы талдау жұмыстарының нәтижесінде оны тұтастай Абай шығармаларының бойында түзілген «сөз» концептісі деп айтуға толықтай негіз бар деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кун Т. Структура научных революций. – М.:Прогресс, 1977. – 300 с.
- 2 Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М.: 1996. – 200 с.
- 3 Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейі. – Астана, 2008. – 290 б.
- 4 Сыздықова Р., Шалабай Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы, 1989. – 210 б.
- 5 Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ЗАЙДУЛЛИН А.З.

*Муниципальное бюджетное учреждение
«Молодежный центр» муниципального
района Шаранский район Республики
Башкортостан, Россия, Башкортостан*

Аннотация. Статья посвящена важнейшей роли образовательного потенциала в языковом образовании. Дается определение термину «языковое образование». Определение его сущности и составляющих компонентов. Проанализирована актуальность изучения языкового образования как ценности.

Ключевые слова: языковое образование, лингвистическое образование, педагогический потенциал языкового образования, языковая личность обучающегося, личностно ориентированная ценность языкового образования, языковой подход в образовании, интегративный характер языкового образования.

Язык обладает качеством объединения учебных предметов и играет особую роль в преподавании других школьных дисциплин. Языковая личность обучающегося формируется как стратегический ориентир образовательной политики современной школы. Личность, обладающая языковыми знаниями, рассматривается как универсальная категория, обладающая творческими качествами, способная взаимодействовать и находить взаимопонимание в социуме. [1, с. 31]

В последнее время достаточно часто употребляется термин «языковое образование», однако при этом среди ученых и практиков отсутствует единая точка зрения на его содержание. Под языковым образованием нередко понимают процесс усвоения систематизированных знаний, навыков и умений, позволяющих осуществлять иноязычную речевую деятельность. В других случаях языковое образование трактуется как результат этого процесса или как система образовательных учреждений, в которых осуществляется обучение неродным языкам. [2, с. 5]

Согласно Козыреву А.В. языковое образование следует понимать как процесс и результат познавательной деятельности, направленной на овладение языком и речью, на саморазвитие и становление личности. Понятие языковое образование включает следующие составляющие:

1. Владение совокупностью знаний о языке как необходимое условие полноценной и эффективной речевой деятельности.
2. Умение воспринимать тексты и строить собственные речевые произведения в устной и письменной форме.
3. Способность оперировать усвоенными и переработанными текстами разных стилей и жанров.
4. Владение нормами культуры речи и речевого этикета как необходимого компонента профессиональной культуры.
5. Умение адаптироваться к меняющимся условиям языковой среды, с одной стороны, и активно воздействовать на эту среду – с другой [6, с. 12].

Если принять логику рассуждения Б.С. Гершунского, то языковое образование как ценность предполагает рассмотрение трех аксиологических блоков:

- языковое образование как государственная ценность;
- языковое образование как общественная ценность;
- языковое образование как личностная ценность. [2, с. 6]

Личностно ориентированная ценность языкового образования обусловлена:

а) степенью осознания учащимися важности любого неродного языка как средства общения в современном мультилингвальном и поликультурном мире;

б) четким представлением о тех требованиях, которые предъявляются к уровню его языковой подготовки на каждом образовательном этапе, и технологиях, позволяющих определить этот уровень;

в) личностной потребностью в изучении современных неродных языков и в их практическом использовании. [2, с. 9]

Языковое образование по своей сути есть процесс движения от цели к результату. Данный процесс направлен на приобщение учащихся к новому для них средству общения, на познание ими чужой культуры и осмысление собственных этнокультурных истоков, привитие им готовности к диалогу и одновременно толерантности по отношению к иным языкам и культурам. В основе языкового образования как процесса лежат субъектно-объектные взаимодействия учащегося с чужой лингвокультурой (языком и культурой) при последовательной ориентации в ходе этого процесса на родной язык и исходную культуру. Но такое понимание сущности языкового образования как процесса является узким, ибо оно не учитывает возникающие и выступающие в качестве императива субъект-субъектные взаимодействия учителя и учащихся, а также учащихся друг с другом. [2, с. 13]

Современная специфика языкового образования как процесса заключается в повышении статуса учащегося в учебном процессе и в реальной коммуникации, мотивации в изучении языков и культур, осознания учащимся своей личной ответственности за результаты этого процесса. [2, с. 16]

Что касается образования как результата, то его смысл заключается в факте присвоения и личностью, и государством, и обществом всех тех ценностей, которые «рождаются» в процессе образовательной деятельности. Таким образом, результат языкового образования определяется на трех уровнях: 1) индивидуально-личностном, 2) общественно-государственном, 3) общецивилизационном. [2, с. 17]

Современная система языкового образования, базируясь на новой образовательной философии, нацелена не на формирование личности обучаемого в «заданном русле» (как это считалось ранее), а на создание условий, в которых учащийся «присваивает» собственную универсальную сущность, свои природные силы. Таким образом, личностно-образующая функция языкового образования является основной и ведущей. [2, с. 37]

Двадцать первый век выдвигает перед системой языкового образования новые задачи. В контексте поликультурной парадигмы языковое образование становится ориентированным на преодоление отчуждения, формирования толерантного поведения, признания и развития основополагающих демократических ценностей, способности жить в условиях культурного и этнического многообразия. Языковое образование становится лингвокультурным и обуславливает тенденцию изучения родных и иностранных языков в тесной связи с культурой. Это проявляется в интеграции предметных знаний, направленных на опознание целостной картины мира. Под языковым образованием нередко понимают процесс усвоения систематизированных знаний, навыков и умений, позволяющих осуществлять иноязычную речевую деятельность. [3, с. 112]

Образование в области современных языков превращает человека в развитую личность, расширяет его социальную и экономическую свободу. В свете новых концептуальных основ современное языковое образование определяется «особыми личностными характеристиками, делающими человека способным к постоянному возобновлению информационного диалога с окружающей его средой, мобильным и свободным в своих поступках». [3, с. 112]

Актуальность языкового образования как языковой действительности обусловлена той ролью, которую язык, будучи неотъемлемой частью национального самосознания народа, играет в процессах социализации личности. Проблемы языкового образования приобретают особую значимость в современных условиях (произошла смена общественных отношений, происходят быстрые изменения в системе образования), когда снижается престиж русского языка как языка межнационального общения. Это, в свою очередь, снижает национальную самооценку людей. [4, с. 3]

Языковой подход в образовании раскрывает основу (стержень) образования, поскольку в нём отражаются все процессы, происходящие в обществе (онтологический аспект языкового образования), что характерно социуму на всех этапах его развития. И сегодня, в условиях информационного общества, когда на первый план выдвигаются информация и знания, язык по-прежнему является материальным носителем информации. [4, с. 4]

Интегративный характер языкового образования, проявляется в том, что язык как особая форма отражения объективной реальности позволяет с его помощью сформировать адекватные образы действительности. Интегративность языка в образовательном процессе обладает значительным потенциалом, который не реализован в полной мере в языковом образовании. Организация нефрагментарного знания в современной системе образования остаётся малоэффективной до тех пор, пока в основу образования не будет положен язык как средство познания, как средство коммуникации на родном и неродном языках. Языковой подход выступает как метаподход в образовании. [4, с. 10]

В условиях глобальной коммуникации проблемы именно языкового образования как метаобразования приобретают особую актуальность. Язык, а, следовательно, и языковое образование формируется в определённом социальном контексте, согласно которому язык реагирует на изменения в обществе в зависимости от изменений в содержании исторической эпохи в зависимости от характера исторической обстановки, в которой осуществляется его функционирование. Более того, развитие личности осуществляется с помощью изучаемого языка и в процессе усвоения индивидом языка как средства межкультурного взаимодействия и познания. [4, с. 13]

Подчеркнем, что формирование коммуникативной компетенции – в единстве представляющих ее видов, называемых языковой, речевой, социальной, лингвистической, социолингвистической, межкультурной, социокультурной, лингвострановедческой, – становится непосредственным объектом педагогического процесса только на занятиях по родному и иностранному языкам. Именно коммуникативная компетенция, а не просто практическое владение языком является интегративной целью языкового образования. [5, с. 48]

В качестве условий устойчивого развития системы лингвистического образования выступают такие ее отличительные черты, как целостность и преемственность, непрерывность, ориентация на личность обучающегося как приоритетного субъекта образовательной деятельности, компетентностный подход к формированию многоязычной и поликультурной личности. [7, с. 33].

Таким образом, роль образовательного потенциала в языковом образовании очень весома. Потому что, именно она определяет и обуславливает становление духовного мира личности обучающегося. При обучении с использованием разнообразных технологий можно

достигнуть положительного результата в том случае, если мы смогли заинтересовать подрастающее поколение в развитии и престижа языкового образования.

Список литературы

1. Архипова И. В., Камилова М. А. Языковое образование в аспекте педагогической и межпредметной интеграции. // Гуманитарные исследования. Педагогика и психология. 2020. № 2. С. 26-35.
2. Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб.пособие для студ. лингв, ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. — 6-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия», 2009 — 336 с.
3. Гутарева Н. Ю. Языковое образование и пути его развития в России. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Научно-теоретический и прикладной журнал. № 1 (5) Часть 1. Тамбов: Изд-во Грамота, 2010. С. 111-114.
4. Загорулько, Любовь Петровна. Языковое образование в современных условиях: социально-философский анализ: автореферат дис. ... кандидата философских наук: 09.00.11 / Загорулько Любовь Петровна; [Место защиты: Сибирская аэрокосм. акад. им. акад. М. Ф. Решетнева]. - Красноярск, 2011. - 22 с.
5. Клеменцова Н. Н. Педагогический потенциал языкового образования в формировании общекультурной компетентности у обучающихся в технических вузах. // Вестник Воронежского государственного университета. 2017. № 2. С. 47-51.
6. Козырев В.А. Современная языковая ситуация и речевая культура: учеб.пособие / В.А. Козырев, В.Д. Черняк. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2012. – 184 с.
7. Коряковцева Н. Ф. Современные тенденции лингвистического образования. // Преподаватель XXI век. 2018. № 1. С. 32-40.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*МАЛИКОВ Қ.Т.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент.
ОРАЗ А.Н.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Астана, Қазақстан*

Түйіндеме. Мақалада лексикалық дағды туралы жалпы түсінік беріліп, лексикалық дағды қалыптастырудың кезеңдері мен оны меңгертуде қолданылатын тапсырма түрлері сөз болады.

Резюме. В статье дается общее представление о лексическом навыке, речь идет об этапах формирования лексического навыка и видах заданий, используемых при его овладении.

Summary. The article gives a general idea of the lexical skill, we are talking about the stages of the formation of a lexical skill and the types of tasks used in its acquisition.

Қазіргі кезде елімізде демократиялық, экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер болып жатқандықтан қазақ тілін оқыту жаңа тұрғыдан қарауды талап етуде. Осы орайда қазақ тіліне деген қажеттіліктің күн сайын артып келе жатқанына байланысты тілді оқытудың жаңа кезеңі туып отыр. Сол себепті де қазақ тілін оқытудағы оқу және әдіскерлік құралдарды қайта жасау қажет. Еліміз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, өзге ұлт өкілдері мен қазақтарға қазақ

тілін оқытуды жан-жақты жетілдіріп, оның өзекті мәселелерінің шешімін іздеу керек. Сондай-ақ білім алушылардың елтану, лингвоелтану, экономикалық, психологиялық, мәдени-информациялық білімін көтеру арқылы оларды болашақ мамандыққа дайындауға үлкен мән берілуде.

1. Бихевиористік тәсілдеме (Behaviorist Approach). Бұл – ЕТМ-ға қатысты ең алғашқы тәсілдеме. Мұнда кереғар пікірлер мен қайшылықты көзқарастар басым. Бұл тәсілдеме психологиялық теориялардың, әсіресе 1950-60 жылдарда, бихевиоризмнің әсерімен дамыды. Бұл көзқарас *қарама-қарсы талдау* (contrastive analysis) үлгісін қалыптастырды. 1940-50 жылдары тілдік педагогиканы жетілдіргісі келген зерттеушілер ана тілінің және үйренетін тілдің қарама-қарсы талдауын ұсынған. Олардың пайымдауынша, мұндай талдаулар тіл үйретуде қандай құрылымдар оңай болатынын және қандай құрылымдар үйренуде қиындық тудыратынын көрсетеді. Сол кезде Р. Ладо келесідегідей болжам жасайды: «Студенттер басқа тіл үйренген кезде үйренуге өте оңай және өте қиын болатын құрылымдарға тап болады. Ана тілімен сәйкес келетін элементтерді студенттер оңай қабылдап, ал ана тіліне сәйкес келмейтін элементтерді олар қиындықпен үйренетін болады» [3, 2]. Ал С.С. Фрайс өз еңбегінде былай деп жазған болатын: «Ең тиімді материалдар үйренушінің ана тілін қатар салыстырып, үйренетін тілдің ғылыми сипаттамасына негізделеді» [4, 9]. Бұндай талдау екінші тілді меңгерудің бастапқы кезеңінде аса тиімді болып, тілдік құрылымның кез келген деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, семантикадан дискурстық және мәдени нормаларға дейін) қолданылуы мүмкін. Сонымен қоса бұл талдау тіл үйренушінің қателеріне болжа жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта да қазақ тілін оқыту үдерісінде мұндай талдау қолданады. Дегенмен қарама-қарсы талдау кейін эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерімен таласқа түсті. Мұны Р.С. Мэйджор өз еңбегінде сипаттайды: «Қарама-қарсы талдаумен болжам жасалған қателердің іс жүзінде маңызы болмауы мүмкін, ал кейде шынымен жіберілетін қателерді болжамдауға келмей жатады немесе ол ана тілімен сәйкестендіріле алмайды» [5, 34].

2. Когнитивтік тәсілдеме (Cognitive Approach). Екінші тілді оқыту үдерісінің табиғатын зерттеуге бағытталған өзге тәсілдемелер когнитивтік аспектіге негізделеді. Төменде біз *қателерді талдау гипотезасын, әмбебап грамматика моделі мен монитор моделін* қарастырамыз.

- *Қателерді талдау (Error Analysis)*. 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басында зерттеушілер екінші тілдегі қателерге жаңа көзқараспен қарай бастады. ЕТМ-дағы қателерді талдау тәсілдеменің бастауы ретінде С.П. Кордердің 1967 жылғы «Үйренушілер қателерінің мәні» (The significance of learners' errors) атты мақаласын атауға болады. Бұл мақалада С.П. Кордер қателердің жүйелік сипатта болғанын айтып, қателердің маңыздылығын түсіндіреді. Оның айтуынша, үйренушілердің жіберетін қателері арқылы оның ойын түсінуге болады. «Яғни қателер – үйренушінің жаңа жүйені зерттеп жатқандығының белгісі» [6, 161]. С.П. Кордердің концептілері мен идеяларына негіздеп, 1972 жылы Л. Селинкер «аралық тіл» терминін ұсынады. Бұл термин үйренушінің екінші тілдегі көздеген деңгейіне жетуіндегі аралық жағдайын (немесе аралық грамматикасын) белгілеу үшін пайдаланылады. Л. Селинкер бұл аралық тіл үдерісін шығармашылық үдеріс ретінде қарастырған: «Өйткені бірінші тіл мен үйренетін екінші тіл жүйелерінің әсері үйренушінің ойындағы үшінші тіл ретіндегі аралық тілдің қалыптасуына әкеледі. Бірақ тіл үйрену жоғары деңгейінде аралық тілді қолдануды тоқтату қажет» [7, 209].

Бүгінде аралық тіл үдерісі тіл үйретушілер мен үйренушілер арасында кең қолданысқа ие. Дегенмен аралық тілдің басы мен соңына қатысты қойылатын шектеулер нақты емес. Сонымен бірге қазіргі ғылыми айналымда тіл үйренудегі жетістіктерді осы тілде сөйлеушілердің нормаларымен салыстыру арқылы өлшеу қажеттілігіне қатысты даулы мәселелер өз шешімін таппай отыр.

- *Әмбебап грамматика моделі (Universal Grammar Model)*. Әмбебап грамматиканы 1965 жылы Ноам Хомский ұсынды. Н. Хомскийдің пайымдауынша, ересек адамның ана тіліндегі менталды грамматикасы әмбебап ұстанымдар мен түрлі параметрлерден тұрады. Бұндай ұстанымдар әлемдегі барлық тілдер үшін бірдей болады, тек параметрлер тілден тілге өткен

кезде өзгеріске ұшырауы мүмкін. Тілді үйрену кезінде жаңа білім белгілі бір тілдегі параметрлерді іске қосады. Н. Хомский балалардың туғаннан бастап тіл меңгеру тетігіне ие болатындығы туралы гипотезаны алға шығарады [8, 14].

1980 жылдардың басында кейбір зерттеушілер әмбебап грамматиканың ЕТМ-ға қатысты қолданысын зерттеуге кірісті. Бұл бағытта пайда болған негізгі сұрақтарға мыналар кіреді: «Әмбебап грамматика ЕТМ-да қолжетімді ме? Әмбебап ережелер ЕТМ-ға қалай әсер етеді?». Бірінші тілді меңгеру мен екінші тілді үйрену көбіне әр түрлі сипатта болады. Мысалы, үйренуші өзінің бірінші тілдегі дағдылары мен стратегияларының жиынтығын қалыптастырғаннан кейін екінші тілді үйренуге кіріседі. Екінші тілді үйренетіндерден бірінші тілді меңгеріп жатқан балалардың мотивтері өзгеше болады.

- *Монитор моделі (Monitor Model)*. Монитор моделі Стивен Крашен тарапынан 1970-80 жылдары арасында тұжырымдалды. Бұл модель, бір жағынан, тіл меңгерудің табиғи тәртібін танытса, екінші жағынан, нақты тапсырмаларды орындау кезінде болатын кедергілерді түсіндіруге тырысады. С. Крашен екінші тілді меңгеруді басқаратын екі білім жүйесін ұсынады. Біріншісі – балалардың ана тілін меңгеруіне ұқсайтын түпсанадағы жүйе. Екіншісі – формальді оқу нәтижесінде пайда болған және үйренуші өз нәтижесін саналы түрде бақылайтын жүйе. Осы екі жүйе бір-бірінен дербес бола отырып, әрқайсысы нәтижеліліктің түрлі аспектілері үшін жауап береді. Екінші тіл меңгерілетін табиғи тәртіп меңгерген жүйеге сәйкес келеді [9, 13]. Қазіргі таңда *монитор моделінің* түрлі аспектілері сынға ұшырауда. Мысалы, бұл модель меңгеру мен оқу арасындағы айырмашылықты айқындамайды деген сын бар. Дегенмен С. Крашеннің теориясы екінші тіл меңгертудегі түрлі факторлар арасындағы арақатынасты айқындайтын жаңа ой туғызады, тіл оқыту үшін материал әзірлеу кезінде есепке алынуы тиіс мәселелерді анық көрсетуге мүмкіндік береді.

3. Интерактивті тәсілдемелер (Interactive Approaches). Интерактивті тәсілдемелер екінші тілді меңгерту кезіндегі тілдің интерактивтілік және қатысымдық табиғатын есепке алады.

- *Тілдіесімді талдау (Conversation Analysis)*. Бұл тәсілдеме 1978 жылы пайда болды. Мұнда тіл үйрену барысында үйренушінің әлеуметтік мәртебесі есепке алынады. Өйткені біз тілді әлеуметтік өрістерден бөліп алып қарастыра алмаймыз. Бұл тәсілдеме кері байланыс пен түзетулер енгізіп, талқылау секілді көптеген міндеттерді атқарады. Осылайша Э. Хэтчтің пайымдауынша: «Үйренуші басқа адаммен тілдесу інемесе вербалды түрде әрекеттесуі негізінде синтаксистік құрылымдарды меңгере алады. Тілдіесімді талдау тіл үйренудегі ақпараттың берілуіне және әрекеттесуіне негізделеді» [10, 137].

- *Бәсекелестік моделі (Competition Model)*. Р. Миао өз еңбегінде айтқандай, бәсекелестік моделі тіл дамуына қатысты функционалдық тәсілдемені пайдаланады. Бұл модельде тілдік тұлғалар қатысымдық функцияларды іске асыру үшін құрылады, реттеледі, шектеледі және пайдаланылады. Тұлға бір немесе бірнеше функцияны орындайды, ал функция бір немесе бірнеше тұлғада іске асады [2, 363]. Осы модельге сәйкес, тілдер нақты тұлға мен функциялардың көріністеріне қарай ерекшеленеді. Жаңа ақпаратты қабылдау кезінде мағынаны білдіру төрт түрлі сигнал арқылы іске асады. Атап айтқанда, олар: *сөз тәртібі, сөздік қор, морфология мен интонация*. Адамның өңдеу жүйесі бір уақытта шектеулі ақпарат санын пайдаланатындықтан, бұл сигналдар өңдеу кеңістігінде бәсекеге түседі. Екінші тілді үйрену кезінде қай тұлғалардың қай функцияларға сәйкес келетінін және осы көріністердің екінші тілдегі салмағын айқындау керек.

4. Әлеуметтік-мәдени тәсілдемелер (Sociocultural Approaches). Әлеуметтік-мәдени тәсілдемелер тілді әлеуметтік құбылыс ретінде қарайтындықтан, мұнда тілді меңгеру негізінен әлеуметтік-мәдени факторлармен анықталады.

- *Аkkультурация моделі (Acculturation Model)*. Табиғи ортадағы ЕТМ жағдайына сүйеніп, 1978 жылы Дж. Х. Шуманн уақыты тығыз үйренушінің аралық тілі мен пиджин

арасындағы бірқатар ұқсастықты сипаттайды. Пиджин дегеніміз – ана тілдері түрлі болатын екі адам арасында қолданылатын қарапайым немесе қысқартылған тіл нысаны. Мысалы, екі тілдік нысанға қарапайым морфология, белгілі қозғалыс ережелерінің жетіспеуі және қысқартылған сөздік қор сияқты ерекшеліктер тән [11, 34].

- Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы (*Vygotsky's sociocultural theory*). 1978 жылы Л.С. Выготский өз әлеуметтік-мәдени теориясын ұсынды. Ал 1990 жылдардан бастап Л.С. Выготскийдің теориясына қызығушылықтың қайта жандануы байқалды. Ол үйренуді әлеуметтік сипат ретінде және тіл меңгеруді әлеуметтік әрекеттесу ретінде қабылдайды. Бұл теорияның орталық тұжырымдамасы Жақын даму аймағы (ЖДА) болып табылады. Жақын даму аймағы дегеніміз – баланың нақты даму деңгейі және оның үлкендердің жетекшілігімен немесе өзінен қабілеттірек құрдасымен ынтымақтастық жасау арқылы қол жеткізе алатын дағдылардың әлеуметтік деңгейі арасындағы қашықтықты білдіреді. ЖДА баланың жетекшінің көмегімен тапсырмаларды орындау арқылы үйрене алатын даму деңгейлерінің ауқымын анықтайды [12, 85]. Соңғы онжылдықтарда бірқатар зерттеулер осы тәсілдемені қолданды.

5. Нейроғылыми тәсілдеме (Neuroscientific Approach). Соңғы уақытта кейбір ЕТМ зерттеушілері ми жұмысы мен есте сақтау ұстанымдарын зерттейтін нейроғылымға, яғни тіл мен ми байланысына назар аударуда. М. Данеси көрсеткендей, мидың негізгі функцияларын білу және мидың түрлі бөліктерін атау қабілеті ЕТМ-ге тікелей қатысты болмауы мүмкін. Дегенмен мұндай білім қажеттілігінің екі практикалық себебі бар: 1) ЕТМ жайлы әдебиетте 1970 жылдардан бастап нейроғылыми терминдер мен тұжырымдар жиі қолданыла бастады; 2) соңғы уақытта қолданылатын ЕТМ модельдері мен теориялары белгілі бір дәрежеде нейроғылыми идеяларды қолданады. Бір сөзбен айтқанда, ми туралы білімдер екінші тілді меңгерту мен екінші тілді үйрету мәселелерін талқылау мақсатында жүргізілетін кәсіпқой сұхбаттардың ажырамас бөлігіне айналуға [13, 34]. Жалпы, кезінде екінші тілді меңгеруді түсіндіру мақсатында түрлі модельдер мен тәсілдемелер ұсынылған болатын. Кең қолданыс таппағандықтан кейбір тәсілдемелерді көрсетпедік.

Сонымен, біз ЕТМ саласында ұсынылған негізгі теориялық тәсілдемелерді қарап, екінші тіл меңгеруге әсер ететін түрлі факторларды зерттедік. Барлық тәсілдемелерді білу қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытумен байланысты үдерістердің толық ауқымын көру үшін қажет. Дегенмен екінші тілді меңгеруді толығымен түсіну үшін жетілген модельдер мен қосымша зерттеулер қажет. Біздің ойымызша, нейроғылыми тәсілдемені ЕТМ-ға қатысты зерттелуінің әлеуеті өте жоғары. Соңғы уақытта нейроғылым саласындағы зерттеулер ЕТМ үшін үйренушінің миында не болып жатқанын көруге мүмкіндік беріп отыр. ЕТМ-ді толық ұғынғымыз келсе, Б. Спольски айтқандай, «ми ғылымдарынан іздену – қисынға жататын нәрсе» [14, 279].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қ. Қадашева, У.О. Асанова, Б.Г. Ашиқбаева. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі: (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 399 б.
- 2 Miao R. Second Language Learning. // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition), edited by James D. Wright, Elsevier, Oxford. – 2015. – PP. 360-367.
- 3 Lado R. Linguistics across cultures: Applied linguistics for language teachers. – University of Michigan press, Ann Arbor. – 1957. – P. 142.
- 4 Fries C. C. Teaching and learning English as a foreign language. – University of Michigan press, Ann Arbor. – 1945. – P. 153.
- 5 Major R. C. Foreign accent: The ontogeny and phylogeny of second language phonology. – Routledge, 2001. – P. 224.

- 6 Corder, S. P. The significance of learners' errors. IRAL: International Review of Applied Linguistics in Language Teaching, 5(4). – 1967. – PP. 161-170.
- 7 Selinker L. Interlanguage. International Review of Applied Linguistics 10. – 1972. – PP. 209–231.
- 8 Chomsky N. Aspects of the theory of syntax Cambridge //Multilingual Matters: MIT Press. – 1965. – P. 251.
- 9 Krashen S. Principles and practice in second language acquisition. – Oxford: Pergamon Press. – 1982. – P. 160.
- 10 Hatch E. Discourse analysis, speech acts, and second language acquisition. // Second language acquisition research. – 1978. – PP. 137 – 155.
- 11 Schumann J. L. The Acculturation Model for Second Language Acquisition, [in:] RC Gingras // Second Language Acquisition and Foreign Language Teaching. – Washington. – 1972. – PP. 27-50.
- 12 Vygotsky L. S., Cole M. Mind in society: Development of higher psychological processes. – Harvard university press. – 1978. – P. 174.
- 13 Danesi M. Second language teaching: A view from the right side of the brain. – Springer Science & Business Media, – 2003. – T. 8. – P. 183.
- 14 Spolsky B. Formulating a theory of second language learning // Studies in second language acquisition. – Cambridge University Press. – 1985. – T. 7. – №. 3. – PP. 269-288.

ӘДЕБИЕТТЕГІ ІЗДЕНІСТЕР МЕН АҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*ТОКСАМБАЕВА А. О.,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті, филология ғылымдарының
кандидаты, профессор
УАЛИЕВА С. А.,
Семей қаласы Шәкәрім атындағы
университетінің магистранты.
Қазақстан, Семей қ.*

Білім беру жүйесі үздіксіз даму үстінде екені белгілі. Осыған орай білім берудің тенденциялары өзгерді. Білім берудің заманауи үрдістері мен модельдеріндегі өзгерістер оқыту ұстанымдарын қайта бағамдау қажеттігін туғызуда. Яғни білім беруді мазмұндық, құрылымдық жағынан кемелдендірудің шарты уақыт үдерісіне қарай әрекет ету, оқыту ұстанымдарын тиімділікке жүгіндіру.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін дәлелдеді. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «*XXI ғасырда нені оқыту керек?*» және де екіншісі – маңыздылығы жағынан біріншіден еш кем емес: «*Мұғалімдер білім алушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?*». Мұндай сұрақтардың туындауының себебі: қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Педагогика тарихында жүйеленген, білім беру тәжірибесінде қалыптасып, екшелген білім беру ұстанымдары бар. Я.А.Коменскийдің алғаш ұсынған оқыту ұстанымдарынан бері

дидакт-педагогтардың (И.Г.Песталоцы, К.Д.Ушинский, А.П.Пинкеевич, В.В.Давыдова мен Л.В.Занков, Т.А.Ильина, т.б.) дамытуының барысында оқытудың бірталай ұстанымдары аталып, оқу үдерісінде негізге алынып келді. Үнемі дамуға бағындырылатын уақыт үдерісінде оқыту ұстанымдарының бірнеше жіктемелері қалыптасты. Оқу үдерісінің талаптары мен заңдылықтарына бағындырылған оқу ұстанымдарын жүйелеуде отандық педагог-әдіскерлер де тысқары қалған емес. Атап айтар болсақ, Ы.Алтынсарин оқыту ұстанымдарын қазақ мектептері мен оқушының жас ерекшелігі, білім алу деңгейіне сай қолдану қажеттігін, «білімді түсініп қолдану» қажеттігін айтқан болатын.

Оқыту ұстанымдарының білім берудің талаптары мен мақсаттарына кіріктіріле жүргізілетіні мәлім. Сондықтан да әр кезеңде оқу ұстанымдарының бірі жетекші, өзгесі оқу мазмұнының жан-жақтылығын қалыптастырушы міндетінде жұмсалады. Оқыту ұстанымы оқу мақсатына байланысты анықталатын болғандықтан, түрлі мақсаттар өз қажеттілігін қанағаттандыратын түрлі оқу ұстанымдарын жинақтайды. Солардың ішінде оқу мақсатымыз бен мүддемізге сәйкес оқу міндеттерімізге негіз болатын оқу жіктемесінің бірі – З.А.Исаеваның ұсынған жүйесі. Педагог-ғалым жоғары оқу орындарының оқыту ұстанымының екі жүйесін көрсетеді. Атап айтқанда: ғылымилық, кәсіби шығармашылық-бағыттылық, шығармашылық белсенділік, жүйелелік, жеке және топтық жұмыстардағы белсенділік, интеграция, өзін-өзі жетілдіруге бағыттылығы [1, 86].

Жоғары оқу орнында қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды оқытудың ғылыми ұстанымын екі бағытта қарастыруға болады. Бірі – барлық оқыту үдерісі педагогика ғылымының бүгінгі жетістіктеріне, зерттеу әдістеріне сүйенетініне қатысты. Кез келген зерттеудің нәтижесі түрлі бақылау мен ғылыми болжамдарға, теориялық негізді айқындайтын дәлелдемелер мен қорытындыларға сүйенеді. Көркем мәтіннің поэтикалық мәселелерін зерделей отырып, әдебиеттанудың жаңа бағыт-бағдарында мәтіндік талдау түрлерін қолдана алу үшін де ғылымилық ұстанымының мәні зор. Өйткені бұл ұстаным әр оқу пәнінің өзі тектес ғылым мазмұнымен заңды түрдегі байланысуын көрсетеді.

Жоғарғы оқу орнында әдебиеттің белгілі бір нысанын оқыту барысында ғылымилық ұстаным негізінде оқу үдерісін тиімді жоспарлай аламыз. Оқыту саласында жазылып отырған еңбектің негізгі қағидаттары мен мақсаты да ғылым игілігіне қызмет ету. Екіншіден әр пәннің ғылыми негізі оның теориясында қаланады. Әдебиеттанудың бір саласы болып танылатын әдебиет теориясы әдеби ағымдар мен бағыттардың өзіндік ерекшелігін айқындауда бірден-бір сүйенетін негізгі тірек. Әдебиеттанудың әдіснамалық негіздерін, әдеби мектептер мен ағымдар, әдебиеттанудың жаңа бағыт- бағдарын білу, әдебиет теориясы пәні ауқымында филолог мамандарға берілетін теориялық білім-минимумы болып есептеледі. Қазақ әдебиетіндегі проза жанрының даму бағыты, ондағы көркемдік әдістер, түрлі ағымдардың көріну сипатын зерделеу тек теориялық білім негізінде жүзеге асары белгілі. Қазіргі қазақ прозасының даму үдерісін бағамдау, осы теориялық білімдерін көркем шығарманы талдауда, интерпретациялауда негізгі тірек етіп алынады және үнемі ғылыми негіздерге сүйену қажеттігі туындайды. Пәннің ғылымда жетістікке сүйенуін қарастырады. Білім алушының нақты ғылыми фактіге сүйенуін, оның заңы мен теориясын білуін қамтамасыз етеді. Ғылыми ұстаным бойынша білім алушыға ғылыми негіздерді танытып қана қоймай, өз тарапынан шығармашылық еңбегі мен ізденісін ғылымға бағыттау қажеттігін туғызады.

Білімнің әлемдік кеңістігіне бағдарланған бүгінгі білім жүйесі білім алушының теориялық біліммен қарулануымен қатар, білімді қолдану дағдылары мен кәсіби тапсырмаларды шеше алу мүмкіндіктеріне көп көңіл бөлуде. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және қабілетін дамыту білім берудің нәтижесі ретінде сипатталады. Ал әдебиеттану саласында қалыптастырылатын білімді тек теориялық шеңберде ғана емес, шығармашылық бағытты мақсат етеді. Осы орайда қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен

ағымдарды оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі ретінде шығармашылық-бағыттылықты негізге аларымыз айқын. Қазіргі қазақ прозасындағы ағымдар мен көркемдік тәсілдерді саралау, қазақ әдебиетінің ХХІ ғасырдағы даму өрісін тану, бүгінгі прозадағы жетістіктер мен ізденістерді бағамдау білім алушының әдеби-бағыттылық құзыреті мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту бағытында жүргізілгенде ғана нәтижелі білімге жол ашады. Бүгінге жаңартылған мазмұндағы әдебиет пәні тек орта мектептегі оқу мазмұнын өзгертіп қоймай, бітіруші маманды да сол мазмұнға сәйкес даярлау қажеттігін тудырып отыр. Болашақ маман ретінде өзі білім беретін саланы жете меңгеру әрі шығармашылық бағыт-бағдарын жоспарлай алуы аса маңызды. Нарықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін жоғары мектептегі маманның кәсіби құзіретті болуы маңызды. Маманның шығармашылық-бағыттылығы бірнеше қалыптастырылатын құзыреттеліктермен айқындалады. Мәселен: қабылданған білімді нақты фактілермен және үнемі даму барысындағы әлем жағдайларымен байланыстыра білуі; әдіс-тәсілдерді, анализ және синтез, эксперименталды әдістерді қолдана алуы; қазіргі ғылымның озық жетістіктері негізінде жаңа әдістемелік амалдар мен тәсілдерді меңгеруі, өзекті мәселелерді жан-жақты талдау жолдарын меңгеруі; білімнің шығармашылық сипатын күшейту, гносеология, әдебиеттану, әдіснама, педагогика және психология саласындағы білімдерді меңгеруі, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктіліктерінің болуы, психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу және т.б. Тұжырымдай келгенде, маманның алдағы кәсіби қызметі үшін үнемі жетілдіріп, дамытып отыратын жоба ретінде берілетін білім ғана бүгінгі бәсекелі қоғам сұранысын қанағаттандыра алады.

Зерттеу жұмысы негізделген келесі бір оқыту ұстанымы –шығармашылық-белсенділік. Шығармашылықтың өзі әдебиетті оқыту үдерісінің ажырамас бір бөлігі. Шығармашылықтың түрлері көп. Алайда сөз өнері – солардың барлығының ішіндегі ерекше саласы. Сөз өнері өнерлердің ерекше түрі ретінде жеке адамның шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен де өзгеше. Шығармашылық-белсенділік ұстанымы репродуктивті оқу үдерісінен басталып, эвристикалық, эмпирикалық ізденіске әкелетін, заманауи білім берудің философиясына негізделген дидактикалық мәнге ие.


Жүйелілік, бірізділік ұстанымы білім беруде бұрыннан қалыптасқан, тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденген ұстаным түрі. Сыныптық сабақ жүйесімен бірге жасасып келе жатқан ұстанымның негізгі мәні білімді жеңілден бастап күрделіге қарай жүйелі құру қажеттігін танытады. Білім берудің логикасында да, адам дауының тәжірибесінде де білім алу жүйелілікті талап етеді. Тек бірізді және жүйелі білім ғана нәтиже береді. Мәселен, білім алушылардың мектептегі әдебиет пәнінде алған білімдерді ескеру, әдеби-теориялық білімді (әдеби ағымб көркемдік әдіс, көркем әдебиеттің жанрлық қырлары, әдеби стиль, т.б.) есепке алу студенттің сала бойынша игеретін білімінің алғашқы қадамы ретінде есепке алынады. Алдағы оқу-танымдық жұмыстарды белгіліден белгісізге қарай бағыттай отырып, айқындалған білім-баспалдағынан жаңа білімге қадам жасайды. Ал, жаңа білімді игеру үдерісі де өз ішінде жүйелі және бірізді құрылуы міндетті. Жүйелілік пен бірізділік оқу үдерісінің барлық кезеңінде негізге алынады. Әдеби курсты жоспарлауда, яғни «Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар» пәнінің жұмыс бағдарламасын (силлабусын) түзуде жүйелілік, бірізділік ұстанымы негізге алынуы керек деп санаймыз. Әр сабақтың жоспары мен жүргізу әдістері, студенттердің жұмыс кезендері аталған ұстанымға негізделуі маңызды.

Ғылымның қазіргі тенденциясы жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланыстылығын терең де сапалы білім беру мақсатына тиімді қолдану жолын ұстануда. Әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылысындағы кірігіп кеткен байланыстардың маңызы өте зор. Оқытудың интеграциялық ұстанымы дәл бүгін ерекше мәнге ие болып отыр.

«Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдарды» толыққанды оқыту үшін өнер пәндерімен интеграциялық байланысты қамту міндетті. Ол әдеби мазмұнның ішкі бірлігін нығайту үшін де керек. Мәселен ХХ ғасырда француз әдебиетінде символизм бағытын ұстанушылардың Парнас ұйымын құрғанын білеміз. Ежелгі грек мифологиясы бойынша Аполлон мен музалар мекені саналған. Парнаска шығу – нағыз ақын болып кемелдік дәрежесіне көтерілу деген мағынада айтылады. Парнас тауы мен ондағы ақындық шабыт қайнары саналған Касталия бұлағы туралы аңыз символистердің клубына атау болған. Сонымен қатар Парнасшылардың ұстанған тәсілдерінің де өнер түрлерінің интеграциялық байланысына негізделеді. Парнасшылар өнер түрлерін кіріктіре отырып, өзге өнім алу тәсілін ұсынады. Символистер сөз өнеріне мүсін, сурет, сәулет өнерлерін нысан етіп ала отырып, сөзбен кескіндеу, ойды бүкпелеу, идеялық астарға, салмақ сала жырлау тәсілдерін қолданған. Шарль Бодлер, Артюр Рембо, Поль Леконт-де-Лиль, Жозе-Мариа Гередиа, Катулл Мендес, т.б. қаламгерлердің шығармашылығынан өнер түрлерін бір-біріне жақындастыра отырып, бірінің ықпал әсерімен екінші өнер түрін ерекшелуге күш салғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар символистерде музыка өнерінің әсеріне бағытталған суггестия тәсілі де қолданылған. Нақты айтқанда, сөздерді сұрыптап, үн жағынан үйлестіре қолдану арқылы дыбыстық әуен туғызуға, сөйтіп сөз өнерінің адамға ықпалын асыруға күш салған. Яғни әдебиеттегі ағымдар мен тәсілдерді оқытуда интеграциялық байланыстың болуы пәннің ішкі мазмұнынан туындайтын қажеттілік екенін білеміз. Әдеби ағымдар мен бағыттардың қалыптасуы мен дамуында тек өнер түрлері ғана емес, өзге де ғылым салаларының ықпалы зор. Ғылым мен техниканың дамуы, ғарыш кеңістігіндегі жетістіктер адамзат қоғамына үлкен өзгерістер әкелді. Діннің сакралды күшін жоғалтуынан пайда болатын – секуляризациялану қоғамдық көзқарастар өзгерісіне әкелгені мәлім. Осы өзгерістер әдебиеттегі жаңа бетбұрыстарға, ізденістерге, ағымдар мен бағыттардың тууына ыпал еткен факторлар болды. Қазіргі ғылымда антропоцентристік парадигманың басымдық алуы барлық салаларды бір-біріне жақындата түседі. Белгілі философтардың еңбегіне сүйенбей ағымдардың тууы мен дамуын түсіндіру қиын. И.Тэн ұсынған өнертанудың детерминанты да осы өзгерістерді аша түседі. Огюст Канттың философиялық пайымдары да әдеби туындылардан тысқары қалмады. Мәселен прозадағы натурализм, адамтану ғылымдарының басты теорияларына, медицина, физиология, психология, нейропсихология, парапсихология, т.б. ғылым салаларындағы жаңалықтарға сүйенген бағыт ретінде сипатталады. Әдебиеттанудағы натурализмнің пайда болуына психология ғылымындағы жаңалықтар тікелей байланысты еді. Адамның психологиясына қатысты зерттеулер қаламгерлердің адам табиғатын терең пайымдап жазуына түрткі болды. Адамның инстинкт пен мәдени ортаға бағыныштылығы, физиологиялық, биологиялық нысан ретіндегі өзгешеліктері көркем туындыларда көрініс тапты. Мәселен, Клод Бернардың психология, медицина саласындағы зерттеулері әдебиеттанушылардың назарынан тыс қалмады. Оған дәлел Клод Бернардың «Құмарлық филологиясы» еңбегіндегі ізденістер белгілі натуралист қаламгер Э.Золяның шығармаларында көрініс тапты. Қаламгердің «Ругон-Маккарлар» топтамасындағы романдардың негізі генетика, физиология, психология, элеуметтану тектес ғылымдарға сүйеніп жазылғаны мәлім.

Қазақ прозасындағы ізденістерде де әр ғылым саласының жетістіктері көрініс табуда. Қорыта келгенде, әдебиеттегі ағымдар мен тәсілдерді оқытуда интеграциялық байланыс ұстанымын басшылыққа алу оқу-таным үдерісінің маңыздылығы мен білім алушыға қалыптастырылатын білімнің беріктігін қамтамасыз етеді. Интеграциялық ұстаным білім алушының ассоциативті образдық ой жүйесін дамытумен қатар білімнің эмоционалды қуатын күшейтеді.

Көркем шығарманы жан-жақты қарастырып, түрлі әдіс-тәсілдермен пайымдамай алатын, қалыптан креативті ойлауға бейім тұлға



Сурет – 1.

Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдарды оқытуда интеграциялық ұстаным моделі

Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқыту жоғары мектепте оқытудың дидактикалық танымдарын айқындау пән бойынша оқу-таным үдерісін жоспарлауға және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Білім алушының педагогикалық үдерістегі сипаттамасының қандай болатынын бағдарлауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Исаева З.А. Формирование исследовательской культуры выпускника университета как педагогическая проблема // Формирование личности учителя: межвузовский сборник научных трудов. – М.: Прометей, 1994. – С. 85-97.

АРАБСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ И ИХ ИЗУЧЕНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.АКМУЛЛЫ В ШКОЛЕ

УЗЕНБАЕВА А. З.

*Башкирский государственный педагогический университет
им.М.Акмуллы, магистрант, Республика
Башкортостан, Уфа*

Статья содержит общую информацию об арабском языке, как о многовековом влиянии на возникновение арабизмов в лексике башкирского языка. Автор напоминает, что из арабского были заимствованы многие слова в произведениях Мифтахетдина Акмуллы. В статье дается краткая информация о грамматических и лексических особенностях арабского языка, семантического образного содержания арабизма и его культурологической семантики. Данная статья посвящена исследованию и выявлению лексикологических особенностей арабизмов в башкирском языке.

Изучение языковых заимствований на уроках башкирского языка в школе – актуальная проблема формирования лингвистической компетенций учащихся. Усвоение лексики, источников пополнения словарного запаса невозможно представить без полноценного изучения истории развития башкирского языка, культурных контактов, посредством которых в язык проникли многочисленные заимствования.

Многовековое влияние арабского языка и культуры на формирование башкирского языка способствовали возникновению отдельного пласта арабизмов в лексике башкирского языка. Известные языковеды Н.Д. Дмитриев, Дж.Г. Киекбаев, Э.Ф. Ишбердин, И.Г. Галяутдинов и другие отмечали огромное влияние арабских заимствований в истории развитии национально культуры и языка. Несмотря на исчезновение многих арабизмов в советский период, в наше время процессы заимствования продолжаются, языковеды, писатели, журналисты, религиозные деятели вносят большой вклад в развитии арабского пласта башкирского языка.

В истории башкирской литературы арабская письменность сыграла огромную роль в формировании художественного мира национальной поэзии и словесного искусства. Особенно в этом отношении примечательно творчество Мифтахетдина Акмуллы – одного из основоположников национальной поэзии. Стихотворения поэта-просветителя Акмуллы используются в процессе преподавания родного языка и литературы в школе как ценный источник духовно-нравственного воспитания. В то же время, обращаясь к поэтическому миру Акмуллы, мы можем формировать лингвистические знания учащихся, так как они богаты на языковые заимствования. Опираясь на поэтическую традицию своего времени, Акмулла широко использует арабизмы в своих произведениях.

В процессе обучения арабским заимствованиям на уроках башкирского языка учитель уделяет внимание не только вопросам языкового образования, но и моральному воспитанию учащихся. Поэтому, важен правильный подбор стихотворений исходя из их нравственного содержания.

Мы считаем, что с точки зрения воспитательного потенциала стоит обратиться к малоизученным произведениям М. Акмуллы из цикла «Исеһез шиғырҙар».

В процессе изучения языкового материала учащиеся сначала усваивают теоретические аспекты языковых заимствований из арабского в башкирский язык. Как известно, арабский язык оказал значительное влияние на многие языки, в первую очередь, на языки народов Востока, где он распространился в результате арабских завоеваний, принятия ислама, расширения торговых и политических связей. Влияние арабских канонов на лексику и письменность оказалось столь велико, что доля арабизмов среди 60 тысяч кодифицированных башкирских слов насчитывается более 7200 единиц арабского происхождения, или 12% национального лексикона [4, с. 71–74].

Арабские заимствования в башкирский язык проникли в разные века и различными путями. В X веке арабские путешественники и купцы начали появляться в Булгарском государстве. Одновременно с торговлей они распространяли ислам, и для укрепления этой религии открывались мечети и медресе, где народ обучали арабскому письму и языку. Это явление оказало существенное влияние на башкирский язык.

Арабские лексические элементы до XIV-XV вв. заимствовались башкирами двумя путями – устным и письменным, так как наиболее ранние башкирские тексты на основе арабской графики были составлены в XVI веке. В дальнейшем арабская лексика сыграла немалую роль в формировании письменного башкирского языка.

Далее учащимся предлагаются следующие задания с целью определения арабизмов в литературном языке на примере в стихотворениях Мифтахетдина Акмуллы:

1) Определите значение слова «нәфес» в тексте. Есть ли синонимичное слово в современном башкирском языке?

Күңелебез - етем туклы

Урынһыз ергә төнәткән;

Нәфес тигән короғор

Күпме эзэмде илаткан.

В процессе анализа учащиеся по данным учебных словарей определяют слово «нәфес» как устаревший в башкирском языке арабизм. В результате самостоятельного анализа значения лексемы, ученики должны определить синонимичное выражение – «нәфсе» как производное башкирское слово – результат подчинения лексемы фонетическим законам родного языка.

2) Самостоятельная работа учащихся по определению арабизмов и значений заимствований.

В процессе анализа стихотворений учащиеся находят следующие арабские слова:

Хозай

Харам

Гөнаһ

а) Йәнем теләк теләйзер

Донъялағы кәрәктән.

Һис файза юк шул эштән -

Хозайға колмон, тимәктән.

б) Күзем! Минән китмәнең;

Харам тотмай тороуға,

Кулым! Миңә күпме инең?

Яман юлға йөрөгүгә,

Аяғым! Һин дә битләнең;

Күп бозокка кушылып,

Йәнем! Һин дә киткәнһең;

Эшем барған сағы юк -

Ғүмерем! Зая үткәнһең!

Әсем! Һин дә караһың -

Кеше хакын күп ейзең!

в) Бер башымды азырып,

Гонаһлы кылып, язырып,

Бөтәмө миндә киктәрең?!

Ярлы кешене күрәбез:

Кейгән сабата, сәкмән;

Кәмселек менән көн иткән

Хәйерсе көндә үтәлер

Йылтыратып күззәрен;

Һәр кем ғибрәт алһын, тип,

Һүз һабағын һүтәмен.

При изучении лексических тем необходимо пополнять знания учащихся анализом ключевых слов – выражений, которые были заимствованы с арабского языка. В поэзии М. Акмуллы такие слова обладают не только объективным семантическим содержанием, но и культурологическим значением. Анализ таких концептуальных слов помогает учащимся понять роль арабского языка в формировании башкирской письменности, культурологическое влияние Востока на развитие национальной литературы.

Например, анализ значения арабизма «Шайтан».

Учащиеся изучают следующее стихотворение из цикла М. Акмуллы:

Изгелекте кыл теләп!

Яманлыкка ир малик!

Шайтанға һалып иректе,

Көстө кулдан бирмәйек!

Үтеп ятыр һәр берәү –

Беззә шунан кәмме ирек?!

Баһабыз түбән төшәлер
Көн дә бер мең тәңкәлек!

В процессе анализа произведения важно не только понимание семантического образного содержания арабизма, но и его культурологической семантики. Для этого учащиеся используют интернет-ресурсы, сравнивают произведения Акмуллы с творчеством других поэтов – например, с поэмами Ш. Бабича.

Также в пример можно привести стихотворение

«Акмулланың һүзе шул...»

Акмулланың һүзе шул, кылһаң нэзар*,
Тереләй үлгәнгә иҫәп без бер мазар.
Йыйылып, дуҫтар мәжлес хушлағандай,
Алдыбыз әле булһа кызма базар.
Бер лайык урынға тура килмәй,
Казакта тәңтерәп йөрөй азар-мазар.
Һәр нәмәгә моң булып ғүмерем үтте,
Бынан былай тәкдирзә калай язар.
Караһаң, Акмулланың диуаны был,
Эсендә - һыуһағанға шәрбәтле һыу.
Битенең бере көләр, бере һүгәр,
Тура һүзе - берәүгә им, берәүгә ыу.
Иҫтәлек булмаҫмы тип язған булдык,
Хата булһа, ярлығарһыҙ, я аллаһу.
Күңел дәрте кузғалып, тышка сықты,
Тулған һуң сызатманы эстә ябыу.

Нэзар - карау (видеть)
Мазар - йәшәү урыны (место, гже живешь)
Мәжлес - ултырыу, йыйылыш (посиделки)
Тәкдир - кешенең алдан язылған тормош
Һүгәр - әрләү
Им - дауа
Ыу - ағыу

Итак, изучение арабских заимствований на уроках родного башкирского языка в школе необходимо вести с опорой на классику башкирской поэзии. Произведения М. Акмуллы в данном случае выступают ценным источником формирования лингвистической компетенции обучающихся, их духовно-нравственного воспитания.

Список литературы

1. Акмулле – 150 лет. Статьи и материалы, посвященные юбилею поэта. (Коллектив авторов). – Уфа; Китап, 1984. – 144 с.
2. Акмулла М. Шиғырзар. - Өфө: Башкортостан китап нәшриәте, 1981. – 200 с.
3. Акмулла. Сост. и авт. вступит. статьи Г.Х. Абдрафикова, Р.Ф. Набиуллина; отв. ред. М.Х. Надергулов (к.ф.н.), Г.Х. Абдрафикова. – Уфа, ИИЯЛ УНЦ РАН, 2010. – 64 с.
4. Ишбердин Э.Ф. Историческое развитие лексики башкирского языка / Э. Ф. Ишбердин; Отв. ред. З. Г. Ураксин; АН СССР, Башк. фил., Ин-т истории, яз. и лит. – М. : Наука, 1986. – 151 с.


ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

КЕЛГЕМБАЕВА Б.Б.,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
ИСКАКОВА Д.Б.,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, магистрант

Аннотация. Мақалада ақын, жазушы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын мектепте оқытудың педагогикалық алғышарттары қарастырылған. Ақын өлеңдері герменевтикалық тұрғыдан талданып, оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететіндігі дәйектелген.

Түйін сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы, жаһандану, философиялық көзқарас, ұлттық болмыс, адамгершілік.

Әдебиет – оны жасаушы ұлттың болашағының негізі. Рухани айнамыздың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын оқытудың педагогикалық негіздерін зерттеу аса маңызды мәселе. Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығының педагогикалық негіздерін төмендегідей саралауға болады (сурет 1).



Сурет 1 – Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығының педагогикалық негіздері

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы аса бай және көпқырлы. Абайдың жанында жүріп тікелей шығармашылық тәлім-тәрбиесін көрген Шәкәрім, ұлы ақынның сөз өнеріне деген айрықша сүйіспеншілігі мен ықыласын жүрегімен сезіне жүріп қалыптасты. Шәкәрім шығармашылығының басынан бастап ақындық өнердегі өзінің биік нысанасын дұрыс таңдай білді. Оның шығармашылығындағы ең басты тақырып өмір сүріп отырған заманы мен оның шындығы, ал ой-арманы – қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуы болды. Өзінің саяси-әлеуметтік лирикасында заманның типтік образын жасады, жетістігі де, кемістігі де бар шынайы реалистік кейіптегі уақыт бейнесін сомдады. Өмір сүрген дәуірдің сипатын ашатын тақырыптардың бір де бірі ақынның назарынан тыс қалмай шығармашылықпен жырланды. Қоғамның әртүрлі құбылыстарынан туатын түрлі тақырыптардың әрқайсысына зер салды. Ақын поэзиясының басты тақырыптарының бірі – заман және оның ащы шындығын көркем бейнеде оқырманының көкейіне қондыру болды.

Шәкәрім заманды түзеудің ең бірінші шарты – адамды түзету. Абай да кезінде заманының адамын түзету туралы терең бойлаған. Осы қағиданы Абайдан үлгі етіп алып, барынша зерделеген Шәкәрім өз заманына сын айтып, қоғамдағы жағдайлардың бағытын айқындады. Замандастарының бойындағы қисық-қыңыр мінездер, сауатсыздық, салақтық, жалқаулық, мақтаншақтық, араздық пен арамдық, көрсеқызарлық пен күншілдік, надандық сияқты толып жатқан келеңсіз әдеттер ақын көзіне қоғам келеңсіздігін ашып, кемшіліктерді сынау ұғымын туғызды.

Өзін қоршаған әлеуметтік қоғамда адамдардың бойында, жүріс-тұрысында, өзгелермен қарым-қатынасында кездесетін қилы-қилы кемшіліктер қай заманда да өзіндік ой-түйсігі бар адамдарды, азаматтарды толғандырмай қалмаған. Ақын айналасындағы кемшіліктерді көріп, өз халқының мүддесін көзdedі. Халық бойындағы кеселдерді жариялаушы ғана емес, солардың үкімін айтушы да бола білді. Аталған кемшіліктер – шын мәнінде адамның ой-санасын топастандырып, рухани дамуға тұсау боларлық қасиеттер. Осыны терең сезіне білген ақын «шедірейіп, шекиіп, қасын керіп кекикіп» жүрген сәнқойлар мен ақылын ашуға билеткен ызакорларды, еріншектер мен салақтарды ақылсыз мақұлыққа теңейді. Қатты сынайды. «Ақымақ пен хайуанның қайсысы артық?» деп өзіне-өзі сұрақ қойған ақын адам баласын ақымақтыққа апаратын қасиеттерді былай сипаттайды:

Еріншектің несі артық өліктен де,
Өзің сына оларды көріп кел де.
Байқарсың еріншектің төмендігін,
Көп мініп шабан тартқан көліктен де.

Хайуаннан несі артық қудың-дағы,
Бір антұрған залалкес тудың-дағы.
Қораға үрмес бір төбет тышқан аңдып,
Адамдықты сонымен жудың-дағы...

...Бет түзетіп сәндегіш әтеш болсын,
Қоқиып, қодырайып, ұшып-қонсын,
Іш түземей, сыланып, сыртын түзеп,
Тауықтың айғыры бол, бейне солсың [1, 58].

«Хайуандар мен ақымақтар» деп аталатын бұл өлеңінде ақынның қалам қарымына тән сыншылдық пен көркем бейнелеу тәсілдерінің өзара ғажап үндесіп, үйлесім тауып жататынына назар аудару.

Шәкәрім шығармаларында пендешілікті, көре алмаушылықты көп сынайды. Мысалы, «Шын бақ қайсы? Күншілік кім?» өлеңінде:

Жарқанат жек көреді күннің нұрын
Күншіні ұқсатамын соған түрін
Өзге жанға біткенін ұнатпайды,
Әлгі айтылған бақтардың бірде- бірін
Өзімшілдің іші тар, ойы шартық,
Ала алмас ол біреудің бағын тартып
Күндейді деп күн нұры жоғалғанша
Мың жарқанат соқыр болып қалғаны артық [1, 215].

Өмірде бақ деп айтыларлық үш-нәрсе бар дейді, ол кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бұл үшеуі бір адамның басына қонса, оны көре алмайтын өзімшіл, күншілдер пайда болады. Сол күншілді ақын жарқанатқа балап тұр. Жарқанат күннің жүзін жек көреді, сол сияқты күншіл адамдар, ақылды, білімді адамдардың жарыққа шығуын көре алмайды. Бірақ, ақын бәрібір кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек жеңіп шығады дейді. Осы өлең жолдарындағы күншілдерді жарқанатқа балаудың өзі ерекше құбылыс. Халық айтады ғой «Жарқанат ұшса, адамның көзін соқыр қылады» деп. Мұндай жайлар адамдардың өз арасында да кездесетіні өтірік емес.

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,
Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.
Жалынды оттай жайнаған, қайран өмір
Шоқ сөнген соң қап – қара болады көмір [1, 121].

Шәкәрімнің дәуір шындығын өрнектеген, заман кеселдерін сынаған лирикалық өлеңдері ақын талантының мөлдір бастауынан қайнап шығатын ішкі мазмұнға эстетикалық күш берер көркем құралдармен, тапқыр теңеулермен, сәтті салыстырулармен көмкеріледі [2, 128].

Шығармаларында заманды түзеу, ең алдымен жастардың үлесіндегі міндет екенін айта келіп, өзінің ғибратты сөздерін де ақын ең алдымен сол жастарға арнайды, жасөспірім көкөрім замандастарын ескіден арылып, жаңамен жылдам жалғасуға үндейді. Ізгіліктің жолына бас тігудің қажеттігін, арамдық пен алдаудың, қулық пен сұмдықтың, есерлік пен әпенбақандықтың зиянды екенін, білім мен ғылым үйренудің шексіз пайдасын түсіндіреді. Түсіндіре отырып, өз заманының шынайы көркем бейнесін сомдайды. Шәкәрімнің басты кейіпкері, нысанасы да қазақ қоғамы. Кемшілігін сынайды, адамдардың мінез-құлқындағы, психологиясындағы, әдет-дағдыларындағы келеңсіз құбылыстарды әшкерелейді. Ақын жай ғана әшкерелеуші емес, тығырықтан шығудың жолын іздеуші де. Ол өзіне де, өзгеге де Абайды жолбасшы, ақылшы, дана көсем етіп ұсынады.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!
Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік [1, 109].

Абайдың кемеңгер даналығын, ел бастауға лайық парасатын Шәкәрім осылай бағалайды. Ақынның көңіл зердесінің сезімталдығы, көрегендігі осы өлең жолдарынан айқын көрінеді. Парасатты ақын тұлғасынан үлгі алудың, оның айтқан ақыл-кеңестерін тыңдап, ғылым мен өнер үйренудің, мәдениетті елдер үлгісіне көз тігудің қажеттігін алға тартады.

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,

Мына заман көрсетер бізге тарлық [1, 110] деп тұжырым жасайды, жастар тарапынан болашақта атқарылар істің бағытын айқындап береді.

Аталған өлеңде ақын өзінен кейінгі жастарға насихат айтумен ғана шектелмейді. Заманның өзгеріп отырғанына назар аудартып, босқа жүрсек надан қалыпта қалатынын айтады. Содан құтылудың жолын нұсқайды. Енді бір тұста Шәкәрімнің сыншыл өзінің реализм әдісімен қайтадан ел жағдайына қадалады. Айтылған ақылды қабылдап, түзелуге ниетті жастарға үлгілі нысана болатын қара бар ма? «Мынау» деп көрсетер үлгі қайсы? Ал елдің жайы ақынға мәлім:

Бұл елде ақыл жоқ жарасарлық,
Рахым қып бір-біріне қарасарлық.
Өз Абайын өздері ұнатпайды,
Шын надан осылар ғой біз қашарлық.

Ақыл жоқ бұл қазақта ойға ұнарлық,
Өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық.
Білім іздеп білуге кесел болар,
Көрсеқызар, көзі ашық бос құмарлық [1, 111].

Қандай ауыр, қандай әділ, қандай өткір сынды айтып отырғанын осы өлең жолдарына үңілгенде көруімізге болады. Шәкәрімнің тілінде удай ащы мысқыл жатыр. Әйтсе де, қанша ауыр сынаса да, «шын надан осылар ғой біз қашалық» дегенде, Шәкәрім жас өркендерді сол елдің бойындағы ойсыздықтан, ақылсыздықтан, талапсыздықтан, көрсеқызар құмарлықтан аулақтауға шақырып отыр. Ақылы аздық, сөз түсінбейтін сипатқа әкеліп тұрғанын ақын тура айтады. Білім іздемей, дамымай надан қалпында қалатын кейіпкер арқылы жалпы өспейтін жанның көркем бейнесін жасаған.

Ақын Шәкәрім шыны мен сыны қатар өрілетін реалистік сипаттағы азаматтық лирикасындағы жеке адам туралы ойлар осылайша өрістеп дамыды. Ұлғая келе ұтас халық мәселесіне ұласады. Қоғамдық-әлеуметтік ортадағы жеке адамның бойынан кездесетін кемшіліктерді сыншыл реалистік деңгейде әшкерелеу, жақсы қасиеттерді насихаттау тұрғысындағы ойларынан ақын тұтас халық жөніндегі философиялық мәнге толы толғамдарын туындатады.

Шәкәрімнің әлеуметтік лирикасындағы өзекті тақырыптардың бір саласы халық тағдырын айтады. Шығармашылық жолының қай белесінде болсын ақын халықтан қол үзбейді. Ел басындағы әлеуметтік кеселдер, мақтан тұтатыны халықтық қазына. Өлеңдерінде әрдайым сүйікті халқының басындағы жағдайды баяндап отырады. Айта кететін бір жайт, осы тұста Шәкәрім өлеңдеріндегі реализмнің ажырамас қыры болып табылатын ерекше сипат, ақын лирикасының ұлттық қыры айқын көрінеді.

Шәкәрім шығармашылығын жаһандану үрдісіне кірген шақта жастарды тәрбиелеуде алатын орны несімен маңызды.

Алдымен, Шәкәрім – философ, ақын, аудармашы, күйші, әнші, сондай-ақ, шығыс, батыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады. Өртүрлі өнер түрлерін үйренеді. Жиырмадан асқанда ел басқару ісіне араласады. Абай қайтыс болған соң, ақын аға өсиетімен 1905-1906 жылдары қажылық сапармен Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралайды. Бұл туралы: «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңінде:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек етіп, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.
Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.

Талпынып орыс тілін үйренумен

Надандықтың тазарып, кетті кірі [1, 116] деп өз пікірін айтады.

Әлем кітапханаларында білім қазыналарымен танысады. Дін мен философия, ғылым салаларын игереді. Сол кезеңде яғни ХХ ғасыр кезінде араб, түрік, парсы, шағатай, орыс тілдерін жетік меңгерген басқа елдердегі замандастары кемде – кем. Демек, білімділіктің қайнар көзі – Шәкәрім болмысында.

Екіншіден, ақын мұсылмандық білімнің қыр-сырын жетік меңгерген. Бұл туралы шығармалары да, еңбектері де бар. Мәселен, «Мұсылмандық шарты» дәлел болады. Өзі қажылыққа барса да, мұсылмандық негіздерін толық меңгерсе де, ол адамдарды дініне, тіліне, діліне қарай бөлуге қарсы. Шәкәрім үшін барша адамзат болмысы – біреу. «Жер жүзіне қарасам» өлеңінде:

Жер жүзіне қарасам,
Неше түрлі халық бар.
Дін, иманын, санасам,
Мыңнан артық анық бар.
«Бұл қалай?» деп ойласам,

Мұның да бір сыры бар [3, 288] деп қорытындылайды. Бұл жазбаның идеялық мақсаты адамдарды бауырмалдыққа тәрбиелеу екенін көрсетеді. Шәкәрім де Абай сияқты адам баласын тең деп санаған. Дінге байланысты да өз ойы бар ерекше ақын ретінде адамды әртүрлі діндер біріктірмей керісінше жіктейді деген ойды айтқан болатын.

Үшіншіден, тарихшы, шежіреші: ол түрік халықтарының ортақ шежіресін жазып шықты. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты Орынбор қаласының «Каримов, Хусайнов ошеркасының матбағасында жарық көрген еңбегінде қазақ халқымен бірге, барша түркі халықтарына ортақ шежірені көрсетті.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ тарихына арналған үлкен еңбегі, ол ел білетін «Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі» деп аталады. Бұл туындыны оқыған адам оның жалпы қазақ тарихына және сол сияқты белгілі бір өңірлердің де тарихына арналғанын байқай алады. Шәкәрімнің осы сүбелі еңбегінде Қазақстанның шығысының, солтүстік шығысының және қазіргі Ресейдің, Қытайдың, Моңғол Ұлысының (қазіргі Монғолияның ресми атауы) жерлеріне кіретін, Қазақстанға жапсарлас өңірлерінің де өткен тарихи оқиғалары, сол жерлердің ежелгі тайпалары да көрінеді. Сол сияқты еңбекпен таныса отыра, біз Шәкәрімнің нақты тарихи көзқарасы, терең жан-жақты тарихи білімі қалыптасқан, ең бастысы зерттеушіге тән қажеттіліктерді де меңгерген тұлға екендігін көреміз.

Төртіншіден, заманды түзеу, ең алдымен жастардың үлесіндегі міндет екенін айта келіп, өзінің ғибратты сөздерін де ақын бірінші кезекте сол жастарға арнайды, жасөспірім, көкөрім замандастарын ескіден арылып, жаңамен жылдам жалғасуға үндейді. Жастарға үміт артады. «Жастарға» атты өлеңінде:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалдық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,

Бір білімді данышпан жан табалық [1, 109] деп, жастарды адал еңбек етіп, білім алуға шақырады. Бұл жағынан алғанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының жастарға беретін педагогикалық ой түйіндері мен тәрбиелік маңызы өте зор.

Бесіншіден, ақынның өмірлік ұстанымы – ар білімін игеру. «Ғылымсыз адам – айуан» атты өлеңінде:

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,

Ақылсыз болса, ғылым тұл.

Ақылға еркін ой керек,

Матаудан ойды азат қыл [3, 273] деп, барлық істің бастауын ғылым үйренуге, тіл үйренуге, өз ортасын құрметтеуге, өзгелердің пікірімен санаса білуге шақырады. Бұл арада кейіптеудің ерекше түрін пайдалана отырып, матаулы ой деген ұғымға назар аудартады. Жалпы түнікте ой еркін, оның шегі жоқ деген ұғымды білсек, Шәкәрімде ол ой матаулы, байлаулы, құлданған ой. Ойдың құлдыққа түсуі, адамның мәңгірттенуімен тең.

Алтыншыдан, қандай заман болмасын, адамгершілікке жақ болуды көздейді. Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде бейнеленген. «Адамшылық» өлеңінде:

... Мейірім – жақсы, зұлымдық жаман дейсің,

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.

Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам, –

Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек [1, 224] деп түйін жасаса, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» атты өлеңінде иттің адамға көмектескенін көрсетеді де, «Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос» деп адамның күні – қоршаған ортасымен мәнді екенін меңзейді. Хайуан мен адамды салыстыра отырып, қарапайым мысалмен гуманистік терең ойды береді. Жалпы адамшылық туралы айтқанда Шәкәрім өзіне дейінгі көптеген философтардан да тереңірек мағынаға назар аудартады.

Жетіншіден, шындыққа жетудің жолы түрлі-түрлі, бірақ түбінде жеңетіні ақиқат екендігін айтады.

Ақ жүрек пен Таза ақыл,

Қылсаң адал еңбек, –

Бәрінен де сол мақұл –

Артқыға жол бермек.

Арсыздардың түкке тұрмай

Арам ойы жойылып,

Аяғында хақиқатты

Бұл үшеуі жеңбек [3, 300] дей отырып, бұл өлеңінде ақын адамзат баласын жаман әдеттен бой сақтауға үгіттей отырып, өз заманындағы әлеуметтің, саяси кемшіліктердің бетпердесі ашылып, түбінде ақиқаттың болатынына сенім білдіреді. Таза ақыл дегенде, оған қарама-қарсы таза емес, кір ақыл болатыны да айқын. Себебі, ақ жүрекке қарама-қарсы қара жүрек ұғымы мейірімсіз деген мағына береді. Ал таза ақыл дегенде ойында тек жақсылық жасау ғана басым тұлға деп білеміз.

Сегізіншіден, келер ұрпақ алдына борыш өтеу мәселелсін қояды. Бұл борыш, яғни адамдық борыш – өз еліңе еңбек ету керектігін айтады. Борышты орындау жолында ар сақтау, ардың жолынынан айнымау туралы тоқталады.

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл.

Талаптан да,

Білім мен өнер үйрен,

Өнерсіз, білімсіз

Болады ақын тұл!

Мақтанға салынба,

Басыңның бағы үшін

Нәпсіңе билетпе

Өмірінді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап, жол көрсет,
Келешек қамы үшін!
Қайтадан қайрылып қауымға келмейсің,
Барыңды, нәріңді тіріңде бергейсің.
Ғибрат қылар, артыңа із қалдырсаң
Шын бақыт, осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің! [1, 121].

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы – бүгінгі таңда қазақ халқы мәдениеті – әдебиеті арнасында іргесі қаланған, берік зерттеу әлеміне айналды.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы жаһандану жағдайында жастардың бойында адамгершілікті қалыптастырудың педагогикалық бағыты мен бағдары бола алады. Шәкәрім шығармалары арқылы жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтау, олардың санасында жалпыадамзаттық аядағы қазақ дүниетанымын қалыптастыру, әлемдік өркениетке қазақ болып кіру, қазақтың тұтас этностық сипатын сақтай отырып, әлемдік аренадан орнын айқындау жолында таптырмас құрал бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.
2. Сәтбаева Ш.Қ. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. – 52 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2018. – 460 б.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ МӘСЕЛЕСІ

*КУРМАНГАЛИЕВА Г.Т.,
С.Аманжолов атындағы ШҚУ,
Қазақстан, Өскемен қ.*

Аңдатпа. Мақалада «Абайтану» пәнін орта мектепте оқытудың өзекті мәселелері сөз болады. «Абайтану» пәнінің оқытылу жағдайы, бағдарламалары, оқулықтары жайлы болмақ. Абай Құнанбайұлының қазаққа ғана емес барлық адам болмысының руханиятына қосқан үлесі мен адамгершілік мәселесіне қатысты туындыларының құндылығы ұрпақ тәрбиесінің негізі екенінін дәлелдеу. Автор бұл мақалада осыған дейін зерттелген 9-11 сынып оқушыларына арнап дайындалған «Абайтану» оқулығына зерделеу жұмысын жасап, өзіндік ұстанымын дәлелді көзқарасымен көрсетеді. Бұл зерттеуде автор «Абайтану» пәнінің ерекшелігін айта келіп, Абай шығармаларындағы ұлттық құндылық, әлемдік адамгершілік қағидасы, қазақ тарихы мен әдебиеті, адами тәртіп пен еркіндік ізденістер тұрғысынан пәнді оқытудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: абайтану, әдебиет, бағдарлама, білім жүйесі, тәрбиелік мән, орта мектеп.

Тәуелсіз ел болып бойымызды мықтаған тұста бүгінгі ұрпаққа керекті асыл қазына Абай мұрасы. Абайдың сөздері бүгінгі ұрпаққа ауадай қажет. Оның шығармалары ең алдымен – адамгершілік, рухани тазару және тәрбие міндеттерін көздейді.

Абай шығармашылығы туған елін, жерін ойлаудан туындаған ізгілік ойлар жиынтығы. Ендеше, ұлтының болашағын, ұрпағының қамын ойлаған әрбір ел өз әдебиетінің маржандарымен болашақ ұрпағын нәрлендіріп отыруы тиіс. Ұрпаққа Абайды таныту, Абай

мұрасын терең түсіністікпен жеткізу маңызды. Ол үшін алдымен қазіргі кезде Абайтану ғылымының орта мектепте оқытылуына тоқталу маңызды.

Қазіргі таңда «Абайтану» пәні аптасына 1 рет элективті курс ретінде жалпы орта мектеп бағдарламасына енді. Орта мектептерге енгізілген «Абайтану» пәнінің негізгі мақсаты да айқын. Алдымен, мектеп оқушыларын Абай Құнанбайұлы шығармашылығымен тереңдей таныстыру. Абай поэзиясының негізгі ойы мен қасиетін таныту және ұлы ақын шығармашылығын шетел әдебиетімен салыстыра білу, «Абайтану» пәні бойынша алған білімдерін жетілдіруге, өлеңдері мен қарасөздері, поэмаларының табиғатын таныту. Ақын шығармашылығының көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін меңгерту. Абай өлеңдерінің жанрын, табиғатын, идеясын саралап түсіндіру. Қарасөздерінің мағыналық, тәрбиелік жағын игерту.

Мектеп оқушылары Абайды танып, рухани дамуы үшін аталмыш пәннің орны ерекше. Әрбір өлең, әрбір сөз балаға терең әсер ете алады.

Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абайтану іргетасқа айналды» деген мақаласында бұл пән жайында былай деген болатын: «Абайтану» пәні бұрындары мектептерде оқушылардың қалауы бойынша оқытылатын факультативті пән. Бұны да алға басудың бір көрінісі деп қарадық. Абайтану пәнінің жаңа бағдарлама бойынша оқулығы жазылып, хрестоматиясы даярланып, алдын ала даярлықпен ендірілсе жөн болар еді. Бірақ бұған күмәнім бар. Өйткені, біз абайтану туралы М.Әуезов ұсынған танымды түбірімен өзгертіп, кеңестік идеологияның талабына сәйкестендірген болатынбыз. Абайтану пәні мектептерге енгізілетін болса, оның оқулығы мен бағдарламасы болуы керек. Менің шамалауымша, сол оқулық пен бағдарлама бола қалғанның өзінде сол ескі сарыннан құтыла алмаған болар деп ойлаймын...» [1, 2б.].

Осылайша «Абайтану» пәнін орта мектепте оқыту қажеттілігі артқанын түсінеміз.

Осы пәнді қалай оқытудамыз және қандай бағдарламаларға сүйеніп жүрміз деген заңды сұрақ туындайтыны рас. Ғалым Руда Зайкенқызы: «Абай сөзі қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, жаһандану үдерісінде мақсаткерлікке жұмылдырады» - дейді. Яғни, Абайды түсіне білуге талпынған кез-келген оқушының санасында жаңару, түсіну, тың құбылыстар пайда болады дейді.

Бұл ретте Абайтану пәнін оқытуға арналған бағдарламаларға үңілуге тура келеді. Осы кезге дейін Абайтану пәніне арналған біраз бағдарламалар жарық көрді. Атап айтатын болсақ, «Абайтану» курсының оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген [2, 2б.]. Қазіргі уақытта республиканың жалпы білім беретін ұйымдарында осы бағдарлама арқылы міндетті оқу курсы іске асырылуда.

Қазақ әдебиетінде тұтас ұлттың тәлім-тәрбиесін өн бойына қалыптастатырған құндылықтарымыздың бірі жас ұрпақтың ұлттық бренд бағытындағы білім жүйесін қалыптастыру болып отыр. Мақсатымыз: «Абай Құнанбайұлы шығармаларын зерделей отырып орта білім беру бағытына негіздеу. Мектептердегі әр сыныптың жас ерекшелігі мен таным-түсінігіне сай А.Құнанбайұлы шығармаларын оқыту әдістемесін ұсына отырып ұлттымыздың қалыптасу жолына үлес қосу».

2020 жылы жарық көрген негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9, 10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 113,193 қосымша болып бекітілген [3, 2б.]. Қазіргі уақытта «Абай желілік мектептері» осы бағдарлама арқылы «Абайтану» пәнін оқытуды жүзеге асыруда. Бұл үлгілік бағдарлама 5-9 және 10-11-сыныптарға жеке жасалған.

Сонымен бірге Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының бастамасымен, ф.ғ.д, профессор А.М.

Картаеваның ғылыми жетекшілігімен жұмыс тобы жалпы білім беретін ұйымдарының 5-8 сыныптарына арналған «Абайтану» курсы бойынша аймақтық оқу бағдарламасын жасады. Ол ШҚО Білім басқармасының сараптау кеңесінің 2020 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы негізінде қолдануға бекітілді [4, 2б.].

Аталмыш мектеп бағдарламаларының ішіндегі 2020 жылы жарық көрген қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9, 10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы қазіргі кезде желілік «Абай мектептерінде» басшылыққа алынып оқытылуда.

Бұл «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың танымдық (тілдік танымдық, дүниетанымдық, тұлғатанымдық) қабілеттерін дамыту, Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стилдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру, Абай ілімдері, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру, ұлттық мінез-құлық, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-эстетикалық, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзіретін дамыту, әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, коммуникативті құзыреттіліктерін жетілдіру көзделеді. Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» таразылау арқылы Абай ілімдерінің негізін терең таныту, «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы» ретінде ұстанып, адамдықтың асыл қағидаты ретінде бойға тұту көзделеді [5, 3б.].

Аталмыш бағдарламада «Абайтану» пәнінің мақсаты ретінде Абайдың «Ғылымды ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену» ойын, «Толық адам» ілімін, ар ілімін, қоғамның адамы, азаматтық болмыс тұжырымдарын түсіндіру; Абай шығармаларын зерттеу арқылы оқушылардың танымын дамыту, шығармашылық идеяларын жетілдіру; автор ойын түсінуге, философиялық ойларының мән-мағынасын ашып, тәрбиелік тағылымын таныту. Сонымен бірге ұлы ақынның өмірлік деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету еді.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі әрбір тақырыпты меңгере отырып оқушы бірден зерттеу еңбектермен танысып, талдап, зерттеп отыруға дағдыланады.

Мектеп бағдарламасындағы Абайды оқыту жалпылама тақырып болып кеткен. Мұхтар Әуезов өзінің бір мақаласында: “ерте ме, кеш пе Абайтану үлкен ғылыми мекеме болып, өз алдына қызмет жасайтын болады. Сол кезде Абайтану кезең кезеңімен оқытылады”, – деп еді. Біз мектеп бағдарламасында Абайтануды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңімен бөліп оқыта алмай келе жатырмыз. Бала Абайды «Абай жолы» романының мазмұны бойынша 14 жасында Семейдегі Ахмет Риза медресінен қайтып келе жатқан кезінен білеміз. Ал оған дейін Абайдың дүниеге келуі, Абай өскен орта, туған жері, рухани тәрбиесі, әкесінің баласына көрсеткен мейірімі, Абайдың елгезектігі, оның ауыз әдебиетіне қызығушылығы жайлы көп айта бермейтініміз рас.

Егер біз бұрын қалыптасқан Абайдың педагогикалық көзқарастарына жүгінетін болсақ ғасыр, олар жалпы адамзаттың негізгі мәселелерін бейнелейтіні анық педагогикалық теория мен практика. Олардың кейбіреулері: «тек білімге ие болу адамды тірі етеді, тек білім ғасырды қозғайды, тек білім-бұл жүректер шамшырағы...» [6, 94б.].

Осы Абайдың шығармашылығын «Абайтану» пәнінің өзегінде оқушыға түсінікті тілде, терең мағынасында жеткізудің орны ерекше.

Қазіргі кезде желілік Абай мектептеріндегі «Абайтану» пәні үлгілік оқу жүктемесіне сәйкес 9-11 сыныптарда 38 сағат аптасына 2 рет жүргізіледі.

«Абайтану» курсы бойынша жүргізілетін элективтік курстың негіздемесі бойынша Абай шығармашылығын оқушыларға толық игерту арқылы поэзия құдіретін танытады, әлем

әдебиетімен салыстыра отырып, қазіргі өмірмен байланыстыруға үйретеді [3, 119б.]. Мектептегі «Абайтану» пәніне берілген міндет осындай. Ал әр сыныпқа негізделген «Абайтану» оқулықтарында ақын шығармаларын зерттеген ғалымдардың ғылыми тұжырымдары беріліп, оларды Блум таксономиясының қадамдары бойынша тапсырмаларды орындау арқылы нәтижеге жету мақсатына бағытталғанын көреміз. Мәселен, 9-сыныпта оқулық 6 тараудан тұрады. Аптасына 1 рет, 38 сағатқа арналған. Бұл курсты оқи отырып оқушы: Абай даналығын жете меңгеруге, бүкіләлемдік гуманистік және ұлттық өлшемдердің адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын бағамдауға, өз өмірін қадірлеп-қастерлеп, тіршілікті және адамзат құпиясын тануға ұмтылады. Оқулықтың мақсаты мен міндетін нақты нәтижеге бағытталғанын алғысөзден де байқауға болады. Оқулықтың тиімді тұсы:

1. Әр тараудан соң тапсырмалар Блум таксономиясына сай қадамдарға жіктелген. Бұл оқушының өз мүмкіндігін шамалай отырып, әр кезеңге жетуге талпындырады. Өзін-өзі бағалап, межеге жету барысында даралығы мен көшбасшылығын дамыта алады.

2. Зерттеушілер тұжырымы мен Абай шығармалары кезектесе берілген. Бұл оқушыны ғылыми пікір мен автор сөзінің мағынасын түсіне алуы арқылы санасының дамуына бағытталады. Абайдың әр жазылған шығармасының тарихы мен зерттелуін біле отырып, тапсырмаларды орындаса өзіндік сыни ойлау мен сөйлеу дағдысы қалыптасады.

3. Әрбір тараудан соң пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріліп, авторға сілтеме көрсетілген. Бұл оқушының ғылыми ізденіске талпындырып, мәліметтерді саралау үшін ақпарат алуға тиімді болмақ.

Дегенмен, оқулықта берілген әрбір тарау аптасына 1 сағатқа арналғанын ескерсек, ондағы мәтін көлемі күрделі келеді, әрі 45 минуттық оқу шамасына арналмағанын көруге болады. Ұсыныс ретінде жалпы орта мектептерде оқытылатын оқулыққа ұсынарымыз оқу мақсаттарын мәтін алдында беріп отырса, Блум қадамдарының кезеңдерін қолжетімді, СМАРТ мақсат етіп қойса оқулық тапсырмалар жүйесінде бірізділік болар еді. Жаңартылған білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушыны оңайдан күрделіге қарай бағыттау керектігіне мән берілсе деген ұсыныс туындайды.

Сонымен бірге қазіргі оқытылып отырған «Абайтану» пәнінің элективті курсы жалпы орта мектептерде 9-11 сыныптарда ғана элективті курс ретінде аптасына 1 рет өткізілуде, бұл әрине аздық етеді. 5-9 сынып аралығында арнайы сағат бөлінбеген. Оқыту қазақ тілінде емес мектептер үшін «Абайтану» пәнін курс ретінде оқытудың арнайы бағдарламасы жоқ деуге болады.

«Абайтану» пәнін оқыту, кітаптарын сапалы шығару, пәнге арнайы толыққанды сағат бөлу - қазақ әдебиетіне ғана емес жалпы мектеп бағдарламасында тәрбие саласын оқытуда маңызды әрі құнды болып отыр. Себебі, пәнді терең зерделеу арқылы, әдебиет саласы ғана емес жалпы тәрбиеде, өмірлік мақсат-мұратты айқындауда пәннің маңызы ерекше.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ұлы Абай мұрасы – өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалы, 2020ж, Орал қ.

2. Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген нұсқасы «Абайтану» курсының оқу бағдарламасы.

3. 2020 жылы жарық көрген негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9, 10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған

мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 113,193 қосымша болып бекітілген.

4. Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының сараптау кеңесінің 2020 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы негізінде қолдануға бекітілген жалпы білім беретін ұйымдарының 5-8 сыныптарына арналған «Абайтану» курсы бойынша аймақтық оқу бағдарламасы.

5. Мамырбекова Г.А "The Qazaq Times" <https://qazaqtimes.com/article/75879> сайтынан алынды.

6. Абай. Двадцать стихотворений на трех языках [Текст] / Абай ; сост., автор предисл., послесл. и коммент. Г. Бельгер ; пер. с нем. Л. Кошут. - Астана : Аударма, 2008. - 136 с.

ҚАТЫСЫМДЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

КУРМАНОВА А. К.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

Қазақстан, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі қарастырылды. Қатысымдық бағдарлы оқыту туралы түсінік берілді. Бұл жүйенің негізгі ұғымдар анықталды: шынайылық, интерактивтілік, икемділік және тапсырмаға бағытталған тәсіл. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан отандық ғалымдардың еңбектері сараланып, олардың зерттеулерінің нәтижелері көрсетілді. Сонымен қатар, қатысымдық жаттығудың басты ерекшелігі мен артықшылықтарына жан-жақты тоқталып, мысалдар келтірілді. Нәтижесінде қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі тілді үйренудің маңызды әдісінің бірі деген тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: қатысымдық құзыреттілік, қатысымдық бағдарлы оқыту, жаттығулар жүйесі, қатысымдық жаттығу, қарым-қатынас, дағдылар.

Аннотация. В статье рассмотрена система упражнений коммуникативной направленности обучения, которая используется в процессе изучения языка. Автором были определены ключевые понятия, лежащие в основе этой системы: аутентичность, интерактивность, гибкость и ориентированность на задание. В статье названы работы отечественных ученых, занимающихся научными исследованиями в этом направлении, а также показаны результаты их изысканий. Кроме того, были подробно описаны основные особенности и преимущества коммуникативных упражнений, приведены примеры их использования. Автор статьи сделал вывод о том, что система упражнений коммуникативной направленности обучения является важнейшим методом изучения языка.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, коммуникативная направленность обучение, система упражнений, коммуникативные упражнения, общение, навыки.

Annotation. The article considers the system of exercises of a communicative orientation, which is used in the process of learning a language. The author has defined the key concepts underlying this system: authenticity, interactivity, flexibility and focus on the development of skills. The article reveals the works of domestic scientists engaged in scientific research in this direction, and also shows

the results of their research. In addition, the main features and advantages of communicative exercises have been described in detail, examples of their use are given. The author of the article concludes that the system of communicative exercises is the most important method of learning a language.

Key words: communicative competence, communicative orientation of training, system of exercises, communicative exercises, communication, skills.

Қазақ тілін үйрету үдерісінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ең тиімді жолы – қатысымдық бағдарлы оқыту. Бұл тілді үйретудегі жаңа ізденіс, қазіргі өзекті мәселелердің бірі. Осы өзекті мәселе бірнеше зерттеу еңбектеріміздің нысанына айналды [1,402]. Зерттеуімізде тек тілдің грамматикасы мен лексикасын игертуді ғана емес, сонымен қатар сол тілде қарым-қатынас жасауға қажетті дағдыларды игерту, тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдеу, нәтижесінде білім алушылар күнделікті тұрмыстағы қарапайым қатынаста қазақ тілінде тиімді сөйлесе алу керек екені дәйектелген болатын [2,92]. Ал қазақ тілінде тиімді сөйлесуді қалыптастырудың тиімді жолы – қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі. Сондықтан қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі туралы мәселені жан-жақты қарастырған жөн.

Қатысымдық бағдарлы оқыту – нақты өмірлік жағдайларда қарым-қатынас жасау үшін тілді қолданудың маңыздылығын көрсететін оқыту түрі. Оның мақсаты – оқытылатын тілдің грамматикасы мен лексикасын игерту ғана емес, сол тілде қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту. Бұл оқыту түрінде білім алушылар тілдік формаларды біліп қана қоймай, оларды нақты қарым-қатынас мақсатында қалай қолдану керектігін үйренеді, тілді шынайы өмірде қолдануға бейімделеді. Яғни, қатысымдық бағдарлы оқытуда белгілі бір тіл туралы білім берілмейді, керісінше сол тілді қолдана отырып, қарым-қатынас жасау көзделеді, тілдік коммуникация жүзеге асады. Осы тұрғыда, мақалада қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесінің негізінде қандай ұғымдар жатқаны, сондай-ақ оның тіл үйренудегі басқа тәсілдермен салыстырғанда қандай ерекшеліктері мен артықшылықтары бар екенін қарастыру мақсат етілді. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан отандық ғалымдардың еңбектері сараланып, олардың зерттеулерінің нәтижелері көрсетілді.

Қазақ тілін оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін, яғни тілді өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді қалыптастыру. Бұл мәселені шешу үшін қатысымдық бағдарлы оқытуға негізделген жаттығулар жүйесі кеңінен қолданылады. Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі білім алушылардың қазақ тілінде өзара әрекеттесуін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі тапсырмалар мен әрекеттерді қамтиды. Жүйенің негізінде жатқан негізгі ұғымдар: *шынайылық (аутенттілік), интерактивтілік, икемділік және тапсырмаға бағытталған тәсіл.*

1) *Шынайылық (аутенттілік)* – білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту үшін шынайы, табиғи тілдік материалдарды және өмірде кездесетін жағдайларды пайдалануға негізделген тәсіл. Оның ең тиімді жолы – тек оқулықтардан грамматика мен лексиканы үйреніп қана қоймай, үйренгендерін нақты тілдік жағдайда қолдану. Тіл үйретудегі шынайылық тәсілінің тиімділігі Е.В.Носонович, Р.П. Мильруд зерттеулерінде қарастырған. Е.В.Носонович и Р.П.Мильруд: «...аутентичный текст характеризуется естественностью лексического наполнения и грамматических форм, ситуативной адекватностью используемых языковых средств, иллюстрирует случаи аутентичного словоупотребления. Такому тексту присущи логическая целостность и тематическое единство», - дей келе [3,14], тіл үйретуде шынайы материалдар мен жағдайларды пайдалана отырып, аутенттілік тәсілдің қолданылуын, тиімділігін зерттеп, бұл

тәсіл білім алушылардың қызығушылығын, уәжін арттырып, қатысымдық дағдыларын жетілдіре алатынын анықтады.

2) *Интерактивтілік* – білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысып, ақпарат пен тәжірибе алмасуға негізделген тәсіл. Бұл тәсілде оқытушы білім алушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға ынталандыратын және ынтымақтастыққа жағдай жасайтын фасилитатор қызметін атқарады. Тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі – әртүрлі интерактивті әдістер мен технологияларды қолдану. Мысалы, ойындар, рөлдік ойындар, пікірталас және т.б. Тілдерді оқытуда интерактивтілік әдісті қолдану бойынша қазақстандық және шетелдік ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізуде. Мысалы, Н.Г. Балицкая, В.И. Андреев, В.П. Беспалько, В.К. Григорьев, О.С. Когут, О.О. Кравчик, Т.М. Садыков, Л.В. Маркова, Е.А. Капранова, А.П. Панфилова, О.Г. Сиротинко, Е.А. Леушина, А.Қ. Әлімовтар интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігін зерттеуде. Ғалымдар мен практиктердің пікірінше, болашақ маманды кәсіби даярлау үдерісінде білімді меңгеру, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, тұлғалық және кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту, оқытудың интерактивті әдістерін оқу үдерісінде қолданғанда тиімді.

3) *Икемділік* – оқу үдерісін әрбір білім алушының жеке қажеттіліктері мен қабілетіне қарай бейімдеуді көздейтін тәсіл. Бұл тәсіл оқытуда максималды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені ол әрбір білім алушының ерекшеліктерін ескереді. Икемділік тәсілін қолдану бойынша шетелдік ғалымдар Лангерак және т.б. «Тілді икемді оқыту: мазмұн мен тілді кіріктірілген оқыту мен студентке бағытталған оқытудың тілді үйренуге әсері» атты еңбектерін атауымызға болады. Бұл еңбекте икемділік тәсілінің тиімділігі тіл мен мазмұнды біріктіру және білім алушыға бағытталған тәсілдің үйлесімі мысалында зерттелді [4].

4) *Тапсырмаға-бағдарланған тәсіл* конструктивизм идеяларына негізделген, онда білім алушы өзінің өмірлік және кәсіби тәжірибесіне сүйене отырып, өз білімін белсенді түрде құрады. Бұл тәсілдің негізгі қағидасы – білім алушылар өздеріне маңызды жағдаяттар мен тапсырмаларды пайдалана отырып, тілді меңгереді, тілдік дағдыларды қолдана отырып, өмірінде және қызметінде туындауы мүмкін нақты мәселелерді шешуге үйренеді. Шетелдік ғалым Н. Холец «Autonomy and Foreign Language Learning» атты еңбегінде ағылшын тілін оқытуда тапсырмаға бағытталған тәсіл білім алушылардың сабаққа деген ынтасын және қызығушылығын айтарлықтай арттыратынын көрсеткен зерттеулер жүргізілді. Сондай-ақ, бұл әдісті қолданып оқыған білім алушылардың ағылшын тілін дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып оқығандарға қарағанда, білімдері мен дағдылары жоғары екендігі дәлелденді [5].

Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесінің негізінде жатқан негізгі ұғымдар тілді тиімді оқытуды қамтамасыз етеді. *Шынайылық тәсіл* білім алушыларға тілді шынайы өмірлік жағдайларда қолдануға дағдылануға көмектеседі, бұл тілді қолдануға деген қызығушылық пен сенімділікті арттырады. *Интерактивтілік тәсілі*, өз кезегінде, қатысымдық дағдыларды дамытуға және ауызша сөйлеуді жетілдіруге ықпал ететін әртүрлі қатысымдық жаттығуларға қатысуға мүмкіндік береді. *Тәсілдің икемділігі* нұсқаушыларға жаттығуларды білім алушылардың қажеттіліктері мен тіл деңгейлеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл ең жақсы оқу тәжірибесін қамтамасыз етеді. *Тапсырмаға-бағдарланған тәсіл* білім алушыларға шынайы мәселелерді шешуге қажетті тілдік дағдыларды меңгеруге көмектеседі, бұл тілдің күнделікті өмірде практикалық қолдану деңгейін арттырады.

Ал қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесінің негізгі ерекшеліктеріне келсек, оның *басты ерекшелігі* – тілді нақты коммуникативті жағдайларда қолдануға бағыт-бағдар беру. Бұл жаттығулар білім алушыларға нақты өмірлік жағдайларға байланысты берілетін тапсырмаларға негізделеді. Мысалы, *ана тілінде сөйлейтін адамдармен сөйлесу, саяхаттау, халықаралық компанияда жұмыс істеу* және т.б. Қатысымдық жаттығулар білім алушыларға тілді түсінуге ғана емес, сонымен қатар нақты контексте қолдануға көмектеседі. Бұл оларды тілдік және сөйлеу жаттығуларынан ерекшелендіреді. Нәтижесінде

қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі білім алушыларға тек қазақ тілде сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар ана тілінде сөйлейтіндерді түсінуге және олармен практикалық қарым-қатынасқа түсуге көмектеседі. Сондай-ақ қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесінің бірнеше артықшылықтары бар.

Біріншіден, білім алушылардың *сұрақ қою, өз ойын, пікірін білдіру, әңгімелесушіні тыңдау* сияқты коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Нәтижесінде білім алушылар қазақ тілінде сөйлеп қана қоймай, сонымен қатар сол тілде қарым-қатынас жасауды үйренеді, бұл олардың жеке өмірінде және мансабында көмектеседі. Мысалы, қатысымдық жаттығулардың бір бөлігі ретінде білім алушыларға берілген тақырып бойынша бір-бірімен өзара әрекеттесу үшін рөлдік ойындарды ұсынуға болады. Бұл ойын барысында білім алушылар серіктестерін тыңдап, түсінуге, өз ойлары мен пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға үйренеді. Нәтижесінде олар тілде тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыта алады, бұл оларға күнделікті қарым-қатынастан кәсіби іс-әрекетке дейін өмірдің әртүрлі салаларында көмектеседі.

Екіншіден, қатысымдық жаттығулар басқа жаттығу түрлеріне қарағанда *қызықты және мағыналы болады*. Бұл олардың нақты жағдайлар мен тапсырмалар төңірегінде құрылуымен байланысты. Мысалы, қатысымдық жаттығуы *жұмыс сұхбатын өткізу* немесе *мейрамханада тағамға тапсырыс беру* сияқты шынайы өмірге қатысты болуы мүмкін. Бұл білім алушыларға тілді болашақта кездесетін практикалық жағдайларда қолдануға және олардың дағдыларын іс жүзінде қолдануды үйренуге мүмкіндік береді. Неғұрлым қызықты және мағыналы іс-әрекеттер білім алушылардың тіл үйренуге деген ынтасын және қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Үшіншіден, қатысымдық жаттығулар *тілдік кедергіні жеңуге, қазақ тілінде сөйлесу кезінде сенімділікті сезінуге* де көмектеседі. Себебі, мұндай жаттығулар білім алушыларға тілді практикада жаттықтыруға, мұғалімнен және басқа білім алушыдан кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Мысалы, білім алушылар өз мамандығы бойынша *жобаны құру және ұсыну, жергілікті тұрғындармен қазақ тілінде сұхбат жүргізу, топтық пікірталаста өз көзқарастарын дәлелдеу* сияқты тапсырмаларды орындаған соң оқытушымен, топтағы білім алушымен кері байланысқа түсіп, өзінің жұмысы туралы ақпарат алады, қателіктерін немесе жақсартатын тұстарын біледі, олармен жұмыс жасайды, өз көзқарасын білдіреді [6, 69-77].

Төртіншіден, қатысымдық жаттығулар *топта ынтымақтастық, идеялармен бөлісу және мәселелерді шешу* сияқты өзара әрекеттестік пен әлеуметтік дағдыларды дамытады. Бұл дағдылар нақты өмірде сәтті қарым-қатынас жасау үшін өте маңызды, өйткені сізге жиі командада жұмыс істеуге, әртүрлі мәдениеттегі адамдармен сөйлесуге және ымыраға келуге тура келеді. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша пікір алмасуды қамтитын тапсырма білім алушылардың топта ынтымақтастық пен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен бірге студенттер белгілі бір көзқарасты жақтаушы және қарсылас ретінде әрекет ете алады және ортақ мақсатқа жету үшін - негізделген және дәлелді қорытынды жасау үшін бірлесіп жұмыс істей алады.

Бесіншіден, білім алушылар *нақты қажеттіліктерге бейімделеді*. Бұл оқытушылар әр білім алушының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын жаттығуларды құрастыра алатынын білдіреді, бұл стандартталған тілдік немесе сөйлесу жаттығуларын пайдалану кезінде қиын болуы мүмкін. Мысалы, егер білім алушы тобы бизнеспен айналысса, онда оқытушы іскерлік келіссөздерге немесе бизнес-жоспарлауға байланысты қатысымдық жаттығуларын жасай алады. Егер студенттер белгілі бір елдің мәдениетіне қызығушылық танытса, онда осы елдің мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге және талқылауға байланысты қатысымдық жаттығуларын қолдануға болады. Осылайша, қатысымдық жаттығуларын білім алушылардың белгілі бір тобының қызығушылықтары мен

қажеттіліктеріне бейімдеуге болады, бұл олардың тілді тиімді меңгеруіне және таңдалған салада дамуына көмектеседі.

Алтыншыдан, білім алушыларға *тілді шынайы өмірде қалай қолдану керектігін үйренуге* көмектеседі. Бұл қарым-қатынас, ақпарат алмасу немесе мәселені шешу сияқты коммуникативті мақсаттарға жету үшін студенттер тілді пайдалана алатын жағдайларды жасау арқылы қол жеткізіледі. Мысалы, *мұғалім мейрамханада тағамға тапсырыс беру, дүкен сатушысымен сөйлесу немесе қонақұйді брондау* сияқты шынайы өмірде туындауы мүмкін жағдайда білім алушылар әртүрлі рөлді сомдауы мүмкін. Білім алушылар бұл жағдайда өз мақсатына жету үшін тілді қолдануы керек, басқа білім алушылармен сөйлесуші рөлінде сөйлесіп, өзгермелі ортаға бейімделуді үйренуі керек, бұл оларға нақты жағдайда тілді жаттықтыруға мүмкіндік береді.

Жетіншіден, білім алушылардың *қатысымдық құзыреттілігі* дамытылады. Оның дәстүрлі тілдік жаттығулардан айырмашылығы қатысымдық жаттығулар білім алушыларға *тілді жаттықтыруға және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға* мүмкіндік береді. Мысалы, қатысымдық жаттығуда білім алушылар өздерінің *сүйікті хоббиі* туралы сыныптастарымен *экспронттық сұхбат жүргізуі* мүмкін. Бұл жаттығуда білім алушылар үйреніп жатқан тілді қолданып қана қоймайды, сонымен қатар сұрақ қою, өз ойын, ойын жеткізу, басқа адамдардың жауаптарын тыңдау және түсіну дағдыларын дамытады. Бұл жаттығудың нәтижесінде білім алушылар қазақ тілінде қарым-қатынас жасауда практикалық тәжірибе жинақтап, қарым-қатынас мақсатына жету үшін қажетті тілдік құралдарды жақсы меңгеруді үйренеді.

Сегізіншіден, барлық жұмыс түрлері білім алушылардың *ынтасын ояту мүмкіндігіне бағытталады*. Қатысымдық жаттығулар білім алушыларға тіл үйрену тек грамматика мен лексиканы меңгерумен шектелмейтінін, сонымен қатар қатысымдық дағдылар мен қабілеттерді дамытудың кеңірек үдерісінің бөлігі екенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, білім алушылар өз қызығушылықтарына немесе жұмыс саласына қатысты *қазақ тілінде жобасын әзірлеу және ұсыну* үшін топта жұмыс істей алады. Бұл *зерттеу жүргізу, презентация дайындау* және басқа білім алушылармен *қазақ тілінде сөйлесуді қамтуы* мүмкін. Мұндай тапсырмалар білім алушыларды шабыттандыруы мүмкін, өйткені олар тіл туралы білімдерін нақты өмірде және нақты жобаларда қалай қолдануға болатынын көреді. Бұл олардың тіл үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығын оятуы мүмкін.

Жалпы алғанда, қатысымдық жаттығулардың тілдік немесе сөйлесу жаттығулары сияқты жаттығулардың басқа түрлерінен көптеген артықшылықтары бар. Олар білім алушыларға тілді неғұрлым шынайы жағдайларда қолдану мүмкіндігін береді, өзара әрекеттестік пен әлеуметтік дағдыларды дамытады және жаттығуларды білім алушылардың нақты қажеттіліктеріне бейімдейді. Сондықтан қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі білім алушылардың қатысымдық дағдылары мен қабілетін дамытуға бағытталғандықтан тиімді саналады. Сондай-ақ, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қатысымдық жаттығулар әдетте білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын және сабақтан тыс уақытта өз бетінше жұмыс істеуін талап етеді. Бұл білім алушыларға жоспарлау, ұйымдастыру және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесінің тиімділігін растайтын көптеген зерттеулер бар. Кейбір зерттеулерде қатысымдық оқыту тәсілін қолдану білім алушылардың мотивациясының жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді, өйткені олар тілдік қарым-қатынаста нақты нәтижелерге қалай жеткендерін көреді. Сонымен қатар, бұл әдіс білім алушыларға саяхатта немесе жұмыста ана тілінде сөйлейтін адамдармен сөйлесу сияқты нақты өмірлік жағдайларда қолдануға болатын қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Басқа зерттеулер қатысымдық оқыту тілді тез және тиімді меңгеруге

әкелетінің көрсетеді, өйткені білім алушылар тілді шынайы өмірлік тапсырмалар мен жағдаяттар аясында қолданады, бұл тілдік құрылымдар мен сөздік қорды тереңірек және тұрақты есте сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесін қолдану білім алушыларға топта жұмыс істеу, басқаларды тыңдау және түсіну, өз ойларын дәлелдеу және т.б. сияқты *кең ауқымды дағдыларды* дамытуға көмектеседі. Бұл дағдылар тіл үйренуде, сонымен қатар жалпы өмірде де пайдалы.

Қорыта келгенде, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі тілді оқытудың тиімді әдісі деп айта аламыз. Ол шынайы өмірлік жағдаяттар мен тапсырмаларда тілді қолдану ұстанымдарына, сондай-ақ білім алушыларға нақты жағдайларда ана тілінде сөйлейтіндер қолданатын тілді жаттықтыруға мүмкіндік беретін шынайы материалдарды пайдалануға негізделген. Сонымен қатар, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі кері байланыс пен қателерді түзетуді көздейді, бұл білім алушыларға өз қателерін түсінуге және оларды түзетуді көмектеседі. Зерттеу нәтижелері қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесін қолдану тілді тез және тиімді меңгеруге, коммуникативті дағдыларды жақсартуға және тілді нақты жағдайда қолдануға сенімділікке әкелетінін көрсетті. Сонымен, қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын жаттығулар жүйесі тілді оқытудың маңызды әдісі, ол тілді оқытудың тиісті әдісін таңдауда ескеруге тұрарлық.

Әдебиеттер тізімі

1. Курманова, А. К., Курманбаева, Ш. К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Текст] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – №1. – Б. 400-412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>
2. Курманова, А. К. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері [Текст] // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №2. – Б. 91-101.
3. Носонович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста // Иностранный язык в школе, 1999. – № 1. – С. 11–18.
4. Langerak, M., Schoonen, R., Hulstijn, J. H. (2020). Flexible Language Learning: The Effect of Content and Language Integrated Learning and Student-Centered Learning on Language Learning. *Frontiers in psychology*, 11, 324. <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/fpsyg.2020.00324/full>
5. Holec, H. (1981). *Autonomy and Foreign Language Learning*. Oxford / New York: Pergamon Press. <https://scirp.org/reference/referencespapers.aspx?referenceid=1454927>
6. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/ Әлімов Асхат Қамзаұлы, – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шетерлік орталығы, 2014, – 188 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ

СМАИЛОВА А.Д.,

№22 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Қазақстан Астана қ.

Аңдатпа. «Қазақ тілін модульдік технологиямен оқыту» атты мақалада автор оқыту әдістерінің ішіндегі модульдік оқыту технологиясының ерекшелігіне, маңызына тоқталады. Педагогикалық технологиялар турасында айтылған Ж.А.Қараев, Б.Әбдікәрімұлы, М.Мәлібекова,

М.М.Жанпейісова, К.Жаксылықова, З.Бейсенбаевасынды ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайды. Модульдік оқыту оқушының саналы түрде білім алуына және білім сапасын арттыруға қолайлы жағдай жасайтын, оқушы мен мұғалімнің біріге отырып әрекет етуіне негізделген технология екендігін анықтайды. Әсіресе қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуда бұл әдістің өте тиімді екендігі тілге тиек болады. Модульдік жүйені әр мұғалімнің өз бағдарламасына енгізуі қажеттігі сөз болады.

Аннотация: Автор статьи «Изучение казахского языка по модульной технологии» среди других методов обучения останавливается на значении и особенностях этой технологии. Критические высказывания о педагогических технологиях просматриваются в работах ученых Караева Ж. А., Абдикаримова, Малибекова, Жампеисовой. Модульная технология создает удобные условия для развития качественных знаний, показывая действия ученика и учителя. Для развития лексического минимума, запаса словарного состава этот метод очень эффективен. Системное обучение модульной технологии у каждого учителя должно быть в учебной программе.

Annotation: The author of this article "Studying the Kazakh language by modal technology" stops at the meaning and peculiarities of this technology among other methods of teaching. Karayev Zh. A., Abdikarimov, Malibekov, and Zhampeisova look through critical opinions about pedagogical technologies in their works. Modal technology creates comfortable conditions for development of valuable knowledge demonstrating actions of a pupil and of a teacher. This method is very effective for enrichment of vocabulary (lexical minimum). Every teacher must have systematical teaching in its curriculum.

Жаңа заманның талаптарына орай интеллектуалдық қабілеті жоғары жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті - бүгінгі мектептің басты мақсаты. Жеке тұлғаға жету үшін әрбір оқушының қабілетін танып, оны дамытып, жол сілтеп, адам дәрежесіне көтеру керек. Бүгінгі таңда мемлекет алдында білімді, іскер, шығармашылықпен жұмыс істейтін мамандарды тәрбиелеу қажеттілігі туындап, соған байланысты еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім берудің мазмұны жаңарып жаңа көзқарас, жаңа технологиялар өмірге келуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» [1] деп атап көрсетілген. Бұл міндеттерді шешіп, білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр оқытушы іздене отырып, өзгерістер мен жаңалықтарға жол ашатын жаңа тәжірибеге ақпараттық технологиялар арқылы жол ашулары тиіс.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» деп атап көрсетті [2]. Бұл талаптар білім саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді.

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытудың 2001-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларының» негізгі талабы - білім сапасын арттыру болып табылады. Білім сапасын көтеру - оқушыны жоғары деңгейге көтеру. Бүгінде еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы шықты. Шын мәнінде ел болашағына, ұлт руханиятының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес болып қосылатын жүйелі бағдарлама жобасы жасалды. Білім беру технологияларының проблемасы, педагогикалық инновациялардың, авторлық мектептер мен новатор мұғалімдердің мол тәжірибесі әрдайым жалпылық пен жүйелілікті талап етеді. Жалпы

білім беретін орта мектептерде ана тіліне тек қарым-қатынас құралы деп қарамай, ұлттық тіл мәдениетінің жоғары көрсеткіші ретінде оқытып, оқушылардың терең білімділігімен қоса, іскерлік қарым-қатынасты меңгеруінің де орны айрықша болып отыр. Мектеп оқушыларын тілдің теориялық жағынан гөрі, іскерлік қарым-қатынас жағдайында жол таба білуге үйрету маңызды болып саналады.

Бүгінгі таңда оқытушылар өз тәжірибелерінде әр түрлі оқыту технологияларын қолдануда. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни ақпараттық технологияларды пайдалану. «Қай әдіс жақсы?» деген еңбегінде Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі - бір ғана әдісті болу. Шеберліктің белгісі түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» [3]. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Оларға басылымдар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен электрондық жазбалар (аудио-бейне-құндақтар) жатады. Соның бірі - педагогикалық технология ұғымы. Оның әртүрлі түсіндірмесі бар. Педагогикалық технология туралы пікірлер Г.С.Сельвеко, В.П.Беспалько, М.М.Левин, Б.Т.Лихачев, Ж.А.Қараев, Б.Әбдікәрімұлы, М.Мәлібековалардың еңбектерінде қарастырылған. Кейінгі уақытта біздің елімізде де оқыту технологияларын ойластырып, ғылым мен практиканы ұштастыра зерттеп жүрген ғалымдарымыз баршылық. Атап айтар болсақ, «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы (Ж.А.Қараев, Ж.У. Кобдикова), жүйелілік негізде оқыту (Т.Т. Ғалиев), шоғырландырып-қарқынды оқыту (Қ.А.Әбдіғалиев, Н.Н.Нұрахметов т. б.), модульдік оқыту (М.М.Жанпейісова, К.Жақсылықова, З.Бейсенбаева), және т.б. технологияларды жатқызуға болады. Негізгі қолданылатын әдіс-тәсілдер: модульдік технология мен сын тұрғысынан ойлау. Бұл тәсіл тіл үйренушінің ойлау қабілетін дамытып, өз ойын жинақтауға, суретті түрде бейнелеп беруге талпындырады, кластер, Венн диаграммасы арқылы жан-жақты мағлұмат алуға бағыт-бағдар береді, жинақтаған пікірін ауызша да, жазбаша да, бейнелеп те жеткізуіне жол ашады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникативті технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Оқу үрдісінде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» [4] деген болатын. Соның бірі - қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі уақытта орыс тілді аудиториясында қазақ тілін оқытудың тиімді түрлі оқыту технологиялары қолданылады. М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» оқушының саналы түрде білім алуына, білім сапасын арттыруға қолайлы жағдай жасайтын технология болып табылады. Оның модульдік технологиясының өзіне тән ерекшеліктері: оқыту мақсаты мен нәтижесінің айқындылығы, өзіне тән құрылымы, бостандығы, осы құрылымға орай оқу материалдары бөліктерге бөлініп берілетіндегі, оқытушы кеңесші, бағыттаушы қызмет атқаратындығы, мұғалім мен білім алушының арасында қарым-қатынастың болатындығы, білім алушыларға өз бетімен толықтыруға толық мүмкіндік жасалатындығы. Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы оқушының шығармашылығын дамытуға, эстетикалық сезімін, зейінін тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызуында.

Бұл оқыту технологиясының ерекшелігі - тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. С.И. Ожеговтың

пайымдауынша, «Модуль дегеніміз- белгілі бір тақырып ішіндегі бөліктердің өзара топтастырылған жүйесі». Ал «технология» гректің «шеберлік» деген сөзі. Яғни, модуль - тұтас жүйенің бір бөлшегі, пәннің негізгі заңдылықтарын ашатын ұғымдардың бір-біріне байланысты элементтердің жиынтығы. Модульдік технология дегеніміз білім алушының ішкі мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы. Модульдік оқыту технологиясы оқушылардың қауымдасып, кеңесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады.

Қазақ тілі сабағында модульдік технология арқылы оқушылардың іскерлік қарым-қатынас тілін дамыту - өзекті мәселе. Жалпы оқушыларды мектеп қабырғасынан осы іскерлік қарым-қатынастардың тілін білуге, үйренуге тәрбиелеудің мәні зор. Бүгінгі оқушы - ертеңгі іскер азамат, яғни ол - еліміздің болашағы. Сондықтан оқушыларға іскерлік қарым-қатынасты инновациялық технологияға сүйене отырып оқыту қажет. Тілдік қарым-қатынастың тіл білімінің жеке мәселесі ретінде зерттелуі соңғы жылдардың үлесіне тиеді. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева тілдік қарым-қатынастың бүгінгі таңдағы орны туралы айта келіп, оның өзіндік ерекшелігін былайша саралайды: «Тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [5, 178 б.]. Ғалым-әдіскер К.Жақсылықова жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін модульмен оқыту жайлы жазылған зерттеу жұмысында: «Модульмен оқыту жайындағы түсінігімізді тағы былай толықтыруымызға болады. Біздің ойымызша, модульмен оқыту ішіне оқытушы, оқушы және оларды біріктіретін оқу ұжымының дербес даму сипаттамасы да енуі тиіс. Яғни, оқу үрдісінде әрекет жасаушы екі жақтың (оқытушы мен оқушы) танымдық және тұлғалық деңгейінің жетілуіне, жандануына мүмкіндік жасайтын оқытуды модульмен оқыту жүйесі деп атау керек» [6, 70 б.]. Сондай-ақ ол модульдік оқытудың ұстанымдары, модуль бағдарламасы, модульмен оқыту мазмұнын сұрыптау және оны ұйымдастыру т.б. мәселелерді ғылыми тұрғыда сөз етеді де, тілді оқытуда модульді қолдану әдістемесіне де ерекше мән береді. Оны мына сөзінен көруге болады: «Сонымен қатар оқу тобының ұжымға айналу үрдісі жеделдейтін, өзіне тән әрекеттестік пен қарым-қатынаста негізі қаланған мүмкіндіктерді іс жүзінде пайдалану белсенділігі артатын оқыту да модульмен оқыту болмақ», - дейді [6, 95 б.]. Бұл технологияның маңызы - оқушылардың кез келген ғылыми оқулықтарды, оқу құралдарын пайдалануға болатындығы, сондай-ақ ұйымдастырушы ретінде мұғалімнен жедел кеңес ала алатындығы.

Педагогика ғылымдарының докторы З.Бейсенбаева тіл білімінің бір саласы сөзжасамды модульдік технология негізінде оқытуды дәлелдей отырып: «Модульдік оқыту технологиясының мақсаты білім бағдарламасының мазмұнын іске асыруға жағдай жасау; іріленген блок-модуль түріндегі оқу единицаларын игеру арқылы кешенді дидактикалық міндетті орындау. Модуль-нақты мақсатқа құрылған оқу элементтерінен тұратын модуль бағдарламасының дербес дидактикалық бірлігі. Оқу элементтері - жеке мақсатты іске асырудағы оқу материалының дидактикалық бірлігі», - деп қорытынды жасайды [7, 106 б.]. Оқыту технологиясы туралы пікірлер басқа да ғалымдар зерттеулерінде кеңінен сөз болады. Бұл туралы ғалым М.М.Жанпейісова: «Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы», тұжырымдайды [8, 5 б.].

Оқытудың жаңа технологияларын белсенді түрде оқу-тәрбие процесіне енгізу педагогикалық технологияларды оқытудың мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Модульдік технологияға келсек, мұнда білім берудің үш мақсаты-

оқыту, тәрбиелеу және дамытуды орындау кезінде мынадай дидактикалық қызметтер: үйрету, бағыттау, тексеру жүзеге асады. Модульдік оқыту оқушының тұлғалық ерекшеліктері мен қажеттілігіне орай мазмұн мен оны игеруге негізделеді. Модульдік оқытудың басты мақсаты нәтижелі оқыту. Оқыту жүйесінде мұндай міндеттің алға шығарылуы орыс тілді мектептердің қазақ тілі сабақтарында үлкен мәнге ие болады. Мұнда басты мәселе -сөйлеу әрекеттерінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және жалпы дидактикалық ұстанымдарды тілді оқытудың әдістемелік жүйесімен ұштастырып отыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тарихи қалыптасқан бастапқы қағидалар бар: оқу материалын саналы меңгеру, дидактиканың жүйелілігі мен жалғастығы, жеңілден ауырға деген ұстанымы, теория мен тәжірибенің байланыстығы, көрнекілікті тиімді қолданылуы және т.б.

М.М. Жанпейісованың модульдік технологиясын саралап, теориялық негіздерін оқып-үйрене отырып, қазақ тілі сабағында қолданған өте тиімді. екендігін көрсетеді. Орыс мектептерінде қазақ тілі сабақтарындағы қиыншылықтар, балалардың еркін сөйлеу, аудару, сөйлем құрастыру деңгейлерінің, оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынас жасауының төмендігі, сөз қорының аз болуы модульдік технологияны қолданудың тиімділігін айқын көрсетеді. Модульдік технологияға бағытталған сабақты ұйымдастыруда әр оқушының білім деңгейін ескере отырып, соған лайық әрекеттер қарастырады. Ол бірнеше кезеңдерді қамтиды: қызықтыру, ұғындыру, есте сақтау, қолдану, сөздік қорын молайту. Бұл әрекеттердің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында оқыту процесінде қолданылатын әдістер басты роль атқарады. Ол әдістер оқушылардың қабылдау мүмкіндіктерінің: есту, көру, есте сақтау, қайталау, пікір қоса білу – тіл үйретудегі басты қабілеттердің барлығына әсер етеді. Оқушы бір үлкен тақырып бойынша жүйелі білім алады. Өзін-өзі дамытады, бірін-бірі оқытады, білімді сапалы меңгереді. Барлық оқушының бірдей жұмыс істеуі көзделеді. Оқушылар берілген модуль бойынша оқу материалдарының тұтас мазмұнын оқып, зерттей алады. Тұтас тақырып бойынша тірек сызбаларын құрастыра алады. Модульдің негізгі мақсаты - сабаққа жаппай барлық оқушылардың қатысуы арқылы сабақты диалог арқылы ұйымдастырып, есте сақтау, қайталау мен оқушының сөздік қорын молайту болып табылады. Бұл технологиямен жұмыс істегенде оқушының да, мұғалімнің де ролі өзгереді.

Модульдік технология негізінен үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе.
2. Сөйлесу бөлімі, сұхбат құру, (мұғалімнің шығармашылық зертханасы).
3. Қорытынды (тестер, бақылау жұмысы, өз бетімен жұмыс)

Оқу модулінің ерекшелігі модуль қанша сағаттан тұрса да, кіріспе мен қорытынды бөлімге 1-2 сағат мөлшерде уақыт бөлінеді. Кіріспе бөлімде оқушылардың осы модуль бойынша алатын негізгі ұғымға, іс-әрекеттерге айрықша мән беруін қадағалаған жөн. Кіріспе бөлім мынандай оқу әрекеттерінен тұрады: оқу-проблемалық жағдаятын жасау; оқу мақсатын қалыптастыру; өзін-өзі бақылау, мүмкіншілігін бағалау арқылы модульдің тақырыптарын меңгеруге дайындау; модуль бойынша жұмыстарды жоспарлап, бірге талдау. Қалған уақыт түгел сөйлеу, сұхбат құру, сұрақ жауап бөліміне беріледі. Сөйлесу бөлімі сабақтарының ұйымдастырылу формасы бойынша әр оқушы өзінің қалай және немен шұғылдандуы тиіс, сабақ барысында не істеу керек екенін біледі, өйткені мұғалім балаларды сабақтың құрылысымен және жүру барысымен алдын ала таныстырады.

Бұл барлық оқушылардың үш деңгей бойынша өзінің дайындық оқу қабілетіне байланысты әр оқушының өз деңгейінде оқу материалдарын меңгеруін қарастырады. Барлық тақырыптар бойынша оқушылар оқып аудару, сөйлеу, тыңдау, жазу, көру дағдыларын барлық

модульдерде қолдана беруіне болады. Білім алуда жайдан күрделіге жоғарылау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашып, оқу материалын түсініп, қолдана білу сатысына көтерілуіне себепкер болады. Осы жағдай оқушыларды сынып ішінде бірнеше шағын топтарға бөліп сұхбат, монолог құру, жұппен жұмыс, пікірталастар, диспуттар арқылы ойын технологиясын жағдаят жасау әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жетуге болады. Бұл жерде мұғалімнің алатын орны бағыт-бағдар беруші ретінде болып отыр.

Орыс сыныптарының қазақ тілі сабақтарындағы сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздердің тіркесі, сөзжасам тіл білімінің салаларында қарастырыла келіп, грамматиканың дамуына қанша әсер етсе, модульдік технология арқылы тілді меңгеруге де сонша ықпал етеді. Бұл аталып отырған интербелсенді әдістер тәжірибемізде модульдік оқыту технологиясымен жүргізілген іскерлік қарым-қатынасты орнатуға орай жүргізілген сабақтарда өз жетістігін көрсетіп отырды.

Модульдік оқыту технологиясының міндетті шарттарының бірі – оқытуды ойын түрінде және түрлі белсенді оқыту формалары арқылы ұйымдастыру. Модульдік оқыту жүйесінде іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әртүрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай ойындар әлеуметтік немесе ұлттық сипаттағы нақты бір жағдайды шешуде үйренушілердің өзара әрекеттесуін қалыптастырады. Іскерлік ойындардың педагогикалық мәні: оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, танымдық белсенділігін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу. Іскерлік ойындар күрделі шешімдер қабылдай білуге үйретіп, ұжымдағы өзара қарым-қатынасты айқындап, оқушылардың білімін, мақсаткерлік, белсенділік, жауапкершілік, іскерлік, шыншылдық, шешім қабылдауға икемділігін тексеріп, дамытуға мүмкіндік туғызады.

Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу 3 кезеңнен

тұрады:

I. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

II. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

III. Қорытындылау (проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқуға қарағанда, ойын арқылы оқыту үрдісінде оқушылар аз шаршайды және көп мағлұмат алады, ойын барысында жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры

дамиды, жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Ойын - сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үрдісіне белсенді қатысуға, ынталандырады, пәнге деген қызығушылығын тудырады, баланың интеллектуалдық ой-өрісінің тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Сондықтан сабақ барысында ойын арқылы оқыту әдістерін қолдана отырып танымдық, білімділік икемділікті дамытуға қазақ тілі сабақтарында көп көңіл бөлінеді. Қазақ тілі сабағында жаңа материалды оқушылардың көңіліне мықтап ұялатып, саналы түсінік беру үшін оларды сабаққа қызықтыра білу аса маңызды. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында өзара коммуникативтік қарым-қатынас жасау үшін міндетті түрде әр сабақта М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» бойынша жүргізілетін оқыта-үйрету ойындарын қолданған жөн. Оған «Өз жартыңды тап», «Мені түсін», «Сандарды есте сақтау», «Сиқырлы сандықша», «Сөз жарысы», «Білімпаздар» ойындары жатады. Оқушылардың білім-білік дағдыларын тексеруге арналған бақылаудың бірнеше түрлері ұйымдастырылады. Олар:

Тест

Диктант, мазмұндама, шығарма

Нәтиже сабақтары (Сайыс, әр түрлі интеллектуалды ойындар).

Оқушыларды іскерлік қарым-қатынасты дұрыс жүргізуге үйрету үшін жоғарыда айтылған әдістермен қатар, күнделікті сабақта жиі қолданылатын мақал-мәтелдер жинату әдісін тіл табысу, тыңдай білу әдебі туралы тақырыптарды өткенде үй тапсырмасын беру кезінде қолданып, нәтижесін келесі сабақта сайыс түрінде көрсетуге болады.

Қорыта айтқанда, М.М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы оқушының мұғалімнен қабылдаған білімін шығармашылықпен жеткізуге үйрететін әдіс болып табылады; эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді; ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін тәрбиелейді, халықтық педогогикамен қаруландырады, терең білім береді; оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.

2 Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2004.

3 Байтұрсынов А. Жаңа мектеп, 1928 ж, № 40.

4 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы. «Білім баспасы», 1998.

5 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл.докт.дис.-Алматы, 1996 х. 345 б.

6 Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: П.Ф.Докторлық дисс. ... 13.00.02. - Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2001. - 397 б.

7 Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. п.ғ.докторлық дисс. ... - Алматы, 2004. - 322б.

8 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

ОРАЛБЕКОВА Қ. О.

*Әбіш Кекілбаев атындағы «Бином» мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, докторант.
Астана, Қазақстан*

Абай шығармалары – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Ақынның асыл сөздері мен мол мұрасы ұлы дала руханиятының мәртебесін асқақтатып, қазақ елін әлемдік өркениет кеңістігіне жетелейтін темір қазық іспетті мәңгілік жасай береді. Ұлы дананың кез келген шығармасының басты тақырыбы – Адам. Абай қазақ әдебиетінің тарихында алғаш халықтың мұң-мұқтажын қоғамдық-саяси тұрғыда күн тәртібіне қойды. Қазақ халқының мінез-кұлқын, өмір-тіршілігін, жан дүниесін терең білген Абай шындықты бетке айтты. Мінезін түзесін, тұрмысын түзесін, дамысын, алға бассын деді. Ұлтына жаны ашып, өнер, білімге шақырды.

Абай нағыз адам – «Толық Адам» қандай болуы керек деген сұраққа жауап іздейді. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп, өз сұрағына жауап береді.

«Толық адам» деп өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарды айтамыз. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттікті өз бойында жетілдіре білген, дамытқан адам Абай ұсынған «толық адам» концепциясына сай келеді. Абай көтерген «толық адам» ілімінің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты – адам тәрбиесі. «Толық адам» қағидаты ұлттық педагогикадағы «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиесінің қағидатымен үндес. Толық адам – тек қана этникалық ұғым емес, ол сонымен қатар саяси-мәдени ұғым. Мұнда интеллектуалдық және әдептілік қасиеттер шешуші рөл атқарады. Толық адам қалыптастыру – ізгілікті қоғамның басты міндеті, ол ұлттық ділдің алтын арнасы. Өйткені интеллектуалдық тұлғаның да басты белгісі осы қағидалармен терең ұштасады. Ол қандай қағида? Нұрлы ақылдан бастау алатын, ыстық қайрат арқылы жүзеге асатын, соңында жылы жүрек арқылы таралатын ізгілік. «Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деген ұстанымды қалыптастырған қазақ халқы үшін адамның адамдығының өлшемі тілдік қабілет, сөйлеу мәдениетінің өрісі болуы да сондықтан. Сол себепті мемлекеттігіміздің басты нышаны – қазақ тілі пәнінің мазмұнында қазақтың сөз өнеріне, тілге қатысты пайымдаулары тарихпен, ұлттық философиямен, халықтық педагогикамен тығыз байланыста қамтылуы – педагогикалық шарттың бірі.

Абайдың педагогикалық көзқарастарын тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан профессор Т. Тажибаев зерттеді. Ол Абайдың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек тәрбиесі жайлы тұжырымдарын талдады [1]. Құлмат Өмірәлиевтің «Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану» атты кітапшасы мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал болды. Онда Абайдың өлеңдері, қара сөздерінде кездесетін нақыл сөздерді және оларды басқа ақын-жазушылардың шығармаларымен байланыстыра оқыту әдіс-тәсілдері ұсынылды [2]. К. Шаймерденова Абайдың педагогикалық көзқарастары жайлы диссертациялық зерттеу жүргізді [3], өз еңбегінде Абай өлеңдері мен қарасөздерінде ғылым-білімнің насихатталуын жан-жақты талдады [4].

Абай шығармашылығын мектепте оқыту бойынша Қанипа Бітібаеваның еңбектері өте маңызды. Қ.Бітібаева ұлы ақын жайлы: «Абай - әлемдік прогресс пен мәдениеттің, гуманизмнің, ХІХ ғасырдағы ірі құбылысы. Туған халқының рухани әлемі, сөз өнеріне ренессанстық дәуір сыйлаушы. Азаттық, демократиялық, ағартушылық, өркениеттілік идеясының қазақ даласындағы көш бастаушысы. Бүкіл адамзатты толық адам болуға, қайырымдылық, ізгілік, инабаттылық, имандылық, жан дүние, тән дүниесінің сұлулығына шақырған моралист, эстет.

Бүкіл адамзат баласын «бауырым» деп сүюдің, толық адам болудың жолын ұсынатын, адам баласын тәрбиелеу, оқыту, өнерге, білімге жетелеудің жаңа үлгісін, сара жолын сызып көрсеткен Адамзаттың ұстазы», - деп жазады [5]. Қ.Бітібаева Абайдай әлемдік алыптың мұраларын оқытуда оқулықтағы беріліп жүрген өлеңдерінің аздық ететінін, оны таныту үшін төменгі сыныптан бастап жаңа бағдарлама жасау керектігін ұсынып, осы бағытта көптеген еңбектер жазды. 5-8 сыныптарда Абай шығармашылығын оқытудың бағдарламасын ұсына отырып, оны оқытудың тың технологиясын, жолдарын саралап көрсетті [6].

Абай өз заманындағы «көкірегі сезімді», көңіл көзі ашық, ойлы жастарға көп үміт артты. Еңбек етіп, ғылым мен білімге талпыну, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсету қажет деп есептеді. Абай шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық жүйесі жастардың бойындағы асыл қасиеттері уағыздауға құрылды. Абай өз өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап, тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты. Бұл

тұрғыда Абай өз халқының бойындағы жаман мінез-құлықты, жалқаулықты, надандықты сынады. Өз халқын еңбек етуге, ғылымды меңгеруге, адамгершілікке шақырды.

Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен дана. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеген ғалым Г. Мұратова: «Абай тіл өнерінде сөз кестесі арқылы ой өрнегін салды. Өзінің тілдік тұлғасы арқылы объектілендірді», - деп атап көрсетеді [9]. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарындағы ғажайып тұлға. Дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. «Тілдік тұлға ұлттық тілдің ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленіп, ұлттық рух пен ұлттық тілге толық иелік етіп, бүкіл ұлттық бірегейлікті дараландырады», - деген тұжырым тұрғысынан келер болсақ, [10]. сөйлеуші тұлға, яғни, тілді қолданушы адам Абай шығармалары арқылы тәрбиеленеді. Демек, Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады.

Абай өлеңдері мағыналық-құрылымдық жағынан мінсіз тұтастықта құрылады. Абай поэзиясындағы сөздердің мағынасы мен мәнін мәдени-танымдық бағытта саралаған «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» атты еңбегінде А. Салқынбай: «Ұланғайыр дала мен оны ен жайлаған елге қонған өнер – сөз! Халықтың діліне, қанына сіңген Сөз өнері арқылы әсер ету, өнер шашу қасиетті іс деп санап, мақсат еткен данышпан ойы елдің көкірегіне сәуле түсіру», - деп атап көрсетеді [9].

Абай шығармашылығының басым бір бөлігін сөз өнерін бағалауға, өлең сөзді түсінуге, тыңдаушы талғамын қалыптастыруға бағытталған өлеңдері құрайды. Оны ұлы ақын шығармашылығына терең үңілген кезде анық байқауға болады. Бұл жайында академик С. Қирабаев: «Абай қазақ әдебиетінде поэзияның қоғамдық қуатын, көркемдік күшін көтеруге арналған тұңғыш поэзиялық бағдарламаны да жасады. Кедей ақындардың жанды кәсібіне айналып, бағасы түскен өлең сөзді (ән мен күйді де) өз биігіне көтерді, оқырман мен тыңдарман талғамын тәрбиелеуге белсене араласты», - деп жазды [10].

Бүгінгі таңда Абай мұрасын қоғамдық үдеріске толыққанды енгізе білсек, ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға – өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ата-баба салт-дәстүрінен нәр алған, бәсекеге қабілетті, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан, әлемдік ғылыми-техникалық өркениет көшіне ілесе алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екені анық. Абай мұрасын тану арқылы қазақ тілін басты рухани құндылық ретінде қабылдап, тілдік санадағы түбегейлі бетбұрыстар арқылы тілді дамытуға қарай саналы қадам басуға жетелеуге басымдық берілуі шарт. Бұл оқушы тұлғасын дамытуда білім мазмұны мен оқыту нәтижесінің арасындағы сабақтастықтың методологиялық негізіне Абай мұрасындағы педагогикалық идеяларды өзек етіп алуды қажет етеді.

Жалпы қазақ халқы қашанда сөз өнерін басты ұлттық құндылық деп санаған. Оған тіліміздегі «Сөз қадірі – өз қадірің», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле», «Жақсы байқап сөйлейді, Жаман шайқап сөйлейді» деген мақал-мәтелдер куә. Олай болса, әрбір қазақ Абай жырларын қанып оқып, санасына сіңіргенде, «жақсы менен жаманды айыру» мүмкіндігі артады. Сөз өнерінің игілік таратушылық құдыреті де осында.

Абай қара халықтың мұңын мұндап, жоғын түгендеп қана қойған жоқ, ол өмір сүрудің, Адам болудың алтын ережелерін жазды да, барша адамзаттың алыбына айналды. Сөз қадірін терең түсініп, артына «өлмейтұғын сөз қалдырған» Абайдың даналық сөздері мен өміршең ойлары өскелең ұрпақтың негізгі құндылық бағдарына айналуы тиіс. Ғалым Ж. Дәулетбекова: «...студент сөзді құндылық деп тану үшін қаншама сатылардан өтеді. Ең алдымен, сөз оның

ойды жеткізуінің, өзгелермен қарым-қатынас жасауының құралы ғана болса, кейін сөз туралы ұғымы кеңей келе сөздің адам өміріндегі маңызын тану арқылы оның мәнін түсінеді. Ендігі жерде сөз ол үшін құрал болудан өміртанымдық, моральдық негізге айналады. Ең бастысы, сөзді құндылық ретінде тани алады», - деп жазады [11].

Бүгінгі ұрпақ жағдайында өз ұлттық құндылықтарын сақтап, оны дамыта білген ел ғана өркениетті елдер қатарынан лайықты орын алады. Ал Абайды ұлттық құндылығымыз ретінде танытып, жас ұрпақтың санасына күйеу – бүгінгі білім беру жүйесінің міндеті.

Әдебиеттер тізімі

1. Тажибаев Т.Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – А.: КГИ, 1957. – 80 стр.
2. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968. – 56 б.
3. Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. АКД по специальности «13.00.01 – Общая педагогика». – 1987. – 24 с.
4. Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 56 с.
5. Бітібаева Қ. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы. – Өскемен: Рекламный дайджест, 2013. – 167 б.
6. Оралбекова Қ., Құрманбаева Ш.Қ. Қ.Бітібаева еңбектеріндегі сындарлы оқыту технологиясының көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – №3 (118). 2-бөлім. – 2017. – 236-241 б.
7. Мұратова Г. Абай тілдік тұлғасы мен Л.Гумилев іліміндегі таным бірлігі // URI: ABAI-TILDIK-TULGASY.pdf (enu.kz)
8. Оралбекова Қ. Тілдік тұлға: негізгі зерттелу бағыттары // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық сериясы. - №1 (2021). – 191-199 б.
9. Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
10. Қирабаев С.С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // «Түркі халықтарының ағартушылық қозғалысы және Абай шығармашылығы» тақырыбында қазақ ақыны, ағартушысы, қоғам қайраткері А. Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына арналған ХҒПК материалдары. - Қазан, 2020. – 304 б., 172-б.
11. Дәулетбекова Ж. Тіл және интеллект. Мақалалар жинағы. – Алматы, 2020. – 160 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

САЛИКЖАНОВА Ш.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада ұлттық құндылықтар және олар арқылы лингвомәдени құзіреттілікті қалыптастыру жолдары қарастырылады. Қазақ тілін оқытуда мұғалімінің алдында қазақ тілін әртүрлі әдістермен меңгерту және бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға бейімделетін, әлемдік білім кеңестігіне жол ашатын ұрпақтың танымын, жан дүниесін байыту, өскелең ұрпақты тәрбиелеу сияқты мәселелер тұрғаны баяндалады. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында қазақ тілін оқыту арқылы ұлттық білім мен мәдениетті игертуге басты назар

аударылуда. Әр халықтың ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы тану және қазақ тілін оқытудың бастапқы деңгейлерінде тілдік құзыреттілікті қалыптастыру маңызды екендігі айтылады. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру және еліміздің мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету, қазақ тілі сабақтарында дәстүрлермен танысу болып табылатындығы айтылады.

Кілт сөздер: ұлттық құндылық, оқыту, лингвомәдениеттану, лингвомәдени құзіреттілік, ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар

Аннотация. В статье рассматриваются национальные ценности и способы формирования через них лингвокультурной компетенции. Автор утверждает, что в преподавании казахского языка перед учителем стоят задачи овладения казахским языком различными методами, открывающего дорогу в мировое образование для обогащения молодого конкурентоспособного поколения, адаптируемого к современным требованиям. Сегодня в сфере образования в стране основное внимание уделяется овладению национальными знаниями и культурой посредством обучения казахскому языку. По мнению автора, важно распознавать национальные особенности каждого народа через языковые единицы и формировать языковую компетенцию на начальных ступенях обучения казахскому языку. В качестве выводов утверждается, что социокультурная компетентность означает повышение интереса учащихся к казахскому языку и углубление их знаний о культуре, образе жизни, традициях страны, знакомство с традициями на занятиях казахским языком.

Ключевые слова: национальная ценность, образование, лингвокультурология, лингвокультурологическая компетенция, национальная одежда, украшения.

XXI ғасырда ұлттық құндылықтар технологияның дамуымен әртүрлі деңгейде кеңінен қарастырылып зерттелуде және насихатталуда. XX ғасырдың аяғында қазақ тілі әлемнің өзіндік табиғатын, оның даму заңдылықтарын жан-жақты толық зерттеу барысында этнолингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика және лингвомәдениеттану сияқты лингвистиканың жаңа салалары қарқынды дами бастады. Ұлттық тіл әр ұлтқа тән мәдени ерекшеліктерді көрсетеді, онда тіл шындық болмысқа үстемдік етеді. Біз қай тілді алып қарасақ та, рухани және материалдық мәдениеттің жетістіктерімен, тәжірибесімен, ұлт өркениетімен байланысты рухани қазыналардың ғасырлар бойы жинақталғанын көреміз. Қазіргі кезеңде тіл, мәдениет және өркениет тұтас дүние ретінде бірлікте алынып лингвистиканың бірқатар өзекті мәселелері қатарын құрайды. Ұлттық ерекшелік тілдің барлық деңгейлерінде: сөз тіркестерінде, стилистикалық қырларында және мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар т.б. сөз орамдарында айқын көрінеді. Әр халықтың тұрмыс-салты, мәдениеті пен өркениеті тілі арқылы танылады, яғни тіл жарыққа шығарушы болып табылады. Елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен өмірде жинақтаған терең ойлы көзқарастары, руханият, материалдық саладағы табыстары тіл арқылы өрнектеліп жатады. Тіл тарихи-мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші.

Қазіргі лингвистикада ұлттық тілдің табиғатын шынайы тану үшін тілдік бірліктер мәдениетпен бірге «ғаламның тілдік бейнесі» теориясына сәйкес және когнитивті тұрғыда қарастырылады. Ғалам туралы лингвистикалық бейнелі идеялар әр тілдің ерекшеліктеріне байланысты көрінеді, әр халықтың әлемді қалай танитынына байланысты фрагменттерді өзінше көрсетеді. Әрбір тіл осы тілді тұтынушының ұлттық әлемді қалай қабылдайтынын, түсінетінін, яғни әлемнің тілдік табиғаты ұлт тілі арқылы бейнеленетінін көрсетеді.

Ғалым Ж. Манкеева:

«1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы танымның қазыналық сипаты.

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі - ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіндік жасау» [1, 3],- деп анықтайды. Тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы да беріледі. Оның жүйелі сипаты ақпараттық модельдердің үздіксіздігі. Яғни, ол ақпараттық модель құрылымдарының тұтастығын сипаттайды.

Адамның белсенділігі мен тәжірибесін қалыптастыру мен сақтауды, оны тілдің ерекшеліктеріне сүйенбестен ұрпақтан-ұрпаққа беруді қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл туралы зерттеушілер: «Таза тілдік тұрғыдан ол тілдің кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланыста болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды», - деген тұжырымдама жасайды [2,45]. Тіл – бұл білімді, ақпаратты сақтау және беру құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетті тарату, дәстүрлер мен білімді болашақ ұрпаққа ұсыну, сонымен қатар адамның мінез-құлқын басқарудың ерекше құралы. Яғни, тілдің арқасында адамға тән әлеуметтік тәжірибені, мәдени мұраны және дәстүрлерді беру жүзеге асырылады, ол тарихи дәуірлерден өтеді. Тіл мәдениеттің барлық байлығын, оның әрең байқалатын ерекшеліктерін, нәзік қауырсындарына дейін "сіңіреді". Алайда, кез-келген мәдениет, мейлі ұлттық болсын, белгілі бір дәрежеде белгілі бір тілдің ішкі дамуының сипаты мен заңдылықтарына, оның ішкі құрылымының ерекшеліктеріне және басқа аспектілеріне байланысты. Тілдің қоғамдағы орны ерекше, біз айтқанымыздай, мәдени құндылықтардың жеткізушісі, қуатты тасымалдаушысы әрі ұлттың рухани байлығы – тіл. «Тіл әлеуметтік – мәдени фактор ретінде адамдардың тәжірибесін жасақтау мен ұйымдастыруға да елеулі дәрежеде ықпал етеді. Бұл жалпы мәдениет тәрізді көпшілік қабылдаған мәнді тудырумен түсіндіріледі. Қатысушылары қабылдайтын, қолданатын және соларға түсінікті мағыналар барда ғана коммуникация мүмкін болмақ. Алайда мұндай “жалпы қабылданған мәнің болуы, әдетте, бір (жалғыз) тілдің шегінде өткеріледі. Соңғысының философиялық – социологиялық тілігі тілдің тағы бір өте маңызды функциясын – адамдардың белгілі бір әлеуметтік мәдениет, этникалық қауымдастық шегінде түсіну функциясын айқын көрсетіп береді. Араласу мүмкіндігі, бір жағынан, әлеуметтік топ мүшелерінің ынтымақтасуына ықпал етеді. Ортақ тіл адамдарды біріктіреді. Екінші жағынан, ортақ тіл сол тілде сөйлемейтіндерді шеттетеді» [3, 95 - 96].

Нәтижесінде ұлттың мәдениеті туралы білімі мен әлемді білуі тіл арқылы беріледі. Мәдениет – бұл әлемді қабылдау құралы және сонымен бірге осы әлемнің құрылғысы. Адам қандай болмасын, әлемді тани отырып, ол қоғамда өзіне пайдалы және пайдасыз жайттарды анықтап, сабақ алып сол арқылы құндылықтарын жасайды. Адам қызметі мәдениетке ықпал етеді, яғни мәдениет әр халықтың танымына байланысты қалыптасады. Жалпы қоғамда тіл, мәдениет осы қоғамның одан әрі дамуының, басқа адамдармен қарым-қатынас пен араласуының алғышарты болып табылады. «Баршамыз тілмен, сол тілде ата – бабамыздан жеткен мәдениетпен тәрбиелендік. Біз ана тілді де, төл мәдениетті де, туған жеріміз бен уақытымызды да таңдаған емеспіз. Бүкіл сыртқы және ішкі әлемді қамтыған баға жеткісіз сыйды алып, басты іске – басқа адамдармен араласып, құраласуға ұмтыламыз, өйткені кісі тірі жан иесі және адамдардың арасында өмір сүреді» [4, 24-25]. Тіл әр ұлттық мәдениеттің маңызды және ерекше құрылымдарының бірі болып табылады және әр түрлі халықтардың мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, білімі мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Тіл үйренуші адам мәдениетті түсінген кезде ғана тиімді және дұрыс қарым-қатынас орнайды. Академик Ә.Қайдар: «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл – мәдениет - әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи - әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тілі, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т – осының бәрін біз этнос мәдениетінен

таба аламыз. Ал соның бәрін танып – білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғылымдардың бәрі мойындайды» [5,13],- деп мәдениет терминіне анықтама бере отырып, мәдениетті танып-білудің құралы - тіл деген тұжырым жасайды.

З.Ахметжанова, А.Оналбаева, З. Умирзакова сынды ғалымдарымыздың «Культура в зеркале языка» еңбегінде тіл арқылы ұлттың танымы, мәдениеті берілетіндігі жайлы айтылады: «лингвокультуремы, отражающие материальную культуру этноса, характеризуются своей отнесенностью к языку. Культурный компонент содержания этих языковых единиц отражен в их словарных дефинициях, легко вычленяется, отчетливо ощущается носителями языка»[6, 10]. Лингвокультуремалардың барлығы дерлік ұлттың ерекшелігін танытатындығын, ұлт мәдениетінің көрінісі екендігі еңбекте мол фактологиялық материалдар арқылы талдайды. Ғылыми зерттеуде лингвокультуремалар қызметі айқындалады. Сол лингвокультуремалар қатарына ұлттық әшекей бұйымдар да жатады.

Алдыңғы зерттеулерімізде қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәдени құндылықтарды тасымалдауға онлайн оқыту мен цифрлық әңгімеге негізделген әрекеттердің әсері туралы айтқан болатынбыз. Ұлттық құндылықтарды меңгерту тек қазақ тілі сабағы арқылы ғана емес әдебиетпен байланысты меңгертіледі. «Әдеби шығармалар лингвист ғалымдардың грамматикалық зерттеулерде қолданатын алғашқы дереккөздерінің бірі болып табылады. Өйткені әдеби шығармалар – тіл өзінің барлық заңдылықтарымен кең өріс алатын өріс. Мәдениетті жеткізу тіл үйретуде үлкен маңызға ие; дегенмен, мәдениет өте жан-жақты құбылыс болғандықтан және тіл үйренуде тілдің көрсеткіштік құрылымдарынан басқа мәдениет деген атаумен оқушыға берілетін халық әндері, идиомалар, мақал-мәтелдер, өлеңдер, әңгімелер, т.б. оқушыға тілді түсінуге көмектесетін элементтер болып табылады. Жақсы, өнегелі адам болып, мінезі мықты тұлғаларды тәрбиелеу – әрбір отбасының, мектептің, қоғамның басты мақсаттарының бірі. Себебі, салиқалы мінез жеке адамның ғана емес, қоғамның да тыныш, бақытты болуын қамтамасыз етеді. Бұл мақсатты жүзеге асыру болашақ ұрпаққа әлеуметтік мәдени құндылықтарды жеткізуге байланысты» [7, 473]. Демек, лингвомәдени құзіреттілікті көркем мәтін арқылы меңгерту де өз нәтижесін берері анық.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында қазақ тілін меңгеру арқылы ұлттық білім мен мәдениетті игеруге басты назар аударылады. Қазақ тілін оқыту арқылы халықтың ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы танытуды, лингвомәдени құзіреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Лингвомәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру барысында білімалушылар қазақ тілін үйрене отырып, қазақ елі мәдениетіндегі ерекшеліктерді жаңаша қабылдайды. Қазақ тілі арқылы қазақ елінің рухани құндылықтарын, рухани байлықтарын туған мәдениетімен байланыстырады, әрі мәдениаралық түсінбеушілік көзқарастарды жояды, т.б. танымдық қабілеттерін қалыптастырады. Лингвистикалық құзіреттілік дегеніміз – грамматикалық сауаттылық және сөздік қор арқылы халық мәдениетімен танысу. Тілдік құзіреттілік тұлғаның рухани дамуын қалыптастырады, тілді меңгеруге, ортаны түсінуге көмектеседі. Сондықтан мұғалім мақсат қоя алатын, нақты және шынайы сөйлей алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, ұлттық мәдениетті терең меңгерген адамды өмір жолына бағыттай білуі керек.

«Лингвомәдени құзірет» терминімен тілімізде жарыса қолданыс тауып жүрген этномәдени, әлеуметтік мәдениет, мәдениеттану тәрізді түрлі лексемаларды кездестіруге болады. Сонымен лингвомәдени құзіреттілік:

- 1) мәдениетаралық коммуникация контекстінде көрінеді;
- 2) әлеуметтік-мәдени жағдайларды меңгеру және осы этномәдениетте қабылданған ұлттық-ерекшелік модельді коммуникативтік байланыстармен пайдалану болып табылады;
- 3) тіл жасаушылар арасындағы мәдениетаралық өзара түсіністікке қол жеткізу үшін негізгі білімді қолдану мүмкіндігі.

«Лингвистикалық құзыреттілік» ұғымын қарастыра отырып, зерттеушілер көркем лексика мен білімге жүгінеді. Құзыреттіліктің осы түріне ие болу:

1) тілді сапалы зерделеу;

2) дүниетаным және жалпы мәдениетті білу;

3) оқушының қызығушылығы, ой-өрісі, ұстамдылығы, мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасай білуі және өзінің мәдени санасын дамытуы;

4) білім алушылар өз ойларын ауызша және жазбаша жеткізуін және қарым-қатынас мәдениетін дамыту, зерделеу. Лингвистикалық құзыреттіліктің қалыптасуы әртүрлі ұлттық-мәдени бірліктермен жұмыс кезінде жүреді. А.Әмірбекова лингвомәдени бірліктердің дені ұлттық стереотиптермен, ұлттық эталондар мен ұлттық ырым-тыйымдар негізінде толығынын айта келіп, қазақтың ырым-тыйымдарының астарында сан түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбаларын көрсетеді:

Бірінші - гигиеналық әдептілікті сақтауға бейімдеу таңбалары

Екінші - ырым-тыйымдар арасында этикет таңбалары

Үшінші - келін әдебі таңбалары

Төртінші - бала қылығымен өлшенетін таңбалар

Бесінші - киімге қатысты этномаркерленген таңбалар.

Алтыншы – тағамға қатысты этномаркерленген таңбалар

Жетінші – үй тұрмысына қатысты этномаркерленген таңбалар

Сегізінші – төрт түлікке, жануарларға, құстарға байланысты этномаркерленген таңбалар [8, 31]. Ғалымның қазақтың әр түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбалары қатарына ұлттық киімдерді жатқызып, «киімге қатысты этномаркерленген таңбалар» деп жіктеуінен ұлттық киімдерде ұлттық дәстүр де қоса берілетінін аңғарамыз.

Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың негізіне отбасылық құндылықтар, салт-дәстүр, ырым-тыйымдар, сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті, шешендік сөздер табиғатын меңгерту, символдар, астарлы сөздер, ұлттық концептілер, ұлттық сөз айшықтары, ұлттық өнер, этнографизмдер, ұлттық мінез, мақал-мәтел, фразеологизмдер т.б. жатады.

Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтар арқылы лингвомәдениеттік құзыреттілікті қалыптастыруда қазақтың *киім-кешегі мен әшекей бұйымдарының* алатын орны айырықша. Мысалы, *алқа, білезік* – символдық мәні бар бұйымдар. Қазақ жігіті өзі ұнатқан қызға *сыңар білезік* сыйлаған. Үйленгеннен соң сыңар білезік орнына жігіт «шебер, ұқыпты бол» деген белгі ретінде *қос білезік* сыйлайды. Символдар – халқымыз өзін қоршаған әр дүниеге ой көзімен, ұлттық түйсікпен қарап, көңіліне түйіп, бейнелеуіне бейім келген лексемалар. *Сырғаның* да символдық мағынасы бар екендігі белгілі. *Сырғаға* байланысты қазақ халқында сырға салу деген ырым, салт бар. Қазақ ертеректе қыз балаға бесікте *сырға* салып қойған. Ол көз тимесін деген ырымнан, тілектен туған. Ертөстік ертегісіндегі Ерназардың тоғыз *сырғаны* көруі соның дәлелі. *Сырғаның* этнолингвистикалық сипатын Р.Шойбеков: «Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса керегеге, кілемге, тіпті бақанға *сырға іліп қою* салты болған. Үйге келген қонақ, жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған *сырғаны* көрсе, «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан не бой жетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қызы басы бос екен» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдаласып жатады» [9, 20], -дейді.

Ұлттық ерекшелігіміздің бірі әшекей бұйымдар арқылы салт-дәстүрді меңгертуде көрнекіліктерді қолданудың маңызы бар. Лингвомәдени құндылықтарды меңгертуде компьютермен жұмыс жасауда өзіндік нәтижесін берері анық. Компьютермен жұмыс жасау, барысында, тапсырмалар бірнеше бөлімдерден болуы мүмкін.

1. Берілген суреттерге сипаттама жазу,

2. Берілген сөздерді сөз табына ажырату.

3. Есте қалған қызық оқиғалары бойынша суреттер салу.

4. Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап жазу, әңгімелеу.

5. Ұнаған тақырыптарына қысқаша өз ойларын жазу, т.б.

Сөзжұмбақ; ребустар; үлестірмелі қима қағаздар; суреттер; сюжетті суреттер; ұнтаспалар; дидактикалық материалдар тағы басқа.

Ұлттық құндылықтарды танытатын жаңа сөздерді меңгертуде көрнекіліктің оқушыға берері:

1. Оқитын тақырыпты терең түсінуге, негізгі түйінін ажырата білуге үйретеді.

2. Тақырыпты жеңіл, тез түсінуге ықпал етеді.

3. Қайталау кезінде алған білімді жүйелеуге көмектеседі.

4. Пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Сабакқа тиімді қолданылған көрнекілік түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатымен таңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайды. Ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады. Сөздік қорларын көбейтуге, өз ойын жүйелеп байланыстырып баяндай білуге, тіл байлығын арттыруға көп септігін тигізеді. Байқампаздығы артады. Бүгінде елімізде қазақ тілін жаңа инновациялық әдістермен оқыту, аудио және бейне материалдарды, компьютерлік мультимедиялы бағдарламаларды қолдануға мол мүмкіндіктер ашылды. Осы бағытта инновациялық технологияларды зерттеп, ағылшын тілі сабақтарында қолдану маңызды. Әр педагогикалық технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Интерактивті оқыту әдісі арқылы оқушының сөздік қоры дамиды. Уақыт талабына сай көрнекі құралдар - интерактивті тақта, слайдтар, видеоролик, тестер, электронды оқулық мұғалім мен оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашады.

Ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар арқылы лингвомәдени құндылықтарды меңгертуде коллажды қолданудың нәтижелілігі зор деп есептейміз. Коллаж нысананы ұлттық құндылықтарды жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Коллаж – түрі мен мазмұны жағынан көруге арналған көрнекілік. Ол тілдік құралдармен баяндалған, бір тілдік түсінікпен біріктірілген заттық бейнелеу. Негізгі түсініктің айналасында түрлі мәндегі, түрлі деңгейдегі, қосалқы ақпарат болады. Мысалы, мәтіннің тақырыбы, суреттер, фотоматериалдар, сөздер, сөйлемдер т.б. Коллаж онда жасырынған ақпараттың көмегімен негізгі түсінікке қатысты оқушылардың түрлі ассоциациясын тудыруға бағытталған. Негізгі түсінік пен басқа бөлшектер арасындағы байланыс түс, цифрлар т.б. белгіленеді.

Мысалы, «*Ұлттық киімдер*» деген модульде киім атаулары берілген. Осы тақырыпты өту барысында ұлттық киімдер, бас киім, т.б. ұлттық-салт дәстүрмен байланысты екендігін көрсете отырып ұлттық жоралғылар туралы таным түсінігін қалыптастырамыз.

Шытырма көйлек етінде,

Нұр сәулесі бетінде,

Бұралып кетіп барады. (Қыз Жібек).

Шытырма көйлек туралы мағлұмат беру, ұлттық көйлектің түрлерін, салт-дәстүрге байланысты тігілетін көйлектер туралы айту. Коллаж мәтіннің фабуласы, оқиғаның барысы не мазмұндап айтудың негізі болуы мүмкін. Коллажды қолдану вербальді, графикалық және бейнелік көрнекілікті біріктіруге, тақырыпты тереңірек ашуға, шығармашылықты жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, киімге салынатын өрнектер арқылы қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алатынын, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін меңгерте аламыз. Қазақ тілінде зергерлік бұйымдар төрт негізгі топқа бөлінеді: жануартектес, өсімдіктектес, геометрия, аспан әлемі тектес. Сәндік өнер белгілі бір халықтың көркем сұлулығын, ұлттық белгілерді қабылдайтын мәдениеттің негізгі ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Мысалы, біздің ата-бабаларымыздың киімдеріне түйе, ешкі, т.б. жануарлар тектес әшекейлер салған. Бұл

қолөнерімен байланысты болса керек. Мысалы: бала киіміне түйенің табаны тектес ою салған, қыздарға арналған киімдерде өсімдік тектес гүлдер, қызғалдақтар, шырмауықтар және геометриялық өрнектер түсірген, ол ою-өрнектер жұлдыздай, айдай, гүлдей жайнап жүрсін, өссін, өнсін деген мағанада болса керек. Қошқармүйіз оюы байлық пен молшылықты білдіреді. Гүл, күн, ашық аспан бейбітшілікті білдіреді, бұларды таңбалы ою-өрнектер деп те атаған. Осы ою-өрнектерге байланысты коллаждың ерекшелігі әрбір оқушының өзінің ассоциациясын тудырады. Бұл талдаудың әртүрлі болуына әсер етеді. Вербальдік тұғырлар көп болғанымен олар оқылатын материалдың ерекшеліктері ескеріліп құрылуы қажет. Жоғарыда көрсетілген тұғырлардың барлығы оқушыларға дайын күйінде беріледі. Оларды оқытушылар таңдап алады, не жасайды, сөйтіп оқушылардың бәріне ұсынады. Теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі диалектикалық принципті жүзеге асыруға көмектеседі. Нақты көрнекі материалды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, (анализ) жасау керек. Дұрыс талдау (анализ) жасау арқылы оқушы көрген затының негізгі бөлшегі мен қосымшасының аталымын жаттау арқылы жаңа сөздерге үйренеді. Көрнекілікті оқу процесінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны жиі қолдануға болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ. Тіл дамыту сабақтарында көрнекіліктер образды немесе логикалық мазмұнда таңдалынады. Яғни, суреттер мен түрлі көріністер бойынша сөздік қорларын байытып, әрбір сөздің тілдік ерекшеліктерін меңгереді. Суреттер арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, ырым-тыйымдары жайында мәліметті қазақ тілінде айтуға дағдыландыра беруге де қолайлы.

Лингвомәдени құндылықтарды контекст арқылы түсіндіру. Кейбір сөздердің мағынасы сөйлем арқылы айқындалады. Бұл мақсат үшін анық және түсінікті контекст қолданылуы қажет, яғни жаңа сөздің мағынасын жақсы түсіну үшін. Жаңа сөздердің сөйлемде, грамматикада қолданылуын түсінуі керек. Әрбір сөз тіркесінің сөйлемде өз мағынасы бар.

Тыңдалым арқылы мәдениет, қазақ халқының ұлттық әлемі туралы мағлұмат береміз. Түсініп тыңдау жұмысы кезінде естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Онда шағын мәтін немесе сөйлемдер оқылып, тыңдату, мәтінді қайталап тыңдау арқылы екі-үш сөйлемнен мәтіннің мазмұнын айту, сипаттама беру, жаңа сөйлемдер құрастыра білу сынды жұмыстарды жан – жақты жүргізген туста істің нәтижелі болатынына көз жеткізе аламыз. Түсініп тыңдау деңгейде жан-жақты жүргізіліп, естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Шағын әңгіме, үзінді, мақала мазмұндары оқылып, түсініп тыңдау мәтінді екі рет тыңдау арқылы екі – үш сөйлеммен мәтіннің мазмұнын айту жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс барысында сипаттама беру, мәтін бойынша жоспар құру, сұрақ қол білу сынды жұмыстар тіл дамыту жұмыстарына негіз бола алады.

Тыңдаған әңгіме бойынша төмендегідей жұмыс түрлерін орындауға болады:

Жазбаша жоспар құру, мәтінге ат қою, сөз тіркестерін жазу.

Ауызша мәтіннің қысқаша мазмұнын беру, толық мазмұнын беру. Мысалы, орыс тілді мектептің 7-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығында «Сыйлық жасау дәстүрі» туралы мәтін бар. Осы тақырыпқа байланысты мына ұғымдарды меңгертуге болады: «сырға салу», «шапан жабу», «сәукеле», «құдағи білезік», «кимешек», т.б., осы заттар арқылы дәстүрлер мен ырымдарды, яғни ұлттық құндылықтарды насихаттауға болады. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық ерекшеліктерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.

Қорыта айтқанда, аталған мәдени құндылықтарды қазақ тілін оқытуда оқушылар бойына сіңіріп отыруымыз керек. Ұлттық құндылықтар – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, танымының айнасы.

Әдебиеттер тізімі

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным №4. 2001 ж.

Б.39-43

3. Омарова Р.А., Кенжетаева Г.К., Демесінова Г.Х., Мағзұмов Х.Б. Мәдениетаралық коммуникация бойынша практикум. Павлодар, 2007. – 158 б.
4. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. М.: Альфа-М; ИНФА-М, 2004, с. 73-75
5. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998, – 304 б.
6. Ахметжанова З. К., Оналбаева А. Т., Умирзакова З. А. Культура в зеркале языка: Монография. – Алматы: Изд-во Елтаным, 2014. -480
7. Sarekenova, K., Salikzhanova, S., and so on (2023). Effects of online learning and digital conversation-based activities on the transfer of cultural values in language and literature classes. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(2), 471-492. <https://doi.org/10.46328/ijemst.3135>
8. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар, Елтаным. – Алматы, 2011, -204 б.
9. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы, 1993, – 130 б.

ЗАҢГЕР МАМАННЫҢ ДИСКУРСТЫҚ КҮЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*БУКАЕВА А.А.,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
университеті.
Қазақстан, Көкшетау қ.*

Бүгінгі таңда тіл үйренушілерге тілді үйрету барысында грамматикалық, лексикалық іскерлікті дамытумен қатар, тілді әртүрлі жағдаятта қолдана білуге машықтандыру қажет. Ол үшін тіл үйренушіге шынайы қарым-қатынасқа түсу үшін қажетті коммуникативтік күзіреттілікті қалыптастыру көзделеді.

Коммуникативтік күзіреттілік туралы тілші-әдіскер Е.И.Пассов: «Коммуникативті күзіреттіліктің негізгі мақсаты – сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу», – деп көрсетеді [1]. Ендеше, коммуникативтік күзіреттілік – тіл үйренушілерге үйретіп жатқан тілдің заңдылықтарын жаттанды түрде үйретпей, сол заңдылықтарды тілдесім барысында орынды қолдануға үйретуді білдіреді.

Сол сияқты А.Н.Щукин коммуникативтік күзіреттілікті әдістемелік тұрғыдан қарастыра отырып, оның негізгі компоненттерін ұсынады:

- 1) Лингвистикалық күзіреттілік;
- 2) Стратегиялық күзіреттілік;
- 3) Әлеуметтік күзіреттілік;
- 4) Әлеуметтік-мәдени күзіреттілік;
- 5) Дискурстық күзіреттілік [2].

Коммуникативтік күзіреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі – дискурстық күзіреттілікке тоқталатын болсақ, Л.В. Яроцкая: «Дискурстық күзіреттілік мәдени-ерекшелік дискурстарын құру мен түсіндіруге арналған стратегияларға ие болуды білдіреді» [3] деп көрсетеді. Аталған анықтамаға сүйенетін болсақ, дискурстық күзіреттілік тілді меңгеру, мәтіндерді құру және түсінуді ғана емес, сонымен қатар мәдени факторларды білу мүмкіндігін де туғызады деген сөз. Ал А.С. Стаценко мен Ю.С.Басков: «Дискурстық күзіреттілік сөздің мақсаттар мен тапсырмаларға сәйкестігі» [4] деп тұжырымдайды, яғни адресат тиімді қарым-қатынас орнату үшін лингвистикалық және тілден тыс құралдарды пайдалана отырып, белгіленген прагматикалық мақсатқа қол жеткізе алуы керек.

Дискурстық құзіреттілік туралы «тіл үйренуші тілдік жағдай және контекстің мақсаттарына сәйкес мәтіндерді құруға және өз тілін өзгертуге қабілетті болу керек» [5].

Ғалым К.Седовтың пайымдауынша, дискурстық құзіреттілік дегеніміз – тұлғаның тиімді және нәтижелі дискурстық әрекетті жүзеге асыру дағдысының қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзіреттіліктің құрамдас бөлігі. Ал дискурстық құзіреттілікке осы коммуникативтік құзіреттілікті коммуникативтік жағдаятқа сай дұрыс қолдана білу деңгейі енеді. Дискурстық құзіреттілік дискурстық әрекетті тиімді және нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзіреттілік деп танитын болсақ, дискурстық әрекет пен дискурстық тәртіп түсінігін анықтап алуымыз керек. Дискурстық әрекет – сөйлеу әрекетінің саналы, әрі мақсатты түрде біртұтас сөз туындысын түзуге бағытталған сөйлеу әрекетінің бір түрі. Ал дискурстық тәртіп түсінігінің мәніне сөйлеу әрекетін түзудегі саналылық пен мақсаттылықпен қоса, үнемі бақылауға көне бермейтін, аяқ астынан немесе кенеттен, еріктен тыс сөйлеу жатады. Дискурстық құзіреттілікке дискурстық тәртіп пен әрекеттен бөлек, дискурстық ойлау да енеді. Дискурстық ойлау – сөзбен ойлаудың ерекше түрі, ол дискурсты түзу мен дискурсты қабылдау үдерісін қамтамасыз етеді [6].

Дискурстық құзіреттілік дегеніміз – тіл үйренушінің екі-үш адам арасында болатын диалог барысын нәтижелі жүргізіп, түрлі жағдаяттарда түрлі сөйлеу моделін, формаларын қолдана білуі. Тіл үйренушілердің кез келген тақырыптағы диалогқа белсене араласуы, сұрақ қоя отырып, екінші адамның сұрағына жауап бере алуы, диалогты аяқтай білуі сияқты дағдыларын жетілдіру арқылы оның дискурстық құзіреттілігін қалыптастыруға болады.

Дискурстық құзіреттілік – прагматикалық мәнмәтінге жауап беретін сөйлесуді тудыратын және басқа адамның айтқанын қабылдай алу қабілеттігін білдіретін оқу үдерісінің маңызды элементі. Ол ақпараттық-коммуникативтік, танымдық сипатта алынып, өзара тілдесімге, яғни коммуникативтік қатынасқа әсер етеді. Дискурстық құзіреттілікті қалыптастыру үшін таңдалып алынатын мәтін–нақты бір тақырыпқа негізделетін, аяқталған ойды білдіретін, оның құрамында игерілетін лексикалық-грамматикалық материал болатын және белгілі бір тілде сөйлеушілердің сөйлеу коммуникациясының үлгісі ретінде қарастырылатын мәтін болу керек. Яғни, мәтін – белгілі бір ақпаратты жеткізетін және нақты тілдік материалдарды қолданудың үлгісі болу қажет.

Тіл үйренушілерге тілді меңгерту үшін қалыптастырылатын дискурстық құзіреттіліктер сол тілді меңгерту мақсаттарына сәйкес болғаны дұрыс. Әдетте тілді үйретудің бастапқы кезеңінде бейресми тілдесімге құрылған тұрмыстық, мәдени және білімдік сипаттағы диалогтар бойынша ұйымдастырылады. Мысалы, заттар, оқиғалар, құбылыстарды суреттеу, әңгімелесу, оқиға барысын талдау, бағалау, құптау немесе жоққа шығару, кеңес беру. Ал тілді меңгертудің келесі сатысында ресми тілдесім және кәсіби қызметке байланысты дискурстық құзіреттілігін қалыптастыру жатады. Дискурстық құзіреттілікті дамыту арқылы тіл үйренушінің кәсіби құзіреттілігі қалыптастырылады. Кәсіби құзіреттілік тілді меңгерту үдерісінде түрлі кәсіби-әлеуметтік білік-дағдылардың жиынтығын іске асыру арқылы жүзеге асыруға болады, яғни тіл үйрету барысында қолданылатын жағдаяттық тапсырма үлгілері ақиқат қарым-қатынас үлгісіне ұқсас, әрі жақын болуы шарт. Осы мақсатта берілген жағдаяттық тақырыптар мен тапсырмалар тіл үйренушінің өзіндік ой-пікірін, пайымдауын білдіруін көздейді.

Заңгер маманның дискурстық құзіреттілігі мәселесі және оны қалыптастыру жолдары қазақ тіл ғылымы мен қазақ лингводидактикасында әлі толық зерттелмеген. Жалпы заңгер маманы – заң сласындағы, заңгерлік қызметтегі заңды істерді, қылмыстық істер мен азаматтық дауларды, қақтығыстарды құқық қорғау нормаларына сәйкес қарастырып, шешім қабылдайтын маман [7]. Заңгер маманына қойылатын негізгі талаптар: нақты және теориялық білімді, қазіргі құқықтық және экономикалық қатынастарда ойлау қабілеті дұрыс, мемлекеттік саясат ағымын талқылай алатын маман болу; заңдарды білу; өзінің теориялық білімін кәсіби қызметтегі

практикада пайдалана білу; мамандығы бойынша практикалық дағдыларды игеру немесе жұмысында қолдана алу қабілетінің болуы. [8]. Заңгердің кәсіби құзіреттілігі дегеніміз – басқару әдістерін білу, адамдарға әсер ету, ел арасында тәрбиелік және құқық жұмыстарын жүргізу немесе насихаттау, еңбекті ұйымдастырудың ғылыми әдісін меңгеру, үнемі біліктілігін жетілдіру, нарықтық даму жағдайында өзге адамдармен қарым-қатынас жасай білу қасиеті болу керек.

Заңгер маманның бойында дискурстық құзіреттілікті қалыптастырып, олардың қызмет барысында кез келген уақытта, кез келген орында заңгердің қызметіне жүгінетін адамдарға өз ойын қолданыстағы заңға сәйкес жеткізе алуы қажет. Заңгердің коммуникативті құзыреттілігі заңгерлік дискурс арқылы дамиды, сондықтан нақты тілдік құралдардың көмегімен құқықтану саласына қатысты ауызша және жазбаша мәтіндермен түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізуде оңтайлы әдіс-тәсілдерін қолданған дұрыс. Ол үшін қылмыстық-құқықтық нормалар мәтіндері арқылы жағдаяттық тапсырмалар беріп, құқық тілін меңгерту қажет. Қылмыстық құқық тілін меңгеру деңгейі заң мәтіндерін дұрыс, терең және толық түсінуге тікелей әсер етеді. Сондықтан қылмыстық-құқықтық заңдардың мәтінін дұрыс түсіну заңгердің қылмыстық құқықтың нормативті құндылықтар жүйесін игере алуын білдіреді. Бұл ретте коммуникативті құзыреттілік заңгерлік дискурсты құрайтын заңгерлік терминология, мәтін түрлерін игеру және құқықтық жүйелерді жетік біліп, қажетті коммуникативті жағдаятта орынды қолдана білуді қамтиды. Заңгердің коммуникативті құзыреттілігі лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, дискурстық және стратегиялық құзыреттіліктердің жиынтығынан құралады.

Заңгерлік дискурста заңгердің кәсіби ойлау ерекшелігі аталмыш дискурс түрінің айғақтылық, прагматикалық, терминологиялық, ақпараттылық, бағыттылық сипаттары арқылы көрініс табады. [9].

Заңгерлік дискурс негізінде болашақ заңгерлердің коммуникативті құзыреттіліктерін арттырудың тағы бір әдістемелік жолын ғалым Н.П.Хомякованың франциялық заңгерлердің дискурсивті тәжірибелерінің талдау нәтижелерінен көруімізге болады. Ол оқу үдерісінде келесі лингводидактикалық құралдарды қолдану қажеттігін айтады:

- заңгерлік жағдаяттарды/ казустарды шешу;
- сот шешімдеріне талдау жасап, пікір айту;
- кәсіби эссе жазу;
- кәсіби қызметті модельдеу жағдаяттарымен ұсынылатын жаттығуларды орындау;
- рөлдік ойындарды өткізу;
- ғылыми қарым-қатынас жағдаятын модельдеу [10].

Ғалым Н.П. Хомякованың пікірімен келісе отырып, болашақ заңгер мамандарға тіл үйрету барысында әртүрлі жағдаяттардан тұратын рөлдік ойындарды ұйымдастыру – студенттердің қазақ тілін кәсіби деңгейде үйренуге қызығушылықтарын арттыруы сөзсіз. Мысалы, азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерін анықтау мақсатында келесі тапсырмалар арқылы заңгерлік дискурс дағдыларын қалыптастыруға болады:

Білезік қазақ халқында бүгінгі күнге дейін сақталған қолөнер, зергерлік бұйым. Ертеде де, бүгінгі күні де білезікті бір қолға немесе екі қолға жұп етіп тағу үрдісі бар. Қазақ халқының дәстүріне сәйкес, білезіктердің күмістен жасалғанын сый етіп тарту дәстүр болды. Себебі күміс әрқашан «тазалықтың белгісі» ретінде бағаланды. Қазақ халқының салты бойынша жаңа шаңыраққа жаңа келін түскенде енесі ырымдап қос

білезікті ырымдап сыйға тартатын болған. Білезіктің тұтас және құрамды бөліктерден тұратын түрлері де бар. [6, 93-94]

Қазіргі түркі тілдерінде:

3-кесте.

	<i>Тіл</i>	<i>Ұғым</i>
	Қазақ	<i>Білезік</i>
	Татар	<i>Беләзек</i>
	Қара қалпақ	<i>Билезик</i>
	Башқұрт	<i>Беләзек</i>
	Түркімен	<i>Билезик</i>
	Қырғыз	<i>Билерик</i>
	Ноғай	<i>Билезик</i>

Зерттеуге сілтеме ретінде алынған «Ат-Тухфа» қолжазбасында білезіктің атауы «bilezik» деп берілген. Ал М.Қашқаридің еңбегінде «билазук» деп көрсетілген. Жоғарыдағы кестеге назар аудара отырып, жалпы білезік атауының сақталғанын көре аламыз.

Қолөнер лексикасының тағы бір тобы - қару-жарақтар. Қару-жарақ өз бастауын тас дәуірінен бастайды. Ертеде адамдар қорғанып әрі тамағын тауып жеуі үшін қаруды пайдаланғаны мәлім. Кейін алтынмен апталып, күміспен қапталған, әшекейленген қару-жарақ шығарыла бастады. Қыпшақ тілдері лексикасында да қару-жарақтың түрлері сан алуан.


Қару-жарақ жайлы ұғымдарды анықтау үшін қайтадан қолжазбаға жүгінеміз. Қолжазбада атқыш, садақ, қылыш, қалқан, қорамсақ секілді жарақ түрлері келтірілген.

Садақтың қол қаруы екені мәлім, ендеше қыпшақ тілдері лексикасында талдап көрелік.

5 кесте.

	<i>Тіл</i>	<i>Ұғым</i>
	Қазақ	<i>Садақ</i>
	Қара қалпақ	<i>оқ-жай, сары-жай</i>
	Башқұрт	<i>ян, йәйә</i>
	Қырғыз	<i>Жаа</i>

Садақтың бірнеше түрлері бар: жай, жақ, саржа, керіс. Жай – кірмесіне жебе салып тартатын көне дәуір қаруы, садақ. Белгілі қару зерттеушісі М.В. Горелик жақтарды, яғни садақтарды конструкциясына қарай төрт типке бөледі: [6,40]



2 сурет. Садақтардың конструкциясына қарай төрт типі. М.В.Горелик бойынша

Қару-жарақ жайлы сөз болғанда «қылыш» ұғымының болары анық. «Ат-Тухфа» қолжазбасында қылыш қару атауы «qılıç» деп берілген. Басқа да ортағасырлық еңбектерде «килич» деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде негізінен килич деп соңғы әрпі «ч» деп қолданылған. Мәселен, татар, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр, құмық, әзірбайжан, түрік тілдерінен көруге болады.

б кесте.

<i>Тіл</i>	<i>Ұғым</i>
Қазақ	<i>Қылыш</i>
Қара қалпақ	<i>Қылыш</i>
Башқұрт	<i>Кылыс</i>
Қырғыз	<i>Кылыч</i>

Кейін түркі тілдерінің құрылымдық жүйесі араб-парсы тілінің ықпалына байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, бұл ерекшеліктер бүгінгі күнге дейін байқалады. Қазақ тілінде, сондай-ақ басқа қыпшақ тілдерінің лексикалық құрамында моңғол сөздері де жиі кездеседі. Сонымен қатар, славян тілдері де қазақ тілінде лексиканың қалыптасуына аз әсер етпей қоймады. Қазақ тілінің жалпы және әдеби нормалары ана тілдерінің ерекше тілдерін талдау және таңдау негізінде қалыптасты. Сондай-ақ, қазақ тілінің диалектілік лексикасы ежелгі ана тілдерінен ғана емес, көрші тілдердің элементтерінен де тұратыны белгілі. Сырттан келген ықпалға қарамастан, қазақ әдеби тілі өзінің мақсатын сақтап қалды.

Қорытынды

Белгілі бір халықтың құндылық өлшемін құрайтын негізгі категориялар мен ұғымдарды күнделікті қолдану сөздерінің коммуникативті, танымдық мазмұнынан табуға болады. Тілді адаммен, оның танымымен, ойлауымен және рухани-практикалық қызметімен тығыз байланыста зерттеу ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы лингвистикалық ғылымның басым бағыты. Оның ішінде қолөнер лексикасын зерттеу әлі де тың тақырып болып қала береді. Әлемнің ұлттық бейнесін қалыптастыруда белгілі бір ортада өмір сүретін халықтың географиялық, климаттық, табиғи жағдайлары, кәсіптің ерекшеліктері, салт-дәстүрлері маңызды рөл атқаратынын атап өтуге болады. Қолөнер көшпелі мәдениеттің өкілдері ретінде далада өмір сүрген қыпшақ тілдері халқына барынша таныс болғандықтан, қолөнер ұғымдарын қазақ тілінде ғылыми-танымдық тұрғыдан ғана емес, ұқсастық, халықтық таным тұрғысынан да кешенді танудың маңызы зор.

Бүгінгі күні зерттеу жасауды толығымен мамыражай күйде жасауға мүмкіндік бар. Десе де қыпшақ тілдері қолөнер лексикасын зерттеулері жоқтың қасы деп айтса қателеспейміз. Әлі де көптеген зерттеулердің қажет екені анық. Қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымына жаңа серпін беріп қана қоймай, сонымен бірге егеменді мемлекет мүддесі үшін ұлттық өзін-өзі танудың жандануына, халықтың жоғары рухының, бай руханиятының негізі мен өзегі ретінде қоғамдағы тілдің маңызы мен қызметін жаңа деңгейге көтеруге ежелгі тілдің лексикасын танудың маңызы зор екені анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Т. 1 / отв. ред. М. И. Матусевич; Ленингр. гос. ун-т им. А. А. Жданова. Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1958. – 180 с.
2. Томсен В. История языкознания до конца XIX века (краткий обзор основных моментов). – М.: Уч.пед.гиз, 1938. – 160 с.
3. Баскаков Н.А. Задачи составления тюркских ареальных исторических диалектологических атласов / Советская тюркология. №3 Баку – 1982
4. Кобозева. И.М. Лингвистическая семантика.М.: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с
5. Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы:фил.ғ.д.дисс: 10.02.02.Алматы:А.Байтұрсынұлы атын.Тіл білімі ин-ты, 2006.-310б.
6. Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. – Астана: Фолиант, 2010.-192б.

ШАҒАТАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕЛІМІ

ЗИНЕДИНА А. С.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Астана, Қазақстан*

***Аңдатпа.** Мақалада орта ғасыр кезеңіндегі қазақ жазба тілі туралы ғылыми ой-пікірлер сараланады. Шағатай тілі атауына қатысты зерттеулер сөз болып, «шағатай тілі – қандай тіл» деген сауалға жауап ізделінеді. «Шағатай тілі» терминінің шығуы, оның болмысы және қазақ лингвистикасындағы зерттеліміне шолу жасалынады.*

***Тірек сөздер.** Шағатай тілі, ескі қазақ жазба тілі, орта ғасыр түркі әдеби тілі, тіл тарихы, жазба тіл*

Орта ғасырда түркі халықтарының әдеби ескерткіштері, ресми хат үлгілері шағатай тілінде жазылды. Шағатай тілі – қазақ, өзбек, түрік тілдері секілді қолданыстағы тіл емес, жасанды тіл. Былайша айтқанда, орта ғасырда өмір сүрген, үстемдік еткен тілдердің қоспасынан жасалған, барша түркі халықтарына ортақ тіл. Шағатай тілінің бір артықшылығы – оны барлық түркі халықтары түсінгендігінде. Сол себепті орта ғасырда түркілер ауызекі сөйлеуде ұлттық өзіндік ерекшеліктер танытса да, жазба тілге келгенде бірізділікті сақтаған. Демек шағатай тілі – өз заманының қажеттілігін өтеуге, түркі халықтарын ұйыстыруға қызмет еткен халықаралық жазба тіл. Сондықтан шағатай тілі мәселесін көтергенде, орта ғасырлық көркем шығармалардың тіліндегі ала-құлалықты ескеруіміз қажет. Өйткені «шағатай тілі» - шартты атау, оның құрамында сол дәуірде өмір сүрген түркі халықтары тілдерінің қоспасы бар, одан өзге араб-парсы тілдерінен енген сөздер де кездеседі. Шағатай тілі орта ғасыр кезеңіндегі әдеби ескерткіштері тілін зерттеген В. Радлов, А. Самойлович, Э. Тенишев, Э. Наджип, П.

Мелиоранский, Л. Будагов, т.б. ғалымдар еңбектерінде талданды. Ал қазақ лингвистикасында орта ғасырда жазылған шағатай мәтіндерін зерттеу ісі негізінде жүзеге асты. А. Ибатов, С. Исаев, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, Қ. Өмірәлиев, М. Балақаев, Б. Сағындықұлы, Д. Әбділәшімұлы, М. Томанов, Т. Қордабаев, т.б. тілші-ғалымдар орта ғасыр шығармаларын, әдеби тіл мәселесін зерттеу барысында шағатай тілінің болмысына соқпай өтпеді.

Қазіргі зерттеу еңбектерінде «шағатай тіліне» атауына қатысты сыни көзқарастар бар. Бұл туралы Д. Әбділәшімұлы: «Ескі қазақ жазба тілі» еңбегінде: «Алғашында кейбір ғалымдар мұндай жазба тіл үлгісіне араб, татар, т.б. тілдерінен көбірек сөз, кейбір грамматикалық тұлғалар араласқанына негізделіп «кітаби тіл» немесе «қоспа тіл» деп сырттай ат қойып, оның ішкі болмысын зерделеуге немқұрайды қарады. Соның салдарынан кеңестік дәуірде кейбір ғалымдар тарапынан «шұбарланған тіл», «касталық тіл», «дін тілі», «шағатай тілі», «ауытқымалы тіл», «аралас тіл» сияқты алуан түрлі анықтамалар беріліп, көңілге қонымсыз пікірлер айтылды» деген пікір білдіреді [1, 8]. Осылайша тұжырым жасай отырып ғалым орта ғасырдағы Қазақстан территориясында ресми қолданыста болған тілді «*ескі қазақ жазба тілі*» деп атауды жөн санайды. Ал М. Сабыр: «Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілі аралас сипатта болды, бір ескерткіштерде қыпшақ элементі басым болса, енді бірінде оғыз элементі көбірек. Бірақ олар тұтас бір тілдің әр түрлі көріністері ғана. Яғни орта ғасырларда *біртұтас орта түркі тілі* қалыптасты» деген тұжырым жасайды [2, 16]. Ғалымның айтып отырғаны да сол – шағатай тілі. Тек оны «біртұтас орта түркі тілі» деп атап көрсетеді. Ал С. Исаев: «Хан жарлықтары, өзге елмен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба туындылардың қажетін *орта азиялық түркі әдеби тілі* өтеп отырды» деген пікір айтады [3, 108]. Көріп отырғанымыздай, ғалым С. Исаев орта ғасырдағы жазба тілді түркі әдеби тілі атауымен береді. Расында, біздің шағатай тілі деп отырғанымыз, түркі тілдерінің қоспасы, жиыны. Құрамы жағынан зерделейтін болсақ, қарлұқтық, оғыздық, ұйғырлық элементтерді аңғарамыз. Қай-қайсысы да түркі тілдерінің бірі саналады. Сол себепті шағатай тілін орта ғасырдағы түркі тілінің жазба нұсқасы деп атауға негіз бар. Татар, өзбек, т.б. түркі тілдерінің араласуынан, одан бөлек діннің әсерінен енген кірме сөздердің мол қолданыс табуы түркі халықтары мәдениетінің ортақтығын білдіреді.

«Шағатай тілі» атауы қайдан шықты, қалай пайда болды десек, тарихи деректерге көз жүгіртуіміз керек: «Шағатай иелігіне түркі халықтардың негізінен шоғырланған Мауераннахрдың (қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстанның бір бөлігі), Жетісудің және Шығыс Түркістанның аймақтары қараған. Монғолдық және түріктік дәстүрлерде және де тарихи шындықпен бұл жерлер жиынтығы «Шағатай ұлысы» деп аталып, монғолдық антропоним иегерілді» [4]. Шағатай ұлысында өмір сүрген халық өздерін шағатайлық деп атап, кейін шағатай сөзі семантикалық жағынан дами келіп, этнонимдік сипат алды. Соның нәтижесінде *шағатай* атаулы жасанды тіл қалыптасты. Демек біздің шағатай тілі – халықтың ареалдық ерекшелігіне сай берілген атау. Сонда шағатай тілі түркі тілдерінде актив қолданысқа ие сөздердің араласуынан, одан бөлек кірме сөздерді пайдалана отырып жазылған кітаби тілі болып шығады. Хатқа қатталған сөздер кейін ауызекі сөйлеу тіліне де әсер етіп, қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің тілімізге сіңіп кетуіне жағдай жасаған деп те топшылай аламыз.

Шағатай тілі араб әліпбиін пайдаланған өте дамыған мәдени тіл болған. Бұл туралы Б. Әбілқасымов былай дейді: «Қазақтың ескі жазба әдеби тілінің морфологиялық құрылымында қыпшақ элементтерінің үлесі айтарлықтай. Дегенмен оның негізі шағатай тілі болғандықтан, осы жазба дәстүр бойынша қолданылған оғұз және көне ұйғыр тілдеріне тән тұлғалар да едәуір орын алған. Бұл ерекшелік ортағасырлық түркі жазба тілдерінің барлығына тән. Сөз болып отырған кезеңдегі жазба әдеби тіл араб жазуын пайдаланғандығы белгілі» [5, 128]. Біз шағатай тілі дегенде қазақ тіліне қатысы жоқ басқа тілді айтпаймыз, «Оразмұхамет пен Тәуекел хан, сөз жоқ, бір-біріне хатты орыс, не өзбек, не татар тілдерінде жазыспағандары кәміл.

Заманының мұсылманша сауатты адамдары – хан мен сұлтан сол кезеңнің тәртібін сақтап, жалпыға ортақ түркі жазба тілінің нормаларын ұстап, өздерінше ана тілдерінде – қазақ тілінде жазысты. Ол жазба дәстүр, әрине, шағатай тіліне негізделді» [5, 117]. Демек қазақтың орта ғасырдағы жазба тілі қазақ тілінің тарихи дамуының бір көрінісі, қоғамдық қарым-қатынастарға сәйкес шағатай тілі дәстүрі енгізілді. Сонда шағатай тілі дегеніміз жазба дәстүр болып шығады. Демек орта ғасырларда ауызекі сөйлеу тілі мен жазба дәстүрдің өлшемдері екі түрлі сипатта болған деген тұжырым жасай аламыз. Сондықтан «шағатай тілі» өзге тіл емес біздің қазіргі қазақ тіліміздің орта ғасырдағы жазбаша үлгісін береді. Сол себепті тіл тарихын бағамдауда, дәуірлеп сипаттауда шағатай тіліне соқпай өте алмаймыз. Қазіргі қазақ тілінің болмысын, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін тану үшін де тіліміздің орта ғасыр кезеңіндегі жазба түріне назар салуымыз керек болады. Сондықтан шағатай кезеңі деп танылған тарихи дәуіріміздегі әдеби-мәдени, ресми ескерткіштер қазіргі тіл үшін де құнды болмақ. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде: «Қазақ тіліне шағатай тілі деп аталған орта азиялық түркі әдеби тілінің де белгілі бір дәрежеде әсері болғаны даусыз» делінген [6, 11]. Демек шағатай тілі – қазақ тілінің қалыптануына әсер еткен, қазақ топырағында жазба нұсқада кең қолданыста болған тіліміздің бір тарихи кезеңі.

Шағатай тілінің туындап, дамуына не әсер етті десек, түркі тектес халықтардың бір-бірімен араласуы, тайпалардың қарым-қатынасы, қоғамдық өмір өз ықпалын тигізді деуге болады. Бұл туралы Б. Сағындықұлы былай дейді: «XI-XV ғасырлардағы түркі тіліндегі әдебиеттер аралас тілде жазылған. Бұлай болуы заңды да еді. біріншіден, ол кезде қазіргі ұлт тілдерінің жігі әлі айырылып болмаған еді. тайпа тілдері өз ерекшеліктері болғанымен бір-біріне жақын болатын. Оның үстіне өмір салтына сәйкес, бір тайпа екінші тайпаның тілін түсінетін болған. Сөйтіп орасан зор территорияны иеленіп, бір жерден екінші жерге көшіп кетпеген. Тығыз қатына жасаудың арқасында бір диалектіден екінші диалектіге сөздер ауысып отырған. Екінші жағынан, саяси жағдайдың да айтарлықтар ықпалы болған. Мысалы, бір тайпалар бір кезде белгілі бір тайпалар одағына біріксе, екінші бір кезде екінші тайпа үстем болған. Үстем тайпалардың тілі де үстем болып басқа тілдер сол тайпаның тілінің ықпалына көшіп отырған» [7, 21]. Демек қоғамдық қарым-қатынас, саяси жағдайлар жазба тілінің пайда болуына алып келді. Соның нәтижесінде шағатай тілі барша түркі халықтарына ортақ кітаби тіл болып қалыптасты. Әрине, өз тұсында таза түрік тілінде немесе таза бір тілде еңбек жазып шығуды мақсат еткен жазушылар да бар. Десе де кітаби тіл нормасына сәйкес орта ғасырдағы шығармалардың көпшілігі шағатай тілінде хатталды. Ал ресми-іскери қағаздар таза шағатай тілінің нормасына сәйкес жазылды. Өйткені дипломатиялық қарым-қатынас кезінде ұлттардың бірін-бірі толық түсінгені абзал. Ал мұндай мүмкіндік шағатай тілінде бар еді. Сол себепті орта ғасырдан бастап Абай, Ыбырай дәуірлеріне дейінгі кезеңдерде шағатай тілі элементтері кітаби тілдің нормасына айналды. С. Исаев: «Қазақ әдеби тілі тарихында қос тілділік құбылыс орын ала бастады, бір жағынан, әр түрлі жанрлардағы жазба тілде кітаби тіл дәстүрінің мықтап сақталуы байқалып отырса, екінші жағынан, көркем поэзияда сөйлеу тілінің, ауыз әдебиетінің элементтері, нормалары берік орын алып, тұрақтай бастады», - деп жазады [3, 105]. Сонда қазақ хандығы тұсында екі тіл өмір сүрді дей аламыз. Бірі – жазба тіл, екіншісі – ауызша тіл. Ауызекі сөйлеу тілінің нормалары қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы жоқ екенін жыраулар поэзиясынан аңғарамыз. Жыраулар поэзиясы қазіргі кезеңге дейін ауызша формада жетті, ал егер сол заманда жыраулар поэзиясын жазбаша үлгіге түсірсе, шағатай тілінің элементтері кірігіп кетер ме еді? Қалай десек те шағатай тілі – қарапайым құрылымдық нормалары бар тіл емес, түркі тілдерінің қоспасынан, араласуынан пайда болған тіл. Сол себепті қазақтың орта ғасырдағы жазба тілін «ескі қазақ жазба тілі» деп атауға қисын бар сияқты. Тек сол тұстағы ескерткіштер тіліне талдау жасау барысында қазақ тілі элементтерін, құрылымдық,

грамматикалық ерекшеліктерін сипаттай отырып, қазақ тілінің үлесі қанша екендігін анықтау қажет.

Шағатай тілінің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:

1. Бастапқы шағатай кезеңі (1400—1465);
2. Классикалық шағатай кезеңі (1465—1600);
3. Кейінгі шағатай кезеңі (1600—1921). [8].

Көркемдік жүйесі жетілген, түркі дүниесі үшін құнды еңбектер осы классикалық кезеңде дүниеге келді. Ал кейінгі шағатай кезеңінде ресми хаттар, хан жарлықтары хатталды. Тарихи ескерткіштерде шағатай тілі сипатының қаншалықты сақталғанын анықтау, шағатай тілін дұрыс дәуірлеуге, дәуір болмысын тануға мүмкіндік береді. Классикалық кезеңде жарыққа шыққан Қадырғали жылнамасы туралы Р. Сыздық: «XVI ғасырда Қадырғали шежіресі арқылы көрінген қазақ жазба тілінің Орхон-Енисей ескерткіштері мен көне ұйғыр жазбаларынан жалғасып келе жатқан көне элементтерден едәуір арылғаны байқалады, сондай-ақ ескі өзбек, ескі татар тілдеріне қарағанда, араб тілінің ықпалынан да іргесін алшақтата бастағанын көруге болады. Қадырғали жылнамасының тілі шағатай тілі нормаларын сақтаған» деген пікір білдіреді [9, 126]. Демек шағатай дәуірінің классикалық кезеңінде шағатай тілі нормалары барынша тұрақтанып, нормаға түскен.

Сонымен, шағатай тілі – қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына ықпал еткен, қазақ тілінің орта ғасырдағы жазбаша сипаты. Шағатай тілінің құрамында түркі тілдерінің қоспасы, діни сенімнің әсерінен енген араб-парсы тілдері бар. Лексикалық, грамматикалық тұрғыда қазіргі қазақ тілінен ерекшелгенімен, шағатай тілінің тілдік болмысына, әсіресе, сөздердің байланысу жүйесі мен сөйлем жүйесіне назар салу біраз тілдің бүгінгі үшін де, өткені, келешегі үшін де біраз мағлұмат береді. Шағатай тілінің фонетикасы, лексикасы мен морфологиясы нақтылы әдеби ескерткіштер негізінде біршама зерттелді, ал синтаксис саласына қатысты зерттеулер әлі де ғылыми көзқарастарды талап етеді. Сондықтан шағатай тілінің синтаксистік жүйесіне зер салу, синтаксистік модельдер ұсыну біздің алдағы уақыттағы жүргізетін зерттеуіміздің өзегі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбділәшімұлы Д. Ескі қазақ жазба тілі. – Алматы: Елтаным, 2016. – 240 б.
2. Сабыр М. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 316 б.
3. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
4. Мұқанова А. Түріктік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы// <https://articlekz.com/kk/article/15519>
5. Әбілқасымов XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. - Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.
6. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісоа Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 240 б.
7. Сағындықұлы Б. Алтын орда жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 112 б.
8. Шағатай тілі// <https://kk.encyclopedia.kz/index.ph>
9. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.

БАШКИРСКИЕ ИМЕНА С РЕЛИГИОЗНЫМ КОМПОНЕНТОМ

ИЖБЕРДИН В.Р.,

Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмиллы, магистрант, Россия, Уфа

СУЛТАКАЕВА Р. А.,

Кандидат филологических наук, доцент кафедры башкирского языка и литературы факультета башкирской филологии, Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмиллы, Россия, Уфа

Аннотация: В статье разбирается история происхождения, образования мужских и женских имен с религиозным компонентом у башкир. Предоставлена классификация по происхождению и семантике личных имен с религиозным составляющим. Разобраны имяобразующие компоненты, выявлены методы заимствования антропонимов и указаны языки-источники.

Ключевые слова: башкирские имена, ислам, структура имен, значения имен.

Annotation: The article analyzes the history of the origin, formation of male and female names with a religious component among the Bashkirs. A classification according to the origin and semantics of personal names with a religious component is provided. The name-forming components are disassembled, the methods of borrowing anthroponyms are revealed and the source languages are indicated.

Key words: Bashkir names, Islam, structure of names, meanings of names.

Выбрать подходящее имя для своего чада – дело высочайшей степени ответственности, хоть, на первый взгляд, это кажется очень легким. У любого человека свои вкусы и свои предпочтения! И при имянаречении неправильно ограничиваться только своим собственным вкусом и взглядом, а следует иметь в виду то, что это другой человек, и носить это имя будет он. То имя, которое человеку дали после его рождения, остается с ним до его смерти. Понимая все это, отец и мать ребенка обязаны выбирать имя для своего малыша очень внимательно, с большой щепетильностью и чрезмерной осторожностью: это должно быть красивое имя, иметь изящную форму, и самое главное, чтобы это имя понравилось самому малышу. «Ты носишь имя, данное отцом!» Так в одном из своих стихотворений высказался выдающийся башкирский поэт и просветитель Мифтахетдин Акмулла.

Имя часто имеет некое определенное значение. Либо это дань уважения великому человеку: родственнику, соплеменнику, соотечественнику, либо это подражание моде в определенный временной период, либо же это личное предпочтение [4].

Ни для кого не секрет, что мусульманская религия оказывала колоссальное содействие на башкирскую культуру, обычаи и обряды. Арабизмы проникали в башкирский лексикон на протяжении многих веков. Исследования различных ученых, изучавших башкирские имена, показывают, что больше половины имен, которые содержат религиозную семантику, имеют под собой арабскую основу. Башкирский язык в этом плане не является чем-то отдельным от других тюркских языков. Исламские ученые говорят, что ислам не обязывает мусульман давать детям только арабские имена. Критерий, который должен быть соблюден при выборе имени в Исламе – это то, что имя не должно нести плохого смысла [3]. Плохой смысл может заключаться либо в

противоречия канонам Ислама, например: «Абдушшамс», что переводится с арабского как, «раб солнца», либо имя несет унижительный характер и может вызвать насмешки, например: «Химар», что переводится с арабского как, «осел, ишак» [1]. Известный испанский мусульманский богослов средневековья Ибн Хазм аз-Зохири писал, что такие имена, как Ғәбдулнәби (Абдельнабий, абд + альнабий, араб. «раб» + «пророк», «раб пророка»), Ғәбдулхәсәйен (Абдельхусейн, абд + альхусейн, араб. «раб Хусейна»), являются запрещенными, потому что означают поклонение кому-либо, а не Аллаху [2]. Стоит заметить, что имена с таким значением среди башкир не особо распространены, если и встречаются, то без имяобразовательного компонента ғәбд-(габдул-), а в сокращенной форме: Нәби (Наби) или Хәсәйен (Хусейн).

Л. Р. Сулейманова, опираясь на слова религиозных специалистов, подразделяет все личные имена башкирского языка на 4 группы: 1) имена, указывающие на поклонение Аллаху (Богу); 2) имена пророков и посланников; 3) имена известных религиозных деятелей: ученых, праведников, правителей; 4) имена, не вошедшие в первые три группы, отвечающие требованиям шариата и не похожие на имена немусульман [5].

Мы считаем, что эта классификация предлагаем другую более подробную классификацию антропонимов башкирских имен:

1. Антропонимы, содержащие следующие имяобразующие компоненты:

а) -уллаһ(-аллаһ) – араб. «Бог, Господь». Эта морфема показывает на принадлежность и поклонение Аллаху (Богу): Ғәбдуллаһ (Абдулла, 'абд + улла, араб. «раб Аллаха»), Нуруллаһ (Нурулла, араб. «свет Аллаха») и т.д. Стоит отметить, что все имена с подобным компонентом мужские. Женские имена с компонентом -уллаһ не распространены среди башкир;

б) -дин – араб. «религия, верование». Зәйнуддин (Зайнуддин, араб. «украшение религии»), Фәхруддин (Фахруддин, араб. «гордость религии») и т. д. Иногда этот компонент встречается и у женских имен: Диниә (Диния, араб. «имеющая сильную религию, религиозная»), Динә (Дина, араб. «религиозная»).

в) ғәбд- (ғәбдуль-, абдуль-, ғабде-) – араб. «раб, слуга, невольник». Этот компонент в начале мужских имен, указывает на поклонение. Среди женских имен этот приставка отсутствует, так как изначально она обозначала только мужчин в арабском языке и не использовалась в отношении женщин. Ғәбдрәхман (Абдуррахман, 'абд + ар-Рахман, араб. «раб Милостивого Аллаха»), Ғәбдулькәрим (Абдулькарим, араб. «раб Великодушного Аллаха») и др. Во всем словаре С. Х. Тупеева имеется 297 таких имен, из которых 11 являются фонетическими вариантами: Абдрахман – Ғәбдрәхмән, Габдульхай – Ғәбдульхәй и др [6].

г) исләм (ислам) – араб. «религия, покорность». Этот компонент может встречаться и в начале имен, и также в конце. Например: Исләмбай (ислам + бай, башк. «богатый, зажиточный»), Динислам (дин + ислам, араб. «исповедующий религию Ислам») и т. д.

2. Особую группу образуют распространенные антропонимы с именем пророка Мухаммада ﷺ (Мухамет, Мөхәммәт): Мөхәммәтғәле (Мухаметали, Мухамет + али, араб. «возвышенный, вознесенный»), Мөхәммәтйән (Мухаметян, Мухамет + ян, башк. «душа»), и т. д. Помимо имен, имеющих в словарях, есть такие имена, как Мөхәммәтрәшит (Мухаммерашид, Мухамет + рашид, араб., башк. «праведный, идущий по прямому пути») и другие.

3. Библийские имена. Эти антропонимы являются либо полностью заимствованными из арабского языка за редким исключением, либо же какой-либо из компонентов является заимствованным из другого языка, а другая часть – слово башкирского происхождения. Наряду с заимствованными из арабского встречаются слова, заимствованные из древнееврейского языка. Все перечисленные имена вошли в башкирский антропонимикон через арабский язык и претерпели некие фонетические изменения: Әйүп (Аюп, др.-евр., араб. «терпеливый, много кающийся» (от имени библейского пророка Иова)), Йосоп/Йософ (Юсуп/Юсуф, араб.

«красивый, прекрасный» (арабская форма библейского пророка Иосифа)), Ильяс (др.-евр., араб. «непобедимый, крепкий»), а также антропонимы, как Рэхилә (Рахилия), Сөләймән (Сулейман), Мәрийәм (Марьям), Науа (Ева) и др.

4. Антропонимы от известных географических объектов или мусульманских святынь: Бәйтулла/Байтулла (араб. «дом Аллаха» (Кааба)), Мәдинә (Мадина, араб., священный город Медина), Мәккә (Макка, араб., от названия арабского города Мекка), Фирзәус (Фирдаус, араб. «Рай») и т.д.

5. Антропонимы, связанные с духовными лицами, положением, чином. Имам (араб. «правитель, ученый, духовный чин, авторитет в религии»); Имаметдин (Имамуддин, араб. «глава в религии, распространитель религии»), Сәйфеддин (Сайфуддин, араб. «меч религии»), Хафиз (араб. «Хранитель, знающий Коран наизусть»).

Следует отметить, что многие имена двусоставные. Некоторые компоненты встречаются только в начале имени: абд- (ғәбдул-, габд-, ғабде-), йома-, иман-, другие как второй элемент: -уллаһ (-allah). Среди двусоставных имен можно найти имена, в обоих компонентах имеющих религиозное значение: Хафизетдин (хафиз + етдин/дин, араб. «знающий Коран наизусть» + «религия»), Нәбиәхмәт (Набиахмет, набий + ахмад, араб. «пророк» + «самый хвалимый, много восхваляющий»). Оба компонента в данных именах арабского происхождения.

Проанализировав башкирские имена с религиозной семантикой, приходим к следующим выводам:

1. На башкирскую антропонимическую систему в разные годы и на различных местностях оказывала активное влияние мусульманская (особенно арабская) система.

2. Все имена с религиозной семантикой являются заимствованными из арабского, древнееврейского и персидского языков как это подтверждается разными словарями. Исконно башкирских имен не наблюдалось.

3. Хотя и некоторые имена с религиозной семантикой являются устаревшими и среди сегодняшней молодежи не пользуются успехом, большая их часть распространена. Сегодня, когда возрождаются истинные человеческие ценности, когда люди обращаются к Богу, к вере, имена, которые вышли из употребления, возвращаются.

На примере антропонимов у башкир мы видим, что исламская религия не только не способствовала исчезновению существующих народных традиций, но и обогащала и одухотворяла их новыми содержаниями.

Список литературы

1. Али-заде А. А. Исламский энциклопедический словарь. – М. : Ансар, 2007. – 400 с.
2. Кусимова Т. Х. В мире имен. Словарь башкирских имен. – Уфа : Книжное изд-во Башкортостана, 1991. – 192 с.
3. Малахов И. З., Фаррахов С. С. Имена от А до Я. – Уфа : Медресе им. Марьям Султановой, 2006. – 160 с.
4. Раемгужина З. М. Башкирский антропонимикон в свете языковой картины мира (аспекты формирования и особенности функционирования). – Уфа : Изд-во Уфимского филиала ГОУ ВПО «МГОПУ имени М. А. Шолохова», 2006. – 256 с.
5. Сулейманова Л. Р. Влияние ислама на башкирские антропонимы // Актуальные проблемы современной башкирской филологии : материалы Всерос. науч.-практ. конф. – Уфа, 2013. – С. 231–234.
6. Тупеев С. Х. Толковый словарь башкирских личных имен. – Уфа : Башкирская энциклопедия, 2010. – 360 с.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – АЛАШ ТАҒДЫРЫ

*ТАЛАСПАЕВА Ж.С.,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты
ИСКАКОВА А.С.,
Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі.
Қазақстан, Петропавл қ.*

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік, қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көреміз. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай ірі шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі. Сол зиялы қауым көтерген іргелі мәселелердің бірі – тіл мәселесі. «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген қазақтың біртуар ұлы Ахмет Байтұрсынұвтың ұлағатты сөзі әрбір қазақтың санасына – шырақ, жүрегіне жігер беруі керек. Тарих тағылымында есімдері ерекше аталатын Алаш қайраткерлерінің ұлт-азаттық қозғалысы дін және тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, жер мен елдік дауына ұласқаны белгілі.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр десек, олардың тіл тақырыбы төңірегіндегі ойлары қазірде де өміршең. Олардың сонау ХХ ғасырдың басында тіл туралы айтқан ой-пікірлерінің ХХІ ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды болуы – біздің бұл салада атқарар істеріміздің әлі де бар екендігін көрсетеді. Айталық, бүгінгі мектеп, ондағы қазақ тілінің жай-күйі, жас ұрпақтың қазақ бола отырып, орыс сыныптарында білім алуы және ондай қазақ балаларының мыңдап саналуы қынжылтады. Қазақ баласының орысша білім алуы оның ұлттық тәрбиеден айырылуымен пара-пар. «Ана тілін білмеген – ана сүтін татпаған» деп халықтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы бекер айтпаса керек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығанда ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деп ұрпақтың ұлттық тәрбие алуының себебін көрсетсе [1,464 б.], Халел Досмұхамедұлы: «Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сінбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [2,154 б.] деп тілдің сақталуы мен дамуындағы мектептің маңызды орын алатындығын аңғартады.

Белгілі лингвист ғалым М.Серғалиев өзінің «Алыптарды алқаласақ» деген мақаласында Халел Досмұхамедұлының тіл турасында айтқан пікірлерін кеңінен қарастырған. «Балалар мен жасөспірімдердің ана тілін және басқа тілді игеру мүмкіндіктері мен әдеттері туралы Х.Досмұхамедұлының пікірі өте қызғылықты. Оның пайымдауынша, орыс мектебінде оқыған қазақ балалары мен орыс балаларының орыс тілін білу дәрежесі әр түрлі. Былайғы жұрт оны басқаша түсінуі мүмкін. Мәселен, орыс балаларының өз ана тілін жақсы, жетік білетін болулары

керек, ал қазақ балалары орыс тілін олардан төмен дәрежеде меңгергені деп ойлауымыз ғажап емес. Халел Домсұхамедұлы пікірінің қызғылықтылығы сол – мұндайда қазақ балалары орыс тілін орыс тілді балалардан артық және мол меңгереді екен. Ғалым оның себебін де ашып көрсетеді. Ол себеп мынада: орыс балалары үй-ішінде, отбасында білетін орысша сөйлеу, орыс тілін қолдану дағдысымен мектепке барады да, сол ауызша сөйлеу әдетінен айрыла алмайды. Ал қазақ баласы болса бірден орыс әдеби тілін үйренуге кіріседі де, сол әдеби тілді меңгеруді мақсат етіп қояды. Сондықтан да қазақ балаларының орыс тілінде жазған еңбектері де, орыс балаларының жазған еңбектерінен сауатты, әрі қатесіз болып шығады Мұнымен Х.Досмұхамедұлының айтайын деп отырғаны – бір жағынан, қуанышты; екінші жағынан, өкінішті жайлар. Қуанышты болатын себебі – қазақ балалары білім алуға, білмегенін тез қабылдауға және оны жадында сақтауға қабілетті екендігіне баса назар аударады. Ал өкініштісі сол – орыс тілін таза білуді мақсат етіп, өз ана тілін білмей қалатынын ескертеді. Сондықтан да ғалым: «Мектепте ана тілін жақсылап оқыған балаға орыс сөздерін көпке дейін дұрыстап сөйлеу мүмкін емес» дегенді еске салады. Аңдап қарасаңыз, бұдан автордың өкініші байқалып отырған жоқ, керісінше басқа тілді игеруден бұрын өз ана тілін жетік білуге шақырады. Сондықтан да бұл күнде қанатты сөз ретінде жиі айтылып жүрген ғалымның мына ойын тағы қайталап еске салудың еш артықтығы жоқ: «Ана тілін жақсы біліп, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» [3,245 б.].

Алаш қайраткерлері тіл мәселесін ешуақытта ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деп жазған еді. Ұлы тұлғалардың сөзінде ұлт тілінің маңызымен бірге ескерту, сақтандыру ойлары да жатыр. Біздің заманымыз үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында. Десек те, тәуелсіздігіміз ат жалын тартқан азамат жасына жетсе де, осыны көптеген қазағымыз осы күнге дейін түсіне алмай, түйсіне алмай жүргені шындық. Біздің басты мақсатымыз, халқымыздың жұмысы қазаққа қазақша сөйле, балаңды қазақша оқыт, жұмысыңды қазақша атқар деген сияқты жұмыстармен байланысты болып отыр. Бұл күрес сонау Алаш қозғалысы дәуірінде басталған аманат күресі, тәуелсіздігімізді тұғырлы етеміз десек, оны орындау біздің парызымыз.

Алаш қозғалысы қазақтың жазба тіліндегі құжат тілінің де белгілі бір қалыптарын түзді. Айталық, уездік, облыстық, жалпықазақ сиездерінің хаттамалары, қаулылары, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қатынас хаттары құжат тілінің жаңа бағыттағы лексикасын қалыптастырды. Бұған қоса, Алаш қозғалысы дәуірінде эпистолярлық жанрдың ерекше дамығанын әбден аңғаруға болады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ж.Сейдалиев, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатовтың т.б. хаттары осы жанрдың тарихындағы үздік үлгілер.

Қазақ тілі тағдырдың тәлкегіне түскелі қашан? Тіліміз туралы бүгінгі толғау бұдан 100 жыл бұрын басталған еді десек, біреу сенер, біреу сенбес. Ал, шынында да солай. Мәселен, Әлихан Бөкейханов 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде жазылған «Қарқаралы петициясында» қазақ қоғамының ұлттық мүддесі етіп қойылған негізгі талаптардың бірі ретінде: «Ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, мемлекеттік аппараттар, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою т.с.с.» мәселелерді атап көрсетті [4,13 б.]. Тіл туралы талас-тартыстар бұдан кейін де тоқтаған емес. Мәселен, Сәкен Сейфуллин кезінде (1923-1925 жж.) кеңсе құжаттарын қазақ тілінде жүргізу жайында «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»)

газетінің бетінде 9 мақала жариялапты. Бұл кездерде қазақ тілінің тағдырына, жастарға ана тілінде білім беру т.б. мәселелерге белсенді түрде кіріскен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қошқе Кемеңгеров, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов т.б. осы сияқты мемлекет қайраткерлерінің есімін ерекше атауға болады. Х.Досмұхамедұлы «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М.Дулатов «Қазақ тілінің мұңы», Н.Төреқұлұлы «Ауропа сөздері» сияқты еңбектерімен ұлттық тілдің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуына, басқа тілдердің әсерін сіңірмеуіне, тіл табиғатының бұзылмауына көпшіліктің назарын аударып, өрелі ойларын айтып кетті. Олардың қазақ тілі мәселесіне ерекше мән берулерінде ұлттық сезімнің, қамқорлықтың тұрғаны анық. Ардақтыларымыз тіл тағдырын ел тағдырымен сабақтастыра отырып, жүрек түкпірінен жалындап шыққан жырларымен ана тіліне деген жанашырлықтарын, құрметтерін білдірді. Мәселен, А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» т.б. өлеңдері соның айғағы. Зерттеушілер Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекетті құру жөніндегі көзқарасын бес ұстанымымен сипаттап, сондағы «төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек», – дегенді айтады. Осы тұжырымнан Алаш көсемдерінің мемлекет қалыптастыру деген ұғымның астарында жергілікті халықтың тілі, ұлттық тілге қандай мән беріп отырғандығын көреміз.

Ана тіліміздің тазалығына, түсініктілігіне ерекше мән берген Алаш қайраткерлерінің бірі – Қошқе Кемеңгерұлы болды,- деп жазады академик М. Серғалиев. Ғалымның пікірін жалғастырсақ, - дәлірек айту керек болса, Қ.Кемеңгерұлы көпшілікке түсініксіз, жергілікті ерекшелік сипаты бар сөздерді қолдануға қарсы. Екінші жағынан, әлдекімдер түсінбейді екен деп, әдебиетте бар сөздерден қашудың қажеттігі жоғын айрықша атап көрсетті. Қошқе Кемеңгерұлы мұндай жағдайда ойын нақты деректермен дәлелдейді: «Тауқымет», Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғандарында кездеседі. «Ғадауат» Абайда бар. «Саранжам» Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қиссасында бар. Қазақ жас бала өлсе, «шапағатты болсын» деп көңіл айтады. «Соламай» Көкшетау уезінің сөзі» Демек, өзі құрастырған «Қазақша-орысша тілашардағы» сөздерді кейбіреулеріне байланысты дау айтушыларға, яғни сөздікке ол сөздерді қисынсыз кіргізді деп сынаушыларға Қ.Кемеңгерұлының жауабы ғалымның білімпаздығынан да, жоғары мәдениетінен де хабардар етеді. Енді бірде Қ.Кемеңгерұлы «не бар болғаны», «балдар», «жылқышылық» деген сөздер мен тіркестерді қолданушыларды сынға алады. ...«Бар болған» да жетпей ме? «Не-ге жол болсын!», «Балдар» қайдан шыққан? Дұрысы «балалар» емес пе? «дар»-ды алып тастағанда «бал» не болады? Елдің ұғымында «жылқышылық» дегенге жұрттың көбі жылқышы болады екенбіз деп ат-тонын алып қашып жүрмесін... «Жылқы өсіру» десе, ел қазағы тез түсінбей ме? Даяр сөз тұрғанда «бүйректен сирақ шығарып не керек?» [3,247 б.] деген сөзін тілге тиек ете отырып, Алаш қайраткерінің фонетика, орфография салаларына байланысты айтқан жүйелі пікірлерін тұжырымдап көрсетеді. Сол кезде орын алған тіл шұбарлығына әлі де балта шаба алмай келеміз. Тіл мәдениетіне ерекше назар аударған ғалымдарымыз ортамызда болса, бүгінде тіл қолданысында жиі кездесетін «жатқан» сөзінің «жатырған» болып, «отырған» сөзінің «отырық» болып, «қой, ғой» шылауларының «қо, ғо» деп айтылып жүргендігіне қынжылыс білдірген болар еді.

Алаш көсемдері тілді елдің тұтастығын, ұлттың жасампаздығын сақтап қалудың жолы деп білген. Сондықтан жергілікті халықтың тілінде мерзімді басылымдар шығарып, қоғамдағы орын алған мәселелерді көтеріп, елдік пен ұлттық болмысты сақтауға шақыратын материалдарды жария еткен. «Әрине, қазақ кедейінің тәнінің, жанының қандай жерлерінде қандай жарасының бар екенін, қандай дерттерінің бар екенін білетіндер – қазақтың тілін, ғұрып, әдетін, тұрмысын білетін қазақтан шыққан коммунистер. XII-ші партия жиналысының бұл қарарын іске асыруға түрлі лаж көрсетіп, бұл іске өздері білектерін сыбанып, белсеніп кірісуге сол қазақтан шыққан коммунистер ең алдымен міндетті. Әрине, қазақ бұрынғы өгей әкеден

қорлық көріп қалған жетім бала. Жетім бала көпке дейін бір түрлі қорғалақ, жасқаншақ, қорқақ болады», - дей келіп Сәкен Сейфулин: «қазақ коммунистері ірі жұмысқа қасқайып кірісіп, серке болып, бастай алмай отыр» деп күйінеді. «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек» деп жазады. «Волостной исполкомдарға істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашу керек, солардың жәрдемімен аудан, облыс, республика мекемелеріне қатынас қағаздарын қазақ тілінде үзбей жіберіп тұру керек. Қалалардағы мекемелерде қазақша хат білетін кісі жоқ, сол себепті орысша жазу дұрыс деген сөзді тастау керек» деп ескертеді. «Қаладағы мекемелерге қағазын жазып отырса, қала өздігінен қазақша үйренеді, сөйтіп кеңсе ісі қазақшаға біртіндеп көше бастайды, сонда ана тілінің қадірі артып, еңсесі көтеріледі, ресми сипатқа ие болады» деп түсіндірді. Үлкен де ауыр, әрі саяси астары күшті істі бастап отырғанын ол білмеді емес, білді. Ұлты үшін бұл мәселені тиянағына жеткізуге бел байлады. «Мекемелерде істі қазақ тілінде жүргізу бір кісінің айтуымен болатын іс емес, көптің күшімен, жалпы ынтамен, тегіс жұмылуымен болатын нәрсе. Қазақтың еңбекшіл табы шын қатарға кірсін, өз тізгінін өзі алсын деген азамат бұл іске жан аямай кірісуі керек» деп ұран тастады. Бұған «жергілікті мекемелер не айтар екен, не істер екен, күтейік» дегендерге «Кеңес елінде күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар, сескенбе» деп қайраттандырып, жігерлендіріп отырды.

Осылайша қыруар істі атқарып жүрген Сәкенді сөзге қалдырушылар, әсіресе орыстың шовинистік пиғылдағыларына сыбырлаушылар, бұрмалап жеткізушілер табылған шақта Сәкен қатты шымырқанып: «біздің қазақ коммунистері қазақ тілі туралы қатты кірісуден» біреу ұлтшыл деп айтады...» деп бой тартады. Бірақ бұл қулық, ... ол – жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды: «анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл» дер. Бірақ ондай сасық демагогтар коммунистік партияның орталық комитетін «ұлтшыл» деп айта алмас» деп бір-ақ кесті [5,19 б.]. Сәкен Сейфулиннің осындай батыл үніне ғалым М.Серғалиев:«Үкімет басшысының орынтағында отырып-ақ, сол кездегі қызылдар мен ақтардың, большевиктер мен меньшевиктердің таптық, саяси тартысы, олардың іштей текетірестері әлі толық аяқталмай тұрғанда, әсіресе, ұлт тілі жайындағы әңгімені кездейсоқ ауызға алудың өзі аса қауіп-қатерлі шақта Сейфолланың Сәкені ғана ешбір жалтақтамай, жанын шүберекке түйіп осындай тәуекелге бармап па еді?!» - деп баға береді [3,317 б.]

Бірақ тіл үшін күресу тәсілі әр кезде әртүрлі болғанымен, мемлекеттік тіліміздің кезінде «батпаңдап кіргенімен, мысқылдап шығып» кете алмай жатқан кеселі біреу-ақ, ол – өз жерінде, өз елінде мемлекеттік биік мәртебеге ие бола тұрса да, қоғамдық өмірде, әсіресе еліміздің солтүстік өңірінде, өзінің сан алуан қызметін әлі күнге дейін өз дәрежесінде атқара алмай, өрісін кеңейтіп, өз деңгейіне көтеріле алмай келеді.

Еліміздің кешегісі мен бүгінгісін және болашағын ұлтжандылықпен ойлап, зерттеп, саралап кеткен академик Манаш Қозыбаевтың «...Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем тілде жазылған халық қана өркениеттің төл перзенті», – деген тәмсіл ойын біз де санамызға мықтап түюіміз керек.

Бүгінде ұлты үшін шырылдаған Алаш қайраткерлерінің есімдерін ұлықтау істері жанданып келеді. Еліміздегі нысандар мен көшелерге атаулар беруде ұлтымыздың тарихында айрықша орынға ие болған тұлғалардың есімдері қамтылып жатқандығы көңілімізге қуаныш ұялатады. Петропавл қаласының үш мектебіне Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан, Смағұл Садуақасов сынды ұлт зиялыларының есімдері берілді. Сонымен қоса, басқа да колледждер мен мектептер Қожаберген Толыбайұлы, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Жұмабек Ташенов, Сафуан Шаймерденов т.б. еліміздің ұлтжанды тұлғаларының есімдерімен аталады.

Мағжан Жұмабаев: «Тіл әрбір адамға қандай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт

болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті...» деген болатын.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Ұлттың жаны мен жүрегі, ары мен ұяты туған тіл мен ұлттық мәдениеттің негізінде жатқаны аян.

Алаш арыстарының алдында бүгінгі ұрпақ қарыздар. Олардың өміршең идеялары, негізгі мұраттары ұлт тәуелсіздігімен байланысты десек, бүгінгі таңда бізге рух, сана тәуелсіздігін қалыптастыру қажет. Ал оның негізі – ана тіліміз, мемлекеттік тіліміз. Өйткені тіліміз – руханиятымыздың іргетасы, ұлттық болмысымыздың айнасы, қазақтығымыздың, Алаш ұрпағы екендігіміздің басты белгісі.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Досұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 154 бет.
3. Серғалиев М. «Тілім менің, тінім менің: Мақалалар, баяндамалар. / Құрастырушы: Қ.Сарекенова/ – Алматы: Сардар, 2013. – 392 бет.
4. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы, 1994. – 384 бет.
5. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. Мақала, публицистика. – Алматы: Жазушы, 1998. – 383 бет.

АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ “ҒИБАТ-УЛ ХАҚАЙЫҚ” ЕСКЕРТКІШІ А, Ә, Б НҮСҚАЛАРЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

ИЛЬЯСОВА Н.Б.,

*Еуразия технологиялық университетінің
оқытушысы,
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада XII ғасырдың ескерткіші «Ғибат-ул хақайық» мәтінінде кездесетін сын есімдердің А, Ә, Б нұсқаларындағы ерекшеліктері және олардың қолданылуының статистикалық көрсеткіші анықталды.

Кілт сөздер: ескерткіш тілі, текстология, статистика, грамматика.

Аннотация. В данной статье выявлены особенности прилагательных в вариантах А, Ә, Б, встречающихся в тексте «Ғибат-ул хақайық» памятника XII века и статистический показатель их употребления.

Ключевые слова: язык памятников, текстология, статистика, грамматика.

Annotation. This article shows the features of adjectives in variants А, Ә, Б, occurred in the text “Hibat ul hakaуyk” of the XII century monument and the statistical indicator of their use.

Keywords: language of monuments, text studies, statistics, grammar.

XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда барлық сөз таптарының жасалуы, грамматикалық ерекшеліктері мен функциялары жағынан бір-біріне жақын. Сонымен қатар, әрбір шығармада өз дәуіріне тән грамматикалық ерекшеліктер кездеседі, бірақ бұл ерекшеліктер бір шығармада толығымен кездессе, екіншісінде одан азырақ, немесе толығымен көне формада кездеседі.

«Ғибат-ул хақайықта» кездесетін кейбір сөз таптары – лексикалық, грамматикалық жағынан өзіне тән форманы сақтаумен қатар қазақ тіліне ұқсас және айырмашылықтар болуымен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында ескерткіштегі зат есім, сын есім және үстеулердің кейбір грамматикалық формаларын есепке алмағанда олардың өзіне тән морфологиялық формалары жоқ екенін байқадық. Олар өзара немесе басқа сөз таптарымен синтаксистік қарым-қатынасқа түскенде олардың арасындағы айырмашылықты ажыратуға болады.

Шығармада туынды сын есімдермен қатар түбір сын есімдер бар, оның ішінде зат есім жасайтын аффикстердің көпшілігі сын есім жасайды. Сын есімдердің форма тұрғысынан атрибуттарды қабылдауы олардың сипат, ерекшелік білдіруінде өзіне тән тараптары бар. Шығарманың жазылған уақытына қарамастан түбір немесе туынды екендігін ажырату мүмкін емес сын есімдер де бар. Қазіргі тұрғыдан қосымшалардың түбірге әбден сіңісіп кету салдарынан мұндай сын есімдер түбір мағынаға ие деп қаралды.

Ескерткіш тіліндегі түбір сын есімдер қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер сияқты заттардың сипатын білдіреді. Мысалы: *суқ* – *сұқ*, *сұғанақ*, *ашкөз*; *көб* – *көп*, *мол*; *есиз* – 1. жаман, нашар, ақылсыз, ессіз; 2. жамандық, дұшпандық.

«Ғибат-ул хақайықта» сын есімдер төмендегі мағыналарды береді: реңк-түс білдіреді, көлемін білдіреді, қашықтық-ұзындық өлшемдерін көрсетеді, дәмін білдіреді, адамның қасиетін және зат, әрекет немесе жағдайды білдіреді, заттың уақытқа болған қарым-қатынасын білдіреді, заттың сапасын білдіретін сын есімдер. Ескерткіш мәтінінен мынадай мысалдарды келтірсек:

Едиз – *биік*. Көне түркі сөздігінде 1. высокий 2. возвышенный 3. высоко деген мағыналары тіркелген [1, 164 б.]. Ескерткіште *едиз* – *биік*, *едизрак* – биігірек формасында ұшырасады. Қазақ тілінде *едизрак*-биігірек, ал өзбек тілінде *баландрок*-жоғарырақ деп аударылса, түрік тілінде *daka yüksek* түрінде берілген. Бұл жердегі “*daka*” сын есімге күшейтпелі мағынаны жүктейді.

Артақ жаман, бұзық, қасқой. Көне түркі сөздігінде «*артақ*» сөзінің беретін мағынасы *испорченный, нарушенный, гнилой* [1, 56 б.]. *Артақ* сын есімі ҺХ ескерткіш тілінде 395 және 413 жолдарында кездеседі. Р. Арат [2, 312 б.] пен Б. Сағындықұлының жасаған транскрипциясында *sen artak sen anin ajun artadi* ҺХ 395 деп берілсе [3, 210 б.], өзбек ғалымы Қ. Махмудов *сән артаксан анын ачун артады* деп береді [4, 85 б.]. Дегенмен барлығында *сен бұзықсың* деп аударылады. 413 жолдағы *артақ* сөзін Р. Арат *ақылсыз* деп аударса, Б. Сағындықұлы мен Қ. Махмудов *бұзықтық істеуші* деп аударма береді. Қазіргі қазақ тілінде *артақ* сөзі қолданыста болмағанмен, «*артық қылық жасама*» деген тіркес бар. Оның мағынасы жамандық, бұзықтық жасама деген сияқты мән береді. Демек, біздің тілімізде *артақ* формасы сақталмағанымен, көне мағынасы сөз тіркестерінде сақталып қалған.

Ахы жомарт. *Ахы* сөзі көне түркі сөздігінде *шедрый* мағынасын білдіреді [1, 48 б.]. Ескерткіш тілінде *ахы* сөзі 9 рет, *ахылық* 5 рет, *ахылықны* 1 рет кездеседі. Түркі тілдеріндегі аудармаларға мысал келтірсек, түрік ғалымы Р. Араттың еңбегінде *ахы* сөзі *жомарт* деп аударылған. Ögersen, cömert adamı öğ. Қазақ және түрік тілдеріндегі аударма бірдей. Қ. Махмудов өзбек тіліне *Мақтасанг сахий кишининг мадхани қил / Жомарт ерді мақтағыл мақтар болсаң сен деп тәржімалаған*. Түрік тілінің *cömert* (жомарт) сөзі *мәрт* сөзімен, өзбек тіліндегі *сахий* ескерткіш тілінде қолданылған *ахы* сөзіне фонетикалық тұрғыдан жақын.

Кертү анық. Ескерткіш тілінде *кертү* сөзі бір рет қана 368 жолда кездеседі. А және Б нұсқасында *кертү*, Ә нұсқасында *кертүү*. *Кертү* сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі анық сөзі арасында ешқандай байланыс болмағанымен, қазіргі эзирбайжан, түрік тілдерінде анық, дәл сөзі *герчектен* деп қолданылады [5, 958 б.]. Сөзге жалғанған қосымшалары әр түрлі болғанымен, түбір *кер-гер* бір болып тұр. Көне түркі сөздігінде бірнеше мағынаны білдіреді: 1. правдивость, верность 2. клятва 3. правдивый, истинный [1, 302 б.].

Кез/кет/кәт сөзі ҺХ ескерткішінде 5 рет кездеседі. Қатты, мықтап, берік мағынасын білдіретін бұл сөздің ескерткіш тілінде *кез, кәз, кәт, кит* деген нұсқалары жарыса қолданылған, бірізді емес. Бұл жерден *е~ә, з~т* дыбыс алмасуларын көруге болады. Араб және көне ұйғыр жазбаларын көшірмешілер немесе транскрипция жасаушы ғалымдар әртүрлі оқуы мүмкін. Себебі араб және көне ұйғыр жазбаларында дауысты әріптердің таңбасы жоқ. Мәтіндегі сөзге дауысты әріптерді жуан, жіңішке деп ретіне қарай таңба қойып оқиды. Осы ережеге сәйкес көшірмешілер бірде жуан, бірде жіңішке әріптерді қойып отырған болуы мүмкін.

Қыз - біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде ерекше мағынаға ие сөз. Мысалмен дәлел келтірсек ҺХ үш нұсқасында да *қымбат* деген мағынаны береді. *Чүз атлас болур қыз үчүзи бөз-өг* ҺХ 480/Зер атлас болар қымбат арзаны бөз. Тағы да бір ерекшелігі *қиындық* деген мағынада жұмсалған. *Булунмаз қамуғ қызтин қызрақ ол* ҺХ 444/Табылмас. Барлық қиындықтан қиынырық ол. Мағыналарды көне түркі сөздігімен салыстырып қарастырғанда 1. девушка, незамужняя женщина 2. дорогой, драгоценный 3. скупой, жадный [1, 450 б.] екінші мағынамен сәйкес келеді. *Қыз* сөзіне А нұсқасында *-тин*, Ә және Б нұсқасында *-та, -да* жалғауы жалғанған. Орта ғасыр ескерткіш тілінде шығыс септігінің жалғаулары ұйғыр, оғыз және қыпшақ тілдеріне тән ерекшелікті аңғаруға болады. Мәселен *-дин, -тин* көне ұйғыр тіліне, *-та, -те, -да, -де* оғыз тобына жататын тілдерге және *-тан, -тен, -дан, -ден* қыпшақ тілдеріне тән болып келеді.

Шығармада сын есімдер етістік түбірі немесе негізіне арнайы аффикстер қосылуы арқылы, екіншіден, зат есім немесе зат есім орнына келген сөздерге қосымшалар жалғануы арқылы жасалады.

Зат есім және заттанған сөздерден, үстеулерден сын есім жасаушылар:

1. *-лик/-лық/-луқ/-луғ* аффикстері зат есім немесе есім сөздерге қосылып қатыстық сын есім жасайды: *асығ* пайда, олжа деген мағына береді, оған ескерткіштің А, Ә нұсқаларында *-лығ*, ал Б нұсқасында *-лық* жұрнағы жалғанып сын есім жасалынып тұр. *Нәң бар билиг тәғ асығлығ өңгин* ҺХ100/ Не зат бар білімнен пайдалы өңге. Сонымен қатар, осы жұрнақ үстеу сөздерге жалғанып, сын есім қызметін атқарады. **Бирлик.** *Сәнің бирликиңге дәлил арқаған* ҺХ 7/ Сенің барлығыңа (бірлігіңе) дәлел іздеген. Ескерткіштің үш нұсқасынан *бирликиңге, барлығыңға, бирлығыңға* сияқты фонетикалық ерекшеліктерді аңғаруға болады. **Кисүлик.** Беримдин бахил ила кисүликка ол ҺХ 254/ Беруден сараң қолы қатты берік ол. Бұл сөз ескерткіштің А нұсқасында *кісілік* Ә, Б нұсқасында *кәт берклиг* формасында беріліп, яғни, *қатты берік* мағынасында жұмсалған. Текстологиялық зерттеу жүргізу барысында байқағанымыздай, А нұсқасындағы *кісілік* сөзін көшірмешілер өз дәуірінде дұрыс пайдаланбаған. Оған дәлелді себебіміз сөздердің мағыналық айырмашылығында болып отыр. Ескерткіште *бошлуғ* (135), *билиглик* (117), *бөрклүғ* (320), *билигсизлик* (122), *бөрклүғ* (320), *көрклүғ* (318) сөздері *-лик/-лық/-луқ/-луғ* қосымшасы арқылы сын есімге айналып тұр.

217 – бәйіт жолында:

Р. Арат	М. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bu ajun ma körmekke körklüg taşı بو اجون ما كورمىڭى كوركلوگ	Бу ачун көр эргәкөрүмлүг ташы بو اجون ما كورمىڭى كوركلوگ	А. Бу ажун ма көрмәккә көрүклүг ташы بو اجون ما كورمىڭى كوركلوگ Бұл дүние, иә, көруге көрікті тысы
Bokörperke körüm-lüg Cökörperge (-g- üç noktalı)körüm-lüg		Ә. Бу ажун ма көрәрга көрүмлүг ташы بو اجون ما كورمىڭى كوركلوگ

Ж. Тектіғұл өз еңбегінде белгілі ғалымдардың тұжырымдарын саралай келіп: «Түркі тілдерінде ғана емес, өзге тілдерде де қосымшалардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екені, сондықтан, әлі күнге шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі екенін байқаймыз» дейді [6, 14 б.].

XI-XII ғасырлар ескерткіштері тілінде *-луг* (*-луқ, -лығ/-лық, -лүг/-лүк, -лиг/-лик*) деген сегіз түрлі варианты кездеседі [7, 29 б.].

Орта ғасыр ескерткіштерінің сын есім жасайтын жұрнақтарында ерекшеліктер кездеседі. Кейбір жұрнақтар барлық ескерткіште кездессе, бірқатары ұшыраспайды. «Мухаббат-наме» ескерткішінде аталмыш жұрнақтың варианттарының мағыналық түрлері кездеспейді [8, 63 б.].

Түркологияда *-лүг/-лүк* жұрнағының пайда болу тарихына байланысты сан алуан пікілер бар. Г.И. Рамстедт бұл жұрнақты *-лы* және *-г* элементтеріне бөліп қарап, *-лы*-ны септік жалғауы, *-г*-ны сын есім жасайтын аффикс деп таниды [9, 47 б.].

В.М. Насилов *-лық/-лик* және *-луқ/-лук* жұрнақтарын XI-XV ғасырларда ұйғыр жазба ескерткіштер лексикасында сөз тудырушы қабілетінің жан-жақты екенін айтады [10, 21-26 бб.].

2. *-ғы/-ги* аффиксі зат есім немесе үстеулерге қосылып, мезгілді білдіретін сын есімдер жасайды: *йарын* – ерте, көктем, *йарынғы* – көктемгі, таңертеңгі; *кезин* – кейін, *кезинги* – кейінгі.

3. *-сыз/-сиз// -суз* аффиксі зат есімдерге қосылып, болымсыздық мағына беретін сын есімдер жасайды: *уқуш* – ақыл, парасат, *уқушсыз* – ақылсыз; *қут* – құт, бақыт, *қутсуз* – құтсыз, бақытсыз, *айбсузы* – айыпсыз, *қутсузы* – құтсыз, *көрксүзи* – көріксіз.

250-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
akılık erür bil buhul körksüzi اكيليک يرور بيل بوھول کورکسوزي C1küzgüsi	Ахылық эрүр бил бухул көрксүзи احولوق يرور بيل بوھول کوروکسوزي	А, Ә. Ахылық ерүр бил бухул көрксүзи احولوق يرور بيل بوھول کوروکسوزي <i>Жомарттық болар.</i> <i>Біл сараң көрксізі</i> Б. Ахылық ерүр бил бухул көзгиси اكيليک يرور بيل بوھول کوزگسی <i>Жомарттық болар.</i> <i>Біл сараң айнасы.</i>

Ескерткіш мәтініндегі «көрксүзи» сын есімі осының алдындағы 249-бәйіттегі «айбсузы», кейінгі 252-бәйіттегі «қутсузы» сын есімдерімен үйлесіп, ұйқасып тұр. Б нұсқасындағы «көзги» зат есімі өлең ұйқасына үйлеспейді.

уламсыз – тірегі жоқ, сүйеніші жоқ. Ескерткіш тілінде 239 жолында екі рет кездеседі. *Тирилди уламсыз уламы болуп/Өмір кешти тірексіз тіректі болып.* Бұл сөздің түбірі улам, -ы жіктік жалғауының III жағының болымды түрінде келсе, -сыз жалғауы болымсыз түрін білдіреді.

уқушсыз – топас, надан, ақымақ, ақылсыз. Ескерткіш тілінде 22, 47 жолдарында *уқуш*, 458 *уқушсыз* жолында кездеседі. *Уқуш сөзлар аны сабабдин көрүр hX 458/ Ақылсыз ер оны себептен көрер.* А нұсқасында *уқуш* деп берілсе, Ә және Б нұсқаларында *уқушсыз* деп беріледі. -сыз жалғауы жалғанғанымен, надан, ақымақ мағынасында жұмсалған. Ал, 22 және 47

бәйіттерде кездесетін *уқуш* сөзі парасат мағынасын білдіріп тұр. *Уқуш һош йидидип сөзүмни аңға* ҺХ 22/ Парасат ақыл өткірлеп сезімді аңла. Ол ол ақыл уқуш һош хирадқа мақан ҺХ 47/ Ол ол ақыл ұғым сана парасатқа мекен. Демек *уқуш* сөзінің өзі ақыл, ес, ұғым, парасат зат есімдік мағына берсе, - *сыз* жалғауы жалғанып сын есімдік мағына беріп тұр.

Қазіргі түркі тілдерінде -*сыз* жұрнағының шығуы жөнінде сан алуан пікірлер бар. Солардың барлығын жинақтай келе -*сыз* жұрнағы мынадай мағыналарды беретіні анықталған: 1) заттың жоқ екенін білдіреді 2) -*лы* жұрнағына қарама-қарсы мағынада қолданылады.

4. -*чә* аффиксі зат есімдерге қосылып, қатыстық сын есім жасайды: *түркчә кітаб* – түрікше кітап.

5. -*уз* аффиксі зат есімдерге қосылып, мағына беретін сын есім жасайды: *йағы>йаг>йав* – жау, дұшпан; *йавуз* – жауыз, жаман.

учуз - *арзан*. Ескерткіш тілінде 480 жолында кездеседі. *Чуз атлас болур қыз учуз бу бөзүк/Зер атлас болар қымбат арзаны бөз*. А нұсқасында *учуз*, Ә және Б нұсқасында *учузи* -*и* қосымшасы арқылы берілген.

6. -*суқ/-сик* аффиксі зат есім немесе сын есімдерге қосылып, адам немесе заттың түбірінен анықталған мазмұнға иелік мағынасын білдіруші сын есім жасайды: *таң* – ғажайып, таңғажайып, *таңсуқ* – таңсық; *ерк* – ер, ердің ері, *еригсик* – қайсар, палуан, баһадүр.

Етістіктен сын есім жасаушылар: 1. -*қ/- (ы)қ/- (у)қ/- (а)қ/- з/- (ы)з/- (у)з/- (а)з/- к* аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып, заттың әрекетке болған сипатын анықтаушы сын есімдер жасайды. *йумша* – жұмса, *йумшақ* – жұмсақ; *қат* – қатты бол, *қатығ* – қатты. 2. -*у/-ү* аффиксі етістік түбірі немесе негізіне қосылып, заттың күйін білдіретін сын есімдер жасайды: *йашыр* – жасыр, *йашуру* – жасырын. Бұл аффикс -*үк/-үг* қосымшасы негізінде пайда болған. Қосымша соңындағы -*к*, -*г* дауыссыздарының түсіп қалуы, түрік немесе оғыз, қыпшақ тайпаларының тілінің ерекшеліктерін көрсетеді. 3. -*ыл* аффиксі етістік түбірі немесе негізіне қосылып, түс, реңк білдіруші сын есімдер жасайды: *қыз* – қызар, *қызыл* – қызыл.

сылық – *сыпайы*, *сынақ*. Бәйіт жолдарында тек бір рет қана кездеседі. *Улуғқа кичигка сылық тут сөзүң ҺХ 356/ Ұлыққа кішіге сыпайы тұт сөзің*. Профессор Б. Сағындықұлы «сылық» сөзін талдап жазбағанмен, бір нұсқасында *тут*, тағы бір нұсқасында *қыл* деп осы сөзге тіркесіп келген көмекші есім туралы былай дейді: «356-бәйіт жолында – **А қыл-Ә тут-Б боп**. Бәйітте «ұлыққа, кішікке сыпайы сөйлеу» қажеттігі жайында әңгімеленеді. Мұнда көмекші сөздер үш түрлі тіркескен: **сылық қыл-сылық тут-сылық боп**. Осылардың арасында «сылық тут» тіркесі ғана көне әдеби тіл нормасына сәйкес келеді. Қалған нұсқаларда көшірмешілер өздері қалаған көмекші сөздерді жаза салған» [3, 133 б.]. ҺХ ескерткіш тіліндегі *сылық* сөзі қазіргі қазақ тілінде сақталмағанымен, түбірі екі тілде де «сы». Түрік ғалымы Р. Арат *сылық* сөзін татли – тәтті деп аударса, өзбек ғалымы Қ. Махмудов *силлик* – тәтті, тегіс деп аударарды. Аударма өзгергенмен, тәтті сөйле, түзу сөйле, сыпайы сөйле тіркестерінің мағынасы жақын.

тәрк-тез, *жылдам*. ҺХ тілінде *тәрк* сөзі 222 жолында және *тәрктен* өрбіген *тәркин* сөзі 380 жолында кездеседі. 222. *Йазар қол қушар тәг йана тәрк қачар / Жазар қол құшар сияқты және тез қашар*. А, Ә нұсқаларында *тәг*, Б нұсқасында *дәг* деп беріледі. 380. Сәни *тәркин* есиз қылықты қылу/ *Сені дереу ессіз қылықты қылар*. Түрікше аудармасында *хемен*, өзбекше аудармасында *тезлик*. Барлығында *дереу*, *тез* мағынасын білдіреді.

түсүнрәк - *ұстамдырақ*, *төзімдірек*, *сабырлырақ*. Ескерткіш тілінде 355 жолында бір рет кездеседі. *Улуғ болдуғуңча түсүнрәк болуп / ұлық болған сайын ұстамдырық болып*. А және Ә нұсқасында *түсүнрәк*, Б нұсқасында *түзүнрәк* болып берілген. *с-з* дыбыстарының ерекшелігі болмаса, сөздің мағынасы еш өзгеріссіз.

Көне түркі тілінде сын есімнен болған сөз тіркестері аз болса, қазіргі тілде ондай тіркестер аса көп ұшырасады және де қазіргі кезде сын есімдердің тіркесу қабілеті жанданып, түрлене түскен. Олай дейтін себебіміз, сын есімдер бүгінгі таңда зат есім, етістіктен ғана емес,

басқа да сөз таптарымен, жекелеген сөздермен қарым-қатынаста жұмсалып, тіркесу аясын кеңейткен. Ал бұл – бірден пайда болған құбылыс емес. Эволюциялық жолмен ғасырлар бойы бірте-бірте қалыптасқан құбылыс. Олардың қай кезеңнен бері бар, олардың пайда болуына әсер етуші факторлар қандай деген сұраққа әр кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді саралап, зерттей келе, оларды өзара салыстыра анықтағанда ғана жауап табуға болады.

Ескерткіш тілінде қолданылған түркі сөздерінен құралған сын есімдер саны – 89. Бұдан байқағанымыздай ескерткіш мәтінінде зат есім, етістіктен кейінгі көп қолданылған осы - сын есім сөздер. Ескерткіш тілінде қолданылған түбір сын есімдер 56, қосымша арқылы 33 сөз жасалғандығы анықталды. Статистикалық талдау жасаудың нәтижесінде ескерткіш тілінде сын есімдердің негізі түркі және араб сөздерінен жасалынған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей араб сөздеріне қарағанда түркі сөздері басым қолданылған. Нақтылап көрсететін болсақ: 89 сын есім түркі сөздері болса, 53 сөз араб-парсы тілінен енген сөз.

Сын есім – біразы ешбір өзгеріссіз, бірқатары әртүрлі өзгерістерге ұшырап, қазіргі дәуірімізге жетіп отыр. Бұл барлық сөз таптарына тән заңдылық. Бір сөздердің көнеріп, енді бірі байырғы түбірлердің көптеген сөздердің жасалуына негіз болғандары бар. Кейбір сын есімдер қазіргі тілмен салыстырғанда соңындағы жұрнақтарынан айырылып қалған. Бірақ бұл заңдылық барлығына тән емес. Сын есімдердің барлығы бір, екі буынды. Көбі басқа сөз таптарынан ауысып, сын есім мәніне ие болғандар. Әсіресе есімше, қимыл есімдерден сын есімдер көбірек жасалған. Ескерткіште сын есімдердің кеңінен қолданылуына, сын есім қатарларының молаюына жол ашатын мүмкіндіктердің бірі – араб-парсы сөздерінің кең көлемде жұмсалыуында. Араб-парсы сөздерінің көпшілігі қазіргі кезде қолданылмайды. Тілімізде сақталып қалғандары айтарлықтай өзгеріске түспеген.

Әдебиеттер тізімі

1. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
2. Arat R.R. Atebetü’l- Nakayik. Ankara, 2006. – 163.
3. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайик» нұсқаларының (XII ғ.) қолданбалы мәтіні. Ескерткіштің лингвостатистикасы. II том. Кешенді зерттеу. – Астана, “Ғылым” баспасы, 2018. – 332 б.
4. Махмудов Қ. Ахмад Югнакийнинг «Хибатул хақойик» асари хакида. – Узбекистон ССР «Фан» Нашриети. – Тошкент, 1972. – 299 с.
5. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. «Ер – Дәулет» Астана, 2006. – 240 б.
6. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 302 б.
7. Құлжанова Б.Р. XI-XII ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштері тіліндегі зат есімдер («Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайик» лексикасы материалдары бойынша). Филол. ғылым. канд. ... дисс. – Алматы, 2007 – 134 б.
8. Тәшімбаев С.Қ. «Мухаббат – наме» ескерткішінің (XIV ғ.) лексикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2010. – 130 б.
9. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва: Ин. иностран. лит., 1957. – 254 с.
10. Насилов В.М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. – Москва, 1974. – 101 с.

ЕСКЕРТКІШТЕГІ ЕСІМДІКТЕР ЖАЙЫНДА

ТӘШІМБАЙ С.Қ.,
ХБК, филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Осы мақалада «Мухаббат-наме» жазба ескерткіш тіліндегі есімдіктердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

Түйін сөздер: ескерткіш мәтіні, ескерткіш тілі, есімдіктер түрлері

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности употребления местоимений в языке памятника «Мухаббат-наме».

Ключевые слова: текст памятника, язык памятника, типы местоимений

Annotation. The features of the use of pronouns in the language of the monument «Mukhabbat-name» are considered.

Keywords: monument text, monument language, types of pronouns

Есімдіктерді және олардың сөйлеу және грамматикалық категориялардың бөлігі ретіндегі табиғатын зерттеу түркі тілдерінің грамматикасындағы ғылыми зерттеулердің маңызды және өзекті бағыты болып табылады.

Есімдіктер мәселесі бірнеше рет әртүрлі түркі тілдерінде зерттеу объектісіне айналды және оны әртүрлі кезеңдердің лингвистері қарастырды. Оны түркологияда зерттеу тарихы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басынан басталады. Түркі тілдерін одан әрі кеңейту және тереңдету түркологияның дамуындағы жаңа кезеңнің басталуының алғышарты болады.

Қазіргі түркі тілдерінің материалындағы есімдіктерді зерттеуде таза сипаттамалық тәсілден салыстырмалы және салыстырмалы-тарихи тәсілдер қолданылған. Есімдіктердің пайда болуы мен қызмет ету мәселелеріне арналған арнайы еңбектер шығарылды.

Ескерткіштердің жалпытүркілік қабаты қазіргі түркі тілдерінің барлығында немесе көпшілігінде жүздеген жылдар бойы сақталған лексиканы қамтиды.

Түркі тілдеріндегі есімдіктердің шығу тегі туралы мәселе бүгінгі күнге дейін лингвистердің назарын аударуды жалғастыруда. Есімдіктердің шығу тегі кез-келген тілді зерттеушіні қызықтырады, өйткені ол сөздердің лексикалық-грамматикалық разрядтарының қалыптасу тарихындағы белгілі бір кезеңді көрсетеді.

Қазіргі түркі тілдерінде есімдіктің жеті мағыналық түрлері бар: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық.

«Мухаббат-наме» ескерткішінің есімдіктер құрамы. Мн-да жіктеу есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сұрау есімдіктері, өздік есімдіктері, жалпылау есімдіктерінің мысалдары молынан ұшырасады.

Есімдіктердің жалпы саны – 35: *барча* (барша) Көңүлнің қаны қайнаб *барча* ташқай/Көңілдің қаны қайнап *баршасы* тасты (217), *бары* (бәрі) Ким ол хазратта бір күн тапса *бары*/Бір күні бір сәтте бәрін тапса (260), *барынча* (барынша), *биз* (біз), *бу* (бұл) Ишит кил бу ғазалда ишларидин/ Бұ ғазалды тыңдаңыз істеген істері мен (311), *ки* (кім), *ким* (кім) Көңүл сиздин алыб, кимга берайин/Көңілімді сізден алып, және кімге берейін (472), *қайда* (қайда), *қайу* (қай), *қамуқ* (барша), *қачан* (қашан) Качан ингай гаданың евина шах/ Сорлының үйіне қашан шаһ енуші еді (254), *мен/мени/мениң* (мен) Мени ол сурата хайран йаратты/ Мені сол суретіңе қайран етіп жаратты (90), *меңа* (маған), *муны* (мұны), *нелүк* (неліктен) Нелүк хаддин ашурурсыз жафани/ Неге мұнша зәбір-жапанды шектен асырасың (414), *нетар* (неліктен) Нетар ол ағызда мунча йалған/ Неліктен аузыңда мұнша жалған (252), *неча* (неше) Неча ким болсалар көк ичра Жавид/ Қанша мәңгі көкте жанса да Жавид (137), *нечүк* (неліктен) Нечүк мин хал-о ахвалимни

билгил/ Менің хал-ақуалымның нешік екенін біл (604), *ол* (ол), Ким ол Намрудниң мағзын чықарур/ Ол Намруд патшаның миын ағызады (24); *ош* (осы) Қадах чаврулди ош бустан ичинда/ Тостақтар айналысқа түсті осы бақ ішінде (147), *ошал* (осы) Ошал күн ким сени йаздан йаратты/ Сол күні сени тәңірі жаратты (86), *ошбу* (бұл, сол), *ошул* (осы) Ошул күн ким сени халик йаратты (369), *өз* (өз), *сен/сени/сениң* (сен) Мухаббатни көңүлдин сен ексима/ Махаббатты көңілден сен азайтпа (38), *сиз* (сіз) Сиз өлтүрган киши өлғайму харгиз/ Сіз өлтірген адам өле ме әркез (468), *текма* (әрбір) [1, 16-106].

Жіктеу есімдіктері: мен (мен), *сен* (сен), *ол* (ол), *сиз* (сіз), *биз* (біз) Бизниң бек йадыға 'ишрат қылалы/Біздің бектің назарына ишарат қылайық (157). *Биз* есімдігінің мына түрі кездеседі: *би* (біз). Жіктеу есімдіктерінің жекеше түріндегі *мен*, *сен*, *ол* есімдіктері қазақ тіліне ешқандай дыбыстық өзгеріске түспей жеткен. Есімдіктердің *мен*, *сен*, *ол* тұлғасында берілуі ескерткіш тілімен қазақ тілінің арасын жақындата түседі. Дегенмен III жақ **ол** есімдігі септік жалғауларын қабылдағанда **ан** тұлғасына ауысқаны байқалады. Мысалы, *аның* (оның), *ануңа* (оған), *аны* (оны), *анда* (онда), *андин* (одан).

Ескерткіште берілген жіктеу есімдіктерінің ішінде барыс септігінде ерекшелік бар: *меңа* (маған), *сеңа* (саған), *сиза* (сізге), *сизга* (сізге), *ануңа*- (оған). Көпше түрі *биз* есімдігінің септелу үлгісі: *бизиң* (біздің), *бизниң* (біздің), *бизга* (бізге), *бизни* (бізді), *биздин* (бізден). Әдеби тілдегі екінші жақтың көпше және сыпайы түрінде айтылатын *біздің*, *сіздің* есімдіктері қазақ говорларында *бізің*, *сізің* болып айтылады.

Жәдігердегі жіктеу есімдіктері – тұлғалық жағынан алып қарағанда түгелдей туынды сөздер. Есімдіктер тарихын зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше *мен* (< ме-н), *сен* (< се-н), *ол* (< о-л) жіктеу есімдіктерінің *ме-*, *-се*, *о-* және *н* дыбысынан құралған. Жіктеу есімдіктерінің көпше түрі *биз*, *сиз* сөздері де *би-*, *си-* және *-з* морфемасынан құралғаны белгілі. Көне түркі жазба ескерткішін зерттеуші ғалым С.Е. Малов *биз*, *сиз* жіктеу есімдіктерінің шығу тарихын былай көрсетеді: «Можно и по-другому объяснить этимологию местоимения *biz* и *siz*: «*bi* + *si* = *biz* «я – ты – мы», «*si* + *si* = *siz* «ты – ты – вы» [2, 52]. В. Котвич, А.Н. Кононов сияқты ғалымдар *биз*, *сиз* есімдіктеріндегі *-з* морфемасы жұптық мағынаны (двойственное число) білдіретін көрсеткіш деп таниды.

Биз, *сиз* есімдіктерінің *-з* морфемасын көптік мағынаны білдіруші ерекше бір көрсеткіш деп танитын ғалымдар да кездеседі. Құмық тілінің грамматикасын зерттеуші ғалым Н.К. Дмитриев: «...*биз* и *сиз* разлагаются на *би-з* и *си-з* и представляют собою особое множественное число с архаичным показателем *-з* (*-ыз/-из*; *-уз/-уыз*) ...» деп көрсетеді [3, 77]. Есімдіктердің шығу тарихын зерделеуші ғалым Ә. Ибатов *-з* морфемасының толық түрі *-си* болған деген пікірді қолдай отырып: «Қазақ тіліндегі *-з* морфемасы алғаш *бис*, *нис*, *пис* дегендегідей *-с* түріне, онан соң *без*, *hez* дегендегідей *-з* түріне, ең соңында *биз*, *сиз* дегендегідей *-з* түріне түсіп, *-си* > *-с* > *-з* > *-з* жүйесімен келіп қалыптасқан», - деп тұжырымдайды [4, 22].

Сонымен *биз*, *сиз* есімдіктерінің құрамындағы *-з* элементінің қалыптасуы жөнінде пікір екіге жарылады. Бір топ ғалымдар *-з* екілікті білдіретін қосымша ретінде қарастырса, енді екінші тобы екі сөздің бірігуінен, соның салдарынан ілгері ықпал заңдылығына сәйкес *-с* ның *-з-га* айналуы, соңғы қысаң дауыстының түсіп қалып, бүкіл сөздің ықшамдалуынан туындаған деген пікірді ұстанған.

Сілтеу есімдіктері: бу (бұ, бұл), *ол*, *ош* (осы), *ошал* (осы), *ошбу* (бұл, сол), *ошул* (осы). Бұлардың ішінде *ошбу*, *ошул*, *ошал* есімдіктері *ош* және *бу*, *ош* және *ал*, *ош* және *ул* есімдіктерімен тіркесінен жасалып, «осы, сол» деген мағынаны білдіреді.

Ош//уш тұлғасы жайында пікірлер бірізге түсе қойған жоқ. Бұл жайында пікірлер екі бағытта өрбиді. Г.И. Рамстедт *ош//уш* морфемасын *ол//ул* сөздерімен тектес деп қарастырған [5, 69-74]. Мн ескерткішінде кездесетін сілтеу есімдіктерінің байырғы *ошал*, *ошбу*, *ошул* тұлғалары қазіргі түркі тілдерінде әртүрлі фонетикалық өзгерістерге түскен. Мысалы, *ошбу* есімдігі түрік

тілінде – *işbi*, қарайымда – *ушпу//успу*, өзбек, ұйғыр тілдерінде – *ушбу*; татар диалектісінде – *ушы*, башқыр тілінде – *ошо*, қарақалпақ тілінде – *осу//осы//усу//усы* және құмық, түрікмен тілдерінде *шо* түрінде сақталынып қалған. Қазақ тілінде *осы* түрінде дыбысталады.

Қазақ тіліндегі *сол* сілтеу есімдігі қарақалпақ, ноғай тілдерінде нақ осындай тұлғасында дыбысталса, башқұрт, татар тілдерінде – *шол*, қырғыз тілінде – *ошол*, *ошо*, құмық тілінде – *шол*, *со*, түрік, түрікмен тілдерінде – *шу*.

Түрколог ғалым М. Томановтың ойынша қазақ тіліндегі *осы* есімдігінің қалыптасу жолы мынадай *ош-ол//ос-ол//ош-о//ос-о>ос-ы* [6, 216].

Сұрау есімдіктері: *ким* (кім), *не* (не), *нелүк* (неліктен), *неча* (неше), *нечүк* (неге, қалайша), *қайу* (қайсы, қандай), *қачан* (қашан), *қайда* (қайда).

Кім сөзінің шығу тегі және оның құрамы туралы түркологияда көптеген пікірлерді кездестіруге болады. *Қайу* (қайсы, қай жерде), *қачан* (қашан), *қайда* (қайда) есімдіктерінің түбірі мен қазақ тіліндегі *қанша? қаны? қандай?* есімдіктерінің түбірі бір екені түсіндіруді қажет етпейді.

Есімдіктердің қатарында ерекшелену көрінетін *нечүк* сөзі бар. «Арабша-қыпшақша сөздік» бойынша ескі қыпшақ тіліндегі есімдерге салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау жасаған С. Боранбаев *нечүк* сөзін былай жіктеп көрсетеді: «*нечүк* (нешік) не түбірінен *-чүк/-чүк//чық//чік* жұрнағы жалғану арқылы жасалған кішірейту, шектеу, шамалау мағынасын беретін сұрау есімдіктерінің тұлғасын құрайды» [7, 106].

Өздік есімдігі: *өз* (өз). *Өз* есімдігі жөнінде Ә. Ибатов былай дейді: «Біздің ойымызша, бәрінен де *өз* сөзін *өре* сөзімен байланыстыра сөз ету әлдеқайда орынды сияқты. «Өресі жетпеді» деген тіркестегі *өре* сөзі – күні бүгінге дейін қазақ тілінде жиі қолданылатын және барлық елге бірдей түсінікті, түп негізінде *бойы* сөзімен мағыналас сөз. Ал жаңа сөз жасалудағы *p* мен *z* дыбыстарының алмасуы, сондай-ақ, сөздің соңындағы дауысты дыбыстардың түсіп қалып отыруы түркі тілдерінің қайсысына болса да жат құбылыс емес. Тіпті *өз* (< *өре*) сөзінің тәуелдік жалғауынсыз қолданылмау себебінің өзі де осы соңғы дыбыстың орны толмай тұруынан да емес пе екен деген ой келеді» [4, 51].

Түркологияны зерттеуші В. Радлов, Л. Будагов, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов сияқты ғалымдардың еңбектерінен *өз* сөзінің алғашқы мағынасын «внутренность, сущность, сердцевина, самая основа, нутро» деген мағыналарымен байланыстырып қарастырғанын байқауға болады. Ескерткіште кездесетін *өз* есімдігі қазіргі қазақ тілінде күні бүгінге дейін ешқандай фонетикалық өзгерістерге түспей қолданылуы – оның өте ерте кезде пайда болғандығын көрсетсе керек.

Сөйтіп, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ескерткіште қолданылған жіктеу есімдіктері *мен, сен, ол* тұлғалары қыпшақтық белгіні көрсетсе, бұлардың септік жалғауларын қабылдағанда *меңа, сеңа, ануңа* болып өзгеруі – оғыз тілдеріне тән құбылыс. Дегенмен қолданылу жиілігі жағынан қыпшақ варианты көп ұшырасады.

Жалпылау есімдіктері: *барча* (барша, барлығы), *бары* (бәрі, барлығы, түгел), *қамуқ* (барша, барлық) Қамуқ көркілүклар үзра падишасын/ Барлық сұлулардың падишасысың (287), *жұмла* (барлығы, бәрі), *текма* (әрбір). *Барша* сөзі *бар* және *-ша* аффиксынан құралған. *Барша* қазіргі татар, өзбек тілдерінде *барча*; қарақалпақ, қазақ тілдерінде *барша* болып қолданылады.

Ескерткіш тіліндегі *бары* жалпылау есімдігінің қазақ тіліндегі *бәрі* есімдігіне қатысын ғалым Ә. Ибатов былай түсіндіреді: «*Бәрі* деген жалпылау есімдігі *бар* есімдігіне III жақ тәуелдік жалғауын (-і) үстемелеу арқылы пайда болған. Қазақ тіліндегі сөздердің өзгеріске түсудегі өзіндік заңдылығына байланысты, бұл сөз (бәрі) тәуелдік жалғауын қабылдағанда, түбір сөз (*бар*) жуан буынды болғандықтан, тәуелдік жалғауын да (-ы) жуан түрінде, айталық, *бары, барың* сияқты түрде қабылдау керек еді. Бірақ олай емес, *бәрі* боп келеді. Мүмкін, бұл басында осылай да болған болу керек, ал, кейіннен *бар* сөзінің есімдіктер қатарына ауысуы

негізінде мағыналық жіктің алшақтау әсерінен айтылу нормасы да өзгеше болып қалыптасуы ықтимал. Ал, түбірдегі *a* дыбысының *ә* болып кетуі осы соңғы *i* дыбысының ықпалына байланысты» [4, 53].

Қорытындылай келе, есімдіктердің *муны* (мұны), *муның* (мұның) болып келуі ескерткіш тілінің қыпшақтың белгісі екенін көрсетеді. Сонымен қатар *бу* есімдігі қазақ тілінде ауызекі сөзде қолданылатын *бу* (бұ) тұлғасымен сәйкес келеді. *Ол* есімдігі септелу барысында *аның* (оның), *ануңа* (оған), *аны* (оны), *анда* (онда), *андин* (одан) болып өзгеруі қазақ тілінен ерекшеленіп, төл тілімізден алшақтау тұрады. Жіктеу есімдіктерінің барыс септікте қыпшақша септелу үлгісінің орнына оғыз-қарлұқша *меңа* (маған), *сеңа* (саған), *сиза* (сізге), *ануңа-* (оған) болып хатқа түскен.

Жалпы алғанда, ескерткіш мәтінінде есімдіктердің барлық түрі кездеседі. Хорезмидің көркем туындысындағы есімдіктердің қолданылу дағдысын қазіргі қазақ тілімен бірдей деп айта алмаймыз. Әрбір есімдіктің төл тілімізбен салыстырғанда кейбіреулері фонетикалық өзгерістермен ерекшеленсе, бірқатар есімдіктер формаларында лексикалық және семантикалық айырмашылықтар кездеседі.

Ғалымдардың зерттеуінше қазіргі уақытта түркі тілдерінде сөйлейтіндердің жалпы саны шамамен 120 млн. құрайды. Бұл тілдердің сөйлеушілері әзірбайжандар, түрікмендер, қазақтар, қырғыздар, өзбектер, құмықтар, қарашайлар, балқарлар, чуваштар, татарлар, башқұрттар, ноғайлар, якуттар, тувалықтар, хакастар, гагауздар, түріктер, ұйғырлар.

Түркі тілдерінің жалпы даму тенденцияларына сәйкес қалыптасқан ескерткіш тілінде кездесетін есімдіктерінің өзіндік семантикалық, формальды және функционалдық белгілері бар. Кейбір түркі тілдерінде есімдіктердің кейбір формалары жоқ болуы да мүмкін.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы немесе көне ескерткіштердің тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыру арқылы түркологиядағы сөз таптарын кешенді түрде зерттейтін еңбектер аз. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдерін нақтылау үшін сөз таптарын тарихи тұрғыдан зерттеу қажет. Түркі тілдерінде сөз таптары ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін бір мезгілде пайда болмағаны белгілі. Сондықтан кез-келген тілдің сөз таптарының шығу тегі оның тарихымен тығыз байланысты қарастырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сағындықұлы Б., Тәшімбай С. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) мәтіні. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 228 б.
- 2 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М. – Л.: АН СССР, 1951. – 452 с.
- 3 Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М.-Л.: АН СССР, 1948, – 231 с.
- 4 Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1966. – 73 б.
- 5 Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М.: Ин. иностран. лит., 1957. – 254 с.
- 6 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 261
- 7 Боранбаев С. Ескі қыпшақ тіліндегі есімдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу (Арабша-қыпшақша сөздік бойынша XIV ғ.) филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000. – 136 б.

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

ТҰРҒАНБАЕВА Қ.М.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Осы уақытқа дейін қазақ және түрік лингвистикасында фразеологизмдер ауқымды зерттеу объектісіне айналды. Бірақ барлығы дерлік зерттелді деуге болмас. Оның қатарында зерттеу нысаны ретінде алынып отырған этнолингвистикалық фразеологизмдердің тақырыптық топтары салыстырыла қарастырылмаған еді. Ұсынылған мақалада сөз болған лексикалық қабаттың қолданыс ерекшелігі жан-жақты сараланды. Сол себепті аталмыш тілдердегі этнографияға қатысты тұрақты тіркестердің мағыналас топтарға жіктелуі оның ішкі мағыналық ерекшеліктерін айқындаудың ұтымды әдісі ретінде саналды. Мақала этнографиялық фразеологизмдердің жоғарыда аталған тақырыптық түрлерінің жеке-жеке қолданыс ерекшелігін көрсету арқылы қазіргі әдеби тілден алатын орнын анықтау мақсатында жазылды. Ол үшін мағыналық жіктерге бөліп, концепцияларды анықтау әдісі қолданылды. Яғни, олардың тарихи кезеңдерде өз дәрежесін жоғалтпай, қазіргі әдеби тілімізге дейін жетуі екі тілдегі тұрақты тіркестердің бір-бірінен алшақ кетпегендігімен дәлелденді.

Тірек сөздер: тіл білімі, этнография, концепция, этнографизмдер, фразеологизмдер, жіктелім, этнос

Аннотация. До настоящего времени в казахской и турецкой лингвистике фразеологизмы стали объектом обширных исследований. Но нельзя сказать, что почти все было изучено. В его числе не были сопоставлены тематические группы этнолингвистических фразеологизмов, принимаемые в качестве объекта исследования. В предложенной статье всесторонне проанализирована специфика употребления лексического слоя, о котором идет речь. Поэтому классификация устойчивых выражений, относящихся к этнографии в данных языках, на смысловые группы считалась рациональным способом определения ее внутренних смысловых особенностей. Статья написана с целью определения места этнографических фразеологизмов в современном литературном языке, отражая специфику индивидуального употребления вышеуказанных тематических видов фразеологизмов. Для этого был использован метод определения понятий, разбив их на смысловые щели. То есть, их достижение до современного литературного языка, не потеряв своего ранга в исторические периоды, было подтверждено тем, что устойчивые выражения в обоих языках не расходились.

Ключевые слова: языкознание, этнография, концепция, этнографизмы, фразеологизмы, классификация, этнос

Annotation. To date, phraseological units have been the object of extensive research in Kazakh and Turkish linguistics. But it cannot be said that almost everything has been studied. Among them, thematic groups of ethnolinguistic phraseological units accepted as the object of research were not compared. The proposed article comprehensively analyzes the specifics of the use of the lexical layer in question. Therefore, the classification of stable expressions related to ethnography in these languages into semantic groups was considered a rational way to determine its internal semantic features. The article is written in order to determine the place of ethnographic phraseological units in the modern literary language, reflecting the specifics of the individual use of the above thematic types of phraseological units. To do this, the method of defining concepts was used, breaking them into semantic slits. That is, their achievement to the modern literary language, without losing their rank in historical periods, was confirmed by the fact that stable expressions in both languages did not diverge.

Keywords: linguistics, ethnography, concept, ethnographisms, phraseological units, classification, ethnos

Әрбір ұлт өзіне тән жеке-дара болмысымен айрықша ерекшеленеді. Осы ерекшелік көшпенді қазақ халқының санасын жаңа ойлармен толықтырып отырады. Халқымыздың сана-сезімі айналасындағы тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болған. Яғни, қазақ халқының жаратылысын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілер, яғни қазақтың ұлттық коды ауыз әдебиеті жанрларынан да көрініс тапқан. Әр халықтың қоғамдық, мәдени ерекшеліктерін бойына сіңірген, көркем де әсем, ықшамды сөз оралымдары – тұрақты тіркестер тілімізде жиі ұшырасады. Фразеологизмдер – адамдардың, ру, тайпа, халықтың қоршаған ортаға деген түсінігін, өзіндік көзқарасын, ақиқат болмысын таныта отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасауға қатысатын тілдік бірліктер. Әлемнің тілдік бейнесі деп отырғанымыз кез-келген бір ұлттың жылдар бойы жинаған мәдениетінің, білімінің өз тілінде бейнеленуі. Сондықтан фразеологизмдер ойды көркем жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың тұтас болмысын танытатын тіл өрнектері. Осы тұста ғалым Ә.Т.Қайдардың «Этностың инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы» [1, 15] деп Этнолингвистикаға берген тұжырымды анықтамасы тілге тиек болмақ.

Фразеология – тілдің ұлттық рух, ұлттық ерекшелік, ұлттық семантика ерекшеліктері айқын көрінетін бөлігі. Онда халықтың бейнелі ойлауы, тіл поэзиясы бекітілген. Фразеология – бұл тілдің визит карточкасы деп айтуға болады. Адамдарға ерте кезден ойлаудың бейнелілігі тән, оппоненттерге тиімді әсер ету салдарынан пікірдің метафориялығы тән. Өз дәлелдерімізде біз дәйексөздерге жиі жүгінеміз, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді қолданамыз. Мұндай қабылдау тыңдаушыға психологиялық қысым көрсетеді, оны сөйлеушілермен осы көзқарасты басқа да, беделді ақыл-ойды бөлісетініне саналы түрде сендіреді. Тұрақты тіркестің мазмұнына халықтың барлық тарихы, оның және оның тілінің өмір сүруінің формалары мен шарттары, сондай-ақ геосаяси факторлар: елдің географиялық орналасуы, қоғамдық-саяси және діни құрылымы, халыққа үйреншікті өсімдіктер мен жануарлар әлемі, көршілердің болуы және т.б. әсер етеді. Мұндай факторлардың болуы жиі фразеологизмге ұлттық колорит береді, ол әсіресе шет тілді фразеологиямен салыстырғанда байқалады.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

«Тілтанымда адам қоғам мүшесі, психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын индивид, ойлау және тану әрекеттері арқылы өзі іспеттес басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде ұғынылады. Тілтанымның антропологиялық ұстанымдары өз алдына жеке емес, өзге ғылыми жүйелермен, теориялармен байланыса өрбиді. Айталық, қатысымдық прагматика, дискурс теориясы, когнитивтік антропология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б. ілімдердің қай-қайсысы да адам тілі және оның таным әлемінің өзегін құрайтын адамдық фактордың құндылығын дәйектейді» – дейді Э.Н. Оразалиева қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық ұстанымдар, тілтанымдық қағидалар мен тұжырымдамалар

жүйесінің қалыптасу, даму кезеңдерін «лингвистикалық білім» парадигмасы аясында қарастырған зерттеуінде [2, 41].

Фразеологизмдердің түрік тілінде қарастырылуы бойынша екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – Түрік Республикасы құрылғанға дейін. Осман кезеңінің басында сөздіктерде фразеологизмдер өте аз болды. 1480 жылы белгісіз автор және 1936 жылы Велет Избудакпен толықтырылған «Atalar Sözü» (Ата-бабалар сөзі) шығармасында мақал-мәтелдер ғана емес, кейбір фразеологизмдер де бар. Бұл жұмыста 689 тіркес бар және тұрақты тіркестердің бірінші сөздігі болып саналады [3, 56].

Екінші кезең – Түрік Республикасы құрылғаннан кейінгі зерттеулер. Түркия Республикасы құрылғаннан кейін ұзақ уақыт бойы «таабир» (ta'bir) сөзі қолданылды. Алайда, 1935 жылы Стамбул қаласында түрік тілін зерттеу қоғамы осман тілінен түрік тіліне қалта анықтамалық-сөздігін жариялап, таратады, онда «таабир» (ta'bir) терминінің орнына «дәйим» (deyim) сөзін «expression» деп аударған. Осылайша, содан бері бұл жаңа сөз айналымға түсті. Алайда, Мұстафа Нихат Озон, М. Халит Байра және М. Шәкір Ұлқұташир сияқты зерттеушілер мен жазушылар «таабир» (ta'bir) терминін ұзақ уақыт бойы пайдаланды [4, 18].

Қазақ тіліндегі этнофразеологизмдер өзіндік жеке, дербес салаға қатысты, осыған байланысты фразеологизмдер этнографиялық сипаты әр түрлі тілдік фактілермен ерекшеленіп, ұлт тілінде тарихи сипатқа ие болады. Бұлардың бәрі этнос өмірінде туындап, өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу нақышымен тағы бір қырынан суреттеліп, тіл әлемінде ерекше қолданылып, айрықша сөзқолданыстардың бірі болып табылады.

Қазіргі тіл білімі тілді адам мен ойлаумен, сана-сезіммен байланыстыра үйретуге тырысумен қатар, тілдік фактілерді де тілдік тұлғамен және ұжыммен тығыз ара-қатынаста зерттеумен де ерекшеленеді, бұндай жағдайда тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне, сонымен қатар тілдік бірлікті зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді.

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады. Тіл — мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл — рухани күш. Демек, тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады [5].

Этнофразеологизмдер ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тұрмыс ерекшеліктер, тарихи-мәдени болмыс және ұлт тіліндегі басқа да көріністер арқылы суреттеледі. Мысалы: «қол қусырып қой сою» — құрмет көрсету, қонақжайлылықты білдіреді, «құрсақ шашу», «бетке үн жағу», «құда түсіп, құйрық жеу» сияқты этнофразеологизмдер келін немесе күйеу баланың келу құрметіне байланысты қолданылады. Бұл этнофразеологизмдер қазақ халқының салт-дәстүрлерін ашады.

Этнофразеологизм — белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер. Мәселен, азан айтты, бас құда, қалың мал, дөнен қымыз, шаңырақ көтерді, тұсау кесті, қырқынан шықты, үйірімен үш тоғыз, тағы басқалары секілді фразеологизмдер өзге ұлттарда кездеспейді.

Этнос ғылым жүзінде: «өткен дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тірлік-тіршілігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып табылады [6; 10].

Мұндай этностар жер жүзінде көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әр түрлі. Көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз

емес. Қазақ этносы болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі — ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат — оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсінудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз [6; 12].

Енді осы «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнофразеологизмдер деп қарастырудың себебіне келсек, ол да ойға қонарлық дүние.

I. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» қазақ ұлтына мейлінше жақын фразалық тіркестер жинастырылды [7]. Сөз таптарына қатыстылығына байланысты сөз етсек, олардың ішінде мол кездескендері зат есім, етістік және аз да болса одағай тіркестер.

Қазақ тілінде де, басқа түркі тілінде сияқты, фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөледі.

Жалаң етістікті фразеологизмдер үлгісіне: *аза күтті, айтұяқ шалды, бақан аттар, бата қылды; бәйге тікті, бата оқыр* және тағы басқалары жатады.

Қорыта айтқанда, тілімізде ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігімен, әсерлілігімен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен және ұлттық сипатымен айрықша көзге түсетін этнофразеологизмдердің маңызы ерекше құнды. Тіліміздегі этнофразеологизмдер – ұлт тілінің көрсеткіші. Этнофразеологизмдер ұлттық болмысымызды көрсететін этнолингвистикалық арналар болып табылады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, шығу тарихын зерттеу, зерделеу, ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек, артық етпес.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика негізі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1998. – 300 б.
2. Оразалиева Н.Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: Филол. ғыл. докторы. ... дисс. – Алматы, 2007.
3. Aksoy Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul: İnkilab Kitabevi, 1988. – 485 s.
4. Sosyal Bilimler Dergisi. Fırat Üniversitesi. – Elazığ, 2008.
5. Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Канд. дис. автореф. — Алматы, 2002. — 30 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — 197 б.
7. Кеңесбаев I. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1977. — 797 б.

М. МАҒАУИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*ЖАҚЫПОВ Ж.А.,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы, профессор
ТУРСЫНБЕК Р.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистрант,
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Көркем әдебиет тілі үнемі өзгеріп, дамып отырады. Оған әртүрлі құбылту құралдары, сөздегі астарлы қолданыстар, авторлық жаңа сөздер, жеке шығармашылық тұлғаның стилистикасы әсер етеді. Қазақ әдебиетінде жазушылардың мәнері мен көркем әдебиет тіліне енгізген жеке өзгерістері көңіл аудартады. Бұлар сөздіктерге кірмеген сөздер болғандықтан зерттеуді талап етеді.

Аннотация. Язык художественной литературы постоянно меняется и развивается. На него влияют различные средства изменения, метафорические употребления, авторские новые слова, стилистика индивидуальной творческой личности. В казахской литературе обращает на себя внимание стиль писателей и изменения языка художественной литературы. Они требуют исследования, поскольку эти слова не включены в словари.

Abstract. The language of fiction is constantly changing and developing. It is influenced by various means of change, metaphorical usages, author's new words, stylistics of an individual creative person. In Kazakh literature, writers' style and individual changes to the language of fiction are noteworthy. These require research as they are words that are not included in dictionaries.

Қай кезеңдегі зерттеулерді алсақ та тілдің даму тарихы өзгермелі екенін байқаймыз. Лексикалық қор қоғамның өмір сүру дағдысына, тұрмыс- тіршілігіне, мәдени құндылықтарына сәйкес үнемі толығып отырған. Кейбір сөздер ұмытылып, қолдану аясы тарылған, енді біреулері тілге жаңадан енген, кейбіреулері мүлдем заңдылыққа бағынбай, нормаға сай келмейді. Осы тұрғыда тілдік факторларға көркем әдебиеттің тигізетін ықпалы да үлкен. Әдеби шығармалар көбінесе автордың жеке көзқарасын танытатындықтан тілдік ерекшеліктерді көптеп кездестіруге болады.

Сөз көркем мәтіннің ең маңызды элементі. Көркем шығармадағы сөз поэтикалық мағынаның тасымалдаушысына айналып эстетикалық эмоцияны тудыру қабілетіне ие болады. Шығармашылық процесте көркемдік мән болу үшін дұрыс қолданылған сөздің маңызы айырықша. «Өлі сөз жоқ - олардың бәрі белгілі бір тіркесімде өмірге келеді» (Толстой, 1958,113). Көркем шығармадағы сөз мағыналық қабаттарға ие болғандықтан оның мазмұны екі өлшемді болады. Кез- келген сөз (әдеби немесе әдеби емес) көркем бейне және сөздік бейнені жасауда құрал бола алады. «Сөздер мен тілдік формалар жоқ бейнеге материал бола алмайды (Виноградов, 1963,119). Қазақ ғалымдарынан көркем туынды тілін тереңірек зерттегендердің бірі Рабиға Сыздық былайша пікір білдіреді: “Көркем туындының тілін көркем лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін единицаларын түгенду емес, сол бөліктердің айталық сөздердің, сөйлемдердің, тіркестердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін

зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқыллы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану керек” [1, 241 б]. Күнделікті ауызекі сөйлеуде кез- келген сөз шығармашылық тұлғаның қаламымен эстетикалық түрленуге ұшырайды. Сөз қолданудың көптеген әдістері бар: поэтикалық көркемдік, метафора, метонимия, салыстыру, эпитет, парафраза, аллитерация, ассонанс, т.б.

Қазақ тілінде лексикалық, стильдік, грамматикалық, туынды құралдарды қолданудың жалпы қабылданған ережелерімен байланысты норма ұғымы бар. Бұлардан ауытқу көп жағдайда қате, бірақ әдеби мәтіндерде оны көркемдік мақсатпен негіздеуге болады. Тіл нормасын бұзу болып танылса да көркемдік жағынан маңызды. Сөйлеуде нормаланған тілдің әртүрлі ережелерінің бұзылуы окказиональды лексемалардың пайда болуына әкеледі. Көбінесе әдеби шығармалардың авторлары окказионализмдерге жүгінеді, өйткені салыстырмалы түрде шағын формалды құрылымы бар мұндай сөздер мазмұн жағынан өте сыйымды. Өзінің бірегейлігі мен балғындығына байланысты оқырман назар аударады және автордың ниетінің ашылуына ықпал етеді.

Көп уақыт неологизмдердің бір бөлігі болып қарастырылып келген окказионализмдер туралы тұжырымдамалар көп. Х. Нұрмұхановтың пікірінше “окказионалды сөздер деп не жасалу жолдары дағдылы көрінбей (жылымық - жылмая, өрлеу - өргү), не мағыналары айқын болмай (тәуелеу, жеңке, жұбап), не тіл практикасына келісімді келмей (шаруакеш), қысқасы аса табиғилық таныта қоймай тұратын авторлық қолданымдарды айту және бұларды потенциалды сөздермен шатастырмау дұрыс сияқты” [2, 288 б.].

Л. Еспекованың анықтамасына сүйенсек: “Окказионализмдер дегеніміз - белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер” [3, 25 б.]. Окказионализм тілдің барлық деңгейлерінде көрінетіні белгілі. Сонымен бірге зерттеушілердің ең үлкен қызығушылығы окказиялық сөзжасамның лексика саласына бағытталған. .Н.И. Фельдман «кездейсоқ сөз» және «потенциалды сөз» терминдерін синонимдер ретінде қолданады, алайда соңғысының сәтсіздігін атап өтеді. Оның ойынша, окказионал сөздердің тілге ену «потенциалы» жоқ [4, с. 64-73.].

Әр түрлі ғалымдардың авторлық жаңа сөздерді жасалған зерттеулерін талдағаннан кейін окказионализм және окказионал сөздер тән келесі негізгі белгілерді ажыратуға болады:

1. Сөздің тілге емес, сөйлеуге жатуы. Тіл нормасындағы окказионализмге байланысты сөйлеу фактісі мен арасындағы қайшылық ұғымы тілдік жағдаят емес, нақты сөйлеуден көрінеді.

2. Сөзжасамдық өндіріс. Окказионализм контекстік қажеттілігіне байланысты әрқашан туынды болып табылады.

3. Шығармашылық. Тілдің жүйелік бірліктерінен айырмашылығы, ол болуы мүмкін дайын күйінде қайта-қайта шығарылады, кездейсоқ бірліктер, оларды пайдаланудың әрбір нақты жағдайы жаңадан жасалады. Окказионализмдер

сөйлеу бірліктерін жасады. Окказионализмді дәйексөзге қайта пайдаланған кезде бірінші болған шығарманы пайдаланады.

4. Аномалия. Тілдік нормадан саналы түрде ауытқу ретінде окказионализмді пайдалануға тілдің мәнерлілігінің құралдары мүмкіндік беретін қосымша ақпарат.

5. Автордың болуы. Белгілі бір авторға тиесілігі окказионализм мен жиі қолданылатын сөздер, неологизмдердің басты айырмашылығы .

6. Бір реттік. Окказионализмды автор белгілі бір сөйлеу жағдаятында, белгілі бір контексте, бар тілдік бірліктер жеткіліксіз болған жағдайда бір рет қолдануы үшін жасайтыны белгілі [1, с. 6].

7. Экспрессивтілік. Кездейсоқ сөздерге қарағанда эмоционалды түрде боялған, бар сөздер мен оларға сәйкес сөз тіркестері.

8. Контекстік тәуелділік. Оккационализмдерде жағдай мен контекст болмаса белгілі бір сөйлеуге байланысты оның сыртындағы бірліктің лексикалық мағынасын түсіну мүмкін емес [1, с. 7-8].

9. Номинативті тандау. Көбінесе белгіленген тұжырымдама немесе құбылыс үшін қазірдің өзінде тарихи қабылданған анықтама бар. Осылайша, оккационалды мағына ең көп тарағанға айнала алмайды және белгілі бір құбылыстың белгілі бір мағыналар жиынтығының және жалпы сөйлеудің шеткі жағында қалады.

Н.Г. Бабенко оккационализмдердің құрылымына қарай келесі классификациясын ұсынады:

1. Фонетикалық оккационализм. Олар автор қолданғанда дыбыстардың тіркесімі көмегімен пайда болатын тіл жүйесінде тіркелмеген фонемалардың тіркесімі, осылайша белгілі бір семантикалық мағына береді.

2. Лексикалық оккационализмдер. Сөздердің бұл түрін жасау үшін автор тілде бұрыннан бар морфемалар мен аффикстерді біріктіретін сөзжасамдық принциптер қолданады.

3. Грамматикалық оккационализмдер. Бұл типтегі сөздер грамматикалық формаларды, құрылыстарды немесе сөйлеу бөліктерін қолдануда стандартты еместігімен сипатталады.

4. Семантикалық оккационализмдер. Оккационализмнің бұл түрі

тілде бұрыннан бар, контекстке байланысты жаңа мағына алатын сөздер.

5. Сөздердің кездейсоқ тіркестері жалпы семантикалық мағынасы бар лексемалардың тіркесімі емес және семантикалық келісу тіл заңдарына қайшы келеді. Дегенмен, контекстік семантикалық ауысулар мүмкін және сөз тіркесінде жалпы семалардың пайда болуына себепші болады.

6. Графикалық оккационализмдер. Тұтас сөзді немесе оның бір бөлігін көбінесе қалың графикалық әріппен көрсету [5, с. 9-15].

Дәрежесіне қарай оккационализмнің келесі түрлерін ажыратуға болады:

1. Бірінші дәрежелі оккационализмдер – әдеби тілдің құрамында сөзжасамдық нормаларына сәйкес жасалған потенциалды сөздер.

2. Екінші дәрежелі оккационализмдер – жартылай стандартты емес туынды сөздермен жасалған, нормадан ауытқу бар, бірақ ана тілінде сөйлейтіндер үшін түсінуде қиындықтар туғызбайды.

3. Үшінші дәрежелі оккационализмдер – мүлде стандартты емес туынды сөздермен жасалған. Тілдің нормаларысынан айтарлықтай ауытқу бар. Көп жағдайда деректер сөздердің әдеттегі бірліктер арасында да, оккационалдар арасында да синонимдері жоқ.

Оккационализмдерді түсіндіру тәсіліне қарай топтарға бөлуге болады:

1. Айқын оккационализм. Олардың құрылымы контекстке қарамастан түсінікті, құрамдас бөліктер лексикалық мағынаны және олардың арасындағы семантикалық қатынасты түсінуге мүмкіндік береді.

2. Тек контекстен тыс лексикалық мағынасын түсінуге болатын контекстік оккационализмдер.

3. Мәдени шартты оккационализмдер. Экстралингвистикалық факторларды пайдалану арқылы ғана түсіну мүмкін болады.

Қазақ әдебиетінде өзіндік стилистикасы мен тілдік қағидаттары бар жазушылар баршылық. Сондай жазушылардың бірі – Мұхтар Мағауин. Автордың сөз қолданыстары мен тілдік заңдылықтарды өзгеше қолдануы бұған дейін де ғалымдардың назарын аударып келген. Ол тілдік қолданыстар сөздердіктерде жазылып, талқыландықтан әлі де көп зерттеулерді талап етеді деп ойлаймын. Оккационализмдердің қолданылуы автордың көп нәрсеге

ұмтылуымен түсіндіріледі. Оның мәнерлілігі, қысқалығы, тавтологиядан аулақ болу қажеттілігі, өз бағасын беру, сипатталған зат немесе құбылыс, оқырманның назарын өзінің ерекше формасына байланысты сөзге аударуға ұмтылу, сондай-ақ жоқ ұғымдарды белгілеуді жатқызуға болады. Жазушының тәуелсіздік жылдарынан кейін жазылған соны әңгімелерін зерттеу әдебиет үшін де, лингвистика үшін де өте маңызды.

Автордың мифологиялық “Қуыршақ” әңгімесінде авторлық сөз кездеседі: “Қыз таң қалғандай, әлде өкінгендей әнтек кідірді де ,тағы бір сом шығарып, тағы бес бытыра алды”. Бытыра сөзін контекске енгізу арқылы мағына күшейе түсіп, оқырман тарапынан сөйлемнің мағынасын түсінуге қызығушылық артқан. Бұл сөз “мылтықтың оғы” деген мағынаға сілтеп тұр. Алайда автор “бытыра” сөзін қолданбаса әсер күшеймеуші еді. Тарихи аңызға негізделген “Келде мұнара” әңгімесінде жұртшылыққа таныс, алайда қолданыста жоқ, автордың кездейсоқ шығарған сөз тіркесі жолығады: “Шыңғыс қаған – Құлағу Елхан әулетінен соң әлденеше патшалыққа ыдырап, бар қуаты бөлшектенген Иранды аяусыз тапады”. Тілде “таптау, таптады” сынды іс- қимылды білдіретін сөздер кездеседі. Тапады сөзі қаламгердің өзі тудырған сөз деп айта аламыз. “Аяусыз тапады” деген бүтін сөз тіркесін алсақ жаңа тіркес ретінде есептелгенімен, қазақ тілінде сөйлейтін жалпыға ортақ дәрежеде түсіну қиындық тудырмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздық Р. Сөз құдыреті. Алматы: 1997. –241 б.
2. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 288 б.
3. Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Филол. ғыл. авторефераты ... Алматы. –1998. –25 б.
4. Фельдман Н.И. Окказиональные слова и лексикография // Вопросы языкознания. 1957. № 4. с. 64-73.
5. Бабенко, Н.Г. Окказиональное в художественном тексте. Структурно- семантический анализ: учеб. Пособие / Н.Г. Бабенко. – Калининград: Изд-во КГУ, 1997. -84 с.

ЗАИМСТВОВАННЫЕ СЛОВА, ВХОДЯЩИЕ В СОСТАВ ФЕ ЯЗЫКА ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАХТУМКУЛИ

БЕКДЖАЕВ Т.Б.

*Туркменский Государственный
университет имени Махтумкули, старший
преподаватель, кандидат филологических
наук, Туркменстан, Ашхабад*

Взаимная связь тюркоязычных и персоязычных народов имеет древнюю историю. В результате этих отношений в произведения тюркоязычных авторов и в тюркские языки проникли персидские лексические элементы, а в произведения авторов, пишущих на фарси, и в персидский язык тюркизмы.

Как известно, художественные произведения и научные работы писались на арабском и персидском языках. В источниках по истории литературы отмечается, что в Средней Азии VIII-X веках широкое распространение получил арабский, а в X-XV веках персидский язык [8, 139]. В результате сильного влияния на туркменский язык и литературу этих языков, в произведениях туркменских авторов в известной степени присутствуют персидско-таджикские слова.

Необходимо отметить, что причины и особенности проникновения в лексику туркменского языка персидских элементов, а в персидский язык единиц туркменского языка стали объектом изучения научных разработок Дж.Джапарова [3], А.Овезова[6], О.Курбанова[2].

Однако, присутствие в составе фразеологизмов туркменского языка персидских лексических элементов и их роль в образовании устойчивых словосочетаний до настоящего времени не были объектом специального научного исследования.

Несомненно, что фразеологизмы любого народа показывают менталитет этого народа. В фразеологизмах находит свое отражение жизнь, культура и богатый исторический опыт народа. Уместное использование их в речи, придает ей особую эмоциональность, художественность.

ФЕ являются активными и выразительными средствами разговорной речи, языке литературных произведений и прессы. Они делают речь более точным, более эмоциональным, служат выразительному описанию жизненных и природных явлений. Языковые средства, служащие выразительности и художественности возникают в продолжение исторического развития общества в результате развития внутренних особенностей и принимают экспрессивно-образную окраску. Изучение истории ФЕ дает возможность ознакомиться с особенностями национальной культуры.

Формирование и развитие литературного туркменского языка неотрывно связано с именем Махтумкули. Особенности языка произведений Махтумкули Фраги – известного представителя туркменской классической литературы XVIII века, особенно фразеологизмы, используемые в его стихотворениях, дают богатый материал для изучения современного туркменского языка. Хотим обратить внимание читателя на персидские языковые элементы в фразеологизмах произведений Махтумкули.

Влияние на язык произведений Магтымгулы персидского языка специально исследуется в работе А.Сарыева [7]. В данной работе, в частности, отмечается, что некоторые фразеологизмы языка стихотворений поэта имеют полные соответствия в персидском языке, т.е. имеются межъязыковые фразеологические параллели. Ученый приводит в качестве примера такие ФЕ из произведений Махтумкули, как “Gawunuy gowusyny şagal iýer” (Хэрбозе-йэ ширин несиб-э шэгал эст) (Лучшая дыня достается шакалу), “Eşiden deň bolmaz gören göz bilen” (Шенидэн кей бовэд маненд-е дидэн) (Услышанное не сравнится с увиденным), “Tamda gulak bar” (Дивар муш дарэд, муш гуш дарэд) (Стены имеют мышей, а мыши имеют ушей) [7, 96].

Персидские слова – компоненты ФЕ языка произведений Махтумкули [1] в процессе использования долгого времени усваивается туркменским языком и подвергаются фонетическим и лексическим изменениям. История этих слов достаточно длинная, если учитывать, что они встречаются в произведениях Махтумкули, созданных в XVIII веке, особенно в составе фразеологизмов. В состав ФЕ могут входить только те слова, которые прочно вошли в лексический состав языка и активно функционируют в разговорной и художественной литературе.

Слово “a:b” (вода) и “ru:y” (лицо), сливаясь, создают словосочетание “a:b-e ru:” в значении красота лица. В переносном значении словосочетание имеет значение “достоинство, авторитет”. В туркменском языке употребляется в переносном значении. **Abraý almak** – *иметь авторитет*.

В литературном туркменском языке слово “çörek” активно употребляется, но диалектах туркменского языка и классической литературе более активен слово “nan” – заимствованное с персидского языка, в значении “хлеб”. В языке произведений Махтумкули фразеологизм “**Nan dökmek**” используется в значении кормит большое количество людей:

Baş gün köňül hoş etmäge,
Supra ýaýur, **nan dökmäge**,
Abraý alyp, at etmäge,

Gollarynda bar gerekdir [4, 281].

(букв. Чтоб в жизн быть довольным (или чтобы сделать кого-то довольным)

Расстелить сачак и кормит людей,

Чтоб снискать уважение людей,

Нужно иметь богатство)

ФЕ языка Махтумкули в составе которых имеются персидские заимствования – обычно двухкомпонентны. Примером могут служить следующие единицы: **arman çekmek** – сожалеть, горевать; **azar salmak** – доставить неудобства; **bagry birýan** – горюющий; **bagty ýatmak** – быть в безвыходном положении, попасть в бедствие; **bazary gyzmak** – быть востребованным, удачливым; **çarh urmak** – быть беспокойным, бояться, окучивать кого-, чего либо; **çeñňel urmak** – схватит пятерней, взять; **çawy düşmek** – повлавиться; **dest bermek** – помогать, поддержать. Можно привести огромное количество фразеологизмов языка Махтумкули, подобных приведенным. Слова *arman* (a:rma:n-надежда, сожаление), *azar* (a:za:r- боль), *birýan* (birýa:n-изжариться), *bagt* (baht- судьба, рок), *bazar* (ba:za:r), *çarh* (çarh-колесо, небо, судьба, вселенная), *çeñňel* (çenga:l- пятерня. фаланга рук), *çaw* (ça:w- голос, шум, торжество), *dest* (dest-рука, плечо, помощь, поддержка) являются заимствованиями из персидского языка.

В стихах Махтумкули можно встратит и трехкомпонентные ФЕ, в составе которых имеются персидские лексические заимствования. **Bagry para bolmak** – сильно сожалеть, болет сердцем. Слово “*Para*” (“*pa:re*”) переводится с персидского как порванный, сломанный на части. В ФЕ языка Махтумкули ФЕ означает “порванный, сломанный”:

Ah, neýleýin, bagtym gara,

Ýürek, **bagrym boldy para**,

Arzým aýdyň söwer ýara,

Bu derdimiň dermanydyr [4, 309].

(букв. Что мне делать, рок мой черный,

Сердце и печень. Разбит на части,

Скажите моей возлюбленной,

Она – лекарство моей болезни).

Приведем несколько примеров трехкомпонентных фразеологизмов в составе которых имеются персидские лексические элементы: **bagryndan nala çekmek** – перерживать, горевать; **başyňy gowgaýa salmak** – муать себя ничемными заботами; **bet iş yzlamak** – желать, собираться делать плохие дела; **derdiňe derman kylmak** – помочь, поддержать в трудные минуты.. в этих фразеологизмах означают слово *nala* (na:le- плачь), *gowga* (gawga:-шум, споры), *bet* (bed-плохой), *dert* (dert-мучение, болезнь), *derman* (derma:n- лекарство, выход из положения [5, 262])

Хотя персидские заимствования встречающиеся в составе ФЕ языка произведений Махтумкули активны в разговорной речи, есть немало примеров заимствовании с персидского языка, которые проникли в тюркские языки через произведения классической персидской и тюркской литератур. Среди заимствованных посредством произведений письменной литературы персидской лексики имеются слова отражающие разные стороны жизни народа. Они являются свидетельством развитых туркменско-персидских отношений.

Многочисленные персидские заимствования в составе фразеологизмов языка Махтумкули не означает скудость лексического состава туркменского языка, они в основном используются как художественное средство. Эти слова обогащают синонимический ряд и стилистические возможности туркменского языка. Персидские слова встречающиеся в языке произведений Махтумкули, закрепились в туркменском языке не так, как они функционируют в персидском языке, а в фонетических вариантах и значении присущих туркменскому языку. Целесообразно искать причину активного участия персидских слов в образовании

фразеологизмов языка произведения Махтумкули в активных отношениях между туркменским и персидским народами, которые имеют многовековую историю.

Список литературы

1. Бекжэев Т. Магтымгулының эсерлериниң фразеологик сөзлүги. –Ашгабат, 2016.
2. Гурбанов О. Түркмен ве парс диллеринде меңзешликлер. Автореф. дис. на соиск.учен степени канд. филол. наук. –Ашхабад, 2015.
3. Джапаров Дж. Персидские слова в современном туркменском языке. Автореф. дис. на соиск.учен степени канд. филол. наук. –Ашхабад, 1971.
4. Магтымгулы. Сайланан эсерлер йыгындысы. –Ашгабат, 2014.
5. Мередов А. Магтымгулының дүшүндиришли сөзлүги. –Гонбед Кабус, 1997.
6. Овезов А. Персидские и арабские заимствование в современной туркменской поэзии. Автореф. дис. на соиск.учен степени канд. филол. наук. –Л., 1974.
7. Сарыев А. Магтымгулының эсерлериниң дилинде парс алынма элементлери. –Ашгабат, 1990.
8. Түркмен әдебиятының тарыхы. 1 т. –Ашгабат, 1975.

М.ӘУЕЗОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІГІ МЕН СЫНШЫЛДЫҒЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

САРКЕНҚЫЗЫ А.

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы
Академиясы тілдік дайындық
кафедрасының бастығы, филология
ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Петропавл,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада жазушы, драматург, ғалым М.Әуезовтің суреткерлік әлеміне талдау жасалған. Жазушы туындыларының қазақ әдебиетіне, қазақ әдеби тіліне, ғылыми стильдің қалыптасуына зор ықпалы айшықталған.

Көркем әдебиет тілі мен қаламгердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау – бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселелердің бірі. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін тереңдеп зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы стильдік байлықты молайтуға олардың қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор.

«Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу – бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді» [1]. Осы жолда атқарылып жатқан істер аз емес. Ұлттың рухани өмірі мен мәдениетіне зор үлес қосқан ұлы тұлғалардың еңбектері бүгінгі таңда өз маңыздылығын танытып келеді, болашақта да танытады деген сенімдеміз. Кез келген ұлттың ұлы тұлғалары болады. Шығармашылығы өміршеңдігімен ерекшеленетін тұлғалар тарихта өз орнын алмай қоймайтыны заңдылық. Қаншама жылдар бойы ұлттың санасына тұрақталып, адамзаттың ортақ қазынасына айналатын шығармалар сол ұлттық ортақ құндылығы болып саналады.

Әдебиеттің алтын ғасырында өшпес мұра қалдырған тұлғалар бір төбе. Соның бірегейі, Абайды әлемге паш еткен ғалым, ұстаз, драматург, сыншы – Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Жазушының қалдырған мұрасы асыл қазына екендігінде дау жоқ. Ол өз ұлтының ұлттық мұраларын таныта отырып, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына орасан зор еңбек етті. Ұлт мұрасына адал болу арқылы халқының санасына ықпал еткені ақиқат. Халық ұлағатын насихаттау арқылы, ұлт санасына ықпал ету арқылы жас ұрпақ, болашақ ұрпақ сусындайтынын түсінген заңғар жазушы қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне көтерілді. Мағжан айтқан «таза, терең, өткір, күшті, кең тілді» бейнелі түрде әдебиеттің шыңына көтерді.

Көркем шығармаға қойылатын басты талап – тіл шеберлігі. Әрбір жазушының өзіндік ерекшелігі де тілі арқылы көрініс береді. Мұхтар Әуезов Абайды әлемге танытса, Абай арқылы Мұхтар Әуезов танылды. Әлемге Абайды таныту арқылы қазақты, оның тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттың болмысын, аңыз-әңгімелерін, фольклорын танытты.

М.Әуезов шығармашылығын зерттеудің өзектілігі мен маңызы еліміз егемендік алғаннан бері кезеңдегі қоғамдық жаңарулар мен өзгерістерге байланысты маңызы арта түсті. М.Әуезов социалистік реализмнің асқан шебері ретінде халық өмірінің бұрын мәлім емес, қойнау, түкпірлеріне жарық түсіріп, өмір шындығының даму, өзгеру заңдылықтарын эпикалық қуатпен паш етті. Әдебиет дүниесінде бұрын бейтаныс жаңа, сом характерлер жасап, адам жанының нәзік те күрделі құбылыстарын тауып бейнеледі. Халық өмірінің ойы мен қырын суреттеген көркем әңгімелердің жаңа шыңын жасады. Оқырманын эстетикалық ой мен әсерге кенелтетін жаңа көркем әңгіме жасады.

Жазушы еңбегінде қарастырылған бүркемелеп көрсетілмей келген тәуелсіз ел болу мен ұлт азаттығы үшін күрес жөніндегі ойлар бүгінгі күн тұрғысынан қайта зерттеле бастады. 1920 жылдары М.Әуезов көркем прозаға ден қойғаны танылады. Оның «Қорғансыздың күні», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» сияқты шығармалары қазақ әдебиетіне нағыз таланттың, көркемсөз шеберінің келгенін анық айшықтағаны белгілі.

Кейін жазылған «Абай жолы» роман-эпопеясында, әңгімелерінде, повестерінде, драмалық туындыларында қазақ тілінің байлығын, бейнелілігін, оралымдылығын танытып берді. Сондай-ақ, Абайға, әдебиет тарихына, ауыз әдебиетіне арналған зерттеулерінде әдеби тіліміздің ғылыми стилін қалыптастыруға айрықша үлес қосты. «Қазақ тілінің, оның ішінде халық тілінің, әдеби тілдің тіл қолданысының мәселелері М.Әуезовтің публицистикалық, ғылыми мұрасынан ерекше орын алады. Қаламгердің әдебиетке арнаған сын мақалаларында, ғылыми еңбектерінде тіл бейнелілігі, тіл тазалығы, тіл мәдениеті мәселелері үнемі көтеріліп отырады» [2, 313].

М.Әуезовтің алғашқы жылдардағы шығармашылық жолы ұлттық мұраға, этнографияға, эпикалық дүниетанымға, фольклорға біршама қатыстылығымен ерекшеленеді. Өйткені, жазушының жиырмасыншы жылдардағы әңгімелерінен көркемдік уақыт пен кеңістіктің мол қабаттары болды. Атап айтсақ, уақыт пен кеңістік, айшықтаулар мен құбылтулар, тілдік қолданыстар мен тарихи мекен-шақтық атаулар жиі кездеседі. Сондай-ақ сюжеттік уақыт пен кеңістіктің бойына аңыздар мен мифтік әңгімелердің тікелей араласуы – жазушының эпикалық дүниетанымы мен көркемдік уақыт пен кеңістікті игеру үрдісіне байланысты болды. Және авторлық идея – өз шығармасындағы тарихи, дәуірлік, тіпті уақыт пен кеңістіктердің өзара бірлігіндегі көркемдік ұстанымдарға да ықпал ете білді.

Жазушының 1920 жылдардағы шағын әңгімелері қазақ өмірінің көркем тарихы болғандықтан, кейбіріне автордың қатыстылығы, уақыт пен кеңістік жағынан жақын тұруы сол дәуірдің тарихи болмысына тұспа-тұс келеді. Ал басқа бір әңгімелеріне Әуезовтің өзі де уақыт жағынан алыс болуы – көркемдік уақыт пен кеңістіктің мүмкіншіліктері мен әдеби әдіс-тәсілдерінің арқасында оқырманға тарихи уақыттың шынайы бейнелерін көрсете білді. Және жазушы суреттеп отырған қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар, этнопсихологиялық, этномәдени,

этнографиялық құндылықтар, сондай-ақ тарихи дәуірлердің де саяси уақыты мен кеңістігі осы дәуірдің түйткілді мәселелерін айшықтап көрсете алды.

Алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінде» небары жиырма төрт жастағы жас жазушының қаламынан туындаған дүние емес, әбден ысылған, хас шебер тудырған дүниедей бірізді шығарма жазуы – Әуезовтің бойына біткен таланты деп таниды ғалымдар мен жазушылар. Күнәдан пәк, жас Ғазизаның өмірден озуына себепкер болған Ақанның жауыздығы жан түршіктіреді. Жемтік азығындай көрген Ғазизаның тағдыры бай-шекпенді мырзаға ойыншық болып тұр. Әуезов шығармаларын әсерлі қылып қана жазған жоқ, сөздерін бейнелете білді. Көз алдымызға елестете отырып, біресе қайғырдық, біресе қуандық, басына ауыр іс түскен кейіпкермен бірге налыдық, қорланған тағдыр көріп ашындық, жетімнің күйін көріп ызаландық, Құрмаштың ауыр өлімімен шерлендік, Сыздықтай екіжүзді адамдардан жиіркендік... Нағыз өмірлік шығарма тудыра алу үшін де үлкен жүрек керек. Сезімге толы сырмен бейнеленіп жазылған шығарма, жүректен шыққан туынды жүрекке жететіні анық.

Әуезов әңгімелері – сөзбен салынған сурет. Адам психологиясын ерекше суреттеген, қуаты күшті энергия іспетті. «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі Қаракөз бейнесі – заманына үлгі болатын әйел образы. Бір елдің алғысын алып, билігін жүргізіп отырған, ерге бергісіз мінезімен ерлік көрсететін әйел баласы бүгінгі күннің тіршілігінен де табылады. Бойын билеген қызба сезім мен тылсым тартылыстың соңынан ерген әйел баласын табиғатынан нәзік жаратылыс екенін ұқтырғандай, ақырғы көшін күнә аралына әкеліп тоқтатады. Иесін өлтірген Көксерек те жаңа бағыттың желкенін керген Әуезовтің шоқтығы биік туындысы. «Жетім» әңгімесі – аяныш пен ауыр халдің бейнесі. «Қорғансыздың күні» өз алдына бір төбе туынды болып табылатынын уақыт танытқандай.

М.Әуезовтің шығармаларында тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңа көркемдік ізденістер танылады. Адам мен қоғам мәселелері, дүниетаным мен мінез ерекшелігі, қоғамда күн сайын өзгеріске ұшырап жататын құбылыстар легі сөз өнерінде, әңгімелерінің негізгі мазмұнында көрініс тапты. Мың сан қалтарысы әлі де болса зерделеуді қажет ететін адам әлемі мен оның ішкі жан дүниесін тануға бағытталған шығармаларды шығармашылық тұлға концепциясы тұрғысынан зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін танытады. Сөз өнерінің эстетикалық мәнін айқындауда мұндай туындыларды зерттеу маңызды орын алады. Адамзаттың ішкі әлемін түрлі тартыстар арқылы ашып көрсетуге ұмтылған шығармалар тарихын тереңнен тану бағытында жасалған зерттеулер маңызды мәнге ие. Заманның ащы шындығын астыртын ғана кейіпкерлер образымен көрсете білген шебер суретшіге қазақ даласы ғана емес, әлем мықтылары да жоғары баға берді. Луи Арагон: «Мұхтар Әуезов – өз заманының ең ұлы жазушыларының бірі» деп тауып айтқан.

Заманынан озық туған жазушы қазақ әдебиетіне шоқтығы биік шығармалар сыйлады. Қазақ даласында театр тамырының жайылуына септігін тигізіп, «Еңлік Кебек» пьесасының алғаш рет сахналануына мұрындық болды. Сондықтан да жан-жақты, әмбебап, сегіз қырлы Әуезовтің әңгімесінің көркемдік қуатын талдау, уақыт пен кеңістікті бейнелеп көрсету бүгінгі күннің талабы болып отырғаны ақиқат.

Академик М. Серғалиев: «Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі» атты зерттеу еңбегінде: «Көрнекті орыс жазушысы Алексей Толстой өз әріптестерін үш қасиеттің иесі болуға шақырады. Олар – ойшылдық, суреткерлік және сыншылдық. Ірі шығарманың осы үш элемент қосылғанда, сәтті шығатынын ескертеді. Біздің қосарымыз: көлеміне қарамастан, қай шығарма да осы қасиеттерді меңгеруін талап етеді. Мұны М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінің өздері-ақ айқын айғақтайды. Ұлы сөз зергерінің басқа шеберлік қырларын санамалап айтпағанның өзінде, табиғат көрінісін кейіпкерлерінің арман-мүддесімен тығыз байланыста беруі, біріншіден, оның ұлы психолог екенін, екіншіден, қасиетті ана тілінің небір байлығын орайымен қолданудың өнегесін көрсетіп келе жатқан ұлы стилист екенін толық дәлелдейді. Мұның барлығы оның

ойшылдығының, суреткерлігінің және сыншылдығының арқасында болып жатқаны шүбәсіз» - дегенді тілге тиек етеді [3, 106].

М.Серғалиев М.Балақаевтың: «Тілдегі сонылықтың, сұлулықтың белгісі – халықтың даналыққа негізделген қарапайымдылықта, түсініктілігінде, анық жүрекке жылылығында және басқаға әсерінде» деген пікірін негізге ала отырып, М.Әуезов туралы жазылған «Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі» еңбегіндегі көркем сөз айшықтарын әсерлі етіп талдайды.

Академик М.Серғалиев аталмыш еңбегінде М.Әуезовтің лингвистикалық көзқарастарын қарастырады. Ғалымның көркем әдебиет тіліне қойған талаптары, Абай тілінің мәселелері, замандас ақын-жазушылар шығармаларының тілі туралы ой-толғамдарын, пікірлерін айшықтайды. Ғалым М.Әуезовтің қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі, классикалық шығармаларға айналған шағын прозасының тілдік-стильдік даралықтары жайындағы пікірлерін зерделейді.

Еңбекте М.Әуезовтің. «Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері», «Көркем әдебиеттің тілі туралы», «Біздің халқымыз үшін орыс тілінің маңызы жөнінде» деген мақалалар көркем әдеби тілдің дамуына қосылған зор үлес деп санайды ғалым М.Серғалиев. Еңбекте М.Әуезовтің тілтанушылық көзқарастары зерделенген. Ұлы жазушының тіл туралы, көркем әдебиет тілі туралы толғаныстары жинақталып тұтас қарастырылған, толғамдары сараланған.

М.Серғалиев М.Әуезовтің тілтанушылық толғаныстары қазақ тіл мәдениеті үшін қосылған зор үлес екендігін нақтылай түседі. Ғалым осы еңбегінде М.Әуезов ұстанған терминдер мен жаңа сөздерде қабылдау жайындағы ұстанымдарын Қ.Жұбанов, С.Бәйішов тәрізді ірі ғалымдардың еңбегімен сәйкес келетіндігін айта келіп, кәсіби сөздерге, диалектизмдерге, орыс тілінен енген сөздерге деген әртүрлі көзқарастарын сөз етудің өзі үлкен фибрат екендігін айшықтайды [4].

Қазақтың көркем әдеби тіліне қойылар талап жөнінде айтқан кезде көркем әдеби тілдің ерекшелігін тек тілші-ғалымдар ғана айналысуы керек деген ұғымнан аулақ болуымызды айтады. Әдебиетші де, тілші де бірлікте қарастырса, сыңаржақ пікірлер тумас еді деген келелі ой түйіндейді. Әлемдік және орыс мәдениетінен жастайынан сусындаған жазушының шығармаларынан сөз саптау өнегесін шығармашылықпен пайдалана білгені танылады.

М.Әуезовтің әдеби-сын мақалаларындағы бейне жасау тәсілімен қатар, қаламгердің лексикалық байлығына ерекше мән беріліп, сөзді қолданудың теориялық талаптары сияқты мәселелерді таразылап, ұлы жазушының талап пен талғамын, көркем сөзді пайдалану, сөз саптау ерекшеліктерін қарастырған. М.Серғалиев жазушы тілінің тазалығы, мәдениеттілігі, тілдің жоғары мәдениеті жолындағы үлгі-өнегесін айқын танытты десек артық айтпаймыз [4].

Академик Қ.Сәтбаев М.Әуезовті жерлеу рәсімінде Әуезов шығармаларының құндылығын танытып, оның алар орныны ойып тұрып көрсетіп, болашаққа ізгі ниетін былайша жолдаған екен: «Мұхтар Әуезовтің есімі бұдан былай тарихтың еншісіне көшеді. Оны енді қазақ халқының ұлы перзенттері А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов есімдерімен қатар айтатын боламыз. Талай жылдар өтер, келешек ұрпақтың аузында ардақты Мұхаңның жарқын бейнесі әңгіме, жыр, ән болып, таңғажайып аңызға айналып, уақыт ұзаған сайын қайта-қайта жаңғырып айтыла бермек. Ал асыл нұсқа, өлмес мәңгі шығармаларың болса, қадірлі Мұха, өзіңнің дара бейнендей халық жадында, ұрпақтар алдында таңда туған Шолпандай әрқашан жол нұсқап жарқырап тұрмақ!» [5].

Шынымен де, бүгінгі таңда талай жылдар өтсе де, М.Әуезов есімі Абаймен, Ш. Уәлихановпен қатар айтылып келеді. Ол тудырған бейнелер, жасаған образдар жас қаламгерлерге үлгі болып, қазақ тілінің сөздік қорының баюына септігін тигізіп келе жатқанын уақыт көрсетті. Аты аңызға айналған заманымыздың заңғар жазушысының, таңда туған Шолпандай жол нұсқап, жарқырап тұрған тұлғаның есімі қазақ елінің жүрегінде мәңгі сақталатыны хақ. Әдеби кітаптары көпшіліктің сұранысына ие болып, оқыған жұрттың сай-

сүйегін сырқыратар шығармалары елдің есінде қалады. Әдемі кейіптеулер мен табиғат көріністерін суреттеуді көргіңіз келсе, Әуезов шығармашылығына үңіліңіз. Әр әңгіме бастауы өлкенің табиғатын таныстырумен басталып, әдемі троп-фигуралармен жалғастық табады.

Әдебиеттер тізмі

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы. - Алматы: Атамұра, 1993. – 280 б.
2. Шүкірұлы С., Тілешов Е. Алаштың тілдік мұрасы. Алматы, 2009. – 313-б.
3. Серғалиев М. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. Алматы, 1998. – 106 б.
4. Серғалиев М.Көркем әдебиет тілі. Астана, 2006. – 369 бет.
5. Медеу С. Қазақтың Қанышы. Алматы: Атамұра, 1999. – 578-бет.

Ө.НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ЫРЫМ-ЖОРАЛҒЫ КӨРІНІСІ

*МҰРАТБЕК Б.Қ.,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Ақтөбе, Қазақстан*

Аннотация: Мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев туындыларындағы лингвомәдени бірліктер (лингвомәдениеттаным), туған топырақтың ғылымы (филологиясы) ақын өлеңдерінің өзегі тілдік тұлғалық концептілік аймағы және өлеңдеріндегі лингвоелтанымдық единицалардың қолданылу ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, қазақ халқының рухани байлығы мен дүниетанымы ақынның «ғалам бейнесі» ретінде көрінетіндігі, ақын туындыларындағы концептілік құрылымға ерекше халықтық, ұлттық сипат тән екендігі айқындалған.

Түйін сөздер: әдет-ғұрып, наным-сенім, тұрмыс-салт жырлары, жоралғы, ырым.

Әр халықтың өмір сүру қалпы мен дағдысына сәйкес күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын, жанына медеу тұтатын наным-сенімдері қалыптасады. Ол атадан-балаға рухани мұра ретінде тасымалданады. Кез келген әрекет мақсатқа лайықтылығынан айырылып, семиоткалық таңбаға айналса, әдет-ғұрып болып кетуі мүмкін. Әдет-ғұрып мифтермен, салттармен тығыз байланысты. Кейбір ғалымдар мифті әдет-ғұрыптардан шыққан деп тұжырымдайды (К.Леви-Стросс, Е.М.Мелитинский). Әдет-ғұрып салтқа қарағанда қиындау жүйеге, бірнеше кезеңдер мен ұзақ мерзімге ие. Ол арнайы әндер мен драмалық қойылымдармен ерекшеленеді.

Негізі әдет-ғұрып адамның өзін қоршаған ортаның бір мүшесі ретінде тануына, бір-бірімен қарым-қатынас жасауына өз үлесін тигізген. Мәселен, қазақ халқында беташар кезінде қалыңдықтың аяғының асытна жаңа сойылған қозының терісін жайып бет ашқан. Бұның да өзінің мәдени мазмұны бар.

Салт - белгілі бір уақыт аралығында дәстүрлі әдістер арқылы тұрақты ретпен орындалатын әрекеттер жүйесі. К.Лоренцтің айтуына қарағанда, салт жан-жануарларда да болады, шығу тегі жөнінен олар өзара ұқсас.

К.Лоренц салт-дәстүрдің 3 қызметін айрықша бөліп қарастырады:

- 1-агрессияны түсіруі;
- 2-«өз» ортаңды анықтау;
- 3-«басқалардікін» күштеп алу [1,83].

Салттың адам үшін маңызы зор. Тіпті тіл салт-жоралғылардың белгілі бір қалыпқа түсу нәтижесінде дүниеге келді деген болжам бар.

В.Тернердің айтуы бойынша, салт – жалпы қалып пен халықтың байлығын ұстап тұратын маңызды құрал, оның қиын жүйесі - адам психикасымен тығыз байланыстылығы. Олай болса, әрекет мақсатқа лайықтылығынан айырылып, семиотикалық таңбаға айналғанда, салт болып өзгереді. В.Тернер былай деп жазды: « ... салт пен символика эпифеномендер ғана емес, олар адамның жағдайына белгілі бір дәрежеде қатысатын онтологиялық құндылықтарға ие. Символикалық әрекеттер мен салттардың кең таралуы біздің мәдениетіміздің дамуына тиімді болуы мүмкін». Адамзат тарихында салт-дәстүрлер әрбір мәдени - әлеуметтік тұлға деңгейін анықтауда маңызды орын алады. Әрбір жеке тұлғаның дәстүрге сай әрекеті оны шығармашылық істерден тежейді.

Салт-дәстүрді театрлық қойылымдармен шатастыруға болмайды. Миф адамның өмір сүру формасының барлық түріне де енді. Салт пен мифтің ауызша таралуы бір қоғам мүшелерінің пікірлері мен көзқарастарының бірлігін қамтамасыз етті. Салттардың әсерінен пайда болған адам тілінің семантикалық таңбалары қай кезде де прототиптік жағдайлардың жүйесін көрсетуге тиіс.

Наным-сенімдер адамның табиғат күштерімен магиялық байланысқа түсуіне септігін тигізді. Мысалы көз тиуден сақтану үшін көзге тіке қарамай, көзге түспей жүру керек деген сенім бар. Одан сақтанудың бір жолы – күлкі. Сенімдердің салмақты түрлерімен қатар күлкілі жағдайлары да қатар дамыған. Тілдік қоғамда күлкінің өз маңызы болған. Христиандық мәдениетте өлім, шайтан күледі, міне осыдан «дьявольский смех» деген фразеологизм қалыптасып, тілдік айналымға енген. Адам өмірге келгеннен бастап оны қорғаушы періште мен арбаушы шайтан бірге болады. Періште адамның жақсы әрекеттерін көріп қуанса, шайтан жаман істерді көріп рахаттанады. Бірақ қасиеттілер күлмейді, жай ғана жымысып, қуанады [2,67].

Әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, діні, қоршаған ортасы, қалыптасқан ұстанымы, ата-бабасынан қалған наным-сенім негізінде ұстанатын салт-дәстүрлері, тұрмыстық дағдылары болады. Ол өмір сүру қалпына айналып, атадан-балаға мирас боп беріліп отырады. Бұның көрінісі тілде сақталады. Ұлы Абай өлеңмен дүние есігінің ашылып, өлеңмен жер қойнына кіретінімізді айтып кеткен. Халықтың күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын жөн-жоралғыларының бірі «ырым». Ө.Нұрғалиев өлеңдерінде

*Ұшырта шапқан ұшқынмен
Ұшықтап өткен қыс айым,
Үлкен бір үстірт үстінен
Үскірген желге ұсайын...*

.....
*«Көңіліңнің, – дедің сонда, – қапасын
Бір серпуге кетіп бара жатасың»
Есіңде ме Ерағаға соққаным –
Сіздің шалдың алайын деп батасын.
Сол кеткеннен, жолым болып, мол кеттім
Мол кетуден көкірекке толды екпін
Бірде адасып, бірде тауып жолымды,
Барар жерге бұралаңдап мен жеттім
Сіздің үйге сол баруым дөп екен,*

*Анда-санда соны есіме ап өтем
Тағы да бір бата алатын кез жетті
Мен барғанша тірі жүрсе Әбекең!*

Жоғарыда берілген өлең жолдарында ұшықтау ырымы мен бата беру жоралғысы суреттеледі. Ақын ұзақ сапарға барар алдында үлкен адамнан бата алып жолға шыққандығын, жолының оңды болып, енді тағы бата алуға барғысы келетінін баяндайды.

Сонымен қатар халықта қорықтық құю, аластау, ұшықтау, өкпемен ұру деген емдік ырымдар бар. Бұл сырқаттанған науқасқа немесе жас түскен келінге, ұшынған адамға, жас нәрестеге, балаға жасалады [3,114]. Бұл жоралғы ақынның «Өкпемен қағу» өлеңінде бүге-шігесіне дейін баяндалған.

*... Анам менен неше ауруды табатын.
Тоқсан түрлі кеселіне бір шипа,
Осы зой деп жас өкпемен қағатын...*

Бұндай ем жасау үшін аурудан ада, кеселден аман жас мал немесе қанатты құс алынады екен. Ақынның өлеңінде:

*Асыл дәрі текке күйіп кетпесін,
Дегендей-ақ балам азап шекпесін,
Кемпір мені жібермейді ойынға,
«Қой сояды» деген хабар жеткесін...*

– деп беріледі. Өлең жолдарында әрі қарай емнің жасалуы суреттеледі:

*Бір қолда өкпе, бір қолында тас құман,
Бірдеңе аңдып батқан күннің астынан,
«Жұм көзіңді!» дейді маған... мен тұрам,
Жұмып алған екі көзді тас тұман...*

ескі наным-сенім бойынша баланы өкпемен қағып тұрып, емші тілек айтады:

*Түн ауруы болсаң, ауру, түнмен кет!
Күн ауруы болсаң, ауру, күнмен кет!*

Бұл тіркестердің астарында халықтың түн мен күнге сыйынғаны, оны жоғары бағалағаны, киелі санағаны жатыр.

«Балам менің өлген жоқ!» өлеңінде дүниеден өткен адамды о дүниеге аттандыру жоралғылары да баяндалады.

*... Жаманаттың тас төбесін ойғанбыз,
Жексен жайын айтып, айтып қойғанбыз.
Биыл күзде жылы болды дегенге,
Жаназаға көк бұзауын сойғанбыз*

Бұл шумақтарда Жексеннің қайтқанына жыл бір жыл болғандығы туралы ақпарат беріліп, сол садақасына көк бұзаудың сойылғандығы айтылған. Бірақ ақын өлеңінде жаназаға сойылды деп қолданады. Жаназа қайтыс болған уақыттағы садақасының атауы. Біздіңше, ақын ұйқас ыңғайына қарай сондай тіркес қолданған.

*Тірлігінде хан қоятын бұ халық,
Тастап еді тізімнен де шығарып.
Біздің кемпір салып жатыр айқайды
Ақ жаулығы аяғына шұбалып:
«Аман- есен оралдың ба, Жексен-ау,
Қара жерде ойылып жүр өкшем-ау,
Жат жерлерден тауық құсап теретін
Несібеңді тауыстың ба, Жексен-ау!...»
... Аспандағы қуә қылып Күн, Айды*

Қарсы алдына бір тізерлеп құлайды.
«Бірге кеткен Нұрғалиды өзіңмен
Өз қолыңмен көмдің бе?» - деп сұрайды.

Бұл шумақтарда жоқтау, қаралы адамдардың көрісу салты бейнеленген. Ақын қолданысындағы Біздің кемпір салып жатыр айқайды сөйлемінің астыртын мағынасы Жексенмен жылап көрісті дегенді айтып тұр.

«Жан жылуы» өлеңінде асау туралы айтылады:

*Бұл да сөзі сол сорақы соғыстың,
(Қасіретін әлі ұмытқан жоқ ешкім)
Сылп-сылп еткен иікі қайыс шоқаймен
Тонның ішкі бауындай-ақ таныспын
Әр барғанда бір қайтарым «сый» алып,
Асатудан бір тоярым – бұл анық.
Кісі толы нағашымның үйіне
Бара алмаймын шоқайымнан ұялып*

Ақын бұл өлеңінде асату салты туралы ақпарат берген. Асату – сыйлы қонақтарға жасалған табақтан көпшілікке, бала-шағаға берілетін астан асату [4,59]. Тура мағынасындағы тұйық етістік формалы асату етістігі жоралғының атына айналған. Бұл өлеңнің бірінші тармағында – Бұл да сөзі сол сорақы соғыстың – сорақы соғыс тіркесі қолданылған. Негізінен сорақы сын есімі адамның мінезіне байланысты немесе іс-әрекетті бейнелейді сорақы бала, сорақы әрекет деген сияқты. Сорақы соғыс тіркесі арқылы ақын халықтың әбден шаршағандығын, жоқшылық пен күйіктен жүнжіп кеткендігін сипаттау үшін қолданған. Асату ауыз тигізу, ол тоя ішер тамақ болмайтыны белгілі. Ақын Асатудан бір тоярым – бұл анық деген жол арқылы күнделікті тойып тамақтанбайтын баланың жүрек жалғауы асату екендігін баяндап тұр. Өлеңдегі қайыс шоқай – соғыстың зардабын танытатын бірлік. Сонымен қатар қазір қолданыста сирек кездесетін базына сөзі ақынның өлеңдерінде кездеседі. Тіпті «Базына» тақырыбында өлеңі де бар. Сөздіктерге сүйенсек, базына сөзі өкпе, наз дегенді білдіреді. «Базына»:

*Оған біраз, оған біраз жыл өткен
Кетпей қойған сол бір сәтке жүректен.
Сол Степан (ұлты – қазақ) нағашым –
Қылық асап қойды маған бір өктем.
Болмаса да көз қимайтын қазына,
Ырза болар едім зой мен азына
Қонақ болып шақырылып үйіне...
Жасап едім сәл жиендік базына*

Қазақ халқы жиенді қатты сыйлаған. Нағашылы-жиенді қалжыңдасып, сыйласып өткен. Тілдік қолданыста *жиен ел болмас, желке ас болмас* деген мақал болғанымен, біздіңше, ол жиеннің қанының бөлектігін, яғни оның анасы – қыздың – барған еліне сіңісті болсын, төркінін жағаламасын деген оймен айтқан. *Жиеннің көңілін жықпа, жігіттің жақсысы нағашыдан* деген тіркестер осыған дәлел. Бұл өлеңде осы нағашылы-жиеннің жақындығына қылау түскен сәт суреттеледі. Бұл ақынның екінші шумақтың соңғы тармағындағы *Жасап едім сәл жиендік базына* дегенінен байқауға болады.

*Алдым сонда көңіліме дерт-сабақ
Өттім соны өзегіме өрт санап.
... Әкесінің ақшасына Степан
Әкеп еді Москвадан төрт сағат.
... Әкесіне тақты апарып біреуін,*

*Ақжарбайға тақты апарып біреуін.
Күтіп тұрмын мен төртінші сағаттың
Мәселесін маған әкеп тіреуін!
Қатар өскен досы да ем, жиен ем,
Бір сағаттың еншісіне ие де ем,
Кітабымыз, асығымыз ортақ ед,
Аман едім арға жұққан күйеден
... Болмаса да ердің құны - қазына,
Қарамай-ақ көбіне де, азына,
Сол арада жиен болып, қазақ боп,
Жасадым мен тұңғыш рет базына*

Бұл өлең жолдарындағы Қатар өскен досы да ем, жиен ем, тармағында Степан мен Өтежанның жақындығын көрсету мақсатында дос, жиен сөздері алынған. Ақынның астыртын мағынада айтпағы бір сағатты маған қиып беретіндей ең жақын досы, әрі жиенімін деген ой. Жиен, дос сөздері туыстық жақындықты анықтаушы бірліктер. Бұны әрі Кітабымыз, асығымыз ортақ ед деген қосымша сөйлеммен қорытындылап тұр. Кейінгі жолдарында Сол арада жиен болып, қазақ боп. Жасадым мен тұңғыш рет базына деген тармағында ақынның жиендікке салып сағатты сұрағандығы айтылған. Базына негізінен көңілі қалу, наразы болу мағынасында қолданылғанымен бұл жерде ақын наразы болып, дегенмен, балалыққа салып, қатты қызығып сағатты жиендікке салып қалап алғанды берілген. Бұл сөзімізге келесі жолдарындағы

*Бәлки, менің ісім сәл бір ағат-ты.
Ұшқыр көңілім аңсады ма қанатты?
Тел қозыдай тату өскен Степан
Жұлып алды өз қолымен сағатты!
Бай да болып кетпес, сірә, ол мұнан,
Кедей болып қалмаспын да мен бұдан.
Пәленбай жыл жылы ұяда орныққан
Жұлып алды жүрегімді орнынан.*

Бұл өлең жолдарында сағатты жұлып алды деген сөйлем бар. Яғни ол баланың сағатты алғандығын баяндап тұр. Бала көңілінің соншалықты суып қалғандығын көрсету үшін қасиетті саналатын ұя сөзі таңдалған. Тел қозыдай тату өскен Степанның Пәленбай жыл жылы ұяда орныққан Жұлып алды жүрегімді орнынан деген сөздері ақынның наразылығын бейнелеуші сөйлем. Бір сағаттың еншісіне ие де ем, Аман едім арға жұққан күйеден тармақтарында енші беру жоралғысы да көрініс береді. Қазақта бөлек шыққан үйге, немесе, қыз тұрмыс құрғанда еншісін береді. Ол сол балаға тиесілі несібе, соған бөлінген құрмет сый, бұйым. Ол әркімнің шамасына қарай мүліктей, малдай берілуі мүмкін. Ақын бұл өлеңінде нағыз қазақы танымға өзек болатын генетикалық ерекшелік ретінде, ұлттық болмыстық ерекшелік боп қанына сіңген, баласы да, атасы да, аты қазақ жоғары бағалайтын ар сөзін де орынды қолданған. Аман едім арға жұққан күйеден деген тармағы Степанның алдында ешқандай әбестік жасамап едім, арым таза еді дегенді мегзеп тұр.

*Соғыс! Кәззап! Жетім қылдың көңілімді,
Қаяу қылдың, жаяу қылдың өмірімді,
Жаман сағат алдында мен жеңілдім,
Білмей келіп, білмей келіп жеңілуді.
... Бұдан басқа кінәм да жоқ тағатын,
Бұдан басқа жалам да жоқ жабатын,
«Ел болмайды жиен» деген осы өлең –
Нағашыма сыйлайтұғын сағатым...*

Өлеңде көңіл сөзіне ерекше эмоциялық екпін түсірілген. Қазақ таымында көңілді, яғни психологиялық ахуалды өте жоғары бағалаған. *Көңіліне қарау, көңілін қимау, көңілін түсірмеу* деген тіркестер осының дәлелі. Науқас адамның көңілін сұрау, жақыны дүниеден озған адамдарға көңіл шай беру салты да осыдан қалыптасқан. Өлең жолындағы Жетім қылдың көңілімді тіркесі ақынның психологиялық жағдайын сипаттайды. Тілдік қолданыста көңілі жетім тіркесі өте сирек қолданылады. Ақынның айтпақ ойы соғыстың зардабы, ішкі құса күйі, бітпейтін сағанышты жетім көңіл тіркесіне теліген. Бұл жетім көңіл тек Өтежанның ғана көңілі емес, соғыс жылдарындағы жарын күткен әйелдердің, жаулығын сүйретіп баласын тосқан ананың, әкесін шинелмен елестеткен баланың, досынан бұрын соғыстан жаралы боп келіп ұры тазыдай қысылған жолдастың көңілінің жетімдігі.

«Ел болмайды жиен» деген осы өлең –

Нағашыма сыйлайтұғын сағатым... деген жолдарында да нағашылы-жиеннің арасындағы сый-сияпат беру жоралғысы жатыр. Астыртын түсінігінде нағашысына тартылған өлең жолдар бұрынғы сағат базынасының есесі.

Жалғыз баласынан соғыста айырылып, өмірдің, күйбең тірліктің ауыртпалығын өзі тартып, аұыры бір жұтым суға зар болып, сусыа, адасып өлген Мұқаш шал туралы «Мұқаштың ақыры» туындысында да сыбағы сөз қолданылады. Мысалы:

«Шал не көрді бұл өмірден!» - демес ек,

Сол шал тартқан сыбағыны жемесек,

Бәрін көрді; ең ақырғы көргені –

Опасы жоқ бұл дүниеде көк есек ...

Бұл тармақта сыбағы тартудың құрмет көрсету жлралғысы екендігі, айтылады.

Ауыл тірлігінің бүге-шігесіне дейін танып, салт-дәстүрдің барлығына сусындап өскен ауыл баласының әр шығармасы қазақы тұрмыс-тіршілік пен салттық жоралғылардан өрілген. Сыбағы сөзі оның жиырма шақты өлеңінде кездеседі. Дегенмен әрқайсында ол әртүрлі реңде қолданылып, кейіпкерлер мен туындының мазмұнына сәйкес контекстік мазмұнға ие болады. Оқырман бұл сөзді ақынның шеберлігімен әр туындыда жаңа қолданыс ретінде таниды.

Өтежан Нұрғалиев өлеңдерінде тұрмыс-салттық жоралғылар мол суреттеледі. Ақын әр салт пен жоралғыны мейлінше туындының мазмұнына лайықты қолданған.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбаева О.Қ. Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Фил.ғыл кандидаты диссертация авторефераты. Алматы, 2002. – 27 б.
2. Караулов Ю.н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987.- 263 б.
3. Өтежан Нұрғалиев. Ақтөбе кітапханасы. 15 том. – Ақтөбе, «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС. 2013. – 320
4. Сыздық Р. Сөз құдыреті. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014
5. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы «Ғылым». 1998, 137 б.
6. Әзімжанова Г. Көркем прза прагматикасы. Алматы, 2005, 300 б.
7. Қайырбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филолог. Ғылым канд диссертация – Алматы, 2004-135 б.
8. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы, Ғылым, 1998 – 292 б.
9. Колшанский В.Г. Объективная КМ в познании и языке. М., 1990

10. Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы бойынша) филология ғылымдарының канд. Диссертациясы – Алматы, 2003 – 127 б.

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «МҰНАРА» РОМАНЫНДАҒЫ ЦИТАТАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

*ТОКСАМБАЕВА А.О.,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті, Филология ғылымдарының
кандидаты, профессор
КАПСАЛЯМОВА Ж.Ш.,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті, магистрант,
Семей, Қазақстан*

Көркем шығарма – автордың өзін қоршаған ортаны, болмысты, қоғамдық-әлеуметтік формацияны өз тұрғысынан түсініп, сол өзі түсінген, елестеткен бейнені оқырманға эстетикалық өңдеп жеткізетін құрылым. Оның тілдік қабатында жалпыхалықтық қолданыстағы лексика-фразеологиялық бірліктермен қатар, ауыз әдебиетіне тән мақал-мәтелдер, өзінен бұрын өмір сүрген ақын-жазушылардың сөз қолданысы кейде саналы түрде, кейде еріктен тыс ұшырасуы мүмкін. Тілдік қауымдастыққа жақсы таныс, көпке белгілі шығармалардан алынған түрлі көлемдегі, түрлі деңгейдегі үзінділерді қолдану қаламгердің ой-өрісін, эрудициясын танытатын, өз алдындағы әдебиет қайраткерлерін бағалауын жеткізетін, сондай-ақ сол шығарманы оқитын оқырманның ұлттық әрі әлемдік мәдениет үлгілерімен таныстығын көрсететін тілдік дерек ретінде қарастырыла алады. Түрлі түпнұсқа мәтіндерден алынған әр деңгейдегі үзінділерді қолдану постмодернистік әдебиеттің бірден-бір белгісі деп есептеле бастады. Постмодернизм әдебиетінде басқа мәтіндердің үзінділерінің ашық немесе жасырын түрде кездесуі цитатаның негізгі белгілерінің біріне сай келетіндіктен, әлемдік әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдарында «цитация», «цитирование», «цитатная речь» терминдері айналымға кірді. Бұл терминдер интермәтінділіктің маркері болғандықтан толығырақ қарастыру керек.

Цитата ғылыми әдебиетте XVIII ғасырдың соңына қарай қолданыла бастады. Жалпы цитата келтіру христиандардың «Қасиетті жазбаларынан» алынған үзінді қолданыстың қай түрінде болсын, дәл, еш өзгеріссіз айтылуы қажеттігінен бастау алады.

Цитата келтіру мәселелері семантика саласында алғаш рет поляк ғалымы А.Вежбицкаяның мақаласында [1] көтеріліп, цитата келтіру көбінесе бағалау мақсатын көздейтіні дәлелденді.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі және жазба тілдегі цитата келтіру ерекшеліктеріне байланысты Н.Д.Арутюнова [2] тиісінше «цитация» және «цитирование» терминдерін ұсынады.

В.Набоковтың орыс және ағылшын тілдеріндегі прозалық шығармалары мен осы тілдерде жазатын басқа да қаламгерлердің әңгіме, повесть, романдарындағы цитатаның пайдаланылуын, қызметін жан-жақты зерттеген Н.В.Семенова, керісінше, цитацияны жазба әдебиетке қатысты қолданады. Ғалым: «Цитата – бір айтылымның ішіндегі айтылым, олардың мағыналық шегі айрықша (диффузды) сипатта болады» [3, 15] дейді де, цитация деңгейлерін төмендегідей бөледі: а) лексикалық; ә) мотивтік; б) метрикалық және анаграмматикалық; в) стильдік. Ол көркем прозаның күшті позицияларындағы цитаталарды жеке бөлімде қарастырады.

А.Блоктың поэтикасындағы реминисценциялардың қызметін қарастырған З.Минцтің пікірінше, символистердің көркемдік сезінуінде ақиқат өмірдің кез келген оқиғасы, тілдегі кез келген хабар немесе кез келген мәдени дерек цитата деп ұғынылды, себебі символистік-мистикалық көзқараста дүние өзіндік құрылымы бар мәтін деп танылды [4]. Ғалым өз зерттеулерінде цитатаны кең және тар мағынада түсіндіреді де, кең мағынадағы цитаталарға реминисценция мен аллюзияларды жатқызады. «Цитатаның» сөздіктегі мағынасындағыдай қолданыстарда болмаса, кең мағынадағы цитата үшін тек цитация қағидаты сақталуы жеткілікті екенін, дәлдік, сөзбе-сөзділік аса мәнді емесін және ол өзі контексінен алынып отырған мәтіннің «орынбасары» ғана болатынын атап айта отырып, ол «цитация», «цитирование» сөздерін қатар қолдана береді.

Біз цитата, цитата сөз деген терминдерді қолдануды жөн көреміз және алғашқы терминнің лексикографиялық мағынасын ұстансақ, екінші терминмен жалпы цитация қағидатымен мәтінге енгізілген бөгде сөзді атаймыз. Көркем әдебиетте цитация қағидатымен енгізілген фрагменттер көбіне трансформацияға түсіп жататындықтан, бұл екі терминнің ара жігін ажырату қажеттілігі туындайды.

Қазақ филологиясында дәйексөз (тілші ғалымдар Р.Сыздық, Б.Шалабай, А.Салқынбай, Қ.Күдерінова), дәйектеме (әдебиетшілер З.Ахметов, Т.Бекниязов), цитата (әдебиетші Т.Есембеков, тілші Ш.Жалмаханов) деп қолданылып жүрген ұғымды А.Байтұрсынов кезінде келтірінді сөйлемдер деп атағаны белгілі [5, 309].

«Цитата» сөзі қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттерде осы уақытқа дейін бөгде сөздің бір түрі ретінде белгілі. 2002 жылы шыққан «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте»: «Дәйексөз (цитата) – төл сөздің бір түрі. Д. Басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей беріледі. Д. Алыну тәртібі функционалдық стильдердің түрлеріне байланысты әр түрлі болады. Ғылыми стильде автордың есімі, еңбегі, аты, шыққан қаласы мен баспасы айқын көрсетіледі. Публицистикалық стильде мұндай деректердің түзілуі шарт емес, сол пікірді айтқан адамның аты-жөні дұрыс аталса жеткілікті» [6, 65] деген анықтама берілгенмен, мысалмен дәйектелмеген. Ал «Қазақ грамматикасында» цитата бөгде сөздердің қатарында қарастырылады, яғни «Адам сөйлегенде, я жазғанда сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе соған қатысы бар басқа біреулердің сөзін, пікірін келтіретіні болады. Ондай келтірінді сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөз болып табылады» [7, 732] деп анықталады. Бұл дефинициялардан байқалатыны – көркем мәтіндегі цитаталар, жалпы цитаталы жазу жөнінде ештеңе айтылмаған. Солай бола тұрса да осы анықтамалар мәтін теоретиктерінің бірі И.Р.Гальпериннің көзқарасымен үндес [8, 52]. Аталған барлық еңбектерде цитатаға берілген дефинициялар оның негізгі үш белгісін көрсетеді: 1) қандай да бір мәтіннен алынған үзінді немесе басқа біреудің сөзі; 2) оның сөзбе-сөз дәлдігі; 3) түпнұсқаға сілтеме.

Жалпы алғанда, цитатаны диалогтің философиялық теориясының негізгі көрінісі деп қарастыруға болады. Цитата арқылы қаламгер өз шығармасындағы сөйлеу субъектісін өзгертіп, өз ойы мен кейіпкердің, қосалқы персонаждың көзқарасындағы айырмашылық, қайшылық, ортақтықтарды даралап, оның жаңа контекске бөтен екенін танытады. Цитатаның өзі мәтін болғандықтан, оның лексикалық құрамындағы сөздердің өздері лексикографиялық дефинициясынан басқаша күрделі мағынаға ие болып, өзі түскен контекстімен қосылып, ұштасып, мүлде басқа контекст, ассоциация тудырады. Цитатаның мәтін ретінде өз бойында сақталған ақпарлардың бәрі жаңғырып, жанданып, өзектеніп, жаңа мәтінді түзуге, өзгертуге ықпал етеді, бірақ осы жаңа контекстсіз цитатаның келтірінді құрылым екені білінбейді. Бұл, керісінше, цитата мен ол түскен жаңа контекстің бір-бірінен ажырағысыз байланыспен кірігіп кететінінің дәлелі.

Цитата көркем шығарма атауынан бастап оның кез келген жерінде орналасады. Атауына цитата алынған бірнеше шығарманы атасақ та жеткілікті: Ә.Нұршайықовтың

«Махаббат, қызық мол жылдар» романының атауына Абайдың бір жолы алынса, Д.Исабековтің «Гауһартас» повесі халық әнінің бір сөзімен аталған.

Біз жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романын талдаймыз.

«Постмодернистік ойын» элементтерін шебер меңгерген қаламгер бірінші жақтық баяндау әдісін ұсынғанымен, оны сан алуан аралық мәтін арқылы (интертекст), сарқылмайтын реминенценция мысалдарымен байытып, көркейте түседі. Осы бағыттағы өзге шығармаларымен салыстырғанда «Мұнара» шығармасында іс-әрекет иелері тіптен аз. Шығарманың бас кейіпкері – Айжан есімді Мәскеудегі әдебиет институтында оқитын студенттің бес жылғы уақыт көлемі соңғы мерзімдерге арнайы тоқталу түрінде суреттеледі. Еске алу, шегініс жасау амалдары бар. Бір романда екі шығарманың көрінгеніне қарап, жазушы әлем әдебиеті үлгілерінде кездесетін, бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде де бой көрсетіп жүрген «интермәтінділік» яғни әңгіме ішіндегі әңгіме, роман ішіндегі роман сияқты әдіс-тәсілді қолданғандығын байқаймыз.

Айгүл Кемелбаева өз шығармасына адам тағдырын арқау ете отырып, сол адамның ішкі-сыртқы танымын мінсіз көрсете алған. Оны оқырманға дәл жеткізу үшін шығарма кейіпкерлерін әр түрлі қоғамдық, әлеуметтік жағдайлармен беттестіріп қояды. Сонымен қатар шығарма желісіндегі өзге де кейіпкерлерді танымы бөлек адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді, оны өмір тартысының әр кезеңінде жекелей формада суреттейді. Соған сай, «Мұнара» романында да Айжанның мінез көрінісі сан қырынан ашылады. Романның қысқаша мазмұнына тоқтала кетсек, ол былайша өріледі. Мәскеудің әдебиет институтында оқитын Айжан есімді қыздың оқу бітірер шағы елдегі Кеңес үкіметінің ыдырау уақытына тұспа-тұс келеді. Ресей мен Қазақстан арасында пошта байланысы тоқтап қалып, ата-анасынан келген ақша мен тамақты ала алмай, алып шаһарда аш құрсақ, көк тиынсыз қалған студент қыздың қиын күндерінен сыр шертеді. Автор романның бірінші бөлімінде санаулы кейіпкерлер арқылы адам өмірінің қиын кезеңін, психологиялық жан күйзелісін айқын көрсете алған. Бас кейіпкер Айжанның қатты аштықтан қамыққаны соншалық өзі оқыған шығармаларынан Гамсунның «Аштық» романын, Гогольдің «Өлі жандар» романындағы Чичиковтың дастархан үстіндегі сәтін көз алдына елестетіп соңғы күндері астан өзге ештеңе ойлауға қабілетім жоқ болып кетті, дұрыстап құнарлы ас жемей, еттен қағылған соң, аш қарын ештеңе мұқтаж емес дейді.

Осы қиындықтың кесірінен жұмыс іздеуге кірісіп, құрбысы Лиляның көмегімен бала күтушілікке орналасады. Бала күтушілігімен қоса, сол үйдің құдды бір күні секілді барлық үй шаруасына жауапты болады. Рухани жағынан ештеңе бермейтін, байлаулы ит тәрізді күй кештіретін іш пыстырарлық тірліктер Айжанның төзімін тығырыққа тірейді. Кейде ойланып, «Демек, бұл фәниде неге болса да шыдап, көніп-бағудың арты жаман болмайды, алдамшы дүниеде не көрсен де Құдайдың басқа салғанына көнуден артығы жоқ болар. Өйткені кішірейтетін де бір Өзі, зорайтатын да бір Өзі» дегенінен Аллаға сенімін ешқашан жоғалтпағанын, мұсылмандық құндылықтарды да дәріптей отырып, ертеңгі күнге зор сеніммен қарайтынын байқауға болады.

Романның екінші бөлімі бірінші бөлімді одан әрі өрбітпейді. Қайтадан жаңа құрылыммен екінші әңгіме басталады. «Соңғы жолбарыс» аталатын шығарманың өн бойы аты айтып тұрғандай жолбарыстың қасиетімен суреттеліп, оқырманға өзге ой салу арқылы өрбиді. «Соңғы жолбарыста» қарт аңшы Тарбақ арқылы Арқадағы аң-құстардың тыныс-тіршілігінен толықтай хабардар етеді. Бастысы Жолбарыстың мінез-құлқын, сыртқы бейнесін жан-жақты ашып, туған жерін адамнан да қатты сүйетінін, оған ерекше қамқор болып иелік еткен махаббатына оқырманды қайран қалдырады. Жазушы романын сәтті шыққан нағыз реалистік шығарма деп бағалауға болады. Өзі куә болған нақтылы құбылыстармен, сонымен қоса бір кейіпкер тағдырын суреттей отырып, бірнеше адамның басындағы әртүрлі әлеуметтік

жағдайларға назар аудартуға тырысқан. Яғни, жеке мінездеуден типтік мінездеу тудырады [9, 114].

А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы – қазіргі қазақ романының үлкен жетістігі. Әдебиетші ғалымдар бүгінгі қазақ прозасында мәдениетті кейіпкер образының, яғни жаңа заманға сай, жаңа қазақ адамының қалыптасып келе жатқанын алға тартуда. «Мұнара» романындағы Айжан да мәдениетті кейіпкер, жаңа әлемнің адамы. Әр жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеген адам оның өмір шындығын көркем жинақтау, яки әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбінесе әр типке прототип табудан басталғандығынан шебер жазатындығына куә болады. Прототип шығарманы шынайы суреттеп, көркем бейнені нанымды етудің, шындықты шынайылаудың құралы секілді. Жазушы кейіпкер психологиясының, оның жасаған іс-әрекетінің әр-алуан бұралаң иірімдерін ғана емес, көркем бейнені жасауға керек материалдың өзін сұрыптап пайдаланады.

Постмодернизмді сөз еткенде әдебиеттің эстетикасы мен әдебиет қай ұлттың тілінде жазылса, сол ұлттың ішкі болмысы мен таным-түйсігін қарастырып алған жөн. Постмодернизм де, эстетика да күрделі, көпмағыналы, концепциялық ұғымдар екені рас. Таным деңгейінде елес қуу, моральды нормалардың шегінен шығу, қоғамдық мәселені түрлі ішкі монологтар арқылы беру, психологиялық ерекшеліктерді, ежелгі мифтік сарындарды бүгінгі тылсыммен байланыстыра отырып суреттеу, нақты емес дүниелердің шешімін оқырманға қалдыру, ойыншыл қағиданы ұстану, бейтарап оқырман мен бейтарап автор арасындағы байланыс сынды көріністер постмодернизмнің төңірегінде қарастырылады [10, 47].

Романдағы цитаталарға назар аударсақ, көбі қазақ дүниетанымымен байланысты болып келеді. Себебі, қалай айтсақ та, автор өзінің шыққан тегі мен өскен ортасынан алғанды шығармасында көрсетпей тұра алмайды. Бұл авторлық бейненің өзіндік ерекшеліктеріне жатады.

Цитата дегеніміз бір сөзбен айтқанда түпнұсқадан сөзбе-сөз алынған үзінді. Ол автордың белгілі бір ойын танымал пікірлермен тиянақтау үшін, біреудің пікіріне сын айту үшін қолданылады. Цитатаның негізгі үш белгісі:

- 1) қандай да бір мәтіннен алынған үзінді немесе басқа біреудің сөзі;
- 2) оның сөзбе-сөз дәлдігі;
- 3) түпнұсқаға сілтеме.

Айгүл Кемелбаеваның талдап отырған романында алынған цитаталар осы үш белгіні де қамтиды.

Бірінші топқа: «Есектің көтін жу да, мал тап!», «Еріншек, бекер мал шашпақ» (Абай Құнанбаев), «Мне говорили собратья, что, если я навещу могилу подруги, горе мое исцелится» (Эдгар По «Береника» новелла);

екінші топ: «Аспанан шұға жауса да, құлға ұлтаракта тимейді» (халық мақалы), « Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар» (халық мақалы);

үшінші топ бойынша: «Человеческая душа способна потенциально познавать» (Әл-Фараби), «Башня из слоновый кости» (Сент-Бев), «Бақ жұлдызым, бір жарқ етші!» (Хожа Хафиз), «Өмір – мейрімсіз, қатігез» (Әсел) т.б.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваның өмірден алған тәжірибесіне сүйенер болсақ, автордың балалық шағы ауылда өткенін білеміз, сондықтан оның шығармаларындағы цитаталардың бастысы халық ауыз әдебиеті мен мақал-мәтелдерінен келуі де заңдылық. «Мұнара» романы Айгүл Кемелбаеваның ішкі жан-дүниесінің өзіне тән биязылықпен ашылуы деп қабылдауға болады. Жазушы Т.Жұрбай: «Өзінің тағдырын көркемдікке айналдырып, өз-өзінің ақылының түбіне жетеді. «Мұнара» натурализм мен сентиментализмнің арасында, өткен дәуірді бүгінгі дәуірмен қатар ала отырып баяндайтын көркем шығарма. Кішкентай трагедия болғанмен де,

түсініп оқыған адамға астарында үлкен трагедия бар. Адамның жалғыздығы, әйел адамның жан күйзелісі, өзегінің үзілгендігі жатыр» дейді.

Жалпы романның әдебиеттің басқа жанларынан айырмасы, мұнда бір дәуірді, кезеңді өз заманындағы идеясы кең көрсететін кесек әрекет алынады. Автордың бұл шығармасында постмодернистік сипаттардың ерекшелігі басым. Мәскеуде үй күтуші болған автор Айжан есімді қыздың нарраторлық шеберлігі бірінші бөлімде жай ғана хабарлы сөйлемдермен жүзеге асады. Ішкі монолог пен ішкі түйсіктің қарым-қатынас негізімен әңгіме өрбиді. Ал екінші бөлімі алдыңғы бөлімнің мазмұндық ерекшелігіне қарамай-ақ бірден сонау мифологиялық жолбарыс бейнесінің ару санасындағы қадір-қасиетінің сипатталуымен ерекшеленіп кетеді. Екі бөлім іштей байланыс құра алғанымен, сырттай екі әлемді қатар, бір уақыттың еншісінде баяндайды. Бірақ кеңістік екі түрлі. Айгүл шығармаларындағы ерекшелік те осы. Ол адам санасының ең тұңғышына бойлай отырып, ішкі жан-дүниенің үйлесіміне баса назар аударады. Әдебиеттегі уақыт пен кеңістік қамтыла отырып, постмодерндік бағыттың терең ұшқындары орын алады. Айгүлдің бұл шығармасына көптеген пікірлер айтылып, авторды модернистік және постмодернистік дүниелерді толық меңгерген авторлар қатарына жатқызды. Десе де оның бұл шығармасын модернистік бағытқа жатқызатындар да аз емес.

Философ П.Гречко: «Модернистер дөрекі, алабажақ, тұрақсыз, шындықты ар жағынан жоғары шындық, жоғары өмір, сабақтас әлем, іргелі тұтастық, өзгеше ой, тың ауқымды идея іздестірді. Өмір олар үшін көріксіз де, тазалық пен әсемдік өнерде ғана сақталмақ» дей келіп, модернизм мен постмодернизмнің айырмашылығын былайша көрсетеді: «Постмодернизм мұндай кемшіліктерден ада, олар, біріншіден, осы сәттегі тысқары нәрсеге назар аударады» [10, 166] деген екен. Қазақ ғалымы Б.Майтанов модернизм көз алдында тұрған шындықты місе тұтпаса, үлкен-кіші деп бөлмейді, кез келген зат, құбылысты дүние санауға бейім. Ол техногенді, постиндустриалды қоғам негізінде бей-берекет тіршіліктен безер болудың орнына бәріне көнген, бекінген, қасіретін ішіне түйген қалыпта, ешнәрсеге қатты алаңсыз, жүйкесін сауытпен қоршап күн кешуді жөн санайды. Тығырықтан шығар жол іздеудің қажеті жоқ. Егер адамзат өркениеттің жар қабағында тұрса, оған амал іздеу мүмкін емес. Әркім өзінде бар әлем, үлесіне тиген тағдыр мен сағат, сәттің тұтқынына сол күйіне жасымай, зар төкпей тыныстауы қажет деді. Шындығында Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» шығармасы бірінші жақтан баяндала отырып, ондаған кейіпкердің шындық әлемін түрлі тәсілдер арқылы ашып көрсетеді.

Басы мен аяғы бар бүтін шығарма болғанымен, бейтарап автор, бейтарап оқырман, интермәтінділік сынды дүниелер орын алады. Айгүл Кемелбаеваға дейін де «Киллер сауысқан», «Атаукере», «Кербұғы», «Сайтанкөпір» шығармаларында мұндай көріністер аңғарылып отырды. Бірақ ұлттық дүниеде аталған шығармалардағы бейнелер дәстүрлі форманы сақтай алған. Сол үшін де біз оларды таза классикалық шығармалардың қатарына жатқызамыз. Ал Айгүл Кемелбаева шығармасындағы жолбарыс бейнесі – атадан балаға деген сенімнің негізіндегі қиялдан туған күрделі бейне екені айқын. Автор осы бір кішігірім эпизодтың өзінде түс көру, елес қуу, эпитафия құбылыстарын ұтымды пайдаланған. Сол бір соңғы жолбарыс арқылы туған жерге деген студент қыздың сезімін ұштастырып әкеліп, оқырманға ұтымды сюжет, талғамды шығарма ұсынады. А.Кемелбаеваның «Мұнара» романын Б.Майтанов «Автор және мәтін – кентавр» деп аталатын бірнеше жазушылардың прозалары қарастырылған мақаласында «постмодернистік ойын» элементтерін әдемі меңгерген қаламгер» деп бағалаған. Басқа да көптеген жазушылардың оң пікіріне іліккен «Мұнара» романы талай зерттеулердің нысанасы бола беретіні хақ.

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер элеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кенестік кезеңдегі қоғамдық шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі абдырап қалғаны рас. Қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел қарқынына ілесе алмай қалды»

деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, батыл ізденістерге барғанын зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық объектілері көбейді. Бүгінгі проза терең ойлануды қажет ететін материалдардан тұрады, бұл материалдардың біразы қым-қуыт байланысып жатыр. У.Бенжаминнің пікірінше проза жеке адамның тыныс-тіршілігі. Проза ауызша әңгіме айтуға ұқсамайды. Ол кітапты қажет етеді. Проза жалғыздықтан жабырқаған адамның туындысы. Өз мәселелерін аршып айтудан қалған, онысын түсіндіріп те бере алмайтын, басқалардың ақылына құштар емес, басқаларға ақыл айтқысы келмейді. Жан дүниесін толқын атып, кемерін керіп тұрған, сондай көңіл-күйге бой ұра беретін күй. Проза дегенің жан иесінің терең толғануға құштарлығы.

Романдағы цитаталардың қолданысы жөнінде М.Аманғазықызы мынадай пікір білдіреді: «Жазушы Айгүл Кемелбаева «Мұнара» романына эпиграф ретінде Сент-Бёвтің «Піл сүйегінен жасалған мұнара» («Башня из слоновой кости») деген метафорасын алған. «Піл сүйегінен жасалған мұнара» – ақын мен суретшінің өмірді жатсынатындығын білдіретін тіркес; Шарль Огюстен Сент-Бёвке (1804-1869) тиесілі. Романда ХХ ғасырдың соңындағы, яғни Кеңес Одағының ыдырауы тұсындағы кезең суреттеледі. Басты кейіпкер Айжан өз айналасындағы саяси оқиғаларға немқұрайлы қарайтын адам ретінде бейнеленеді. Мұны шығармадағы кейіпкердің өз сөзінен байқаймыз: «Мен мекендегелі Москва митингілерсіз күн көрмейді. Өкіні мейлі, өкініме мейлі, өмірдің өз өктемдігінен ешкім асып түсе алуы мүмкін емес. Бәрінің де ішкі заңдылығы бұрып әктері сөзсіз, болары болса, бояуы сіңеді. Сондықтан, елдегі саяси оқиғалар жан ауыртатындай мүшкіл күйде сезілсе де, кейде олар маған бөгде планета, мысалы, Айда өтіп жатқандай әсер етеді». Осы тұста романға эпиграф ретінде алынған «Піл сүйегінен жасалған мұнара» тіркесінің мәні ашылады» [11, 73].

Осы постмодернистік бағытқа сай жазушыларымыз жеке-дара стиль қалыптастырып та үлгеруде. Нарраторлық шеберліктің де жан-жақты қырлары саралануда. Автор мен оқырман арасында тұрақты қарым-қатынас орнап, талғам мен таным қалыптасты. Пастиш, ризома, субъект өлімі мен автор өлімі, ойын қағидасы мен абстрактілі оқырман жүйесі бір ізге түсіп, жүйелене бастады. Енді бір-екі ғасырдан кейін адами сананың дамуы дәрежесінде фантазияға толы жаңа романдардың дүниеге келетіні заңдылық. Көне түркі дәуірінен беріге дейінгі уақытты қамтығанда жоғарыда көрсетілген терминдердің барлығы дерлік қазақтың фольклорынан бастап, бүгінгі әдебиетті қамти алады. Ежелгі салт-дәстүрдің негізінде де әрекеттердің көрінісі постмодернизмнің кей элементтерін айқындай алады. Ал сол ежелден көрініс тапқан кей терминдердердің қазір жаңаша формада түрленуінің нәтижесінде әдебиетке жаңа есімдер, тың тақырыптар келді. Олар сол терминдерге сай түрлі тақырыпта ой қозғады [12, 16].

Қорыта айтқанда, шығармашылық өмірбаянды зерттеу үдерісі жазушы шығармашылығының өзіне тән сипаттарын жүйелі және хронологиялық түрде оқып-үйренуді қамтамасыз етеді. Қаламгердің жеке шығармасын қарастырғанда, автордың осы туындыны жазу кезеңіндегі ой-орманына, тұрмыс-тіршілігіне ерекше байыппен қарау маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Вежбицкая А. Дескрипция или цитация // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XIII: Лингвистика и логика (Проблемы референции). – М.: Прогресс, 1982. – С.237-262.

2. Арутюнова Н.Д. Диалогическая цитация: (К проблеме чужой речи) // Вопросы языкознания. – 1986. – №1. – С. 50.
3. Семенова Н.В. Цитата в художественной прозе: дисс. ... д-ра филол. наук. – М., 2004. – 330 с.
4. Минц З.Г. Функция реминисценций в поэтика А. Блока // Поэтика Александра Блока. – СПб.: Искусство-СПБ, 1999. – С. 362-388.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 462 б.
6. Лингвистикалық түсіндірме сөздік / Құрастырушылар Салқынбай А., Абақан Е. – Алматы: 2002. – Б. 65.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
8. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 137 с.
9. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 б.
10. Гречко Л.К. Интеллектуальный импорт, или О периферийном постмодернизме // Общественные науки и современность. – 2000. – №. 2. – С. 166-179.
11. Аманғазықызы М. Қазіргі қазақ прозасындағы қала моделі және ұлттық ментальділік: «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 112 б.
12. Қасқабасов С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 2009. – №13. – 23 б.

САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ: ОККАЗИОНАЛ ҚОЛДАНЫСТАР

*САДУАҚАС Н.А.,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
ІЗБАСОВА І.А.,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, магистрант*

Аннотация: Мақалада қазақ әдебиетінде, ұлт тарихында өзіндік орны бар Сарышолоқ Боранбайұлының шығармаларына концептуалды тұрғыдан зерттеу жасалды. Ақынның өлеңдеріндегі концепт, ұлттық таным, рух, оккозионал қолданыстар талданды. Сол кездегі тарихи жағдай мен отаршылдықтың ақын шығармашылығындағы көрінісі мысалдармен дәлелденіп, жаңа тіркестердің мағыналары айшықталды.

Кілт сөздер: ақын, поэзия, әдеби тіл, оккозионал қолданыстар, түсінік пен ұғым, таным, зар заман ақыны, отаршылдық, әлеуметтік жағдай, зерттеу жұмыстары

Аннотация: В статье рассматриваются методы исследования языка в когнитивной лингвистике, концепт, концептуальный анализ, познание, языковая картина мира, оккозионализмы и др. Дано понятие единиц. Концептуальный анализ произведен в творчестве поэта Сарышолока Боранбаевича с акцентом на значение и национально-культурные особенности токенов, представляющих различные концепты, отражающие языковой образ мира.

Ключевые слова: познание, концепт, национальное знание, поэт, поэзия, литературное слово, литературный язык, оккозионализмы

Annotation: The article deals with the methods of language research in cognitive linguistics, concept, conceptual analysis, cognition, linguistic view of the world, occasionalism etc. The concept of units is given. Conceptual analysis is made in the works of the poet Sarysholak Boranbayevich, focusing on the meaning and national cultural features of tokens representing various concepts that reflect the linguistic image of the world.

Key words: cognition, concept, national knowledge, poet, poetry, literary word, literary language, occasionalism

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының ең көрнектілерінің бір Сарышолоқ Боранбайұлы еді. Алайда, патшалық Ресей отаршылдарының, одан кейінгі қызыл империяның тиым салуы себепті осы уақытқа шейін оның есімін атауға, шығармаларын жарыққа шығаруға мүмкіншілік болмады. Жалғыз Саршолоқ емес, «зар заман» ақындарының жолы қазақтың бұрынғы-соңғы ақындарымен салыстырғанда тым ауыр болғаны баршаға аян. Қызылдардың Қазан төңкерісіне дейін өлең, толғаулары баспа жүзін көрген, кітап түрінде шыққан Дулат, Шортанбай, Мұрат, Кердері Әбубәкір сияқты жыр дүлдүлдерінің әуелгі қарқында есімдері аталып, олар жайлы басы ұлы М.Әуезов болып бірсыпыра ғалымдарымыз еңбектер жазып көпшілікке, ғылыми ортаға мәлім еткен еді. Тасқа басылған есімдері ел жадында сақталып, шығармалары оқулыққа енді. Алайда кеңестік қызылдар ес жиған сайын ұлттық сананы өшіру мақсатында қаулы үстінде қаулы шығарып, есіміне қара жағылды [1, 9]. Сарышолоқ Боранбайұлы шығармашылығы туралы зерттеуінде ғалым Ж.Асан ақынның мына бір өлең жолдарын келтіреді:

Қалмақтан қиын болды да,
Орыстың салған ойраны.
Біз сияқты сорлыға,
Батып жүр қылған сайраны...
Баяғы күнің елестей.
Келмеске кетті айналып.
Орыспен төбе теңеспей,

Алған беттен таймалық [1, 9], – деген жолдарының патша үкіметіне жақпайтынын «Ұлы орыс халқына қарсы!» – деген желеумен кеңес өкіметі де тиым салған болатын. Сондай-ақ, зерттеуші ақынның орыс халқына қарсылығы жоғын, отаршылдыққа қарсы екендігін айтады.

Сарышолоқ орыс отарлаушыларынан зәбірді көп көрген, қуғын-сүргінге түскен. Оның заманы орыс отаршылдығының әбден күшіне еніп, қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған кезі еді. Қазақ-орыс іскерлеріне ең шұрайлы жерлер бекітіп берілді, көшіп келген орыс мұжықтарына қалаған жерінен үй салуға, егістікке рұқсат етілді. Отаршылдар дінге де ауыз салды, мұсылман дін қызметкерлерінің құқығын шектеді. Тіпті, сұраусыз мешіт-медресе салуға, жаңа мұсылман медреселерін ашуға тыйым салынды. Сарышолоқ осы «зар заманды» басынан өткерді. Ол жеке басының емес, халқының жағдайын ойлап қабырғасы қайысты, ел ішіндегі ахуалды, жұрттың басына түскен ауыртпалықты жырға қосты.

Зар заман ақындарын зерттеген ғалым Б.Омарұлы өз еңбегінде Шортанбай, Дулат, Мөңке бастаған ақындардың ағымының атауын М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» еңбегінен бастау алатынын айтады. Әрі М.Әуезов көзқарастырына сүйенетінін көреміз. Зерттеуші С.Дәуітов «зар заман ақындары» жайлы былай дейді: «Бұлар – заман ағымын байқай білген көреген көсем, болашақты толғай айтқан абыз, тіпті бүгіннің ғана емес, ертеңнің де ұлы жыршылары. Оларды қатты толғандырған уақыт сезімі бүгінгі күні де барынша айшықталып тұр» [3], – дейді. Зерттеуші Б.Омарұлының пікірінше, «зар заман ақындары» деген белгілі бастау арналары бар, дамуы, қалыптасу жолдары бар, қоғамдық ойдың әдебиеттегі көрінісі деп «Ол заманға көңіл толмаушылықты өткен дәуреннің артықшылықтарын жырлау арқылы ұлт

тағдырымен сабақтастыра отырып бедерлейді. Алдымызда жақсылық жоқ, құт-берекенің бәрі соңымызда қалды дегенді білдіреді. Зар заман жырлары – отаршылдықтың талауына түскен ұлт тағдырының тығырыққа тірелгенінің белгісі» [2, 5], - екенін айтады.

Ж.Асанов пен Ж.Төлемісованың бірігіп жазған мақаласында Сарышолақ шайыр жайында мынадай тұжырымдарға келеді. «Ол – суырып салма, ақпа-текпе ақын, соған қарамастан шығармалары сазды, ұйқасы мықты, мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік. Ол отаршылдар саясатының қитұрқы астарын халыққа өлең тілінде түсінікті етіп жеткізуге қызмет етті. Ол – тек ақын ғана емес, жыршы, сазгер, әрі мықты әнші, яки сал. Ол – әр образ, әр суреттелген көріністің негізінде шындық болуы керектігінің айқын үлгісін көрсетті. Жаңашыл ақын болды. Әдебиетіміздің реалистік бағытын нығайтты. Ол – гуманист һәм философ ақын. Ол – табиғат жыршысы еді. Ол – өзіндік өлең құрылысы, тіл өзгешелігі, өз стилі бар ақын. Оның мұрасы – мазмұны жағынан жан-жақты, аса бай. Сарышолақта махаббат, сауда, тіл тазалығы, аң аулау, сатира, арнау, жоқтау, шешендік дау тақырыптарына арналған шығармалар бар. Ол – ілгерідегі Асан қайғы, Бұқар жырау тәрізді болжампаздық қасиет дарыған ақын, елінің тәуелсіздік аларын, сол кезде өз сөзінің де өлмей, жарыққа шығарын бұдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен» [1, 71], – деп бағалайтынын көреміз.

Қазіргі қазақ тілінде автордың өзіндік ерекшеліктерінен туындаған қолданыстар мол ұшырасып жүр. Көркем әдебиетте ақынның тіл байлығы, өзіндік ерекшелігі авторлық қолданыстар арқылы көрінеді. Тіл білімінде окказионал қолданыстар деп аталып жүрген терминді кеңірек қарастырып көрсек.

Зерттеуші Н.Фельдман енгізген окказионал термині белгілі бір түсінік пен ұғымға бағу беру екенін көреміз. Жаңа заттар мен құбылыстарды атауда, сөз мағынасына жаңа бояу береді әрі қайталауларды болдырмайтын қолданыстар окказионал деп аталады. Жазушының шеберлігін, бейнелеуіш құралдардың құрамын кеңейтетін тілдік бірліктер ретінде қазақ тіл білімі мен әдебиетінде алар орны ерекше. Окказионализмдердің экспрессивті, эмоциялылығы мәнмәтінге байланысты. Солай, мына байланысты анық көреміз: «Көркем мәтінде қолданылатын көркем окказионализмдер – оның бейнелеуіш құралының компоненттері – белгілі бір көркем сөз жағдайында іске асады» [4, 7].

Тіл білімінде окказионализмдердің зерттелуін Н.Фельдман, В.Лопатин, Л.Киселева, М.Бакина, М.Давыдова, Қ.Жұмалиев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, А.Алдашева, Қ.Қадырқұлов, А.Бейсен, Ж.Әбдірахманова сынды зерттеушілер қарастырған болатын. А.Бейсен окказионализмдерді, окказионал қолданыстарды былай деп анықтайды: «Стильдік мақсаттан туындайтын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі, мағынасы жағынан мәнмәтінге байлаулы, жасалуы жағынан тіл заңдылықтарына үйлесе де, үйлеспей де келетін, үнемі жаңашылдығымен ерекшеленетін, белгілі бір әдеби-эстетикалық, идеялық мақсатты көздеуден туған қолданыстар» [4, 7], – деп анықтайтынын көреміз. Окказионал қолданыстардың ерекшеліктерін тізбелесек: Тілге ену қабілеті шектеулі; Жаңашылдық; Тілдің заңдылықтарына үйлесіп те қолданылуы, үйлеспей де қолданыс табуы; Түсіндірмелі сөздіктерде ұшыраспайды; Мәнмәтінде белгілі бір қызмет атқарады; Арнайы әдеби, эстетикалық, идеялық мақсат негізінде қалыптасқан құбылыс; Жеке бір авторға меншікті болуы [4, 7].

Окказионал қолданыстар автордың шеберлігінен шыққан, белгілі бір мақсатты көздейтін қолданыстар, тіркестер екенін көреміз. Окказионал қолданыстардың автордың қалауымен пайда болатындықтан, қаламгердің белгілі бір ойын, көзқарасын жеткізіп, түсіндіруде әрі бейнелі сурет жасауда бейнеленеді. Бұндай қолданыстардың көркем әдеби заңдылықтарға және әдеби тіл нормасына кереғар емес. Окказионал қолданыстың қалай көрінетінін Ә.Кекілбаев шығармашылығынан байқауға болады: «Ұлттық әдеби тіл нормалары көркемдік-эстетикалық заңдылықтарды негізге алып, осы заңдылықтар негізінде сөз әсем де

әсерлі жеткізіледі, сол арқылы көркем әдебиет стилі қалыптасады, суреткердің бейнелі ойынан көркем сөз суреті шығады. Окказионализмдер бейнелі ойды жеткізудің бірден-бір құралы.

«Момын жауын ағыл-тегіл бұршақтап,

Сыртта ақырын әнегімді қағады» [4, 9], – деген зерттеуші А.Бейсеннің келтірген мысалы арқылы момын жауын деген метафоралық қолданысы ақ жауын немесе нәсер жауын деп те келмей, қаламгердің ақырын жаңбырды меңзегенін көреміз. Ендігі кезекте Сарышолоқ ақынның шығармашылығындағы окказионал тіркес қолданыстарды қарастырып өтсек.

«Сөзімді салдым айқынға» өлеңінде:

Ішпей-жемей мал жинап,
Көзін салды бай пақырға.
Параменен би болды,
Бала менен қатынға.
Би асылдан би болса,

Залалы тиед жақынға [1, 80], – деп ақынның қырағы көзі [1, 9]бидің парқын екіге ажыратып, бірі парамен би болады, асылы текті би болса, жақындарына зияны тиетінін жеткізеді. Және ақын:

Қосуынан туған ғой нар,
Аруанадан туған құба үлек.
Ашу сақтап кек тұтпас
Иесінің қолын қарпуға.
Кеуде толы ой керек,
Кідірмес үшін кей сынға
Өлең де емес жыр да емес,

Сөзімді салдым айқынға [1, 80], – дейді ақын. «Сөзімді салдым айқынға» өлеңдегі авторлық қолданыстың шеберліктің көрінісі. Оның себебі шындықты айттым, анығы осы, мына заманның шындығы дегенді «сөзімді салдым айқынға» деп өзгешелеп жеткізгенін көреміз. Отарлық езгі туралы бір топ өлеңдерінде:

Үш Қарасай, Сырлыбай,
Жайынды менен Мойылды –
Әлімнің ескі қонысы-ай.
Тентіреп келіп іш жақтап,
Иемденді қаба да сақал орыс-ай.
Сұраусыз қырып балығын,

Жемірдей отап түскенін [1, 83], – деп отаршылдықтың Кіші жүзге түскен салмағын осылай байыптайды. «Жемірдей отап түскенін» деген тіркесі де авторлық қолданыстан туындаған. Жемір сөзін сөздіктен қарайтын болсақ, жебір, жегіш мағынасын береді. Мәселен, Ол кездегі болыстардың бәрі жемір болды ғой деген мысалдан көреміз [5, 125]. Солай ақын жерді тартып алған отаршылдарды, тегіндікке үйренген мұжықтарды осылай сипаттайды. Сонымен қатар, ақын былай дейді:

Сағыздың бойы салалы,
Күнде қиқу қаралы.
Жүрегің шаншар көргенше,

Көкірегің жаралы [1, 84], – деп Кіші жүздің бөлігіндегі жерлердегі отаршылдықтың әрекетін жеткізеді.

Шен ұсынад салпыншақ,
Алдағандай баланы.
Жел құрттай жеген тісіңді,
Жайменен үңгіп барады.

Осыларды көргенде,

Ойдан бойың талады [1, 84], – деп жырлайды. «Жел құрттай жеген тісінді» деген авторлық қолданысы отаршылдықтың қазақ жерінде тоқтамастан жүргізіле беруін, неше түрлі қитұрқы әрекеттердің жалғаса беруін осындай теңеумен сипатталады. «Келімсектің жатыр ойы әріде» деген өлеңінде:

«Бас басына би болған кілең қиқым»,
Көрмейсің бе даукестің жүрген сиқын.
Сондайларды көргенде дәтім кетіп,
Күндіз күлкі, қашады түнде ұйқым.
Жөнділерді түртпектеп қыр асырды,
Асылдардың бейнесін жер жасырды.
Кінәлаумен жиыған көп тасырды.
Би сымақтар болып алған белсенді,

Осыларға қалай ғана ел сенді. [1, 89], – деп суреттейді. Асылдардың жер астында жатқанын жеткізеді. «Дәтім кетіп» тіркесін авторлық қолданыстан туғанын көреміз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «дәт» сөзі шыдам, төзім, сабыр мағынасын береді [6]. «Досыңның жағдайы өзіңе мәлім ғой, біреуді ұнатса, дәт қалушы ма еді» [6, 351], – деген мысалдан да аталған мағыналарды беріп тұр. Табиғат лирикасы ақынның шеберлігін көрсетіп, тіліндегі ерекшеліктер анық көрінеді. «Тебен су» өлеңінде:

Тебен су, ағасың-ау сылдыр қағып,
Қамыстың ұлпасынан үкі тағып.
Суынан бал татиды көктемеде,
Малдыға қоныс болған маңдай жағып.
Көкенді бұл қазағың мәз көре ме,

Қыр асып қаңғиды екен Тілеу нағып [1, 122], – деген жолдарда «қамыстың ұлпасынан үкі тағып» тіркес кездеседі. Бұл авторлық қолданыс арқылы автор туған жердің табиғатын, жанға жайлы, көңілді сергітетінін көрсетеді.

Тебен су қалар жаз бойы,
Мұнартып жатар құм бойы.
Мұнартып жатар құм бойы.
Орыстар жатыр иемденіп,

Айтшы елімнің неде ойы? [1, 124], – деп табиғат лирикасында да отаршылдық тақырыбын да қоса кеткен. «Әй, Ұлы құм, Ұлы құм» өлеңінде:

Әй, Ұлы құм, Ұлы құм,
Тізеден шығар құдығың.
Аралап көріп талай жер,
Таппадым сенен сұлуын,
Өзіңнен алыс кетпесін,

Бойымда барда қынуым [1, 125], – деп автор «қыну» сөзін қолдану арқылы авторлық қолданысты тудырған. Аймақтық сөздікте қыну деген сөзі қынулы деп танылып, қайратты, жігерлі деп беріледі [5, 411]. Сонда қыну деген бойдағы қайрат, жігер мағынасын бермек. «Аңшылық туралы» өлеңінде:

Желпе де сала алыты,
Болатқа болат шабысты.
Екеуі бермей намысты
Үркер мен айдай тоғысты,
Аяқ пен құйрық сермелеп:
Бастады жойқын соғысты,

Араласып жер мен көк,
Бұрқылдаған шаң ұшты [1, 127], – деп қазақтың салтын көркем әдебиетте Абайдың «Қансонарынан» кем суреттемейді.

Әлеуметтік жағдай жайындағы бір өлеңінде былай дейді:

Аққу қонды айналар,

Су тұрмаған татырға.

Сараман дәуір сүре алмай,

Өмірің өтті ғафылда [1, 129], – дейді. Ақын осынау өлең жолдарында сараман деген көне сөзді тиімді қолданған. К.Қайыржанның қазақтың көне сөздері туралы еңбегінде сараман сөзінің анық, сара, айқын мағынасын беретіндігін көрсетеді [7]. Бұл сөз мынадай тіркестермен кездесетінін көреміз: сараман жол, сараман ақын. Сараман жол ауыспалы мағынада қолданылып, әйгілі жол мағынасын береді [7, 215]. Солай ақын «сараман дәуір» деу арқылы анық, айқын өмір сүре алмайтынын, яғни алды белгісіз, тіптен еретң не боларын білеп болмайтын кезде өмір сүріп отырғанын осынау тіркеспен жеткізіп отыр. «Ғафыл» дегеніміз қапа болу мағынасын беріп тұр [8]. Ертеңін анық білмейтін заманда өмірдің қапа болумен өткенін жеткізіп тұрғанын көреміз. Осы жерде сараман дәуір қолданысын тиімді қолданғанын көреміз.

Көпжасар атты ағайыны Сарышолаққа «Молда бол, бала оқыт, өзің зерексің, дін жолы да пайданың көзі, ән-жырдан не табасың күнәға батып», – деп үгіттейді екен. Сонда Сарышолақ ақын былай депті:

- Оу, Көпжасар, Көпжасар,

Молдалық құрдың тәспі алып.

Қопасор бойы кіл нашар,

Отырған кім бар басқарып? [1, 133] – деп ауылының адамдарының жағдайы нашар екенін жеткізеді.

Жаз жайлауға ілеспей,

Отыратын талапсыз,

Тіршілік үшін күреспей,

Болдың ба сонша жарақсыз [1, 133], – деп тіршілік жайын сөз етеді.

Құдайды сатып нан табар,

Молдалық менің не теңім.

Тыныш жүріп жан бақпай,

Қатарға қалай жетемін [1, 133], – деп молдалық қызметті өз ісінің білетін жан жасауы керектігін, өзінің де тіршілігі үшін әрекет етіп жүргенін жеткізеді.

Сені жаратса Тәңірім,

Мен де солай жаралдым.

Ақылдың түйіп қабылын,

Атадан тұяқ таралдым [1, 133], – дейді. Осы жерде автор «ақылдың түйіп қабылын» деген қолданысты қатыстырады. Қабыл деген сөз әдеби тіл сөздігінде бағыты дұрыс, орынды деген мағына береді [9].

Ақынның «қас үлектен туған жампоз», «қоспақ түсті келеге», «кек қазаны» деген тіркестер қолданылады

Шындық үшін жанталас,

Бұйырсын десең иманың,

Сұлулық көзі – сан тарау,

Дұрыстық серті – иланым.

Ойдың түбі терең-ді,

Жеткізбес түссең шыңырау.

Байлық қуған керең-ді,

Алауыз түбі – ыдырау [1, 141], – деп ақынның халық арасында белең алған алауыздықтың жайын айтады. Алауыздықтың түбі ыдырау екенін айтып, шындық үшін жанталастың үнемі болатын күрес екенін айтады.

Сонымен, халық мирасын өнеге етіп, қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан Сарышолоқ Боранбайұлы шығармашылығы «зар заман» әдебиетіне тән белгілерін барын отаршылдық жайындағы өлеңдерінен көреміз. Әрі табиғат лирикасы мен әлеуметтік жағдай, философиялық өлеңдері өзекті тақырыптарды көтереді. Табиғат лирикасында Кіші жүздің табиғатын суреттеп қоймай, олардың тату кезін еске түсіреді. Әлеуметтік жағдай мен философиялық өлеңдері отаршылдыққа байланысты, соның себебінен туындаған зардаптарын қозғап өтеді. Қорытындылар болсақ, Сарышолоқ ақын өз заманының жағдайын терең түсініп, өткенді жырлап, болашақты болжаған болатын. Солай, ақын шығармаларындағы окказионал қолданыстар арқылы жырлардағы автордың өзі тудырған тіркестерінің шығармаға қаншалықты өң бергенін көреміз. Осы негізде, шайыр шығармашылығының көркемділігі, маңыздылығы анық көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған: Таңдамалы шығармалар. -Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 264 б.
2. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: Монография. -Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
3. Дәуітов С. Заман және зар. Егемен Қазақстан, 1994. 17 қыркүйек.
4. Бейсенбай А. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар. Филология ғыл. кандидаты. дисс. авторефераты. -Алматы, 2008. - 29 б.
5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. және т.б. -Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. Құраст. Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б. -Алматы, 2011. - 752 б.
7. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: «Өнер» баспасы, 2011.- 480 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.94. Түс жору және ырымдар. -Астана: «Фолиант», 2013. - 432 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. Құраст. Күдерина Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. -Алматы, 2011. - 744 б.

ӘОЖ 811.512.122

СӨЙЛЕУ ҚҰБЫЛЫСЫНДАҒЫ МОДАЛДІЛІК МӘННІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСТАРЫ

*СЫЗДЫҚОВА Г.О.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы
БАЙЖАНОВА. Н.А.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант,
Астана, Қазақстан*

Лингвистика әлемі жалқылаудан гөрі, басқа ғылымдармен байланыстыра қарауды қажет етеді. Бұған тілдік бірліктердің қолданылу мақсаты, қызметі, табиғаты еріксіз апарады. Өйткені

грамматикалық құрылымдар коммуникативтік қарым-қатынасты жалаң сипаттамайды, олар – сөйлеудің жанды көрінісін, субъекті көзқарасының астарын, адамдар арасындағы әрекеттің психологиялық, эмоциялық қырын жеткізуге тірек болатын, көп функциялы қызметімен дараланатын күрделі қолданыстар. Осындай ауқымды мақсаттарды жүзеге асыратын грамматикалық құрылымдардың жұмсалудың, модалді реңкін ажыратуға келгенде, көп қиындықтарға кездесеміз. Біріншіден, құрылымдық синтаксис деңгейінде талдауға бой алдырсақ (бұл бағытта тілдік бірліктердің қызметін жалқылап қарау басым), екіншіден, тек лингвистика шеңберінде салыстырып, экстралингвистикалық факторлардың әсерін ескерусіз қалдырамыз.

Дегенмен сөйлеу тілін жанды құбылыс деп қабылдасақ, кез-келген грамматикалық қолданыстың қалыптасуын, жұмсалудың мақсатын, ішкі құрылымдық сабақтастығын лингвистикалық заңдылықтармен ғана түсіндірмей, экстралингвистикалық себептермен де байланысты қарауға тиіспіз. Себебі кейбір грамматикалық заңдылықтардың табиғатын тереңдеп түсіну үшін, субъектінің ақпаратты жеткізудегі немесе қабылдаудағы эмоция-психологиялық жағдайымен ұштастыра қарауға тура келеді. Өйткені субъекті сөйлеу актісін жүзеге асыруда белгілі бір эмоциялық, психологиялық жағдайға бағына қозғалады.

Сыртқы факторлардың әсері бір синтаксистік бірлікке бірнеше коммуникативтік мақсатты өтейтін сипат үстейді, демек олардың қызметі тілдік емес факторлардың ықпалынан да қозғалмалы болады. Мәселен, төмендегі мысалда берілген «*Бүгін еркектердің бәрі мәдениет сарайында ашылып жатқан жиналыста...*» хабарлы сөйлемін тек жағдаят астарымен қабылдасақ ғана, күдікті модалді мәніне тірек болған грамматикалық қызметін нақтылаймыз. Егер сөйлемді контекстен, ондағы жағдаяттан алшақтатып, дербес қолданысына ғана мән берсек, астарлы модалді реңкіне назар аудармас едік. Бұл құрылымды бүтіннің қажет бөлігі, ақпараттың мазмұнын айқындауға қажет бөлшек деп бағаласақ, нақты қызметі толығымен түседі. [1,496]. Мысалы: *Естайдың кейінгі екі жыл ішінде сөзге келіп тұрғаны осы...*

- *Айтпақшы, Нұрбек ағайдың халі қалай? Ол кісі көрінбейді ғой, - деді Естай.*

- *Ағаң аман-есен... Көктемде Ергеиті жаққа «төменге түсіп» кетіп еді, жақында қайта шақырып алды. Бүгін еркектердің бәрі мәдениет сарайында ашылып жатқан жиналыста...* (Қ. Жұмаділов). Көркем шығармада ішкі құдалаудың әсерінен саяси құрбандыққа ұшырап жатқан зиялы қауымның өміріндегі сан қиындықтар суреттеліп, өкіметтің әр қозғалысынан күдіктенетін субъекті көзқарасы суреттелген. Кейіпкер тілімен жеткізілген хабардың астарында қорқу эмоциясымен астарласқан күдіктену модалді реңкі орын алған. Бұдан сыртқы факторлардың синтаксистік құрылым бойынан көрініс беретін модалді мәнді нақтылауда елеулі рөлі бар деп түйіндеуге болады.

Сөйлеуде көрініс беретін модалді мәнді астарын талдауда, психолінгвистикалық бағыттың әсеріне назар аудару қажеттілігі туындайды. Өйткені психолінгвистиканың зерттеу нысаны – сөйлеу әрекеті және оның қалыптасу ерекшелігі. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, модалділік категориясының психолінгвистикалық сипатын есепке алып, мәтіндегі жағдаяттарға мән бере қараудан контекстегі синтаксистік бірліктердің жұмсалудың мақсатын дәл айқындауға қол жеткіземіз. Бұл жағдайда психолінгвистикалық салыстырулар бүткіл шығарма деңгейіндегі жағдаяттық, әлеуметтік, қарым-қатынастық жағдайды есепке ала отырып сипаттауды қажет етеді. Өйткені сөйлеу, оның құрылымы – күрделі грамматикалық байланыстан, бір-біріне тәуелді мағыналық-құрылымдық байлаулардан тұратын, қозғалмалы функционалды жүйесі бар құбылыс. Модалді реңк үстеуші грамматикалық құрылымдарды психолінгвистикалық бағыттың ізімен талдасақ, сөйлемдер, контекстарлық мағыналық, құрылымдық, әсіресе, жағдаяттық байланысқа тереңірек мән береміз. Өйткені психолінгвистикалық бағытта контекстің өзі сөйлеуді қалыптастыратын тілдік бірлік ретінде қаралып, текст пен тексттің аралық байланысына, жағдаятқа сәйкес әрбір тілдік бірліктің жұмсалудың мақсатына ерекше көңіл

бөлінеді. Психолінгвистика берілген ақпараттың модалділігін ажыратуды жағдаяттық астармен қабылдауды негізге алады. Сондықтан модалді бірліктерді жалқылай талдамай, сөйлеу әрекетінің бағытына, мақсатына сәйкес қызметтік бағытын біріктіре, тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Психолінгвистикалық бағыт бойынша талдасақ, жағдаятты бірінші орынға, ал соған сәйкес грамматикалық бірліктің түрлену қызметін екінші орынға қоямыз.

Ал сөйлеу әрекетінде ақпаратты сыртқа шығарып, оның қабылдануы – бірнеше сатылық деңгейде жүзеге асатын, күрделі құбылыс. Бұл тұста сөйлеушінің ақпаратты сыртқа шығаруы, ішкі интенциясы, екінші субъекті тарапынан ол ақпараттың қабылдануы, өзіндік көзқарасы, қорытуы қатар ескеріліп отырады.

Психолінгвистика заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеудің астарын, грамматикалық бірліктердің жұмсалып мақсатын кодтау, декодтау тұрғысынан анықтаймыз. Біз қарастырған модалді құрылымдардың да мәтін аясындағы семантикалық жүйесін нақтылау үшін, осы негізге сүйене отырып талдауға болады. Модалді мағынаны декодтау – өте күрделі құбылыс. Бұл – шығармадағы әлеуметтік жағдай, субъектаралық қарым-қатынасты есепке ала отырып сипатталатын грамматикалық ерекшелік. Декодтауды жүзеге асыру үшін, кодтаудың құрылымын игеретіндей ақпараттық кеңістікпен таныс болу - негізгі шарт.

Декодтауға тірек болатын субъектаралық әлеуметтік қарым-қатынастың қалыптасуы да күрделі. Мұндай қарым-қатынасты тұтас шығарма деңгейінде сипаттап, ал әрекетті мағыналық жақтан бір-біріне тәуелді мәтін деңгейінде ажыратамыз. Коммуникативтік қарым-қатынас, әрекет ішкі байланыста дамиды. Яғни, қарым-қатынас субъектаралық әрекеттен сараланады. Бұлар бірін-бірі толықтыру сипатындағы белгілермен өлшенеді.

Ал субъектаралық әрекеттің, қарым-қатынастың сырын контекстаралық байланыстың негізінде түсінеміз. Төмендегі бұйрықты сөйлемдердің жұмсалып мақсатын жоғарыда айтып өткен субъектаралық қарым-қатынасты ескерген жағдайда ғана өз орнымен қабылдаймыз. Бұйрық берудің өзінде де субъектілердің қарым-қатынасы ескерілген жағдайда астарлы модалді реңктің бояуы бірінде жағымсыз көзқараспен, екіншісінде жағымды көзқараспен астарласып, өзгеше сипат алып, түрленеді. Мәселен, бұйрық райдың III жақ жұрнақтарынан жасалған төмендегі үзінділердің модалді реңкі тең емес. Бірінде Тәкежанға айтқан наразылық, екіншісінде Дәркембай сияқты кедейлерді паналатқан Абай бұйрығының астарында ішкі құптауы көрініс тапқан. Мысалы: *Абай Ерболдан Тәкежанға сәлем айтты: Қумасын! Қазынасын жемейді! Мынаның аз ғана малына жайылыс берсін және Жұмағұлды тыйсын!* – деді (М. Әуезов).

...Абай бір жұмысты жайғады да, енді Дәркембайды қасына шақырды.

- Дәркембай сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Айрылмайды.

Ал өзің дереу мынау атқа, мына жер қорығыш Тәкежанның атына мін де, қазір шапқылап отырып осы маңдағы өзіңдей ауылдарға хабар айт. Мен жіберді де! Шыңғысқа жете алмай, осы жақын маңда қойлары аштан бұралып, қырылып жатқан ауылдар тегіс жүруге жарайтын қойларын алып, азаматтарын сайлап, дәл осы үш қорыққа, Құнанбай қорығына айдап келсін! (М. Әуезов). Екі контексте де бұйрықты сөйлемдер бұйыру қызметін атқарған. Бірақ бірінші мысалда бұйырудың астарынан наразылық, қарсылық сезілсе (бұл контексте Абай мен Тәкежан арасындағы қарым-қатынас астары ескеріледі), екіншісінде бұйырудың астарында субъектаралық қолдау, түсінісу, құптау модалді мәндері ашылады (бұл жағдайда Абай мен Дәркембай арасындағы қарым-қатынасқа мән беру қажет). Оның сырын тұтас мәтінде суреттелген жағдаятқа сүйеніп, субъектаралық қарым-қатынас астарымен бірлікте қараудан саралаймыз.

Осындай субъектаралық қарым-қатынас деңгейінде сипатталатын модалді мәнді декодтаудың қиыншылығы да бар. Өйткені бұл үрдіс тұтас шығарма бойындағы кодтау мәселесімен қабаттасады. Кодтау – бірнеше қабатты күрделі құрылым. Оның грамматикалық

сипаттамасын И.В. Арнольд: «Кодом называется система знаков и правил их соединения, позволяющая передать сообщение по заданному каналу», - деп саралаған [13,66].

Ал декодтау ішкі кодтардың құрылымына ой жүгіртіп, семиотикалық бірліктердің қызметін атқаратын контекстаралық жікті салыстыру, оларды бір-бірімен байланыстыру сияқты үздіксіз сабақтастыруды қажет ететін талдаулар негізінде жүзеге асырылады. Субъектілердің өзара қарым-қатынас, әрекетімен байланыстырмасақ, белгілі бір үзіндіде орын алған модалді мағынаны өз мәнінде, өз мақсатында талдай алмас едік (өйткені контексте грамматикалық құрылымдар көп функциялы қызметімен ерекшеленеді). Әрине, құрылымдық синтаксис бойынша бұл бірліктердің құрамындағы тірек сөздер көмегімен, контекстік семантика шеңберіндегі сөйлемдердің байланысынан модалді мағынаны ажыратқанмен (кейбір жағдайда ғана), оның мотивіне талдау жасай алмаймыз. Мәселен, кодтаушы, декодтаушы контекстаралық байланысты ескермесе, төмендегі сөйлемдерде орын алған субъекті өкінішінің ішкі мотиві, астары түсініксіз, беймәлім қалыпта қабылданар еді. Мысалы: *Әңгіме осылай аяқталып, жатар мезгіл жетті. Малқар жеке бөлмеде, Балқияның қасында, құс төсектің үстінде, ойдан әлі арыла алмай жатып: - О, тәңірі, енді Шөгелдің тілеуін тілеттің бе?!- деп, ауыр күрсініп қалды* (Ғ. Мұстафин). Бұл мәтінде орын алған модалді мәнді декодтаушы төмендегі контекстен ажырата қолдану тіпті мүмкін емес. Бұл жағдайда модалді мәнді ажырататын синтаксистік бірліктердің семантикасына нұқсан келетінін ескеру қажет. Мысалы: *Күн ұзын тулап Малқар жуасып қалған екен, ыршыған жоқ. Ішінен қынжылса да, сыртымен қуанғансып жатыр: - Шөгелім тұрғанда, кімге берем?- деді. Өз басымен әуре болып, бықсып отырса да, феодал Малқар әлі мығым. Мығым болатыны – қолынан мөр кеткенмен, әзір ел кетпейді. Сондықтан болашақ кедей болыстың онымен санаспасақ амалы жоқ* (Ғ. Мұстафин).

Осындай талдаулар негізінде ғана контекстаралық байланыс тізбегінен модалді реңкті қалыптастыратын ішкі тіректердің құрылымына, қызметіне еркін бойлап, әрбір синтаксистік құрылымның мақсатқа сай функциясын дәл анықтаймыз. Нақтылай айтсақ, кодтаушы, декодтаушы контекстердің ішкі құрылымымен толық таныс субъекті ғана белгілі бір модалді реңкті жеткізуге негіз болған семиотикалық белгілердің жұмсалыу мақсатын дәл ажыратып, кодтау, декодтау сатысынан өтеді.

Тілдік деректерді негізге алып талдасақ, модалді реңкті декодтайтын контекстер үш орында көрініс береді:

1. алдыңғы орында;
2. соңғы орында;
3. ілеспелі орында.

Модалді реңкті декодтауға негіз болатын тірек мәтіндер алдыңғы орыннан белгілі болса, контекстік семантика шеңберіндегі синтаксистік бірліктердің жұмсалыу мақсатын, интонациялық ырғағын ажырату қиындық тудырмайды. Мұнда ақпаратты қабылдаушы алдын ала субьектаралық әрекетті, қарым-қатынасты салыстыра саралап, әр қолданыстың ішкі мазмұнын дәл декодтап отырады. Психолингвистикалық бағытта пайымдасақ, ақпаратты түсіну, мағыналық байланысты жүйелеу кілтіне алдын-ала ие болады. Мысалы: *«Айт, ендеше, бұның мендегі сөзін. Жүр былай!» - деді Құнанбай* (М. Әуезов) сөйлемінде орын алған субьектаралық наразылықты талдау алдыңғы контекстерде орын алған кодтармен құрылымдық байланыста шешіледі. Бұған Құнанбай бастаған топтың Қодарға қарсы әрекеті, Дәркенбай мен Құнанбай арасындағы қарым-қатынасты суреттеген декодтаушы контекстер тірек болады.

Сонымен, сөйлеуде орын алатын модалді мағынаны декодтаудың тірегі болып табылатын контекстердің орналасу тәртібін төмендегі суреттермен көрсетуге болады. Көрсетілген 3-сурет модалді мағынаны анықтауға тірек болатын контекстің алдыңғы орнындағы көрінісіне сәйкес келеді.




3-сурет. Декодтаушы контекстің алдыңғы орындағы көрінісі

Көрсетілген 4-сурет модалді мағынаны анықтауға тірек болатын контекстің соңғы орындағы көрінісіне сәйкес келеді.



4-сурет. Декодтаушы контекстің соңғы орындағы көрінісі

Келесі 5-сурет модалді мағынаны ажырататын тіректің ілеспелі орнындағы көрінісіне сәйкес келеді.



5-сурет. Декодтаушы контекстің ілеспелі орындағы көрінісі

Субъективтік модалділікті контекст деңгейінде талдауда көзге түсетін ерекшелік – бір құрылым аясында бірнеше модалді мағынаның жарыса көрініс беруі немесе бір модалді мәннің контекстік сипат алуы. Модалді мәннің бұл қыры да оның грамматикалық құрылымын толықтырады. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, бір модалді реңктің контекстік сипат алуын «мономодалді» терминімен дараласақ, бірнеше модалді мәннің бір контексте жарыса көрініс беруін «полимодалді» деп жіктеуге болады.

Халық психологиясы ғасырлардың жемісі, ол ғасырлар бойы қалыптасады, онда көңіл аударуға тұрарлық түрлі жайттар мен құбылыстар көп кездеседі. Соның ішінде кейбір сезімді, іс-әрекетті сөзбен айтпай-ақ, ыммен, қимылмен, ишарамен сездіретін түрлі іс-әрекеттер бар. Сондай әрекеттердің ішінде ымдау немесе ым көзбен, ауызбен, бет пішінмен берілетін дыбыссыз ишаралардан тұрады. Қазақ халқы іспен, күшпен, іс-қимылмен немесе пәтуалы бір ауыз сөзбен ғана емес, бет-пішіннің түрлі қозғалысқа түсуі арқылы, дене қимылдарымен-ақ ойын сездіріп, пікірін, ойын тыңдаушысына жеткізе білген. Тіпті, кей тұстарда, кей жағдайларда ойын жеткізуде ым мен ишарат тиімді болып кететін жағдайлар да болады. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, өзге тілдерде де қалыптасқан көңіл аударатын қызық жағдай. Сондықтан да: “Более того, установлено, что для выполнения некоторых функций параязык более пригоден, чем язык, сравнить: в обычном диалоге главное бремя фатической и конативной функции возлагается на кинетическую коммуникацию, что позволяет в один и тот же отрезок времени передать большую информацию, в виду большей лаконичности жестов по сравнению с речевыми элементами”, – деген пікірдің өзінен біраз жағдайды аңғаруға болады [7, 186].

Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады (М. Әуезов) дегенде, сөзбен жеткізуден гөрі екпіні қатты, алқымды алған ашу мен ашынуды *отты көздің жарқ етуі* мен *қадала қарау* арқылы жеткізу әлдеқайда оңтайлы, өте өтімді болып тұрғанын байқау қиын емес. Мұндай жағдайларда ауызша сөйлесу кезінде сөздің

артық көрінетіні, қажеті жоқтығы не болмаса жеткіліксіз болуының байқалатыны бар. Келтірілген мысалда бүкіл айтылар ой, айтайын деген сөз бір ғана көзқараспен-ақ жеткізіліп тұр. Бұл көзқараста қаншама экспрессия мен эмоция, сезім жатқанын қара сөзбен айту дәл мұндай әсерлі шықпас еді.

Сондықтан да, әсіресе, түрлі эмоцияны, әрқилы сезім-күйді жеткізу кезінде ауыздан шығатын сөзбен бірге түрлі қимылдар, бет-пішін өзгерісі қызметке кірісетіні көпке белгілі. Айталық:

- *Ашулану;*
- *қатты қуану;*
- *шаттану;*
- *ренжу;*
- *өкпелеу;*
- *ризалық таныту;*
- *мақұлдау, құптау;*
- *қарсыласу;*
- *жаратпау;*
- *жақтырмау;*
- *ұнату;*
- *кею;*
- *жадырау;*
- *жабырқау;*

▪ *жұбату* т.б. эмоцияның жасалуына бейвербалды амалдар еркін қатыса береді. Осы аталған сезім күйлері сияқты түрлі әрекеттер ақпарат жеткізудің, қарым-қатынастық хабарлама жеткізудің тілдік емес амалдары болып табылады, олар тілімізде көптеп кездеседі. Ондай амалдарды адам өз ойын, айтайын дегенін тілдік құралдармен жеткізу жетімсіздеу көрінгенде, болмаса сөйлеуші экспрессия үстемелегісі келгенде, жеткізілетін ақпаратының эмоциялық бояу-реңкін үстемелей түсу мен қоюлатуды мақсат еткенде кірістіреді. Осындай кезде сөйленіспен қатар ым мен ишарат жарыстыра орындала бастайды. Көбінесе ұлттық, жеке бір ұлтқа тән ым мен ишараттың сөйленіспен қатар өрілуі, қатарластыра орындалуы тілдік қарым-қатынас үстіндегі заңды, тіпті қажетті көрініс болып саналады. Сондықтан бейвербалды амалдардың жалпы адамзатқа ортақ түрлерінен гөрі ұлттық сипатпен қаныққан ым-ишараттардың мөлшері көп те, олардың салмағы алдыңғыларға қарағанда саны жағынан, мән-маңызы тұрғысынан, қолданыс жиілігі мен ақпараттың маңызы жөнінен де басым түсіп жатады.

Ым мен ишараттардың түрлері, таралу шеңбері әр түрлі. Ым-ишарат:

а) бірнеше ұлтқа ортақ болып келетін түрлері;

ә) ұқсас ым мен ишараттардың әр түрлі ұлттар тілінде мағыналары жағынан қарама-қарсы, бір-біріне жасалуы бір болғанымен, мағынасы мүлдем ұқсамайтын болып келетіндері кездеседі. Яғни, сөз мағынасының ерекшеліктері, мағыналарына тән белгілердің бәрі, атап айтқанда, синонимділік, антонимділік, омонимділік құбылыстар, олардың қатарында көп мағыналылық бар, бәрі де – бейвербалды элементтерге де жат болмайтынын айту жөн. Ал қазақ тіл білімінде бейвербалды элементтердің мұндай мағыналық ерекшеліктері мен қырлары осы күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болмай келгені белгілі.

Бір ғана ымның я болмаса ишараның бірнеше мағынаны білдіретін кездері жиі ұшырасады. Бейвербалды амалдардың, оның ішінде ишара, ымның саны шектеулі, аз болатындықтан, семантикалық жақтан мағыналары нақтылықтан гөрі жайылыңқы болып отырады, нәтижесінде ым мен ишараттардың басым көпшілігі көп мағыналы болып келетіні сондықтан болар деп ойлаймыз. Бірақ ым мен ишараттардың көп мағыналылығы коммуникацияның өту жылдамдығын шабандатпайды және де тілдесім актісіне қатысушы

тараптардың бір-бірімен түсінісуін қиындатпайды, ақпарат жеткізуге кедергі келтірмейді. [8, 536].

Айталық, қарсылықты, келіспеушілікті бірнеше бейвербалды элементпен жеткізуге болады. Мысалы қарсылық: *қол сермеу; бас шайқау; қабағын түйіп, бас шайқау; орнынан үнсіз тұрып жалт бұрылып кету; қырын қарап отырып алу; екі қолының алақанын сыртқа қарата айқастыра ұстау*, т.б.

Келіспеу:

- *қырын қарап отырып алу;*
- *үндемей, жай бас шайқау;*
- *төмен қарап көзімен жер шұқу;*
- *кісіге тура қарамау;*
- *қол сермеу;*
- *екі қолының алақанын төмен қарата ұстап, қол сермеу;*
- *басын көтермей аяғымен жерді шұқу, т.б.*

Тўй маросимларида қизларнинг турмушга чиқиши билан боғлиқ “Хеўжар”, “Яр-яр”, “Сынсыў” каби тўй кўшиқлари ижро этилган. Бу кўшиқларнинг мазмуни, яратилиш сабаби, ижроси ва ижрочиси билан фарқли жиҳатлари мавжуд. “Хеўжар” тўғридан тўғри турмушга чиқаётган қиз ва унинг дугоналари томонидан айтилади. Бунда қадимда қизларнинг узатилиши билан боғлиқ жараёнларда қизларнинг орзу-истакларига зид равишда, ота-онанинг қистови билан узатилганлик ҳолатлари мавжуд бўлганлигини, “хаўжар”ларда акс этган қизнинг дард-алам, қайғу-ҳасратларининг изҳоридан англаш мумкин. Қорақалпоқ халқ оғзаки ижодининг таниқли тадқиқотчиси Н.Давқораев ва К.Мақсетовлар “хеўжар” кўшиғининг ўзига хослигини қайд этишган. Бундай ижролар ўзбек ва қозоқ ёр-ёрларида ҳам кўзга ташланади.

Қорақалпоқларда:

Сылдыр-сылдыр камышқа,
Сырғам тусти, хеўжар,
Сыр билмеген жат елге,
Қызым тусти, хеўжар [Баўатдинова 2019: 99].

Ўзбекларда:

Шилдир-шилдир қамишга,
Сирғам тушди, ёр-ёр.
Синалмаган жойларга,
Синглим тушди, ёр-ёр [Тўхлиев 2009: 14].

Туркманларда ҳам “öleñler”, “ýar-ýar”, “haý-haý”, “heşelle”, “ýareýjan”, “noý-noý”, “jorajan” номлар билан халқ орасида кенг тарқалган кўшиқлар мавжуд. Буларнинг барчасини “Тоў аўдымлары” [G. Otdyúew 2010: 30] дея умумий ном билан аташган. Тўй айтимлари турли кўринишда, турли ижро усулида туркман тўйларини беағи бўлиб келган.

Туркман “ýar-ýar”ларида ҳам қизнинг узоқ жойларга ёки ўзи истамаган инсонга, орзу-истакларига зид равишда узатилаётганлиги ўзбек, уйғур, қозоқ, қорақалпоқ кўшиқларидаги каби кўзга ташланади.

Derýaga daş atmañlar,
Çümer gider, ýar-ýar.
Uzaga gyz satmañlar,
Ýiter gider, ýar-ýar [G. Otdyúew 2010: 32].

Ўзбекларда:

Дарёларға тош отманглар,
Ботар-кетар, ёр-ёр.
Узоқларға қиз берманглар,
Олар-кетар, ёр-ёр [Тўхлиев 2009: 5].

Халқ поэзияси халқ ҳаётининг ойнаси. Чунки ҳар бир халқнинг тарихий ҳаёти унинг маросимлари, урф-одатлари, маиший турмуш тарзини акс этган оғзаки ўлмас нутқий фаолиятида

намоён бўлади. Юқорида келтирилган таҳлиллар орқали қарақалпоқ, туркман ва ўзбек “ёр-ёр”лари бадиияти ва мазмун муштараклигини кузатдик.

Адабиётлар:

1. Абдурауф Фитрат. Энг эски турк адабиёти намуналари. –Тошкент, “Мумтоз сўз” нашриёти, 2008. –Б-248.
2. Ауэзов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда. – Алма-Ата, Наука. 2001.
3. Ананьева С. Как развивался и эволюционировал семейный фольклор в Казахстане/Казахский семейный фольклор//kazpravda.kz.
4. Алавия М. Янги кўшиқлар. – Тошкент, 1951; Алавия М. Ўзбек халқ кўшиқлари. – Тошкент, 1959. –Б-45.
5. Алавия М. Узбекские народные песни – кўшиқ. Автореф.дисс. канд. филол.наук. – Ташкент, 1959.
6. Боқиев О. Уйғур халқ лирик шеърляти. –Тошкент, “Фан” нашриёти, 1978. -192 б.
7. Баўатдинова С. Қарақалпақ халық қосықлары. Нокис, “Qaraqalpaqstan”, 2019. -Б-99.
8. Гулёр. Фарғона халқ кўшиқлари. Тошкент, Ғ.Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1967. 248-бет.-Б-150.
9. G. Otdyúew, N. Atdayewa. Türkmen halk döredijiligi. Mugallymçylyk mekdepleri üçin synag okuw kitaby. – А.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy. 2010. 216-б. -Б.30. Қаранг: Хоҗамурат Гоҗмурadow. Türkmen halk döredijiligi. – А.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy. 2010.
10. G. Otdyúew, N. Atdayewa. Türkmen halk döredijiligi. Mugallymçylyk mekdepleri üçin synag okuw kitaby. – А.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy. 2010. 216-б.
11. Жўраев М. Ой олдида бир юлдуз. -Тошкент, Ғ.Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти. 2000. 87-бет.
12. Зарифов Х. Песенный фольклор в Узбекистане// Летуературный критик. – Москва, 1935, № 2. – С. 151-164.
13. Казакбаев С. Карақалпақская обрядовая поэзия. Автореферат. Нукус. 2000.
14. Махмуд Кошғарий. Девону луғати-т-турк. (Туркий сўзлар девони). Нашрга тайёрловчи: Қ.Содиқов. Ғ.Ғулом номидаги нашриёт-матбаа ижодий уйи. –Тошкент. 2017. - Б.482. Қаранг: I-162; II-74; III-35; IV-159; V-161; VI-163; VII-164; VIII-173; IX-195; X-132; XI-110-бетлардан олинган.
15. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири Дзунгарской степи. Собраны В.В.Радловым. Ч. III. Киргизские наречия. – Санкт-Петербург, 1870.
16. Тўхлиев Б. Юсуф Хос Ҳожиб ва туркий халқлар фольклори. –Тошкент, “Бауoz” нашриёти. 2013. 112-б.
17. Тўхлиев Б., Шералиев Э., Аликулова Ҳ. Ўзбек халқ кўшиқлари. Ёр-ёрлар. – Тошкент, Алишер Навоий номидаги Ўзбекистон Миллий кутубхонаси нашриёти. 2009. 104-бет.
18. Ғози Олим Юнусов. Эл адабиётидан намуналар//Аланга. – Тошкент, 1928.
19. Элбек. Лапарлар// Билим ўчоғи. – Тошкент, 1922.1-сон. – Б. 96-98.
20. Бу ҳақда қаранг! Диванкулиева Б.Х. Туркменская этнография в 20-е годы XX века//История и археология: материалы IV междунар. науч.конф.(г. Санкт-Петербург, июль, 2017 г.) – Санкт-Петербург, 2017. – С. 54-56.

М. О. ӘУЕЗОВ ПЕН Э. ХЕМИНГУЭЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

АҚТАНОВА Ш.С.,

*Әлихан Бөкейхан университеті,
докторант.*

Қазақстан, Семей қ.

Кіріспе

Көркем шығармалар балаларға арналып, немесе балалар оқуы үшін жазылмаса да оларда бала бейнесі кездесуі заңдылық. Қарастырылып отырған екі классик жазушы да арнайы балалар үшін шығармалар жазбаған. Бірақ балалық шақ адам баласының өмірінің ерекше кезеңі ретінде және сол кезеңде адам өмірінің маңызды бөлігі қалыптасатындықтан олар өз шығармаларында балалар бейнесін сомдаған. Десек те, адамзат қоғамының әлемдік жүйесінде өмір сүріп отырған әр ұлттың жалпыадамзаттық ортақ құндылықтарымен қатар, жеке ұлттық дүниетанымға негізделген құндылықтары да болатынын ескеруіміз керек.

Әрбір әдебиет ұлттық бірегейлік пен ұлттық сипатты көрсете отырып, әлем әдебиетіне үлес қосады. Әлем әдебиеті - бұл процестің диалектикалық бірлігінің нәтижесі. Бірде-бір ұлттық әдебиет жалпы көркемдік процестен оқшауланып дами алмайды және де кез-келген әдебиет әсер етеді немесе оны өзінше сезінеді. Керісінше, екі процесс бір уақытта жүреді, бұл көркемдік-эстетикалық процестің жалпы заңдылығы. Сондықтан да ұлттық әдебиеттер жалпы әдеби арнаға енеді, олар ерекше белгілермен қатар бір-бірімен типологиялық қауымдастыққа ие.

Әлемдік әдебиеттің тәжірибесі көрсеткендей, халықтар бір-бірінен қандай қашықтықта болса да, олардың үздік туындылары өзара кірігу және өзара байыту жолдарын табады. Әдебиетаралық қарым-қатынас заңдылықтарын анықтай отырып, әдебиеттерді салыстырмалы зерттеу теориясын жазған В.М. Жирмунский өзінің «Салыстырмалы әдебиеттану» деген еңбегінде: «бірде-бір әдебиет оқшауланбайды, өзара байыту мен әдебиеттер арасындағы байланысты нығайту үрдісі үнемі байқалады» деп жазады [1, 75]. Яғни, әдебиет өзінің туған өңіріне байланысты жеке ұлттық дүниетанымнан шықса да, оның жалпы бүкіл адамзат баласына ортақ мәселені айтпауы мүмкін емес.

Көркем әдебиет шындықтың шынайы көрінісі бола отырып, соғыс пен бейбітшілік, махаббат пен өшпенділік, адам және табиғат сияқты жалпы адамзаттық тақырыптарды көтереді. Әрине, бұл арада балалар және қоғамдық орта сияқты әлеуметтік тақырыптың да өз орны бар. Мыңдаған жылдар бойы әлем жазушылары қай өркениетте өмір сүргеніне қарамастан балалар тақырыбына үнемі соғып отырған. Ежелгі дәуірден бастап кейіпкерлердің «ересек» бейнелерімен қатар, ересектердің бейнелерімен қатар тұруға қабілеті кем емес мәнерлі «балалар» бейнелерін жасауға талпыныстар жасалды. Әлемдік әдебиетте екі негізгі және өзара байланысты бейнелеу жүйесі бар: ерлер мен әйелдер. Айта кету керек, бұл екі жүйе әрдайым әдебиеттанушылардың назарында болды, ал балалар бейнелері эпизодтық түрде қарастырылды, жүйеленбеді десек те болады. Сонымен қатар, олардың типологиясы да анықталған жоқ. Соған қарамастан, бүгінде мәдени мұралардың интеграциясы дәуірінде және қазіргі салыстырмалы әдебиеттану мәселелерін шешу аясында, әр түрлі ұлттық әдебиеттердің бейнелі жүйелерін салыстыру кезінде белгілі бір ұлттың менталитетінің ерекшеліктерін анықтау дәрежесін едәуір арттырған кезде, мұндай зерттеулердің аса қажет екенін көрсетеді.

Біздің ойымызша, біз көтерген проблемалар өзекті, себебі олар Қазақ елінің дамуының осы кезеңінде оларды зерттеу қажеттілігін алдын ала анықтайды. Жалпы әдебиетті салыстырмалы зерттеу контекстінде балалардың бейнелерін қарастыру арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге, сонымен қатар кейбір оқшауланған құндылықтарды

әлемдік әдебиетке қосуға оң әсер етуі мүмкін. Осылайша ұлттық рухани мұралардың өзара ықпалы мен өзара байытылуына ықпал етеді.

Ғалым Х. Маданова салыстырмалы әдебиеттанудың ерекшеліктерін саралай келе: «Салыстыру, таным әдісі немесе тәсілі ретінде, «біртекте» құбылыстарға белгілі бір сандық және сапалық сипаттама беру қажет болған кезде ғана олардың дамуының жалпы және нақты заңдылықтарын белгілей отырып қолданылады. Осылайша, салыстырмалы талдау арқылы салыстырылатын объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға болады. Сондықтан Қазақстан халықтарының әдебиеті мен жақын және алыс шетелдердің (Шығыс-Батыс) әдебиеті, оларды зерттемей-ақ, әлемдік әдеби үдеріс туралы ғылыми түсінік және әдебиеттің шынайы ғылыми теориясын әзірлеу қазақстандық салыстырмалы әдебиеттанудың зерттеу нысанасына айналуы тиіс», -деп тұжырым жасайды [2.13].

Мақаланың мақсаты әлемдік әдебиеттің дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға, әлем әдебиеттерінің өзара байланыс контекстінде қазақ және ағылшын әдебиетіндегі балалар бейнесі жүйесінің жұмыс істеуіне ықпал ететін шығармалар материалдарын талдау, синтездеу болып табылады.

Негізгі бөлімі

«Әлем әдебиеті» ұғымын анықтаған кезде біз бұл тұжырымдаманы мақсат ретінде ғана емес, сонымен бірге компаративистік зерттеулердің бастапқы ұстанымы ретінде де түсінуіміз керек. Ұлттық әдебиет ішіндегі байланыстар мен өзара әрекеттесудің әртүрлі түрлері оның тарихын жасайды. Ол әдеби процесті тұтастай байланыстырып тұрады.

Әр түрлі халықтардың ұлттық әдебиеттерінің жазушылары шығармаларында ұсынылған балалар бейнелерінің ең бай галереясы ғасырлар бойы қалыптасқан. Қоғамның жай-күйін ондағы балалар мен қарттарға қатысты бағалауға болады деген пікір бар. Сондықтан көптеген жазушылар белгілі бір адамдар қауымдастығының әлеуметтік мәселелерін көрсеткісі келіп, көбінесе осы қоғамның бейнесін мәнерлі түрде көрсету үшін балалардың бейнелерін қолдануға жүгінеді.

Әлемдік әдебиеттің классикасына айналған, өмірге батырлық пен батылдықпен қараған кейіпкер образдарының тереңдігі мен кеңдігін ашатын шығармалар қатарында зерттеу үшін америка жазушысы Э. Хемингуэйдің «Күту күні» қысқаша әңгімесі мен қазақ прозашысы Мұхтар Әуезовтің «Жетім» әңгімесін салыстыра қарастырылды. Жоғарыда айтылғандай, әлемдік көркем әдебиет ұғымы бойынша біз белгілі бір жолмен тарихи өзара байланысты көрнекті әдеби шығармалар кешенін түсінеміз. Осы өзара тәуелділіктің объективті тарихи мәнін тану қолданыстағы ұқсастықтардың жіктелуіне, байланыстардан туындаған ұқсастықтарға (яғни құбылыстар арасындағы тікелей немесе жанама байланыстардың белгілі бір формалары) және тікелей байланыстарға тәуелді емес, бірақ жалпы типологиялық ұқсастықтардың салдары болып табылатын ұқсастықтарға негізделген.

Компаративистика тарихында сыртқы байланыстарды зерттеу әртүрлі көзқарастардан қарастырылды, бұл салыстырмалы зерттеудің фактографиялық сипатын және авторлар туралы ақпаратты жинаудың бастапқы кезеңін ұсынады. Сондықтан, ең алдымен, біз жазушылар туралы ақпаратты, яғни олардың өмірбаянын, шығармашылық уақытының әлеуметтік-саяси және мәдени сипаттамаларын және т.б. қарастырамыз. Жазушыны олардың мәдени, саяси ортасынан айыруға болмайды, өйткені бұл олардың шығармашылығында әдеби стильге, бағытқа және тіпті жанрға ғана әсер етпейді, сонымен қатар шығарманың идеялық-тақырыптық жағын қарастырған кезде нұсқаулық болады. Мемлекеттегі саяси және экономикалық жағдай белгілі бір тақырыптың өзектілігіне әсер етіп, шығарманың кілтін белгілейтіні жасырын емес. Жазушылардың өмірбаяны мен шығармашылық кезеңін сипаттай отырып, біз тек сыртқы қатынас-генетикалық байланыстар туралы ғана емес, сонымен қатар типологиялық конвергенциялар туралы да айта аламыз. Әрине, бір дәуірде және ұқсас әлеуметтік-саяси және

мәдени жағдайларда жұмыс істеген жазушылардың ғасырлар немесе әртүрлі әлеуметтік-экономикалық формациялар бөліскеннен гөрі ортақ тұстары көп болады. Әлемнің барлық жазушылары өз шығармаларында балалар туралы жазған. Бірақ олардың әрқайсысы баланың дүниетанымын әртүрлі жолмен жазып, сипаттаған, өйткені әр бала жеке дара тұлға және олардың әрқайсысы әлемді қоршаған ортасына және үлкендердің оған қалай қарайтынына қарай сезінеді. Мысалы, Л.Н. Толстой өзінің «Балалық шақ. Жасөспірімдік шақ. Жастық шақ», атты шығармасында баланың типтік қасиеті болып табылатын сезімнің ішкі әлемін, теріске шығарудан бекітуге, тұтастан жекеге күрт ауысуларын сипаттайды. Балалық шақ, одан кейін баланың өзі белгілі бір ережелерге және бір сызыққа бағынбайды, ол көп өлшемді, әр түрлі бағытта өмір сүреді, өзі байланысатын барлық нәрсені істейді. Балалық шақ пен бала – «мұхит тәрізді оның бетінде ересектер санасының аралдары қалқып тұрады» және де баланың ой-өрісі мен адамгершілік санасының дамуын бейнелейді. М.Твен саяхат пен шытырман оқиғаның романтикасын, үйсіздік қуанышын жақсы көретін баланы көрсетеді. Ал егер Диккенс, бала туыстық жылуынан айырылғандықтан өз үйін жақсы көрмесе, тіпті жек көрсе, Хеклберри Финн өз үйін жек көреді, өйткені ол шектеулі кеңістік, оған кеңдік пен кеңістік қажет. Оливер анасын көз жасынсыз есіне түсіре алмаса, Финн әкесін қатты жек көреді. Финн мен Том Сойердің балалық шағы да Николенка сияқты бақытты. Толстой мен Сережа Аксаков, та өздерін олар әртүрлі жолмен бақытты сезінеді. Біріншісі – әрекет пен қиялдың толық еркіндігінде болса, екіншісі – өз әлемін тек жердің бірлігінде, жерді терең сезіну арқылы дүниеге шексіз бақыттымын деп санайды. Эрнест Хемингуэй, Уильям Фолкнер, Томас Вульф, Джером Дэвид Сэлинджерде атакты америка жазушылары өздерінің шығармаларында бала бейнесін жалғандыққа төзбейтін, конформизмді жоққа шығаратын баланың табиғилығына құрылған. Сонымен қатар Томас Фолкнер мен Э. Хемингуэй отбасында балалардың үлкені болған, сондықтан да ата ана мейіріміне аса мұқтаж болған. Әдетте, отбасының үлкен балалары әрқашан семьядағы кішілер үшін үлкен жауапкершілікті көтереді, сонымен бірге бұндай жағдайда олардың өз ата-аналарына деген қызғаныш сезімдері мен сансыз реніштерін де тудырады. 20-жылдардың ортасына қарай жазылған еңбектерінде ұлт тағдырына деген алаңдаушылығы байқалды. Прозалық шығармаларында адам әрекетін әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен байланыстырып, кейіпкер психологиясының иірімдерін, халық тіршілігін, ұлттық сипатын шебер суреттей білген. Оның оқу-ағарту ісіне, драматургия саласына сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз. Мұхтар Әуезовтің ауқымдылығы мен сюжеттік-композициялық шеберлігі туралы айта отырып, оның жан-жақты талантының басқа жақтарын атап өтпеуге болмайды: көптеген бейнеленген позициялардың нәзік лирикасы мен шиеленісті драмасы, қақтығыстар. Шығармадағы өз кейіпкерлерін ашудағы терең психологизм, теріс кейіпкерлерді суреттеудегі каустикалық сарказммен қатаң реализм және жағымды образдардың шынайы суретіндегі эмоционалды романтикалық бояу - бұл М. Әуезовтың роман стилінің айрықша белгілері деп білеміз. М. О. Әуезов «Жетім», «Қорғансыздың күні» шығармалары 1924 жылы жарыққа шыққан. Бұл шығармаларда сол замандағы қазақ халқының әлеуметтік социологиялық жағдайы, кедейлік, білімсіздік, надандық жайлаған елді мекенде әділетсіздікке, қорлыққа ұшырыған қазақ балаларының жағдайы көркем суреттелген. Өз елінде өз жерінде қазақ баласының үлкендерден зәбір көруі, алайда бастарына түскен ауыртпашылыққа моймай алдыға қарай қадам басып, енді ғана өмірді тани бастаған балаларды таптап езіп тастаған қатыгез адамдар бейнеленеді. Кішкентай Қасым тек қана 10 ақ жастағы бала, басына түскен қайғыны көтере алмай жүргенде, туысқан сымақ Иса деген адамның дүниеқоңыздығы мен арсыздығы оны иең далаға ата-анасының мазарына баруына мұқтаж етеді және де үрейі ұшып өлген он жасар кішкене Қасым («Жетім»), Ғазиза («Қорғансыздың күні») шығармалардың бәрі өзара тағдырлас: бірінің бейнесін бірі толықтырып, бірінің мінезін бірі тереңдетіп тұрғандай көрсетілген. Екеуі де ата – анасының мазарына барып өкпе наздарын, бастарына түскен қасіреттерін айтып

шағымданбақшы болады, бірақ өмірлері сол мезетте қиылады. Себебі олар бұл жарық дүниеде өгейлік, өктемдік құрбаны болған қорғансыздар. Олардың тағдыры бұл әңгімелерде де қатал реализм арнасында үлкен суреткерлік күшпен бейнеленеді. Қасым – қорғансыз жас бала. Ол шамасы жеткенше қолынан келген қарсылығын жасады. «Мені мұндай сорлы қылғандай не жазып едім?.. неңді жеп едім? ! Жазығым – қуарып қалған жетімдігім бе?» — деп жерде жатқан тасты ала салып, төніп келіп қалған Исаны тізесінен періп кеп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеледі. Әлсіз, қорғансыз бала болса да оқырман оның бойынан өршіл сезімдердің ұшқынын сезгендей болады. Шығарманың басты кейіпкерлері осындай өмір тауқыметін көре тұра, қанша ызаланып ашуланса да жауыздармен соғысуға қауқарсыз және де барлық зұлымды олардың арына қалдарып, өздерін құрбандыққа шалуда.

Әдебиеттегі трагедиялық туралы В. Хализев: «...трагедиялық бұл эмоционалды түсіну және өмірлік қайшылықтарды көркемдік дамыту формаларының бірі (ең маңыздысы). Көңіл - күй ретінде бұл қайғы мен жанашырлық. Қайғылы жағдай адамның (немесе адамдар тобының) өміріндегі шешілмейтін, бірақ татуласуға болмайтын қақтығыстарға (қақтығыстарға) негізделген. Мұндағы қайғылы кейіпкер өмірмен (кейде өзімен бірге) келіспеушілік жағдайына тап болған, иілуге және шегінуге қабілетсіз, сондықтан азап пен өлімге душар болған күшті және тұтас тұлға ретінде қарастырылады», - деп анықтама береді. [3. 89]. Байқағанымыздай әдебиеттегі трагедиялық дегеніміз шығарманың өн бойында шешімі табылмаған, қиын жағдайларда кейіпкерлердің тығырықтан шығуының бір жолы сияқты көрінеді. Бірақ ғалымның тұжырымындай ол кейіпкерлер өз заманы мен қоғамының проблемаларын көтерген орасан күшке ие тұлға екенін де айта кету керек.

Әдебиеттегі трагедиялықтың көркемдігі туралы ғалым Р. Нұрғали да оның ерекшелігі асқақтығы мен биік рухты пафосында деген пікір білдіреді [4]. Ол өз зерттеулерінде М. Әуезов трагедияларындағы жазушының жеке қолтаңбасына байланысты тұжырымды да, байламды пікірлер айтқан.

Осы орайда, америкалық жазушысы Э. Хемингуэй де өмір тартысында өздерін құрбандыққа шалуға дейін баратын кейіпкерлерін көрсетеді. «Күту күні» — Эрнест Хемингуэйдің 1933 жылы жазған хикаясы. Әңгімеде сипатталған оқиғалар бір күннің ішінде орын алады. Сондықтан әңгіменің атауы ойға қонымды, себебі ол қандай да бір күтуді меңзейді.

Э. Хемингуэйдің бұл шығармасы мәңгілік тақырыптарды қамтиды. Азаптану идеясы, қаһармандық, түсінбеушілік, әке мен баланың қарым қатынасы және де құрбандық сияқты дүниелерді қамтиды. Қаһармандық идеясы баланың мінез-құлқында көрінеді. Ол ауырып жатыр, жақында өлемін деп ойлайды бірақ, қорқыныш пен аурумен күресіп, отбасын қорғауға тырысады. Оларға өз ауруын жұқтыруын қаламағандықтан, туыстарын бөлмесіне кіргізбейді. Ол отбасын өзі үшін уайымдаудан гөрі жалғыз азап шегуді жөн көреді. Мұндай мінез - құлық оның небәрі тоғыз жаста болса да, оны батыл адам ретінде сипаттайды. Мысалы: «Үйдегілер баланың бөлмеге ешкімді кіргізбей қойғанын айтты, сіз кіре алмайсыз,- деді. Менде бар нәрсе сенде болмауы керек» ,- деп бала өзі оқшауланады. Шығармадағы мәселелер нақты емес, адамдар ойлап тапқан кезде себепсіз азап шегу идеясы да бар. Баланың физикалық жай-күйі туралы жалған ақпарат алынады, бұл оның салыстырмалы түрде сау екенін білмей, өлімін күту кезінде оны бір күн бойы психикалық азапқа ұшыратады. Шығармада: «Сен бейшара Шац», - дедім мен. «Байғұс Шац, бұл мильдер мен километрлер сияқты. Сіз өлмейсіз. Бұл басқа термометр. Бұл термометрдегі отыз жеті қалыпты көрсеткіш. Бұл есептеу бойынша, тоқсан сегіз», - деп [4.308] бір-ақ ауыз сөзбен баланың бүкіл трагедиялық сипатын шешіп алады. Яғни, баланың өзін өзі азапқа салып, өлім күтіп жатуы оның бүкіл адамдық болмысын, тазалығын көрсетеді.

Бірақ шығарманың негізгі тақырыбы – отбасылық қарым-қатынастар, атап айтқанда, отбасындағы түсіністік, оны түсінбейтін ұл мен әкенің азабы. Автор бізге отбасылық өмірдің

күнін ешбір безендірусіз, сол қалпында көруге мүмкіндік береді. Бұл әңгіме қыстың бір түнінде ауырып қалған тоғыз жасар бала туралы. Дәрігер шақырғаннан кейін Шақтың тұмаумен ауырғаны және дене қызуы көтерілгені анықталады. Бұл тек жеңіл жағдай деп есептеліп, дәрігер баланың қызуы 102 градус екенін әкесіне айтқанын естіген, дәрігер балаға дәрі қалдырады. Сондықтан бала өлетініне сенеді, бірақ өз ойын жасырады. Оның уайымын одан басқа ешкім білмейді. Бұл бала мен әкесінің арасында көптеген түсініспеушілік тудырады, бұл олардың диалогынан анық көрінеді. Біраз уақыттан кейін ол маған: «Әке, егер бұл сізді алаңдатса, менімен бірге қалудың қажеті жоқ. «Бұл мені алаңдатпайды». «Жоқ, егер бұл сізді алаңдатса, қалудың қажеті жоқ. «Мен оның басы айналып кеткен шығар деп ойладым да, сағат он бірде жазылған капсулаларды бергеннен кейін мен біраз уақытқа шықтым. [5.308] Олар бір-бірімен сөйлескенде, олар әртүрлі нәрселерді білдіреді. Бала әкесін мазалаған жағдайда бөлмеден шығуға шақыратынын айтып, өз өлімін меңзеп отыр. Дәл осындай түсінбеушілік екі рет қайталанатын, айырмашылығы – екінші рет бала өз қорқынышын ақыры ашып, оқиға логикалық қорытындыға келеді. Температураның жақсы, дедім. «Уайымдайтын ештеңе жоқ. «Мен уайымдамаймын, - деді ол, - бірақ мен ойымды тоқтата алмаймын. «Ойланба» дедім мен. Тек қобалжымаңыз. «Мен қобалжымаймын», - деді ол және бір нәрсеге алаңдап қарады. Сонымен, әңгіменің негізгі идеясы - ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушілік. Олар бірге тұрады, бір-бірімен араласады, бірақ бір-бірін түсінбейді. Отбасының екі ұрпағы арасында ер бала жан азабына ұшырап, әке мен бала арасында қарым-қатынасын толық емес ететін қабырға бар сияқты. Әңгіме әке мен бала арасындағы әңгімеге негізделген. Э. Хемингуэйдің жазу стиліне өте тән диалог түрінде жазылған. Басты кейіпкерлер арасындағы әңгіме автордың баяндауымен үзіледі (дәрігер келеді, әкесі серуендейді). Сондай-ақ ауа-райы мен ландшафттың сипаттамасы бар, бұл символдық болғандықтан өте маңызды. Автор мәтіннің идеясын немесе кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктерін баса көрсету үшін көптеген «таңбаларды» пайдаланады. От пен қыстың символы (суық ауа райы) екі қарама-қарсы идеяны білдіреді - өмір мен өлім. Бала үйде жайлы және қауіпсіз, ол оттың жанында отырғанда жылы, бірақ сыртта қыс, бәрі мұздатылған және өлі. Өмір мен өлім бір-біріне өте жақын, бұл әңгімеде өлімді өмір арқылы жеңеді. Мен біраз уақытқа шықтым. Бұл күн ашық, суық күн болды, жерді қар жауып, мұз қатып, барлық жалаңаш ағаштар, бұталар, кесілген бұталар, барлық шөптер мен жалаңаш жерлер мұз басқан сияқты болды. Мен жас ирландиялық Сеттерді жол бойымен және мұздатылған бұлақ бойымен қысқы серуендеуге апардым». [5.308] Шығармада, табиғат пен ландшафттың символдық мәні өте маңызды. Әңгіменің бұл бөлігінде баласы өлімді ойлап төсекте жатып, әкесі біраз уақыт далаға шығады. Ландшафттың сипаттамасында жердің мұзбен жабылғандығы айтылады. Әке мен табиғат арасында тосқауыл, қабырға бар сияқты. Ол жер бетінде жүреді, бірақ оған қол тигізбейді, мейірім көрсетпейді.

Мұхтар Әуезов те өзінің шығармасында табиғатты суреттей отырып баланың жағдайын көрсетеді. Баланың жан тапсырар сәтін оқырманға қорқынышты суретпен бейнелейді: «Сол уақытта жаңбыр бұлтты тауға таман жақындап, жел қатандап, күннің күркірегені жиілеп тұр еді. Күн әдетінше жарқ етті» [5, 57]. Жазушы табиғаттың қаталдық көрсеткен суретін көрсете отырып, оны бала өлімімен тікелей байланыстырып, психологиялық сәйкестікпен ұштастырады. М. Әуезов табиғат тарапынан Қасымның қаралы қайғысына өз сезімін білдергенін айқын суреттейді. Сүреңсіз қалған жаз жадыраған қалпынан тайып, өлім құшағына кеткен жандарға иман тілеп, артта қалған жетімге пана бола алмай, жанарына жас үйіреді.

Қорытынды

Бұл шығармалардың балалар бейнелерін салыстырмалы-типологиялық талдау әдебиеттерге тән байланыс-типологиялық байланыстарды анықтауға, әлемдік әдебиет контекстінде балалар бейнелерінің көркем жүйелерінің ұлттық ерекшеліктерін қалыптастырудағы негізгі заңдылықтарды түсінуге көмектеседі. Үш шығармаға салыстырмалы

талдау жасағаннан кейін, қос жазушы бір-бірінен мүлдем өзгеше болғанымен, оларды тек ұлттық және тілдік шекаралар ғана емес, сонымен қатар уақыт шеңберлері де бөліседі, олардың арасында тұрақты байланыс-генетикалық байланыстар мен типологиялық конвергенциялар бар деп қорытындылауға болады. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй тақырыпты, бейнелі жүйені таңдауға, қарастырылып отырған шығарманы жазу кезінде белгілі бір көркемдік құралдарды қолдануға әсер етті. Жазушылардың шығармаларындағы басты кейіпкерлері: Ғазиза, Қасым және Шац та әлемдік көркем әдебиеттегі балалардың жарқын бейнелері. Олардың біреуі үлкен немесе аз көркемдік құндылыққа ие деп айтуға болмайды. Бастысы, балалардың өздерінің қайсарлығымен, сонымен қатар біз олардың арасында параллельдер жасай аламыз. Олардың қайғылы бейнелерінің ұқсастығы ұлттық, нәсілдік және діни айырмашылықтарға қарамастан, адамзат гуманистік құндылықтардың біртұтас жүйесімен байланысты екенін тағы бір рет еске салады, өкінішке орай, әдебиетте теңдесі жоқ болып көрінетін авторлар мен шығармаларды біріктіретін мәңгілік тақырыптар мен бейнелерге құйылатын проблемалар көп. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй бір мәңгілік тақырыпты – бала мен қоғамды бөліп көрсете отырып, өздерін шынайы гуманистер, яғни көркем сөздің нағыз шеберлері ретінде көрсете отырып, шығарманың ұлттық дәмі мен ұлттық сипатын сақтап қалды деп айта аламыз. Ғалым М. Маданова: «Салыстырмалы әдебиеттану, бұл бүгінгі таңда қазақ әдебиетіне бірегей мүмкіндік беретін ғылым, ол өзін-өзі дәл анықтауға және әлемдік көркемдік үдерістің контекстіне органикалық енуге ықпал етеді; дүниежүзілік әдебиет аясындағы қазақ әдебиетінің өзін-өзі тануы мен беделін арттыруға қабілетті, оны саналы түрде пайдалану оның дамуының әмбебап ғана емес, сонымен қатар ұлттық ерекшеліктерін де анықтауға көмектеседі», - деп қазіргі салыстырмалы әдебиеттану арқылы қазақ әдебиетіндегі шығармаларды әлемдік деңгейге шығаруға болатынын айтады. [7. 255]

Сондай ақ, бір зерттеу аясында мұндай шығармалардың барлық ерекшеліктерін бөліп көрсету мүмкін емес, бірақ тіпті мұндай қарау жекелеген әдебиеттердің ұлттық ерекшелігін, олардың әлемдік әдебиеттің қазынасына қосқан үлесінің ерекшелігін, демек, мәдениетті анықтау үшін әртүрлі ұлттық шығармаларды салыстырмалы талдау әдісінің өзектілігін айқын көрсетеді. Әдеби құбылыстардың ауқымы неғұрлым кеңейсе, оларды оқшауланбай, адамзаттың көркемдік іс-әрекетінің жалпы контекстінде салыстыру арқылы зерттеу қажеттілігі соғұрлым айқын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. – Л.: Наука, 1979. - 492 с
2. Маданова М.Х. Сравнительное литературоведение в Европе, Азии и Америке. – Алматы: 1998. 257 с.
3. Хализев В. Е. Теория литературы - М. : Высшая школа 2020, 438с.
4. Нұрғали Р. Драма өнері. - Алматы: Санат, 2001, 256 б.
5. Э. Хемингуэй собрание сочинений в четырех томах, Москва «Художественная литература» 1981г., перевод с английского Н. Волжиной.
6. Әуезов М. Әңгімелер. Алматы: Жалын, 1987, 235 б.
7. Маданова М.Х. Введение в сравнительное литературоведение. – Алматы: 2003.- 252 с.

XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

ӘНАФИЯЕВА Ж.І.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты.
Қазақстан, Астана қ.*

1. XXI ғасыр шеңберіндегі романдар

2. Дидар Амантай шығармаларындағы постмодернизм

Қазақ әдебиетінің ең күрделі де қиын, әрі ең құнды шығармаларының барлығы дерлік проза жанрында ерекше сипатқа ие. XXI ғасыр басындағы қазақ прозасы тәуелсіздіктің он жылдығымен, ұлттық рухты көтерудегі қаламгерлер қалам тартқан тарихи тақырыптармен, өткен дәуірдің бұрмаланған шындығын тарихи шындық негізінде көркемдеп, қайта жазумен, әдебиет арнасын кеңітіп ірі-ірі туындылардың өмірге келуімен есте қалды. Аласапыран тұста жазылған шығармалар бүгінгі күн тұрғысынан бағаланып, мүлде басқаша сипатқа ие болып, проза жанрының даму сипаты өзгерді. Ел арасындағы саяси оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер, тұрмыс- тіршіліктің бәрі осы жанрда көрініс тапты.

Мәселен, XXI ғасыр шеңберіндегі қазіргі заманауи тақырыптарды көтерген романдар Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романы, М.Мағауиннің «Жармақ» (2009), Д. Досжанның «Ақ Орда» (2005), С. Елубайдың «Жалған дүние» (2003), Әлібек Асқардың «Бір күн, бір түн» (2008), Ә. Ыбрайұлының «Зауқайыр» (2014) роман-триллері, А. Әлменбеттің «Мимырт» (2013), Дархан Бейсенбекұлының «Қылтұсау» (2015), Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» (2013), Зияш Төлеуованың «Банкирдің өлімі» (2013) т.б. туындылары жоғары бағаланды. Қоғамдық дертке айналған келеңсіз уақиғалар, түрлі түйткілді мәселелер, халықтың әлеуметтік, тұрмыстық хәлі, жеке адамның психологизмі, тастанды бала тағдыры, қоғамдағы жағымпаздық, жемқорлық дерті, баспанасыздық, ауыл мен қала тақырыбы, жахандану үдерісі, ана тіліміздің тағдыры, техника тілі, әлеуметтік желі осы сынды тақырыптарды қаламагерлер шығармаларына арқау етті. Бірнеше адамның бір идеяны ұстануы сирек кездесетін құбылысқа айналды.

Қазіргі проза бұрынғыдай әсем сөзбен сурет салуды, ұзын сонар суреттеуді, небір түрленулерді, аса баяндауды құп көрмейді. Мұны оқырман талғамымен байланыстыруға болады. Бүгінгі прозада автор дәстүрлі прозадағыдай кейіпкермен біте қайнасып, бірге жүрмейді. Керісінше, өзін оқшау бөліп алып қоғамнан ізгілік іздеуде.

«Соңғы парыз» романы.

«Сондай да бір күн болған», «Сондай да бір түн болған» атты екі кітаптан тұратын роман – дилогияға әдебиетіміздің басты тақырыбы туған жер, адам тағдыры, ұлттық құндылықтар жайы сыйдырылған. XX ғасырдың екінші жартысындағы Арал теңізінің экологиялық тағдыры ел тағдырымен сабақтаса суреттелген. Роман адамның кешегісін, бүгінін, сондай-ақ ертеңгісін суреттеп отырып, қоғамның, әлеуметтік ортаның, туған жердің бүкіл тіршіліктің апатты экологиясын көркем тіл, кемел бейнелермен жеткізуімен құнды [1].

«Жармақ» романы.

«Жармақ» (2007) романы постмодернистік үлгідегі талғампаз оқырмандарға арналған туынды. Шығарма қазақ әдебиетіне жаңалық боп кірді. Себебі, соны үлгіде әлі де болса қайталана қоймаған фантастикалық жанрда жазылды. Адамдар қақ жарылып, бүтіннің бөлшегіне айналып жатпаса да, әр адам өз ішінде ұдайы екі ойдың жетегінде жүретіні, әр кезде екі жолдың жолайрығында тұратыны түсінікті. Әдетте, түрлі фантастикалық фильмнен көріп жүрген бұл «транс» жүйесінің қазақ әдебиетіне енгені өзгешелік болды [2].

«Ақ орда» романы.

«Ақ орда» (2005) романы - тарихи оқиғалар мен бүгінгі күн шындығы жан-жақты суреттелген тың туынды. Азаттық алғаннан бергі уақыттағы ел еңсесінің көтерілуі, Тәуелсіз

Қазақстанның рухани-саяси өмірін, отаншыл сана мен оған қарсы келетін кеселді күштердің тартысы романда кеңінен суреттеледі [5].

«Жалған дүние» романы.

Роман қазақ қоғамының жиырмасыншы жылдардағы аумалы-төкпелі дәуір шындығын: жаппай ашаршылық, елге төнген нәубет, асыра сілтеуден бастап, халықтың қалыптасқан салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жойып жіберуді көздеген саясатты әшкерлеуді мақсат еткен. «Жалған дүние» романы тоқырау кезеңге арналған. Роман символизм рухында жазылған, мистикалық сарыны бар, философиялық астары терең. Романда тіршілік философиясы, адамның жер бетіндегі миссиясы, мақсаты туралы автор толғаныстары молынан ұшырайды [6].

«Үлкен үйдегі үрей» романы. (2005) Роман тақырыбына өзек болған авторлық идея бірнеше ғасырлық тарихы бар Қарқара өңіріндегі ескі үй төңірегінде өрбиді. Роман тақырыбына арқау болған уақыт пен кеңістік әдебиетімізде, әсіресе, тәуелсіздік алған жылдардан кейін ерекше қозғалған тақырыптардың бірі - кеңес үкіметінің орнауы мен 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргін уақыты мен тәуелсіздік жылдар аралығын қамтиды. Сол тарихи уақытқа куә – үлкен үй. Бірақ роман өткен тарихи кезеңдік тақырыптарды қозғаған романдардан мүлдем өзгеше болмыс-бітімімен ерекшеленеді [7].

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына белсенді араласып жүрген Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Т.Рыскелдиев, Ә.Сараев, Т.Тілеуханов, Т.Нұрмағамбетов, Ұ.Доспамбетов, Н. Дәутайұлы, Ә. Асқаров, С. Асылбек, Ж.Шаштайұлы, Р.Отарбаев, Қ. Түменбай, Н.Ақыш, М.Байғұт, К.Рахымжан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Д.Амантай, Д.Рамазан тәрізді жазушылардың қатары Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Арман Әлмембет, Алмас Мырзахмет, Әлібек Байбол, Алмас Нүсіп, Әсем Қоспағарова, Үміт Зұлхарова, Мирас Мұқашев, Айнұр Шамшейтова, Аягүл Мантаева, Бейбіт Сарыбай, Ерболат Әбікенұлы, Мәлік Отарбай, Мәди Алжанбай, Қанат Әбілқайыр, Қанат Тілеухан, Нұрлан Қабдай, Мерей Қосын сынды жас жазушылармен толысты.

Қалың оқырманнан лайықты бағасын алған, қазақ қара сөзінің көкжиегін кеңейткен, жазушы, романист, философ Дидар Амантайдың постмодернистік үлгіде жазылған шығармаларына аз-кем тоқталып өтуді жөн көрдік. Оның «Гүлдер мен кітаптар», «Тоты құс түсті көбелек», «Шайтан мен шайыр» романдары мен «Мен Сізді сағынып жүрмін» повесі, «Көзіңнен айналдым» сияқты әңгімелері постмодернистік эстетикаға мейлінше жақын [1]. Қаламгердің алғашқы кітабы 1996 жылы «Постскриптум» деген атпен шықты. Кейіннен «Қастерле мені» (романдар, повестер, әңгімелер, эсселер 2000), «Гүл мен кітаптар» (Роман, 2003), «Күзгі рандеву» (повесть-әңгіме 2005) кітаптары жарияланса, «Нұрғиса Тілендиев», «Әлжаппар Әбішев», «Қасым Аманжолов», «Жүсіпбек Елебеков», «Мұқтар Мағауин» деректі фильмдердің, «Гэкку» («ФЭФ») «А-ға оралу» деген көркем фильмдерінің және де «Қарсы бақылау» телесериалының сценарийін жазды. Қаламгердің бес томдық шығармалар жинағының алғашқы томы – «Қарқаралы басында» деп аталса, екінші томы “Махамбет философиясы” деген атпен жарияланды. Автор бір сұхбатында «Қазақ прозасында ықшамдылық та, ақындық сипат та бар, бірақ сирек. Ол ХХІ ғасырдың талаптары модернистік әдебиет ережелеріне сәйкес келеді мен осыған орай анық (нақты) деталь прозасы деген термин ойлап таптым»- дейді. [2]

Қаламгер шығармаларының тағы бір ерекшелігі, өзі айтқандай- қысқалығында, ықшамдылығында. Жазушы еңбектерін зерттеушілер оны модернистік не болмаса постмодернистік бағытпен үйлесімдік тапқандай деп баға береді. Қаламгер шығармалары бір емес бірнеше әдеби шығармалардан жинақталағандай әсер береді оқырманға. 2001 жылы шыққан «Гүлдер мен кітаптар» романы қазақ әдебиетіне жаңа серпіліс әкелгендей болды. Әдебиетте тоғысқан сыншы-зерттеушілер мен әдебиеттанушылар арасында өзара қарама-қайшы сыни ой-пікірлер туғызған бұл шығарманың құндылық дәрежесін уақыттың өзі-ақ дәлелдеп бергендей. Біз қарастырып отырған роман желісі уақыт пен кеңістікті, мезгілді

белгісіз етіп қоятын, бір сөзбен айтқанда, терең қилы шиеленістерге өрбитін постмодернизм сарынында жазылды. ХХІ ғасырда, яғни қазіргі кездің оқиғасы ретінде бастау алды. Бас кейіпкер кітап жазуға бел байлап, бүкіл күш-жігерін сонда жұмылдырады. Барлық ой-тұжырымы, айналасы, бар жинаған білімі мен рухани әлемі, таныстары, күнделікті өмірі – қаламгердің қалам тербеп жатқан шығармасының басты идеясы болып кетеді. Сондықтан да оның жазып жатқан кітабы ол үшін ерекше әлемге айналған [2 , 1]. Әлішер айналасымен үйлесімділік тапқысы келеді, алайда, өз заманындағы адамзат баласының рухани-мәдени болмысының мүшкіл халіне қатты қынжылып, жалғыздыққа бет бұрады Тарихтың қай дәуірінде болмасын осындай ерекше тұлғалардың жалғыздық пен дара әлемде өмір сүргені белгілі. Жалғыз қалу, айналадан безіну, оқшаланып өмір сүру тұлға үшін – өзін-өзі жетілдірудің, рухани кемелдену мен өн бойындағы бүкіл қабілеттерін өмірлік мақсаттары үшін толық жүзеге асырудың бірден-бір жолы.

Қорытынды

Қазақтың сөзі – қазақтың рухы, жаны, жүрегі. Қазақ прозасы соңғы ширек ғасырда біраз белестерді бағындарды. Бұл тұстағы әдебиеттің негізгі жетістігі – азаттық жолында басын бәйгеге тігіп, жанкешті ерлік жасаған тарихи тұлғалардың көркем бейнесінің жасалуы еді. Азат елдің әдебиеті әлі де сом тұлғалар мен соны шығармалармен толығырақ түсетініне сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары. – otuken.kz
2. Мағауин М. Көк мұнар. – Алматы: Жазушы, 1972. – 218 б.
3. Амантай Д. Қарқаралы басында: роман, повесть, әңгімелер, эсселер, өлеңдер. 1-том. – Алматы, 2010. – 396 б.
4. Жарылғапов Ж.Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: оқу құралы / Ж.Ж. Жарылғапов, А.А. Мырзахметов. — Алматы: Эпиграф, 2016. — 164 б.
5. Досжан Д. Ақ орда. – Астана: Елорда, 2005. – 524 бет
6. Елубай С. Ақбоз үй. Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 528 б.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАНДАР БЕЙНЕСІ

ЖАЛЕЛОВ Д.С.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада хандық дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері жыраулар поэзиясындағы хандардың бейнесі жан-жақты талданады. Асан қайғы, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар сынды жыраулардың ханға қарата айтқан толғауларынан мысалдар келтіріледі. Хан мен халық арасына алтын көпір бола білген жыраулар шығармашылығына әдеби талдаулар жасалынады. Авторлық ауыз әдебиетіне тән жыраулар поэзиясындағы өр рухты хандар бейнесін ашуда: саралау, әдеби талдау, зерделеу, жинақтау әдіс-тәсілдері қолданылады. Жыраулар – хандық дәуірі әдебиетінің көрнекті әрі айшықты өкілі. Толғауларындағы тақырып ерлік пен елдікке құрылған. Толғау арқылы заманында өмір сүрген хандардың келбеті мен іс-әрекеттерін сол қалпында жеткізе білген. Қазақ хандығы тұсындағы хандардың ішкі және сыртқы саясатын да жыраулар поэзиясын зерделеу арқылы бағамдай аламыз. Бүгінгі таңда хандар бейнесін анықтап, саралау өзекті болып отыр. Хандық дәуір әдебиетіндегі жыраулар шығармашылығын қарастыра отырып, хандардың тұлғалық қасиетін анықтап, ел билеудегі ерекшеліктері мен

өзгешеліктерін зерделей аламыз. Зерттеу барысында зерттеуші ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Кілт сөздер. Жыраулар, хан, толғау, хандық дәуір әдебиеті, Қазақ хандығы.

Жалпы тарихымызда хандықтың мәртебесін биіктетіп, мемлекет тұрғысынан нығайтып күшейткен заманының заңғарлары яғни ірі өкілдері топ бастап хандықтың саяси және рухани құндылығын күшейтті. Керей мен Жәнібек негізін қалап, Бұрындық, Қасым, Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Салқам Жәңгір, Тәуке, Абылай хан сынды хандарымыздың ішкі және сыртқы саясаттарына да үн қосып, ақыл кеңесін айтып, өз ұстанымынан айнымай ақты ақ деп, қараны қара деп турасын айтып төрелігін білдіріп отыратын, бір басында шешендік пен даналық, батырлық пен асқан көрегенділік, саясаткерлік пен саналы ұтымды ой қатар үйлесім тапқан тұлға – Жыраулар болды. Жыраулар мұрасындағы хандар бейнесі көрінісін қаузағанда қазақ хандығының арғы бергі тарихына да көз жүгіртіп, сараптап ой зердемізге түйе кеткеніміз абзал. Хандықтың тарихы жеке саяси тұлғалармен тығыз байланысты. Атап айтқанда хандықтың ірге тасы саналатын хандарымыз бен батырларымыз, жыраулар мен би-шешендеріміз мемлекетіміздің тұғыры, тұтқасы бола білді. Сол кездегі түбі бір Алаш жұртының бірігіп, бір тудың астында Қазақ хандығының негізін қалап, өз алдына дербес ел болу жолындағы жыраулардың атқарған еңбегі, тұтас ұлтқа деген ерен еңбегінде назардан тыс қалдыруымызға болмайды. Желмаясына мінген Асан атаның Орыс ханның ұрпақтары, текті төренің қос оғыланы Керей мен Жәнібек сұлтандардың хан болып, Ақ Орданың өшкен отын жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосқанына тарих та шежіреге толы аңыздар да куә болып тұр. Ұраны Алашпен, керегесі ағашпен байланған хандықтың рухани тамырының қорғаны Жыраулар бола білді. «Алты сан Алаш» деп яғни Алты Алашпен байланысты тайпалардың барлығы бірігіп XV ғасырдың екінші жартысына қарай еркіндікті жаны қалайтын, азаттықты туы қалайтын, Қазақ деп аталатын мемлекет құрды.

Жошының Шайбан тұқымынан тараған Әбілқайыр ханның билігі тұсында да Дешті Қыпшақ даласының қос баһадүрі Керей мен Жәнібектің рухани жанашыры ақылшы абызы, сүбелі сөздің хас шебері, жыраулар көшінің басынан орын алған, келелі жиында сөз бастап төрелігін білдіретін Асан ата болды. XV ғасырдан бастап XX ғасырдың бас кезіне дейін қамтылығын М.Мағауин мен Байділдаев құрастырып жинақтаған еңбекте, Асан ақсақалдың Алтын Орданың беделді ханы Ұлығ-Мұхамед төренің кеңесшісі болғанын айтады. Зерттеу еңбекте: «XV ғасырдың шамамен 20-жылдарында Ордадан Ұлығ-Мұхамед қуылып, өзге жаққа қоныс аударғанда Асан абызда өз төресімен бірге кетеді» [1, 22]. Билігін Қазанда қазіргі Еділ аумағында жалғастырған Ұлығ-Мұхамедтің жанында кеңесін айтып, рухани және саяси тұрғыдан өз ықпалын тигізеді. Кейінгі өмірі Дешті-Қыпшақ даласында жалғасады. Жошы ханның үлкен ұлы Еженнен тараған Керей мен Жәнібек хандардың қамқоршысына айналады. Ақ Орданың туын қайта көтеріп, игі жақсы жиылған кеңесте сөз алып, қос сұлтанның шамшырағы бола білді. Абыз мұрасының басты тақырыбы ел бірлігі мен азаттық тақырыбына арналды. Дос пен дұшпаныңды ажырата біл деп қасқая тұрып, төренің тік мінезінен, айбатынан жасқанбай тура айтуы да асқан ерлікке жүк болатын еңбек. Бұл жерде ханды төмедетету мақсатында емес, тура айтып, намысын қамшылау мақсатында өрілген ой-толғам өрнегі. Яғни біздің қаузағалы отырғанымыз Асан жыраудың Жәнібекке айтқан толғауы жайлы болмақ.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің.

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің,

Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?! [2, 22].

Әділ сөйлеп ханға жаққан жыраулардың ғұмыры шындық сөздің өлшемінен, адалдық, тазалық деген ұстанымның дәл тұнық бастауынан тұрды. Олай дейтініміз асыра мақтауға жол бермей, ханды жеткен жетістігі үшін мастанып мақтангершілікке салынбауға шақырды. Масаттануды ұстамдылыққа, мақтануды шүкіршілікке ауыстыруды сөзіне тұздық етті. Бұл жоғарыда айтылған толғау үзіндісін тура мағынасы арқылы түсініп қабылдаудан аулақпыз. Себебі Жәнібек хан құр масаттанып, мақтануға жол берген жоқ. Бұл жерде жыраудың айтпағы елдің бірлігі мен тыныштығы өзіндей төрелерге аманат деген ойдың астарын осы толғау арқылы алысты көріп, көрегенділікпен жеткізіп тұр. Толғауда мынандай жолдар бар,

... Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?! [2, 22].

Толғаудың бұл жолдарынан аңғаратынымыз елдің іргесін нығайтып, Алаш ұранды ру-тайпаның басын қосып, бабаң Орыс ханның уығын қадап, керегесін кеңейтіп көшті алдыға яғни кемел келешекке баста деген мағынада болса керек. Заманында Әбілқайыр хандығы, Көк Орда, 92 тайпадан құралған Өзбек хандығы деп аталған хандықтан ірге бөліп, Керей мен Жәнібек сұлтандар, көшті Мағолстанға яғни Шу мен Талас өзендерінің бойына бастаған сәтті сапардың басқы бөлігінде сұлтандарға ой тастап, тура жолдың бағдарын сызып берген, тілімді алсаң, сөзімді құп көрсең елге пана болатын қоныс ізде, сол қонысқа артыңнан ерген елді көшір деп сөз бастған Асан абыздың алысты көре алатын данышпанығы мен әулиелігінің жемісі.

17-ғасырда өмір сүріп, Есім ханның жорық толғауын толғайтын батыры, ақылшысы бола білген, атақты Тұрсын ханның қиғылық салған бүлігін тойтаруға ат салысқан Марғасқа жыраудың кейінгі ұрпаққа, бүгінгі ғасырға жеткен Тұрсын ханға бағыттала айтылған жырына тоқталсақ,

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есіңде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды [1, 24].

Марғасқа жырау толғауында айтылған Тұрсын хан кім? Сұрағымызға жауап ретінде хандар жайлы тарихи мәліметтерде Тұрсын ханның бізге жеткен бейнесі төрелердің арасында мансапқа құмартып, адалдықтың ала жібін аяқ асты етіп, Шыңғысханнан келе жатқан дәстүрлі мұрагерлік жолмен емес, зорлық күшпен алғаны жайлы мағұлматтар кездеседі. Тұрсынның шежіресі Қасымның баласы Жәлімнен тарайды. Әкесі Жәлім сұлтан Қасымның ұлы Ақназарға адал қызмет еткен сұлтан ретінде айтылады. Бізге жеткен тарихи жазбаларда Жәлім сұлтан Ташкенттің билеушісі Баба сұлтанның қолынан қаза табады. Сұлтан мен ұлдарының кегін қайтарған Есім хан Ташкентті қазаққа қайтарып Ташкентті билеуді Тұрсын ханға жүктейді. Тұрсынның билікке деген құмарлығын «Қазақ хандары» атты танымдық зерттеу жинағында былай баяндайды. «Ташкентті билеген Тұрсын хан Бұқарадағы аштарханидтер атты әулеттің

өкілі Имамқұлға жаушы аттандырады. Бұл оқиғаның түпкі мәнінде Есімге қарсы бірлесуін өтініп көмек сұрайды. Имамқұлда өзінің ниеттес екенін білдіріп Тұрсынды Ташкенттің билеушісінен хандық дәрежеге дейін көтереді. Алайда жікшілдік әрекеті үшін, хандықтың әлеуметтік жағдайын әлсіретіп, туысқан халықты екіге бөліп қинағаны үшін Есім хан ақырында жазалап, Ташкентті қазаққа қайтарады. Тұрсынды қолдаған қатаған руын қатаң жазалайды» [3, 74]. Тарихта «Қатаған қырғыны» деп қалған осы оқиға бүлікші топтың барлығына сабақ болды. Деректерде осы толғауды Тұрсын ханның өзіне Марғасқаның тікелей айтқаны жайлы деректер көптеп кездеседі. Ташкент қаласының түбіндегі сол кезде Абат деп аталған жерде Тұрсын ханды қоршаған қалың әскердің алдында Марғасқа жырау Тұрсын жатқан сарайға төтесінен кіріп жоғарыда айтылған толғаумен Есім ханның абыройын асқақтатып, Тұрсынның қателігін, зорлық-зомбылығын бетіне басқан. Осы толғаумен мағыналас ер Махамбеттің Жәңгірге қарата айтқан толғауы.

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аярсың,
Айыр құйрық шаянсың [1, 181].

Жыраулар танымында да ой мен мағынаның үндестігі мұраларды оқып салыстыру барысында анық байқалады. Хан болсын, билігі жаһанға тараған билеуші болсын замананың барлық қағидаларын жатқа білетін жыраулар тек ғана шындықты именбей айта білді.

Хандық дәуірдің негізгі көрінісі сипатталатын, хан мен жырау арасындағы рухани-саяси байланыс ерекше баяндалып суреттелетін, айбыны асқақ Есім хан мен жорық жыржысы, батырлығына батылдығы сай Жиёмбет жырау. Жыраудың шығармашылығы арқылы Жиёмбеттің тұлғалық қасиетінің өте жоғары екенін, қоғамдық пен философиялық, батырлық пен шыншылдық тақырыптарын еркін меңгергенін байқаймыз. Бәрімізге белгілі Жиёмбеттің бір туғаны Жолымбет пен Есім хан арасындағы теке тірестінде тарихи оқиғасы аңғарымпаз оқырманға таныс.

Әмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың,
Қанын ішіп қанбаққа,
Жанын отқа салмаққа,
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес.
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес [4,39].

Хан әмірінің қаталдығына келіспей, жас албырт Жолымбеттің жасаған қателігін кешіруді өтінеді. Қалмақтан алып келе жатқан қалыңдығын жол күтіп торуылдап алып кеткен батырдың ісіне мейірбандылық танытуын сұрайды. Толғаудағы мына бір үзіндіге көз жүгіртсек, Жиёмбет заманында хан мен халықтың арасында да беделінің өте биік болғанын көреміз.

Қаһарыңды басқалы
Қалың елім жиылды.
Бастап келген өзге емес,
Жиёмбет-сынды биің-ді [4,39].

Осы үзінді арқылы Жиёмбет жыраудың дәрежесі ханның абырой даңқымен бірдей болғанын көреміз. Жыраудың өзі толғағандай Есімнің қолына сүйесін, ісіне демеу көрсетіп, келелі кеңесте кемеңгерлігімен пікір білдіріп ханның сөзіне дем беріп, қолдау жасағанын зерделейміз. Жиёмбет жырау Есім ханға қарата айтқан тағы бір толғауында, тікесінен сөз бастап былай деп ой өрбітеді.

Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда ханым не десін,
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің,
Жиёмбет қайда дегенде
Не деп жауап бересің? [4,40].

Толғаудың келесі бөлігінде жырау теңеу арқылы өзіне сипаттама беріп, хандықтың алдындағы өзіндік тұлғасын еске салып айқындап көрсетеді. Батырлығымды сұрайтын болсаң аюдай, өр мінезімді білгің келсе ноқта түспеген тайындай, зор айбатым бекіредей, беріктігім қарағайдай деп келіп, Есім ханды жарқыраған айға балайды. Бұл жерде жыраудың өзін мақтап мадақтауы емес өзінің негізгі орнын ханға жеткізу арқылы ханның бет беделін көтере отырып қателігінен сабақ алып биікке ұмтылуына бағдар бағыттайды.

Жыраулар – ұлттың ұлы армандарын арқалап, заманның сан қилы, сан қырлы тағдырын еш бұрмаламай саф қалпында жеткізді. Хан мен сұлтандардың саяси іс әрекеттерін бағамдап өз толғауларының басты тақырыбы еткен жыраулар поэзиясының бағыт-бағдары ұлттық мүдде жолына бағытталды. Жыраулар жеке дара шығармашылыққа көңіл бөліп, ұлттық рух пен жорық жыршысына тән қасиет көрсете білді. Қазақ халқының ұлттық құндылыққа тән, батырлық рухқа толы ұлттық поэзиясының қазақ әдебиеттануында орнығуына жыраулар шығармашылығы өлшеусіз үлесін қосты. Жыраулар өз шығармашылығында ханға қарата айтқан толғаулары арқылы халықтың тыныс-тіршілігінің орындалып, ханның әділ билік етуіне бағыт болды. Хан кеңесінде түйінді сөздің кесімін айтып, ел үшін шешім қабылдауда маңызды рөл атқарған қазақ хандары азаттық пен ұлттық рухтың бірден-бір көрінісі. Хандықтың құрылуы мен тарихи өрлеу даму барысын зерттеген еңбекте, тұтас ұлтты басқаратын бас қолбасшы әрі ел мүддесі үшін соңғы түйінді сөзді – хан айтады. Хан сыртқы және ішкі саясатты жүргізетін ұлттың ең беделді, бірінші тұлғасы екендігін айтады [5, 70]. Осыдан байқағанымыз ханның әділ болып, ел басқаруы ұлттың азаттығы мен еркіндігін көрсетеді.

Жыраулар поэзиясының тағы бір көрнекті өкілі, топ бастаған көсем, сөйлесе қызыл тілді шешен, хан Абылаймен дәрежесі тарихта бірдей аталатын көмекей әулие – Бұқар жырау. Ғибратты ойдың шебері, толғауында елге насихат пен ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін жыр жолдарының өзі қазіргі заманның мақалы мен нақылына айналып кеткен. Бұл Бұқар шығармашылығының халықтың жүрегінде орын алғандығын, өміршең жырдың нағыз үлгісі екендігін көрсетеді. Абылай ханның ақыл кеңесшісі бола білген, сыртқы және ішкі саясатта да ықпалы өте жоғары болған Бұқар жыраудың ұрпаққа жеткізген толғаулары бүгінгі заман үшін бағыт-бағдар іспетті.

Хан Абылаймен дәрежесі тең, тарихта көмекей әулие, Сыпыра бастаған алтын көштің ірі өкілі Бұқар жырау шығармашылығында Абылайдың бейнесі ерекше суреттеледі. Абылай ханның тұлғалық қасиеті жайлы әдебиеттанушы ғалым А.Сейдімбек, Абылай ханның тұтас өмірінің бағыт-бағдары бір мақсатқа ғана бағытталғанын, ол мақсат қазақ халқының бірлігі мен берекесін, тыныштығын сақтау жолында болғандығын баяндайды [6, 487]. Расымен ғалым пікірінің қайнар көзі Бұқар шығармашылығымен үндесіп сабақтасып жатыр. «Ал айтамын,

айтамын» деп толғаулатқан Бұқар жырау хандықтағы болып жатқан түрлі мәселелерді де назардан тыс қалдырмайды. Хандықтағы болып жатқан хан мен хан серіктері арасындағы шиеленісті де толғаумен өріп, хан Абылайды сабырға шақырады.

Кең Абылай, кең ием,
Шұбар ағаш, құба жон,
Мекен еткен шөлде, ием,
Телі менен тентегің
Иіліп алдыңа келді, ием! [4, 58].

Хан Абылайға қарата айтылған толғаулармен қатар, батырлық сарында жазылған толғаулармен қатар жұртшылықты адалдық пен тура жолға бағыттайтын толғаулары да көпшілікке таныс. Жоғарыда қаузалған насихат, үлгі-өнеге беретін толғаудағы негізгі айтар ой: «қандай қызмет атқарсам да туған елге, халыққа қалай пайдамды адалынан тигізе аламын» деген сұрақтың төңірегінде өрілген жыр жолдары екені басқы жолдарынан-ақ көрініп тұр. Ұлттың рухани мұрасының қорғаны бола білген дала данышпандарының, соның ішінде Бұқар поэзиясының қазақ халқы үшін маңызы мен құндылығы әрдайым биік қалпында. Жыраулар мұрасын зерттеуші айтыскер ақын Аманжол Өлтай өзінің «Ақын-жыраулар поэзиясы» атты зерттеу еңбегінде Бұқар жырау шығармашылығына кеңінен тоқталады. «Ғасырдан астам ғұмыр кешкен Бұқар жырау Қалқаманұлы – өз өмірінде халықтың бастан өткерген қысталаң кезеңдерін де ел тірлігіне береке кіре бастаған кезеңін де, сол кезеңдерде ел тізгінін ұстаған бірнеше ханның қарым-қабілетін де көзбен көріп, аумалы-төкпелі сан қилы тарихи оқиғаларға куә болып қана қоймай, ел мен жер тағдыры сынға түскен сәттерде шешуші әрекеттерге өзі де белсене араласқан тұлға. Сол себепті оның жыр-толғаулары тақырып аясы жағынан да, қамтыған кеңістігі тұрғысынан да аса ауқымды» [7,156].

Сонымен, хандық дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері жыраулар поэзиясындағы хандар бейнесі, тек қана мадақтау мен әспеттеуден тұрмайды. Ақтқатты, шындықты бүкпей жеткізді. Ханның қате кеткен тұстарын толғауға салып, өз ойын анық білдірді. Халықтың арман мен тілегін орындай алған жыраулар, таза қалпымен көптің көңілінен шыға білді. Ол тек біз қозғаған жыраулардың бойынан ғана табылып қоймайды. Хандық дәуір әдебиетінде өмір сүрген барлық жыраулардың тұлғалық қасиетінен көрініс табады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М, Байділдаев М. Ай, заман-ай, заман-ай... – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. – 384 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
3. Омарбеков Т. Қазақ хандары. – Алматы: Айғаным, 2016. – 148 б
4. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
5. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2011. – 320 б.
6. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. Т. 5. – Астана: Фолиант, 2010. – 880 б.
7. Өлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.): Оқулық. – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ТАНЫМДЫҚ-КОНЦЕПТІЛІК ДЕНГЕЙІ

СҰЛТАН Е.Б.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Қазақстан, Астана қ.*

Аңдатпа. Мақалада мәтін теориясы, мәтіннің танымдық қабаты мен концептілік жүйесі зерделенеді. Мәтін бойында кездесетін ақпараттық-танымдық ерекшеліктер, концептілер жүйесі жеке сөз болады. Адамның ойлау жүйесіне қатысты, халықтық-ұлттық ерекшеліктеріне қатысты негізгі танымдық ақпараттардың әдеби мәтіндердегі деңгейі қарастырылады. Әдебиеттанудағы мәтін теориясына, әдеби концептілерге баға беріледі. Көркем мәтін ұғымы жалпы филологияға ортақ екені белгілі, ал мақалада мәтін теориясының әдебиеттану ғылымына қатысты қыры талқыланады. Жалпы әдебиеттанудағы теориялық зерттеулер қатарын молайту мақсатында көркем шығарманың мәтініне әдеби тұрғыдан назар салу өзекті болып отыр. Себебі қазіргі ғылыми зерттеулер бір-бірімен интеграцияға түсіп, гуманитарлық саладағы түрлі ғылымдар тоғысуынан жаңаша бағыттағы зерттеулер пайда болды. Осы тұрғыдан алғанда жалпы филологиядағы мәтін теориясы тілтану мен әдебиеттануға ортақ болғандықтан, мәтіндік талдау жүргізу барысында тіл мен әдебиетті тоғыстыру арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Қазақ әдебиеттану ғылымдағы мәтіндік талдау жүйесінің теориялық, практикалық базасын толықтыру барысында біздің зерттеу еңбегіміздің тақырыбы өзекті саналады.

Кілт сөздер. Мәтін теориясы, концепт, танымдық қабат, көркем мәтін, концептілік ая.

XXI ғасырда ғылыми зерттеу бағыттары интеграциялану нәтижесінде жаңаша ғылыми әдістерді, ғылымға жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауды туындатты. Соның ішінде әдебиеттану ғылымы да өзіне шендес, іргелес ғылым салаларымен ғылыми байланысқа түсіп, жаңа әдеби зерттеу бағыттарына ие болды. Дәстүрлі әдебиеттануда көркем шығарманы зерттеу оның композициялық құрылымы, идеясы мен сюжеті, көркемдік ерекшелігі арқылы ғана талданып келгені мәлім. Ал антропоцентристік парадигма шеңберінде көркем шығарманы мәтіндік деңгейде талдау қолға алына бастады. Мәтіндік талдау көркем мәтіндегі танымдық қабатты анықтауды, мәтіннің символикалық, семиотикалық, семантикалық ерекшелігін зерделеуді қамтиды.

Қазіргі жалпы филологияда «мәтін теориясы» терминіне қатысты жан-жақты зерттеулер бар. Мәтін теориясы лингвистика тұрғысынан да, әдебиеттану тұрғысынан да талданады, бұл зерттеулердің тоғысатын тұсы да, айырмаға ие болатын тұсы да байқалады. Бұл мәтін теориясының қандай аспектіде зерттелетінімен байланысты. Мәтінге былайша анықтама беруге болады: «Мәтін – ерекше түрде ұйымдасқан семиотикалық құрылым» [1, 14]. Бұл анықтамадан байқағанымыздай, мәтін, ең алдымен, семиотикалық бөлшек. Демек мәтіндегі таңбалық қасиет оның ең негізгі құрамдас бөлігіне айналады. Неге десек, мәтін символдан, таңбадан тұрады. Таңбасыз мәтінді құрау да, елестету де мүмкін емес.

Мәтін теориясын әдебиеттану ғылымында зерттеу барысында «мәтін мен көркем шығарма бір ме?» деген сауал туындайды. Бұл екі ұғымға тереңірек үңіле отырып мынадай пікірлерге кезігеміз: «Мәтін статикалық сипатқа ие, ал шығармада динамика басым» немесе «Мәтін шығармаға қарағанда қозғалыссыз» [2, 48]. Әдебиеттанудағы құрылымдық бағыттың өкілі Р. Барт: «шығарма – кітап кеңістігінің белгілі бір бөлігін қамтитын заттық фрагмент. Ал мәтін – әдіснамалық амалдардың алаңы» деген тұжырым келтіреді [2, 415]. Мәтін құрылымына назар салушы ғалым Р. Барттың бұл пікірінен мәтіннің шығармадан көлемді, ауқымды нысан деп қарайтынын көре аламыз. Былайша айтсақ, мәтін көркем шығарманың бөлшегі емес, керісінше көркем шығарма мәтін бөлігін құрайды. Көркем шығарма мен мәтіннің теңеспейтін

тұсы, оның біреуінің бөлшегі түрінде келуімен байланыстырылады. Ал Ю. Лотман пікіріне сүйенсек, пікір қайшылығын байқаймыз. Ғалымның сипаттауы бойынша: «Көркем шығарма дегеніміз өзінің белсенді әрекетін күтіп тұрған потенциалды мәтін» [3, 1996: 97].

Мәтін – көп қырлы, көп аспектілі ұғым. Оны қай жағынан зерттесек те, түрлі жаңалықтар ашуға, жаңа ұғымдар туындатуға болады. Біз өз зерттеуімізде мәтіннің таңбалық, танымдық деңгейіне ден қоямыз. Азiргi филологияда, әсiресе лингвистика ғылымында мәтінді зерделегенде «концепт», «концептосфера» ұғымдары алдыңғы орынға шығады. Себебі бұл ұғым бірден-бір мәтіннің танымдық, ұлттық бейнесін анықтауда тиімді әдіс болмақ. Әдебиеттану ғылымында да мәтіннің танымдық-концептілік сипатын белгілеу жалпы мәтін болмысы туралы ақпаратты беруде маңызды саналады. Сол себепті біз мақаламызда концепт ұғымына, мәтіндегі танымдық қабаттың деңгейіне жете үңілуді жөн көрдік. Концепт ұғымы – гуманитарлық ғылымдарға ортақ түсінік. Концепт жүйесіне психологияда, педагогикада, тарих ғылымында, лингвистикада, әдебиеттануда түсіндірме жасауға болады. Алайда концептілік жүйенің зерттелу аспектісіне сай, зерттеу әдістеріне қарай сипаты да, мәні де өзгеше өрілуі мүмкін. Концептінің түпкі мәні, шығу тегі бір болғанымен, зерттеу парадигмасы негізінде мән, мағынасы өзгеріп отырады. ХХІ ғасырда ғылыми зерттеу жүйелерінің антропоцентристік парадигма шеңберінде қарастырыла бастауы негізінде зерттеу бағыттарының барлығы адамға қарай, адамның ойлау жүйесі, сезімі тұрғысынан қарастырыла бастады. Осындай жаңа бағыттардың бірі – адамның ойлау, дүниені тану процестерімен байланысты Когнитивті лингвистика, Когнитивті әдебиеттану. Тілтану мен әдебиеттанудың зерттеу нысандары тілді зерттеуі арқылы, тілдегі ерекшеліктерді қарастыруы негізінде бір-бірімен ортақтасады. Когнитивті зерттеулер адамның ойлау, таным, сана дәрежесіндегі ақпараттарды қарастырады. Ақпарат алмасулардың таным жүйесіндегі сипатына назар аударады. Адам баласы өздігімен өмір сүрмейді, ол қоғамдық ортаның, белгілі бір әлеуметтік шеңбердің өкілі саналады. Сол себепті қоғамдық жүйеге, топқа сәйкес қалыптасқан ақпараттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады, адам санасында қазықталады. Ал когнитивтік зерттеу бағыттары аталған ақпараттар жүйесінің ойлауға, дүниенің қабылдауға, дүние моделін сана деңгейінде қалыптастыруға бағытталады. Ақпараттардың адам санасына әсерін, ондағы бейнесінің мәнін ашып көрсету үшін когнитивтік зерттеулер бір-бірімен байланысқа түсіп отырады, соның негізінде жаңаша ғылыми бағыттар пайда болып, ғылым салаларының интеграциялануы байқалады. Когнитивтік зерттеулердің негізгі нысаны концепт ұғымы болып саналады. Сонымен қатар, гештальт, символ, сызба, ассоциация секілді түсініктер де когнитивтік зерттеулерде қарастырылатын негізгі нысандар болып саналады.

Жалпы филологияда концепт ұғымы лингвистика саласында зерттеле бастады. Тілді адамға қатысты, этнос негізінде зерттеу алғаш Э. Сепир мен Б. Уорф еңбектерінен бастау алады. Мұндай зерттеу негізінде когнитивтік тіл білімі саласында пайда болды. Тілді когнитивтік процестерді жүзеге асырушы фактор ретінде қарастыру тіл біліміндегі «концептілік ая», «әлемнің тілдік бейнесі» секілді термииндердің қалыптасуына негіз болды. «Концепт» термині алғаш С.А. Аскольдов-Алексеев еңбегінде 1928 жылы қолданылды. С.А. Аскольдов-Алексеевтің түсіндіруі бойынша концепт ойлау процесінде бірдей типтегі зерттеулер мен құбылыстардың іс-әрекеттердің жиынтығы, ойлау құрылысы болып табылады [4, 30]. Д.С. Лихачев та концепт терминін алғаш қолданушылар қатарынан көрінеді. Ғалымның пайымдауы концептіні абстрактіленген ойлау бірлігі деп түсіндіреді [5, 46]. Қазіргі зерттеулерде концептіге берілген анықтамалар саны біршама. Мұндай анықтамалардың маңыздыларына тоқталып өтсек. Е. Кубрякова: «Концепт – ментальді лексиконның, концептуалды жүйе мен ми тілінің, әлем бейнесінің, квант білімінің, адам есінің оперативті бірлігі. Концептілер арқылы көрініс табады» деген анықтама келтіреді [6, 92]. Бұл түсінік бойынша концептінің адамның ментальді, интеллектуалды жүйесімен байланысы барын білеміз. Сонымен қатар, адам жадында сақталған ақпараттардың концептілік деңгей түзіп, әлем бейнесінің тілдік картасын жасауға негіз

болатындығын айтады. В. Колесовтің анықтамасына назар салайық: «Концепт – мазмұндық формалары (бейне, ұғым, таңба) арқылы қалыптасқан ұғым болмысы» [7, 20]. Демек концептінің мазмұндық құрылымы бейне, таңба, ұғым секілді бөліктерден құралған. Бұдан шығатыны, концепт жай ғана ұғым емес, ұғым астарында бейне болады. Демек концептілік жүйеде ішкі мазмұндық мәні ұғым және бейне жасырынады. Ал халықтық, ұлттық дәрежеге көтерілуі негізінде таңбалық қасиетке ие болады. Ю. Степановтың түсіндіруі бойынша: «Концепт – жалпыланған, нақтылы, ассоциативті, эмоционалды-бағалаушытық қасиеті бар тілдегі ұғым» [8, 92]. Концептінің бойында ассоциациялық белгі бар. Өйткені кез келген концептілік деңгейге көтерілген ақпарат ұғымдар жиынынан ассоциация түзуге бейім. Ал ақпараттың танымға қазықталуы тіл пайдаланушысының бағалауы арқылы жүзеге асады. Белгілі бір этнос өкілдерінің ұнамды деп тапқан, жоғары бағалаған, қасиеттілік дәрежесіне жеткен ұғымдар ғана концептіге айналады. Сол себепті концептінің қалыптасуында бағалаушытық қызмет ерекше орын алады. Л. Жаналина когнитивті лингвистиканың адамның ментальды санасындағы ұғымдарды зерттейтіндігін айтады [9, 134].

Концептілік зерттеу қазақ филологиясында да зерттеле бастап, ұлттық таным тұрғысынан ерекше мағынаға ие концептілердің типтері анықталып, концепт түсінігіне аңқатамалар беріліп келеді. А. Ислам концептіні: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмысы, ұлттық-мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін ғылым» [10, 16]. Мұнда ғалым концептіні жеке дара ғылым ретінде алып қарастырған. Бұл анықтамадан шығатыны – концепт кеше-бүгін қалыптасқан түсінік емес, концептінің қалыптасып, оның жоғары дәрежеге, символдық деңгейге көтерілуі үшін сан ғасырлық уақыт қажет. Тарихи оқиғалардың, белгілі бір ұлттың тарихи жағдаларына, оның тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтына байланысты туындайды. Концепт адам танымында, санасында код секілді жазылып қалып, түрлі тілдік бірліктер, тұрақты тіркестер арқылы қайта жаңғырып отырады. Адам миы ақпаратты қабылдайды, өңдейді, тасымалдайды. Демек мидағы ақпараттардың өзгеріске ұшырып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы, сол арқылы ұлт талғамының, ойының, бағалауынан жеткізілуі концепт арқылы жүзеге асады. Зерттеуші Ә. Бияздықова концептіні былайша анықтап көрсетеді: «Концепт, бұл – мәнді сөзі және этномәдени ерекшелігі білінетін ұжымдық білімнің бірлігі. Мәнісіне қарай концепт лексемасы терминденуінің лингвомәдени семантикалық бірліктердің этномәдени авторизацияға тәуелділігі, олардың тілдік тұлғамен арақатынасы болып табылады» [11, 17]. Кез келген концепті этномәдени, ұлттық сипаттарға ие. Өйткені концепті ұлттық мәннің, ұлттық танымның көрінісі болып саналады.

Концептінің түрлі белгілерін, ондағы жасырынған ақпараттардың сипатын анықтау арқылы концептінің толық мәнін тани аламыз. В. Карасик концептінің бір тектік фрагменттердің адамда жадында сақталған ментальді құрылымы деп есептейді. Бұл дегеніміз үнемі қайталанып отыратын, бірдей типке жататын ақпараттардың адам санасына қазықталуы негізінде қалыптасып, тіл пайдаланушысының ментальді жүйесіне әсер етуі дегенді білдіреді [12, 7]. Концепт – кешенді құрылым. Оның бойында ақпараттар, жағдаяттар, бейнелер, түрлі пайымдаулар, бағалаулар бар. Сол себепті біз оны күрделі құрылым ретінде қалыптастырамыз. Ішкі семантикалық өрісін жіктеу негізінде концептілік деңгейге жеткен ұғымдардың түрлі макро, микро жүйелер түзетіні, мағыналық аймақ қалыптастыратындығын байқаймыз. А. Залевская концептінің адам жадындағы нейрондардың жандануы деп қарастырады [13, 39]. Адам санасына танымдық деңгейде түрлі ақпараттардың жинақталуы, тарихи жағдайларға сай өңделіп, өзгеріске ұшырауы, солардың нәтижесінде қалыптасқан тәжірибелері концептінің қалыптасуына жағдай жасайды. Тілдің негізгі қызметі ақпаратты жеткізу, қарым-қатынас түзу болып табылатынын ескерсек, ұлттық сипаттағы, мәдени мәндегі ақпараттардың, тәжірибелердің жеткізілуі, тіл арқылы тасымалдануы тілдің концептілік қызметін айқындайды.

Тілдегі ақпараттар мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер, нақыл сөздер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Сол себепті мақал-мәтел, фразеологизмдер концепті танытатын, айқындайтын тілдік бірліктер қатарына жатады. Кел келген ұлт өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өмір сүру салтына байланысты негізгі формулар мен формалар ойлап табады. Ал мұндай формулалар тіл арқылы екінші бір адамға жеткізіліп, ұлттық таным деңгейінен орын алады. Коцептіге берілген түсіндірмелерді саралай отырып, концептінің адамның ойлау механизміне, ұлттық тәжірибелеріне, мәдени ерекшеліктеріне, психологиясына, тілдік генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болатындығын аңғардық. Тілде белгілі бір ұлттың өмір тәжірибесіне сай концептілер қалыптасып отырады және аталған концептілер жүйесі сол ұлттың сипатын айқындайтын «тетікке» айналады. Себебі концепт астарында ақпараттар ағыны жасырынады. Егер ұлттық танымда концептілік деңгейге көтерілген ұғымдарға семантикалық талдау жасасақ, түрлі тілдік бірліктерді, ұлттық талғамды, мәдени артықшылықтарды көре аламыз. Сол себепті концептіні «ұлттық кодты» айқындайшы ұғым мен түсініктердің жиын деп қарастырамыз. Бір концептілік өріске шоғырланатын тілдік бірліктер мағыналық, ішкі мазмұндық, бейнелілік, функциялық белгілері бойынша ортақтасады. Сол арқылы белгілі бір концептілік деңгейдегі ұғымның ақпараттық өрісі түзілді.

Концепті көп жағдайда белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлтқа тән болады дедік. Ал жекелеген адамдар сол ұлт тілінің тұтынушысы болғандықтан, біз концептінің сипатын айқындауда индивидтің тілдік мүмкіндігіне назар аударамыз. Бұл дегеніміз концептінің жекелеген авторлардың, тіл тұтынушылардың қолданысынан көрініс табады, сол арқылы анықталады дегенді білдіреді. Біз көркем концептіні лингвистика ғылымында және әдебиеттану ғылымында қарастырамыз. Көркем концепті адамның көркемдік деңгейде ойлау жүйесі бойынша қалыптады. Көркемдік ойлау жүйесі дегеніміз – тілді пайдаланушы болып саналатын ақын-жазушылар, сөз өнері иелерінің көркем шығарма арқылы жеткізуі халықтық илеяларды ұсынуы. Халықтық деңгейдегі тілдің көркемдік жүйесі концептілік сипатқа ие болады. Сол себепті көркем мәтіндерде қалыптасқан, берілген идеялар көркем концептіні түзуге қатысады. Көркем әдебиеттегі концепт көркем туындының авторы негізінде, оның дүние туралы, өмір, қоршаған орта туралы қалыптасқан, сараланған, бағаланған таным-түсінігімен байланысты [14]. Филология ғылымында концептіні зерттеу лингвистикадан бастау алған зерттелулер әдебиеттану ғылымына қарай ойысып келеді. Бұған дәлел – көркем мәтін шығармаларындағы концептілік жүйелердің авторлық поэзия тұрғысынан, автордың дүниетанымы, көзқарасы арқылы зерттеле бастауы. В. Адамова концептінің лингвистикадан әдебиеттану саласына қарай ойыса бастауын былайша көрсетеді:



1-сызба. Көркем концептінің пайда болуы

Жоғарыдағы сызбадан байқағанымыздай, тілдік концепт көркем ойлау жүйесіне негізделіп, авторлық таным қатысы арқылы көркем концептіге айналады. Тіл білімінде тілдік концепт зерттелетін болса, әдебиеттану саласында көркем концепт қарастырылады. Көркем

концепт тілдік концептіден бастау алады. Автор белгілі бір ұлт өкілі, ұлттық тілдің тұтынушысы болғандықтан, қоршаған ортадағы, этносқа қатысты барлық ақпараттардың сіңірушісі, иесі болып саналады. Ол себепті ұлт өмірінің түрлі кезеңдердегі тәжірибесі автор тіліне, автордың көркемдік ойлау жүйесіне әсер етіп индивидуалды көркем концептінің қалыптасуына жол ашады. В. Адамова көркем концептінің әдебиеттануда қараудың себептерін атап көрсетеді: «көркем шығармашылық процесі кезінде түпкі мағынадан көркем мәнге жетуге мүмкіндік береді; шығармашылық процесінің көркем лабораториясын қалыптастыруға жол ашады; шығарманың көркем әлемін аксиология, гносология тұрғысынан қарауға жағдай туғызады; автордың әлем бейнесін қалыптастыруын қадағалауға мүмкіндік береді, көркем бейненің мағынасын ашып беруге жағдай жасайды» [15].

Сонымен, мәтіндегі танымдық қабат, концептілік деңгей ондағы берілген ақпараттар толқынына байланысты. Себебі кез келген мәтін, ол мейлі көркем мәтін болсын, белгілі бір ақпаратты жеткізуші болып саналады. Сондықтан мәтін бойындағы танымдық деңгей сол мәтінде берілетін ақпаратпен біте қайнасып жатады. Белгілі бір ұлт тілінде жазылған мәтін сол халықтың болмыс-бітімінен, танымдық ерекшелігінен, концептілік жүйесінен хабардар етіп тұрады. Олай болу себебі мәтін өзі табиғатынан туындатушы, құрастырушы автордың ырқына бағынып отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. – М., 1972. – 412 с.
2. Барт Р. От произведения к тексту. – М.: Искусство, 2007. – 371 с.
3. Лотман Ю. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. – М.: Языки русской культуры. 1996. – 464 с.
4. Прохоров Ю. В поисках концепта. – Москва: Флинта: Наука, 2008. – 176 с.
5. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изд. РАН – СпЯ.– 1993. – №2. – С. 3-9.
6. Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка. Когнитивные исследования/ Ин-т. языкознания РАН. – М: Знак, 2012. – №1. – 208 с.
7. Колесов В. Язык и ментальность. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2004. – 234 с.
8. Степанов Ю. Константы. Словарь русской культуры. – Москва, 1997.
9. Жаналина Л.К. Актуальные проблемы языкознания. Учебное пособие. – Алматы: Print-S, 2006. – 330 с.
10. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғыл. док... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 49 б.
11. Бияздықова Ә. Қазақ тіліндегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі: фил.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2014. – 192 б.
12. Карасик В. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
13. Залевская А. Слово. Текст. – Москва: Гнозис, 2005. – 357 с.
14. Самарская Т.Б., Мартиросьян Е.Г. Концепт и концептосфера в литературном произведении: соотношение понятий // <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-i-kontseptosfera-v-literaturnom-proizvedenii-sootnoshenie-ponyatiy/viewer>
15. Адамова А. Художественный концепт как единица творческого процесса в литературоведческом осмыслении // Материалы XVIII Международной конференции студентов, аспирантов и молодых учёных «Ломоносов». Секция «Филология», Москва, 14-15 апреля 2011 г. <http://www.philol.msu.ru/~smu/work/science-day/2011/29.25.09.2017>

АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХ КОНЦЕПТІСІ

ҚОЙШЫБЕКОВА А.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Алаш кезеңіндегі әдебиет өкілдерінің шығармаларындағы тарих концептісіне талдау жасалады. Тарихи сананы ояту мұратынан бастау алған ХХ ғ. басындағы әдебиеттегі тарихилық жайы жан-жақты талданып, жазушының тарихқа деген көзқарасы зерделенді. Осылайша алаш қаламгерлерінің тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларына жаңа концепция, соны көзқарас тұрғысынан қарап, азат санамен баға берілді.

Аннотация. В статье анализируется концепция истории в произведениях литературных представителей периода Алаш. Всесторонне проанализировано роль историчности в литературе начала ХХ века, которая исходила из идеала пробуждения исторического сознания, изучено отношение писателя к истории. Таким образом, произведения писателей периода Алаш, написанные на исторические темы, оцениваются со свободным умом, глядя на них с точки зрения новой концепции.

Annotation. The article analyzes the concept of history in the works of literary representatives of the Alash period. The place of historicity in the literature of the early 20th century, which proceeded from the ideal of the awakening of historical consciousness, has been comprehensively analyzed, and the attitude of the writer to history has been studied. Thus, the works of Alash writers written on historical topics are evaluated with a free mind, looking at them from the point of view of a new concept.

Алаш кезеңі әдебиеті – ХХ ғасырдың басынан, 1905-1907 жылдардан, бастау алып, жазба әдебиетінің жанданған мезгіліне тұспа-тұс келетін әдебиет. Мерзімі жағынан қысқа уақытты қамтығанымен, өзінің әдебиетке әкелген қарқынды әрі қарымды дамуымен ерекше. Ғасыр басындағы қазақ оқығандарының біріге бас көтеруі, қайраткерлік пен қаламгерлік қызметті қатар алып, әдебиет саласына тың жаңалықтар әкеліп, ағартушылық пен азаттық туын тең көтеруі – аталмыш кезеңнің басты жетістігі.

ХХ ғасыр басындағы әдебиет өзіне дейінгі кезеңдермен салыстырғанда, көз ілеспес қарқынмен дамыды: жаңа тақырыптар жазылды, жанрлық толысулар орын алды, әдеби байланыстар нығая түсті. Сонымен қатар, әдебиет тек эстетикалық әсер сыйлауды емес, елге серпіліс жасауды, ұлттық руханиятты оятуды мақсат тұтады. Бұл жолда қазақ оқығандарының алдынан түрлі соқпақ кездесті, десе де оны еңсеру жолында түрлі амал жасалды. М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) деп жар салып, оған ілесе А.Байтұрсынұлының ызыңдап, халықты меңіреу хәлден шығаруға талпынған «Масасы» (1911) осы амалдардың іргетасы іспетті еді. Тақырыбымызға өзек болып отырған тарих тұжырымы, тарихи сананы ояту да елді қараңғылық қапасынан шығарудың бір жолы еді [1; 199].

Алаш зиялылары өмір сүрген мезгіл – әміршілдік зынданына салынып, саяси бұғаудан босамаған, қазақ халқының жеке тарихы турасында жазбақ түгілі, айтуға тыйым салынған, төл тарихымыз өзге ұлт тарихының көлеңкесінде қалған уақыт. Осы кезде әдебиет тарихтың қызметін өз мойнына алады да, ХХ ғасыр басындағы әдебиеттегі тарихилық, шығармалардағы тарих концептісі қалыптасады. Әрине, тарихи тақырыпты жаза отырып, қаламгер абсолютті шынайы тарихты жазды дей алмаймыз. Біріншіден, ол патша үкіметінің идеологиялық сүзгісінен өте алмас еді; екіншіден, әдеби шығармадағы тарих автордың көркем қиял, көркемдік таным, шығармашылық көзқарас тұрғысынан өзгеріске ұшырауы – заңды дүние.

Көркемдік таным – өмірдегі шындықты дәл суреттеуден ауытқу, оны көркем қиял элементтерін қосу деп түсіндірілсе, көркем қиял әдеби образды тудырудың басты тәсілі ретінде танылады. Тарихи шығармада, негізінен, тарихи тұлға не оқиға негізге алынғанымен, онда тек бір адамның басынан кешкен оқиғасы емес, сол замандағы тұтас бір халық өмірінің көрінісі беріледі. Ол дегеніміз: халықтың өткені, бүгіні, болмысы, табиғаты – бәрі де тарихи тақырыпта ашылады.

Автор тарихи шығарманы жазуда белгілі бір кезеңде орын алған оқиғаларды тізбектеп айтпайды, сол деректерге сүйене отырып автордың шеберлігі арқылы шығармашылық тұрғыда жетілген көркем туынды жазып шығады. Жазушы үшін тарихи фактілер, нақты оқиғалар, тарихи тұлғалар алғашқы негіз ғана, сондықтан көркем шығармада тарихи деректердің өзгертіліп берілуі, автордың мақсатына сай сол қалпында айтылмауы мүмкін. Сол уақытта, мезгілде, кеңістікте болған оқиғаны автор қалай көреді, қалай түсінеді, қалай бейнелейді – мұның бәрін әдебиеттану ғылымы зерделейді [2; 45].

Алаш қаламгерлерінің тарихи негіздегі мақалалары мен зерттеу еңбектерін айтпағанда, біршамасы түрлі деңгейдегі тарихи көркем шығарма жазуға барды. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Ер Сайын» жыры, С.Сейфуллиннің «Көкшетау», І. Жансүгірұлының «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер», М.Жұмабайұлының «Қорқыт», «Батыр Баян», Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» поэмалары, М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы, «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» повестері. Бұдан басқа тарихи тұлғалар мен олардың ерлік істері жайындағы өлеңдері, тарихи оқиға негізге алынған әңгімелері де жетерлік. Осылайша алаш азаматтары тарихты қозғауға тыйым салынған қиын кезеңнің өзінде қазақ әдебиетін тарихи туындылармен байыта алды.

Мақаламызда шығарма жазбақ түгілі, атын атауға тыйым салынған Кенесары ханның тарихи тұлғасы сомдалған шығармаларға тоқталып өтейік.

«Ертегі» поэмасы – М.Жұмабайұлының мистикалық сарында жазылған поэмасы. 1922 жылы «Бостандық туы» газетінде басылған. Шығармада Кене хан бейнесі мен оның жолын жалғастырған ұлы Сыздықтың жай-күйі айтылады. Туынды мифтік сюжетке құрылғанымен туындының өн бойынан ақынның қазақ ұлты қайтсе бұрынғы өр, ержүрек рухын қайтара алады деген арман-наласы көрінеді. Неге «Ертегі»? Себебі, қазақтың бірлігі мен ерлігі, батылдығы келмеске кетті, қазақтың жігері құм болды. Кезінде жауға арыстандай шапқан қазақтың бүгінде аяқ-қолы құрсаулы. Бұрынғы мамыражай тірлік ертегіге айналды дегенді меңзейді автор [3; 306].

Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға өрлеп, заулап жанған өрт екен.

...Ел жұрт іздеп Алатауға барғанда
Өз бауыры қырғыздан қаза табады,

- деген жолдарда қазақтың айбарлы хандарын, Кенесарыны өртке теңеп мадақтайды. Одастастық ниетпен барған бауырлас қырғыз елінде өлім құшқанын күйіне жазады. Абылай заманындағы қасқыр мінезді қазақтың рухын жаншығандарды айыптайды. Поэмада Сыздық сұлтанның әкесінің мұратын жалғастырушы, Алаштың ертеңі үшін дұшпандармен алыса білген ер екенін білеміз.

Мағжан ақынның «Түркістан» өлеңі ерекше қуат пен рухқа толы. Шығармадан ақынның түркі халқының тарихын жетік білетінін білуге болады. Түркістан – түркі халықтарының кара шаңырағы, барлығының басын тоғыстыратын киелі мекен. Мағжан ақынның арманы да сол - барша түркі бауырлардың бірігіп қуатты империя болуы. Жырда Тұранды түгел билеп тұрған Афрасиаб ханнан бастап Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғыс хан, оның төрт арыстан ұлы Жошы, Шағатай, Үкітай, Төле, атақты Ақсақ Темір, Қасым, Есім хандар түгел қамтылған. Түркі халқының ел басқарған адуынды басшылармен ғана емес,

ғылым-білімде де оқ бойы озық болған жұрт екенін жырлап Ибн Сина, Әл-Фарабилерді мысалға келтіреді. Алаштың Арыстаны Абылайдан тараған Кенесары ханды:

Тұранның топырағын құшып жатыр,

Кешегі ердің ері көкжал Кене,

- деп бөріге теңейді. Түркінің ұрпақтарына кешегі Абылай мен батыр Кенесарының жолын қумай қарап жату жарамайды дейді.

«Алашта Кенекеме ер жетпейді» - деп, Арқаның сұлулық күшін Кенесарының ерлік күшімен керемет теңестірумен көрсетеді. Атақты Абылай, Кенесары хандарға мекен болған Көкшетау жері Мағжан ақын үшін аса қастерлі. Қазақ тарихында талай батырлар болған, алайда, сол тарихта қара басының қамы үшін елін сатқандар да кездескенін жазады автор. Бұл оқиғаның желісі мен оқиға орны автор қиялынан тумаған. Бурабай көлінің оңтүстік-батысында, Оқжетпес тауының арқасында «Кенесары үңгірі» деп аталатын үңгір бар. Ел аузындағы аңыз бойынша үңгір орналасқан бұл шыңға Кенесары ханнан басқаның атқан оғы жетпеген екен [4; 112].

«Оқжетпестің қиясында» шығармасында аталмыш үңгірдің рөлі ерекше. Шығарма бойынша бұл үңгір – Кенесарының ат үстіндегі қат-қабат өмірінде тұйыққа тірелгенде келіп өз-өзімен болатын мекені. Үңгірдің көлемі сегіз қанат киіз үймен шамалас, іші екі бөлікке бөлінген. Кенесары жастайынан осы үңгірде аң аулап, қонып-түнеп жүрген екен. Көтеріліс кезінде жаудан сенімді жерлердің бірі осы орын болған деседі. Себебі, үңгір таудың басында орналасқан, жартасқа көтеріліп шығу оңай емес. Үңгір маңындағы сұлу көріністі сөзбен жеткізу қиын. Тарихи орынның қасына барғанда бойынды бөлекше рух билейді. Кей деректерде Кенесары хан аталмыш үңгірді 1945 жылы мекендеген деп айтылады. Бүгінгі күні «Кенесары үңгірі» туристер мен Бурабай қонақтарының жиі баратын орны болып саналады.

Кенесары ханның образы берілген келесі шығарма – М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы [5; 23]. Қаламгер тарихи туындыға кіріспес бұрын сол дәуірдегі тарихи мәліметтерді қағазға түскен хаттардан, іс-қағаздардан, жарлықтардан нақты фактілермен іздейді. Соның негізінде автор өз шеберлігімен тарихи көркем туындыны дүниеге әкеледі. М. Әуезов те Кенесары хан тақырыбына бармастан бұрын ел аузынан аңыз-әңгімелер, сол замандағы іс-қағаздар мен жарлықтарды, қағазға түскен мәліметтерді жинақтаған. Кенесары хан туралы көп мәлімет жинағанын, көтеріліс барысын қажырлы түрде зерттегенін, казактар мен қырғыздар арасындағы құжаттарды қарағанын М.Әуезов өз мақаласында айтқан болатын [6]. Пьеса бірнеше рет өңделіп екі нұсқасы жарық көрген. Әр нұсқада Кенесарының образына қатысты өзгешеліктер бар. Алғашқы нұсқасы 1928 жылы жазылған, алайда ол нұсқа сол күйі қолжазба күйінде қалды. Кейін түрлі мекемелердің түрлі талаптарымен талай рет өзгертіліп алғаш 1934 жылы сахналанды. Бірінші нұсқасы араб әліпбиімен қалың дәптерге жазылып сақталған. Бірінші бөлімнің көлемі 75 бет болса, екінші нұсқасы – 54 бет. Яғни, пьесаның 22 беті қысқартылып, әдеби тұрғыдан өңделіп қайта басылған. Пьесаның басында автор Кенесары өткізіп жатқан дүбірлі жиынға үш түрлі буынның көзқарасын көрсетеді. Бірінші орта жастағы үш кісінің әңгімесінде олар Кенесарының ниетін, орысқа қарсы шыққанын қолдайды, алайда жан-жағындағы сұлтан-төрелердің адалдығына күмәнмен қарайды. Екінші буын, үш жас жігіт: «Кенесарының артынан халық өз еркімен еріп жатыр, кейін опық жеп қалмаса болар еді» - деп Шыңғыс тұқымына күмәнмен қарайды. Үшінші буын, тек шалдар Кенесарыға бар жанымен тілектес болады, Абылай мен Тәукенің тілегін жалғастырған Кене сұлтанның тілеуін тілейді. Бұл жерден нені байқауға болады? Драматург Кенесарыға қатысты үш түрлі пікірді үш буынның аузынан беріп отыр. Неге қарттар Кенесарыны қолдап, жас буын күмәнмен қарайды? Біздіңше, бұл жерде автордың астарлы пікірі жатыр. Қариялар – көпті көрген, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біледі, яғни шындық соларда. Автор да іштей үлкен буынды қолдайтындай. Жастар болса әлі көп нәрсенің байыбына бармайды, таяз ойлайды.

Жұрт Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Алайда, пьесаның екінші сахнасында бір топ кедейдің балаларынан айрылып зарлануы, ханның маңайындағы би-төрелердің оны назарға да ілмеуі пьесаны шиеленістіре түседі. Айта кететін маңызды дерек, пьесада Жантөре, Балғожа, Мұса, Шотайсынды билер Кенесарыны сырттай қолдап, іштерінен кектеніп жүретін, күншіл, билікқұмар, орыс үкіметіне жағымпаз кейіпте беріледі. Балғожа Жаңбыршыұлы – қыпшақ руының азулы биі, атақты Ыбырай Алтынсариннің атасы. Мұса Шорманұлы - аса көрнекті қоғам қайраткері, қазаққа жасаған жақсылығы көп тұлға. 16 жасынан ел билігіне араласып 30 жылдай Баянауылокругінің басшылық қызметтерінде болған. Қазақ балаларының білім алуы үшін Баянауылда тұңғыш мектеп, медресе, мешіт ашып, Омбыда қазақ қыздарына арналған алғашқы интернат салдырған. Кенесарымен ниеттес болып, көтеріліске қолдау көрсеткен, сол әрекеттері үшін патша үкіметінің тарапынан көп қысым көрген. Бұл сөздерді оның туған жиені Шоқан Уәлиханнның 1863 жылы К.К.Гутковскийге жазған хаттары растайды. Аталмыш тұлғалардың шығармада жағымсыз кейіпте берілуі саяси қысымның әсері деп білеміз.

Кенесары хан мен оның әкесі Қасымның жағымсыз образы патша үкіметіне қызмет еткен қазақтың дауылпаз ақыны Сәкен Сейфуллиннің атақты «Көкшетау» поэмасын білмейтін адам кемде-кем. Шығарма қазақ елінің кербез мекені Көкшетаудың табиғатын жырлаудан басталады [7; 63]. Табиғатты, пейзажды суреттеуде бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі үздік туындылардың бірі деп есептеймін. Бурабай өңіріндегі айтылып жүрген аңыздарды жырға қоса отырып, ақын Бурабай өзенінің атауы қайдан шыққанын айтады. Сол өңірде ақбас бура өмір сүріпті. Бұл жануар Бурабайды мекен етіп, болашақта болатын жақсылық-жамандықтан хабар беріп отырады екен. Жергілікті жұрт бураны сол үшін қастерлеп, қасиет тұтады. Шығарманың осы бөлігінде Кенесарының әкесі Қасым сұлтан ерекше сотқар, қанға құмар адам боп суреттеледі. Қазақтың «үш бәйтерегінің» тағы бірі Илияс Жансүгіровтің шығармаларында да Кенесары ханның бейнесі бой көрсетеді. Атап айтсақ, ақынның «Күйші» поэмасы [8, 140]. Поэма Кенесары ханның ордасында түрлі күйлерді шалқыта орындап жатқан күйшіні, күй өнерін керемет суреттеуден басталады. Жалпы, поэмадан автордың Кенесары ханға деген теріс пікірі байқалмайды, ханды мақтамайды да жамандамайды да, бірқалыпты сипаттайды. Алайда, шығарманың соңғы жағында күйшінің сөзімен берілген мына жолдардан І. Жансүгіров те С. Сейфуллин сияқты хандық билікті, Кене ханды мінеп-сынағанын анық байқаймыз:

Баласы Абылайдың Кене ме екен?
Сорыма Құдай айдап келген екен.
Нашардың қанын сорып, жанын жеген
Хан емес, қара қабан деген екен!
...Бұлардың жүрген жері бүлік екен,
Қан сорғыш, қаралардың сүлігі екен.

Жоғарыда мысалға алынған Кенесары тұлғасына қатысты шығармаларда кереғар тұстар кездеседі. Оны солақай саясаттың тигізген әсерінен деп таптық. Осындай түрлі көзқарастардың туу себебі, қайсысының шындыққа жақын, я алыстығы турасында; өзгертулер автордың шығармашылық тарапынан болды ма, я сол кезеңдегі қысым әсерінен бе; тарих келбеті қай авторда қалай суреттеледі деген мәселелерде тарих концептісі тұрғысынан зерттеу маңызды.

Қорыта келгенде, тарихи шығармада жазушының кей оқиғаларды, сюжеттерді ойдан шығаруы да, белгілі тарихи шындықты ойдан толықтыруы да, не кейбір тұстарын өзгертіп, өзара орын ауыстыруға жол беруі де оның суреткерлік шеберлігі мен талғамына, танымына байланысты. Дегенмен, мұндай тақырыпқа баратын шығармашылық иесі өзі суреттеп отырған дәуірге, тарихи тұлғаға байланысты маңызды материалдарды толық игеріп, терең зерттеу жасап, парасат елегінен өткізіп барып қалам алғаны жөн. Өткен замандарда болған оқиғалар тарихын

тізіп, қазіргі өзі өмір сүріп отырған уақыттың мұң-мұқтажын шығармасына арқау ете алу – өз ұлтының, мемлекетінің өміріне бей-жай қарамайтын қаламгердің ісі. Тарихи тақырыпқа татымды шығарма жазу барлық қаламгердің қолынан келмейді. Бұл тақырып үлкен дайындықты, жылдар бойғы ізденісті қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тілешов Е. Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Сардар, 2015. – 658 б.
2. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
4. Бораш Б. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2012 – 440 б.
5. Әуезов М. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
6. Ауезов М. Современное состояние драматургии и ее задачи // Казахстанская правда, 1934, 20 июня, С.3.
7. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 192 б.
8. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы: 2-том. – Алматы: Жазушы, 1987 . – 344 б.

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

ДАВЛЕТОВ А.А.,

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің, магистранты.

Ғылыми жетекші: доц. Адилова Г.А.

Қарақалпақстан, Нөкіс қ.

Аңдатпа. Мақалада Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі өзбек тілінің әсерімен кірген сарпай, сеп, қыз жиын, тойана, тойхана, кәтқұда сияқты кейбір этнографизмдерге талдау жасалған.

Резюме. В статье рассматриваются заимствованные с узбекского языка этнографизмы как: «сарпай», «сеп», «қыз жиын», «тойана», «тойхана», «кәтқұда» и другие в языке казахов проживающих в республике Каракалпакстан.

Қазақ тілінің лексикалық құрамы тек әдеби тілде қолданылып жүрген сөздердің негізінде пайда болып, сонымен шектеліп қалмайды. Керісінше, халық тілінде әдеби тілге қабылданбаған, бірақ оның дамып қалыптасуы үшін бағалы тіл материалдары бар. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің сөздік құрамы негізінде пайда болып қалыптасады және кем-кемнен тұрақтасып барады. Егер әдеби тіл халық тілімен тығыз қатынаста дамуын таппаса, ол сөзсіз, жалпылық ерекшелігін жоғалтып, халық тілінен алыстап, түсініксіз жасалма тіл болып қалар еді. Демек, этнографиялық лексика өзінің құрамын жаңа сөздермен толықтырып барады. Олардың көпшілігі әдеби тілде өнімді қолданылып, жалпы халықтық сөздерге айналады.

Қарақалпақстан республикасында бүгінгі күнде жасап жатырған қазақтар бір неше ғасыр барысында жергілікті қарақалпақ, өзбек, түркмен халықтарымен ауызбіршілікте, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Жергілікті қазақтардың тіл мен мәдениетінде қазақ ұлтына тән болған негізгі

белгілер сақтала отырып, ұзақ уақыт бір аймақта көршілес жасауы нәтижесінде қарақалпақ және өзбек тілдерінің, мәдениеттерінің әсерімен өзіндік ерекшеліктер де қалыптасқан.

Аймақ қазақтарының тіліне басқа тілдердің әсерінің екі түрін көрсетуге болады. Біріншіден, жергілікті қазақтардың қарақалпақ, сондай-ақ өзбек және түркмендермен көрші, шекаралас жасауы нәтижесіндегі әсер, екіншіден, басқа тілдердің бұл сөйлесімдері тікелей емес, ал оларға шекаралас қазақ тілінің басқа сөйлесімдері арқылы да болатын әсер. Сондай-ақ, көршілес отырған халықтардың тілінен басқа қазақ тілінің бір қатар сөйлесімдері де әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты белгілі мөлшерде Қарақалпақстан аймағында жасайтын қазақтардың тілінде өзінің іздерін қалдырды. Бұл іздер үйреніліп отырған сөйлесімнің тілінде көрінеді.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарының халқы мақташылық және күріш егумен шұғылданса, ал солтүстік аудандарда мақташылық, жібек өндіру және бау-бақша өндіру негізгі кәсіптері болып саналады. Шаруашылық – екі тарапына да ортақ. Сондай-ақ, оңтүстік аудандарда жай салу және оны безеу жұмыстары ерекше дамыған. Бұның үстіне республикада жасайтын халықтар этникалық құрамы жағынан да екіге бөлініп тұратындығы байқалады. Оңтүстік аудандарда өзбектер, қазақтар, түркмендер және қарақалпақтар жасайды. Солтүстік аудандардың халқын, негізінен, қарақалпақтар құрайды. Бұл территорияда өзбектер мен қазақтар аз санды құрайды, түркмендер өте сирек ұшырасады.

Міне, осы жағдайларға байланысты, Қарақалпақстан аймағын әдет-ғұрпын, салт-дәстүр жағынан да екі топқа бөліп қарауға болады. Бұның себебі, біріншіден, олардың шұғылданатын әр түрлі кәсіптері болса, екіншіден, халықтардың этникалық құрамы. Шартты түрде осылай бөлгенмен, әдет-ғұрыпқа байланысты екеуіне де ортақ құбылыстардың бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Қарақалпақстанның солтүстік және оңтүстік аудандары арасындағы қарым-қатынастың күштілігі, барыс-келістің жиілігі оларды біріктірудің бірден-бір дерегі болып табылады. Бұл айтылғандарға қосымша осы халықтардың өткен дәуірлерден, яғни ата-бабаларынан келе жатырған дәстүрлерінің жалғастырылуы бүгінгі күнгі халықтардың басын біріктіруіне себепші болады.

Бұл мақалада Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі өзбек тілінің әсерімен кірген үйлену дәстүрлеріне байланысты кейбір этнографизмдерге талдау жасауды мақсат еттік.

Kuim – бұл келіннің үйі тарапынан құдаларға берілетін сыйлық. Қазақ тілінде «киіт – құда түсіп қалың мал мөлшері белгіленіп, бата жасалған соң, қыз әкесінің күйеу тарапынан келген бас құдаға сыйлығы»[1,507] деп анықталған. Ал қазақ энциклопедиясында «құдаларды қайтарғанда беретін сый-сыяпат»[1,459] деп түсіндірілген. Жергілікті қазақ, қарақалпақ халықтарында осы соңғы мағынасында, яғни құдаларды қайтарғанда берілетін сыйлық мағынасында қолданылады. Ол құдалардың дәрежесіне, дәулетіне байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, кілем, тағы басқа қымбат бағалы бұйымдар, киімдер мен заттар берілген. Демек, киіт – ерте замандағы халық дәстүріндегі қымбат бағалы киімді білдіреді. «Құдалық белгісі – киіт, қоныс белгісі – бейіт» мақалының қолданылуының өзі бұл дәстүрдің ертеден келе жатырғандығын көрсетеді.

В.В.Радловтың пікірінше, *kuim* сөзінің мағынасы төмендегіше: 1) «киім»; 2) «келіннің әкесіне берілетін сарпай» [5,374]. Ал Л.З. Будагов бұл сөздің тек бір ғана мағынада қолданылатынын көрсеткен: «келіннің әкесінен сарпай» [6,183]; қазақ тілінде *kiemь*, *kiumь* *кимек*, *кию* етістігінен алынған. Бұндай этимология басқа ғалымдар тарапынан да айтылды: *ki+im*[7,43], *kuim* «киім-кеншек сыйлығы»<*куий* «*кию*»+*t* [8,70], *kit* «кию» сөзінен; салыстырың: ескі түркі тілінде *kedhut* «көйлек, киім»; күйеу бала да, келін де өзінің ағайын-туыстарына беретін киімі [9,412]; *keyit* «көйлек, киім» [10,282]; құмық тілінде *кей+um* «көйлек» *кей* «кию» сөзінен алынған[11,140]; *kuim* (кию) [12,79]. Қазақ тілінде бұл лексеманың

қатысуымен *тоғыз киім* «тоғыз түрлі нәрселерден құралған сыйлық», *құдаша киім* «құдашаға берілетін сый» этнографизмдері пайда болған.

Kiim сөзінің орнына жергілікті қазақтар тілінде *сарпай* сөзі қолданылады. Сарпай сөзі жергілікті қазақ және қарақалпақ тілдеріне өзбек тілінен кірген. Бұл сөз өзбек тілінде *сарпо* түрінде қолданылып, той иелеріне берілетін киім-кеншек мағынасында қолданылатынын көреміз [3,24]. Н.Мирзаев Қашқадарья өзбектерінің сөйлесімінде *сарпа* лексемасы тойда алыстан тойанамен келген қонақтарға кигізілетін тон мағынасында қолданылады деп көрсетеді[4,175].

Өзбектермен аралас отырған қазақтардың тілінде *сен* сөзі қолданылады, ол қызға берілетін көрпе-төсек, киім-кешектің жалпы аты. Бұл сөздің мағынасы қызға жүк бергенде үй болуға керекті нәрсенің бәрінің тырнағын қалап, ары қарай құралып кетуі үшін «жәрдемі тисін» деген ниеттен пайда болса керек.

«Жасау» мағынасындағы *сен* – ескі түркілік тамыры бар сөз, Махмуд Қашғарида осы мағынада көрсетілген. Яғни *sep(cen)* – келіннің жасауы. Келін болып түсетін қызға арнап дайындалған үй жиһазы, мал-мүлкі [9,375].

Sen лексемасының қазақ тіліндегі және түркі тілдердегі мағыналарын біршама толық ашып берген ғалым Е.Жанпейісов болды. С.Е.Малов оның «жиһаздау, қосу» мағыналарындағы ескі түркілік түбір екенін айтады (ДТС, 421). «Жасау» мағынасы өзбек (УЗРС, 362), түркмен (ТРС, 283), қырғыз (Юдах, 644), ойрат (ОРС, 124) тілдерінде бар, ал алтай, ойрат, қырғыз тілдерінде «үстеме, қосымша көмек» мағыналарын да білдіреді. Орыс тіліндегі *зель* сөзінің де келіп шығуы жағынан түркі тілімен түбірлес екені айтылады[13, 69-72]. Якут тілінде *сан* «қару, аспап» мағыналарында қолданылып, «ат жабдықтары, батырдың сайманы, құрылыс, баспана» мағыналарын білдіреді [14, 53-54].

Осы мағынасында Шымкенттің Арыс, Мақтарал, Келес, Сарыағаш жағында да ұшырасады (Келінді келгенде көр, *септі* жайғанда көр (мақал) [15,115]. А.Журобаев сеп этнографизмі өзбек тілінің Андижан сөйлесімдерінде құдалардың бір-біріне және туысқандарына беретін, сондай-ақ күйеу жігітке аталған киім-кешектер, ал жоғары Қашқадария өзбектері сөйлесімдерінде қыз тарапынан күйеудің туысқандары алдына қойылатын сыйлық мағынасында да қолданылады деп көрсетеді [16,44].

Жергілікті қазақ, қарақалпақ, өзбек тілдерінде *сен* (жасау) – қыз ұзату, үйлену тойына байланысты әр түрлі салт, ырым, әдет-ғұрыптардың негізі, рухани мәдениет жүйесі соның төңірегінен пайда болғандығын көреміз.

Қыз жиын – ұзатылатын қыздың тұрмысқа шықпастан бұрын жақын құрбыларымен бірге өткеретін мерекесі.

Тойана – той иелеріне жақын туыстарының алып келетін сыйлықтары. Бұл этнографизм жергілікті қазақтар тіліне өзбек тілінің әсері арқылы өткен. А.Журобаев өзбек тілінде тойана атауы екі түрлі мағынасында қолданылатынын көрсетеді: 1) той күні күйеу тарапынан келін мен оның ата-аналарына жіберілетін сыйлықтар; 2) той иелеріне жақын туыстары алып келетін сыйлықтар. Той атауына зат есім жасайтын -ана жұрнағы жалғану арқылы жасалған [16,103].

Тойхана – жергілікті қазақтар тілінде той болып жатырған үй мағынасын білдіреді. Мысалы: *Тойхана* ырзалықпен сыйын берді.

Кәтқуда – жергілікті қарақалпақ, өзбек, қазақ тілдерінде той-мерекені басқаратын жасы үлкен, ел ішінде абыройлы адамдарға байланысты айтылатын лексема. Бұл сөз қазақ әдеби тілінде айтылмайды. С.Толстов кәтқуда сөзінің ескі соғды диқандарында патриархал шаңырақ иесі деген мағынада қолданылғандығын атап көрсеткен[17,272]. Бұл сөздің мағынасын кейбір сөздіктерден де көруге болады: катхода – үй иесі, бастық, ауыл басшысының лауазымы[18,395], катхудо – әйелі бар кісі, ер, шаңырақ басшысы[19,150]. Н.Мирзаев Қашқадария өзбектерінің сөйлесімінде кәтхуда сөзі той рәсімдерінде тойды басқарушы, ал отбасылық тұрмыста шаңырақ

басшысы мағыналарында қолданылады деп көрсетеді [4,45]. Демек, жергілікті қазақтар тілінде қолданылатын кәтқуда лексемасы той басқаратын ауыл ақсақалы мағынасында өзбек тілінен кіргенін көреміз.

Этнографизмдерді топтастырып, жиналған тіл материалдары үстінде ғылыми зерттеу жұмыстарын алып барудың теориялық және практикалық маңызы өте зор. Этнографизмдердің көпшілігінің әдеби тілде эквиваленті жоқ, сондықтан оларды әдеби тілде қолдануға болады. Демек, этнографиялық лексика әдеби тілдің байып дамуы үшін таусылмас дерек қызметін атқарады. Қарақалпақстандағы қазақтар туыстас өзбек, қарақалпақ және түркмен халықтарымен араласып, көрші отыруына байланысты олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде де ұқсастық болуы табиғи жағдай. Жергілікті қазақтар өздерінің ұлттық дәстүрлерін сақтай отырып, жоқарыда аталған халықтардың дәстүрлерін де қолданады. Сондықтан да Қарақалпақстан қазақтары жергілікті түркі халықтарымен аралас отырып, қос тілділік, көп тілділік жағдайында өмір сүреді.

Қорыта айтқанда, Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі этнографизмдер – қазақ халқының мәдениетінен алшақ тұрмайтын, оның алғашқы, түпкі негізін сақтап, өмір сүру жағдайына қарай азды-көпті икемдесіп өзгерген, бүгінгі күннің талабына сәйкес «жаңаланып» отырған рухани - мәдени байлығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы. Ғылым. 1977, –Б. 507.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. –Т.V. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. –Б. 459.
3. Ўзбек тилининг изоҳли луғоти. –Т. II. –Москва: Русский язык, 1981. –Б. 24.
4. Мирзаев Н Ўзбек тилининг этнографик лексикаси: фил.фан.номз. дисс. –Тошкент, 1971. –Б. 175, –Б.45.
5. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. –Т. II, 1911. –С. 374
